

ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Рухани жаңғыру – алаштың асыл мұраты: тіл, жазу, мәдениет

Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары

«Елтаным» баспасы
Алматы, 2018

ӘОЖ 801.81

КБЖ 81.2

Р 87

Жалпы редакциясын басқарған:

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, ҚР ҰҒА
корр. мүшесі, филол.ғ.д., проф. **Е.Қажыбек**

Пікір жазғандар:

филол.ғ.д., проф. **М.Қойгелдиев**,
филол.ғ.д., проф. **Ж.Манкеева**

Редакция алқасы:

ҚР ҰҒА академигі **Ә.Қайдар**, ҚР ҰҒА академигі **Р.Сыздықова**, ҚР ҰҒА
академигі **Ө.Айтбаев**, филол.ғ.д., проф. **Ә.Жүнісбек**, филол.ғ.д., проф.
З.Базарбаева, филол.ғ.д., проф. **К.Хұсайын**, филол.ғ.д., проф. **Б.Момынова**

Жауапты редактор:

филол.ғ.д. **О.Жұбаева**

Жауапты шығарушылар:

А.Шормақова, Ә.Ахмет, Д.Әлімақын, Т.Рамазанов

Р87 Рухани жаңғыру – алаштың асыл мұраты: тіл, жазу, мәдениет
/Жауапты редакциясын басқарған – Е.Қажыбек. - Алматы, 2018. 421 бет

ISBN 978-601-7293-58-1

Жинаққа мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, әдебиет зерттеуші, түркітанушы, ақын, публицист, педагог, аудармашы А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына арналған «Рухани жаңғыру – алаштың асыл мұраты: тіл, жазу, мәдениет» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары еніп отыр. Кітап қазақ тіл білімінің тарихы, алаштану, ахметтану, қазақ тілі мен әдебиеті мәселелерін зерделеп жүрген мамандарға, филология факультеттерінің докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 801.81

КБЖ 81.2

ISBN 978-601-7293-58-1

А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты, 2018

АЛҒЫ СӨЗ

Қажыбек Е.З.

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек... Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу», – дей келіп, ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту қажеттігін баса айтты. Осыған байланысты Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Е.Омаров, Т.Шонановсынды ғалымдарымыздың еңбектері қазіргі қазақ қоғамының сұраныстарына сәйкес қайта зерделенуде.

Үстіміздегі жылы тарихымызда рухани жаңғырудың бастауы болған Екінші Жалпықазақ съезінің өткеніне, «Алашорда» үкіметінің құрылғанына 100 жыл толып отыр. Институтымызға аты берілген көрнекті қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлының туғанына 145 жыл, қазақ тіл білімінің дамуына зор үлес қосқан Елдес Омаровтың туғанына 125 жыл толып отыр. Елбасымыз «Тарих толқынында» атты еңбегінде ХХ ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алғанын атап өткен еді. Сондықтан алаш зиялыларының еңбектерін жаңа заман тұрғысынан қайта зерттеп, жасампаз идеяларын болашақ ұрпақтың санасына сіңіру жастардың бойында қазақстандық патриотизм қалыптастыруға негіз болмақ.

Алаш зиялыларының еңбектері бүгінгі таңда да негізгі бағдарымыз болуы керек. Латын әліпбиіне көшкен кезде тіліміздің шынайы болмысын таңбалайтындай емле ережелерін даярлауымыз керек. Сонымен қатар терминжасамдағы ұстанымдарды нақтылап, шеттен енген сөздерді игеруде, қазақ тілін оқытудың жаңа әдістерін ұсынуда ХХ ғасырдың басындағы алаш арыстарының еңбектерін негізге алып, орыс тілінің үлгісімен бұрмаланып кеткен тұстарды қайта қарауымыз керек. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялылары негізін қалап берген ғылыми жүйеге қайта оралуымыз керек. Негізгі мақсат – Қазақстандағы әр азаматтың мемлекеттік тілді жетік білуіне жағдай жасау. Тіліміз еркін дамыған жағдайда ғана Қазақстан тәуелсіздігі тұғырына түседі.

ХХ ғасырдың басындағы ұлт көсемдерінің мақсаттары мен бүгінгі таңдағы даму бағдарымыздағы сабақтастық, Президентіміздің ұлттық рухымызды сақтап қалуға шақырған сарабал саясаты ұлт зиялыларының ғылыми мұрасын қайта зерттеуді, дендей пайымдауды қажет етеді.

АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

«Әдебиет танытқыштан» – әдеби тәжірибеге
(А.Байтұрсынұлының әдебиеттану терминдері және кеңестік қазақ
әдебиетіндегі жағымсыз образдардың идеялық астары)

Жұртбай Т.

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық
университетінің жанындағы «Отырар кітапханасы»
ғылыми орталығының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

***Аңдатпа:** Көркем шындықтың астарын тарату, яғни, көркем шындықтың ішінен тарихи не өмірлік шындықты суыртпақтап алып шығу – ақыл мен тарих таразысының міндеті. Бұл мақалада кеңестік өнер иелері, соның ішінде кеңестік түркі республикалары жазушыларының өз туындыларында социалистік реализм әдісін (методын) пайдалана отырып, жағымсыз образдар арқылы өзінің идеясын, ал әдебиет сыншылары – сол жағымсыз бейнелердің іс-әрекеті мен ой-мақсатын талдау арқылы жазушының түпкі идеясын және оның астарын емеурінмен аңғартқан шеберлігі кеңінен талданады.*

***Түйін сөздер:** әдебиет, көркем шындық, сөз өнері, жағымсыз образ.*

***Summary:** The propagation of artistic truth, that is, the exclusion of historical or realistic truth from artistic truth - is the task of the mind and history scales. In this article, Soviet artists, including writers of the Soviet Turkic republics, have their own ideas through negative images, using the method of socialist realism (method) in their works, and literary critics - the idea of the writer and the idea of the author his skillful skill is examined widely.*

***Key words:** literature, artistic reality, vocal art, adventure.*

Мен өз сөзімді бір сұрақпен бастағым келеді: «Рух дұшпаны» – Кеңес өкіметін құлатқан, Кеңестер Одағын күйреткен – қандай күш? Қару емес, ол – тым ашық жол. Кеңесті күйреткен күш – ішкі қарсылық күші, рух күші.

Ондай құдіретті идеологияны кеңестік санаға кімдер кіргізді?

Ол күш – көркем сана, көркем шындық, яғни, көркем әдебиет пен публицистика. Өйткені көркем тарихи шындық барлық тарихи және өмірлік шындықтан өтімді. Көркемдік шындық арқылы суреткер: «Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға **айтпай білдіре**» алады [1, 154-155]. Сондықтан да көркем ой әр адамның ұлттық санасына тарихи деректен бұрын ұя салады әрі оның қиялын ұшқырлықпен жетелеп, көркем әсер арқылы жаңа идеяны оятады. «**Сәнді әліптемеде** (көркем идеяда тақырыптың – Т.Ж.) қандай белгілерін алу – әліптеушінің (жазушының) көздеген мақсаты бойынша болады» [1, 252].

Бұл өзі – аясы кең, астары тереңде жатқан, көркем таным мен тарихи таным мәселесіне ғана қатысты емес, әдебиеттану мен тарихтану (историография) пәнінің жік-арасын ажырататын әрі тұтастандыратын,

сөйтіп, бірін-бірі толықтыратын, бірақ әлі де орнықты зереттеу логикасы қалыптаспаған ғылыми теориялық мәселе. Бұл мәселені алғаш қазақ әдебиеттануы ілімінде мәселе етіп қойған және өмірлік шындық пен көркемдік шындықтың ара-жігін талдаған еңбек – Ахаңның, Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда біз тәмсіл етіп алған анықтамалар берілген «Әдебиет танытқышы»[1].

Ол көркем туындының түп тамырын: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1. ақылға, 2. қиялға, 3. көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни, нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау. Қиял ісі – меңзеу, яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау. Көңіл ісі – түйю, талғау» [1, 154], – деп таратады. Мұндағы «қиял ісі» дегеніміз – «суреттеп ойлау», бүгінгі қалыптасқан теориялық терминмен айтқанда, «көркем шындық». Ал тарихи шындыққа кіндік тамыры байланған тарихи шығармаларды А.Байтұрсынұлы «заман хат» дейді. Дейді де шығармалардағы тарихи көркем шындықты тарихи шындық тұрғысынан талдауды тарихшылардың еншісіне қалдырады. Ол: «Шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме – бәрі де тарихтың жемі есебіндегі нәрселер. Тарих олардың айтқанының бәрін ала бермейді. Аударып, ақтарып түрлі жағынан қарап, түрлі мағлұматтармен салыстырып, сипатталған мағлұматтардан ғана алады», – деп атап көрсете келіп: «Заман хатта уақиға уақыт сарынымен жазылмайды, іс сарынымен жазылады. Заман хатта боларлық бір кемшілік мынау: уақиғаны болған күйінше жазбай, жазушы өз көңілінің күйіне бояп, реңкін өзгертуге ықтимал. ... Сонда да тарихқа беретін жемінің молдығынан заман хат өте құнды сөздер есебіне қосылады» [1, 248], – деп көркем шындықтың мысының мықтылығын, құнының жоғарылығын, себебі оның «жемісінің молдығын», яғни, мазмұндас мың өмірлік шындықты, оқиғалас он тарихи шындықты бір ғана көркем шындық арқылы түйіндеп беруге болатынын анықтап көрсетіп отыр. Ал сол «түйінделген» көркем шындықтың астарын тарату, яғни, көркем шындықтың ішінен тарихи не өмірлік шындықты суыртпақтап алып шығу – ақыл мен тарих таразысының міндеті» деген емеурін танытады.

Қазіргі күнде көркем шындық пен тарихи-өмірлік шындықты талдау барысында көптеген ілім салалары, соның ішінде тарихшылар да көркем шығармаларда баяндалған көркем шындықтың әсерінен арыла алмай, ондағы көркем әдебиеттің басты талабы мен ерекшелігі болып табылатын (сюжетті ширықтыру, конфликт, көркемдік шешім мақсатында пайданылған) қиялдан туған оқиғаларды өмірде болған нақты дерек ретінде қарастыратын ыңғайға бейім. Бұл – көркем шығарманың Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлы жіліктеп берген «1) ішкі пікір жағы» мен 2) тысқы тіл жағын» [1, 162], сонымен қатар туындының «мазмұнының үш мүшесін: 1. аңдату; 2. мазмұндау. 3. қорыту» [1, 157] ажыратпау немесе ажырата алмау. Соның салдарынан жазушының көркем көзқарасын оның тарихи көзқарасы, тұжырымы ретінде қарайтын жағдайлар орын алып келеді. Ал, шындығында, «адам ісінен (ойынан – Т.Ж.) шыққан жасалынды нәрселердің бәрі өнер дүниесі болады, өйткені

жасалынды нәрселердің істе(лі)п шығуына адам ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріседі» [1, 150]. Яғни, шығарма – автордың ойдан құрастырған төл туындысы, ол өмірді не тарихты көшіріп қана беріп отырған жоқ. Әсірелеп, астарлап, «сөзді ашып айтпай, ұшығын ғана көрсетіп, бүкпелеп айтады» [1, 198].

Бұл мәселе, әсіресе, саясаттанған идеологиялық қоғамда (Кеңес Одағында) өмір сүрген шығармашылық иелерінің туындыларын бүгінгі көзқарас тұрғысынан бағалауда анық байқалып отыр. Бұлай біржақты үкім шығару – әдебиетке де, шығармашылық иесіне де, зиялы оқырмандарға да қиянат. Кеңес өкіметі «өзінің идеологиялық дұшпаны» деп есептеген тұлғалардың және түрлі ұйымдардың атын ататпады, оларды тек жағымсыз жағынан ғана көрсетіп, халықтың жауы ретінде бейнелеуді талап етті. Осыдан келіп, социалистік реализмнің талабымен өмірге келген көркем шығармалардағы (роман, хикаят, әңгіме, пьеса, поэзия), жағымды және жағымсыз образдар арасындағы тартыс (конфликт) мәселесі бара-бара аса шиеленісті көзқарас қайшылықтарына алып келді. Бұл кілттипан – Ахаңның соқыр санаға сәуле түсірген, табандап қалған талғамға қанат бітірген, әдебиеттің, яғни, көркем шығарманың «сәнді әліптемесін» (көркем идеяны), жазушының «ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіретін», «қазақтың «пердемен жасырып сөйлейді» дегенінен шыққан, «бернемен сөйлейді»...иә: «бернемен сүгіреттеп сөйлейді» – деген» [1, 180] сөз тіркесінің астарын түсінбеуден туған кілттипан. Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлы әдебиеттің, соның ішінде көркем туындының ең жанды буынын тап басып көрсеткен. Өйткені астарсыз, емеурінсіз, «бүкпелеусіз» шығарма – көркем шығарма емес, жадағай баяндалған кәдімгі бопыр сөз. Көпірме көбік. Сондықтан да: «Бұл екеуінің соңғысынан да алдыңғысы болуының ықтималы мол, үйткені: «Бернемен сөйлейді», – деп қазақтар сөздің өз мағынасын жасырып, өзге мағынамен сөйлегенді айтады. Бернелеу – сол **мағынасы жасырын сөздің нағыз өзі**. Бернелеу біткеннің бәрінің **лебіз мағынасынан басқа астыртын мағынасы болады**» [1, 180].

Оның мәнісі мынада: мен енді «Әдебиет танытқышта» айтылған теориялық қисындарды әдеби өмірдегі тәжірибелерді тәпсірлеу арқылы пікірімді тиянақтауға көшейін. Мысалы, осы жолдардың авторы (мен) «Түркістан легионының» өмірде болғанын және *Мұстафа Шоқай, Қаяом хан, Баймырза Хайт, Қарыс Қаңатбаев, Мәжит Айтбаев, Қалимолдин, Қорқыт, Асан Қайғы* деген есімдерді 16 жасымда чекист, полковник Серік Шәкібаевтің «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты деректі хикаяты арқылы білдім. Әрине, бұл шығармада: легион – Кеңес өкіметіне қарсы жау құрылым, ал аталған адамдар отанын сатқан опасыздар ретінде суреттелген, яғни, жағымсыз кейіпкер ретінде алынған. Бірақ шығарма кейіпкерлерінің: «Біздің мақсатымыз – түрік бірлігі, түріктекес халықтардың азаттығы, тіл, діл, дін бірлігі», – деп айтқан сөздері әлі де көзқарасы қалыптаспаған жас, әсершіл оқырманның ұлттық сезімі мен санасын оятты. Мысалы, сол

шығармадағы жағымсыз кейіпкердің бірі – Асан Қайғының атынан жазылған хаттағы: *«Сондықтан да сізден менің сұрайтыным, министр мырза: 1. Татар мен Баширияны Түркістанға қосу; 2. Егер Қаюм хан татар-башқұрттармен бірлесіп еңбек етуден бас тартатын болса, онда қазақ-қырғыз және татар-башқұрт халықтарынан жеке мемлекет құру; 3. Қазақ-қырғыз және башқұрттардан бөлек легион ұйымдастыруды, осыған байланысты «Түркістан легионындағы» қазақ-қырғыздарды осы легионға ауыстыру; 4. Қазақстан, Қырғызстан және Еділ-Орал проблемасына басшылық етуді Берлинде бір жерге жұмылдыру... Ресейдің сорлы халықтары өздерінің құтқарушысын тапты»* [2], – деген мәліметтің өзі неге тұрады?

Мұндағы көтерілген мәселелер «Иттихат уә тараккидің» Түркістан өлкесіндегі ұйымдардың алдына қойған жалпы мақсаттармен тікелей астасып жатыр. Осындай мағлұматтарды ол кезде тек көркем шығармадан, соның ішінде жағымсыз кейіпкердің диалогінен ғана білуге болатын. Асан Қайғының хаты арқылы чекист полковник «Ресейдің сорлы халықтарының» мұң-мұқтажы мен саяси аңсарын оқырманға жеткізіп отыр. Ал: *«Көп мәселенің ішінде біз үшін ең қиыны – тіл. Ресей бізді алфавитсіз қалдырды, үйірді-айналдырды, ақырында, орыс алфавитін берді... Каюм хан мырза бізді мүлдем тілсіз қалдырды. «Милли Түркістан» журналы мен радионы ол өзбек тілінің монополиясына берді де бізге: «Сол тілді үйреніңдер!» – деді. Каюм хан мырза біздің ескі жарамызға тиіспесе жөн болар еді...»* [2], – деп баяндалатын тіл мәселесі ол кезде Қазақстанда өте шиеленісіп келе жатқан.

«Иттихат уә тараккидің» жалпы тұтас Түркістан идеясын жүзеге асыру барысындағы үлкен қайшылық та осы «ортақ тіл» мәселесінен туындаған болатын. Соның ішінде әдеби тіл ретінде татар не өзбек тілін қолдану туралы пікірталастары саяси реңк алды. Қазақ зиялылары да ондай жасанды тілді «шырықты бұзған шұбар тіл» деп атады. Бұл қазір де – шетін әрі намысты мәселе.

«Қаншама большевиктеніп, «чекистеніп» кетті», – десек те, қазақ тілінде көркем шығарма жаза алатындай қабілетке ие адамның өз ұлтының өткен тарихы мен алдағы уақытта күтіп тұрған тұйық жолын қаперге алмауы мүмкін емес еді. «Үлкен Түркістанның күйреуі» араб тілі пәнінің ұстазы Нұралы Өсеровтің ой салуымен студенттердің, соның ішінде Айтуған Шәйімов, Мұратхан Қаниев, Құрманғазы Бексайынов, Есен Сафуанов, Несіпбек Айтов, Жанболат Әуіпбаев, Аманжол Қанафин сияқты курстатстарымыздың арасында үлкен пікірталас тудырды. Ақыры, 1970 жылы ақпанда «Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай әдеби диспут өткіземіз» деген желеумен жартылай жабық жағдайда өткізілген отырыс саяси пікірталасқа айналып кетті. «Үлкен Түркістанның күйреуіндегі» Мұстафа Шоқайдың, Қаюм ханның, Баймырза Хайттың, Қарыс Қанатбаевтың, Асан Қайғының т.б. жағымсыз кейіпкерлердің диалогінде айтылған немесе жоғарыда келтірілген деректерге сүйеніп: «1. кез келген империя 300 жылдан артық өмір сүрген емес. Ресейдің қазақты колонияға

айеалдырғанына 3 00 жыл толады. Кеңес Одағы 2015-2025 жылдары құлайды. 2. Бізді орыстанып кетуден мұсылман діні қорғап қалады. 3. Бізді сырттан қолдайтын Түркия мемлекеті бар», – деген болжам жасадық.

Біз онда 19-20 жаста едік. Сол рух күресі қазақ жастарын 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына алып келді. Алла жар болып, азаттықты 40-41 жасымызда көрдік. Бостандық біз күткен күннен тез жетті. Шындығында да, Түркия Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқы үш сағаттың ішінде мойындады. Азаттықты тездету жолында «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты деректі хикаяттың авторы, чекист Серік Шәкібаевтің де, ондағы жағымсыз образдардың да, соның ішінде бүгінгі Баймырза Хайттың да ықпалы болды (Мұстафа Шоқайды емес, Баймырза Хайтты тілге тиек етуіміздің себебін сәлден соң түсінесіз). Сонымен қатар Кеңес өкіметіне деген наразылығын кеңестік жазалаудың түрмесін де, жазалау саясатының қыспағын да қашан көзі жұмылғанша көрген М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абайдың заманға қарата: «... Ей сорлы заман, тар заман!.. Менің маңдайыма сені берді. Аштырмадың адымымды! Менен аяған қай қастығың қалды. Мұнша газап шеккендей не жазық, не айыбым бар?» [3, 310-311], – деген монологі арқылы жеткізді. Сол әдіспен жазылған З.Шашкиннің «Ақын жүрегі» [4], І.Есенберлиннің «Қатерлі өткел» [5], Қ.Мұхамеджановтың «Жат елде» [6], Ә.Әлімжановтың «Мұстафа Шоқай», «Стрела Махамбета» («Махамбеттің жебесі»), «Чокану быть» («Шоқан мәңгі»), С.Жүнісовтің «Жапандағы жалғыз үй» [9], Оралхан Бөкеевтің «Өз отыңды өшірме» [10], атты көркем шығармаларында ұлттық идея жағымсыз образдардың ойымен, көзқарасымен емеурін арқылы берілді. Сол туындылардың көркемдік әдіс-тәсілімен 1975-1976 жылдары жазылып, 1982 жылы жарық көрген менің «Жер-бесік» [11] атты роман-новелламда бостандық жолындағы күрес құрбаны кәрі абыз (озан) Кәрібоз (Шаһкерім Құдайбердіұлы) бен азатшыл ақын, түрік елі Шанаққаланың түбінде шайқасып жатқанда «Алыстағы бауырыма» деп өлең-хат жолдаған Саржанның (Мағжан Жұмабаев) образдары арқылы ұлт-азаттық идеясын оқырмандарға жеткізуге тырыстым.

Сыни мақалаларда С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С.Мұқановтың «Өмір мектебі» атты мемуарлық шығармаларын сыни тұрғыдан талдау арқылы алаш қайраткерлерінің атын атап, олардың мақсаттары баяндалды. Сын мақалаларымызда айтылған: «Көркем әдебиетке үкім жүрмейді. Қазір әдеби сот жүргізетін заман емес», – деген пікірдің астарына үлкен мағына бергіміз келіп еді. Біз осы емеурініміз арқылы С.Мұқановтың: «Мағжанды және басқа да алашордашыларды халық алдында әшкерелеп, олардың халыққа жау элементтер екенін дәлелдеу мақсатымен 1924 жылдың басында Орынбор қаласында Мағжан Жұмабаевтың үстінен әдеби сот жүргіздік. Онда: 1. Жұмабаевқа қазақ халқының және қазақ халқының қорғанышы – «Кеңес өкіметінің де жауы» ретінде үкім шығардық. 2. Оның барлық шығармаларын оқырмандар аудиториясынан алып тастап, оқуға тыйым салу туралы үкіметке өтініш түсірдік. 3. «Бұдан былай кеңестік баспа орындары М.Жұмабаевтың шығармаларын жариялауға жол бермеуі

керек!» – деп әдеби-идеологиялық үкім шығардық» [4,510-511], – деген пікірін жоққа шығарғымыз келген. Мұны «бернені» білетін көзі қарақты оқырмандар ишарасыз-ақ түсінді. Сондай-ақ тұтқында болған татар ақыны Мұса Жәлелдің «Моабит дәптері» арқылы милли Түркістан идеясын поэзия арқылы түсіндік. Сол жылдары ақын Жәркен Бөдешевтің «Аяулы Шығыс Түркістан» атты өлеңіне Абылай Түгелбаев марш екпініндегі ән жазды. Қазақ зиялылары бұл әнді оңаша отырыстарда хормен айтып жүрді.

Әрине, тек қазақ әдебиетіне ғана қатысты емес, Кеңес Одағының құрамындағы барша шығармашылық иелерінің мұндай көңіл күйі мен шығармалық идеясын әдебиет сыншылары жағымсыз кейіпкерлерді талдау арқылы олардың емеурін идеясын ашуға ұмтылатынын КПСС Орталық комитеті білді. 1977 жылы «Көркем әдебиет сыны» туралы қаулы қабылдады. Компартияның қаулысы Кеңес өкіметі тұсында сот үкімімен парапар еді. Түркістан бірлігі, дін бостандығы, азаттық үшін күрескен жағымсыз образдарды талдап, пікір айтуға тыйым салды. Оны «ұлтшылдық идеясын насихаттау» деп бағалады. Соған қарамастан кеңес жазушылары жағымсыз образ арқылы өзінің басты идеясын жеткізіп отырды. Мен сол тұста 13 жыл бойы әдеби журналдың сын бөлімін басқарғандықтан да, мұндай тыйым салуға тікелей нұсқау алған әдебиетшінің бірі болдым.

Шүкір! Тәуелсіздікке жеттік. 1990-1995 жылдары арасында мұһажирлер Халифа Алтайды, Дәлелхан Жаналтайды, Хасен Өралтайды, Мансұр Тәйжіні, Мұстафа Өзтүрікті көрдім. 1995 жылы Алматыда Баймырза Хайтпен әңгімелестім. Сонда Баймырза марқұмнан кеңес әдебиетіндегі, соның ішінде С.Шәкібаевтің «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты деректі хикаятындағы өзінің жағымсыз образдардың бірі ретінде суреттелгеніне қалай қарайтыны туралы пікірін сұрадым. Сонда Баймырза Хайт марқұм:

– Біз ол романды да, басқа беллестрикалық шығармаларды да, тұтқындардың естеліктерін де (әсерлерінде), чекистердің жазбаларын да білеміз. Ол – заманның жазмышы жаздырған сөздер. Оларға қарсы біз де өзіміздің лайықты жауабымызды бердік. Оның ең жақсысы – жағымсыз образдардың арқасында, сіздер – түркістандықтар, әсіресе, жастар біздің мақсатымызды білдіңіздер. Бұл – үлкен жетістік. Демек, чекистердің өзі бұл орайда бізге көмектесті, – деп жауап берді.

Ал «Түркістан легионы» туралы С.Бекеновтің «Қазақ тұтқыны» [12], Ә.Толғанбаевтің «Исповедь судьбы жестокой» [13] атты естеліктері Қазақстан тәуелсіздік алған соң ғана жарық көрді.

Сонымен, кеңестік өнер иелері, соның ішінде кеңестік түркі республикаларының жазушылары өзінің туындыларына социалистік реализм әдісін (методын) пайдалана отырып, жағымсыз образдар арқылы өзінің идеясын, ал әдебиет сыншылары сол жағымсыз бейнелердің іс-әрекеті мен ой-мақсатын талдау арқылы жазушының түпкі идеясын және оның астарын емеурінмен аңғартты. Оған Шыңғыс Айтматовтың шығармалары толық дәлел.

Кеңес өкімет тұсындағы көркем туындылардағы жағымды, жағымсыз образ және оның астары туралы мәселе – әлі де толық орнығып болмаған үлкен теориялық мәселе. Алдағы уақытта қоғамдық ғылымдар мен көркем әдебиетке арналған ғылыми конференцияларда арнайы сөз етуге тұрарлық. Әйтпесе бұрынғы кеңестік заманда өмір сүрген жазушылар мен олардың шығармаларының көркем идеясы ашылмайды. Бұл – сол халықтың 80 жылдық рухани өмірін сызып тастаумен парапар.

Міне, «Үлкен Түркістанның күйреуі» деректі хикаятының жағымсыз кейіпкерлерінің бірі – Баймырза Хайттың миллат рухына, азаттық идеясына көркем әдебиеттегі астарлы бернелеу тәсілі арқылы жасаған идеялық ықпалының бір көрінісі – осындай. Ал оның «Қоқан және Алашордаұлттық үкіметтері» ғылыми диссертациясы (1956 ж., Вестфалия) жеке талдауды қажет етеді. Жалпы алғанда, «Әдебиет танытқышта» орын алған кеңестік замандағы көркем шығармалардағы «әліптеме» (идея) мен «берне» (подтекст), тартыс пен көркемдік шешім, «ішкі пікір» мен «сыртқы пікір» сияқты түйткілді теориялық мәселелерді әдеби тәжірибелерге сүйене отырып тиянақтау – бүгінгі әдебиеттанудың басты міндетінің бірі» деп қарастырған лазым. Әйтпесе қазақ әдебиетінің қормалды ғасырының классиктері – қазақ әдебиетінің тарихынан ысырылып қалуы мүмкін. Оған мектептер мен жоғары оқу орындарына арналып жаңадан құрастырылып жатқан оқулықтардан С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Т.Әлімқұлов, Б.Бұлқышев, Қ.Аманжолов т.б. тұлғалардың атының елеусіз ғана аталып өтуі не мүлдем ұшыраспауы дәлел, бұл – қауіпті нышан.

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Алты томдық шығармалар жинағы. - Бірінші том. - Алматы: Ел-шежіре, 2013. - 384 б.
2. Шәкібаев С. Үлкен Түркістанның күйреуі. Деректі повесть. - Алматы: Жазушы, 1968. - 264 б.
3. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. - Алматы: Жеті жарғы, 1997. - 336 б.
4. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалары. Өмір мектебі. Екінші кітап. - Алматы, 1955. - 519 б.
5. Шашкин З. Таңдамалы шығармалар. Құрастырған Т.Шаханов. - Алматы: Жазушы, 1979. - 6-том.-59-101-б.
6. Есенберлин І. Он томдық шығармалар жинағы. – 2-т. Қатерлі өткел. Роман. - Алматы: Жазушы, 1981. - 384 б.
7. Мұхамеджанов Қ. Шығармалары. Жат елде. Пьеса. – Астана: Фолиант, 2009. -29-69-б.
8. Алимжанов А. Собрание сочинений в 5-и томах, т.2. Стрела Махамбета. Роман. - Алматы: Жібек жолы, 2010. С. 4-262.
9. Жүнісов С. Жапандағы жалғыз үй. Заманай мен Аманай. - Алматы: Жазушы, 1990. -3-281-б.

10. Бөкеев О. Шығармалары. Бірінші том. Өз отынды өшірме. Роман. - Алматы: Ел-шежіре, 2013. - 392 б.
11. Жұртбаев Т. Жер-бесік. Роман-новелла. – Алматы: Жалын, 1985. - 384 б.
12. Бекенов С.Қазақ тұтқыны. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007.- 256 б.
13. Толғанбаев А. Исповедь судьбы жестокой. - Алматы: Қазақстан, 1993. -112 б.

Ұлттың рухани көсемі

Әбдиманұлы Ө.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор

***Аңдатпа:** Бұл мақалада ұлылыққа тән бар қасиетті бойына ұялатқан асыл арыс Ахмет Байтұрсынұлының туған халқының теңдігі үшін отаршылдыққа қасқайып қарсы тұрған қажырлы қайраты сөз етіледі. Ғалым тек күрескер тұлға ғана емес, замананың алмағайып шақтарын көркемдік танымға арқау етіп, оны шынайы шыншылдықпен суреттеген, сөйтіп сол арқылы ертеңгі ел тәуелсіздігіне үмітпен қарауға үндей білген, парасатты ойлары арқылы болашаққа жол сілтеген дара дарын, қарымды қалам иесі.*

***Түйін сөздер:** Алаш рухы, поэзия, қазақ әдебиеті, ұлы ұстаз, ғалым.*

***Summary:** This article deals with the perseverance of the noble struggle against colonialism for the equality of the people of Akhmet Baitursynov. The scientist is not only a fighter, but also an owner of a talent, a wise gift, a way to the future, with the wisdom to reflect on the artistic cognition of the past and to describe it with sincerity and thus look forward to the future of the country's independence.*

***Key words:** Alash spirit, poetry, Kazakh literature, great teacher, scientist.*

Кешегі әлемнің алатыдан бір бөлігін алып жатқан кеңестік империя құлап, Қазақ елі тәуелсіздіктің көк туын көтеріп, егемендікке қол жеткізгелі бергі қоғамдық-саяси өзгерістер жас мемлекетіміздің демократиялық жолмен дамуына негіз қалады. Соның нәтижесінде ұзақ жылдар тежеудің тегеурінін көріп келген ұлттық сана тың серпінге ие болып, өткенді жаңаша көзқараспен байыптауға бет бұрған халқымыз уақыт-мезгілдің құдірет күшімен өшіріліп кеткен «ақтаңдақ беттерді» оянған сананың «үлкейткіш шынысымен» оқи бастады. ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлы оқиғалардың тарихи шындығы енді-енді ашылып, оларды ұлттық идея, халықтық мүде тұрғысынан зейінді зерделеу мүмкіндігі туды. Әсіресе ұлтына өлшеусіз еңбек сіңірген алаш қайраткерлерін танып-білуге деген құлшыныстың қуаты ерекше.

1988 жыл қазақ руханиятында қоғамдық өмірімізге өзгеше бір өзгеріс әкелген тарихи жыл болып қалары сөзсіз. Өйткені бұл жылы қалың қазақ қауымы ұзақ жылдар бойы көз жазып қалған асыл арыстарымен қайта қауышты. Зұлмат заман тұсында жалған жаламен жазықсыз жазаға ұшырап,

сталиндік саясатқа құлдық ұрғандар ұлт тарихынан аластатуға тырысқан ұлылардың санадағы шырақты сәулесі қайта жарқырап, шығармаларындағы нұрлы ойлары жүректерге шуақ шашты. Аңсап жеткен арыстарымыздың тағылымына тағзым ете бастадық. Артынша-ақ егеменді ел болуымыз да көп күттірген жоқ. Қуанышы көл-көсір, шаттығы шаш етектен келген тәуелсіздікке де қол жеткіздік. Сөйтіп, Елбасы Н.Назарбаев: «Егеменді ел болуымыз – өткен тарихымызды танып, жаңаша бажайлауға кең жол ашты. Ұлттық тарихқа, өткен кезеңдерімізге батыл бетбұрыстар жасалды» [1], – деп, тап басып тұжырымдағандай, қоғамымыз өзінің өткені мен бүгінгі туралы ілкі пайымдауларға бет бұрды. Міне, осы кезеңде қайта танып-біле бастаған арыстарымыздың бірі, бірі емес-ау, бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы болатын.

Адам ғұмыры ғалам дамуының уақыт өлшемімен салыстырғанда, тым қысқа, сәттік қана болып көрінгенімен, ол жасаған тіршілігінің мәні арқылы өз кезеңі ғана емес, мәңгілікке жол тартар рухани мүмкіндіктерге ие. Ұлының ұлылығы – соны сезіне біліп, пәни жалғанның аз күндік алдамшы қызығына айналып қалмай, ертеңнің керегіне қарекет жасау. Бірақ жер басып жүрген пенденің бәріне ұлыға айналуды тағдыр жазбаған. Сондықтан да бүтіндей ұлт табынар рухқа айналған жандар тым сирек. Әр дәуірдің, әр заманның біртуар тұлғаларын уақыт жасары хақ. Осындай ой келген сәтте еске еріксіз орала беретін бір тұс – ХХ ғасырдың басы. Шындығында, осы тарихи кезеңде ұлтын өркениет дамуының даңғылына бастаған озат ойлы зиялылар шоғыры молдау көрінеді. Бірақ «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» демекші, осынау топтың ішінен қазақ руханиятындағы кемеңгерлік болмысы мен азаматтық тұлғасы көзге айрықша шалынатын ұлы азамат – Ахмет Байтұрсынұлы.

Иә, Ахметтей адамзаттық ойдың алыбын енді танып, кемел ілімінің кеніне енді-енді кенеліп келеміз. Әйтсе де бүгінде бұл тұрғыда біраз ізденістер жасалғанын атап өткен жөн. Ахметтануға кешегі Міржақып, Елдес, Телжан, Сәкен, Мұхтар, Смағұлдар салған сара жолды бүгінгі тілші Р.Сыздықова, әдебиетшілер Т.Кәкішұлы, С.Қирабаев, Р.Нұрғали, Д.Қамзабекұлы, тарихшылар К.Нұрпейісов, М.Қойгелдиев, Қ.Атабаев, Т.Омарбеков сынды көрнекті ғалымдар ахметтанудың даңғылына айналдырып, кеңейте түсуде. Айта кетсек, артық етпес: бұл салаға өзіміз де біраз еңбек сіңірдік. Ахмет Байтұрсынұлының әдеби мұрасы жайлы кандаттық диссертация қорғап, Ахаң шығарған «Қазақ» газеті туралы монография, «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты 2 томдық оқу құралының Ахмет Байтұрсынұлы туралы үлкен тарауын жазып, «ХХ ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті» атты жоғары оқу орындарына арналған оқулығымыздың бір тарауын Ахаңа арнадық. Былтырғы жылы «Арыс» баспасынан «Ахмет Байтұрсынұлы» атты зерттеу-эссеімзді шығарып, Ахаң жайлы ұзақ жылғы ізденісіміздің қорытындысын жасағандай болдық. Әлі де атқарар іс жетерлік.

Ахмет Байтұрсынұлын қайта тануға талпыныс білдіре бастағанымызға 20 жылдың жүзі болып қалыпты. Ол кісі туралы біраз зерттеулер жүргізілгенімен, әлі басы ашық, шешімін күткен «ақтаңдақ» жайттар жетерлік. Мәселен, басқасын былай қойғанда, Ахаңның туған жылы әлі күнге дейін нақтыланбай отыр. Жалпы ұлы тұлғаның 50 жасқа толған мерейтойы 1923 жылы қазақ астанасы – Орынборда, ұзақ жылдардан кейін 1998 жылы 125 жылдығы республика деңгейінде аталып өткенімен, ғылыми орта бұл туралы түпкілікті тұжырымға келе қойған жоқ. Ахмет Байтұрсынұлының өз қолымен жазылған КазПИ мұрағатындағы «Өміржазбасында» «туылған жылы – мешін (1872 ж.)», – деп көрсеткен. Ал Ахмет Байтұрсынұлы туралы алғаш толыққанды зерттеу мақала жазған Міржақып Дулатов: «... 28 (15) қаңтар, 1873 ж.» [2, 17], – деп көрсетеді. Ахметтің өмірі мен шығармашылығын мұрағат деректеріне сүйене отырып зерттеген Р.Имаханбетова бірнеше құжатты алға тарта отырып, 1872 жылы туылғанын дәлелдейді. А.Байтұрсынұлының 5 томдық шығармаларының 1-томына жазған «Алғы сөзінде» белгілі әдебиеттанушы ғалым А. Ісімақова осы соңғы деректерге сүйеніп, «1872 жылдың 5 қыргүйегі» [3, 5], – деп нақтылай түседі. 1921-29 жылдардағы түрлі құжаттар мен сауалнамаларда Ахмет Байтұрсынұлы туған жылын көбіне «1872 жыл» деп көрсеткен. Ғалымдар Т.Қожекеев, Д.Қамзабекұлы 1922 жылдың тамыз айында Ташкенттегі қазақ зиялылары Ахаңды құрметпен қарсылап, оның мерейтойын атап өткенін «Ақ жол», «Тілші» газеттерінде жарияланған материалдар негізінде сараптайды. Ал НКВД құжаттарында А. Байтұрсынұлының туылған жылдары «1870, 1871 жылдар» деп көрсетіледі.

Туған жылға қатысты бұл мәліметтердің бәрін жинақтай келе, мынадай қорытынды жасауға болады: ең алдымен, баласының дүниеге келгені туралы куәлік алмайтын қазақ оны жыл мезгілімен не бала дүниеге келген жылғы ерекше оқиғамен есте сақтап, жыл қайыру бойынша шығарып отырған. Ахаң кейіннен өзі толтырған құжаттарда көрсеткен «мешін» – осының бір дәлелі. Шындығында, қазақ жыл қайыруы бойынша, мешін 1972 жылға келеді. Ендеше, А. Байтұрсынұлының өз қолымен толтырыған құжаттардағы атап айтқанда, «Ахмет Байтұрсынұлының жеке ісі», «Халық Ағарту Комиссариаты қызметкерлерінің тізімі», «Жауапты қызметкерлер сауалнамасы» тағы басқаларда тайға таңба басқандай етіп жазылған «1872 жылдың 5-қыргүйегін» негізге алуымыз керек. Ал 1923 жылғы мерейтойға келсек, оған Ахаңның мерейтойын өткізуге қарсылықтың көп болғаны – басты себеп. Сол кезде республика басшылығында болған С. Меңдешев, В.Радус-Зенкович, Ә.Жанкелдин, Ә. Әйтиев және басқалардың бір кездегі «Алашорда» басшылығында болғандарға қатты күрес жүргізгені белгілі [4, 283]. 1920 жылдың 4-12 қазанында Орынбор қаласында ҚазАССР-інің съезі өтіп, өкімет басшылығы сайланды. Қазақстан Атқару комитетінің төрағасы болып В.А. Радус-Зенкович тағайындалды. Олар кешегі «Алашорда» басшысының мерейтойын өткізуге қарсы болғаны белгілі. Ол мәселе жоғары жақтан қолдау таппай, 1922 жылдың аяғына қарай шешілген болуы керек.

Бұл мәселенің дұрыс шешілуіне 1922 жылдың қазан айында Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы болып келген Сәкен Сейфуллин игі әсер еткен. Оның салтанатты мерейтойды ашып, рухани ұстаз туралы жүрекжарды сөз айтуы – осының айғағы.

Сөйтіп, 1922 жылы өтетін мерейтой әлгі жағдайлардың қырсығынан уақыт өтіп бара жатқандықтан, асығыс түрде опай-топай 1923 жылдың қаңтарында өткізілген. Ал енді мерейтойдың мезгілінен кеш әрі асығыс өтуі, сөйтіп, қазақ жұртшылығы хабарланбай қалу жайы Ташкентте шығып тұрған «Ақ жол» газетінде айтылған. Басылым өзінің Мұхтар Әуезовтің «Ахаңның 50 жылдық тойы (юбилей)» атты мақаласы жарияланған санында «Ахаңның юбилейі туралы» деген тақырыппен басқарма атынан тойға жеке лебіз білдірген. Онда: «Ахаңның 50 жасқа толғаны туралы қазақтың көп жері білмегендіктен, көңілдегідей болмай өтіп отыр. Олай болуға себепкер: Ахаңның туған жері – Орынбордағы қазақ азаматтарының жер-жерді күн ілгері құлақтандыра алмағандығы. Тойдың болатұғын күнін бұрын сөйлесіп қойғанда, Ахаңның атын білген екі республикадағы (Қазақстан мен Түркістан – Ө.Ә.) қазақ өмірде есте қаларлық қылып бір тойлайтын еді. Ахаңның халыққа қызметін көрсетіп, тәржіме халін айтып, туған күніне арнап кітап шығару қажет еді... Орынбор азаматтарының жедеғабыл алып қалғандығынан көңілге алғандай болып істелмей отыр» (Ақ жол. 1923, 4 ақпан), – деген өкініш білдірілген. Яғни, Ахаң мерейтойы – тез арада өткізілген шара.

Ойды қорытындылай, жоғарының бәрін салғастыра келгенде, «Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылдың 5 қыргүйегінде дүниеге келді» деуге толық негіз бар. Бұл мәселені ғалымдар қанша көтергенімен (соның ішінде өзіміз де бармыз), республика басшылығындағы азаматтар еш назар аудармай келеді. Тарихтың шындығын бұрмалағаннан ұтарымыз шамалы. 2007 жылдың 5 қыргүйегінде ұлттың ұлы ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 135 жыл толды. Елең еткен ел басшылығы болған жоқ. Биылғы қыргүйек те тым-тырыс қалды.

Әрине, Ахаңа қатысты «ақтаңдақтар» мәселесі – өз алдына жеке әңгіменің арқауы. Біздің қазіргі мақсатымыз – ахметтанудың негізін қалаушы ұлы Мұхаң сонау бір кезде айтқан «ұлттың рухани көсемі» деген тіркестің мәнін ашуға ұмтылыс жасау. М. Әуезов бұл сөзді дер кезінде айтты және тауып айтты. Бірақ осы ұғымның мәнін кеңірек ашуға ол кісінің мүмкіндігі болмады, Ахаң тақырыбына қайта бір орала алмады, шындығын айтқанда, оралтқызбады. Әйтпесе Мұхаңдай ғұлама өз жазбаларын сан рет қайта қарап, Ахаңдай ұлы тұлғаның рухани көсемдік сипатын толық ашып берген болар еді. Амал кәне, өткенге өкінгенмен, пайда жоқ. Ендеше, сол Әуезов ашқан алты алаштың ардағына айналған болмысына бүгінгі таным деңгейінен көз жіберіп, шама-шарқымыз жеткенше Ахаң көсемдігінің сырын ашып көрейік. Мақсат – Ахмет Байтұрсынұлы азаматтық тұлғасының белгілі бір қырына ғана назар аудару немесе жекеленген шығармаларын талдау емес, бүтін болмыстың бүтіндігін толық таныту.

Әрбір ұлы тұлғаның тұғырлы бейнесі ол өмір сүрген ортаға, тарихи кезеңге тереңірек көз жібергенде ғана шынайы аңғарыла бастайды. Ахмет Байтұрсынұлы – заманына сай туып, дәуірдің жарығы мен қараңғысын бірдей бағдарлап, жамандығынан жерініп, жақсылығынан үйрене білген жан. Ол – бір басында сан салалы өнер тоғысқан, телегей теңіз энциклопедиялық білім иесі, қиындыққа толы тартысты ғұмырында «қараңғылықта қалған қалың елін жарқын болашаққа сүйреуден басқа бақыт бар» деп білмеген бірегей тұлға. Бір басына сан түрлі салқар санаткерлік тоғысқан осынау ұлы азамат «қазақ руханиятындағы теңдесі жоқ құбылыс» десек, артық айтқандық емес. А. Байтұрсынұлын күрескер қайраткер, ақын, журналист, ғалым, ағартушы-санаткер еткен – біріншіден, халқына деген сүйіспеншілік, екіншіден, алысты болжаған көрегендік. Оның артына қалдырған бай мұрасын қарастырғанда, алдына қойған осы күрескерлік мақсатына байланысты бағалау ләзім.

Ахметтің халқын сүйген ұлтжандылық қасиеті бүкіл адамдық, азаматтық, қызметі мен іс-әрекетінен көрініс табады. Оның күрескерлік қасиеті ерте кезде-ақ айтылып, елге танытылып отырды. 1917 жылдың 19 қазанында «Қазақ» газеті «Алаш» партиясы атынан учредительное собраниеге сайланатын депутат-кандидаттар туралы қысқаша анықтамалық береді. Сонда Торғай облысынан бірінші болып Ахмет Байтұрсынұлы аталған. Ол туралы былай деп жазылған: «Ахмет Байтұрсынұлы – «Қазақ» газетін шығарушы, қазақ әдебиетіне негіз салушы қазақ ақыны. Ескі үкіметтің қылышынан қан тамып тұрған заманда халыққа қызмет етіп, хүкіметке қарсы пікірде болғаны үшін 9 ай абақтыға отырып, одан кейін қазақ облыстарында тұрмау шартымен жер аударылған. «Қазақ» газеті үшін 4550 сом айып тартып, абақтыға отырып, соңғы 12-13 жылдың ішінде қуғын-сүргіннен көзі ашылмаған алаш азаматтарының бірі» (Қазақ. 1917. №245). Аз да болса, көп сыр түйген бұл сөздер – Ахмет тұлғасын танудың бір көрінісі.

Ә, дегенде-ақ назарға ілігетін бір сипат – Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл тірлік-тынысы, адамдық болмысы, ең алдымен, азаттық ұғымымен астасып жататындығы. Ол – жеке бас, жеке адам бостандығының жоқтаушысы емес, түгел жұрт, тұтас ел азаттығының ту ұстаушысы. XX ғасырдағы саяси күреспен мазмұндалған азаттық қозғалыстың бастауында тұрған қайраткерлердің рух-тұлғасы – осы Ахаң.

Ахмет Байтұрсынұлының тұғырлы тұлғасын, ұлттың рухани ұстазы ретіндегі көшбасшы көсемдігін бәрінен бұрын оның қоғамдық-әлеуметтік қызметтері айқындайды. Оның қайраткерлік іс-әрекеті өткен ғасырдың бесінші жылдарында басталып, өзі өмірден өткенге дейін еш толастаған емес. 1905 жылы Ж. Ақбаев екеуі қазақтың алғашқы құрылтайын өткізіп, патша өкіметіне талап-тілек жіберуді ұйымдастырса, онан кейінгі жылдары да отаршылдыққа қарсы астыртын түрде жүргізілген күресін тоқтатқан жоқ. Патша тақтан түсіп, «жарық күн туды» деген заманда серіктестерімен бірге «Алаш» партиясының жобасын жасап, «Алаш» өкіметін құрды. Сол

өкіметтің бірден-бір рухани көсемі (идеологі) болды. Кеңестік өкіметтің жеңіске жетері шынға айналған сәтте елді қырғынға ұшыратпаудың қамын ойлап, көрегендік көрсетіп, кеңес жағына алып шығып, Кеңес үкіметінің алдына нақты талаптар қоя алды. Алаштықтардың ел ісіне араласып, жұртқа жолбасшылық көрсетуіне бірден-бір көшбасшы болды. Ол алғашқы революциялық комитет төрағасының орынбасары, Қазақ автономиясының тұңғыш халық ағарту комиссары, Ұлттық академиялық орталықтың алғашқы төрағасы қызметтерін атқарып, кеңестік өкіметке алаңдай қарап, жаңа қоғамға күпті көңілмен аяқ басқан жұртына сасқанда таянып, қорыққанда тірек бола білді. Біздің бұл ойымызды 1918 жылы жазған Ахмет Байтұрсынұлының мына бір сөздері бекіте түседі: «Біз тізгінімізді өзіміз алып, өз ұлтшылдығын өзі сақтайтын жұрт болу үміті үстінде тұрмыз. ... Келген дәуірдің амал-ісін танып, қадірін біліп, қайталанбай қалып, соңынан өкініп жүрмелік. Өткен дәуір өткен өмір сияқты, бір келген күйінде қайта айналып келмейді. Осы жағын естен шығармай, тез іске кірісу керек...» (Абай. 1918. №7.). «Асығу керек» атты бұл мақала сол тұстың шындығын, «Алаш» көсемдерінің көздеген мақсатын дәл береді. Ахмет бастаған қазақ зиялылары бұл ойдан ешқашан да ажыраған емес. Кейін қолдан келер қайран жоқ болған соң лажсыз көп нәрсеге қайта қарап, «қателіктерін» мойындады. Оларды мұндай қадам жасауға мәжбүр еткен де – ел қамы, ел тыныштығы, ел бақыты болатын. Бірақ жұртының көретін зобалаңы әлі алда екенін кеш білді...

Ахаңның кеңес тұсындағы қайраткерлігі туралы аса көрнекті тарихшы академик Кеңес Нұрпейісов: «Алаш қозғалысы тарих сахнасынан күштеп кетірілген жағдайда оның басында болған ұлттық-демократиялық зиялы қауым кеңес үкіметі мен коммунисттік идеологияға қарсы күресті рухани салаға ауыстырып, оның (күрестің) бейбіт жолдарын таңдады. Күрестің бұл жолдарын Ахаң олардың көбінен бұрын 1919 жылдың көктемінде тандап алған еді.

Жиырмамыншы жылдардың басында елде қалыптасқан жаңа саяси жағдайда кеңес мемлекетін мекендеген түркі тілдес халықтардың ұлттық-демократиялық интеллигенция көсемдері (Қазақстанда – Ахмет Байтұрсынұлы, Башқортстанда – Заки Валиди Тоған, Татарстанда – Мирсаид Сұлтанғалиев т.б) «халықты күннен күнге күшейіп келе жатқан билеуші режимге қарсы қарулы күреске шақыру қажетсіз, тіпті зиянды» деп санады... Олар өз өкілдерін мемлекеттік басқару жүйесіне енгізу және сол арқылы халыққа ықпал жасау, ұлттық мүдделерді қорғау құралдары ретінде оқу-ағарту, мерзімді баспасөз, ғылыми орталықтар, әртүрлі салалардағы кеңінен пайдаланудың ауқымды шараларын 20-жылдардың алғашқы сегіз жылында жүзеге асырды», – деген тұжырым жасайды. Бұл кездегі Қазақстандағы қазақ зиялыларының бірден-бір көсемі – А. Байтұрсынұлы болатын. Сондықтан да ол кеңестік әкімдік-әміршілдік билікке қарсы рухани күресті ұйымдастыруда аянған жоқ. Әлихан Бөкейханов бұл жылдары Мәскеуде тұруға мәжбүр болды. Сондықтан ол рухани майданға белсене

араласа алмады. Ал Ахаң бастаған алашшыл қазақ зиялыларының рухы жығылмағанын сезіне бастаған тотаритарлық жүйе олардың көзін жоюды мақсат тұтып, «Кеңес үкіметінің жауы», «буржуазияшыл ұлтшылдар», «террорлық әрекетті дайындаушылар» деген негізсіз айыптар тағып, қудалауға түсіріп, ақыры түрмеге жауып, аттырып тынды.

Қазақ халқының болашағы үшін қайтпас қажырлықпен, ересен іскерлікпен еңбек еткен ұлы қайраткердің үмітті асыл армандарын Қазақстанға Ф. И. Голощекин сияқты әпербақан саясатшының келуі үзді. Қазақстанда ол өзінің «кіші көсемдік» идеяларын іске асыру үшін «Кіші Октябрь» саясатын жүргізді. Бұл жолда небір сойқандыққа барған Голощекин өз пікіріне қосылмайтындарға ымырасыз күрес бастап, қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдерін жаппай жазалау саясатын ашықтан-ашық жүргізді. 1928, 1937-38 жылдары халықтың 22 000 озық ойлы өкілдері жаппай террорға ілініп, атылып кетті, 49 000 адам түрмеге қамалды. Сол озық ойлы зиялылардың рухани көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы болғанды.

Ахаң тұлғасын өзгелерден биіктетте түсетін келесі бір азаматтық жүк – ағартушылық. «Жүректегі жарасы он үшінде ойын оятқан» Ахаңның алға қойған ұлан мақсаты – ұлт санасын ояту, халықты өнер-ғылымға үндеп, өркениетті елдердің қатарына қосуды көздеген ағартушылық, отаршылдыққа қарсы ымырасыз күрес. Осынау ұлы мақсаттарға оқусыз, білімсіз қол жетукізуге болмайтындығы бесенеден белгілі. Ал оқып, білім алу үшін халықтың өзіндік жазуы, қажетті оқу құралдары, ұлттық мектептері болуы керек. Ахаң: «Алла!» – деп, ағартудың ақ жолына түскен сәтте бұның көбі жоқ болатын. Оларды жолға қою Ахаңды бәрінен бұрын ана тіліміздің мәселелерімен айналасуға, оны оқу пәні дәрежесіне көтеруге ден қойғызғанды. Өйткені тіл барлық істің бастауы екендігін, онсыз ешбір білім-ғылымның дамуы мүмкін еместігін ұлы ұстаз жақсы түсінді, жете білді.

Ахаң атқарған ұшан-теңіз рухият істерінің ең зоры – тұңғыш тілші-ғалым ретіндегі қазақ тіл білімін дамытуға қосқан үлесі. А. Байтұрсынұлы әу бастағы алған білімі, мамандық бағдары жағынан кәсіби тіл маманы емес болатын. Оны тіл біліміне алып келген – жоғарыда айтып өткен оқу-ағарту ісін жолға қою, оқу-білім арқылы қазақ халқын отарлық езгіден құтқару мақсаты. Арнайы дайындықтан өтпегендігіне қарамастан, бойында туа біткен дарыны бар тілші-ғалым тума біліктілігінің арқасында туған тілінің табиғатын, оның құрылымдық категорияларын жете меңгерген-ді. Әрине, қазақ грамматикасының сыры мен қырын танудағы оның алғашқы сүйеніші орыс лингвистикалық мектебінің ілім-білімі болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ ол ә дегенде-ақ, туыстығы жағынан ерекшеленетін түркі тілдерінің (оның ішінде қазақ тілінің) құрылымындағы орыс тілінен айрықшалайтын басты ерекшеліктерді тап басып тани алды.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілін оқыту мен зерттеуде белгілі бір жүйелі мақсат ұстанған. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды мұрат тұтып, бұл жолда тұңғыш әліппе – «Оқу құралды» жазды, одан соң қазақ тілінің

фонетикасы мен грамматикалық құрылымын, ана тілінің төл заңдылықтарын талдап, пән ретінде оқытып, үйретуді жолға қойды, сөйтіп, үш бөлімнен тұратын «Тіл – құралды» дүниеге келтірді.

Әрине, қазақ тілі туралы ой-пікірлердің Ахана дейін де айтылғаны, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап олардың жүйелі сипат алғаны да рас, мұны ешкім де жоққа шығара алмайды. Бірақ ескере кетер бір жайт: ол еңбектердің барлығы да ана тілімізде емес, зерттеліп отырған тіл табиғатына жат тілдерде жазылғандығы. Сондықтан да олардың бірде-бірінде (Ильминский, Мелоранский т.б.) туған тіліміздің өзіне тән табиғаты түбегейлі ашылған жоқ, олар өзге тілде жазылғандықтан да, қазақ халқының сауатын ашуға жолбасшы бола алмады. Ең бастысы – оларда қазақ тілінің дыбыстық, грамматикалық құрылымдары байырғы замандардан бері қарай бірден-бірге жалғасып келе жатқан үндіеуропалық тіл білімінде орныққан дәстүрлі ұғымға, үлгіге негізделді, лингвисталық терминдері де солардан алынды.

Орыс зерттеушілерінің басым бөлігі өз еңбектерінде үндіеуропалық тілдерде бар категорияларға қазақ тілінен мысалдар іздеді, таба қалған жағдайда терең байыбына бара қоймастан: «Ол категория қазақ тілінде де бар», таппаса: «Жоқ», – деп, біржақты тұжырым жасады. Бұның бір дәлелін Елдес Омаровтың «Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми қызметі» атты еңбегінен таба аламыз. Ол: «Ахмет Байтұрсынов өзінің оқу құралдары арқылы тамаша жаңалықтар ашты. Оның жаңалықтары Еуропа ғалымдары жазған қазақ тілі грамматикаларына қандай түзетулер, толықтырулар енгізгенін бұл еңбектерді салыстыра қараған адам бірден көреді» [2, 27], – деп, әділін айтқан болатын. Ахметтанудың бастау көзінің біріне саналатын осы зерттеуінде Е. Омаров Аханды «қазақ тіл білімінің теңдесі жоқ білімпазы» деп танып, ол жасаған әліппе, ол жазған грамматикаға қатысты еңбектерді өте жоғары бағалап, олардың қазақ тілі туралы жат жұрт ізденушілері жазған жұмыстардан артықшылығы ғалымның ана тілінің төл табиғатын терең тануында екендігін дәйекті деректермен дәлелдей алды. А.Байтұрсынұлының қазақ тіл біліміне сіңірген ерен еңбегін бағалауда өз кезінде оның идеялық қарсыластары болған қазақ азаматтары да шындықтан аттап кете алмаған. Кеңестік кезең тұсында Аханды жақтыра қоймағандардың бірі болған Сәбит Мұқанов 1932 жылы жарық көрген «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты оқулық-зерттеуіндегі Ахметке арналған тарауында шығармаларын сынап, ұлтшылдығын мінеп, біраз сілкілегенімен, тіл мәселесіне келгенде: «Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам – Ахмет. Ахметтің бұл еңбегі бағаланбай қалмақ емес» [5, 125], – деп, бұл тараптағы еңбектерін лажсыз мойындайды.

Ендеше, «Ахаң – қазақ тіл білімінің ана тілімізде зерттелуіне даңғыл жол ашып, туған тіліміздің теориялық тұрғыдан тұғырлы тұжырымдалуының негізін қалаушы, өзінен кейінгілерге жөн-жоба көрсетуші ғұлама ғалым», – деуге толық құқымыз бар.

Ахмет Байтұрсынұлының салқар санаткерлігіне тән бір сырлы құбылыс – шығармашылық. Бұл құбылыс – негізінен құбылмалы дүниенің дүбірін дәл мезгілінде аңғарып, оны жыр жолдарының мазмұнына жүк еткен поэзиядағы ізденіс жемісі. Ахаң – ел азаттығы жолындағы жалаң күрескер ғана емес, сол күрес идеясының әдебиетте көрініс табуының негізін қалап, азаттық сарынның дәстүрлік алтын арқауын жалғаған жалынды ақын, қарымды қаламгер де. Қалай болғанда да, алашшылдардағы азаттық идеяның тұғырнамасын жасаған – Ахаң шығармалары екендігі дау туғызбаса керек-ті. Ел азаттығы жолындағы күреске үндеудің кезеңі пісіп-жетілгенін жете түсінген Ахаң поэзияны санада сарытап болған азатшыл ойларының жүректен жұлқынып шығар рухты үніне айналдыра білді.

Алдымен, ол күдік пен қудалау құтырынып тұрған заманда көз алдаудың әрекетін жасап, тағылым-танымы ұлтының табиғатына етене жақын мысалды тәржімалап, қаламының қарымын бір байқатады. Ахаң тәржімасы тәлімдік түйіндерімен ғана емес, пернеленген ой астарындағы азаматтықты аспандатқан өзгеше сарынымен де өзіне тәнті етті. Орыстың атақты мысалшысы И.А.Крыловтан өз шығармашылығына өзек тартып, өрнек алған Ахаң мысалдан ұлт санасын оятар ділгір қажеттілік тауып, «алыстан сермеп, жақыннан тербеген» терең тәлімімен көзі қарақтының көкірек көзін ашты. Сондықтан да 1909 жылы Петербургте жарық көрген «Қырық мысал» атты алғашқы жинағын туған халқы төл туындыдай жатсынбай қабылдады.

В.Г.Белинский Крылов шығармашылығына арналған бір еңбегінде оның мысал жанрын дамытуға қосқан үлесін көрсете келіп, творчествосына тән өзіндік ерекшелігі туралы: «Тәрбиелік мәні басым мысалдарды сатираға айналдыра отырып, таза орыс мысалын жасады» [6, 155], – дейді. Ендеше, әрбір мысалшы өз творчествосында ежелден келе жатқан мысал үлгілерін «таза ұлттық» ете білгенде ғана және сол мысалдардағы пернелей айтылған ой жұрт жүрегін оята алғанда ғана, ұлттық танымға сай шығып, көркемдік биікке көтеріле алады. Осы тұрғыдан алғанда, көзі тірісінде үш рет жарық көрген «Қырық мысал» жинағындағы Ахаң мысалдарын төл туынды санауға әбден болады.

Мысал жанрын зерттеушілер «әлемдік әдебиет тәжірибесінде мысалдың ортақ 36 тақырыптық желісі бар» деп біледі. Әр ел мысалшылары сонау ертеде кезден-ақ бір-бірінің тың дүниелерін аударып, тақырып алмасып, ой бөлісіп дегендей, шығармашылық тұрғыдан тығыз бірлікте болған. Ежелгі Эзоптан бастау алатын бұл дәстүр содан бері жалғасын үзбей келе жатқаны – бұлтарпас шындық. Бірақ «қаншама тақырып тектес, тағылым үндес» десек те, қиыннан қисынын тауып, өзінің мәңгі өзгермес өрнегін салып кеткен туындыгерлер де аз емес. Мысал тарихында әр ел өз ақынын алға шығарғысы келген кездер де болған, бола береді де. Мәселен, сонау бір заманда француз Лемонтье жерлесі – Лафонтенді «ең ұлы мысалшы» деп танығысы келсе, ұлы Пушкин: «Бірде-бір француз Лафонтеннен ешкімді жоғары қоюға жүрегі дауламайды, бірақ, меніңше, біз Крыловты одан да жоғары қоя

аламыз. Бұл екеуі де өз елінің мәңгілік сүйіктісі болып қалады» [7, 20], – деп, орыс мысалшысын «ұлы мысалшы» деп таныған. Олай болса, әлемдік тәжірибеден тәлім алып, озық үлгідегі тәржіма жасаған, мысалға қазақ болмысын, қазақ рухын ұялата білген, сөйтіп, таза қазақы мысал туғызған Ахаңды неге ұлы мысалшылар санатына қоспасқа? Бұған кейбіреулер: «Ахмет өз жанынан мысал жазған емес, ол – жай ғана аудармашы ғой», – деуі мүмкін. Солайы – солай ғой. Бірақ әлгінде ғана сөз қылған Лафонтен де өз жанынан бірде-бір мысал шығармаған, бұрыннан бар нәрсені не аударып, не қайта жазып шыққан. Соған қарамастан француздар оны «ұлы мысалшы» деп біледі. И.А.Крылов 33 мысалының сюжетін Лафонтеннен алғанын мойындаған, яғни, «аударған» десе де болады. Осы Крыловтан орыс түгілі, өзіміз азырқанбаған «ұлы» сөзін Ахаңнан аяп қалғанымыз жөн болмас-ты.

Алғашында тәржіма арқылы ой жеткізудің жолын тапқан Ахаң енді төл туындыларын жарыққа шығаруға талпыныс жасай бастайды. Бұл іс аяқсыз қалмай, 1911 жылы Орынборда «Маса» атты төл өлеңдер жинағы шығады. Біздіңше, кітаптың «Маса» аталуында екі түрлі мағына бар. Олар масаның қарекетінен көрініс табады. Туған халқын отаршылдық құрсауынан құтқаруда ұлтын сүйген азамат ретінде ашық күрес жүргізуге патшалық Ресейдің құйтырқы саясаты жол бермегендіктен, ақын өз өлеңдеріне масаның ызыңы мен уытын қатар қосып, сол арқылы ұлт санасын оятуға үміт артты.

Отаршылдық қасіретін тартқан халқының жігерін жанудың не түрлі амал-тәсілдерін сын мен сынақтан өткізген Ахаң ұлтты ұйытар, ой-санаға серпіліс әкелер ең өтімді құрал өлеңқұмар қазақтың жанына жақын құдіретті поэзия екенін жақсы түсінген. Сол тұстағы ортаға тасталар ойдың түп қазығы – «Оян, қазақ!» деген ұранға айналған рухты сөз еді. Сол сөзді алғаш ту көтеріп, ұлы ұғымға айналдырған, «Аш көзіңді оянып!» деп, «Қырық мысал», «Маса» кітаптары арқылы елге салмақты ой тастаған – Ахаң болатын. «Қырық мысалда» бүкпелей жеткізілген көп жайлар «Масада» өзгеше өрнек тауып, ашық та анық айтылып, қоғамдық санаға ықпал етуге жаңаша жол ашты:

*Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Қамауда жаның,
Талауда малың,
Аш көзіңді оянып!*

Бұл – қазақ поэзиясына Ахаң әкелген өнегесі мол, өрісі кең өзгеше сарын. Оның жаңашылдығы өлеңнің өрнегінде емес, өзегінде. Жұрт көкірегіне қонақтар кесімді пікірді ашық айтып, шерлі жүрекке қасіреттен тұтанар үміт отын жаға білуінде. Ой жадағай айтылмай, өлеңдегі көркемдік пен бейнеліліктен ажарлана түсіп, санаға салар салмағын арттырып, жүректің тереңіне бойлап, көңілді түртіп оятар құдіретімен тәнті етеді. Расын айтқанда, Ахаң арқылы қазақ өлең өлкесіне азатшыл сарын келді. Ол жалғыз

келген жоқ, Міржақыптай арналы ағысты ала келді. Азатшыл сарынның арнасы Мағжанмен кеңіп, Берниязбен толықты.

Ұлы Ахаң азатшыл ойды қазақ жырына алғаш болып арқау етсе, елең еткізер өзгеше сарынның сырын алғашқы боп аңғарған – ұлы Мұхаң. Ахмет Байтұрсынұлын «қазақ зиялыларының шын мәніндегі көшбасшысы» деп білген Мұхтар Әуезов ұлы тұлғаны «рухани көсем» деп танып, сан қырлы саңлақ дарын атқарған іргелі істердің әр бағытына баға беріп, пікір білдіріп, інілік ілтипатын үнемі сездіріп отырған. Ахаң поэзиясының асыл қасиетін тап басып танып айтқан оның: «Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі – «Қырық мысал» болатын. Бұдан кейін Ахаңның атағы жайылып, елдің шын қамқоры екендігі екінші біріне мәлім бола бастаған. ...Әуелгі ниет қылған бетінен тайынбай, бұрынғыдан ащырақ, күштірек тілмен «Масаны» жазған. Қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұраны – «Маса» болатын» (Ақ жол. 1923, 4 ақпан), – деген тұжырымы жоғарғы ойымыздың дәлеліндей.

Қазақтың кешегі-бүгінгі өзге «көсемдерін» қайдам, ал енді Ахаңды үлкен-кіші, аға-іні түгел сыйлап, тіпті түпкі мақсаттары бірлік танытпайтын қарсыластарының өзі ол кісінің халқына деген адалдығына, ұлты алдындағы ар тазалығына қалтқысыз сеніп, қатты құрметтеген. Мәселен, Ахаңның идеялық қарсыласы болып табылатын Сәкен Сейфуллин қашан да туралыққа жүгініп, тіліп айтар қасиетін танытып, ұстаздың 50-ге толған мерейтойында шындықтың жүзіне тура қараған-ды. Әділетті жүректен шыққан сондағы сөздің сығындысы мынау: «Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында – жалғыз-ақ Ахмет еді. ...Өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм иманын сатып жүргенде Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін ұлтшыл» (Еңбекші қазақ. 1923, 31 қаңтар). Қашан да қасиетті сөз өнеріне деген адалдығын сақтай білген Сәкен Ахметтің азаматтық тұлғасын асқақтата отырып, ақындық құдіретін бір мысқал да кемітпеген, оған «Қызыл сұңқардың» мына сөздері куә: «Надандықпен күресіп, патша үкіметінің әділетсіз үкім-зорлығымен күресіп, «Крылов» деген орыс жазушысының 40 мысалын қазақ тіліне аударды. Ол 40 мысалдың әрқайсысына сол патша заманының әділсіз тұрмысынан алып, қазаққа патша үкіметінің істейтін жәбірлігін айтып, өзінен мысалдар келтірді. Қазақ халқының арын, намысын жоқтап, «Маса» есімді өлең кітаптарын жазып шығарды». Сәкен де Ахмет поэзиясындағы азаттық күреске үндеген ұлы сарынды құлақпен ғана ұқпай, жүрекке сіңіре алған.

Ахмет Байтұрсынұлы ақындығына тән бір сипат ол өз поэзиясы арқылы ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіне ел азаттығы жолындағы күрескер қаһарман бейнесін әкелді. Оның «Досыма хат» өлеңіндегі:

Қырағы қия жазбас сұңқарым-ай!

Қажымас қашық жолға тұлпарым-ай!

*Үйлген өлексені өрге сүйреп,
Шығармақ қыр басына іңкәрім-ай!*

деген жолдардағы «сұңқар», «тұлпарға» теңелгендер – бостандық пен тәуелсіздіктің жоқшысы, қиын-қыстау күндерде мақсат пен тілек біріктірген серіктестердің қайраткерлік тұлғасының бедерлі бейнесі еді. Ол қазақ поэзиясының өзегіне күрескерлік рух сеуіп, өн бойына азаттық сарынның дәнегін екті. Осы бір азатшыл идеяны бүкіл творчествосына желі етіп тартты.

Ұлы ұстаздың туған халқына істеген қызметінің үлкен бір арнасы – қазақ баспасөзін қалыптастыру. Ол өзі аяғынан қаз тұрғызған қазақтың тұңғыш бейресми «Қазақ» газеті арқылы ұлттық баспасөздің негізін қалады. «Қазақ» газеті – алғашқы шынайы жалпыұлттық саяси-қоғамдық газет болды. Өз кезінде газет бүкіл қазақ қоғамына қатысты мәселелерге ой жіберіп, өзіндік көзқарасын, беттүзер бағыт-бағдарын үнемі білдіріп отырды. Бұл басылым қазақ зиялыларының саяси орталығы ретінде барлық саяси-әлеуметтік іс-әрекеттердің ұйымдастырушысы да бола білді.

1913 жылдың 2 ақпанынан 1918 жылдың қыргүйек айының басына дейін бес жыл бойы шығып тұрып, өзіне дейінгі қазақ баспасөзі тарихында ең ұзақ ғұмыр сүрген «Қазақ» ұлт тарихының қилы-қилы кезеңдерінде ел-жұртына көз-құлақ болып, жолбасшылық танытты. Әсіресе, 1916 жылы қазақ халқының басына қасірет бұлты үйірілген тұста қан жылаған қазақ баласының қамын ойлаған, қасіреттің бетін бұру жолында аянбай күрескен 5 млн қазаққа тиеселі жалғыз баспасөз көзі – осы еді.

Әрине, газеттің жеткен жетістігі бас жазушысы Ахмет Байтұрсынұлы басшылығына тікелей байланысты. Оның басылымның бас жазушысы ретінде газет жұмысын ұйымдастыруы мен келелі мәселелерді көтеруге жол ашатын озат ойды алға тартқан, дәуір тынысын сезе білген мазмұнды мақалалары өзгелерге үнемі жол-жоба көрсетіп отырды. Осы мақалалары арқылы ол әдебиетші, сыншы, көсемсөзші ғана емес, аса көрнекті саяси қайраткер ретінде де танылды. Сондықтан да «Қазақ» газетінің ұстанған бағыты, жүргізген күресі Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тікелей байланысты.

Қазақ зиялыларының арманы – замана ағымын жіті бағдарлап, оянған сананың іс-қимылын жөнге салып отырар орталыққа айналар басылым шығару болатын. Осы мақсатты жүзеге асырған ұлт көсемі – Ахмет Байтұрсынұлы. Өз керегін «Қазақтан» тапқан қалың жұрттың еңсесі соған қарай бұрылды. Бұған газеттің өз кезіндегі таралымының 8 мыңға жетуі – басты дәлел. Әрине, «Қазаққа» дейінгі басылымдардың қызметін, әсіресе, «Айқап» журналының елге сіңірген еңбегін жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен де «нағыз қазақ баспасөзінің ұлттық бет-бедері «Қазақ» газетінен басталады», – десек, артық айтқандық емес. Мұның өзіндік себептері бар. Біріншіден, Аханның арқасында таза қазақ тілінде шыққан, қазақ әдеби тілінің қалыптасуына ұлан-ғайыр үлес қосқан – «Қазақ». Екіншіден, бас жазушысының ұстанымына сай ұлт тәуелсіздігінің саяси платформасын қалыптастырған – «Қазақ». Үшіншіден, қазақ руханиятының жан-жақты өркен жаюының кең көлемдегі кешенді бағдарын болашаққа аманат еткен –

«Қазақ». Осы үш таған бірлік – «Қазақ» газетінің ұлттық болмыс-бітімінің және оның бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлының ұлтын сүйген азаматтығының нақты көрінісі болып табылады. Ендеше, Ахаң ақ жол тілеп ашқан «Қазақ» газеті қазақ баспасөзінің мәңгілік көшбасшысы болып қала бермек.

Ахмет Байтұрсынұлы – шыншыл шығармашылық еңбектің иесі ғана емес, сөз құдіретінің құпиясына үңіліп, тылсым сырын ашқан, «әдебиет» атты асыл өнердің болмысына бойлай білген ғұлама. Алғашында ауыз әдебиетінің жауһар жәдігерлерін жинастырып, олар туралы тұщымды мақалалар жариялаған Ахаң кейіннен жалпы қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу негізін қалаған ең көрнекті әдебиет зерттеушісіне айналды. Ғалымның сонау 1913 жылы жазған ұлы Абай туралы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы шын мәніндегі абайтанудың негізін қалаған еңбек болып табылады. Ахметке дейін Кәкітай, Әлихандардың жазғандары бар екені рас, бірақ оларда Абай туралы жұртты хабардар ету, ақын өмірін баяндау мақсаты басым түсіп жатады. Ал Абай ақындығы алғаш рет Ахмет мақаласында жан-жақты талданып, толыққанды ашылғанын мойындауымыз керек. «Ондағы таза талғам, айшықты талдау, терең таным абайтанудың әліппесін ашты» десек болғандай. Кейінгі Мұхтар даналықпен жалғастырып, қазақ әдебиеттану ғылымындағы жеке салаға айналдырған Абай ақындығын танып-білу Ахаңнан бастау алады. Оның кешеден бүгінге, бүгіннен ертеңге желісін үзбей жалғаса береріне біздің сеніміміз мол.

Ахмет Байтұрсынұлының әдебиет зерттеу ғылымына қосқан аса зор еңбегі – атақты «Әдебиет танытқыш». Бұл – енді жалпы қазақ әдебиеттану ғылымының бастау көзіне саналатын сындарлы дүние. Мойындайық-мойындамайық, бүкіл әдебиетшілер осы 1926 жылы Ташкентте жарық көрген «Әдебиет танытқыштың» шекпенінен шықты. Білсе де білмегендей болып, «ана кезеңде» ондағы ой-тұжырымдарды, теориялық ұғым-қағидаларды өз еңбектерінде еркінше пайдаланғандар да дүниеден өтіп кетті. Олардың кейбірінің болған істі мойындауға мүмкіндіктері болмады, ал мүмкіндігі болғандары жақ ашпастан үнсіз кетті. Себебі – дәлелі қиын нәрсе болғандықтан, білінбей кетеріне нық сенімді еді. Жә, бұны олардың өз арына қалдырайық та, «Әдебиет танытқышқа» қайта оралайық. Тағы да қайталап айтамыз: «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттануының негізі. Өйткені ол – әдебиет тарихын, әдебиет әдістемесін, әдебиет әдіс-тәсілін, әдебиет ұғым-терминдерін, әдеби жанрлар жүйесін түгел түзген күрделі тарихи-теориялық зерттеу.

Ахаң осы еңбегінде асыл сөз – әдебиеттің басты қасиетін тап басқан «Сөз өнері» ұғымын тұңғыш ғылыми айналымға енгізді. Бұл ұғымның әдебиеттің әсемдік әлемін танып-білудегі атқарған қызметін айтып жеткізу қиын. Ғалым бұл ұғымды айналымға әдебиеттің өзге өнер түрлерінен артықшылығы мен ұлылығының айырымы үшін енгізген: «... Өнердің бәрінің де қызметін шама-қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай

әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп, сүгірттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [3,165]. Бұл тұжырым нақтылығымен құнды.

Әдебиеттану саласы бойынша алғашқы болып жарық көрген бұл кітап – тұңғыш тәжірибе екендігіне қарамастан, ғылыми тұрғыдағы терең сипатта, кең көлемде жазылған жүйелі еңбек. Ұлы әдебиеттанушының осыдан 79 жыл бұрынғы сөз өнері жайлы айтқан ой-пікірлері, ғылыми тұжырымдары, әдеби терминдер қалыптастырудағы ізденістері көп жағдайда бүгінгі күн сұранымдарына да жауап беріп жатуы эстетикалық таным-білік биіктігін танытса керек. Сөзді көп созбай, тоқетерін айтқанда, «Әдебиет танытқыш»-қазақ әдебиеттану ғылымының атасына саналар асыл мұра.

Біз жоғарыда қазақ халқының рухани көсеміне айналған Ахмет Байтұрсынұлындай алаш ардағының ұлт үшін еткен ұшан-теңіз еңбегін жалпылай шолып өттік. Мақсат – Ахаң болмысының бір қырына ғана назар аударып қоймай, түгел алып, тұтас қамтып көрсету болды.

Енді оларды жинақтай келіп, санамалай айтар болсақ, «Ахмет Байтұрсынұлы – кім?» деген сұраққа былайша жауап берілген болар еді. Біріншіден, қазақ тілінің әліппесі мен оқулықтарын жазып, білім беруді жолға қоя білген шын мәніндегі алғашқы ағартушы. Екіншіден, араб графикасына негізделген қазақ алфавитін жасап, оқыту әдістемесін түбегейлі түрде жетілдірген ұлттың ұлы ұстазы. Үшіншіден, қазақ тілі мен әдебиетін ғылыми тұрғыда зерттеп, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының негізін қалаушы дана филолог-ғалым. Төртіншіден, тәлімі терең тәржімашы. Бесіншіден, өлең сөзге ой ұйытқан, ойшыл ақын. Алтыншыдан, тұңғыш бейресми «Қазақ» атты газет шығарып, қазақ баспасөзін көркейткен көсемсөздің көшбасшысы. Жетіншіден, ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі жолында жан аямай күрескен қайраткер, кемеңгер көсем. Міне, осынау қасиетті жеті бірліктен тұратын Ахмет болмысы бір кездегі Әуезов айтқан «рухани көсемдіктің», яғни, ұлтқа рухани көсемдігінің терең тамырлы, діңінің беріктігінің дәлеліндей.

Ұлылыққа тән бар қасиетті бойына ұялатқан асыл арыс екі ғасыр тоғысындағы алмағайып заманда елінің елдігі, туған халқының теңдігі үшін отаршылдыққа қасқайып қарсы тұрған қажырлы қайратымен ұрпақ жадында мәңгі қалары сөзсіз. Ахмет Байтұрсынұлы – тек күрескер тұлға ғана емес, замананың алмағайып шақтарын көркемдік танымға арқау етіп, оны шынайы шыншылдықпен суреттеген, сөйтіп, сол арқылы ертеңгі ел тәуелсіздігіне үмітпен қарауға үндей білген, парасатты ойлары арқылы болашаққа жол сілтеген дара дарын, қарымды қалам иесі.

Ендеше, баба тарихтың ұлы көш-керуенін болашаққа бет түзеткен қазақ өткеніне салауат айтып, бүгінгіне қанағат етіп, ертеңіне нық сеніммен қарай бастаған тұста Ахаң есімі ұлтының рухани игілігіне айналар ұлы ойларының өміршендігімен халқын ғасырдан ғасырға жаңылдырмай жетелер ұлы рухқа айналары сөзсіз.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. - Алматы: Қазақстан, 1996.
2. Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының еңбектері. - Орынбор, 1922.
3. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. - 1-том. - Алматы, 2004.
4. Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). - ІҮ том. - Алматы, Ғылым, 1982.
5. Мұқанұлы С. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. - І бөлім (ұлтшылдық, байшылдық дәуірі). - Қызылорда: Қазақстан, 1932.
6. Белинский В. Г. Шығармаларының толық жинағы. - ІҮ том. - М., 1955.
7. Пушкин А. С. Шығармаларының толық жинағы. - Ү том. - М., 1954.

Алаш ғылымы және тәуелсіздік

Ісімақова А.

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

Аңдатпа: Алаш ардақтыларының жеке өмірлеріндегі белгілі оқиғалар ұлтқа қызмет етуге бағындырылған. Бүгінгі тәуелсіз кездегі ғылым алаш ғалымдарының еңбектеріндегі Қазақ елінің мүддесін, ұлттың тілі, діні, ділін қорғайтын текті ойларды өзіне қажет етуі де осындайдан. Бұл мақалада «Отанды сүйу – иманнан» ұстанымын алға тартқан Алаш зиялыларының ел үшін еңбектері сөз етіледі.

Түйін сөздер: Алаш рухы, Алаш дүниетанымы, Алаш қайраткерлері, әдебиет, саяси элита.

Summary: Certain events in the personal life of Alash Allies are dedicated to serving the nation. This is the reason why today's independent scientists need self-interest to defend the interests of the Kazakh people in their works, the national language, religion and mentality. This article deals with the works of Alash intelligentsia, who promoted the position "Love the homeland - the faith".

Key words: Alash spirit, Alash worldview, Alash figures, literature, political elite.

«Отанды сүйу – иманнан» ұстанымын алға тартқан Алаш зиялылары осыдан 100 жыл бұрын қандай істің басынан көрінді? Қазақ елінің біртуар перзенттері, ұлт азаттық қозғалысының басшылары, «Алаш» партиясының, «Алашорда» ұлттық кеңесінің, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушылар, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің ғылыми және көркемдік мұрасы ата-баба аманатын абыроймен атқарып кеткендігінің дәлелі.

Алаштың саяси элитасы – Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, С.Сәдуақасұлы, М.Шоқай, Қ.Кемеңгерұлы, Х.Досмұхамедұлы т.б. Отанға адал қызмет етуді ұлт мүддесімен ұштастырды. Алаш ардақтыларының жеке өмірлеріндегі белгілі оқиғалар ұлтқа қызмет етуге бағындырылған. Бүгінгі тәуелсіз кездегі ғылым алаш

ғалымдарының еңбектеріндегі Қазақ елінің мүддесін, ұлттың тілі, діні, ділін қорғайтын текті ойларды өзіне қажет етуі де осындайдан.

Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Жүсіпбек Аймауытұлы 1931 жылы, Смағұл Сәдуақас 1933 жылы ең бірінші болып ату жазасасына кесілген еді. Айдауда жүрген «Оян, қазақ!» авторы М.Дулатұлы 50-ге бір ай қалғанда Ақтеңіздегі Сосновецк мекенінде науқастан қайтыс болған. Осыншама қысқа ғұмырында бізге үлгі боларлық шаһидтік істердің басынан табылды. Аталған зиялылардың өмірі 1937-1938 жылмен тәмамдалады. Заманның өздерінің істеріне қауіпті екенін білген алаш зиялылары өз ұлтына қызмет етіп, қазақ мемлекеттігінің өз алдына тәуелсіз болып қалыптасуын аңсап өтті. Қазақтың тілін, дінін, ділін қорғауды олар басты саяси, азаматтық, ғылыми мақсат етіп алға қойды.

Воронский, Плеханов, Троцкий, ВАПП пікірлерімен жете таныс болған Жүсіпбек Аймауытұлы – ХХ ғасырдың 20-30-жылдардағы Ресейдің саяси және ғылыми элитасы мойындаған жазушы. ХХ ғасыр басында Мәскеудегі Л.Н.Толстой бастаған жазушыларымен араласқан Жүсіпбек Аймауытұлы небәрі 41 жасында ату жазасына ұшыраған.

Максим Горький, Мопассан, Джек Лондон, Тагорды аударған жазушының «Дәмелі (Тамила)» романы күні бүгін табылған жоқ. Ең алғашқы әңгімелері мен повестерінен бастап «Ақбілек», «Қартқожа» романдарында жазушы ұлт-азаттық қозғалыстың қазақ жерінде қалай болғаны, Ресейдегі төңкерістің қандай қасіретпен келгені бейнеленген. «Ақбілекте» 1905-1917 жылдары Ресейден қашқан ақтар мен қызылдардың қазақ даласын «көмірдей басып өткен ақтардың» қалай таптап өткені Ақбілектің тағдыры арқылы суреттелген. «Қартқожа» романында ауылдан шыққан қазақ баласының есеюі арқылы 1916 жылғы қозғалысқа себеп болған саяси-әлеуметтік оқиғалар әшкереленген. Жазушы Ақбілек пен Қарқожа бейнелері арқылы қазақ жеріне совет үкіметі «найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен келгенін» осылай бізге аманаттап кеткен.

Жүсіпбек Аймауытұлының осымен қатар әдеби мақалаларындағы және «Әзірет сұлтан» (Қожа Ахмет Ясауи) зерттеуіндегі тарихи мағлұматтар мен ұлттық идеяны ұстанған деректердің мәні зор. Бұл зерттеуде тұңғыш рет Әзірет сұлтан мешітінің салыну тарихы, оны кімдер іске асырғаны, қай жылы қандай жөндеу жұмыстары болғаны, мешіт кешенінің күмбезі, іші-сырты, жертөлесі мен әр кірпішіне дейін нақты мағлұматтар берілген. Бұл зерттеуде оқырман мешіттің ішінде автормен қатар жүргендей әсер алады.

«Төрдегі есіктің маңдайындағы көкала шыны жазуда осы мешітті салдыру «Әмір-Темір құрқанның» (Ақсақ Темір) аты да тұр» деген тарихи дерек те аса құнды. Зерттеуде тұңғыш рет мешіттегі тайқазанның биіктігі, көлемі анықталған: «Шырақшылар: «Бұл қазанда бір заманда су тұрушы еді. Мынау шүмектерден ағызып алып ішуші еді...», – дейді Ақсақ Темір тұсында. Әзірет Сұлтанның қабірі былай суреттелген: «Есік аузында, төбеде, абажадай жез қандыл ілулі тұр. Бөлек-бөлек сүйек оюдан құрап, жыпырлата нақыштаған, нақышына ми жетпестей ғажап есіктің құлпын ашқанда,

алдыңда биігірек жерде есікке мінбелеп, қызылды-жасылды шүберек жапқан. Кісі бойындай жота қабір тұр. Бұл – Өзіреттің раузасы (көрі)... Қабір қасындағы бір тамаша қылатын нәрсе – үлкен жез шамдал. Шамдалды жақын әкеп көрсетті. Оған орнататын шам телгірам ағашына таяу болу керек. «Нақышы, шимайы, зорлығы дүниеде жоқ», – деседі. Боранбоздың бір әлімі: «Жүз мың сомға алар едім», – депті-мыс. Расында, ондай қымбат шамдал еш музейде жоқ», – деп, мешітті түзетіп жатқан шебер (архитектор) де айтты. Мұндай шамдал екеу екен. Бірін ұрлап кетіпті» [1, 271].

Келесі мағлұмат та тарихи құнды: «Одан шығып, оң жақтағы кішкене есіктің бірінен кірсеңіз, пеш сынды қыш үстінде жыбырлаған арқардың мүйізі (зиратшылардың байлаған әлемі). Ар жағындағы кішкене ағаш шарбақта Арыстан ханның тікше сандықтай қабір тасы тұр. Одан әрі айналсаңыз, тағы бір кішірек үйге кіресіз. Қабырғалары ойдым-ойдым (ышқапша). Бұл жай бір заманда кітапхана болып, 30 мыңдай кітап сақталған екен. Бұл күнде бірі қалмапты» [1, 274].

Бұл мәтінде бүгінгі өзгертілген мешіттің бұрынғы, атам заманнан өзгертілмей сақталған қалпын көреміз. Бұл мақала осымен құнды. «Абылайдың көк тасы» деген мәселе де анықталған: «Жағаласақ, камерада Абылайдың көк тасы жатыр. Ұзындығы кісі бойындай. Биіктігі орындықтай. Мінсіз төрт қырлы көк ала мәрүәр мұздай жылтыр, айнадай тегіс, шимайша ойып келтірген олпы-солпысыз, үшкір сұлу жазулары жалап қойғандай мүлтіксіз. Ағы мен көгі қара ала батсайыдай аралас таңдайланған, айқасқан. Алаң шындала құлпырған кек мәрүар айта қалғандай сұлу екен. Айналақтап кете алмадық. Әлде Абылайдың шын аты со ма, әлде жұрт адасып жүр ме, әйтеуір, тастағы жазу «Абулқайыр» болса керек» [1, 275].

Жазушы осы ретте нақты мәліметті бере кетеді: «Со сияқты төбесінде тұрып жерге, жерден төбесіне қарап, сатымызды санап: «Осы мешіт жүз кез барсың-ау», – деп едік. Шама – шама-ақ екен, архитектордың айтуы: 141 кез боп шықты. 41 кездей ғана қателесіппіз. Ұзындығы 60, көлденеңі 45 кездей екен: «зорлығы, айбыны, жаттығы, сұлулығы дүниежүзінде бірінші мешіт» деп саналады екен». Мешіт қалай салынғаны туралы да мәлімет берілген: «Архитектордың шамалауы: мешіт бір метрге төмен (3/4) шөккен.

Келесі мағлұмат та аса құнды: «Өзірет мешітінің асты, төңірегі – толған адам сүйегі», – дейді. Жақында аршыған құдықтан 13 адамның сүйегі шыққан».

XX ғасыр басындағы мешітті Ленинградтан келген «Бошнинский» деген архитектор істеп жатқан шаралар ғимаратты түзетуге арналғаны мәлімденген: «Атақты жандарм Черняев та осы мешіттің әр жеріне тіреу салдырып, мұнараларын сылатқан. Черняевтің мақсұты: «Мұсылман жұртына жақсыатты көріну, елді баурау, тыныштандыру... Кеңес өкіметі... мәдениетшіл, өршіл үкімет болғандықтан, кейінгілерге үлгі ескерткіш болсын деп, ескі мұраны түзеттіріп отыр», – делінген.

Мақала көркем тілмен жазылған, танымдық мағлұматы зор. Кейінгі заманда да бұл ғимараттың басына түскен оқиғалар былай берілген: «Қоқан

хандары мешіт төңірегіне қыштан биік қорған соқтырған. Мылтық ататын тесіктері әлі де бар. Орыс қолы астына қараған заманда қорған ішіне солдат жататын казарма салынған. «Мешіт құлап, казарманы басып қалады», – деп, жергілікті үкімет 1870 жылы мешітті құлатуға қаулы шығарады. Бірақ ол қаулыны Ташкен жандаралы бекітпей, мешіт аман қалған. Міне, жұрттың қырдан, сырдан зиратқа ағылатын, пәлен мың шақырымнан өлігін жаяу көтеріп келетін, жарым «Мекке» деп көретін Әзірет Сұлтанның тарихы, мешіті, қабірі – осы сияқты» [1, 275].

Мағжан Жұмабаев – замандастары сияқты ақындық, жазушылығымен қатар әдебиетті таныту ісі мен ғылымды көркейтуге үлес қосқан ғалым. Әдебиеттанулық еңбектері: «Ақан сері», «Бернияз Күлеев», «Базар жырау», «Әбубәкір ақсақал Диваев». 1922 жылы Орынборда жарық көрген «Педагогика» кітабында әдебиеттің қоғамдағы орны ғана емес, оның адамның қалыптасуына әсер ете алатыны, ұлттық дәстүр мен ұлт тілі, діні, ділінің ұстанымымен қатар ұлт-азаттық идеясы басты мақсат ретінде айқындалған.

Мағжан қазақ әдебиеті – қазақ тарихының асыл сөз екенін аңғартып қана қоймай, оның ерекше міндетін де атап берген: «Қазақтың шын ақыны ешбір уақытта аты мықтыны мақтаған емес. «Байтаққа пана болған» мықтыны мақтаған». «...Құдай ұрғандарының шенді шекпенге қарық болып, жалпақ елдің «аузы түкті гәуір, жеті басты ауыр», – деп қан жылап жүрген кез ғой. Сол кезде кешегі көкжал Кененің ер ұлы Сыздық «елім» деп жортып жүріп, шөмекей ішіне барса керек. Сонда «Сыздық бастаса, гәуірден құтыламыз!» – деп, жалпақ елмен бірге Базар жырау да қуанғанға ұқсайды».

Осылай, Алаш әдебиеттанушысы ақын сөзінен қазақ тарихын анықтап қана қоймай: «Заманның келбеті, назы, өкпесі әдебиетте осылай бейнеленді», – деп анықтап берген. Сыздықтың «Қияда жүріп қажуы», «жолбарыстай ыңыранғанын» жырлаған Базар жырау сөздері осылай әдебиет тарихында нақышталған. Ол туралы Алаш әдебиетшісі былай деген: «...Оның жалынды жастығы болған. Оның да іздеген бағыты болған. Жете алмаған, қажыған, Жеңдім деген, алданған... Осыларды жырлайды Базар. Бірақ шерлі елдің шын баласы ғой – Базар».

Алаш тұлғалары басқа біреулер сияқты совет заманына ыңғайланбады. Әлихан Бөкейханнан басқасы «Алаш» партиясының шешімімен совет үкіметіне қызмет етуден бас тартпады, бірақ осы істі ұлттық мүддені, оның ғылымы мен білімін қорғауға пайдаланды. Тар жол, тайғақ заманда олар қазақтың ата-бабадан қалған дінін, ана тілін, ұлт тарихын жазып, ғылымын қалыптастырып береді. Сондықтан Алаш ғалымдарын «Отаны үшін құрбандыққа саналы түрде барған шаһидтер» деп санау қажет.

Ә.Бөкейханның «Абай Құнанбаев», «Қарақыпшақ Қобыланды», «Женщина по киргизской былине Кобланды», «Батыр Бекет», «Мырза Едіге», «Роман бәйгесі», «Роман деген не?», «Ән өлең және оның құралы», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Аңқау елге арамза молда»,

«Қозы Көрпеш-Баян», «Ер Тарғын» атты зерттеулерінің негізінде ғалымның ұлт тарихы мен басты құндылықтары айқындалған.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Әлихан Бөкейхан Мәскеуден шыққан «23 жоқтау», «Ер Сайын» – сол кездегі қазақ тарихын, ұлт-азаттығын қорғаған басты қаһармандарын жоқтауы еді. Ахмет Байтұрсынұлының «Мәдениет тарихы» мен «Әдебиет танытқыштың» «Нұсқаулық» атты II кітабының тағдыры әлі белгісіз.

Ресей Мемлекеттік думасының мұсылмандық фракциясын басқарған Санкт-Петербург массондар қоғамының мүшесі – Әлихан Бөкейхан. «Мұсылман сиезі» (1914) атты он бір мақалаларында Петербургте өткен мұсылман сиезіне (1914, 6-10.XII) қатысты сол кездегі дін мәселелерін ұлттық идеяны насихаттау үшін пайдаланған: «Бауырым Дінше!» (Дінше Әбілұлына 23.07. 1923) деп басталатын хатында Ә.Бөкейхан былай деген: «Хатыңды алдым. Қуанып қалдым. «Шолпанға», «Темірқазыққа» неге мақала жазбайсың? Сендей білімі бар жазбаса, кім жазады? Не балаларға сабақ беріп, не журналға, газетке мақала жазып, Алашқа қызмет қылмасақ, не қазақ тілінде кітап жазбасақ, өзге жол бізге бөгеулі ғой! Ғалихан» [2, 398]. Бұл – Алаш ғалымының замандастарына және өзіне таңдап алуға мәжбүр болған азаматтық ұстанымы еді. Олай болса, білімін мұсылман Алаш ғалымдарының ғылыми мұрасын олар аңсаған Тәуелсіздік кезде пайдалана білейік.

Әлихан Бөкейханның «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және мәдени өркені» («Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи», 1903) атты зерттеуінің орны ерекше. Мұнда қазақ жерінің мың жылдық тарихы, мекендеген рулардың, асыл ерлердің қалдырған заттық, рухани ескерткіштері, сәулет өнері зерттелген. Ә.Бөкейхан – қазақ сөзінің қалай шыққандығы жөніндегі аңызды келтіріп, «қырғыз» деп орыстар таңған атаудың қате екенін дәлелдеп берген тұңғыш тарихшы. Сонымен қатар Ә.Бөкейхан – Кенесары хан қозғалысы туралы тұңғыш зерттеудің авторы. Әлихан Бөкейханның «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» атты зерттеуі – аталған көтеріліске «Ұлт-азаттық қозғалыс» деп тарихи баға берген тұңғыш ғылыми еңбек. Тақырыптың атауы да [3] тегін емес. Демек, басылым – бір адамның ғана пікірі емес, ғылыми алқалы қауымның қолынан шыққан тарихи негізі бар зерттеу.

К.Степняк (Ә.Б. псевдонимі) атынан берілген өлең жолдары орыс тілді қауымға Кенесарының кім болғанын таныту үшін жазылғаны айқын: «За годом год хромали годы, Прошло их много с той поры. Как вольный сын степной свободы, Казнен батыр Кенесары. Но дух его бунтарской воли, Его борьбы кровавый след. Был маяком киргизской голи, До дней свободы, дней побед» [3, 79].

Алғы сөзінде автор Кенесарының ұлт-азаттық күресі қазақтың басын біріктіру үшін Ресей отарлауына қарсы бағытталғанын ашық айтады. Зерттеудегі негізгі ақпарат Әлібеков Қалығұлдың аузынан жазып алынғаны, оның 1845-1846 жылдары соғысқа тікелей қатысқаны, бұл жайды әңгімелеп бергенде, жасы 85-те екені келтірілген. Және бұл оқиғалар туралы Ахмет

Кенесарыұлының да мәлім болғаны айтылған. «Бұл тарихи қозғалыстың негізін зерттеу – тарихшылардың ісі, – деп, автор тарихшыларға үлкен міндет жүктейді.

Осы алғы сөзде Кенесары ханның қозғалысына тарихи баға берілген: «Различные труды по истории Туркестана уделили слишком мало внимания такой крупной величине, каким является истинный сын степей Султан Кенесары Касымов. Истории Туркестана только вскольз упоминают о Султане Кенесары Касымове, причем некоторые из них видят в нем стремление добиться ханского достоинства. В личности Кенесары Касымова, по-моему, правильнее было бы видеть просто проявление протеста свободолюбивого степняка, стремящегося всеми средствами достичь объединения для борьбы с захватными действиями русского правительства» [4, 80]. Тарихи деректің кімнің аузынан, қашан жазылып алғаны да нақты көрсетілген «15.07.1847 ж. Омск» [3, 83].

Әлібековтің айтуы бойынша, Кенесарының қырғыздармен болған соғысы туралы, Майтөбе шайқасында Кенесарының шегінуге мәжбүр болуы, ханның мылтығын олжа ретінде манап Қарабековтің иеленуі сынды тарихи нақты оқиғалар қамтылған. Бұл мылтықтың Ресей әскері Бішкекке келгенге дейін сонда болғаны, кейін тарихи ескерткіш ретінде Колпаковскийге сыйға тартылғаны, бүкілресейлік көрмеде бұл мылтық дала генерал-губернаторының заты ретінде көрсетілгені, Кенесарының қырғыздардың қолына қалай түскені, қырғыздардың тұтқынмен арадағы болған сөздері мен істері толық мазмұндалып берілген. Манап Таштамбековтің мәйітке жасаған зұлымдығы тұңғыш рет қырғыздың баяндауы бойынша жария етілген [4, 82]. Жантай Қарабековтің үйсін руының жетекшілері – Сыпатай мен Рүстемнің ақылын алып, сұлтан Кенесарының басын орыстарға сыйға беру туралы шешім қабылдағаны да осында келтірілген. Генерал Горчаков бұл іс үшін қырғыздарға сый тартқан: Қарабеков басты жүлдеге ие болған. Оның өкілі – Қалығұл Әлібеков Ресей өкіметі атынан Горчаков қолынан мятежник Кенесары Қасымовқа қарсы шыққаны үшін күміс медаль алған. Осы дерекпен еңбек тамамдалған.

Орыс тілінде жазылған түпнұсқадан үзінділер келтіруді жөн деп санадық: «Около недели Султан Кенесары Касымов содержался пленником в юрте киргиза Джолба. Наконец, был собран совет манапов. На совете решили отдать Султана Кенесары Касымова в полное распоряжение манапу Ходжамбеку Таштанбекову, у которого в боях с Кенесары Касымовым было убито два брата». Оның Кене ханға жасаған зұлымдығын бұл ретте аттап өтуді жөн санамадық. «Так кончилась жизнь Султана Кенесары Касымова, но голове его суждено было еще поскитаться по свету». Кене ханның бас сүйегі күні бүгін табылмағаны мәлім. Осы ретте қазақтың ру басылары Сыпатай мен Рүстемнің Кене ханның бас сүйегіне қатысты ақыл бергендері айтылған: «Они посоветовали переслать голову Султана Кенесары Касымова русским, прося у них взамен манапа Тюрегелды. Манап Карабеков последовал данному совету, выслал голову Рустему и Сыпатаю для передачи ее русским.

обещаясь, в случае успеха, дать еще каждую кость Тюрегелды по пленному Кенесары Касымововцу». Төрегелдіні Кенесарының кегін алуға келген Қапал уезінің қазақтары ұстап әкеткен еді.

«Генерал-губернатор, князь Горчаков Кенехан өлімін естіген соң бұл істің басында болғандарға сый тағайындайды: «При роздаче наград князь Горчаков захотел узнать: кто, собственно говоря, из манапов является главным виновником поимки султана Кенесары Касимова. Прибывшие завели спор. Разобраться было трудно. Представитель Карабекова Калигул Алибеков, дабы покончить спор, предложил каждому из спорящих рассказать, что проделано с головой султана Кенесары Касимова во время казни... Алибеков сообщил подробности смерти султана Кенесары Касимова. При осмотре головы слова Алибекова оправдались, и это послужило доказательством того, что главным победителем сочли манапа Карабекова» [3, 83].

Бүгінгі тәуелсіз Қазақ елі қазақтың ханы – Кенесары Қасымұлының бас сүйегін әлі іздеумен келеді. Отаны үшін жанын пайда еткен, «Отанды сүйу – иманнан» ұранын іске асырған мұсылман Кене ханның мәйітін өзі қорғаған Отанына қайтару – бүгінгі елдігімізге сын. «Аллаһ» пен «Мұхаммед с.а.с» сөздері жазылған бұл ұлт-азаттық қозғалыстың тууы – Кенехан ісінің оң екенінің дәлелі.

Қазақ тарихындағы маңызды ақпараттардың бірі осы екені де айқын. «Тарих ғылымы қалай, кімнің қолында кетеді?» деген оймен Әлихан Бөкейхан өзі естіген мәліметтерді бүгінгі ұрпақ үшін жазып қалдырған. Бұл – азаматтық, ғалымдық парызын алға тартқан ердің еңбегі екенін біз ескеруіміз керек. Зерттеуші өз тарапынан ештеңе қоспаған. Оның бұл оқиғаға берген бағасы алғы сөзінде тұр. Қалай болғанда да, «бір кезде тарихшылар қажет етеді-ау» деген ниетпен жазылғаны анық. Екіншіден, қазақтың соңғы ханы – Кенесары не үшін, кім үшін соғысқаны, ұлты үшін құрбандыққа ұшырағаны, қандай жауыздыққа кезіккені тарихи мәлімет ретінде анықталып берілген. Ғалым қырғыз баяндаушының ғана сөзін берген, оның сөзі автордан бөлектеніп тұр, себебі бұл – ғылыми дерек.

Міржақып Дулатұлының «Хан Абылай», («Айқап», 1912, № 12) «Қазақтың тарихы» («Қазақ», 1913, № 7; «Қазақ», 1913, № 3; «Қазақ», 22 март 1913, № 7) атты еңбектерінің ғылыми мәні зор. Асыл сөзде бейнеленген ұлт тарихы мен ұлт мүддесі – Алаш әдебиетшілерінің басты ғылыми ұстанымы болды.

«Оян, қазақ!» авторының «Хан Абылай» атты мақаласында Абылай хан туралы тарихи деректер әдеби мәтінмен дәлелденіп отырады: «Кеше Кенесары заманында шыққан Тобылбай бидің баласы Арыстан ақынның айтқаны да бар: «Қылады Мақаржада байлар сауда, Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда. Сұрасаң Абылайдың тұрған жері – Хан болған қырық сегіз жыл Көкшетауда» [4, 48].

Қазақтың ханы Абылай XVIII ғасырда туылып, «Көкшетау» деген жерде «қазақ жұртына 48 жыл хан болып тұрыпты» деген дерек осылай

айғақталған. «Бұл күнге шейін қазақ жұртында Абылайдың анық аты-жөнін білуші кем», – деп мойындаған әдебиетші ханның ата тегі, шыққан ортасы туралы сол кездегі белгілі тарихи деректерді келтірген.

Тарихшылар көп талдаған ханның түсі туралы келесі ақпарат берілген: «Абылай хан Самарқант шаһарының бетіндегі Жұпар қорығына түсіп, алғаш қонған түні түс көріп, ертеңіне қасындағы түс жоритын қариясына жорытады: «Түсімде шатырымның алдына бір жолбарыс келіп, шөгіп жатып алды. «Бұл – не қылған жолбарыс?» – деп таңғалып қарап едім, әлгі жолбарысым аю болып кетті. «...Жаңа жолбарыс еді ғой, қалайша аю болып кетті?» – деп, екінші қарағанымда қасқыр болып, онан соң түлкі, ақырында қоян болып кетті. Осы көргендеріме таңғалып жатқанымда оянып кеттім», – деді. Сонда қария: «Жолбарыс көрсең, басыңнан бақыт құсы ұшқаны, баяғыдан бері бетің қайтпай жүріп, енді жасың жеткен шақта «Абылай хан сарттан өліпті» деген атқа ұшырамай, қайта ғой. Жолбарыстың аю болғаны – сенен соңғы балаларыңның заманы – аю заманы болып, жұрт аюдай алысып өтер. Қасқыр болғаны – немерелеріңнің заманында қасқырдай жұлысып өтер. Түлкі болғаны – шөберенің заманында түлкіше жортып өтер. Қоян болғаны – онан кейінгі заманда қорқып өтер», – деген екен» [4, 51-52].

Абылай хан Самарқантқа елші жіберіп: «Ұрыс-жанжалым жоқ, жұртқа амандасып, әулиелерді зиярат қылып қайтамын», – депті. Ел ханды қуана қарсы алады. Жоғарыда Ж.Аймауытұлы жазған «Абылай ханның көк тасы» деген түсінік осы ретте нақтыланған: «Абылай хан қайтарында өзінің басына қойдыртуға Самарқанттың көк тасынан тас қаздырғанда шыққан тасты Самарқант жұрты: «Бұл тас – сіздің бақытыңызға шыққан тас, мұндай тас Әмір Темірден соң ешкімге шығып көрген жоқ», – деп сүйінші сұраған екен. (Сол тасқа «Абылай хан бин Сүйеніш хан» деп жазылып, опат болғаннан кейін басына қойылыпты).

М.Дулатұлы «Оян, қазақ!» ұранын тек өлеңмен ғана емес, осындай ғылыми, тарихи маңызды зерттеулерімен де айғақтап берді.

Абылайдың атақты түсі мақалада жан-жақты талданған. Абылайдың Самарқанға сапары, соңғы шайқасы, 68 жасында опат болғаны осылай айқындала түседі. «Абылай ханның 17 әйелі, 30 ұлы болған» деген дерек бар. «Солардың ішінде «Абылайлап» жауға шапқаны – қалмақтың ханы Қалдан Сереннен тартуға келген Топыш ханымнан туған Қасым төренің балалары, кешегі данқты Кенесары хан мен ер Наурызбай. Бұлардан басқа хан қаны қайнап, өз еркімен басқаларға қолдан тізгін бермеске қарысқан «Абылайдың немересі Абайділда сұлтан Уәлихан ұғлы», – дейді М.Дулатұлы [4, 53]. «Бұл мәлімет Жанақ пен Орынбай ақынның өлеңдерінде айтылады», – деп ақын келесі үзіндіні келтірген: «Абайділда, Ғаббастың елін жайлап, Бес жорғасын өлтірдім кісе байлап. Ханнан алған сұлуым өліп қалып, Қаракөкпен келемін сорым қайнап».

М.Дулатұлы Абылай тұқымынан Кенесары мен Абайділданы ерекше атап, ханның шөберелері – өз замандастары туралы қынжыла сөйлейді: «Бұларға қазақ жұртының өкпелейтіні де – осы күнгі тар заманда білім

дәрежелері бола тұрып, баяғы аталары өрге сүйреген жұртына басшылық қылып, пайдаларын тигізбеді» дегеннен басқа болмаса керек» (Айқап, 1912, № 6,7). Бұл – алаш қайраткері М.Дулатұлының төре замандастарына айтқан назы ғана емес, қазақтың басы бірікпей тұрғандығын меңзеуі де.

М.Дулатұлының «Қазақтың тарихы» (Түрік баласы. Қазақ, 1913, № 2) атты мақаласы былай басталған: «Тарих» дейтін – бұрынғы өткен заманның жайынан сөйлеп тұратұғын, бұрынғы өткен кісілердің ісінен хабар беретұғын бір ғылым. Қазақтың көбі оны «шежіре» деп атайды. Бұ заманның ғалымдары тарихты «ең оңды мағлұм» деп түсінеді. «Тарих – түзу жөнді үйретуші», – деп айтады... Келешек күннің қандай болашағын білуге тарих анық құрал болады» [4, 59]. Бұл – Алаш әдебиеттанушылардың негізгі ғылыми ұстанымы.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына нақты мүмкіншіліктер тудырған бірден-бір ғалым. «Ана тілі» деген терминді де өзі ұсынғанын біз есте сақтауымыз қажет. А.Байтұрсынұлының «Әліпбиі» мен «Оқу құралы» тұңғыш әліппеміз болса, оның бірнеше рет қайта басылуы сол кездегі білім беру жүйесі үшін ауадай қажет құндылықтарға айналғанына көз жеткізеді.

Қазақ әдебиет теориясының басты терминдерін, түсініктерін А.Байтұрсынұлы сонау ХХ ғасырдың 20-жылдары анықтап берген екен. Бұл – өз алдына мойындалып отырған ғылыми факт, бірақ басты ой – «Әдебиет танытқышта» ұсынылған жаңа концепцияда. Оның біздің бүгінгі сұранысымызды өтеуге керекті эстетикалық тұжырымдарға сай екені анық. Мені маман ретінде таңғалдырған – бұған дейін тек Ресей, шетел әдебиеттануында бар теориялық тұжырымдар мен қағидалардың сонау ХХ ғасырдың басында қазақ топырағында қалыптасқаны еді.

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыштағы» басты ойлары:

1. Әдебиеттің өз даму заңдылықтары бар екені және олар тікелей саясатқа, идеологияға байланысты емес екені жөніндегі тұжырымдар. Яғни, «сөз өнері» деген термин «халықтың ежелден келе жатқан әдебиеті» деген ұғымды білдіреді. Оны «ауызша», «жазбаша» деп бөлудің өзі ойдан шығарылғаны айтылады. Әдебиет – асыл сөз, ел тарихынан мағлұмат беретін мазмұнды сөз. Әдебиеттің ресми жазба түрі бар деп бөліп-жару соцреализмнің ойлап шығарғаны болып шықты: бір әдебиетті жоғарылату үшін екіншісін төмендету керек болды. Әдебиеттанушы былай дейді: «Ауыз шығарманы «ауыз сөз» деп қана атап, жазба шығарманы «сыпайы әдебиет» деп танушылар бар. Бірақ қалайда асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебіне жүріледі» [5, 281].

2. «Жазу әдебиет» тарауында А.Байтұрсынұлы бүгінге дейін біз мойындамай, үрейленіп келген қағиданы дәлелдеп береді: «Қазаққа жазу дінмен бірге келген... Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен» [5, 316]. Жазба әдебиетті екі дәуірге бөледі: 1) діндар дәуір; 2) ділмар дәуір. *Діндар* – «діншіл» деген мағынада, *ділмар* – «тілшен» деген мағынадағы сөздер» [5, 318]. «Діндар дәуір

әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып», соған еліктегеннен пайда болса, «ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соған еліктеуден пайда болып отыр» [5, 318]. Бұл құбылыс – тек қазақ емес, «барша жұрттың басында болған іс». А.Байтұрсынұлы жазу әдебиетті үшке бөледі: 1) *ертек* (әңгіме); 2) *толғау*; 3) *айтыс-тартыс*: «Жазу әдебиетінің ертеке түріне кіретін сөздері – ауыз ертеке, ертеке жыр, тарихи жыр, мысалдар сияқты сөздер. Толғау табына кіретін ауыз толғау, жоқтау сияқты көңіл күйінен шығатын сөздер. Айтыс-тартыс табына кіретін сөзден түрі ауыз әдебиетте жоқ: ... айтысы бар да, тартысы жоқ» [5, 319].

3. Діндар дәуір әдебиеті немен ерекшеленеді? Ол туралы былай делінген: «Діндар дәуір ауыз әдебиеті түріне түр қосып жарытқан жоқ. Анайы әдебиеттегі шығармалардың түрлерінен діншілдігімен ғана айырылмаса, айрықша түр-түрпатымен айырыла қоймайды. Діндар жағының басымдығымен айырылатын түрлері мынау: қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме» [5, 319]. Әдебиетші аталған жанрлардың сыр-сипатын анықтап берген. «Әдебиет танытқыштағы» біз ұмытқан діндар дәуір жанрларының атаулары: *мінәжат*, *намыс толғау* деген түсініктердің өзі ой салады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» (XIV-XVI ғ.) еңбегі «Хақ жолындағылар тарихы» деп аталса, оның соңы «Алла тағалаға мінажат айтумен» аяқталады. Совет кезінде өшірілген бұл мінажат жанры туралы мәлімет А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» ғана кездеседі. Бұлар – бізге бүгін қажетті әдеби талдаулардың үлгісі емес пе?

4. Зерттеушінің кітабына кең ауқымды ойлау қабілеті тән. «Біздің қазақ Еуропа әдебиетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде қазақ айтыс өлеңдері алаңға түсе-түсе барып, алаң алданышына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды» [5, 276]. Бүгінгі әдебиеттанудағы «синкретизм». «типология», «әдебиеттердің қарым-қатынасы», «сюжеттердің ұқсастығы» деген мәселелер туралы А.Байтұрсынұлы былай дейді: «Жер жүзіндегі жұрттардың түріндегі шығармалары бір-біріне көбінесе ұқсас келеді. Ондай ұқсас болатын себебі: олар шыққан заманда халықтың бәрінің бір ананың қолында өскен балалар сияқты көргені, өнегесі, үлгісі бір болған» [5, 276].

5. А.Байтұрсынұлы пайымдауынша, көркемдік заңдылығы біреу ғана және ол барлық тілдегі әдебиеттерге ортақ. Демек, «адамның жан қоштау керегінен шыққан» әдебиет – «асыл сөз». Сондықтан «Сөздің асыл болатын сырын білген адам сөзді сынап біледі» [5, 337]. Өйткені «Жүйрік аттың белгілі сипаттары сияқты асыл сөзде де белгілі сипаттар болады. Сөз сол сипаттарын дұрыс көрсетумен асыл болып шығады» [5, 337]. «... Ақын адам сөздің асыл болатын сипаттарын білсе, сөзін таза, мінсіз шығарады. Асыл сөздің сипаттарын білу тыңдаушыға да қажет. Абайдан кейін сөзге талғау кіреді. Айтушы да, тыңдаушы да сөзді талғайтын болды. Олай болғаны – Абай асыл сөздің айқындап нұсқаларын көрсеткеннің үстіне, аз да болса асыл

сөз сипаттарын айтыпта жұртты хабардар қылды... Жақсы сөздің сипаттарын білген адам сынай білмекші; сынай білуден сөз талғауы күшеймекші. Солай болған соң асыл сөздің басты-басты сипаттарын білу – сөйлеу жүйесінің ең керек бөлімінің бірі болады» [5, 338]. Әдеби стиль, даралық стиль, көркемдік шеберлік категорияларын ғалым осылай танытады.

6. Ресей ғалымы М.Бахтиннің *роман теориясы* бойынша, дүниежүзілік әдебиетте роман – сол тілдегі әдебиеттің жазу жүйесінің қорытылған нәтижесі ретіндегі ең соңғы жанр. Яғни, роман өзіне дейінгі болған басты, керекті сөйлеу түрлерін жаңғыртып отыру қабілетіне ие. Демек, роман жанры осындай жан-жақты баяндау, жазу тәсілдерін, жазба естелігін, жадын (память жанра) меңгеріп, өзінің оларды оята білу мүмкіндігіне орай басқа прозалық түрлерге әсер ете алады.

М.М.Бахтиннің осы «романизация стилия» деген тұжырымымен біз 1970 жылдары танысып, таңғалып жүрсек, А.Байтұрсынұлы бұл қағиданы сонау ХХ ғасырдың 20-жылдары түсіндіріп кетіпті. А.Байтұрсынұлы қазақ прозасының өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты бұл құбылысты сол кезде былайша пайымдайды: «Ұлы әңгіме, ұзақ әңгіме, ұсақ әңгіме болып бөлінулері үлкен-кішілігінен ғана. Мазмұндау жүйесі бәрінде де бір, айтылу аудандарында айырма бар: ұлы әңгіме сөзі алыстан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұзақ әңгіме жақыннан айдаған аттарша жайыла бастайды, ұсақ әңгіме мүше алып, оралып келе қоятын аттарша бастайды». Яғни, басты мәселе «айтылу аудандарында» ғана екен [5, 343].

Романның стилінде қорытылып, жинақталатын ұлттық сөйлеу жүйесінің жанрлық түрлері туралы қағиданы Бахтиннің («речевые жанры») А.Байтұрсынұлының қазақ сөз өнерін талдай отырып айтқан пікірлерінен де ұшырастырамыз: «Ұлы әңгімеге жан беретін адамның ісі болғандықтан, мінезіне кейіп беретін тәрбие болғандықтан, тұрмысқа сарын беретін ұлы, кіші адамдардың ірілі-уақты істері болатындықтан, ол істер біріне бірі ұласып, бір-біріне оралып, байланысып, шиеленісіп жатқандықтан, осының бәрін суреттеп шығару оңай емес. Мұны келістіріп, дұрыс пікірлеп, дұрыс суреттеп, уақиғаларды жақсы қиыстырып, сыйыстырып шығару көп жазушылардың қолынан келе бермейді.

7. Ұлы әңгіме жазушы көркем сөздің әуезе, толғау, айтыс – барша түрін де жұмсайды. Ұлы әңгіме жазуға үлкен шеберлік керек». Демек, роман стилін жүйелей келе А.Байтұрсынұлы оны айтылу түріне қарай: *әуезе, толғау, айтыс* деп жіктейді. Бұл атаулардың негізін де аша түседі: «Әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқары ғаламда болған істі әңгіме қылады» [5, 273]. «Әуезе – тысқы ғалам турасындағы сөз...». «Толғанғанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін – мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды; екінші, ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халін түсіндіру мақсатпен толғайды» [1, 273-274]. Яғни, «толғау – ішкергі ғаламның күйі.

Толғау – іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілін, күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда» [1, 274]. «Әуезе – тысқарғы ғаламның жыры, *толғау* – ішкергі ғаламның күйі». Яғни, «Сөйлеу жүйесінің мақсаты – сөйлеу жүйелерін меңгеріп, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету», – деп түйіндейді А.Байтұрсынұлы. Себебі «Әдебиет сөзін тәртіптен, тапқа бөлу керек. Жұртынан шыққан олар ауыз сөзді де айтылу түріне қарай негізді 3 тапқа бөлген: 1) әуезе; 2) толғау; 3) айтыс [5, 273].

8. Көркем туындыны талдағанда оның ішіндегі осы көркемдікті тудыруға тікелей атсалысатын қатысушыларды А.Байтұрсынұлы анықтап берген. Абайдың «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде жақсы өлеңнің сипаттары да, қазақ ақындары мен тыңдаушыларының жоғарыда айтылған асыл сөзді танымайтын надандықтары да айтылып, мағлұмат берілген» [5, 338].

9. Әдебиеттанушы еңбектерінен сыпайылық (корректность!) пен әдебиетті танытуға бейімделген жоғарғы этикалық, имандылық деңгей есіп тұр. Талдаулар, жүйелеу тәсілдері осы ғылыми мақсатқа қызмет атқаруға бағындырылған. Оның тек «пән сөзінде» сөйлеуі мен әдебиет теориясының негізін салып кеткендігін біз бүгін мойындауымыз қажет.

10. А.Байтұрсынұлы әдебиет теориясының пән сөздерін (термин), талдау жүйелерін қазақша сөйлетіп, ғылыми тілдің деңгейін сол кезде-ақ көтеріп тастағанын біз бүгін мақтаныш ете аламыз.

Ұлтына, еліне, ғылымға, әдебиетке арымен беріліп, адал қызмет еткен А.Байтұрсынұлы зерттеуінің Қазақ елі тарихында алатын орны айрықша зор екенін 26 жасар замандасы М.Әуезов былайша тұжырымдапты: «Ақаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып. Арқаның қоңыр желімен бірге есіп шалқып жатыр. Бұдан он-он бес жыл бұрын: «Алаштың үмбетінің бәрі мәлім. Кім қалды таразыға тартылмаған?!» – деп Ақаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен деп Ақаңның ғана ардақты атын атаймыз.

Ақаң ашқан қазақ мектебі. Ақаң түрлеген ана тілі. Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран. «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын» [6, 70].

Әдебиет:

1. Аймауытұлы Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. - 5-том. – Алматы: Ғылым, 1999. - 271-б.

2. Әлихан Бөкейхан Таңдамалы. Қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми зерттеулер, еңбектер: монографиялары, мақалалары, сөздері, баяндамалары,

өлеңдері, аудармалары, хаттары. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 398 б.

3. Воспоминания кара-киргиза Калигула Алибекова о последних днях Кенесары. Под редакцией профессора Поливанова и доктора Досмухамедова. - Ташкент, 1923

4. Дулатов М. Алты томдық шығармалар жинағы. - 3-том. - Алматы: Мектеп, 2013.

5. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

6. Әуезов М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 2012. – 384 б.

Алаш арыстарының аманаты – тіл

Оразбаева Ф.

*ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

***Аңдатпа:** Қазақ елінің ұлттық коды – ұлттық тіл мен ұлттық руханият. ұлттық руханиятты өрістетуге, өркендетуге бағытталған Алаш арыстарының еңбектері мен мұралары – Қазақстанның елдігі мен бірлігін сақтайтын, ұлттың білігі мен білімін арттыратын рухани тамырлар. Бұл мақалада Алаш арыстарының ең басты амнаты – тіл мәселесі сөз етіледі.*

***Түйін сөздер:** Алаш идеясы, тіл, ұлттық руханият, Алаш арыстары, үздіксіз білім беру.*

***Summary:** The national identity of the Kazakh Country is the national language and national spirituality. The works and heritage of Alashare aimed at the development and prosperity of the national spirit - the spiritual roots that preserve the unity and the unity of Kazakhstan, and the nation's knowledge. This article deals with the main issue of the Alash goals - language problem.*

***Key words:** Alash idea, language, national spirituality, Alashheros, continuous education*

Тіл – дүниедегі жаратылыс құбылыстарының ең күрделісі, адамзат болмысының ең жұмбақ көрсеткіші, әлемдегі ең құнды рухани байлықтың көзі. Ол адамның ойлау, қабылдау, пайымдау, сөйлеу қасиеттерінің тұтастығымен ерекшеленеді. Тілдің сөз бірліктерімен сабақтасқан мазмұны, дыбысталу аппаратымен бірлескен формасы оның күрделі де ерекше құбылыс екенін көрсетеді. Сонымен қатар тіл – дүниедегі сыртқы-ішкі жасанды күштердің әсерімен өзгертуге, түзетуге, жаңартуға, қолдан жасауға болмайтын жаратылысы бөлек табиғи құбылыс. Өйткені тіл мен сөз – жер бетіндегі табиғат құбылыстарымен қатар жаратылған, тіршілікпен, адаммен егіз қаланған дүние кереметінің бірі. Бұл туралы Ахмет Байтұрсынұлы былай дейді: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі».

Тілдің пайымдау, қабылдау, хабарлау қызметі адами факторлардың басын біріктіретін, адамзатқа тән барлық қасиеттерді бір арнаға тоғыстыратын мазмұн мен мәннің бірлігінен тұрады. Тілдің мәні мен мазмұнын «Ұлы дала елінің» басты тұғырлары: *жер, ел, ұлт, діл, дін*

деген ұғымдар ұстанымын елдік мүдде тұрғысынан іске асыратын «Мәңгілік ел» идеясының негізгі қағидалары айқындайды. Мемлекетіміз ұлттық сана мен ұлттық кодқа негізделген идеяны басшылыққа ала отырып, әлемдік өркениеттің озық үлгілерін меңгеру арқылы бәсекелестікке қабілетті елдер қатарынан орын алады.

Қазақ елінің ұлттық коды – ұлттық тіл мен ұлттық руханият. Ұлттық руханиятты өрістетуге, өркендетуге бағытталған Алаш арыстарының еңбектері мен мұралар – Қазақстанның елдігі мен бірлігін сақтайтын, ұлттың білігі мен білімін арттыратын рухани тамырлар.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарлама-мақаласында айтылған: «Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуі тиіс», – деген сөзі бірінші кезекте Алаш арыстарына қатысты.

Қазақ елінің рухани алтын тамырына жататындар – ұлттың біртуар перзенттері – Алаш арыстарының ел, жер, ұлт, тарих, білім, ғылым, әдебиет, мәдениет және тіл туралы кейінгі ұрпаққа қалдырған мұралары. Аталмыш мәселелер жөніндегі Алаш арыстарының пікір-көзқарастары мен ұстанымдарын «Рухани жаңғыру» жағдайында «елдің дамуына, өркендеуіне тірек болатын мәдени-рухани негіз» деп қабылдаған жөн.

Жиырмамыншы ғасыр басында ел тәуелсіздігін, ұлт мүддесін қорғау жолында еңбек еткен, көш бастаған Алаш арыстарының ұстанымдарына сүйенсек, олар аманаттаған: «Өмір мұраты – азаттық», «Адам мұраты – тәрбие», «Ұрпақ мұраты – білім» деген қағидалар қазіргі ХХІ ғасырда Ұлы дала елін сақтаудың, адамзаттық құндылықтарды игерудің, келешек ұрпақты өркениетке жеткізудің негізгі бастауы, қайнар бұлағы болып табылады.

Алаш идеясының талаптарын бүгінгі үздіксіз білім беру жүйесінде интеллектуалды дара тұлға тәрбиелеу барысында зерттеп-зерделей отырып, рухани жаңғыру аясында жан-жақты пайдалану өрісімізді кеңейтіп, білім мен білігімізді арттырады. Осы тұрғыдан келгенде, Алаш арыстарының тілдің әлеуметтік қызметі мен ел тәуелсіздігін баянды ету жолындағы рөлін атап көрсеткен пікір-көзқарастарын жадымызға түйіп, көкірегімізде сақтап; өмір сүру, білім беру, бала тәрбиелеу үдерістерінде толық іске асырғанымыз абзал. Ел тәуелсіздігі үшін күресе отырып, олар тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәні мен маңызына айрықша назар аударды.

Алаш қайраткерлерінің тіл туралы пікірлеріне зер салсақ, алаш зиялыларының бірі: «Тіл – ұлттық рух», – десе, екіншісі: «Көшбасшы болудың тірегі – тіл», енді бірі: «Тілсіз ұлт жоқ» немесе: «Тілді сақтау – рухани парыз», – дейді. Осының бәрі тілдік руханияттың ұлт пен ел тәуелсіздігі жолындағы маңызын, алатын орнын айшықтайды.

Тілдік руханият – ұлттың, адамның ой-санасына, ішкі жан-дүниесіне, тәлім-танымына, әдет-әдебіне, білім-білігіне, мәдениетіне байланысты тіл арқылы көрініс табатын рухани байлықтар жиынтығы. Тілдік руханиятқа негізделген Алаш арыстарының концепциялары бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерін қозғайды. Мәселен, «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды», – дейді Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан. Көшбасшы болу қазақ тарихында хандар мен билердің халықты ұйыта білер шешендігімен, әділетті шешім шығара алар ой-парасатымен, қара қылды қақ жарар әділдігімен, батылдығымен өлшенген. Шешен болу үшін қазақтың тілін жетік білу керек. Әділетті болу үшін халықтың жай-күйін, тұрмыс-тіршілігін, сыртқы-ішкі жағдайын, сұранысын толық зерделеу қажет. Ұлттың, халықтың психологиясын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, өмір сүру ұстанымын ескере отырып, әрекет ету, шешім қабылдау – елдікті сақтау мен адамды қорғаудың кепілі болған. Осы критерийлердің барлығы тілдік руханияттың негізін қалайды.

Әлихан Бөкейханның төрағалығымен «Алаш» партиясы құрылғаннан кейін 1917 жылдың сәуір-мамыр айларында бірнеше облыс-уезд орталықтарында аймақтық съездер өткен. Сондай жиынның бірі – Орал қаласында 19-22 сәуір аралығында болған қазақтардың 1-съезі. Осы съездегі Жаһанша Досмұхамедовтың сөйлеген сөзі қазақ халқының тәуелсіздігімен қатар ел басқару ісіне, мемлекеттік тіл мәртебесіне, оның қолданылу кеңістігіне арналған. Ол: «Біздің мақсатымыз – ел билеуді халықтың өз қолына беру, қазақ халқы автономияға ие болып, алдағы уақытта өз тағдырын өз қолына алады. Қалың қазақты аяусыз қанаған патша орнынан түсті. Ендігі жерде қазақты елдің тұрмысын, тілін, әдет-ғұрпын білетіндер ғана басқарады», – дей келіп, тілдің әлеуметтік қызметін жоғары бағалайды.

XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлері тіл мәселесін ұлт болашағымен, ұрпақ тәрбиесімен байланыстырып, ана тілінің дамуына ерекше көңіл бөлген. Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынұлы: «Егер біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек.

Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады», – дейді. Кемеңгер ой иесі «сөйлегенде де, жазғанда да «жат тілді сөздерді араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей», қазақ тілінің бай сөздік қорынан айырылып қалмандар» дегендей түйінді пікірімен келер ұрпақты сақтандырады. Осы мәселеге орай тұжырымдалған ғалым Ахмет Байтұрсынұлының әдеби тілдің тазалығын қамтамасыз ететін

«талғау салтының шарты» ұстанымы күні бүгінге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Күнбатыс Алашорданың идеологі саналған Ғұмар Қараштың «Тіл болмаса, ұлт та болмайды, яғни, ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады. Ең әуелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, сол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтыны өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді» деген пікірі «Рухани жаңғыру» жағдайында мәдениет пен әдебиеттің маңызын бұрынғыдан да арттыра түсті. Үздіксіз білім беру жүйесінде бастауыш және орта білім беретін салаларда «Қазақ әдебиеті» пәнінің білім мазмұнының әлсіреп, жүйесіз қалыпқа түсуі; орыстілді мектептерде тіл мен әдебиеттің біріктіріліп, оқушылардың ең маңызды рухани қазынадан алыс қалуы – ұлт мәдениетіне, өнеріне, біліміне нұқсан келтіретін қадам.

Батыс Алашорда үкіметі жетекшілерінің бірі Халел Досмұхамедұлы тіл туралы: «Тіл – ұлттың жаны. Өз тілін білмеген ел ел болмайды», – деген кезде тілдік руханияттың елдік пен тәуелсіздіктің тірегі, асыл арнасы екенін айтқан.

Алаш қайраткерлерінің ірі өкілі – Қошке Кемеңгерұлы: «Бақ құмарлықты, кек алғыштықты, жаяу өсекшілдікті жоятын саяси-әлеуметтік тәрбиені күшейтуді бірінші орынға қойып отырмын», – дей келіп, ұлы Абай айтқан жағымсыз қылықтардан ұрпақты сақтаудың жолы – әлеуметтік тәрбиенің басты нысандарын анықтау екенін бөліп көрсеткен. Аса көрнекті ғалым-қайраткер тәрбиеге әсер етуші сыртқы-ішкі факторларды айқындай келе бірінші орынға адам тәрбиесін қояды.

Елбасы бағдарламасында баяндалған «төл тарихымыз – тарлан тарихқа» және «адам факторы – адами капиталға» еңдей отырып, «ұлт жадының тұғырнамасын» тәрбиелеу мәселелері Қошке Кемеңгерұлы еңбектерінде отандық тарих ғылымына («Қазақ тарихынан»), тіл білімі салаларына, ұлттық аударма мәселесіне, оқулық пен сөздік түзудегі тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметіне қатысты тереңінен сөз болады.

Тілдің маңызы мен мәнін: «Анаңның, бабаңның тілін жетік біл. Тіл дегеніміз – шежіре», – деп атап көрсеткен филология ғылымдарының докторы, профессор, Алаш зиялысы Құдайберген Жұбанов «Тарихы жоқ ел де, тіл де, ұлт та тұл» деген тұжырымы арқылы ұлттық бірегейлікті сақтау үшін, елдік мүддеге жету үшін қазақтың шежіре тілін келер ұрпаққа жеткізіп, аманаттау үшін тарихты жетік білудің қажеттігін баса айтады.

Алаш арыстарының күресі мен атқарған істері, еңбектері, іргелі мәселелерге қатысты ой-пікірлері, тіл мәртебесіне байланысты тұжырымдары – егемен еліміздің тұғырын бекітетін рухани тамыр арнасы, ұлттық бірегейлік пен елдікті сақтаудың алтын көпірі. Алаш арыстарының аманат етіп қалдырған тілдік мұрасын жаңа гуманитарлық білім беру жолында толыққанды іске асыра отырып, ұлттың рухани

тамыры мен әлемдік өркениеттің озық үлгілерін қатар меңгерген, бәсекелестікке қабілетті ұрпақ тәрбиелеу – біздің парызымыз.

Әдебиетіміздегі Алаш рухы

Бисенғали З.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

Аңдатпа: Қазақ көркем әдебиетіндегі Алаш тақырыбын, бостандық және ұлттық рухты, егемен ел тақырыбын қозғап жатқан үдерістер туралы айтатын ойлар ұшан-теңіз. Тақырыптың әлі айтылмай келе жатқан ірі мәселелері де жеткілікті. Бұл мақалада ұлттық әдебиетіміздегі Алаш рухы мәселесі қозғалады.

Түйін сөздер: Алаш рухы, Алаш дүниетанымы, Алаш қайраткерлері, әдебиет, метафора, теңеу.

Summary: The ideas about Alash in the Kazakh folk literature, the freedom and national spirit, the processes affecting the sovereign country. There are still some of the biggest problems facing the topic. This article deals with the spirit of Alash in our national literature.

Key words: Alash spirit, Alash worldview, Alash figures, literature, metaphor, equation.

Осы тіркесте әлі де анықтайтын жайлар баршылық. Бірақ көпшілікке түсінікті болу үшін «Алаш рухы» дегенді Ресейдің отары – құлдықта болған Қазақ елін бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күреске көтерген, дербес мемлекеттік мәртебеге бастаған ұлттық рухты, күрес рухын айтамыз. Қамшы пен сойылдан басқа қаруы жоқ қорғансыз қазақты себепсіз, сотсыз қырып салуды әдетке айналдырған отаршыл үкіметтің қанқұйлы әрекеті ешбір халықаралық құқықтық құжаттарға сыймайды. Осындай сұрқия мақсат – әлсіз елдерді жаулап алып, аңқау, надан халқын құлдықта ұстау мемлекеттік саясатқа ұласқан тұста, өркениет, демокраия, ағартушылық тәрізді ұғымдардың бәрі бос сөзге айналып көзбояушылықтың аса жетілген түріне айналады. Мұны отар елдердің сауатты, парасатты перзенттері де, отарлаушы ұлықтар да жақсы біледі. Бірі шарасыздықтан көнеді, екіншісі: «Көнбей көр!» – деп қоқаяды.

1917 жылдан кейін патша үкіметінің отарлау саясатын мұраланған Кеңес үкіметі «езілгендердің жоқтаушысы» болып көрінуге барын салды. Бірақ өзге елді, халықты кіріптарлықта, қанауда ұстауға әдеттенген Ресей үкіметінің басқару жүйесі амалсыз көне сүрлеуге түсті. Отарлық саясаттың жолы жалғыз – кіріптар елдің бас көтерген естілерін түрлі айла-тәсілдермен сатып алу, көбегендерін ессіздер қатына қосу, оған да болмаса көзін жою. Осы отаршылдар тобында Ресей үкіметі жалғыз емес. Олардың бәрінің де айтатын әндерінің мәтіндері ұқсас: «біз шаруашылығы мешеу елдерді қатарға қосамыз, білім береміз, оқытамыз, мәдениетке жеткіземіз» т.б. Жасаған зорлықтары мен жолсыз жазалары туралы ауыз ашпады, айтқызбады да. Қолдарынан келгенше бүркемелеуге, сөз қылмауға тырысады. Ресейдің «әләулайы» да алғашында сол тәрізді болғанмен, сәл өзгелеу көрінеді. Ол

өздері құлатқан патша үкіметіне қарсы көтерілген халықтар күресін дәріптеумен басталды. Бірақ көп кешікпей-ақ одан бас тартады. Себебі бұл қозғалыстардың түпкі мақсаты бостандық, теңдік мәселелерімен қабаттасады екен. М.Әуезовтің «Қилы заман» романына байланысты тарих – мұның нақты мысалы.

«Шындықты айтамыз» деген Кеңес үкіметі де біртіндеп отаршыл саясатының шырғауынан шыға алмай, қиюы қашқан әрекеттерін ақтау үшін бұрыннан әбден сыналған көне соқпаққа түсті. Өз идеологиясын қарсы шыққандардың бәріне сыннан өткен «шылдарды» тіркеп, *ұлтшыл*, *буржуазияшыл* дегендерді қаптата келе қудалауға, қамауға, соттауға, атуға көшеді. Бірақ қаншама жасырғанмен, жаңа заман мен уақыт тілі отаршыл елдер мойындағысы келмеген барша шындықты жарық дүниеге алып шықты. Енді «заман басқа, заң басқа» деген қарапайым адами ұстаным «өркениетті» елдер жиі қолданатын құйтұрқы тәсілдерді ығыстырып, оның астарында бүркемеленген зымиян ойлары сауатты елдерге, әркімге түсінікті қыла бастады. ХХІ ғасырда адам өз елінде, өз жерінде еркінше өмір сүргісі келеді. Соны армандайды, сол үшін күреске шығуға дайын.

Алаш рухы, Алашордақозғалысы, Алаш дүниетанымы дегенді осы мағынада ұғып, қолдана бастағандаймыз. Алайда тақырыптың өзінде әлі де анықтап алатын жайлар көрініп тұр.

Қазақтың шұрайлы жерлерін келімсектерге (переселенецтер) тартып әперген Ресей үкіметінің жөнсіз зорлықтарын алаш ұранды ұғымдарға ден қойған ағартушылар мен қоғам қайраткерлері сол кездерде-ақ айта бастады. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті т.б. мерзімді баспасөз беттері мұндай материалдарға толы. Алайда өз мақсаттарын бүркемелеп, келімсектер сойылын соққан мемлекет шындықты жазған басылымдарды үнемі жазалады, қомақты айыппұл салды, жауып тастауға дейін барды [1].

Отарлық өмір шындығын шынайы бейнелеген әдеби шығармаларды 70-жылдарға дейін жариялауға, зерттеуге мүлде ықылассыз болды, мүмкіндік те бермеді. *Тәуелсіздік, бостандық, ұлттық рух* деген ұғымдардан өлердей қорықты. Осы сөздерді ұранға айналдырып, азаттық үшін күрескен Алашордашыл арыстар әрекеті 1917-1991 жылдар арасында «СССР» атанған, Ресей үкіметі жауларының қатарында саналатын. Оларға «халық жауы деген» айдар тағып, отар елдер халықтардың санасын бүлдіріп бақты. «Өтіріктің құйрығы – бір-ақ тұтам» деген мағынадағы халық мақалы барша халықтар тілінде кездеседі. Алайда бүгінгі таңда барша мемлекеттер өтірік айтуды мемлекет саясатына айналдырғандай. «Ақты қара, қараны ақ» деуге көшті. Мына тынымсыз, тыныштықсыз зырлаған заманнан әбден шаршаған халық мұндай өтіріктерге назар аударуды да қойды. Сондықтан *Тәуелсіздік, Азаттық, Егемендік* жолында Алаш ұранын жоғары ұстап күрескен, қаза болған азамат ерлер қаһармандығын ешқашан ұмытылмайды. Қазақ мемлекетігі үшін күреске өмірін берген Алаш қозғалысың көсемдерін дәріптеуді атаулы, мерекелі күндерін мемлекет тарапынан атап өтуді біздің үкімет ескермейтіндей. Сірә, бұл атаулы күндер мемлекет жоспарына да

енбеген тәрізді. Сондықтан да «қоғамдық ұйымдар не істесе де өздері білсін, біздің мазамызды алмасын» дегендей қалыпта. Қазақ өнері мен әдебиеттануында, қоғамдық гуманитарлақ әдебиеттерде бұл мәселелер Алаш қозғалысының айтулы мерекесі – 100 жылдығына байланысты жиі қозғала бастады. Қоғамдық ұйымдар, жағдайдың жоқтығынан, «әйтеуір атаусыз қалмаса болды» дегендей іс-шаралар ұйымдастырды.

Қазақ көркем әдебиетіндегі Алаш тақырыбын, бостандық және ұлттық рухты, егемен ел тақырыбын қозғап жатқан үдерістер туралы айтатын ойлар ұшан-теңіз. Тақырыптың әлі айтылмай келе жатқан ірі мәселелері де жеткілікті. Тақырыпқа тура және жанама қатысы бар Әл-Фараби мен Абай, Ыбырай мен Шоқан, Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы мен Құдайберген Жұбанов, Шәкәрім Құдайбердіұлы М.Әуезов, Міржақып Дулатұлы, С.Садуақасұлы. Қошқе Кемеңгерұлы, Мағжан Жұмабаев пен Жүсіпбек Аймауытұлы, Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгірұлы т.б. өмірі мен шығармашылығындағы ұлттық таным өрнектері т.б туралы да істелген жұмыстар бастау қалпында қалғандай. 2009 жылы «Арыс» баспасы шығарған «Алаш. Алашорда» энциклопедиясы ғана көңілге медеу [2]. Биыл баспа осы тақырыпқа арналған 100 кітап шығаруды мемлекеттің қатысынсыз жоспарлап отыр. Тіпті сонша кітап шықпағанның өзінде де баспа басшылығына Ғарфолла Әнес бастаған азаматтарға рақмет айтамыз «Алаштану» саласындағы алғашқы энциклопедияны шығарғаны үшін, алаштану ғылымына қосып жатқан үлестері үшін. Кітаптың алғашқы сөйлемі-ақ көп нәрседен хабардар етеді: «Ұлт теңдігін жалау етіп, қазақ халқының жарқын болашағы үшін, тәуелсіз ел болу жолында жанын пиде еткен шаһид ұлдарына – Алаш қайраткерлерінің рухына бағышталады» [2, 3].

Бұл тақырыптың – Егемендік, Бостандық, Еркіндік, Азаттық, Тәуелсіздік тақырыбының – Алаш рухы мәселелерімен табиғи жақындағы дау туғызбайды. Оның қозғалу, қолға алыну тарихы көркем әдебиетімізде әріден басталады. Қазақ, қазақ аталғалы бері бар деуге болады [3].

Қазақ көркем әдебиетіндегі Алаш рухы бостандық, тәуелсіздік жолында «күндіз күлкі, түнде ұйқы» көрмеген Алаш қайраткерлерінің теңдессіз ерлігі қалай жырласақ да көптік етпейді. Халық басындағы мұң-зарды, шындыққа орай бейнелеген шығармалар мазмұнындағы ойларды мемлекеттік сана, Тәуелсіздік үшін күрес, ұлттық рухтан бөле алмайсың. Содан бастау алады, жұрт, ел, халық мұңын айтады, тереңдей келе елдік санаға, мемлекеттік дербестікті бағалауға, қастерлеуге ойлануға шақырады.

Басқыншы жау, басынушы жұрттармен шайқастарда жанын аямай көзсіз ерліктерге барған қаһармандар бейнесін жырлау қай халықтың ұлттық әдебиетінде бар. Бұлар атадан балаға басты мирас ретінде қалып, сақталып, халық әдебиетінде мәңгілік орын алған. Мәселе – сол қаһармандар бейнесі әдебиетте қалай сомдалды, сол туралы айтуымыз, жазуымыз керек. «Жазбадық», – деп айтуға болмайтын шығар, бірақ жеткілікті емесі анық...

Сонау ежелгі дәуірлерде (ҮІ-ҮІІ ғасырларда) түрік халықтары қазақ, қырғыз, өзбек т.б. болып бөлінбеген заманда азаттық, тәуелсіздік идеясы айтылған. Мұны тарих қойнауларынан жеткен жәдігер – әдебиеттер (алуан түрлі) жеткізіп отыр. Тәуелсіздік, азаттық туралы ой-ұғымдар бейнелі көрініс, бедерлі сөздермен берілген. Ел, халық мұңын жан-дүниесі егіле, еңірей сөз қылады [4].

Мәселен, Көне Түрік қағандығының маңызды тарихи мағлұматтары Орхон-Енисей бітіктасында (жазбаларында) жазылған. Тәуелсіздігін жоғалтып, айлалы елге кіріптар болған түріктер өз жайлары туралы былай баяндайды:

*Биікте Көк тәңірі
Төменде қара жер жаралғанда.
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.*

Қасиетті Құран-Кәрімде көп қайталанатын тұсы. Қайсысы бұрын? Осы ойларды бітіктасқа тасқа қашап жазған ғұламаның «Құран-Кәріммен» таныс болуы мүмкін бе? Кім білген, бірақ біржақты «мүмкін емес!» – деп айту да ғылыми жауапқа жатпайтын болса керек. *Ойлану керек!*

*Адам баласы үстіне ата-тегім
Бумын қаған, Істемі қаған отырған.
Отырып, түркі халқының
Ел-жұртын қалыптастырған,
Төрт бұрыштың бәрі – дұшпан екен,
Сарбаздармен аттанып,
Төрт бұрыштағы халықты
Көп алған, бәрін бейбіт еткен, иелік еткен.
Бастыны еңкейткен,
Тізеліні бүктірткен.*

Мұнда да метафоралық ойлар басымдығы бірден көңілге келеді. Демек, сол кездердің өзінде олардың дүниетанымы мен ойлау жүйесінде дүниені көркем қабылдау мен бейнелі жеткізудің өте дамығанын байқау қиын емес. Осындай метафора, теңеулерге оранған ұғым, түсініктерді, көркем бейнелі пернелі ойларды бұл жазбалардан көптеп кездестіруге болады. Олар адамдар тірлігінен тыс қасиетті күштерді, рухтарда атап отыруды, марапаттауды ешқашан ұмытпаған [4].

Бірақ осындағы «рух» деген ұғымды мифологем ретінде ұғу керек тәрізді. Өйткені сол замандарда (ҮІ-ҮІІІ ғ.) күрделі, метафоралық сипаты басым ойларды тасқа қашап жазып қалдырған жандарды «аңқау, төңірегінде өтіп жатқан уақиғалардан, мынау жалған дүниеден мүлде хабарсыз, жақсы мен жаманды айыра алмайтын надан» деп ойлау – еуроцентристік көзқарастың бізге әбден сіңірген жалған пікірлері. Кетпестей пәле боп жабысқан осы жалған пікірлерден құтылу бізге де оңай болмай тұр.

«Біз Алаш ардақтыларының мұраларына соңғы кезге дейін кеңестік жүйенің көзқарасымен қарап келдік. Осы бір кеңестік психологиядан арыла алмай жүргендеріміз де бар. Сондықтан бұл еңбектер ешкімді бейжай қалдырмайды. Менің ойымша, бұл қазақ ұлтын тану үшін, егемендіктің құндылығын тану үшін болашағымыздың бағдаршамы іспеттес өте қажет дүниелер. Оларда қазақ әдебиеттануының бастаулары мен дамуы және оның басты теориялық мәселелері, ежелгі әдебиет үлгілерінің зерттелуі, Алаш әдебиеттануы, қазіргі әдеби байланыстардың теориялық негізі, бүгінгі абайтану мен алаштану, әлемдік әдебиеттану мен постмодернизм туралы кәсіби зерттеулер Тәуелсіздік кезеңі тұрғысынан тұңғыш рет жүйелі түрде сараланған», – деді өз сөзінде М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі Уәлихан Қалижанұлы.

Ғасырлар қойнауынан бізге жеткен әдеби мұраларымызда, Орхон-Енисей бітіктастарында Алаш қозғалысының көсемдері ерекше қастерлеген ұлттық рух туралы ғаламат ойлар бар [5].

Мұндай күрделі, көркем ойларды, биік мақсап пен ірі рухты аса шебер бейнелеген жазбаларды Еуропа ғалымдары түрік халықтарына, бізге қимағандай сол кездерден бастап басқаша түсіндіруге кіріскен тәрізді. Өйткені «бұл тас дастандардағы көңілге бірден ұялайтын күрделі ұғымдарды көркем, бейнелі жеткізетін мәтіндерді олар түсінбеді» деп айту да оңай емес. Бірақ бұрмалау мен бұлдырату анық. Бәлкім, шынында, түсінбеу де бар шығар, кім білген? Менталитеті өзге ғалымдар ғой. Қалай болғанда да мұндағы мәтін, жазуларды алғаш оқи бастаған еуропалықтарға өзгеше қабылдау керек болған тәрізді.

Орхон жазуларында қоғамға белгілі дәрежеде әсер ететін рухы биік күштерді күнделікті қарабайыр тірліктен жоғары қойған, сыйынған табынған.....

Күлтегіндегі мына жазуларды оқыған әрбір сауатты қазақтың ойланары анық. Алауыздықпен бірлігіңді жоғалтып едің, кім болдың? – қара дегендей.

Қаның судай ақты.

Сүйегің тау боп жатты.

Бек ұлдарың құл болды.

Пәк қыздарың күң болды...

Тәңірі тірлігімізді қолдап, қайта көтеріліп, біріктік, соның арқасында күшейіп жауларымызды жеңдік, – деп мақтанышпен тебіренеді ғұлама:

Тізеліні бүктірдік,

Бастыны еңкейттік...

Еліміз қайта ел болды,

Халқымыз қайта халық болды.

Демек, быт-шыт бытыраған, азып тозған елді құлдықтан құтқарғандар рухын мадақтайды. Ерліктерін, ерен істерін мақтанышпен баяндайды. Халық үшін үлкен әрекеттерге барған, бастарын біріктіріп, басқыншы жауды

жеңген ел бірлігін жырға қосады. Мадақ айтады. Міне сонау, YI-YII ғасырлардан жеткен әдебиеттің құлдық пен тәуелсіздік жайында айтқандарына асықпай үңілу көп нәрседен хабар береді. Күрделі метафора, ұшқыр эпитеттерді де шеберлікпен қолдана отыра тәуелсіздік жайлы өтімді, көркем сөйлейді. Бұл жазбаларда мәтінаралық ойлар да жеткілікті.

Тәуелсіздік, бостандық, еркіндік жайлы осындай ойларды кейінгі ұрпақтарына мұраға қалдыққан жазбалар өзге халықтарда да кездеседі. Мәселен, римдіктерде «Энейда», гректерде «Илиада», «Одиссея», Италияда «Құдіретті комедия», немістерде «Небелунгі», «Мессайда», үнділерде «Махабхарата», парсыларда «Шахнама», арабтарда «Антара бин Шаддат», «Бани Хиллал», «Мың бір түн» т.б. Осы шығармалардың қайсысында болса да, басқыншы жауға қарсы күрес пен ұлттық идеяларды дәріптеу жағы басым түсіп отырады. Бірақ әрқайсында туған халқын, елін басқыншы жаулардан қорғау кезіндегі ұлттық рух сақталған. Менталитет те бейнеленген.

Осы дәуірлерден көп ұзамай-ақ «Қорқыт ата» кітабындағы халықтық ірі ойларға көңіл аударсақ, мұнда да бостандық пен тәуелсіздік, еркіндік пен ұлттық рух туралы ойлардың көп ұшырайтынын аңғару қиын емес. «Қорқыт ата» кітабында жауға қарсы күрескен батыр ұрпақтар туралы қызықты уақиға, мадақ жырлар да жеткілікті... Алайда Қорқыт туралы аңыздардың қазақ арасындағы негізі арнасына туған халқы мен ұрпағына мәңгі тұратын жайлы жер – Жерұйық әуені басымдау. Екіншіден, адам бақытына бөгет болатын өлімге қарсы тұратын дауа іздейді. Сол жолда күресіп бағады, аңызда айтылған осы ойлардың астарында терең пәлсапалар бар... Күрделі метафоралық ұғымдар мен мәтінаралық ойлар да аз емес. Тіпті аңыздар мәтініндегі мазмұндық баяндарды қаз қалпында қабылдаудың өзі адамды бейжай қалдырмайды.

Ғаламат күйші, ақылгөй, жырау, ғұлама жан туралы YIII-IX ғасырлардан қаншама аңыз қалған? «Ол айтты» деген қаншама өсиет, нақыл сөздер бар? (Бұл дастандар қағазға XYI ғасырда түсірілген).

Туған халқына, адам баласына бақытқа жету жолын іздеу – отырарлық даңқты жерлесіміз Әл-Фараби шығармашылық іденістерінің де басты арналарының бірі. Ол туралы аңызға бергісіз тарихи деректер өте көп. Бірақ біз үшін маңыздысы – туған халқына бақытты өнер мен ғылымнан іздеп, ғылым мен мәдениеттің сол заманалардағы ірі орталықтарына Бағдат, Қорасан, Дамаск, Каир т.б. шығыстық шаһарларда білім алуы, ірі ғалымдардың өнегесін көруі, тәрбиесін көруі..

Алуан тілдерді меңгерген жерлесіміз «адам ақыл ойының табиғат пен адам, қоғам мен адам сырларын ашуға, барлық мәселелерді шешуге шамасы келеді» деген сенімде болды. Мақсатына жету жолында адам айтса сенбес ерлік пен табандылық көрсетіп, адамзат ақыл ойының дамуына философия, логика, тіл білімі, әдебиет, музыка т.б. ғылым салалары бойынша орасан зор үлес қосты. Сондықтан да «бүкіл адамзат баласы адами рухы мен ұлттық руханиятын ұштауда Фарабиге қарыздар» деп айтуға болады.

Әдебиеттегі Алаш рухын бейнелеудің қалыптасуына Абай шығармашылығы да аз үлес қосқан жақ. Мұнда Әл-Фараби ілімдерінің ықпалы болды. Әрине, Абай тікелей Әл-Фараби еңбектерін пайдаланған емес, бірақ шығыс және араб ғұламаларының ой-толғамдарын арқылы жеткен пікірлерде жалғастық бар. Бұл туралы атақты фарабитанушы Ақжан әл-Машани «Әл-Фараби және Абай» атты монографиясында былай деп жазады: «Әдебиет саласында Әл-Фараби мен Абай шығармалары арасында тамаша үндестік жатыр» [6, 133]. «Қазақ жерінен шыққан осы екі ұстаз Әл-Фараби мен Абай жаңа заманда қайтадан адамдық туын көтерді. Сөйтіп, «Ш.Маржани арқылы Әл-Фарабиді тапқан дана Абай өзінің философиялық ғылыми қағидасын тұжырымдауда ұлы бабасынан тағылым алды», – деп нық айта аламыз»» [6, 125] Өкінішке орай, ұлы тұлғаның, Фарабидің осы бағыттағы ықпалдарын әлі тереңдеп қозғай алмай келеміз. Бірақ «Абай және Әл-Фараби» атты кітаптар, мақалалар жазылуда. Енді ғұлама ғалымның ғаламат еңбектерін жан-жақты меңгеруге ұмтылуымыз қажет. Мұның өзі – біздің ғалым алдындағы үлкен парызымыз.

Абай және әдебиетімідегі Алаш рухы біздің бүгінгі қоғамдық сана үшін өте келелі тақырыптардың бірі болып табылады. «Қазақтың басына түскен қиын күндерді дәл сипаттап, Алаш қозғалысының басты мақсаттары ретінде Тәуелсіздік пен Елдік сананы оятуды атап көрсеткен – ұлы Ахмет Байтұрсынұлы» деп айтуға әбден болады.

XX ғасыр басында «Қазақ бола ма, болмай ма?» деген сауал қоғамдық сана алдына тартылғанда Алаш идеясын іске асыруды қолға алған «Алаш» партиясы дүниеге келді. Ғасырдан ғасырға көшіп, Қазақ елінің парасатты ұлдарын ерекше толқытқан, тебіrentкен бұл идея – қозғалыс бастауында Ахмет Байтұрсынұлы пен Әлихан Бөкейхан және Міржақып Дулатов сияқты саяси тартыстарда шындалған, Ресей үкіметіне жақпайтын сөздері мен қимыл-әрекеттері үшін қуғын-сүргін көрген, түрмеге қамалған айрықша сауатты, орыс тіліне де жетік азаматтар тұрды. Олардың басшыларының бірі – А.Байтұрсынұлы 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (құзырхаты) авторларының бірі болатын. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне Қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен «Дала ережесін» Қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын» [2, 90]. «Алаш» партиясы саяси ұйым ретінде сан алуан қиындықтарға қарамастан, тез есейіп, қанат жая бастады. Ресей большевиктер партиясын қатты шошытқан – олардың ұлттық идеяны алға тартуы, қазақ мемлекетіне автономия сұраған жоспарлы мақсаттары болатын. Ұлттық санаға ден қойған Алаштықтар идеологиясы лезде қанаттанып ескермеуге, есептеспеуге болмайтын саяси күшке айнала бастады. Сондықтан да Кеңес үкіметі

Алашорданы танудан бас тартты. 1919 жылы Алашордаүкіметінің қызметі тоқтатылды.

А.Байтұрсынұлының қазақ әдебиетіндегі ұлттық рух пен идеяны уағыздаудағы еңбегі де ұшан-теңіз. Тұңғыш кітабы – «Қырық мысал» [7, 21-83] түрі мен батыл идеялары және көркем тілі арқылы халық санасын оятуға қызмет етті. Эзоп, Лафонтен, Крылов, Абай шығармаларын ақындық талантымен еркін пайдаланып мазмұндық, түрлік жаңалықтары бар дәстүрлі әдебиеттен өзгелеу шығармалар жазды. «Маса» [7, 83-141] аталатын екінші жинағында Абайдың сыншылық дәстүрін дамыта отырып, мазмұндық түрлік бағытта да жаңалығы мол тың шығармалар жазды. Қазақ халқының ұлттық рухын көтеруді мақсат қылған.

Абай мен Шәкәрім, А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатов, М.Жұмабаев пен ЖүАймауытұлы, С.Сейфуллин мен І.Жансүгіров, С.Сәдуақасұлы мен Б.Майлин, М.Әуезов пен Ғ.Мүсірепов т.б. қаламгерлер шығармаларында Алаш идеясынан басталған ұлттық рух бейнесін жазу үрдісі үзіліссіз жалғасып келеді. Қазақ әдебиеті көрнекті қаламгерлердің ұлттық рухты бейнелеудегі ізденістері мен ерен табыстары А. Ісімақованың «Алаш әдебиеттануы» атты еңбегінде (Алматы: Мектеп, 2009) жүйелі түрде, деректі мысалдармен дәйекті баяндалған.

Әдебиет:

1. Бисенғали З. ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасы. - Алматы: Мектеп, 1989; Әбдіманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы. - Алматы: Арда, 2007
2. Алаш. Алашорда. Энциклопедия. - Алматы: Арыс, 2009.
3. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. - Алматы: Мектеп, 2009.
4. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. - Алматы: Атамұра, 2005.
5. Базылхан Н. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
6. Машани А. Әл-Фараби және Абай. - 2-том. - Алматы: Алатау, 2005.
7. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – 1-том. - Алматы: Елшежіре, 2013.

Қазақ әлемінің алаш арыстарының шығармаларындағы тілдік бейнесі

Манкеева Ж.

*Алматы қаласы, А.Байтұрсынұлы атындағы
тіл білімі институты, Лексикология бөлімінің меңгерушісі
филология ғылымдарының докторы, профессор*

Аңдатпа: Мақалада Алаш зиялыларының ұлттық сананы ояту идеясын іске асырушы және таным әлемі мен қоғамға деген еңбегінің қозғаушы күші, әлеуетті құралы ретіндегі тілін «тілдік тұлға» кешенінде анықтау мәселесі қарастырылады.

Түйін сөздер: Алаш идеясы, тілдік тұлға, оқулық, сөздік, тілдік бейне.

Summary: This article examines the issue of identifying the national consciousness of the Alash intellectuals and defining the language as a driving force of the world of work and labor, as a potential instrument in the "language face" complex.

Key words: Alash idea, language identity, textbook, vocabulary, language picture.

Қай заманда да, елдік мәселесі сөз болса, ұлт санасындағы қазақ рухын көтеретін қазақ сөзінің әлеуеті мен ана тілінің сол кезеңдегі жайы қатар айтылады. Жыраулар поэзиясының алмастай жарқылдаған тілінде ол «Атақоныс», «Жерұйық» сияқты қастерлі ұғым мен ата-бабаларымыздың «ерлік» пен «елдікке» тән мұрат-мүддесін дәріптесе, Алаш зиялыларының бәрі дерлік тілді ұлт болмысының өзегі, ел туралы сөздің арқауы, ұлттық сананы сақтау мен жаңғыртудың қуатты құралы деп санайды. Ұлтты ұйытып, тұтастыратын қазық деп таниды.

Өз алдына егемен ел болған тәуелсіз мемлекетіміздің тұғырын нығайтып, сол жолда қайта түлеу, рухани жаңғыру кезеңін бастан кешіріп отырған бүгінгі күнде Алаш туын көтерген ағаларымыздың рухани мұрасын зерделеп, сөздерінің асылын бағалап, құдіретін танытудың маңызы ерекше. Осымен байланысты көсемсөзін кестелі сөзбен өрнектеген сөз зергері Ә.Кекілбаевтың мына пікірі назар аударарлық: «Құдайдың өз бергенін өзіміз көпсінбейік», – деп, кебежеміздің түбін қақпаймыз, күбіміздің түбін сарықпаймыз, баламыздың басын, көгеніміздің бұршағын санамаймыз. «Қазақ мәдениетінің *ағалар* (ерекшелеген – біз) құрып, жүзінен жырып берген айшықты қызылды-жасылды өрмегінің қылышы қолымызға тигенде, арқауын босатып, төсегін селкеулеп алмас па екенбіз, алдағылар бастап берген айшықты өрнектен жаңылысып, күлді бадамға ұрынып жүрмес пе екенбіз?» деген уайым тебірентсе ләзім». Бұл сөз жақсы ағаның тілді «құрал» деп белгілеген ұлттық рухани көсемі – А.Байтұрсынұлының 125 жылдық мерейтойында жасалған баяндамасынан алынып отыр. Байқап отырғанымыздай, аталған жайт қазіргі әлем кеңістігіндегі жаһандану мен ұлтсыздану өріс алған алмағайып замандағы «тәуелсіздік» ұғымының жаңа деңгейімен астасып, ұлтсыздану үдерісіне қарсы ұлтжандылық сананың жаңғыруына бағытталған тәуелсіз мемлекетіміздің мүддесімен сабақтасады.

Осыған орай тілдік санасында тұлғалық ой түзетін сөз иесінің шығармашылық мұрасындағы дүниенің тілдік бейнесіне мән беріп зерттеудің орны ерекше. Соның барысында алаш зиялыларының еңбектерін терең де жан-жақты деректі зерттеу ұлт тарихында орны бар тұлғалардың мазмұнды істерінің, биік те өршіл рухының, білімі мен біліктілігінің, шешендігі мен ерекше танымдық қабілет-қасиеттерінің, шыққан тегінің терең тамырын олардың бойына сіңген тіл құдіретінен табуға болатынын көрсетеді. Соның нәтижесінде әр тұлғаның даралығы, ішкі терең сезім көрінісі, қоршаған ортаны өзінше қабылдауы, соған сәйкес өзіндік сөз таңдап, елді аузына қарататын қасиеттері оларды тілдік тұлға ретінде қалыптастырады. Демек, тілдік тұлғаның қуаты, сөзі, ойы мен мақсатын сипаттайтын қоғамдық-әлеуметтік істері, психологиясы ұлт перзенті ретіндегі ұлтжандылық танымы халқын сүйетін ерекше сезіммен бірлесіп, олардың бойындағы ізгі

қасиеттердің оянуына, тұлғалық болмысымен тұтасуына негіз болады. Атап айтқанда, алаш арыстарының жан дүниесі мен дарын қабілетіне қозғаушы күш ретінде ықпал ететін нақты әрекеттері – көбінесе тіл арқылы дәйектелетін шығармашылық, ағартушылық, күрескерлік қызметтері мен еңбектері.

Профессор В.А.Маслованың көрсетуінше, «тілдік тұлға» ұғымының мазмұнына мынадай құрылымдар енеді: 1. құндылықтық (аксиологиялық), дүниетанымдық жүйе, тәрбие мазмұны; 2. тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі; 3. жеке тұлғалық қасиеттер [1,119]. Міне, алаш зиялылары А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы т.б. қай-қайсының да бойынан табылатын жоғарыда көрсетілген қасиеттер олардың парасат, таным мен білім деңгейімен ұласып, олардың тұлғалық мінезінің саяси, қоғамдық, психологиялық т.б. ерекшеліктерін тілі арқылы түзеді. Мысалы, Х.Досмұхамедұлының ерекше тілдік тұлға ретінде қалыптасуына әсер еткен қайнар көздердің бірі – ол дүниеге келген тарихи шежіре мен көркем сөз астасқан Еділ-Жайық өлкесі. Бала кезінен Исатай-Махамбеттің ерлігі мен істерін, көркемсөзін көнекөз қариялар аузынан естіп, халқымыздың қайғы-мұңын жырлап, отаршылдық саясатқа өлең-толғауларымен қарсы шыққан және сол өлкенің гауһар жырларын («Қырымның қырық батыры» жырлар циклі) аманат етіп жеткізген Мұрат Мөңкеұлының жырларын тыңдап, таным бұлағын суарып, рухына сіңіріп өскен ерекше «тіл әлемінде» ер жеткен.

Сонымен бірге заманымыздың өзгерісін, болашағын сезінген әкесінің арқасында әуелі орыс-қазақ мектебінде оқуы, кейін Теке (Орал) қаласындағы реалдық училищені үздік бітіріп, соңында Санкт-Петербургтегі әскери-медициналық академияны (1903-1909 ж) үздік бітіруі жас талаптың өнер-білімге құштарлығын ғана қанағаттандырмай, оның жан-жақты білім парасатын, биік ой-өрісінің көкжиегін кеңейтіп, тұлғалық деңгейге көтерді.

Ал әрі қарай келесі кезеңде (екінші деңгейде) тілдік тұлғаға тән танымдық кеңістікті құрайтын әртүрлі түсініктер мен білімі өзектеліп, өзіндік ғаламының тілдік бейнесі ашылады, өзіндік тезаурусы қалыптасуына жалғасуы – заңды құбылыс.

Х.Досмұхамедұлының бұл деңгейге сәйкес тұлғалық шығармашылығының жүзеге асып, тұлға ретінде танылуының бір қыры – оның публицистикасы мен өзіндік көркемсөз үлгілері. Оларды шартты түрде бірнеше топқа бөлуге болады: тарих, әдебиет, тіл, медицина, гигиена, биология, табиғаттану. Мысалы, тарихқа қатысты мақалаларында ерекше көзге түсетін сипаты: деректілік, ақпараттылық, түсінікті де нақты тіл, жай мазмұндау емес, пайымдау және өзі баяндап отырған тұлғалардың бағасын беріп, сипаттап отыруы. Бірақ ең бастысы – сол деректердің бәрі ел аузынан жинақталған жырлармен өрнектеліп, олар тек жалаң тарих емес, рухани құндылық, тілдік қазына ретінде айшықты тілмен көркемделіп, көркемделіп дәйектеледі. Мысалы, Жанұзақ жыраудың, Боран жыраудың, Махамбеттің

Жәңгір ханға айтқаны, Шернияздың, Мұраттың сөздері тарихпен тамырлас беріледі.

Х.Досмұхамедұлының өзіндік танымдық деңгейдегі білімін өзектеп, тілдік тұлғасын анықтайтын – мақалаларының ғылыми танымдық сипаты. Мысалы, *аламан* ұғымын «тәртіпке, жолға, низамға көнбейтін, өз дегені болмаса басқаны елемейтін топ» деп анықтауы, біріншіден, жаңалық сипатымен, екіншіден, халқымыздың «өзімшілдік», «бәсекелік», «менмендік» сияқты жағымсыз қылықтарымен байланыстыруы арқылы өзекті. Және ойын: «Әлеумет туралы бір ой жоқ», – деп қорытып, «Отан бірлігі, Отан сүю сезімі, әлеуметшілік міндеті секілді бүтін мемлекетке керек сезімдерді менмендік, бәсекелік, ерегіс секілді аламандықтың жеңгенін» де ел арасынан жинаған ескі сөздер арқылы анықтайды (Жиёмбет батырдың сөзі т.б.) [2,107-110].

Тілдік тұлғаның прагматикалық деңгейінің басты өзегі – тыңдаушының танымын, көзқарасын, психологиясын айтушының ескеріп, барынша оған ықпал етуі, сөзін ұғындыруды, ойын жеткізуді мақсат етуі. Бұл арада прагматикаға негіз болатын уәж бен мақсат тілдік тұлға сатысына көтерерлік қуатты факторлар екенін атап өткен жөн. Мысалы, Х.Досмұхамедұлының тілдік тұлғасын уәж мақсат-мүдделерінің мазмұны белгілеп, тілдік тұлғалық прагматикалық ерекшеліктерін қалыптастыратын, біздің ойымызша, медицина, гигиена т.б. саласындағы мақалалары, еңбектерін ұлт қамын, болашағын ойлаған мемлекеттік мүдде мен кәсіби тұлға тұрғысынан жасаған мұрасы, қазақ тілінде жазылған ғылыми стильдің, ғылыми түсініктеменің прагматикалық үлгісі деп бағалауға болады. Осы бағыттағы зерттеулерде кез келген тілдік тұлға, ең алдымен, «ана тілін дамытушы» деп қарастырылады. Осы орайда Х.Досмұхамедұлының тілдік тұлғасының танымдық-шығармашылық нәтижесі ретіндегі нақты прагматикасының тілдік көрінісі – ХХ ғасыр басында пайда болған ағартушылық және ұлттық сананы ояту үшін ұсынған биология, жануарлар, адамның тән тірлігі бөлімдеріндегі пән сөздер. Х.Досмұхамедұлы көрсеткендей, «олар барынша сөйленіп жүрген ылайықты сөздер», бірақ ғылыми сипаты қазақша берілген. Мысалы, *теңге қотыр, жап-жайшалар, бір қуыстылар, былқылдақ тәнділер, боршалар, кебістер, шыбыртқылар, астырт, үстірт, шеткей* т.б. [2, 172-174].

Сол сияқты М.Дулатовтың дискурсындағы ғаламның тілдік бейнесін автордың таным әлеміндегі ұлттық құндылықтарын сипаттайтын «ұлтжандылық», «дін», «қиял», «оқу», «ғылым», «өнер-білім», «ана тілі», «қазақ жері», «татулық», «азаттық», «әйел теңдігі» т.б. концептілер құрайды. Қараңыз: *Жүйрік қиял дүниені кездіріп,*

*Туган ел мен өскен жерден бездіріп.
Қиын қизаш қияларға жетектеп,
Сырын айтпа, жөні қалай сездіріп.
Ере бердім мен артынан бір есер,
Қарсы келіп еркім бар ма тіресер?
Жел айдаған тұрағы жоқ қаңбақтай,*

*Азынымды, – дедім-дағы, – сай кесер.
Сай орнына душар болады терең жар,
Мезгіл жетпей шығу қиын, өзі тар.*

Өзіндік ерекшелігін көрсететін прагматикалық деңгейге сай сөзқолданыс М.Дулатовты тілдік тұлға ретінде айқын танытатын уәждері мен мақсатына қызмет етеді.

*Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,
Қарағым, енді жату жарамас-ты, –*

деп жырлаған «Оян, қазақ!» кітабы, «Бақытсыз Жамал» романы т.б. – соның айғағы.

Оқу-ағарту ісіне араласқан нақты әрекеті «Есеп құралы» оқулығының тілінде де прагматикалық мақсаты төл мәдениеттің ұлттық тәрбиеге жалғасуын тірек етеді: *Жылқыбайдың 4 айғыр үйір жылқысы бар еді, тағы бір қысырақ матады. Жылқыбайдың жылқысы неше үйір болды?* [3, 114]. Міржақып тілінде Алаш зиялыларына тән ұлттық танымының тереңдігін дәлелдейтін тілдік құралдар жеткілікті:

авторлық метафоралар: *қыран бүркіт, қырғи құс, аспаһани қылыш* (жақсы жігіт); *ағып жатқан бұлақ* (ғылым); *бағлан* (талапты жас); *тұман* (сауатсыздық) т.б.;

лингвомәдени бірліктер: *ақ үй, қара үй, қараша үй, отау, ошақ, үкі* т.б.;

фразеологизмдер: *қазақ баласы енді оянбасаң, мәңгіге шейін ұйқың ашылмай, қараңғыда, құлдықта, тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кеткенің.*

Қорыта айтқанда, Алаш зиялыларының ұлттық сананы ояту идеясын іске асырушы және таным әлемі мен қоғамға деген еңбегінің қозғаушы күші, әлеуетті құралы ретіндегі тілін тілдік тұлға кешенінде анықтаудың мәні зор.

Әдебиет:

1. Маслова В.А. Лингвокультурология. - Москва: Академия, 2001
2. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы шығармалары. - Алматы: Ана тілі, 1998
3. Дулатов М. Алты томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Мектеп, 2013.

Ахмет Байтұрсынұлы қағидаларына негізделген қазақ тілін оқыту жүйесі қандай болуы керек?

Дәулетбекова Ж.

Абай атындағы ҚазҰПУ кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, доцент

Аңдатпа: Қазақ тіл білімі, әдебиеттануы және оларды оқыту әдістемесі секілді ғылым арналарын жүйелеген Ахмет Байтұрсынұлының айтқан ой-пікірлерінің маңызы дәл бүгінгі рухани жаңғыру жағдайында өзектене түсіп отыр. Бұл мақалада автор «Ахмет Байтұрсынұлы қағидаларына негізделген қазақ тілін оқыту жүйесі қандай болуы керек?» – деген сауалға жауап іздейді.

Түйін сөздер: білім беру, даму стратегиясы, оқушының сөйлесім әрекеті, ережелер, функционалды сауаттылық.

Summary: The essence of AkhmetBaitursynov's ideas, which systematically organizes science channels, such as the Kazakh linguistics, literary criticism and teaching methods, is crucial in today's spiritual revival. In this article the author answers the question: What should be the system of teaching Kazakh language based on the principles of AkhmetBaitursynuly?

Key words: education, development strategy, student interaction, rules, functional literacy.

XX ғасыр басы – қазақ ғылымының дәуірлеу кезеңі. Оның сыры Алаш арыстарының өзі зерттеу нысаны етіп алған ғылым салаларының негізін қалауда ұлттық дәстүрлерді әлемдік өркениет үрдістерімен үйлестіріп, оларды өте білгірлікпен ұштастыра білуінде еді. Сондықтан да қазақ тіл білімі, әдебиеттануы және оларды оқыту әдістемесі секілді ғылым арналарын жүйелеген Ахмет Байтұрсынұлының айтқан ой-пікірлерінің маңызы дәл бүгінгі рухани жаңғыру жағдайында өзектене түсіп отыр. Ғалымның «Оқыту дегеніміз – асылында, оқушыны үйренуге үйрету» деген қағидасы кезеңдік я бір дәуірлік міндетті емес, ұлттық шеңберден асып, жалпыадамзаттың білім жүйесін құрудың өзегі болардай жүкті арқалап тұр. Бұл қағиданың оқытуды жаттатумен, тіпті бүгін ғана айтылып, ертең ұмытылатын үстірт білім берумен шатастырылған жадағай жүйемен мүлде үйлеспейтіні анық.

Кешегі кеңестік кезеңде қасақана бұрмаланған «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» әсіресаясатшылдық қазіргі таңда «бар еркіндік балаға тиесілі, не тапса, соны ілсін» деген басы мен аяғы жоқ әсіреұраншылдыққа ұласқандай. Күні бүгінге дейін схоластикалық білім беруді «дәстүрлі оқыту» деп шатастырып жүргендер өркениетті елдердің бөтен қалыбын, бөгде тәртібін түгелдей көшіріп, мектепке сіңіруге ден қойғандай көрінеді. Көшіріліп жатқандар – жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер ғана емес. Ұлт болашағының рухани дүниесіне іргетас қалайтын гуманитарлық пәндер де солай ойысқан. Соның бір ғана мысалы: жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша ана тілі ретінде оқытылатын «Қазақ тілі» де, өзге тілді мектептерде үйретілетін «Қазақ тілі» де бірдей мақсатта, бірегей мазмұнда, бірдей әдістемемен оқытылады, күтілетін нәтиже де бірдей түзілген. «Балалар сөйлей алмайды, тілді оқытудың түпкі нәтижесі – сөйлеуге үйрету, ал біздің балалар қазақ тілінің теориясын жаттаудан аса

алмайды» деген сылтаумен қазақ тілінің грамматикалық жүйесі қожыратылып, үзіп-жұлынып, қалай болса, солай берілген.

Білім беру мемлекеттің даму стратегиясымен үнемі бірлікте жүзеге асырылғанда ғана ел болашағын баянды етуге қызмет ете алмақ. Олай болса, бүгінгі мектептің білім жүйесі де Президент негіздеп, елі қолдаған «Мәңгілік ел» болу үшін «Мәңгілік тілін» сақтауға, «Ұлы дала елінің» «Рухани жаңғыруына» жол ашуға, сол идеяларды жүзеге асыруға бағытталуы керек емес пе? Балалар сөйлей алмаса, оның себебін мектепте оқытылатын тілдің грамматикасынан емес, сол грамматиканы жаттатуға мәжбүрлеген оқыту жүйесінен іздеген жөн болар. Біздіңше, оның екі себебі бар: біріншісі – осыған дейін мектеп түлегінің білімін мемлекеттік бағалау жүйесінің тек тест арқылы бағалауға негізделгені. Екіншісі – пәнді меңгертуде мән бере оқытуға назар аударылмауы.

Жалпы орта білім беру жүйесінде оқушылардың өмірлік дағдыларын қалыптастыруға жете көңіл бөлінбегендіктен, мектеп балаларының басым бөлігі оқудың, оқу пәндері арқылы алынатын білік-дағдылардың өз өмірлеріне қажеттілігін түсінбеді, оның өз болашағымен сабақтастығын сезінбеді. Балалардың арасында оқуды күнделікті мектепке барып, белгіленген сағат мөлшерінде сыныпта отырып қайтуға тиіс міндет секілді қабылдайтындардың бары да жасырын емес. Сол себепті де «қазір балалар сабаққа қызықпайды», «оқушылар тек ата-анасынан қорыққанынан сабаққа келеді», «өздігінен оқуға, тапсырманы орындауға икемсіз», «олар тек баға үшін оқиды», «оқушылар оқуға құлықсыз, қазір айтқаныңды қазір ұмытып қалады» деген сөздерді үлкендер аузынан жиі естіп қаламыз. Оның дәлелін өз пәнімізге қатысты айтсақ: қазақ тілін он бір жыл оқыған балалар мектеп бітіретін соңғы екі жылда, 10-11-сыныптарда бірыңғай ұлттық тестіден жоғары ұпай жинау үшін репетитор іздеді. Осының себебі – не? Енді келіп, әлемдік білім кеңістігіне ұмтылып отырған кезде өркениетті елдердегідей мемлекеттік емтиханға эссе жазуды бірден енгізіп жібергенде, құрғақ білімнің өзін меңгеруде осалдық көрсетіп отырған балаларымыздың жайы не болып жатыр? Эссенің не екенін өзі білмейтін мектеп мұғалімі оны қалай жаздырып, қалай бағалай алады? Санай берсең, сұрақ көп, жауап жоқ. Барды бағамдай, жоқты түгендей келгенде бір нәрсе анықталды: мектепте білім үстірт меңгертіліп келді. Бүгінгі таңда да ол оң шешімін таппай отыр. Сонда не істеу керек? Біздің ойымызша:

1. «Қазақ тілі» пәнін оқытуды өзіміздің дәстүрлі жүйемізге сәйкес қазақ тілінің грамматикасына негіздеу керек. Бірақ оны таза теориялық тұрғыдан емес, функционалдық қызметіне сәйкес түзіп, оқушының логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, оның **тіл туралы дүниетанымын қалыптастыруға мән бере оқытуға назар аудару** қажет. Бұл бағытта оқушының теориялық тақырыптарды дүниетанымдық тұрғыдан игеруі маңызды саналады. Осы жерде Ахмет Байтұрсынұлының «нәрсенің атын алмай, затын алып оқыту керек» деген қағидасы басшылыққа алынуы заңды.

Шындығында, жалпы білім беретін мектептің үш сатысында да үзбей

оқытылып келе жатқан «Қазақ тілі» пәніне бөлінген сағат саны аз емес. Пәннің білім мазмұны да жүйеленіп, ретті берілген болатын. Бірақ мұғалімдердің көпшілігі тілді меңгертуде оң нәтижеге жете алмады. Себебі: мектеп тәжірибесінде ана тілін көп пәннің бірі деп санау басым болып келеді, оның жалпы оқушының қалыптасуындағы бірегейлік рөліне үстірт қарау белең алды. *Тілді сую, тілді құрметтеу, шебер сөйлеу* дегендер жалаң уағыз, жалған ұран қалпынан аса алмады. Әлі де солай жалғасып келеді.

Бала дұрыс сөйлеуге үйрену үшін ол алдымен дұрыс ойлауға үйренуі керек. Ойлау қабілетін жетілдірудің бір тетігі – оқушының тіл туралы дүниетанымын қалыптастыру. Тіл пәні балаға тек грамматиканы, пунктуацияны меңгерту үшін оқытылмайды. Сондықтан ұсынылатын теориялық тақырыптар ауқымында тілдің адам үшін қажеттігін, өзгеше құбылыс екендігін, оның өзіне тән заңдылықтары мен ерекшеліктері болатындығын, тілдің ұлттық ділмен, халық танымымен сабақтастығын таныту нәтижесінде ғана баланың тіл туралы өзіндік көзқарасы пайда болады. Сабақ барысында тілдің жүйелі әрі дамушы құбылыс екенін білу, тілдің ұлттық құндылық екенін, ата-бабалардан қалған асыл аманат екенін түсіну, тілдің ұлтты ұйыстырушы негіз, халықты біріктіруші мәйек екенін білу, тілдің жеке адам мәдениетінің ғана емес, жалпы ұлт мәдениетінің көрсеткіші екенін түйсінуге арқылы баланың тілге деген қатынасы қалыптасып, жауапкершілік сезімі артады. Ал мұның бәрі тіл мен тұлғаның, тіл мен тарихтың, тіл мен ділдің байланысы туралы ұғымды кеңейту арқылы жүзеге асады. Ол үшін тіл сабағы жаңартылған оқу бағдарламасындағыдай лексикалық тақырыптарға емес, тіл туралы тақырыпқа негізделуі шарт.

2. Оқушының қазақ тілін саналы меңгеруі **тілдік терминдерге мән бере оқытумен** тікелей байланысты. Тілдің теориясын сапалы игеру оның атауына айналған термин сөздің мағынасын дұрыс түсінуден басталмақ. Тіл терминдерінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлының ұлылығы сол: әр терминді жасауда халықтың тілдік қорынан дәл сол тілдік құбылыстың өзіндік ерекшелігін, оның бүкіл табиғатын ашатындай ойға оралымды, көңілге қонымды сөздерді сәтті таңдай алуында. Сол себепті тіл пәні мұғалімі баланы әуел бастан терминнің мағынасын түсінуге дағдыландырып, сол арқылы тілдік құбылыстың табиғатына назар аудартып үйретсе, бала кез келген терминнің мәнін еш кедергісіз түсініп, оларды саналы меңгеретіні сөзсіз. Мысалы «зат есімді» оқытқанда, оның атауы «зат» және «есім» деген сөздердің бірлігінен тұратынын, яғни, заттың атын білдіретін сөздер екенін ұғындырса, ол білім оқушы ойында біржола бекіп қалады. Сосын ғана зат, ұғым, құбылыс атауларына тоқталып, олардың әрқайсысының ерекшеліктерін таныту арқылы білім бекітілмек. Немесе «есімшені» өткенде, ол етістікке тән категория болғандықтан, заттың іс-қимылын, әрекетін білдіретінін, бірақ есім сөздерше түрленетіндіктен, «есімдерше түрленетін етістік» деген ұғымды білдіретіні айтылуы орынды. Міне, осындай «өзі сөйлеп» тұрған қазақ тілі терминдеріне мән бере оқыту білім сапасын арттырудың ұтымды жолы болып саналады.

3. Қазақ тілі пәнінде теориялық ережелерге мән бере оқыту да оқушы түсінігін қалыптастыруда, ойын дамытуда маңызды орын алады. Бірақ осы мәселе де көп жағдайда мұғалімдер назарынан тыс қалып жатады. Сын есімді түсіндіріп тұрған мұғалім оған «ақ бантик», «қызыл орамал», «биік ағаш», қалың орман», «ашық аспан» деген секілді мысалдар келтіреді. Мұндай мысалдарда ой шашыраңқылығы орын алады. Ал шашыраңқы ой баланың оны дұрыс түсінуіне кедергі жасайды. Неге? Өйткені ереже бойынша, «Сын есім дегеніміз – заттың сынын, сипатын, түрін, түсін, көлемін және т.б. сындық қасиеттерін білдіретін сөз табы», – деп берілген. Ол үшін мұғалім тақтаға алманың суретін салып, оның сындық белгілерін оқушылардың өзіне тапқызуына болады. Мәселен, *қызыл* сөзі алманың түсін; *үлкен* – көлемін; *хош иісті* – иісін; *шырынды* – сапасын; *тәтті* – дәмін т.б. білдіретіндігін балаларға «ой шақыру» әдісі бойынша тапқызып, ең соңында өздеріне ереже шығартуға болады. Сын есімді оқыту үдерісінде нәрсенің сан түрлі белгісі мен сынын ажыратуға төселу оқушылардың әр нәрсеге, әр құбылысқа мән бере қарауына, оларды сипаттап, суреттеуге үйренуіне ықпал етеді.


4. Тілді оқытуда **оқушының сөйлесім әрекеті түрлерін өзара бірлікте меңгертуге мән берудің** де маңызы зор. Бала қаншалықты дұрыс сөйлеуге үйренсе, қоғамда өз орнын таба алу мүмкіндігі соншалықты арта түспек. Жас ұрпақтың бойында шебер сөйлеуге деген құлшыныстың оянуы адам сауаттылығы айрықша рөл атқаратын қазіргі таңдағы бәсекелестікке құрылған қоғамда үлкен мәнге ие. Себебі бәсекелестікке бейімділік тұлғаның ақыл-ой қабілетін керек ететін барлық салада қажеттікке айналды. Адамның білімі ғана емес, оның ортада тіл табыса еңбек етуге бейімділігі мен өз көзқарасын дұрыс жеткізе білу қабілеті жаңа заман жастарының бойында батылдықтың, алғырлықтың, қарым-қатынас әдебінің болуын ерекше қажет етуде. Алдымен назар аударылуы тиіс нәрсе – сабақта сөйлеу әрекетінің **тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім** секілді барлық түрлерін қатар, өзара сабақтастықта қолдануды жүзеге асыру. Дана халқымыз айтқандай, «сөз анасы – құлақ» болса, ең әуелі оқушының *тыңдалым* дағдыларын қалыптастыру маңызды. Дұрыс тыңдай алатын, «құйма құлақ» бала ғана есті сөздің парқын түсінеді, әдемі, әсерлі сөзден үлгі алады, әдепті сөйлеуге үйренеді. Ол үшін қазақ тілі сабақтарында балаларға көркем де ойлы сөз үлгілерін мол ұсынып, тілдік талғам қалыптастыруға көңіл аударылуы тиіс. Ал ең бастысы – мұғалім сөзінің бала үшін шебер сөйлеудің шынайы үлгісін танытарлықтай болуы шарт. Көне үндінің бір мақалында: «Ұстазы сақау болса, шәкірті мақау болады», – деп айтылған. Сондықтан: «Сөз шеберлігі барлық пән мұғалімдеріне қажет», – десек те, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі үшін ол кәсіби шеберліктің басты талабы ретінде қойылуы тиіс. Оқылымды да, жазылым да, айтылым да баланың сөйлеу тілін жетілдіру мақсатында ұйымдастырылуы шарт.

5. Қазіргі таңдағы білім жүйесіндегі барлық өзгерістің тірегі етіп «Нәтижеге бағдарлай оқыту» моделі алынса, оның шынайы түрде жүзеге асуы пән сабақтарында **оқушының функционалдық сауаттылығын**


қалыптастыруға мән беру арқылы мүмкін болмақ. Әдетте балаға теориялық білім беріледі де оның практикалық маңызы, сөйлеу тіліндегі қолданысы елеусіз қалып қояды. Мысалы, қазақ тілінің ұлы заңы – үндестік заңы аясындағы буын және дыбыс үндестігі немесе ілгерінді ықпал, кейінді ықпал, тоғыспалы ықпал туралы оқушының білімі болғанымен, оны күнделікті өмірде қолданбайды. Оның себебі – мұғалімдердің басым бөлігі сауаттылықты «тек емлеге қатысты, орфографиямен және пунктуациямен байланысты» деп түсінетіндігінде. Сондықтан сабақта ауызша тіл сауаттылығына, орфоэпиялық нормаларға назар аударылмайды. Оған нақты дәлел келтірейік. «Білім жетілдіру институттарындағы дәріс барысында мұғалімдерден өлең не қара сөз үзінділерін оқуын сұраймын. Бірақ бірде-бір рет өлеңді үндестік заңына сай оқыған мұғалімдерді кездестірмедім», – десем, сенбессіз. Рас, мұғалімдер өлеңді мазмұнына сай мақаммен, ырғақпен әсерлі етіп оқиды. Бірақ орфоэпиялық норма мүлде ескерілмейді. Олар өлеңді қалай жазылса, солай оқуға дағдыланған. Ал ондай мұғалімдердің оқушыдан орфоэпиялық норманы сақтауды талап етпейтіні өзінен өзі түсінікті. Өйткені оның өзі бұл заңның арғы жағына үңілмейді, оны «қажетті» деп те санамайды. Қазақ тілін оқытудың басты мақсаты – оқушыны сөйлеуге үйрету болса, әдеби тіл нормаларын сақтай отырып сөйлеуге үйрету қажет емес пе? Орфоэпиялық норма – қазақ әдеби тілінің аса маңызды нормасы. Осы норма тіліміздің әуенділігі мен әуезділігін, сұлулығы мен салтанатын, В.Радлов айтқандай, «бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай» ерекше айтылу сырын тануға негіз болмақ. Олай болса, тілдік норманы сақтауға дағдыландыру талабы қазақ тілін меңгерту үдерісінде теория мен практиканың бірлігіне мән бере оқыту жолымен функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың қажеттігін бекіте түседі.

6. Мектепте оқытылатын қазақ тілі сабақтарында баланың **ой қорытуына, өзіндік тұжырым жасауына, сол тұжырымын көрнекі түрде жеткізуіне мән беру** қажеттігі ескерілмейді. Ол міндет оқылған теориялық материалдарды сызба, кесте, диаграмма түрінде жинақтап беруге төселдіру арқылы шешімін табар еді. Бұл, әсіресе, баланың түсінуіне қиындық келтіретін тақырыптарды саналы игертуде үлкен рөл атқарады. Мәселен, етістік сөз табының аясында оқылатын «етіс түрлерін» балалар үнемі шатастырып жатады. Сондықтан мұндай тақырыптарды өткенде теорияны сызба арқылы меңгерту ұтымды борлмақ. Етіс категориясындағы басты өзек – әрекет иесі (субъект) мен әрекет арасындағы қатынас. Осы түсінік сызба арқылы төмендегідей етіп берілсе, оқушы бұл тақырыптарды әрі жеңіл, әрі ұғымды етіп игерері сөзсіз.


Өздік етіс




Өзгелік етіс



Ырықсыз етіс



Ортақ етіс



Бұл сызбаларда жалпы етіс атаулы әрекет пен сол әрекетті істеуші арасындағы қатынасты білдіретіні анық байқалады. Бұл жерде де, жоғарыда айтылғандай, тілдік құбылыстарға мән берудің нәтижесінде оқушының білімді жылдам әрі оңай меңгеруіне қол жеткізіледі. Бұл сызба арқылы мәтін құрату немесе мәтін мазмұнына сай ой қорытып, оны кесте, сызба түрінде жүйелеуге мән берудің ұтымдылығын көрсетеді. Сонда оқушыны ойлауға үйрете отырып, сөйлеуге дағдыландыру талабы жүзеге асады.

7. Қазақ тілін оқытуда оқушының **құндылықтық бағдарын қалыптастыруға мән беру** арқылы қазақ тілінің төл табиғатын, қайталанбас даралығын, өзіндік болмысы мен бітімін, ұлттық сипатын танытуға мүмкіндік арта түсері кәміл. Ал бұл мәселе назардан тыс қалған жерде схоластикалық білім белең алмақ. Сондықтан қазақ тілі сабақтарында оқушыға ұсынылатын тақырыптар ана тіліміздің сан алуан қасиеттерін қай жағынан таныта алатынын бағдарлай отырып оқытудың жөні бөлек. Мәселен, тілді оқытуда ең оңай тақырыптың бірінен саналатын «Қаратпа сөзді» алайық. Осы тақырып бойынша, әдетте, қаратпа сөздің адамның, яғни, тыңдаушының назарын аудару үшін қолданылатыны, оның оқшау сөздер тобына енетіндігі, өзге сөздермен байланысқа түспейтіндіктен, сөйлем мүшесі қызметін атқармайтыны түсіндіріледі. Қаратпа сөздердің тыныс белгісіне қатысты білім беріледі. Ары қарайғы жұмыстар өз ойынан құрастырып мысал келтірту я көркем шығармалардан қаратпа сөздер тауып айтуға, жазуға арналады. Оқушы берілген тапсырманы дұрыс орындаса, «ол қаратпа сөздерді түсінді» деп саналады. Осымен іс тәмам. Сонда қазақ тілін оқытудың мақсаты – осы ғана ма? Тілдік бірліктің ережесі мен тыныс белгісін білсе, жеткілікті ме? Онда «Білім өмірлік дағдылардың негізін құрауы тиіс» деген қағида қайда қалды? Білім қай тұста күзіреттілікке айналуы керек еді? Әрине, жоғарыдағы қаратпа сөз туралы түсінік те, оның тыныс белгісіне қатысты ұғым да қажет. Бірақ ол білімнің білікке, яғни, баланың өміртанымына айналуы үшін жеткіліксіз. Сонда не жетпей тұр? Жетпей тұрғаны: біріншіден, қаратпа сөздің адам қарым-қатынасының алтын көпірі екендігі туралы ұғым. Шын мәнінде, адамдар арасындағы кез келген қарым-қатынас олардың бір-бірінің назарын аудару үшін қаратпа сөзді қалай жұмсауына байланысты. Баяншының қаратпа сөзі тыңдаушының назарын бұрып қана қоймайды, тілдесімге ықыласы мен жағымды қатынасын тудырудың да маңызды алғышарты саналады. Неғұрлым сыпайы, неғұрлым

шынайы айтылған қаратпа сөз «сиқырлы күшке» ие болады. Ол «саңыраудың құлағын ашып, мылқауға тіл бітіре алады». Сондықтан да қазақ: «Жылы-жылы сөйлесең, жылан іннен шығады», – дейді. Олай болса, сол жылылықты туындататын алғашқы «тамыздық» – қаратпа сөз. Екіншіден, қаратпа сөз – әр халықтың ділінің, болмысының көрсеткіші. Қазақ дәстүрінде үлкенге құрмет, кішіге ізет жасау үлкен мәнге ие. Адамның кісілігінің өлшемі де – осы қасиет саналады. Бұл да адамның қаратпа сөзді қолдану әдебінен бастау алады. Жол білетін, жөн білетін қазақ үлкенге *аға, апай, атай, әжей* деп, ал кішіге *қарағым, шырағым, ботам, балам, айналайын* деп қатынас жасайды. Қазақ ешқашан «*Әйел, мұнда отырыңыз*», «*Еркек, кезектің соңы – сіз бе?*» – деп сұрамайды. Ендеше, қаратпа сөз – халқымыздың өзіне тән кішіпейілділігі мен сыпайылығына қоса оның бауырмалдылығы мен мейірімділігін танытатын көрсеткіш сөз. Үшіншіден, қаратпа сөздің басым бөлігі өзге тілге аударылмайтын этнолингвистикалық сипатқа ие. Мәселен, *ағатай, шырағым, айналайын, бауырым* сөздерін өзге тілге аудару мүмкін бе?! Олай болса, қаратпа сөздің магиялық қуаты мен қазақ тілінің сөз әдебіндегі өзіндік ерекшелігін осылай танытсақ, оқушының тіл туралы дүниетанымы кеңейеді әрі сөйлеу мәдениетін меңгереді.

8. Қазақ тілі сабақтарында **тақырыпаралық, салаларалық, пәнаралық байланыстарға мән бере оқыту** да білім сапасын көтерудің бір тетігі саналады. Үзік-үзік меңгертілген білім оқушының тіл туралы біртұтас танымын қалыптастыра алмақ емес. Бұл орайда ғалым К.Ахановтың «Қазақ тілінің ұғымдарын тектік және түрлік ұғымдарға ажырата оқыту баланың сапалы білім алуын қамтамасыз етеді» деген қағидасы басшылыққа алынады. Бұл тәсілдің тиімділігі тілдік ұғымдарды қазақ дәстүріндегі «Жеті ата» жолымен оқытудан анық көрінеді. Өйткені тілде бәрі – біртұтас, өзара тығыз байланысты, бір бүтінді құрайтын бөлшек. Сондықтан олар бірде тектік, бірде түрлік сипатқа ие болады. Мәселен, «Қосымша» деген тілдік ұғым «Жалғау» мен «Жұрнаққа» қатысы тұрғысынан қарағанда тектік те «Сөз құрамына» қатысы жағынан алғанда, түрлік саналады. Сонда «Жеті ата» жолына салып қарағанда: «Жалғау» мен «Жұрнақ» – «Қосымшадан» тараса; «Қосымша» – «Сөз құрамынан» туады; «Сөз құрамы» – «Морфологиядан»; «Морфология» – «Грамматикадан»; «Грамматика» – «Тіл білімінен»; «Тіл білімі» – «Филологиядан»; «Филология» – «Гуманитарлық ғылымнан»; «Гуманитарлық ғылым» – «Ғылымнан» тарайтын болып шығады. Ал ҒЫЛЫМ – ғаламды танудың кілті. Олай болса, қазақ тілі сабағында оқытылатын «Қосымшаның» сөзге жалғанатын жай ғана бөлшек емес, оның дүниежүзіндегі бес мыңнан астам тілдің арасындағы қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктері мен заңдылықтарына бағынатын және оның сол ерекшелігін танытуға қызмет ететін «аса маңызды тетік» екеніне көз жеткізіледі. Әрбір тілдік ұғымды осылай таратуға төселген бала, біріншіден, сол тілдік ұғымның басқа түрлік, тектік ұғымдармен сабақтастығын аша алады; екіншіден, сол арқылы тілдің жүйелі әрі өзгеше құбылыс екендігін ұғынады; үшіншіден, баланың логикалық ойлау қабілеті дамытылады, тіл туралы

саналы түсінігі қалыптасады.

Қорыта айтқанда, жас ұрпақтың мектеп қабырғасынан бастап тілдің діл қалыптастырушылық маңызы зор, ұлтты ұйыстырушы мәйек екенін саналы түсінуі арқылы белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болады. Мектеп оқушысының тіл туралы дүниетанымы мен көзқарасының, саналы түсінігінің қалыптасуы ана тілінің осындай негізгі қызметтері мен қырларына мән бере оқыту арқылы ғана жүзеге асады. Шашыраңқы лексикалық тақырыптардың астарына «жасырынған», бөлшектелген тілдік-теориялық тақырыпшалар арқылы бұл мақсатқа жету мүмкін емес. Олай болса, тілдік білімнің өзегіне қазақ тіл білімінің жүйесі алынуы керек те ол білім оқушының дүниетанымы мен сөйлеу дағдысын дамытуға қызмет ететін тетіктер арқылы меңгертілуі тиіс. Шын мәнінде, оқушыны «үйренуге үйрету» сол кезде толық шешімін табады. Сонда ғана, Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «нәрсенің атын алмай, затын алып оқыту жолымен меңгерілген білім балаға да, мемлекетке де пайдалы болады». Мән бере оқыту жүйесінің басты мақсаты мен көздеген нәтижесі де осыған саяды.

Алаш мұрасы: құндылық және тектілік

Смағұлова Г.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

Өтеген Б.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Филология
және әлем тілдері факультетінің 2-курс студенті*

Аңдатпа: Мақала Алаш қайраткерлерінің шығармашылық мұрасындағы құндылықтық бағдарларға арналған. Ұлттық болмыс-бітімнің өзіне тән ерекшеліктері мен «тектілік» концептісінің ұлт дүниетанымында тұжырымдалуы Алаш қайраткерлерінің өнегелі өмірімен тығыз байланыста қаралады.

Түйін сөздер: ұлт, ұлттық идея, құндылықтар, жаһандану, рухани жаңғыру, ұлттық код, «тектілік».

Summary: This research work is devoted to axiological directions in the work of the "Alash" figures. The specific nature of the national nature and the statement of the concept "tektilik" in the national worldview is closely examined with the life of the "Alash" figures.

Key words: nation, national idea, values, globalization, spiritual revival, national code, "nobility".

Алаш мұрасы – ұлттық құндылықтар жүйесінде маңызды орын алатын рухани игілік. Алаш қозғалысының тарихы – отандық ғылым үшін қазақпен бірге жасайтын мәңгілік тарих. «Ұлтының мәңгілігін ойлаған ұлы азаматтардың жүріп өткен жолын, ерлікке татырлық еңбектерін бағалау – есі бар ұрпақтың жадынан шықпайтын қастерлі борышы» деп білеміз. Бұл бағытта осы уақытқа дейін бірқатар үлкенді-кішілі ізденістер жасалды. Әсіресе К.Нұрпейісов, Ғ.Ахмедов, Р.Нұрғали, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, Ү.Сүбханбердина, Т.Жұртбай, М.Әбдешев М.Құл-Мұхамед, Ө.Әбдиманұлы,

Ғ.Әнес, Д.Қамзабекұлы, М.Тәжмұрат, А.Ісмақова, Ә.Қара, Д.Аманжолова, А.Махаева, Д.Сүлейменова, К.Ілиясова, Қ.Сақтың т.б. еңбектері – алаштануға қосылған қомақты үлес. «Алаш тарихысан тарапты зерттеулерді қажет етеді», – десек те, біздің ойымызша, қазіргі кезеңде Алаш қозғалысының мәнін, идеяларын халық санасына сіңіру – қазақ қоғамы үшін аса көкейкесті мәселелердің бірі. Өйткені Алаш қозғалысының идеялары – ұлтымыз үшін ең қасиетті, ең қымбатты құндылық – тәуелсіздігімізді нығайтумен сабақтасып жатыр.

Ұлттық болмысқа тән құндылықтар жүйесін бүгінгі күн биігінен сөз еткенде елдік тарихымыздың кейбір беттеріне үңілу қажеттігі туады. Бұл туралы Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде мұның қажеттілігін дәл көрсетеді: «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарихтың толқынында өзінің ұлттық «МЕН» дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр...»[1, 25].

Ұлттық тарихымыздың әрбір бетінде ұлттық болмысымызды ерекшелеуші ұлттық мәдени ерекшеліктеріміз бен құндылықтарымызға төнген қауіп-қатер іздері айқын көрінеді. Әсіресе, отарлық саясаттың ықпалында болған кезеңде ұлттың ұлт болып қалу мәселесі өткір мәселе болды. Бүгін біз шерлі тарихымыздың шежіресіне назар аудара отырып, мерейлі болашақ жайлы ой қозғаймыз. Алайда отарлық саясаттың ұлттық болмыстың өзіне тән келбетіне келтірген «нұқсанын» ескеруіміз қажет. Бұл туралы профессор Т.Ғабитов: «Ұлан-ғайыр, кең байтақ жерді иеленіп келген қазақ табиғатынан батыр мінезді, бостандық пен еркіндікті қастерлеген қайсар халық еді. Бірақ 270 жылға созылған тәуелділік жылқы мінезді халықты момын, қой мінездіге айналдырды. «Жаман үйді қонағы билейдінің», «Есіктен кіріп, төр менікінің» күйіне түсе бастады» [2, 255], – деп, дәлелді пікір айтса, Н.Байтенова: «...Орыстану саясатының негізінде қазақ тілі, жалпы мәдениеті құрып кетудің аз-ақ алдында қалды, неше ғасырлар бойы қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесінен ғана айырылып қалған жоқ, ол сонымен қатар ғылыми, соның ішінде философиялық ұғымдарды дамытып, байытатын тіл болудан қалды. Қазіргі кезде біздің алдымызда тұрған негізі мақсат – осы уақытқа дейін дамытылған ұлттық философиялық ұғымдар жүйесін қалпына келтіру және жаңа заманға сай байытылған жаңа философиялық ұғымдар жүйесін дамыту мәселесі тұр» [1,189], – деп, ұлттық құндылықтар дүниесін ұлттық философиялық ұғымдар жүйесі аясында талдап, мәселені шешу өзектілігін алға тартады.

Отарлық саясат жылдарындағы қазақ халқының тарихы түрлі ғылымдардың (тарих, әдебиет, мәдениеттану және т.б.) зерттеу нысанына айналып, зерделеніп келеді. Зерттеуші-ғалымдар тарапынан өткен тарихымыздағы ұлттық болмысымызға кері әсер еткен отарлық мақсаттағы іс-әрекеттер байыпты талданып, отарлық жүйе өз бағасын алып та үлгерді. Ендігі кезекте олардың назарын егемендігіміздің елеулі тірегіне айналар ұлттық құндылықтар жүйесін қайта жаңғырту мен жаһандану үдерісінің аясында қарастыру және өміршең ету мәселесі толғандырып отыр. Бұл

тұрғыда Алаш қайраткерлері мұрасының құндылықтық өзектілігі жеткілікті деңгейде ескерілуі қажет.

Рухани жаңғыру мәселесі – ұлттық құндылықтық бағдарларымызды жаңаша мазмұнда қарастыруға жол ашатын негізгі ұғым. Қоғамның рухани жаңғыруы – бірден бола салатын құбылыс емес, сол себептен де ұлттық құндылықтар жүйесі туралы толғамды ойларды, тұщымды пікірлерді тәуелсіз ел болғанмызға ширек ғасыр болғанда тереңінен қозғап талдаудың және оны жүзеге асырудың мүмкіндіктері туып отыр. Бұл мәселені дүниежүзілік мәдени-техникалық прогресс аясында бағамдау қоғамдық-гуманитарлық саланың білікті мамандарына, руханият пен мәдениет саласындағы зиялы қауым өкілдеріне маңызды міндет, жауапкершілік жүгін жүктеп отыр. Ғылыми-зерттеулердің де осы бағытқа ойысып жатқанын аңғару қиын емес. Бұл үдеріске Елбасының 2017 жылы жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы жаңаша серпін берді. Тәуелсіздігін тұғырлы да мәңгі етуге бағыт алған ұлттың мақсат-мұраттарын нәтижелі ететін ұлттың рухани-мәдени түп-тамырынан бастау алатын құндылықтар жүйесі екендігі анық. Мақалада айқын көрсетілгендей: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодыңды сақтай білу» [4]. Ал ұлттық кодтың тіл, діл, дін арақатынастары негізінде ұлттық құндылықтарымызды жинақтаушы күрделі ұғым екені түсінікті.

Алаш қайраткерлерінің шығармашылық мұрасындағы құндылықтық бағдарлар мен «тектілік» концептісін лингвоаксиологиялық тұрғыда қарастыру бүгінгі күн тұрғысынан өте қажет. Себебі бұл құндылықтар ұлтымыздың тарихи негіздерін таныта отырып, әлем таныған мемлекетіміздің болашақта та мәңгілік мұраттарын баянды етеді.

Халық танымында «текті» деген сөз қандай қасиетке ие болса, «тексіз» деген сөз жеті атасына дейін жететін ауыр сөздің бірі болып саналады. Сондықтан да, Алаш арыстарының өнегелі өмірі мен шығармашылық мұрасын «тектілікпен» байланыстыра қарау қажет.

Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Сейфуллин сынды ұлт зиялыларының азаматтық ұстанымдары мен шығармаларынан құндылықтық бағдарларын анықтаймыз. Ал онымен тығыз байланысты «тектілік» концептісінің ұлт дүниетанымындағы сипаттарын анықтау арқылы адам бойындағы қасиеттердің сапалық белгілерін тани аламыз және оның ұлт тарихымен үзілмес сабақтастықта жатқан терең сырларына қаныға түсеміз. Осы арқылы бұл ұғымның ұлттық құндылықтар жүйесіндегі мән-маңызы тілдік деректер арқылы жан-жақты қарастырылып, бүгінгі таңдағы өзектілігі жеткілікті саралануы тиіс.

Қазақтың сан ғасырлық тарихының жарқын беттерінде есімдері алтын әріптермен жазылған Алаш арыстарының өнегелі өмірі мен шығармашылық мұрасы айрықша құбылыс ретінде ұлтымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұрғаны сөзсіз. «Бұл болып тұрған заман – Алаштың азаматына зор жүк», – деп Ә.Бөкейхан айтқандай, қазақ қоғамы үшін қиын-қыстау дүбірлі шақта азаттық ұранын салып, іс жүзінде бытыраңқылық пен

мемлекеттік институттар қалыптаспаған сахара төсінде дербес мемлекет құруға бел шешіп кірісу – елдік тағдырымызды шешкен тарихи кезең болатын. Олар сол тұста кездескен қиындықтардың барлығын жеңе білді, түпкі мақсатқа жету үшін қандай да болмасын, замана сауалының оңтайлы шешімдерін таба білді. Оның жарқын әрі бұлтартпас мысалы – тәуелсіздіктің қарсаңында Алаш идеясының қайтадан жаңа күшпен жаңғыруы.

Дербес мемлекет болып қалыптасқан бүгінгі күнде *алаштық идея* саналы қазақ баласын, елжанды қазақ азаматын қайтадан баурап алу үстінде. Мұның басты себебі: Алаш қозғалысының ең ұлы мақсаты – ұлттық тәуелсіз мемлекет құру идеясымен сабақтасып жатқанында. ХХ ғасырдың басында ұлтының теңдігі үшін қауымдасумен де, қаламмен де, қарумен де күреске түскен Алаш қайраткерлерінің пәрменді еңбегі Алаш баласының есінен еш кетпек емес. Оның дәлелі – тәуелсіз Қазақстанның барлық түкпіріндегі қазақ зиялы қауымының ісіндегі, ойындағы алашшылдық сана. Бұл алашшылдық сана уақыт жылжыған сайын қазіргі қазақ қоғамында тереңдей түссе, халқымыздың ұлттық өресі де биіктей бермек. Алаш зиялыларының Қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Елбасы Н.Назарбаев «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы жене осы заман» атты тарауында: «ХХ ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар – қоғамның түрлі тарабынан шыққандар әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал», – деп көрсеткен болатын.

ХХ ғасырдың басындағы елдегі аласапыран қиын кезеңде халықтың қамын ойлаған текті тұлғалар – саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, оқыған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай адамгершілік-имандылық қасиеттері ата-бабамыздың сан ғасырлық қастерлі құндылықтарымен сусындаған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, Б.Қаратаев сияқты дүлдүлдер мен солардың ізін басқан болашақтың нарқасқа ұлдары – Ж.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин М.Шоқай, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов тағы басқалар еді.

Алаш қайраткерлерінің азаматтық көзқарастары әуел бастан-ақ айқын болды. Мұны олардың сол кездегі партиялық бағдарламасынан танимыз. «Алаш» партиясының бағдарламасында қозғалған мемлекет қалпы; жергілікті бостандық; негізгі хұқық; дін ісі; билік һәм сот; ел қорғау; салық; жұмысшылар; ғылым-білім үйрету; жер мәселелері мен осы мәселелерді шешуде ұлттық мүдденің баса назарда болғаны анық. Партияның бағдарламалық жобасын жасаушылар – Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Е.Омаров, Е.Тұрмұхамедов, Ғ.Жүндібаев, Ғ.Бірімжановтар ұлттық болмыс-бітімнің ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық дамудың жаңа моделін ұсынған болатын. Осы тұрғыда белгілі

тарихшы М. Қойгелдиев Алаш қайраткерлерінің еңбегін ерекше бағалап көрсетеді: «Бізге бүгін жалпыұлттық деңгейде қорытындылап, жалпыұлттық деңгейде игерілген, яғни, ұлттық дүниетаным мен дүниетанымның іргетасы міндетін атқара алатын тарих қажет. Ал Алаш қозғалысы – сол дүниетанымдық тарихтың өзегі. Өйткені Алаш – халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш – ұлттың өзін бөлінбес тұтас жер, яғни, территория ретінде сезінуі. Алаш – ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау қарекеті» [5].

Алаш қайраткерлері өмір сүрген кезең мен бүгінгі кезеңнің өзіндік ерекшеліктері бар екендігі рас. Алайда заман өзгергенмен, Алаш қайраткерлері ту еткен ұлттық сананы көтеру, одан туындайтын қазақтың тілі мен тарихын, өнері мен мәдениетін қазақ ұрпағының бойына сіңіру сияқты іргелі мәселеде олардың сан-салалы мұрасы мен ұлы істерінен алар тағылым мол. Алаш қозғалысына өткен дәуірдің тарихы ретінде ғана қарамай, оны бүгінгі заманымызбен үндес өміршең көзқарастар жиынтығы ретінде бағалап, яғни, бүгінгі тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатқандығына мән беріп, одан өрісті өнеге, ғұмырлы ғибрат алуымыз керек. Сондықтан да біз Алаш арыстарының шығармашылық мұрасы арқылы бүгінге жеткен құндылықтық бағдарларына назар аударамыз.

Ф.ғ.д., профессор Ө.Әбдиманұлы қазақ әдебиеті тарихынан елеулі орын алатын Алаш қайраткерлерін ұлт-азатшыл бағытқа жатқызып, олардың шығармашылығына тән сипатты дәл көрсетеді: «Ұлт-азатшыл бағыттағы ақын-жазушылар шығармашылығының басты міндеті ұлт азаттығының тірегі ұлттық сананы ояту болды. Олар өз шығармашылығында отаршылдыққа қарсы ашықтан-ашық пікір айтып, азатшыл күрес идеясын өркениетті елдердегі саяси күрес тәсілімен ұштастыруды мақсат тұтты. Ағартушылық, өнер-білім барлығы ең алдымен ұлт азаттығы үшін қызмет етуі керек деген берік байламдағы ой-идеяны насихаттады. «Мақсаты – тіл ұстартып, өнер шашпақ» болған Абайдың ағартушылық бағыттағы ой-толғамдарын жаңа арна – азаттықпен ұштастырды. Тапшылдық, жікшілдік мүдделерді көздемей, ұлт тұтастығын сақтауға ұмтылды. «Елім», «Жерім» деген ұрандарды ұлттық сананы ояту жолындағы негізгі ұстындарға айналдыруды көздеді. Яғни, бұл бағыттағы ақын-жазушылар шығармашылығында «елшілдік» (М.Әуезов) сипат басым болды» [6, 279]. Мәселен, Алаш қозғалысының көсемі болған Ә.Бөкейхан өз ой толғаныстарында былай дейді: «Әділдік жоқ жұртта береке-бірлік болмайды, байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзалар қысты күні үңгірде жатып, өз аяғын өзі сорған аю тәрізді»; «Бірліктен айырылған ел қаңғып қалады»; «Өзіне өзі қасқырша шауып отырған жұртта оқу-өнер болмайды»; «Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады»; «Жұрт пайдасына таза жолмен

тура бастайтын ер табылса – қазақ халқы соңынан ерер еді»; «Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана».

Ұлттық сананың жоғары руханилыққа, мәдениетке, білім-ғылымға ұмтылысы әлеумет өмірінің түбегейлі өзгеріп, қоғамдағы үйлесімділікке әсер ететініне алаш қайраткерлері үлкен мән берді. Ұлттың ұлы ұстазы саналатын Ахмет Байтұрсынұлы, Б.Майлин, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров өз шығармаларында қазақ халқының бойындағы кертартпа мінездерді сынай отырып, әрекет етуге шақырады:

❖ «Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді» [7].

❖ «Бірлік қылсаң алашым,
Ілгері қарай басасың...» [8, 203].

❖ Сен үшін туып,
Белімді буып,
Кірістім қызмет қылмаққа... [8, 219].

❖ Біздерде аз халыққа аға болған ер
Шын көңілмен өз жұртының қамын жер,
Отбасында ынтымақсыз өздері,
«Солар – аға, солар – басшы» дегендер [9, 219].

❖ Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес, дарға асқаны, атқаны,
Маған қиын осылардың бәрінен
Өз аулымның иттері үріп-қапқаны...» [7], –

деп тебірене де, ашына да жазып, қазақ халқы үшін әрқашан ішкі ынтымақтың ұлттық дамуға керек құндылық екендігін көрсетеді.

Сонымен қатар Алаш ардақтылары көптеген шығармаларында ұлттық болмыс-бітімге тән сипаттарды атай отырып, білім, ғылым іздеуге, өнерді игеруге, еңбек етіп, кәсіп етуге үндейді:

❖ *Тасалама ойыңды!*
❖ *Сабырмен байқа сөзімді!*
❖ *Жаманды жаман*
Демекпін һаман,

❖ *Иманымнан қайтпаймын.*
Әр жолды ойлап,
Ойыма бойлап,
Ұқтым тайыз, тереңді.

❖ *Кім ойлады намысты?!*
❖ *Қазағым, елім,*
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,

Аш көзіңді, оянып.

Қанған жоқ па әлі ұйқың,

Ұйықтайтын бар не сиқың?! [7].

❖ *Кел, жігіттер,*

Болыңдар ер,

Жүйткіт, орғыт тұлпарды!

Жаз қанатты,

Сілте қатты,

Ұйтқыт, өрлет сұңқарды! [9, 106].

❖ *Жас мұраты, білім, тәлім-талабы,*

Таудай болсын, оңалуға алабы.

Жас қанжары – жүректегі жігері,

Өнер оқу – жастың қару жарағы [10, 254].

❖ *Болат жігер, жас жүрек,*

Құмырсқадай қайнасып,

Қаулады бір көп білек,

Қол қойып тұр өмірге! [10, 233].

Жоғарыдағы мысалдардан Алаш қайраткерлері мұрасындағы «білім-ғылым», «оқу», «өнер», «бірлік», «ынтымақ», «еркіндік» ұғымдарының құндылықтық мәні ерекше екендігін байқаймыз. Бұл ұғымдар ұлттың дамуына кепіл болатын құндылықтық бағдарлар ретінде танылады. Алаш қайраткерлерінің құндылықтық бағдарларын құрайтын азаматтық позициялары мен шығармашылық туындылары, үндеулері т.б. «Айқап», «Қазақ» сияқты басылымдарда жарық көрді. «Тұтас алғанда, қазақ өлкесінің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің дамуы туралы әртүрлі көзқарастарда болғанына қарамастан, ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде шығып тұрған «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті өз беттерінде ұлттық идеялар мен қазақ халқының мүдделерін ақиқат жолымен жан-жақты көрсете білді» [11, 193].

Алаш – Қазақ елінің мемлекет құру тәжірибесі мен мемлекетшілдік мүддесінің үзілмеген арқауы. Алаш қайраткерлері – ұлттық рухтың қуатын бойына дарытқан текті тұлғалар. Алаш мұрасы – Қазақ елінің «Мәңгілік ел» ретіндегі мұраттарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құнды қазына. Сондықтан олардың күреске толы ғұмырлары да, шығармашылық мұрасы да – елдік тарихымыздың ең жоғары құндылықтары.

«Елде жоқ рух ақын сөзіне қайдан келсін?!» – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, Алаш ардақтыларының тәуелсіздік пен еркіндік үшін жүргізген ұлы күресіне әсер еткен ұлттың сарабал санасы мен қанында қайнап жатқан текті бітім еді. Текті де терең тамырлы, бай тарихы бар қазақ халқы қашан да асылы мен жасығын, жаманы мен жақсысын парықтауға айрықша мән беріп, тектілік қасиетті ерекше классикалық биік деңгейге көтерді. Тектің, ұрпақтың тағдыры – ұлттың тағдыры. Қазақ келешек ұрпағының кемел болуы үшін өзіне талапты биік қойған. Зерделі, тапқыр, жігерлі, қайратты,

ақылды, білімді т.б. болып өсуді адамның басындағы асыл қасиеттерге теңеген. Қазақта біреудің баласы жақсы өнегелі азамат болып өссе: «Оның әкесі жақсы кісі еді, өнегелі жерден шыққан ғой», «тегі жақсы ғой...», – дейді. Сондықтан табиғи дарынды әлеуетті күш – қашан да мемлекет үшін баға жетпес ұлттық құндылық.

«Тектілік» концептісі жайында пайымдалған асыл сөздердің астарында ұлттың терең тұжырымдары, ғасырлық өмір тәжірибесі, генетикалық ілімге даналық көзқарасы жатыр. Бұдан ұлттың қан арқылы берілетін гендік ақпараттар мен қасиеттер туралы түсінігі анықтала түседі. Оған дәстүрлі қазақ қоғамының қойнауында пайда болған «Қауын пәлегінен аспас», «Алма сабағынан алыс түспейді», «Түбіне қарай – бұтағы, тегіне қарай – ұрпағы», «Тектен нәр алған тозбайды», «Шұғаның қиқымы да – шұға», «тұлпардың тұяғы, сұңқардың қияғы», «тегінде бар тектілік», «тектілік тұқым қуады», «текті жердің тұлпар ұлы», «тегі мықты», «тегі таза», «тегіне тартқан», «асылдың сынығы», «тектінің тұяғы», «жақсының көзі», «асылдың сынығы» деген бұрыннан келе жатқан тіркестер де дәлел бола алады. Керісінше, бұған антипод мағынадағы «жетесіз», «жүгенсіз», «парықсыз», «көргенсіз», «тексіз», «тәрбиесіз», «ұятсыз», «намыссыз», «ештеңе көрмеген», «қарғыс атқан» т.б. нәлетті сөздерде жайдан-жай айтыла салмаған.

«Текті» ұғымына тән сапалық белгілерді халық танымы өзінің өмірлік тәжірибесінің негізінде анықтап, ғасырдан ғасырға тіл арқылы табыстап отырған. Сөз өнерін шебер меңгерген қазақ халқы бұл ұғымның мән-мазмұнын ашатын тілдік бірліктердің табиғатын терең зерделей отырып, адам бойындағы асыл қасиеттердің жиынын «текті» сөзінің бойына дарытқан. «Текті» сөзінің генерациясы – осы.

Сонымен қатар бұл сөзбен эквивалент қолданылатын «жақсы» сөзі де дәл осындай сапалық қасиеттерді сіңіріп, ұлттық дүниетанымда стереотиптік деңгейге жеткен. «Текті кекті ұмытар, ақылмен ойын жылытар», «Жақсы керісіп отырып келіседі, жаман келісіп отырып керіседі», «Тұлпар түбін табады, жақсы елін табады», «Жақсы жаныңа жолдас, жаман наныңа жолдас» деген мақал-мәтелдерден «текті» сөзімен синоним ретінде «жақсы» сөзінің ұлт таным-түсінігіндегі рецепциясын анық байқауға болады. Қарапайым өмірде де, әдебиеттерде де «жақсы» сөзінің «текті» ұғымының мәнін ашуға қызмет ететін узуалды түрдегі қолданысын көреміз.

Мақаламыздың негізгі мақсаты – Алаш қайраткерлері мұрасындағы құндылықтық бағдарлар мен «тектілікке» тән сапалық белгілерді байланыстыра анықтау болатын. Сөз өнерін шебер меңгерген қазақ халқы түрлі тілдік бірліктердің табиғатын терең зерделей отырып, адам бойындағы асыл қасиеттердің жиынын «текті» сөзінің бойына дарытқан.

Ата-бабаларымыздың Қазақ елінің тәуелсіздігі мен азаттығы жолындағы күрестері, істері, ұрандары – бүгінгі ұрпаққа үлгі хәм аманат. Қазіргі қол жеткен еркін шағымызды баянды ету үшін біз азаттық жолы арман болған ата ұрпақтың аманатына берік болуды борышқа айналдыруымыз қажет. Ал

бүкіл қазақ даласын осыдан бір ғасырдай уақыт бұрын Алаш рухына бөлеген қазақ зиялылары аманатының жөні бөлек. Сондықтан Алаш арыстарының текті тұлғалар екендігі – тарихтың өзі дәлелдеген ақиқат.

Әдебиет:

1. Тәуелсіз Қазақстан философиясы. - 20-том. - Астана: Аударма, 2006. – 544 бет.
2. Ғабитов Т. Қазақ этикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 276 бет.
3. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Жібек жолы, 2010. – 232 бет.
4. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (egemen.kz).
5. Wikipedia.kz
6. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 430 б.
7. Bilim-al.kz
8. Майлин Б. Шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 2012. – 352 б.
9. Сейфуллин С. Көкшетау. Өлеңдер мен дастандар. - Алматы: Жазушы, 2003. – 192 бет.
10. Жансүгіров І. Шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 2012. – 320 б.
11. Қазақстан тарихы. Лекциялар курсы. - Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 376 б.

Кеңестік билік тұсындағы ұлттық баспасөзді дамытудағы алаш зиялыларының рөлі

Смағұлова С.

*Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторы*

***Аңдатпа:** Мақалада алашшыл қазақ зиялыларының қазақ баспасөзін ілгерілетуде қажетті іс-шаралар ұйымдастырып, газет, журналдар тиражын өсіруге, республиканың түпкір-түпкіріне таралуына жағдай жасаған ерен еңбектері сөз етіледі.*

***Түйін сөздер:** газет-журналдар, қазақ баспасөзі, Алаш дүниетанымы, Алаш қайраткерлері.*

***Summary:** The article deals with the outstanding works of the Kazakh intellectuals, promoting the Kazakh press, contributing to the circulation of newspapers, magazines, and spreading throughout the republic.*

***Key words:** newspapers and magazines, Kazakh press, Alash worldview, Alash figures.*

XX ғасырдың басында бірнеше газет-журналдар дүниеге келіп, онда қазақ халқының түрлі мұң-мұқтаждары көтеріліп, соның төңірегінде пікірталастар өткені де тарихтан белгілі. Қазақстанда ұлт тіліндегі өз баспасөзінің тууы халық санасының оянуына елеулі түрде әсер етті. Қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары ұлт баспасөзін дамытуда сүбелі

жұмыстар жүргізді. Қазақстанның патша саясатынан азат ел болуын аңсаған олар «Серкеден» бастап, «Қазақстан», «Қазақ» пен «Айқап» сияқты басылымдардың беттерінде жер, тіл, дін мәселелерін көтеріп, оның шешімін табуға тырысуы мен еліміздің ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күрес тәсілдерін осы басылымдар арқылы көтере білуі – ХХ ғасыр басындағы ірі жемісі болады.

«Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов сияқты қазақ зиялылары патша үкіметі құлап, елде Уақытша үкімет орнаған жылдары да ұлттық басылымдарды өз мүдделеріне қолданды, яғни, халықпен тілдесетін құрал ретінде пайдалана білді. «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Жас азамат», «Алаш» және тағы басқа басылымдар Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болуы жолында құнды материалдар жариялай білді. Кеңес өкіметі жылдарында бұл басылымдар жабылғанымен, олардың орындарын «Абай», «Айна», «Тіршілік», «Қазақ мұңы» сияқты басылымдар басты.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Қазақстанда ұлтшыл, алашордашыл делінген басылымдарды тоқтатып, олардың баспаханалары мен қаражаттарын пайдалану арқылы жаңа газет-журналдарды шығара бастауы партия-кеңестік баспасөздің қалыптасуына алып келді. Большевиктік билік қабылданған әкімшіл-саяси Ережелер мен қаулы-қарарлар өзгерістер әкелгенімен, баспасөз саласы сол қалпында қалып, тек бұрындары шығып отырған газеттер ендігі жерде кеңестік басылымдарға айналып, атауын ғана өзгертіп, оның құрамындағы қызметкерлері бұрынғысынша қалыппен жұмыс істеп, қажет деп тапқан материалдарын жариялап отырған.

1917 жылдан шыға бастаған газет-журналдарға кеңес үкіметі билік, коммунистік партия саясатының жеңісін насихаттау, Ленин салған жолды дәріптеу міндеттерін қойған еді. Алайда елдегі таптар арасындағы тартыс барысында бұл мүмкін болмады. Қазақтың алашшыл зиялыларының басшылығымен шығып тұрған мерзімді басылымдар партия ұранын көтермеді. Керісінше, астарлы болса да олардың саясатын сынаумен келді. Бұл әсіресе азамат соғысы жылдарында қатты байқалды. Тәуелсіз ел болу, отар аясында қалмауды дәлелдемекке тырысқан зиялылар қалай да болса өз идеяларын газет-журналдар арқылы насихаттауға, халықтың көзін кеңестік үкімет саясатының отарлықтың жалғасы екендігін жеткізбекке тырысты.

1919 жылдан бастап мерзімді баспасөз үкімет тарапынан қатаң бақылауға алынып, оның саласын «алашордашыл» қызметкерлерден тазарту шаралары жүргізілді. Оның қызметінің негізгі бағыттарын, мақсат, міндеттерін айқындап, олардың орындалуын жіті қадағалады. Осы жылдардан бастап зиялылардың ойын тежеу, кеңес саясатына нұқсан келтіретін материалдарға жол бермеу әрекеттері іске асырыла бастады. Бұл 20-жылдары үкімет пен партия қазақ баспасөзі саласына қатысты ережелер қабылдағаннан кейін өріс алды. Дегенмен 20- жылдың басында шыққан «Темірқазық», «Шолпан», «Ақ жол», «Қазақ тілі» және т.б. қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарда идеологиялық қысымға қарамастан, кеңестік жүйені

ашық болмаса да, сынға алған материалдар жарияланып кетті. Оның арты қазақ өлкелік комитетінің мәжілістерінде қаралып, «үкімет саясатына қарсы» мақалалардың авторлары мен оны жариялаған редакторлардың ісі қаралып, қатаң жаза қолданылып, кейбіреулері жұмыстан босатылса, бірі сөгіс алды.

Қандай қиыншылықтар болса да баспасөз саласын өркендету барысы қазақ зиялыларының назарынан тыс қалған жоқ. Ұлтшыл М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Н.Құлжанова және т.б. Алаш азаматтары мерзімді баспасөзді ілгерілету туралы пайымды ойлар мен ұсыныстар айтып, газет-журналдардың халық өміріне аса маңыздылығын саралап, бұл саланы дамытудың жолдарын қарастырды. Ақсап отырған қазақ баспасөзін тез арада түзету, оны халық игілігіне сай құру мәселесі жөніндегі ойларын батыл да, ашық түрде газет-журналдар арқылы жеткізе білді. Мәселен, 1921 жылы М.Әуезов «Қазақ тілі» газетіне жариялаған «Не себептен?» деп аталатын мақаласында елдегі болып жатқан жағдайлардан және қазақ үкіметінің не істеп жатқандығынан халықтың хабарсыз екендігін айта келе: «...Не Орынборда шыққан газет жоқ. Үкімет тілі «Еңбек туының» бұл күнге шейін біздің алғанымыз – бірінші ғана нөмірі. Өткен нөмірде «Еңбек туының» хабар деп жазған оқу құралдары турасындағы хабарды біз Ташкенттің «Ақ жолынан» алып отырмыз», – деп, баспасөз ісінің ақсап отырғандығын ашық көрсетсе [1], 1922 жылғы «Шолпан» журналының №2-3 сандарында жарық көрген «Қазақ қалам қайраткерлеріне» деген ашық хатында мерзімді баспасөздің халықтың түзу-терісін көрсететін айнасы екендігі, бар басылымдардың өзінде жамандау, мақтау сияқты кемшіліктердің барлығын көрсетіп, бұл сияқты келеңсіздіктерден құтылу үшін жас жазушыларға газетке лайықты, аса керекті деген мақалаларды жазуды міндеттеу қажеттігін көтереді [2, 7-9].

1925 жылы Ташкентте «Ақ жол» газетін дамытуға байланысты өткен тілшілердің 1-конференциясында да қазақ баспасөзін көтерудің жолдары айқындалған болатын [3]. Баспа саласының қалыптасып, тұрақты қызмет етуін жандандыруда, ұлттық газет-журналдарды шығаруда арнайы мамандар даярлау, басшылық ісіне білікті қызметкерлерді тарту мәселесі көтеріліп, бұл турада М. Дулатов, Ж. Аймауытов және тағы басқа қазақ азаматтары мерзімді басылымда орамды пікірлер айтып, кемшілікті тұстарын сынға алды [4]. Мәселен, Алаш қайраткері М.Дулатов «Еңбекшіл қазаққа» жариялаған «Баспасөзіміз не күйде?» деген көлемді мақаласында елде шығатын газет-журналдардың жалпы жағдайына тоқталды. «Бұлардың көбі аяғын ақсай бастап, өзінің дүниеде барлығын ұмыттыра беріп, анда-санда бір шығып қояды. Орынбордың өзінде шығатын үкімет тілі «Еңбекшіл қазақ» күн сайын шықпаса да, тым болмаса жетіде үш рет дұрыс шығып тұруы керек еді. Бүкіл Қазақстан Республикасына бір жақсы журналдардың да көптігі болмас еді. Баспасөзіміздің бұ жағы да көңіл көншірлік еш нәрсе бермей тұр», – деп, баспасөздің күйін түзетуде өз жобасын ұсынды. Бұлар: 1) қалам қайраткерлерін осы жылдың басынан бастап кеңсе қызметінен босатып, тамағын тоқ, орнын жайлы, көңілін алаңсыз қылып, кітап жазуға

қосу керек; 2) газет-журналдарымыздың басына лайықты адамдарды жеткілікті қылып отырғызып, партия бағыты, үкімет заңымен таныстыратын, дүниеден хабардар қылатын газет-журналдарды жиілетіп мезгілінде шығару керек; 3) жазылған кітап, газет-журналдарды бастыратын Мемлекет баспасына айрықша назар салып, баспахана жұмыстарын бақылап отыратын, берекелендіретін қызметкерлер қою керек [5]. Бұл жерде М.Дулатов баспасөзді көркейту, гүлдендіру, дамытудың (тек газет-журнал ғана емес, кітап шығару ісі де) жолдарын айқындауды, сол жолда әрекет етуді көрсетеді. Оның пікірі жүзеге асып, 1923 жылдан бастап газет аптасына 3 рет шыға бастады.

«Еңбекшіл қазақ», «Қазақ тілі» газеттері мен «Қызыл Қазақстан», «Шолпан» журналдарына және басқа мерзімді басылымдарға жарияланған М. Әуезов, Н. Құлжанова, М. Дулатов, Ш. Тоқжігітовтер де қазақ тілінде шығатын басылымдардың аздығынынан жаңадан газет-журналдар шығаруды қолға алу, оның сапасын, мазмұнын жақсарту қажеттігін көтерді [6]. Сөйтіп, ұлттық баспасөзді бірізге түсіру арқылы оның ғылыми теориясын жасау қадамдары қолға алына бастады.

Өкінішке орай, большевиктік үкімет қазақ зиялылары топтасқан бірнеше мерзімді баспасөзді жабуға тырысты. Кейбір газет-журналдардың шығу мерзімі бірнешеайға ғана созылып, тоқтатылды. Мәселен, 1922 жылы қараша, желтоқсан айларында шыққан «Өртең» газеті 29 желтоқсанда «ұлтшылдық бағыты үшін» арнайы үкімет шешімімен жабылып қалды. Бұдан кейін Мәскеудегі Ұлттар комиссариаты жанындағы «Күншығыс» баспасынан шыққан «Темірқазық» журналы да үкімет шешімі бойынша, 3 нөмірінен кейін «ұлтшылдығы үшін» тоқтатылды. Сонымен қатар «Ақ жол», «Тілші» газеттері мен «Сана» журналында партияда жоқ ұлт зиялыларының ықпалы барлығы анықталып, олардың ықпалынан арылта отырып, осы басылымдардың редакциялық құрамына партия қызметкерлерін тарту, партиялық басшылықты күшейту, редакторлығына партия қатарында бар мамандарды ғана тағайындау қолға алынған екен [7]. Әсіресе «Ақ жол» «ең ұстамсыз газет» ретінде танылып, мазмұны жете тексеріліп, бақылау орнатылды. Сондай-ақ Орталық Комитеттің Бас хатшысы И.В. Сталин «Ақ жол» газетінің саяси бағыты туралы 1925 жылғы 29 мамырда Қазақ өлкелік комитетінің мүшелеріне жазған арнайы хатында басылымда қызмет ететін партия қатарында жоқ интеллигенттерді шығарып, газетті коммунистік насихат басылымы етуге шаралар қолдану» қажеттігін баса көрсетіп, «газетті коммунистік насихаттық басылымға айналдыру қажет» деп ұсыныс жасаған болатын [8].

Шындығында да, «Ақ жол», «Шолпан», «Сана» сияқты газет-журналдарды алашордашыл Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Қошқе Кемеңгерұлы, Халел Досмұхамедұлылар басқарып, сол кезеңдегі халықтың тұрмыс-тіршілігін шынайы жеткізуге тырысты [9, 4]. Бұл басылымдардың «ұлтшылдығын» М. Ақынжанов 1937 жылы «Ауыл коммунисті» журналына жариялаған «Баспасөзде Алашорда идеологиясының

қалдығымен күресейік» атты мақаласында: «1923 жылы Мәскеуде шыққан «Темірқазық» журналы, Ташкентте шыққан «Сана», «Шолпан» журналдары мен «Ақ жол» газеті алашордашылардың газеті ретінде сынға алынды.

«Ұлтшыл-уклоншы Қожановтың, троцкист Сапаровтың ықпалымен шыққан Ташкенттегі «Сана», «Шолпан» журналдары мен «Ақ жол» газеті ашықтан-ашық партияға қарсы болды, одан-бұдан қашқан ақтың, алашордашылардың, байшыл жазушылардың жалауын көтерді. Сталин бастаған Орталық Комитеттің тура басшылығымен Қазақстан партия ұйымы партия ішіндегі жаңа баспасөздегі осы сықылды ұлтшылдармен аянбай күресіп, олардың тобын қиратып, жеңе отырып, өсіп шынықты», – деп дәлелдемекке тырысқан болатын [10, 63].

«Ақ жол» газетіне Алаш қайраткерлері А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, М.Есболов, Ж.Аймауытов және тағы басқалардың күнделікті өмірге арналған мақалалары, өлең-поэмалары жарияланды. Бұл жайында жазушы С. Мұқанов өз естелігінде: «Түркістан республикасын С.Қожанов басқарған кезде «Алашорда» партиясының лидерлері: Х.Досмұхамедов, Х.Болғанбаев, М.Есболов, Ж.Аймауытов т.б. Ташкент қаласынан пана тапты да ондағы «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» және «Сана» журналдарына қарсы шыққан бағытта жазған шығармаларын жариялап тұрды», – деп жазған еді [11, 96-97].

Кеңестік билік ұлт зиялылары шығарған басылымдарды жабуға бар күштерін салып, олардың орнына кеңес саясатын насихаттайтын жаңа газет-журналдар шығарып, тек партия қатарындағыларды редакторлыққа қоя бастады. Дегенмен үкіметтің басылымның мазмұны ойындағыдай деңгейде болмады. Сондықтан еріксіз бұрынғы алашшыл зиялыларға жүгінді. Мәселен, 1925 жылдың 13 мамырындағы Қазақ өлкелік партия комитетінің үгіт-насихат алқасының мәжілісінде «Жаңа мектеп» журналының редакторлығына М.Қазанғапов сайланып, оның беттерінде ғылыми-педагогикалық, жалпы, өлкетану, ішкі хабарлар (ҚКСР мектептерінің өмірінен), библиография және арнайы хабарларды жариялау міндеттелінген еді [12]. Алайда осы жылдың тамызынан бастап редакторлығы Алаш қозғалысының көрнекті өкілі – М.Жұмабаевқа жүктелінді. Оның басшылығымен бұл басылым екі айда 2000 данамен бір рет шығарыла бастады [13].

Большевиктік орган ретінде шығып тұрған «Еңбекші қазақтың» да редакциялық құрамында М.Әуезов, А.Асылбеков, Т.Жүргенов, М.Жолдыбаевтар қызмет етіп, саяси бағыты «ұстамсыз» делінген мақалалар жарияланған екен.

Жоғары орындарға жіберген ақпарларға сүйенсек, «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторлығын С.Сәдуақасов атқарған тұста газетке ол марксистік емес, демагогтік, партиялық ұстамдылығы жоқ, саяси сенімсіз мақалалар мен фельетондардың жариялануына жол берген. С. Сәдуақасовқа тағылған сындардың бірі – алашордашыл М. Жұмабаевтың (№ 395-396) ұлтшыл өлеңдерін жариялауы.

С.Сәдуақасов редактор болған күннен бастап газетке Алашордақатарында болған зиялы қауым өкілдерін тартқан болатын. Сондықтан үкімет оған және жоғарғы билік құрамындағы оның серіктеріне шешуші шабуылға 1926 жылдың соңына қарай шықты. Үкімет пен партия жалпы одақ көлемінде және Қазақстанда қалыптасқан өзіне қолайлы жағдайды ұтымды пайдалана отырып, өз қарсыластарымен күрес барысында түрлі әдістерге барды. Мәселен, оларға «алашордашылармен тығыз байланыста болды» деген айыптар тағып, қазақ интеллигенттерін ескі, яғни, *алаштық* және *жаңа советтік интеллигенция* деп бөліп, соңғысын *оңшыл* және *солшыл* деп тағы да жіктеді [14, 96].

Алашшыл қазақ зиялылары 1937-1938 жылдары қуғын басталғанға дейін ұлттық басылымдардан қол үзген жоқ. Баспасөздің сапасы мен мазмұнын жақсартуға, дамытуға, елдегі өзгерістерге баға беруге тырысты. Осы газет-журналдар арқылы қарапайым халыққа өз шығармашылықтарын насихаттай білді. Ауылдағы қазақтар оларды осы мерзімді басылымдар арқылы танып, білді. Қазақ баспасөзін ілгерілетуде қажетті іс-шаралар ұйымдастырып, газет, журналдар тиражын өсіруге, республиканың түпкір-түпкіріне таралуына жағдай жасады.

Әдебиет:

1. Әуезов М. Не себептен? // Қазақ тілі. – 1921. – 5 февраль. – №119.
2. Әуезов М. Шығармалары. - 3-том. – Алматы: Ғылым, 1998. - 392 б.
3. «Ақ жол» тілшілерінің бірінші конференциясы // Ақ жол. – 1925. – апрель. - 27 б.
4. Дулатов М. Газет тілі оңды болсын // Еңбекші қазақ. - 1927. -28 ғинуар. - № 22; Мадияр. Газет қалай шығады? // Еңбекші қазақ. - 1927. -1 май. -№ 96.
5. Мадияр. Баспасөзіміз не күйде? // Еңбекшіл қазақ. - 1923. - 11 январь. - №60.
6. Әуезов М. Не себептен? // Қазақ тілі. – 1921. - 5 февраль. №119; Әуезов М. «Қазақтағы» қалам қайраткерлеріне! (Ашық хат) // Шолпан. - 1922. – № 2-3. -5-7-б.; Кульджанова Н. Киргизские газеты в КССР // Известия Киргизского областного комитета РКП(б). - 1922. - №24. - С. 27-28, 30; Асылбеков А., Токжігітов Ш. Газета туралы // Қазақ тілі. -1923. - №12; Дулатов М. [Мадияр] Баспасөзіміз не күйде? // Еңбекшіл қазақ. -1923. - 11 ғинуар. - № 60; Мадияр Баспасөз үмесі // Еңбекшіл қазақ. -1923.- 17 мамыр. - № 88.
7. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 368-іс. 1-1 қ.
8. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 479 а-іс.1-2-п.
9. Сексенбайұлы А. Орта Азия республикаларының баспасөзі 15 жыл социализм күресінде. - Ташкент: Өзбекстан Мемлекеттік баспасы, 1932. - 16 б.
10. Ақынжанов М. Баспасөзде Алашордаидеологиясының қалдығымен күресейік // Ауыл коммунисті. - 1937. - №5.

11. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. - Өмір мектебі. - 11-том. - Алматы, 1977. - 392 б.

12. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 377- іс. 25-п.

13. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 379- іс. 41-45, 50-пп.

14. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы: Ана тілі, 1993. - 208 б.

Алашорда тарихы рухани жаңғыру даңғылына бастайды

Қойшыбаев Б.

«Әділет» тарихи-ағарту қоғамы төрағасының орынбасары, жазушы, тарих ғылымдарының кандидаты

***Аңдатпа:** Мақалада биыл бір ғасырлық мерейлі датасына орай жаңаша қарастырылып жатқан Алашорда мемлекеттік бірлігінің тарихы тізбектеле отырып, халқымызды рухани жаңғырудың жасампаз даңғылына бастайтын Алаш рухы сөз етіледі.*

***Түйін сөздер:** Алаш рухы, Алашорда, Алаш қайраткерлері, рухани жаңғыру, ұлттық рух.*

***Summary:** This article mentions the Alashorda state unity, which is being revised for the centuries-old anniversary of our nation, and the spirit of Alash, which begins the creative way of spiritual revival of our people.*

***Key words:** Alash spirit, Alash-Orda, Alash figures, spiritual revival, national spirit.*

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жұртшылық назарынан түскен жоқ. Оның мән-жайын Президенттің өзі Халық ассамблеясында сөйлеген сөзінде кеңейтіп түсіндіріп бергені белгілі. Мақала қалың халықтың көңілінен шықты. Бағдарламалық сипат алды. Өйткені онда көңілімізді көптен күпті еткен жәйттер қолмен қойғандай жіктеліп, жіліктеліп, өте түсінікті түрде алға тартылған еді. Мақалада санамыздың ісімізден озық жүруінің маңыздылығы атап көрсетілгені мәлім. Ал бұл үшін сана жаңару керек. Қоғамдық сананы жаңарту, модернизациялау мәселесін Президент Халық ассамблеясында сөйлеген сөзінде таратып әңгімелеген-ді, сонда осынау бағдарламалық мақаласын кеңейтіп түсіндіргені баршамызға аян.

«Президент белгілеп берген сананы жаңарту жұмыстарының тұғырына халықты тарихпен тәрбиелеуді, қазақтың совет өкіметі тұсында жабық болған қаралы тарихы арқылы тәрбиелеуді көздейтін іс-шаралар кешені қойылуға тиіс» деп ойлаймын. Қазақ халқының және қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихын білу арқылы жаңарған сана елімізде қоян-қолтық өмір сүріп жатқан барша ұлт өкілдерінің мемлекет құрушы халқымызбен бірлігін іс жүзінде нығайта түсетін болады. Осы мәселеге терең мән бергендіктен де, Президент Білім және ғылым министрлігіне Халық ассамблеясымен бірлесіп орындауы үшін көп функциялы мультимедиалық портал ашуды, «Қазақстан халқы» интерактивті тарихи картасын жасауды тапсырды. Бұл интерактивті картаның терең де жан-жақты ойластырылып,

ғылыми негізде жасалуы тиіс екені түсінікті. Солай істелген жағдайда ол портал мен карта қазақ халқының мемлекет құрушылық мәртебесін асқақтатып, тәуелсіз елдің бекем негізі, айбынды тұғыры ретіндегі айрықша рөлін айшықтайтын болады. Осы ерекше электронды карта ежелгі қазақ жерінде бірін бірі алмастырған мемлекеттер түрлерінің тарих сахнасына XV ғасырда тұңғыш рет этностық атымен дербес қазақ мемлекеті ретінде шығу белестерін көрнекі бейнелеп, Қазақ елінің XIX ғасырда тәуелсіздіктен айырылу, одан жер-суының отарланып, қилы демографиялық күйзелістерге ұшырау кезеңдерін жүйелі де танымды, әсерлі етіп көрсетіп бере алады. Осы карта арқылы әуелде патшалықтың, сосын Кеңес өкіметінің қилы тәсілмен жүргізген отаршылық және орыстандыру саясатын, алфавитті араб графикасынан латынға, одан кирилге ауыстырудың астарын, түпкі мақсатын ашып, қазақ жерінде тоғысқан сан түрлі ұлт өкілдерінің тәуелсіздік дәуіріндегі ұйысу процесін толық және көрнекі түрде өте түсінікті әрі әсерлі етіп әңгімелеуге болады.

Осы карта арқылы халыққа қазақтың жойылған мемлекеттігін қайта жаңғыртуға жол ашқан Алашорда жайында тағылымды мағлұмат ұсыну қажеттігі өз-өзінен сұранып тұр. Енді үш күннен кейін Алаш автономиясы мен үкіметінің – «Алашорда» Халық кеңесінің – құрылғанына 100 жыл толады. Советтік дәуірде тек теріс мағынада, сыни тұрғыда ғана аталған бұл белес шындығы қазіргі таңда тәп-тәуір жаңғыртылды. Сол шын тарихты жаппай білу бағытын ұстану, сөз жоқ, сананы жаппай жаңарту амалы болып шығар еді. Қоғамдық сананы жаңарту бағдарламасын іске асыру жөнінде арнайы Ұлттық комиссия құрылғаны, оның жұмысқа бағдарламалық мақала жарық көрісімен іле-шала кірісіп кеткені баршамызға баспасөзден мәлім. Бірақ бұл Комиссияның қаншалықты Алаш идеясымен қаруланғаны бізге беймәлім, сондықтан, бәлкім кәделеріне асып қалар деген оймен, сол орайдағы пайымымызды тарқата бермекпіз.

Президент Назарбаев аталмыш бағдарламалық мақаласында ұлттық сананың кемелденуіне атсалысу үшін қай-қайсымыздың да «ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанымызды» қалайтынын айтты. Мұның алғашқысы – ұлттық код, оны сақтай білу қажеттігін Президент жаңа тұрпатты ұлттық жаңғырудың ең басты шарты ретінде ескертті. Рухани кодтың басты тіні, ұлттық мәдениеттің алтын өзегі – ұлттың күллі қастерлі ұғымдарын, қасиеттерін бойына жиған ұлттық тіл болып табылатыны дау тудырмайды. Егер ұлттық тіл сақталмаса, нақтырақ айтқанда, мемлекеттік мәртебесі бар ұлттық тіл өз міндетін тиісті дәрежеде атқармаса, онда ешқандай да ұлттық жаңғыру болмайтыны айдай анық. Бүгінде қоғамдық сананы жаңартуға бағытталған нақты шаралардың бірі есебінде жасалып жатқан жаңа әліпбиге көшу ісі сәтті болу үшін мемлекеттік тілді мәртебесіне сай деңгейге көтеру, яғни, қоғамдық-саяси функциясын күрт арттырып, қолданыс аясын мейлінше кеңейту қажет. Мұның амалдарын ойластырып, батыл жүзеге асыру қажеттігін Ұлттық комиссия басты назарда ұстап отырған болар деп ойлаймыз.

Ал екінші ереже – «ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту» керектігі жайында. Президент ерекшелеп тұжырымдаған кертартпа тұстар мен олардан арылу ережесіне қатысты мен өз пікірімді айтқым келеді. Менің ойымша, өткеннің кертартпа тұстары советтік заманда қанға сіңірілген ұғымдар тұтқынынан әлі де толық шыға алмауымызда жатыр. Мәселен, «большевизмнің таптық мүддені жалаулатқан солақай саясаты ұлт бірлігін ту еткен Алашорданы еңбекші халықтың жауы», – деп ұғындырды, «Қазақ халқының үш дүркін ашаршылықты бастан кешіп, айтып жеткізгісіз ұлттық апатқа ұшырауын алашордашылар рухтандырған тап жауларының дұшпандығы салдарынан», – деп түсіндірді. Босап қалған кеңістіктегі көшпенділер сүйегі үстіне қоныстанғандар іс жүзінде қазақ жер-суын жаңаша отарлаудың, қазақтың ұлттық мүддесін жан-жақты шектеудің ұтымды құралына айналдырылды.

Қазақ халқы өз елінде ұлттық азшылық деңгейіне түсірілді, орыстандыру процесі патшалық тұсындағыдан да кең қанат жайды. Бұл үдерістің идеологиялық тұрғыдан қамсыздандырылып, сәтті жүргізілгені соншалық, тың көтеруші Н. Хрущев патшалықтың ғасырлар бойы жасай алмағанына коммунистердің екі-үш жылда-ақ қол жеткізгенін мақтанышпен жария етті және коммунизмге бір ғана орыс тілімен баруға үндейтін ұран көтерді. Содан бері ана тілін ұмытқан және сонысын мақтаныш көретін қазақтың үлкен бөлігі тұтас бір халыққа айналды. Олардың көбі тіпті тәуелсіздік дәуірінде де ана тіліне қайрыла қоймады, ең бастысы – олар әдемі ұран жамылған орыстандыру саясатының құрбаны болғандарын әлі күнге дейін мойындаған емес. Қазіргі түрі қазақ, тілі мен ділі орыс, бірерінің тілі сақталғанмен, жаны орыс боп кеткендер, өкінішке қарай, ұлттық мүддемізге қарсы тұрушылар жағында.

Еріксіз еске түседі: нөмірі бірінші большевик – Владимир Ленин орыстанған өзге тұқымдының орыстан өткен шовинист болатынын ескертіп, ұлттар теңдігін күйттеушілерді сақтандырған еді. Жасыратын не бар, бүгіндері ұлттық құндылықтарға жирене қарайтын, елімізде «жалпыадамзаттық» делінетіндерге қилы ескерткіш қойып, орынсыз дәріптеуге оң иығын беріп тұрған – сондайлар. Олар ұлттық мүддеміздің тәуелсіздік дәуірінде де толығымен қорғалмауына, ұлт мәселесінің іс жүзінде жаңаша қордалануына түрлі қарсы әрекеттерімен себеп болып келеді. Бұл жағдайды түзету үшін тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің қажеттігін еліміздің барша азаматтары мойындауы ләзім. Бұған сананы жаңарту арқылы қол жеткізуге болады. Ал сананы жаңарту, яғни, модернизациялау, жоғарыда айтқанымыздай, Алашорданың мемлекетіміздің тарихында алатын орнын анық біліп, дәл бағалай білуге де байланысты дамымақ.

XX ғасырдың басынан, бірінші орыс революциясынан басталған қазақтың азаттық қозғалысы Ақпан революциясы нәтижесінде ашылған саяси мүмкіндіктер арқасында XIX ғасырда жойылған ұлттық мемлекеттілігін жаңғыртты. Жаңа тұрпатты ұлт-азаттық қозғалыс 1917 жылғы 25 желтоқсанда «Алаш» автономиясын құрып, алаштың ордасын, яғни, үкіметін

сайлау арқылы жеңісті шыңына жетті. Алаш автономиясының Халық кеңесі екі-ақ жыл өмір сүрді, бірақ ол совет платформасына ауысқан қайраткерлерінің Алаш елдік идеясын ұстанған қызметтері арқылы, 1920 жылы Қазақ республикасы болып жалғасты.

Содан соң екі өлкені біріктірген Үлкен Қазақстанды 1925 жылы «Алаш» ұранды қайраткерлер Ұлттық республика құрылды!» – деп жариялады. Яғни, тапшыл өкіметті ғана жақтайтын большевизм ұлттық бірлікті ту еткен Алашорданы жойғанмен, совет туы астында халқына Алаш идеясы жетегімен қызмет көрсетуді көкसेген қазақ коммунистерінің жанқиярлық күресі нәтижесінде шаңырақ көтерген таптық негіздегі ұлттық автономияны жоққа шығара алмады.

Мұстафа Шоқай тұжырымдаған «большевиктердің аштық саясаты» салдарынан ұлттық автономияның халқы алапат ашаршылықтан қырылды. Большевизм қазақ жерін жаңаша ұранмен отарлауға өзіне осылай жол ашты. Ал қазақ халқына қарсы жасалған мемлекеттік қылмысын автономияға сталиндік конституциямен одақтық мәртебе беру арқылы бүркемеледі.

Биыл Қазақ республикасының советтік тәуелсіз мемлекет ретінде рәсімделіп, Республикалар Одағы құрылтайшыларының біріне айналғанына 80 жыл толып отыр. Осы бір аса маңызды белестің арқасында біз шын мәніндегі тәуелсіз ел болдық. Демек, еліміздің одақтық тәж киюі жолында жанын берген миллиондаған аштық құрбандарына бүгінгі ұрпақтың мәңгі қарыздар екенін бағдарламалық мақалада айтылған мультимедиялық портал мен интерактивті карта көрнекі түрде еске салып тұруға тиіс.

Биыл бір ғасырлық мерейлі датасына орай жаңаша қарастырылып жатқан Алашорда мемлекеттік бірлігінің тарихы тәуелсіз еліміздің айбынын асқақтата түседі. Халқымызды рухани жаңғырудың жасампаз даңғылына бастайды. Сөйтіп, жүз жыл ілгеріде құрылған ұлттық автономияның дүниеге келген күнін бүгінгі ұлттық мемлекетіміздің іргесі қаланған күн ретінде мойындайтын шақты тақалта түседі.

Президент Ассамблеяда совет өкіметі жасаған саяси қуғын-сүргіндер жайын және мыңдаған жазықсыз жандар қатарында Алашорда қайраткерлерінің де атылып кеткенін аян еткен болатын. Енді ондай жағдай ешқашан қайталанбау үшін, қасіретті кезеңді ешқашан ұмытпау үшін әр жылғы 31 мамыр арнайы еске алу күні ретінде белгіленгенін айтқан. Азаматтарды тарихтың қайғылы, қасіретті беттерімен де бауырластыра отырып тәрбиелеудің маңыздылығына бағдарламалық мақаласында көп көңіл бөлген. Адамдардың санасын жаңартып, рухани тұрғыда жаңғыртуға үлес қосатын шаралардың бірі ретінде аталмыш электронды карта жасауды тапсырған. Цифрлық технологияның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып жасалатын осынау интерактивті тарихи картаның тұсауы келесі жылы «Алғыс айту» күніне орай кесілуге тиіс.

Президенттің бұл тапсырмасын халыққа шын мәнінде пайдалы болатындай етіп, ойдағыдай, табысты орындау – менің ойымша, өте жауапты да маңызды міндет. Қалың елге Алашорда тарихын осы тапсырма

негізінде жеткізу баршамызды рухани жаңғыру даңғылына бастайды. Мұның барша жұртты қазақ төңірегіне тығыз топтастырып, қазақ мүддесін жалпыұлттық мүдде ретінде қорғауға жұмылдыратын, тиісінше ел бірлігін арттыра түсетін аса маңызды шараны жүзеге асырғандық болары күмәнсіз.

Ahmet Baytursynulı – kazak dilbilimi ve terim dünyasındaki yeri

Nergis BİRAY

*Türkiye, Doç. Dr., Pamukkale Üniversitesi Fen-Edebiyat
Fakültesi Çağdaş Türk Lehçeleri ve Edebiyatları Bölümü Kuzey-Batı Türk
Lehçeleri ve Edebiyatları Anabilim Dalı Öğretim üyesi)
nergisb@gmail.com*

Аңдатпа: Бұл мақала, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі және терминологиясындағы орнына назар аударады. Мақалада оның терминдерді жасау мен қабылдау жолдары енгізілді. Байтұрсынұлының термин жасауда қолданған әдістері туралы қысқаша айтылады. Байтұрсынұлының әртүрлі ғылыми салалардағы жасаған терминдерінің әлі күнге дейін қолданылғаны қарастырылады.

Түйін сөздер: Алаш, термин, оқулықтар, ана тіл, аударма, дыбыс.

Summary: This article focuses on the place of Akhmet Baitursynov in Kazakh linguistics and terminology. The article outlines how to make and accept terms. Briefly describes Baitursynov's methods used in the term. Baitursynov's terms are still used in various scientific fields.

Key words: Alash, term, textbooks, native language, translation, sound.

1910-1930 yılları arasında Kazak terimbilimi alanının ilk çalışmalarını kaleme alan dilbilimci Ahmet Baytursynulı, hem bu alanın kurulması ve gelişmesi konusunda hizmet etmiş hem de ilmî eserleri ile bu alana katkıda bulunmuştur. Baytursynulı ve Alaş aydınlarının amacı dilbilim çalışmalarıyla millî ilim dilini kurmak ve geliştirmektir. Baytursynulı, bu alanda dil ve tarih bağlantıları kurabileceği eserleri esas alarak çalışmaları yapmıştır. O, ana dilin zenginliklerini kullanmış, ayrıca Türk lehçeleriyle art ve eş zamanlı bağlantılarla karşılaştırmalar yaparak terimler türetmiş, böylece lehçeler arasında ortak terim alanı oluşturma arayışına girmiştir.

Baytursynulı, bu yıllardahem ana dilden türettiği hem de yabancı dillerden alsa da ana dilin kurallarına uygun hale getirdiği ve millileştirdiği terimleri, Alaş hareketinin sözcüsü “Dala Velayatı”, “Türkistan Velayatı” gazetelerinde yayımlamış ve ilgili alanlarda bu terimlerin kullanılmasını sağlamıştır. Ardından bu konularla ilgili ilmî eserler, öğretime yönelik okuma kitapları basılmış, terim sözlükleri hazırlanmıştır.

20. yüzyılın başlarında, Kazak ilim dili, terim çalışmaları, edebiyatın kuruluş ve gelişmesi çalışmalarına emek veren “A. Baytursynulı, E. Omarulı, H. Dosmuhamedulı, M. Avezov, J. Küderin, S. Kanajulı, M. Duvlatulı, M. Jumabayulı, J. Aymavitulı, N. Törekululı, K. Kemengerulı, Ğ. Karaş, K. Jelenov, T. Şonanulı” gibi Kazak aydınları, ilmî eserler ve öğretime yönelik okuma kitaplarının Kazak Türkçesi ile ilk yayınlarını gerçekleştirmiştir.

Bu aydınlardan Ahmet Baytursınulı, dil ve edebiyat alanında ve diğer birçok ilmî alanda terimler türetme, aktarma çalışmalarıyla yabancı dilden giren terimleri millîleştirme gibi çalışmalarıyla terim türetme sisteminin temellerini kurmuş bir bilim adamıdır. O, Kazak terimbilimi alanını kuran ilk dilcidir.

İlmî çalışmalar yapabilmek, yazılanları okuyup anlamak ve değerlendirebilmek ve başkalarına öğretebilmek ilgili bilim alanının kavramlarını bilmekle mümkündür. Baytursınulı'nın terim çalışmaları bu açıdan büyük önem taşır. O, terimlerini türettiği ilim alanlarını, bu alanların temel kavramlarını biliyor ve onların bağlantılarını açıklayabiliyor olmalı. Baytursınulı, sadece Kazak dilinin genel karakterini ortaya koyan kavramlar sisteminin düzenlemelerini yapmamış ayrıca bu alanlardaki kavramların adlandırmalarını da yapmıştır. İlmî alanlarda kavram adlandırmaları yapmak, ana dilin imkânlarından ustaca faydalanmayı, kavramlar sisteminin kendine has özelliklerine vakıf olmayı gerektirir. Baytursınulı, kavram adlandırmasında seçilecek adın, kısa, akılda kalıcı, tek anlamlı, içeriği kapsayıcı olmasına dikkat ederek terimler türetmiş, başka dillerden Kazakçaya giren kelimeleri kendi diline uyarlamış, kavramlara uygun adlar seçmiştir. Baytursınulı'nın Orenburg'da yayımladığı “Okuv Kuralı” (Kazakça Alfabe, 1912) adlı eserinde “*buvındıbis, nükte, davıstı dıbıstar, jartı davıstı dıbis, däyekşi, jinişkelik belgisi, xärip (ärip)*”¹ gibi terimler yer almaktadır. 1914– 15 yıllarından 1928 yılına kadar birkaç defa yayımlanan “Til Kuralı” (Kazak Dilinin Sarfı) gibi okul kitaplarında, türetildiği günden beri hala kullanılan “*zat esim, sın esim, san esim, esimdik, etistik, üstev, kosımşa, jalğav, jurnağ*”² gibi yüzlerce terime de rastlanmaktadır. Kurmanbayulı, R. Nurğaliyev'in “Alaşordıntı” adlı kitabında Baytursınulı'nın türettiği terimlerin özlü, net, tek anlamlı ve bilimsel karaktere sahip olduğunu ifade ettiğini söyler [1, 306; 6, 12-13].

Baytursınulı, dilbilim alanında terimler türetmek yanında Kazak edebiyatında ilk terimlerini hazırlamıştır. Evezov, onu “yeni kurulan ve gelişme aşamasında olan Kazak edebiyatının önderlerinden biri olarak (1923) nitelendirirken [7], Nurğaliyev, onun “Edebiyet Tanıtqış” adlı eserini Kazak millî edebiyat biliminin ilmî temeli olarak kabul eder. Eser, yönetsel açıdan terimler bakımından eksiklikleri olan bir alanı tamamlamıştır [2, 12– 13; 6, 12-13]. Baytursınulı, terimleri türetmekle kalmaz, her bir terimin açıklamasını daimî olarak yapar [3, 192]. O, ilmî kavramlar arasındaki sistematik bağlantıyı gösterir, kavramların kendine has sistemini de açıklar. Onun türettiği veya millîleştirdiği terimler yeterli ve ilmî yapıya uygundur. Bu da, onun kavramlar sistemini bağlantılı noktaları ve kullanımları açısından iyi bildiğini göstermektedir [1, 307– 308].

O, Kazak dilini okutma metotları ile ilgili alanda da terimler türetmiştir. Dil öğretim metotları üzerinde de çalışan Baytursınulı, hem bu metotları eğitim sistemine yerleştirmiş, hem de bu alanın terminolojisini kurmuştur: *ädis, savattavädisi, jalqılav ädisi, jalpılav ädisi, jalqılavjalpılav ädisi*³, vs.

¹“hece, ses, nokta, ünlüler, yarı ünlü ses, alıntı, inceltme işareti, harf”.

²“isim, sıfat, sayı sıfatı, zamir, fiil, zarf, tümleç, çekim eki, yapım eki”.

³“metot, okuma metodu, tüm dengelim metodu, tümevarım metodu, tüm dengelim-tümevarım metodu”.

O, Kazak dilive edebiyatı alanı yanında öğretim metotları,tarih, medeniyet ve etnografya alanlarıyla dailgilenmiş ve bu alanların ilmî terimlerini türetmiştir [1, 189].

Ahmet Baytursınulı Kazak Türkçesinin iç imkânlarından faydalanarak terim türetirken ve millîterminolojinin temellerini atarken şu kurallarıgerekli görür ve uygular:

1. Kazak Türkçesinde ilmî bir terimgerekiyorsa bu, öncelikle ana dilin kelimekökleri ve işlek eklerinden türetilmelidir, bukonu ana dil için önemlidir.

2.Kazak Türkçesinde bulunmayankelimeler/terimler diğer Türk lehçelerindenalınmalıdır.

3. Avrupa dillerinden Kazak Türkçesine giren, dünyadaki ilmî alanlarda kullanımı yaygınlaşmış,uluslararası terimler diyebileceğimizterimler kalabilir ama onları Kazak Türkçesininkurallarına ve söyleyişine uygun hale getirmekgereklidir.

4. Kazak Türkçesi dışında hangi dildenalınırsa alınsın alıntı kelime veya terimler, KazakTürkçesi söyleyişine ve kurallarına uydurularakkullanıma sokulmalıdır.

5.Yabancı terimler, öncelikle ilmûzmanlığına göre Kazak bilim adamlarındanoluşturulan komisyonlarca incelenmeli, dahasonra dile girmesine izin verilmelidir. Yeni birterim türetilirken öncelikli tercih, kaynak dilin Kazakçaolmasından yana olmalıdır.

6. Kazakça'daki terimler alfabesirasıyla bir sözlük halinde hazırlanmalıdır.

Baytursınulı, terim çalışmalarında Rusçaveya diğer dillerden alınan terimleri birebir aktarma(kal'ka) yöntemiyle Kazak Türkçesinemal eder. Bu tür aktarmalarda,konuyu hem leksikolojik anlamda hem de kavramsal açıdan ele almak yani kelime veyaterimin alındığı dildeki anlamı, kuruluşu, ekiköku ve yapısını; bunlara ek olarak terimin kapsadığıkavram alanını iyi bilmek gerekmektedir.Bu türterimler türetebilmesi Baytursınulı'nın KazakTürkçesi kadar Rusça'ya hâkim olduğunu dagöstermektedir.

Onun terim türetmede kullandığı metotlardan dakısaca bahsedebiliriz:

1. Semantik yol: *jurnağ, jalğav, buvin,şuvmaq, tarmağ, ray, müşe, ädis, vs.*

2.Morfolojik yol: *jağşa, sızıqşa,kösemşe, esimşe, däyekşi, buvinşi, bastaviş,anıqtaviş, pısıqtaviş, toliqtaviş, ävrenis, külis,älektenis, älipteme, zavıqtama, mazmundama, ermekteme, qorıpta, usınba, suqtanı, azaptanı,jalğavlıq, esimdik, vs.*

3. Sentaks yolu: *davıssız dıbıs,davıstı dıbıs, qatañ dıbıs, uyañ dıbıs, tübirsöz, tuvındı söz, qos söz, qatar söz, qıstırmasöz, menzil pısıqtaviş, meken pısıqtaviş, sınpısıqtaviş, turlavlı müşe, turlavsız müşe, salalassöylem, sabaqtas söylem, jalañ söylem, jayılmassöylem, bolımdı söylem, bolımsız söylem,tolımdı söylem, vs.* [4, 487– 496].

Baytursınulı, terimler konusundakigörüşlerini “I.Türkçüler Kurultayı (Bakü, 1926)”nda sunmuş, ardından da “dilimizi yabancı dillerden gelen kelime ve terimlerdentemizlemeliyiz. Bunun için de her birTürk lehçesi diğer Türk lehçelerinden faydalanarakterimlerini yapmalı ve ortak matbaalardabasarak bunları yaymalıyız” demiştir. [3, 141].

Kurmanbayulı, eserinde Baytursınulı için birçok bilim alanında terimlertürettiği, Kazak millî terminolojisini kurduğıve gelişme yollarını açtığı, terimleri üretmekyanında kullanıma soktuğı için dilbilim sahasında1910– 1930 yılları arasına “Baytursınulıkezeñi / Baytursınulı dönemi” denildiğini belirtir[1,185]. O, türettiği terimlere ek olarak ana dilde millileştirerek terim yapmanın yollarını da göstermesiyle tanınmaktadır. Ona “Kazakilmî terimbiliminin atası” demek hiç de yanlış olmayacaktır [5, 2013].

Sonuçta Ahmet Baytursınulı'nınKazak Türkçesinde bugün de kullanılan terimleritüretme yöntemlerini 1910'lu yıllarda kullandığınıgörmekteyiz. Ahmet Baytursınulı ve Alaş aydınlarının başlattığıTürkçeleştirme çalışmaları, Kazak dilbiliminde günümüzde dedevam etmektedir. Bu çalışmalarıyla değerlendirildiğinde Baytursınulı, Kazakdilbilimindeki terimbilimi çalışmalarını ilkbaşlatan, temelini atan, birçok çalışmayla alanıgeliştiren ve genişleten bir dilbilimci olarakKazak dilbilim tarihine adını yazdırmaktadır.

Kaynakça:

1. Kurmanbayuli Şerüvбай; *Qazaq Terminologiyası, Zertteveler – Oquvlıq – Sözdik – Bibliyografiya*, Sardar Bapsa Üyi, -Almatı, 2014.
2. Biray Nergis; *Ahmet Baytursınulı – Şiirleri Üzerinde Dil ve Üslup İncelemesi*, Bilge Oğuz Yay., İstanbul, 2011.
3. Baytursinov Ahmet; “*Ädebiyet Tanıtqış*”, *Ahmet Baytursinov Şığarmaları*, -Almatı, 1989.
4. Biray Nergis, Eynel Sema; “Kazak Türkçesinde Terim Yapma Yolları – Ahmet Baytursınulı Örneği İle-”, *7. Uluslararası Dünya Dili Türkçe Sempozyumu Bildirileri*, Fırat Üniversitesi (16– 18 Ekim 2014), I. Cilt, Elazığ, 2015, s. 473 – 499.
5. Kurmanbayuli Şerüvбай; “Ahmet Baytursınulı jäne Qazaq terminologiyası”, *Ana Tili*, 21 Aqpan, 2013.
6. Nurgaliyev R.; “Alıp Bayterek - A.Baytursinov”, *Aq jol*, - Almatı, 1991, s.12– 13.
7. Evezov Muhtar, “Aqannıñ 50 jıldıq toyı”, *Aq jol gazeti*, 1923, 4 aqpan.

Республика «Алаш» как фундамент назависимости Республики Казахстан

Аккулы (Жусип) С.

Директор НИИ «Алаш» ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, PhD

Аңдатпа: «Алаш» ұлттық аумақтық автономиясы, мәні бойынша Ұлттық Демократиялық Парламенттік Республика 1917 жылғы желтоқсаннан бастап 1920 жылдың тамызына дейін жұмыс істеді. 1920 жылдың тамызында Алаш Республикасы қазіргі заманғы Қазақстанның саяси және идеологиялық негізі болды.

Түйін сөздер: Алаш, автономия, парламенттік республика, конституция, Алаш бағдарламасы, президент, Алашорда

Summary: National Territorial Autonomy Alash as announced, but in essence a National Democratic Parliamentary Republic, functioned from December of 1917 until August of 1920. However the Republic of Alash in August 1920 became the political and ideological foundation of the modern day Kazakhstan..

Key words: Alash, Autonomy, parliamentary republic, constitution, Alash program, president, Alash Orda

Что означает слово «Алаш»? В современной научной литературе казахское национально-освободительное движение начала XX века, а также основателей и лидеров этого движения для удобства принято называть сокращенно «национальное движение «Алаш» и «интеллигенция или элита «Алаш». Основанием для этого являлось, во-первых, первая казахская национальная либерально-демократическая партия, созданная по инициативе казахского национального лидера А.Н. Букейхана и постановлению I Всеказахского съезда; во-вторых, Национально-территориальной автономии, а также её официальная столица – официально носили название «Алаш».

Алашорда – это название Народного совета – высшего политического и исполнительного органа государственной власти (правительства) Национально-территориальной автономии Алаш по объявлению, но Национально-демократической республики по сути.

Народный совет – правительство Алашорда состоял из 25 членом-комиссаров, 10 из которых было предоставлено представителям других народов, переселившимся в Казахские Степной и Туркестанския края [1].

Восемь членом правительства Алашорда из 15 комиссаров Народного совета Алашорда имели **высшее юридическое образование**, один из которых – Жакып Акбайулы – имел **научную степень магистра права**, четыре из них в 1906-1907 годах избирались депутатами I и II Государственной думы. Пять членом Алашорды (А. Букейхан, Б. Кулманулы, М. Шокай, М. Тынышбайулы и А. Биримжан) с марта-апреля по декабрь 1917 года занимали должность комиссара Всероссийского Временного правительства от области до уезда, двое из них являлись членами Чрезвычайного комитета Временного правительства по управлению Туркестаном (А. Букейхан, М. Тынышбайулы). Ахмет Биримжан (Беремжанов) имел солидный опыт работы в судебной системе царской России, был депутатом Думы сразу двух созывов 1906-1907 годов, еще один выпускник юридического факультета Санкт-Петербургского Императорского университета Раимжан Марсекулы (Марсеков) с 1902 по 1917 годы непрерывно занимался адвокатской практикой (присяжный поверенный). Другой юрист по образованию Жанша Досмухамедулы – за короткий период успел подняться на высокий пост в органах прокуратуры самодержавной России [2]. В ноябре 1917 года все 15 членом Алашорды без исключения были избраны в члены Всероссийского учредительного собрания.

Среди комиссаров и кандидатов в комиссары Алашорды также были востоковед, инженер железнодорожного транспорта, военный врач, агроном, ученый-лесовод, математик и другие высококвалифицированные и опытные

кадры. Один лишь Отыншы Альжанулы имел средне-специальное образование (омская учительская семинария) и достаточно большой опыт педагогической и публицистической деятельности.

Созвучие *Алашорды* с наименованием чингизхановской империи Алтын Орда – величайшей империи во всей истории человечества – было далеко неслучайным. Отцы-основатели заложили в его название скрытый, но далекоидущий смысл, означающий буквально: «Алаш» – название единого тюркского народа, «Орда» – «Государство» и «Империя» одновременно.

Что касается термина «Алаш», то ещё в 1910 году в своем историко-справочном очерке «Казахи» (в ориг. «Киргизы») идейный основоположник и лидер движения «Алаш» Алихан Букейхан писал, что у казахов боевым кличём являлось «имя мифического лица Алаша» [3]. В 1913 году в статье «Қазақтың тарихы» (букв. «История казахов») он дал более развернутое толкование имени Алаш, что, по его мнению, означало «человек отечества». «Джучи хану было присвоено народное имя «Алаш», – отмечалось в этой статье, подписанной псевдонимом Түрік баласы (букв. «Потомок тюрков», один из многочисленных псевдонимов А.Н. Букейхана). Это означает «Алаш – голова алашевцев» («голова отечества» Т. Б.)» [4].

В 1905-1917 годах имя «Алаш» стало идеей казахского национального возрождения, программой создания современной национальной культуры и единой нации, лозунгом и знаменем борьбы за восстановление национальной государственности.

Об объединяющей силе идеи «Алаш» свидетельствует тот исторический факт, что в ноябре 1917 года в выборах в Учредительное собрание партия «Алаш» одержала триумфальную победу над всеми другими, в том числе партией «Үш жүз» («Три жуза») и РСДРП (меньшевиков и большевиков), и получила все 43 депутатских мандата. В этом можно убедиться из итогов выборов в одной лишь Тургайской области [5].

Элита «Алаш» считала, что бороться против могущественной русской империи, пусть даже отсталой экономически от Западной Европы, и вернуть независимость путём вооруженного восстания невозможно. Такой путь борьбы, по убеждению элиты Алаш, не найдет массовой поддержки в народе, о чём красноречиво свидетельствовало поражение восстания хана Кенесары.

На их взгляд, метод современной политической борьбы за независимость долгий, но самый верный. Поэтому западноориентированная элита «Алаш» во главе с Алиханом Букейханом стала сотрудничать с наиболее прогрессивными политическими силами самой империи, как, например, Конституционно-демократическая партия, программные цели и задачи которой в целом отражали стремления и чаяния казахов.

Самый вероятный путь, который мог привести казахов к национальному самоопределению, а затем и полной независимости, на взгляд лидеров «Алаш», лежал через радикальное реформирование самой колониальной империи: преобразование России из самодержавия в федеративное парламентское демократическое государство.

Без радикального преобразования самой России, казахам не вернуть своих исконных земель, объявленных в 1868 году «собственностью российской казны», и не добиться восстановления национальной государственности, был убежден лидер «Алаш» Алихан Букейхан. Будучи членом самой влиятельной российской политической партии в 1905-1917 годах (с 1912 года член её ЦК) – Конституционно-демократической или кадетской партии, а также вступив в ряды российских масонов (1908-1917 гг.), Алихан Букейхан стремился объединить все прогрессивные силы империи и направить их общие усилия на свержение самодержавия [6].

После Февральской революции 1917 года, А. Букейхан и его соратники вышли из кадетской партии и создали первую казахскую либерально-демократическую партию, которую назвали «Алаш» [7].

Восстановление независимости с прежним ханским институтом государственной власти элита Алаш во главе с прямым потомком Чингис хана Алиханом Букейханом считала архаичным и бесперспективным. Поэтому элита Алаш своей целью поставила решение следующих стратегических задач, часть которых была отражена в знаменитой «Каркаралинской петиции» от 1905 года.

Главным инициатором и автором «Каркаралинской петиции» был Алихан Букейхан, идейный основоположник и лидер движения «Алаш», который опубликовал её в 1905 году в санктпетербургской газете «Сын отечества», в августе 1906 года в омской «Иртыш», которую редактировал сам [8].

В четвертом пункте петиции говорилось, что необходимо добиться «признания земли, занимаемая казахами, их собственностью». Элита Алаш была убеждена: нет государства без собственной территории.

Согласно второму пункту петиции, казахи требовали внедрения родного языка и письменности во всех казахских школах и делопроизводстве местных органах власти и суда.

В соответствии с третьим пунктом петиции – «для выяснения текущих нужд казахского народа необходимо издание газет на казахском языке, для чего потребуются установление явочного порядка на издание газет без предварительной цензуры и на открытие типографий» [9].

Одной из стратегических целей движения «Алаш» и его лидера являлось введение в казахском Степном и Туркестанском краях так называемого земства, что давало возможность местному самоуправлению распоряжаться значительной частью налогов и так называемым «казахским капиталом» для строительства школ, больниц, дорог и других важных социально-культурных объектов, то есть направить на развитие местной инфраструктуры.

Интеллигенция «Алаш» рассматривала земство ещё и как кузницу национальных управленческих кадров не только для местного самоуправления, но и будущего национального государства. И добиваясь введения земства, элита «Алаш» преследовала долгосрочную перспективу – строительство современного казахского государства с прочного фундамента

– развития местного самоуправления и инфраструктуры. Введение для казахов воинской повинности путём отмены закона 1834 года, по которому казахи были освобождены от воинской службы, являлось ещё одним важным пунктом стратегии движения «Алаш».

При формировании из казахов легальных конно-кавалерийских войск с национальным войсковым управлением ещё при самодержавии, лидеры Алаш были не прочь воспользоваться помощью, например, башкир, а также казачьих войск. Мало того они видели в казачестве своих союзников, в том казачестве, которое в то время являлось опорой и орудием колониальной политики России в Степном и Туркестанском краях – Казахстане. Первые казахские кавалерийские полки армии Алаш удалось сформировать лишь после образования Республики Алаш к лету 1918 года, которые в 1918-1920 годах совместно с войсками казачьих атаманов вели ожесточенные бои против советской красной армии.

Следует отметить, что к началу XX-го века интеллигенции Алаш, без оружия или восстания, а путём создания современной казахской письменности, литературы, культуры в целом, а также выдвижения новой национальной идеи, удалось объединить казахов в единую нацию. Именно к этому историческому моменту все без исключения представители казахских жузов и родов осознали себя потомками единого предка... Алаш.

Напомню, что первые современные казахские литературные сочинения в прозе и поэзии – романы («Несчастливая Жамал» М. Дулатулы, «Красавица Камар» С. Торайгырулы, «Калым» С. Кобейулы и др.), рассказы, поэмы, пьесы, сборники стихов, басень и мн.др., первые периодические издания – газеты «Қазақстан», «Қазақ», «Сарыарқа», журналы «Айқап», «Абай», а также учебники, учебные пособия, хрестоматии для казахских светских школ – были изданы до 1917 года. Первый сборник оригинальных сочинений великого Абая и его переводов из русской литературы, а также «Оян, қазақ!» М. Дулатулы, «Маса» А. Байтурсынулы и мн.др. были в том числе.

Следовательно основа современной казахской культуры была создана до Февральской революции 1917 года. Позднее, в 1960-80-х годах, в ряде западных исследований об истории казахов конца XIX-го и начала XX-го века итог деятельности элиты и движения «Алаш» оценивался как **«культурный ренессанс»** [10].

И действительно, лидеры движения «Алаш» предложили своему народу новые ценности и идеалы, цели и задачи, адекватные новым требованиям и вызовам нового XX-го столетия, и пробудить в нём национальное самосознание. В итоге III Всеказахский курултай, состоявшийся 5-13 декабря 1917 года в Оренбурге, образовал Национально-территориальную автономию Алаш и сформировал её высший государственный исполнительный орган – Народный совет (правительство) Алашорда [11].

13 декабря 1917 года - это есть поворотный момент, начало новейшей истории казахского народа. Это был день восстановления казахской

национальной государственности и образования современного Казахского государства в новом формате.

III Всеказахский курултай на подлинно демократической основе - при участии 3-х альтернативных кандидатов - избрал председателя (президента) Алашорды. По итогам выборов значительным отрывом от остальных 2-х кандидатов председателем Алашорды был избран общепризнанный лидер нации Алихан Букейхан.

Еще за 7 лет до образования Республики Алаш, в 1910 году, Алихан Букейхан в своем историко-справочном очерке «Казахи» перечислил 9 областей, 1 губернию (Астраханскую) и ряд волостей Алтайского края, которых казахи занимали с испокон веков и где их численность приобладала над всеми другими народами, прежде всего крестьянами-переселенцами [12]. В декабре 1917 года в связи с образованием Республики Алаш, эти 9 областей, 1 губерния и ряд волостей Алтайского края были объявлены её территорией [13].

В 1918-1920 году, в ходе переговоров с лидерами очередного самопровозглашенного «всероссийского правительства» (Сибирская Автономия, Комуч, Уфимская директория и т.д.), председатель-президент Алашорды Алихан Букейхан неуклонно заявлял: «Автономія Алашъ... занимаетъ территорию, имеющую форму почти круга (!), составляетъ крупную, съ 10 миллионнымъ населениемъ, политическую единицу» [14].

Важно заметить тот исторический факт, что лидерам Республики Алаш удавалось сохранить её территорию в форме «почти круга» лишь до 1930 годов, постепенно теряя её части начиная с 1925 года (См. *фото карты №№1, 2*). Из них в 1925 году Оренбургская область вместе с одноимённым городом, бывшим первой столицей Советского Казахстана, перешла под юрисдикцию РСФСР, город Ташкент и ряд прилегающих районов – по валютаристскому решению И. Сталина и за подписью Т. Рыскулулы, последнего председателя Совнаркома Туркестанской АССР, были переданы Узбекской ССР, столицей которой уже успели избрать город Самарканд.

Каракалпакская автономная область, до 1930 года находившаяся в составе Казахской АССР, сперва перешла под юрисдикцию... РСФСР, а в 1936 году – передана в состав той же Узбекской ССР.

Но несмотря на все подобные своевольные перекраивания границ Казахстана, сегодня Независимый Казахстан сохранил за собой большую часть территорий, которых отстояли отцы-основатели Республики Алаш.

Первой столицей современного Казахстана – и с исторической, и юридической точек зрения является город Алаш (бывшая Заречная Слободка, ныне Семей). Поскольку согласно постановлению III Всеказахского съезда, с 13 декабря 1917 года по сентябрь 1920 года Алаш являлся официально временной столицей Республики Алаш, где располагалась её высшая политическая и исполнительная власть – Народный совет (правительство) Алашорда [15].

Республика Алаш, согласно политической программе партии «Алаш» и проекту конституции, составленному Барлыбеком Сырттанулы (Сыртанов) еще в 1910-1911 годах, являлась парламентской унитарной светской республика с президентской формой правления и сильным местным самоуправлением (земством). Конституцию Алаш предполагалось утвердить на Учредительном собрании.

Историческая роль и миссия Республики Алаш и её отцов-основателей в том, что новое государство было воссоздано из руин Казахского ханства спустя 70 лет со дня окончательного распада и ухода с исторической арены в 1847 году в связи с гибелью последнего хана Кенесары. В день образования Алаш, 13 декабря 1917 года, был заложен надежный фундамент полной национальной независимости.




Фото № 1. Карта Казахстана 1927 года из книги профессора Г.Н. Черданцева «Рассказ Джафара о Казахстане» (Москва, 1927 г.)




Фото № 2. Карта Казахстана 1920-1929 гг.

Республика Алаш родилась как единое казахско-киргизское государство, а не исключительно казахское. Например, вот что писал неизвестный автор за подписью Н.Ч. в своем материале «Автономія Казакыстана», опубликованном по следам III Всеказахского курултая в Оренбурге в газете «Оренбургскій казачій вѣстникъ»: «Киргизы дѣлятся на кайсаковъ и кара-киргизъ, но названіе «Алашь» объединяетъ ихъ въ одну націю (на подобіе нашего «Святая Русь»). Слово это означаетъ еще воинственный и священный призывъ всѣхъ киргизъ къ защитѣ, заменяя трубный звукъ» [16].

«Алаш» – понятие более широкое по сравнению с «Казакстаном» обнимает собою как самих киргиз-казаков (казахов. – С.А.), так и родственный им народ кара-киргизов, – отмечал и Мустафа Шокай, делегат всех 3-х Всеказахских съездов и член Алашорды, в своей статье «Киргизская (Казахская. – С.А.) Советская Республика», опубликованной в русскоязычной грузинской газете «Вольный горец» в самый разгар учредительного съезда Казахской (Киргизской) АССР, состоявшегося 4-12 октября 1920 года в Оренбурге, – «Казакстан», как понятие более узкое, ограничивающееся исключительно киргиз-казаками, в понимании самих киргиз всегда имел оттенок некоторого узкого национализма и шовинизма» [17].

В 1918 году лидеры Алаш и Башкирии договорились о создании единого казахско-башкирского государства. По этому поводу бывший председатель Алашорды Алихан Букейхан в своих последних показаниях следователю ОГПУ-НКВД от 6 августа 1937 года дал следующее пояснение: «В сентябре 1918 года в городе Уфе состоялось совещание между представителями правительства Алашордаи валидовского контрреволюционного башкирского правительства... На этом совещании мы договорились о... создании единого Башкиро-Казахского государства...

Необходимость принятия такого решения была продиктована следующими соображениями:

Во-первых, необходимостью объединения наших вооруженных сил для борьбы с Советской властью... Во-вторых, смежность территории и наличие в Башкирии значительного количество населения, состоящего из обашкирившихся казахов (!).

В-третьих, выгодность сочетания экономики Казахстана и Башкирии. Башкирская руда, лес и казахская хлеб, скот и нефть.

Исходя из этих соображений мы считали, что объединившись, сумеем создать свое государство, сильное в военном и экономическом отношениях» [18].

В этих показаниях бывший глава Республики Алаш был не до конца откровенен, уточняя лишь известный Советской власти факт. Дело в том, что на совещании, состоявшемся в сентябре 1918 года в Уфе за кулисами так называемого «государственного совещания», вопрос о создании «Федерации юго-восточных мусульманских областей» обсуждали не только лидеры Алаш и Башкирии. Присутствовали также Татарстана и Туркестанского

мухтариата. «Когда речь зашла о предполагаемом названии будущего государства, – утверждал лидер Башкирии Ахмет Заки Валидов в своих воспоминаниях, изданных в Турции, – Акчурин [Юсуф] посоветовал именовать его «Федерацией восточных турков». Алихан [Букейхан], в свою очередь, внёс свои коррективы: следует избегать названий, которые давали бы русским повод для наклеивания на нас ярлыка пантюркизма; в будущем и такое название вполне может стать приемлемым, а пока надо ограничиться «Мусульманской Федерацией Восточной России» [19].

Об этом свидетельствует набросок карты предполагаемой тюркомусульманской федерации, обнаруженной в архивных документах по Алашорде, сохранившихся в фонде Государственного архива РФ в Москве (см. фото № 3).

Следовательно конечной целью идеи Алаш являлось воссоздание из разрозненных тюркских народов (казахов, киргизов, каракалпаков, татар, башкир и др.), оказавшихся в силу различных исторических катаклизмов под колониальным игмом Российской империи, единого тюркского государства, великой тюркской империи или Туркестана. Позднее эту идею «Большого Туркестана», находясь в эмиграции во Франции, развивал и пропагандировал Мустафа Шокай. Об этой цели идеи лидеров Алаш свидетельствуют другие исторические факты. Например, решение о создании Туркестанского мухтариата, более известного как «Кокандская автономия», было принято не в Коканде, а в резиденции комиссара Временного правительства в Тургайской области Алихана Букейхана в Оренбурге. Об этом заявлял тот же Ахмет Заки Валидов в своих воспоминаниях, переизданных в Башкирии в переводе на русский язык в 1994 году. Он был непосредственным участником совещания, состоявшегося в конце октября – начале ноября 1917 года в резиденции А.Н. Букейхана в Оренбурге с участием других представителей элиты Алаш, где участники пришли к единому мнению, что «пока освободительное движение не наберет силу в Туркестане, оно не развернется ни в Казахстане, ни в Башкортостане» [20].



Как утверждал автор этих воспоминаний, совещание продолжалось несколько дней, после которого Мустафа Шокай, сам Ахмет Заки Валидов, Мухаметжан Тынышбайулы и другие отправились в Ташкент, откуда перебрались в Коканд, где в конце ноября 1917 года на IV-м чрезвычайном Всеумульманском съезде был образован Туркестанский мухтариат.

По замыслу отцов-основателей Туркестанского мухтариата, инициаторами создания и первыми руководителями которого были видные представители элиты Алаш в лице М. Тынышбайулы, М. Шокай и А. Акайулы, в недалёком будущем Туркестан должен был стать составной частью единого государства Алаш. Поэтому в декабре 1917 года М. Тынышбайулы и М. Шокай были избраны в комиссары Алашорды в бытность первого премьер-министром, второго - министром иностранных дел Туркестанского мухтариата.

В августе 1920 года Автономия Алаш по сценарию Советской власти была преобразована в Казахскую АССР. А Оренбург был провозглашён столицей КазАССР лишь в сентябре 1920 года.

Сам факт существования Казахской автономной республики вынудил советскую власть в 1924 году идти на искусственное создание в Центральной Азии других национальных республик в противовес Казахской. Так из бывших Бухарского и Хивинского эмиратств и части Туркестанской АССР была образована Узбекская ССР, Туркменская, Таджикская АССР, киргизы и каракалпаки были выделены в составе Казахской АССР в отдельные автономные области. Такова была до сих пор непризнанная, но подлинная историческая роль и миссия Автономии Алаш и перед другими современными национальными государствами Центральной Азии.

В 1925 году Оренбургская область была передана в состав РСФСР, благодаря чему Татарская и Башкирская АССР были территориально отделены от КазАССР, поскольку советская власть опасалась воссоздания великого тюркского государства не меньше, чем колониальная царская империя.

Литература:

1. Алашорда: Сборник документов // Составитель Н. Мартыненко. – Алматы: Айқап, 1992. - С. 74.
2. Мажитов Р.С. Жаханша Досмухамедов. – Алматы: Арыс, 2007. – С.39.
3. Бөкейхан Әлихан. Таңдамалы – Избранное. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. - С. 73.
4. Түрік баласы. Қазақтың тарихы. - II бөлім. // Қазақ. - № 3. - 16.02.1913.
5. Итоги выборовъ въ Тургайской области. Тургайскій уѣздъ. – Оренбургъ. Южный Уралъ. - № 64. - 30.11.1917. – С. 3; Итоги выборовъ въ Тургайской области. Г. Иргизъ. – Оренбургъ. - Южный Уралъ. - № 64,

30.11.1917. – С. 3; Итоги выборов в Учредительное Собрание по Иргизскому уезду Тургайской области. – Оренбургъ. Южный Уралъ. - №87, 01.01.1918. – С. 4; Актюбинскъ. Итоги выборов в Учредительное Собрание. – Оренбургъ. Южный Уралъ. - №66, 02.12.1917. – С. 3; Пос. Челкаръ. - Южный Уралъ. - № 66. - 02.12.1917. – С. 3.

6. Къ текущимъ событіямъ. – Омскъ: Степной край, 27.10.1905.

7. Бөкейханов Әлихан Мен кадет партиясынан неге шықтым? //Қазақ, № 256, 23.12.1917. Орынбор; Алаш партиясы //Сарыарқа, № 19, бейсенбі, 09.11.1917; Қазақ партиясы «Алаш». Учредительное собрание сайлауы қалай болады?// Сарыарқа. - № 19, бейсенбі, 09.11.1917. - Алаш (Семей); Қазақ партиясы «Алаштың» тұтынатын жолының жоспары // Сарыарқа. - № 20, 18.11.1917. - Алаш (Семей).

8. Букейхановъ А. Петиція казаховъ [киргизъ] // Сынъ отечества. - №173, 04.09.1905. СПб; Петиція казаховъ //Иртышъ. - № 32, суббота, 26.08.1906. Омскъ.

9. Там же.

10. Букейхановъ А. Н Киргизы. //Костелянскій, А. Н (ред.). Формы национального движенія в современныхъ государствахъ. – С. 577-600. - СПб., 1910. - Society for Central Asian Studies. Kazakhs on Russians Before 1917. A. Vukeykhanov, M. Dulatov, A. Baytursynov, T. Ryskulov. Reprint series № 5. Oxford, 1985.

11. Алашорда: Сборник документов //Составитель Н. Мартыненко. – Алматы: Айқап, 1992. – С. 69-70, 74.

12. Бөкейхан Әлихан Таңдамалы. Избранное. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – С. 66-67.

13. Н. Ч. Изъ мусульманской жизни. – Оренбургъ: Оренбургскій казачій вестникъ, 1998. - № 7. – С. 1-2.

14. Аккулы С. Алихан Букейхан Творец истории. – Шымкент: Азиат, 2016. - Т. I. - С. 60.

15. Аккулы С. Алихан Букейхан Завещание. – Шымкент: Азиат, 2016. - Т II. С. 408.

16. Н.Ч. Автономія Казақыстана. - Оренбург. - Оренбургскій казачій вѣстникъ. - 10.01.1918, № 7. - С. 3-4. Н. Ч. Изъ мусульманской жизни. – Оренбургъ. Оренбургскій казачій вестникъ. - № 7. - 10.01.1918. – С. 1-2.

17 Шокай М. Киргизская (Казахская. – С.А.) Советская Республика. – Тифлис. Вольный горец. - 11.10.1920. - № 57.; Шокай М. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012. - Том II. - 203-204-б.

18. Следственное дело № 12066 по обвинению Букейхана (Букейханова) А.Н. - Москва: ЦА ФСБ России: Д. Р-34862. Л. 30-31.

19. Тоган З.В. Воспоминания (Борьба народов Туркестана и других Восточных мусульман-тюрков за национальное бытие и сохранение культуры). - Книга I. – Уфа: Китап, 1994. - С. 262.

20. Тоған З.В. Воспоминания (Борьба народов Туркестана и других Восточных мусульман-тюрок за национальное бытие и сохранение культуры). - Книга I. – Уфа: Китап, 1994. - С. 215.

Қазақстан егемендігі үшін басталған Алаш ұлт-азаттық қозғалысындағы зиялы қауымның ролі

Сейед Джавад Джалали Киясари

Алматы қаласы, Иран мәдени өкілдігінің директоры

Аңдатпа: Мақалада Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов сынды тұлғалардың қазақтың тәуелсіз ел болуына тигізген ықпалы сөз етіледі. Алаштың ұлы тұлғалары осыдан жүз жыл бұрын Қазақстан аспанын жаулаған қара бұлттарды сыртқа шығарып, жарқыраған күнді қазақ халқына сыйлады.

Түйін сөздер: әліпби, төте жазу, фонетика, морфология, ғылыми конференция.

Summary: This article deals with the influence of AkhmetBaitursynov, AlikhanBokeikhanov, MyrzhakypDulatov on the Kazakh identity. Almost 100 years ago, Alash's great personalities brought out the dark clouds that had been invaded by the sky and presented the sunshine to the Kazakh people.

Key words: alphabet, direct writing, phonetics, morphology, scientific conference.

Қазақ халқының ішінен шыққан атақты филолог, әдебиетші, аудармашы, жазушы және саясаткер Ахмет Байтұрсынұлы сауатты да білімді отбасында дүниеге келген. Бала кезінен ерекше қабілетке ие Ахмет Байтұрсынұлы 1886-1891 жылдары Торғай қаласындағы орыс-қазақ мектебінде білім алады. 1891 жылы Орынбор қаласындағы мұғалімдерді дайындайтын оқу орнын аяқтап, Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы болып жұмыс істеді, жергілікті тұрғындардың қоғамдық өміріне қатысты мәселелерге белсене араласып, саяси және қоғамдық әділеттіліктің орнауы үшін Ресей үкіметінің отаршылдық саясатымен күресті. Ауылды жерлерде білім саласының дамуы үшін көптеген зерттеу жұмыстарын жасап, жаңа үлгіде кітап жазуды қолға алды.

Ол алғаш рет аймақ халықтары арасында қолданыстағы араб әліпбиін қазақ тілінің ерекшеліктеріне қарай өзгертіп, одан жаңа «төте жазу» деп аталатын әліпбидің негізін қалады. Осы әліпбидің негізінде тілден шыққан әрбір дауыс әріптермен таңбаланып, ғылым саласында араб әліпбиінің оқу қиындықтарын жеңілдетті. Әліпбидегі өзгеріс қырғыз және өзбек жазуына да өз әсерін тигізді. Әліпбидің әр кезеңде қайта шығарылуы, яғни, қазақ жазуының латын және кириллицаға ауысуы, «Шалқар» газетінің төте жазумен шығуы, Шынжаң Ұйғыр автономиялық ауданында әлі күнге дейін пайдалануы оның Орта Азия мен Қазақстанға әсер еткенін көрсетеді.

Байтұрсынұлы қазақ тілін дамыту мақсатында 1914-1915 жылдар аралығында тіл білімі саласына байланысты фонетика, морфология, синтаксис туралы кітаптар жазып, жаңа терминдерді енгізді. Ол терминдер

қазіргі күнге дейін қазақ тілінің грамматикасында және сөйлем құрауда пайдаланылады.

1901 жылдан бастап көптеген қоғамдық мәселелерге байланысты тақырыптарды аударып, өлең жазумен қатар қазақ халқының ұлы ғұламасы Абай Құнанбайұлы туралы мәліметтерді жинады. Абайды «Қазақтың бас ақыны» деп санағандықтан, оны аймақ тұрғындарына таныстыру мақсатында мақалалар жариялады.

Ахмет Байтұрсынұлының саяси жолы Әлихан Бөкейханнан алыс болмады, қашанда Совет үкіметінің қауіпсіздік қызметінің назарында болды. Жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. 1910 жылы 19 ақпанда Ресей үкіметі тарапынан Байтұрсынұлын қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылданады және осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913-1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары – Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Онда қазақ халқының қоғамдық және саяси өміріне байланысты мақалаларды жазды және халықты өнер, білімді игеруге шақырды. «Қазақ» газетін саяси қысым әсерінен және материалдық көмектің жетіспеушілігінен мезгілінде шығаруға мүмкіндік болмады, сол себептен Ахмет Байтұрсынұлы достарымен бірге күндіз-түні жұмыс жасады, тіпті оның әйелі мен қызы газетаны түзету, тарату, материалдық шығынмен қамтамасыз ету сынды ауыр жауапкершілікті өз мойындарына алды. Әртүрлі саяси тақырыпқа байланысты мақалаларды жариялағаны үшін Ахмет Байтұрсынұлы Ресей үкіметі тарапынан бірнеше рет түрмеге қамалды. Ол достарымен бірге Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы қарулы емес, саяси күресті бастады. Сол себептен қазақ халқының санасын ояту үшін қазақ тілін дамытудың маңызды екенін түсінді, оны өздерінің басты идеясы ретінде білді. Бұл туралы Ахмет Байтұрсынұлы өзінің еңбегінде былай деп жазады:

«Әлем әдебиетін өз тіліне аударар алған халық еркін өмір сүруге құқылы екенін ұмытпауымыз керек». Ахмет Байтұрсынұлы өзінің алғашқы саяси жұмыстарын 1912 жылы «Азамат» деп аталатын қазақ зиялы қауымының мүшесі ретінде бастайды. «Алашорда» үкіметінің оқу-ағарту бөлімінің төрағасы, 1919 жылдың наурызына дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Байтұрсынұлы «Алаш» партиясы мен Коммунистер партиясы мүшелерін татуластыруға, ҚазССР шегараларын белгілеу комиссиясы жиындарына қатысты. 1921-1925 жылы Орынбордағы, 1926-1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында «Қазақ тілі», «Мәдениет тарихы» пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогика институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929

жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылады. Алайда 1937 жылы 8 тамызда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни, 8 желтоқсанда атылды.

Ахмет Байтұрсынұлы ұлт азаттығы үшін күрескен тұлға ретінде өзінен кейін әдебиет, дидактика, тіл білімі саласында құнды шығармаларды қалдырды. Оның алғашқы кітабы «Қырық мысал» деген атпен 1909 жарық көрді. Бұл кітапта орыс үкіметінің зорлық-зомбылық саясатын мысал жанры арқылы оқырманға жеткізіп, халықтың санасын оятуға тырысты.

1911 жылы Байтұрсынұлының «Маса» атты өлеңдер жинағы жарық көреді. Бұл жинақты адам мәдениетін жетілдіру және қазақ жастарын сауатын ашуға, білімін жетілдіруге, өнер үйренуге, қоғамдық саяси өмірге белсене араласуға шақыру мақсатында баспадан шығарды. Осы жинақтағы мысалдар арқылы адамдарды жалқаулықтан аулақ болуға, еңбек етуге үндейді. Ахмет Байтұрсынұлы – Абай Құнанбайұлынан кейінгі қазақ әдебиетін жаңа бағытқа өзгерткен тұлғалардың бірі. Аударма саласында еңбек етіп, қазақ әдебиетін жаңа шығармалармен толықтырды. Мысалы атақты орыс ақындары – А.Пушкин, М. Лермонтов, И. Крыловтың өлеңдерін қазақ тіліне аударды.

Ол әр салада жұмыс жасады, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа жақсы үлгі болды. Бүгінде оның өмірі мен ұлттың құқықтарын қалпына келтіріп, отаршылдыққа қарсы бағытталған саяси әрекеті келесі ұрпақ үшін үлгі болып табылады.

Ол халқының рухани және азаматтық қолбасшысы ретінде қазақ тарихында ізін қалдырды. Зиялы қауым Ахмет Байтұрсынұлын 1937 жылға дейін «ғалым, жазушы, ақын, жаңа көзқарасты ойшыл» деп таныған. Мысалы, 1929 жылы Москва қаласында жарық көрген «Әдебиет энциклопедиясында» ол туралы былай жазады: «Қазақ халқының ұлы тұлғасы, журналист, қоғамдық реформатор, қазақ әліпбиінің түзетушісі және «қазақ әдебиеті теориясының» негізін қалаушы».

Репрессия жылдарынан кейін Кеңес үкіметінде Ахмет Байтұрсынұлының атын атауға тыйым салынды. Осылайша, көптеген жылдардан бері жалғасып келе жатқан бұл әділсіз үнсіздікті түркітанушы орыс ғалымы А.Н.Кононов жарып шықты. Ол 1974 жылы өзінің кітабында алғаш рет Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, қоғамдық және мәдениет саласында атқарған жұмыстары туралы жазды. Осы кітап жарияланғаннан кейін Байтұрсынұлының аты қазақ қоғамында қайта тіріліп, 1988 жылдан кейін Қазақстандағы көптеген көше, мектептерге Байтұрсынұлы есімі берілді. Тіл білімі институты, Қостанай мемлекеттік университеті Байтұрсынұлының есімімен аталды. 1998 жылы оның туғанына 125 жыл толған мерейтойы салтанатпен атап өтіліп, Алматы қаласында

республикалық ғылыми конференция өткізілді. Байтұрсынұлының мұражай-үйі мен ескерткіші ашылды

Қазақстан егемендігін алып, коммунистер отаршылығынан азат етілген соң елдің егемендігі үшін күрескен тұлғаларды еске алып, түрлі конференцияларды ұйымдастырып отырады.

Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов сынды тұлғалар болмаған болса қазақ халқының бүгінгі күні басқаша болар еді. Бұл Алаштың ұлы тұлғалары осыдан жүз жыл бұрын Қазақстан аспанын жаулаған қара бұлттарды сыртқа шығарып, жарқыраған күнді қазақ халқына сыйлады.

А.Байтұрсынұлы рай категориясының грамматикалық тұлғалары туралы

Қабдыл А.

филология ғылымдарының докторы, Орталық Азия университетінің профессоры, Халықаралық КОНКОРД академиясының корреспондент мүшесі, Оңтүстік Ресей лингвист-сарапшылар ассоциациясының мүшесі

***Аңдатпа:** Мақалада А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» еңбегі, соның ішінде етістіктің рай грамматикалық категориясы қарастырылады. Рай категориясының түрлері, тілдік бірліктер мен райдың теориялық сипаттамасы қазіргі қазақ тілінің грамматикасымен салыстырыла зерттеледі. Олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар (терминдер, жіктеулер, формалар т.б.) талданады.*

***Түйін сөздер:** лингвистика, қазақ тіл білімі, А.Байтұрсынұлы, қазақ тілінің грамматикасы, морфология.*

***Summary:** the textbook of A.Baytursynuly "Til – kural" is examined in the article, in particular a grammatical category of verb is a mood. Compared kinds of infinitive, language units and theoretical description mood with grammar of modern Kazakh. Likeness and distinctions (terms, classification, forms) are analysed between them.*

***Key words:** linguistics, Kazakh linguistics, A.Baytursynuly, grammarian of Kazakh, morphology.*

Қоғам және мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі саласына сіңірген еңбегі ерекше. Оны тіл біліміне алып келген – оқу ағарту ісін жолға қою, халықты жаппай сауаттандырып, көзін ашу, сол арқылы қазақ халқын ұлттық теңсіздіктен құтқару мақсаты болатын. А.Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» атты еңбегінде қазақ тілінің грамматикалық құрылысы туралы алғаш рет жүйелі түрде, тіл табиғатын терең түсіне отырып жазған еді. Ол грамматикалық категория көрсеткіштерінің танылып, олардың білдіретін мағыналарын дәл тауып, терминдік атаулар берген.

Қазақ тілінің табиғатын, құрылымдық категорияларын дұрыс аңғарған тілші-ғалым: «Етістікте 15 рай бар: тұйық рай, билік рай, ашық рай, шартты рай, ереуіл рай, реніш рай, қалау рай, сенімді рай, сенімсіз рай, болжал рай,

мұң рай, көніс рай, қайрау рай, азалы рай, теріс рай», – деп, 1915 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Тіл – құрал» (Қазақ тілінің сарфы), 2 жылдық кітабының «Етістік» тарауында айтқан болатын. Алайда ғалым көрсеткен рай түрлері мен көрсеткіштері бүгінгі грамматикаларда терминдік атауларымен ғана емес, сонымен бірге мағыналық және тұлғалық өзгешеліктерімен де ерекшеленеді.

Аталған оқу құралында ғалым райдың 15 түрін көрсеткен және олардың білдіретін мағыналары мен грамматикалық тұлғаларын білдіретін қосымшаларды бере отырып, мысалдармен дәлелдеген. Оны төмендегі кестеден көруге болады.

А.Байтұрсынұлының рай түрлері мен тұлғаларының кестесі

№	рай түрі	мазмұн-мәні	көрсеткіштері	мысалдар
1	тұйық	Істің беті белгісіз тұйық күйінде тұрғандағы айтылатын сөз	-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек	қарамақ келмек кетпек
2	билік	Істі істеуге-істеуге кесіп йтқандағы сөз түрі	-айын (1-жақ) -Ø (2-жақ) -сын (3-жақ)	жазайын жаз жазсын
3	ашық	Істі ашық баяндайтын сөз түрі. Билік райдағы екі айырыс, үш жақ, үш мезгілмен сөйленеді.	Осы шақ, өткен шақ және келер шақ көрсеткіштері	жазамын жаздым жазармын
4	шартты	Істің істелуіне шарт көрсететін сөздің түрі.	- са - се	жазсам күресең
5	ереуіл	Істейтін істің мақсұтына болымы қарсы, ереуіл болғанда айтылатын сөз түрі	- са да - се де	жазсамда күресемде
6	реніш	Істеген-істемеген істерге реніш еткенде айтылатын сөз түрі	-ған да бар - ді-м деп	шақырғанда, барсамшы. көрдім деп айтсамшы
7	қалау	Істің көңіл қаламауын көрсететін сөз түрі	-са – м екен -са – ң екен -са екен	барсам екен бармасам екен, айтсаң екен, айтпасаң екен, білдірсе екен, білдірмесе екен
8	сенімді	Істің істелген-істелмегеніне көңіл сеніп сөйлегенде айтылатын сөз түрі	- ғай – мын - ғай – сың - ғай	алғаймын алғайсың алғай
9	сенімсіз	Істің болу-болмауына көңіл сенбегенін көрсететін сөз түрі	-ар ма екем - ма – с па екем	барар ма екем бармас па екем
10	болжал	Істі шартқа қарайлап болжалдағандағы сөз түрі	-р еді -ар еді -ер еді	оқыр едім (ақшам болса), ішер едің (су болса), барар еді

				(жалдаса).
11	мұң	Істерлік іске мұң болғанда айтылатын сөз түрі	-ар ма еді -па – с па еді	айтар ма едім айтпас па едім
12	көніс	Іске көнгенде мойындағанда айтылатын сөз түрі	-е – мін та -й – мін та -а – мын та	кетемін – та кетпеймін-та барамын-та
13	қайрау	Істі істеуге я істемеуге қайрай сөйлегендегі сөз түрі	-айын – шы -ма – йын – шы	барайыншы бармайынша
14	азалы	Қайрау райдың азамен айтылатын түрі	-са – й – шы -ме – се – й – ші	жүрсейші жүрмесейші
15	теріс	Істелген іске айтылатын сөз теріс түрі	-са игі еді -ма -са игі еді	барса игі еді бармаса игі еді

Ғалым еңбегінде *тұйық рай* тұлғасын **-мақ/-мек** түрінде береді. Оны Кім? Қашан? Қалай? Істегені белгісіз, беймәлім болғандықтан осындай сөздер – *қарамақ, саумақ, бармақ, жанбақ, атпақ, ермек*, т.б. тұйық рай болады дейді [1, 234].

Тіл білімінде іс-әрекеттің атауы ретінде берілетін сөздер «қимыл есімі», «қимыл атауы», «-у тұлғалы қимыл есімі», «тұйық рай», «тұйық етістік» сияқты терминдермен беріліп жүрді. Алайда «қимыл есімі» деген термин тұрақталды. Қазақ тілінің соңғы грамматикаларында: «*Тұйық етістік* – етістіктің ерекше түрі. Мағынасы жағынан ол қимылдың, іс-әрекеттің атын білдіреді де, шақпен де, жақпен де байланысты болмайды. Сөйтіп, тұйық етістік қимылдың, іс-әрекеттің атауы ретінде қолданылады да, етістік тұлғаларына тән шақтық, мағынаны да, жақтық мағынаны да білдірмейді [2, 510]. Тілімізде тұйық етістікті тұлғалы сөздердің нөлдік жұрнақ арқылы құралдың атын білдіріп, зат есім болып кеткендері де бар. *Көсеу* (отты, шоқты көсейтін құрал), *сабау* (жүнді сабайтын таяқ), *егеу* (темірді егейтін құрал), *жасау* (қызға жиналған дүние-мүлік), *қашау* (ағашты кесетін, жонып, қырнайтын құрал), *тұсау* (жылқының алдыңғы екі аяғына салатын құрал), *ою* (ойып салынған өрнек) сияқты зат есімдер тұйық етістіктен жасалған. *Көсеу ұзын болса қол күймейді* деген мақал да кездеседі.

А.Байтұрсынұлы көрсеткен тұйық етістік жасаушы **-мақ/-мек** жұрнағы етістіктің шақтық көрсеткіштерін қабылдап, жіктік жалғауында түрлене алады. Мысалы, *мен айтпақпын, сен айтпақсың, ол айтпақ* және т.б. яғни, аталған тұлға қимыл есімінің атауы бола алмайды. Себебі қимыл есімінің де өзіне тән грамматикалық ерекшеліктері бар. Ал **-мақ/-мек** жұрнағы оған сәйкес емес.

Билік рай – істі істеуге-істемеуге кесіп айтқандағы сөз түрі. Болымды түрде *жазбақ*: (сабақты етіс), *жыламақ* (салт етіс), *күреспек* (ортақ етіс), *жуынбақ* (өздік етіс), *жатқызбақ* (өзгелік етіс), *қаздырмақ* (беделді етіс), *жегілмек* (ырықсыз етіс), *атыстырмақ* (шығысты етіс), *шапқыламақ* (дүркінді етіс), *алыңқырамақ* (өсіңкі етіс), т.б. деп көрсеткен [1, 235].

Билік рай бүгінгі грамматикаларда «бұйрық рай» терминімен берілген. Оны жан-жақты зерттеген Л.Дүйсембекова. Ғалым бұйрық райдың бірнеше семантикалық түрлерін көрсетіп: талап ету, күштеу, қорқыту, бұйырық,

команда, жарлық, тыйым салу, мүлдем тыйым салу, өкіну түріндегі тыйым, өтіну, жалыну, жалбарыну, алғыс, тілек, бата, кеңес, ақыл т.б. парадигмалық ерекшеліктерін саралаған [3].

«*Ашық рай* дейміз істі ашық баяндайтын сөздің түрін. Ашық райдағы сөздер билік райдағы екі айырыс, үш жақтан басқа үш мезгілмен сөйленіп өзгереді», – деп, *жаз, жыла, күрес, жуын, қаздыр, жатқыз, жегіл, атыстыр, шапқыла, алыңқыра* етістіктерін осы шақ, өткен шақ, келер шақта етістіктің болымды және болымсыз түрлерінің жіктелу үлгісін береді [1, 235-239].

Бүгінде А.Байтұрсынұлының ашық рай туралы пікірі сақталған, терминдік атаулы да сол күйінде қолданылады. Айырмашылығы – ғылымның дамуына байланысы толықтырылып, шақ көрсеткіштерінің қолданыстық ерекшеліктері мен тұлғалық құрылымдары анықталған.

Белгілі ғалым, профессор Нұржамал Оралбайдың 2007 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» атты оқу құралында етістіктің рай категориясы мен модальділік категориясының өзара байланысы туралы айтылған. Ғалым онда А.Байтұрсынұлы көрсеткен рай түрлерінің модальділік мағына білдіретін неғайбыл райға жатқызады.

Ашық рай (реальді рай) мен неғайбыл райлардың айырмашылықтарына мыналарды жатқызады: 1) ашық райдың арнайы көрсеткіші жоқ, неғайбыл райлардың көрсеткіштері бар; 2) ашық райдағы реальді қимылды шақ көрсеткіштері білдіреді, неғайбыл райларда бұйыру, қалау, шарт мағыналары осы райлардың көрсеткіштері білдіреді деп түйіндейді [4, 270-271].

А.Байтұрсынұлы етістік тұлғаларын түбір, туынды түбір деп атамаса да, жіктеуде берілген сөздерінен етістіктің түбір, туынды түрлерін көруге болады. *Жаз, жыла, күре* – түбір етістік, *жуын, қаздыр, жатқыз, жегіл, атыстыр* – етіс тұлғалы етістіктер болса, *шапқыла, алыңқыра* – амалдың өту сипаты категориясының істің үдей түсуін аңғартатын рең қосатын жұрнағына жатады.

Бүгінгі қазақ тілі грамматикаларында райдың *қалау рай* түрі А.Байтұрсынұлы атаған терминмен айтылады, алайда олардың арасында ерекшеліктер де бар. Мысалы, А.Байтұрсынұлы істі көңіл қаламауын көрсететін сөз түрін жатқызған. Оған *барсам екен, бармасам екен; айтсаң екен, айтпасаң екен* сынды мысалдар келтіреді [1, 242].

Н.Оралбаеваның 2007 жылы жарық көрген еңбегінде қалау райды тілек модальділікке жатқызып: «Қалау рай деп сөйлеушінің қимылды жүзеге асырғысы келетін ниетін, ықыласын, ойын білдіретін етістіктің түрі аталады» дейді [4,280]. Қалау рай көрсеткіштеріне **-ғай /-гей, -қай/-кей** жұрнағын; **-ғай еді/-гей еді, -қай еді/-кей еді** аналитикалық формантын және – **са игі еді, -са еді, - са екен** аналитикалық форманттарында субъектілік модальділік мағына барын айтады.

Аталаған аналитикалық форманттар (**-са игі еді**) А.Байтұрсынұлы еңбегінде **теріс райға** жатады. Теріс райда істелетін іске айтылатын сөз

теріс түрінде беріледі. Мысалы, *барса игі едім, бармаса игі едім, алса игі едің, алмаса игі едің, жүрсе игі еді, жүрмесе игі еді* түрінде берілген.

А.Байтұрсынұлының түсінігіндегі реніш рай. «*Реніш рай – істеген-істемеген істерге реніш еткенде айтылатын сөз түрі. Мәселен: «Шақырғанда барсамшы!», «Көрдім деп айтсамшы!».* «Барсамшы» дегенде бармағанына реніш айтады. «Барсамшы», «айтсамшы» деген реніш көрсететін сөздер реніш рай болады», – деп, жіктелу үлгісін береді.

А.Байтұрсынұлы «Тіл – құралында» етістікке берген анықтамасында «Заттардың еткен-етпеген істерін көрсететін сөздерді» етістік деп таныған. Оған мысал ретінде – «*Бұлт торлады», «Күн жауды», «Су тасыды», «Бұлт торламды», «Күн жаумады», «Су тасымады»* деп болмаған істі де көрсететіндігін айтады [1, 231].

Біздің пікірімізше А.Байтұрсынұлы көрсеткен райдың 15 түрінде айтылатын іс-әрекеттің болуы немесе болмауы, оған қатысты сөйлеушінің ойы және т.б. көңіл-күй сезімдерінің берілуі модальділік мағынаға жатады. Оны жоғарыда талданған рай түрлерінен көрдік және сенімді, сенімсіз, мұң, көніс, және басқа да райлардан көруге болады.

Бүгінде қалау рай болып танылып жүрген рай түрінің көрсеткіштері соңғы шыққан «Қазақ грамматикасында» (2002): «Қалау рай – сөйлеушінің қимыл-іс-әрекетті орындауға қалау, тілек, ниет, ынтасын білдіріп, белгілі бір жолдармен жасалатын рай категориясының бір түрі» деген анықтама беріліп, оның көрсеткіштеріне – **ғы/ -гі, -қы/-кі** қосымшаларының етістік тұлғасына жалғанып, тәуелденіп **-м, -ң – сы** тәуелдік жалғауларының жалғанып, оған **келетістігінің** көмекшілік қызметтегі қолданысы тіркесетіндігі айтылған [2, 514].

Бұл жерде *кел* етістігі өзінің лексикалық мағынасынан айырылып, грамматикалық қызметке көшкен түрі қолданылады. **-ғы (-м, -ң) -сы** кел аналитикалық формант қалау, ниет, ынта мағынасын білдіреді.

Аталған грамматикада қалау райдың тұлғалық көрсеткіштеріне шартты рай тұлғалы етістікке *игі, екен* аналитикалық форманттарын жатқызған және оның тілек мәнді қалау рай жасайтындығы айтылған. Сондықтан қалау рай тұлғасындағы **-са екен, -са игі еді** аналитикалық форманттарының мағыналары өте абстрактілі, олардың құрамындағы морфемалардың мағыналық құрамы да өте абстарктілі болып келеді. Сол себепті болар А.Байтұрсынұлы оларыдың мағыналық құрамынан теріс, қалау рай тұлғаларын белгілеуі.

Сонда А.Байтұрсынұлы көрсеткен қалау райдың ерекшелігі:

- 1) терминдік атауды сипаттауы бүгінгі грамматикалардан өзгеше;
- 2) тұлғалық көрсеткіші тек – **са екен**;
- 3) **-ғы -м кел, -ғай, -ғай еді, -са игі еді** аналитикалық форманттар қалау рай көрсеткіштеріне жатқызылмаған. Ұқсастықтары: 1) терминдік атауы 2) тұлғалық көрсеткіштерінің біреуі (**-са екен**) бүгінгі грамматикадағы қалау рай көрсетіштерімен бірдей.

А.Байтұрсынұлы көрсеткен мұң рай тұлғаларын қолданыстық тұрғыда саралайтын болсақ, мынадай мағына мәндерін көруге болады. *Шақырса, бара ма едім. Шақырса, бармас па едім. Үйге келсе күтер ме едім. Үйге келсе күтпес пе едім.* Бұл жерде шартты бағыныңқы сөйлемнен соң, шарт орындалуына мұңнан гөрі күмән, болжау мағынасы барын көреміз. Болжау мағынасын А.Байтұрсынұлы райдың *болжал* түрінде береді: «Істің шартқа қарайлап болжалданғандағы сөз түрі. **-р еді, -ар еді, -ер еді.** Мысалы, *Оқыр едім* (ақшам болса), *ішер едің* (су болса), *барар еді* (жалдаса).

Бұл жерде байқағанымыз «Тіл – құралда» көрсетілген *қайрау рай* – істі істеуге я істемеуге қайрай сөйлеген сөз түрі. **-айын -шы, -ма -йын -шы.** Мысалы, *барайыншы, бармайыншы* амалды жүзеге асыруды біреуге бұйырудан гөрі, сөйлеуші орындауды өз міндетіне алғаны, оны істеуге өз ынтасы барлығын, оны істеуге бекінгені көрінеді. Яғни, іс-әрекет жекеше түрдегі 1-жақ сөйлеушіге тән. Егер оны екінші жақта атар болсақ, сен барайыншы, бармайыншы түрінде айтылады. Ол тіліміздегі грамматикалық категория парадигмасына да, тіл табиғатына да жат құбылыс. Сондықтан біз оны қайрау райы емес, бұйырық райыны жекеше түрдегі 1-жақ көрсеткіші деп тауды қолдаймыз.

Азалы рай. Ғалым оны - қайрау райдың азамен айтылатын түрі. **-са -й -шы, -ма -са -й -шы, -се -й -ші, -ме -се -й -ші.** Мысалы, *барсайшы, бармасайшы, жүрсейші, жүрмесейші* деп көрсеткен. Бұл рай түрінде берілген көреткіштерде шарт мағынасы бары және екінші жаққа қаратып айтылған іс-әрекет. Ол жерде *сен барсаңшы* – *сен барсайшы* болып алынған. Яғни, ауызекі сөйлеу тіліндегі қолданыс. **-са** шартты рай жұрнағына **-шы/-ші** дәнекері қосылатындығы туралы А.Ысқақов пікірі жоғарыда келтірілді. Онда ғалым бұл шартты форма шарт мәнінен айырылып, қапы қалу, опық жеу, өкіну тәрізді басқа мәнді білдіретіндігі туралы айтқан (мысалы, *сен барсаңшы, сендер барсаңдаршы*) [5, 322]. Сонда ол 3-жақта *ол барсыншы, олар барсыншы* түрінде айтылады екен. Алайда грамматикаларды бұл туралы айтылмаған.

Көніс рай. Анықтамасы: «Іске көнгенде мойындағанда айтылатын сөз түрі. **-е -мін та, -й -мін та, -а -мын та.** Мысалы, *кетемін-та, кетпеймін-та, барамын-та.* Бүгінгі қолданысы – *барамын да, кетемін де, айтамын да* және т.б. Мұны ашық рай ауыспалы осы шақ және келер шақ көрсеткіші деп танылған формаға жатқызамыз. **-а, -е, -й** көсемше жұрнағы және жіктік жалғауының толық түрі, *да* көмекші сөз, шылау болады.

Сонымен, етістіктің рай категориясы – мазмұны мен формасы жағынан аса бай категория. Ол шақ формаларымен де, есімше, көсемше, қимылдың өту сипатын білдіретін формалармен де, модальділік категориясымен де т.б. байланысты. Қазақ тіл білімінде рай категориясы – мазмұн межесі тұрғысынан да, тұрпат межесі тұрғысынан да да ғалымдар арасында дау туғызып келе жатқа мәселелердің бірі саналады. Зерттеушілердің көпшілігі райды «сөйлеушінің ақиқат шындыққа, өз сөйлеміне және қимыл әректке

көзқарасын білдіретін етістіктің грамматикалық категориясы» деп анықтама берген.

Рай – бұл сөйлеуші көзқарасы тұрғысынан реальді және бейреальді субъективті бағалануының грамматикалық категориясы. Ол іс-әректің ақиқат шындыққа қатынасын білдіреді. Рай болу үшін іс-әрекеттің орындалуы мен орындалмауы шындыққа қатысты болуы керек. Осыған орай райлардың өзін ғалымдар А.Бісқақов *ашық рай* және *неғайбыл райлар* (шартты, бұйрық, қалау) деп бөледі. Ал Н.Оралбай *ашық рай* – объективті модальділік, *неғайбыл райлар* – бұйрық рай, тілек модальділікті білдіретін қалау рай, шартты модальділікті білдіретін шартты рай және басқа да модальділікті білдіретін тұлғаларды атайды. Оларға – мүмкіндік модальділік, міндеттілік модальділік, ниет-пиғыл модальділігі және болжал модальділігін жатқызады [4,271-288].

А.Байтұрсынұлы оқу құралындағы рай түрлерін реальді және неғайбыл түрлеріне және модальділік мағына берілуіне қарай топтастыруға болады.

Ашық рай – реальді немесе объективті модальділікті білдіретін тілдік құрылымдар жүйесі. Ал неғайбыл райларға шартты, билік рай және қалау райды жатқызуға болады. Ғалымның белгілеген басқа райларын модальділік мағына білдіруші топтарға жатқызуға болады.

Етістіктің рай категориясы субъектінің іс-әрекетке, қимыл-қозғаласқа көзқарасын білдіреді. Рай етістіктің түбіріне шақ, жақ жасаушы аффикстерді қосып алып, әртүрлі модальділік мағынаға ие болады. Сондықтан рай айтушының пікірге тек объективтілік көзқарасын ғана емес, субъективтілік көзқарасын да білдіреді. Рай категориясының мазмұн межесіне модальдік мағыналар, сонымен қоса эмоционалді-экспрессивті мәндер де жатқызылады және оларды (райларды) топтастырудағы принциптердің де айқын еместігі байқалады.

Ойымызды қорытындыласақ, А.Байтұрсынұлы көрсеткен рай түрлері мен олардың көрсеткіштері және анықтамалары негізінен тіліміздегі ең күрделі де шешуі қиын модальділік категориясымен байланысты екендігі. Сонымен бірге ол қазақ тілінің құрылымдық жүйесіндегі аналитизм мен грамматикалық таным мәселесіне де қатысты. Құрылымдық грамматикада рай категориясын *морфологиялық* және *синтаксистік* деп екіге бөлетін пікірлер кездеседі. Функционалдық грамматикада рай модальділік функционалды-семантикалық категориясын білдірудің бір жолы саналады. Алайда кез келген модальділік мағына рай категориясы арқылы ғана білдірілмейді. Мысалы, қазақ тіліндегі айқындылық, бұйрықтылық, қалаулық модальділік мағыналарды білдірудің өзегі ядросы тиісінше ашық, бұйрық, қалау райлары болып табылса, мүмкіндік және міндеттілік модальділік мағыналарының өзегі ядросы рай категориясы емес, аналитикалық форманттар және лексикалық бірліктер т.б. болып табылады. Сондықтан қазақ тілінің алғашқы оқулықтары тілдік құбылыстарды танудың алғы шарттарын көрсеткен деп ойлаймыз.

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А.Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектер). – Алматы: Ана тілі, 1992, - 448 бет.
2. Қазақ грамматикасы. - Астана. 2002. – 783 б.
3. Дүйсенбекова Л.С. Қазіргі қазақ тіліндегі бұйрық райдың парадигмасы мен мағыналық құрылымы: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.06. - Алматы, 1998. - 21 с.
4. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Оқулық. – Алматы, Інжу-Маржан, 2007. - 390 б.
5. Оразов М. Етістік. Грамматикалық формаларының қалыптасуы мен дамуы. - Алматы, 2001. - 228 б.
6. Жанпейісов Е.Н. Модальные слова в современном казахском языке: автореф. ... канд.филол. наук. – Алматы, 1958. - 18 с.
7. Мамаділов Қ.А. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің модальділік құрылымдары: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. - Алматы, 1996. - 21 б.
8. Құлманов С.Қ. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модальділігінің функционалды-семантикалық өрісі: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. - Алматы, 2004. - 34 б.
9. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1991. - 384 б.

Алаш зиялыларының педагогикалық мұрасы

Рахметова Р.

Педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры

Аңдатпа: *Алаш зиялыларының әдістеме саласындағы ой-пікірлерін қазіргі білім беру үрдісінде ұтымды қолданып, оқушының санасына сіңіру – әрбір мұғалімнің басты міндеті. Мақалада Алаш зиялыларының педагогикалық мұрасы сөз етіледі.*

Түйін сөздер: *педагогикалық мұра, рухани жаңғыру, білім беру, ұлттық сана, ой-тұжырым.*

Summary: *The main task of each teacher is to use the ideas of Alash intellectuals in the current educational process and to absorb the student's consciousness. The article mentions pedagogical heritage of Alash intellectuals.*

Key words: *pedagogical heritage, spiritual revival, education, national consciousness, thought.*

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты мақаласы барлық қоғамдық ұйымдарда тың серпіліс туғызып, қазіргі ғаламдану жағдайында өткен тарихымызды жаңаша бағамдауға итермеледі. Білім беру жүйесінде тың өзгерістер жасап, болашақ ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастырудың өзіндік жолдарын ұсынуға ықпал етті. Болашақ кәсіби мамандарды бәсекеге қабілетті, ұлттық бірегейлікті сақтайтын, сана-сезімі жоғары, рухани танымы жетілген жеке тұлға етіп қалыптастыру үшін Алаш зиялыларының педагогикалық мұрасын терең әрі жан-жақты оқытудың қажеттілігін алға шығарды.

А.Байтұрсынұлының еңбектерін талдап қарайтын болсақ, онда танымдық, тағылымдық, тәрбиелік мәні бар құнды дүниелердің қашан да қолданыстан шықпайтындығын мойындаймыз. А.Байтұрсынұлының әдістеме саласындағы еңбектерінің маңыздылығы – оның қазіргі таңда да оқытушылардың қолданысынан қалмауы. А.Байтұрсынұлының әдістеме саласындағы еңбектерін саралай келе, оның бізге ұсынған әдіс-тәсілдерінің қазіргі кезде қолданылып жүрген жана технологиялардың біразымен астасып, сабақтасып жатқанын көруге болады. Ғалым қолданған «Дағдыландыру», «Сынау», «Ойнаңдар! Ойландар!», «Алғанын жазу (ермек-еңбек)», «Қисындау (ермек-еңбек)» және т.б. айдарлармен берілген тапсырмалар баланың танымын жетілдіруді көздеген. Ғалым-әдіскер ұтымды қолданған әңгіме, сұрақ-жауап, өзіндік жұмыс, берілетін білім көзі деңгейіне сәйкес түсіндіру, салыстыру, ойын әдістері және т.б. әдіс-тәсілдер өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ. Тілші өз еңбектерінде танымдық деңгейі жоғары мәтіндерді ұсынып, білім алушының тілін дамыту мәселелерін назарда ұстаған. Әдіскер ғалымның еңбектерін саралай келе, оның оқу үдерісін ұйымдастыруда *әңгіме, сұрақ-жауап, өзіндік жұмыс, берілетін білім көзі деңгейіне сәйкес түсіндіру, салыстыру, тіл дамыту, оқулықпен жұмыс істеу, ойын әдістерін* шебер қолданғанын, сонымен қатар *дамыта оқыту технологиясы, деңгейлік тапсырмалармен жұмыс түрлері, топтық, ұжымдық жұмыс* түрлерінің барлығын қамтығанын көре аламыз. Ғалым жүйелілікті қатаң сақтаған. Мысалы, «Әліп-биде» алдымен «еңбек-ермек» айдарымен берілген тапсырмалар арқылы сөздерді үйретеді, ол сөздерді бірте-бірте күрделендіреді (*ар, ара, араз; аз, аза, азар*) және керісінше дағдыландырады (*Ораз, ора, ор*), ол сөздерден сөйлем (*Ор, Ораз! Ораз! Ор*), сөйлемнен жаңылтпаш (*Ораз ораp, аз ораp*) құрастыруға жетелейді. Түрлі суретті көрнекіліктер арқылы меңгертіп, олардың ойлауын дамыту мақсатында «Ойнаңдар! Ойландар!» айдарымен тапсырмалар ұсынады. Мақал және мәтіндер арқылы тақырыпты қорытындылап, тұжырымдауға үйретеді. «Тіл құралда» бірінші дағдыландырып, одан кейін сынау үшін тапсырмалар беріледі. Ғалым оның ұсынылу себебін былайша түсіндіреді: «Тіл құралымен» балаларды оқытқанда, һәм қағида я ережені оқытқаннан кейін, балалар әбден түсіну үшін сөйлем сөздерді, мақалаларды үлгіге алып, олардың ішінен қағида я ережеге келетін жерлерін балаларға таптыртып, басқалардан айыртып үйрету. Солай бірнеше ірет істеп көрсеткеннен кейін, балалар керек сөздерді өздері тауып, өздері айыруға дағдыланады. Сонан соң балалар дағдыланып, үйреніп болды ғой дегенде, нық біліп болған-болмағанын байқау керек, сынау керек. Бір қағида я ережені балалар әбден үйреніп, тиісті орнында жұмсай білгеннен кейін ғана келесі қағида я ережені үйрету» [1, 143]. Байқап отырғанымыздай, ғалым еңбектерінде қазіргі таңдағы көптеген технологиялардың нышандары барлығын көруге болады. Тілші-ғалымның педагогикалық ой-тұжырымдарының түпкі нәтижесі білім алушының қатысымдық, танымдық, проблемалардың шешімін табу,

ақпараттық құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Ал бұл бүгінгі білім беру жүйесінің – басты мақсаттарының бірі.

М.Жұмабаевтың «Бала тәрбиясы – бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбия қылу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек» деген тұжырымы тілді оқытуда басшылыққа алынатын ой-пікірлерді айқындауға тірек болады [2, 7]. Өмірінің көбін ұстаздықпен өткерген, мамандығы педагог-ақын еңбегінде білім алушыларды оқуға, туған халқына жан аямай қызмет етуге шақырып қана қоймай, елдің елдігін сақтап, көсегесін көгертетін ұлт жанды, жігерлі, білімді ұрпақты қалай тәрбиелеп, өсірудің жолдарын шұқшия зерттеп, осы арқылы баланың бойына даралық, тұлғалық қасиеттерді қалыптастырудың жолдарын көрсеткен. Жас жеткіншектің бойына тұлғалық дарындылықты қазақтың ұлттық тәрбиесі арқылы қалыптастыруды жөн көрген. Өскелең ұрпақтың ұлттық тәрбие арқылы дара тұлғаға айналуына бірден бір ықпал ететін мұғалімнің міндеттеріне баса мән бергеніне ғалымның мына сөзі дәлел: «Бала аурулы, зағип болса, баладан емес, тәрбияшыдан; бала тар ойлы ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбияшы кінәлі; бала сұлулықтан ляззат ала білмейтін мылқау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбияшы жазалы» [2]. Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасы» тұңғыш педагогикалық еңбек болып саналады. Ғалым еңбегін «Алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдікі», – деп, ұстаздар қауымына арнап жазған. Кітап он төрт ірі бөлімнен тұрады, әр бөлім шағын тармақтарға жіктеліп, әрбір мәселеге тиянақты, дәлелді, дәйекті жауаптар берілген. Мағжан Жұмабаев тәрбиені *дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі* деп төртке бөліп, «егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны» деп, адам өмірінде тәрбиенің ерекше рөл алатынын айқындаған. Ғалымның «Тәрбияшы баланың қаһарлы қожасы болмасын, жұмсақ жолдасы болсын» деген пікірі қазіргі таңдағы оқыту технологияларының басты міндеттерінің бірі болып саналады. Сондай-ақ ғалымның «адам неғұрлым білімді, тәжірибелі болса, қиялы да сонша бай болмақ. Міне, осы сәбәптардан баланың қиялы терең, бай болсын десек, оның білімді болуына иждиһат қылу керек. Бала тұрмыспен көзбе-көз таныссын, оның есінде, жанында көп білім болсын, жан-жануарлардың тұрмысын бақыласын, жаратылыстың тұрмысымен таныс болсын» немесе «жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, жылмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада туып, өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті» деп, қазақ баласына тән қиялға талдау жасауы, оның әр баланың танымын жетілдіруге мән бергенін байқатады. Ғалым «бір затты үйреткенде, мүмкіндігінше, сол заттың түрін де көрсет, дыбысын да естірт, ұстатып та көр, иіскет, дәмін татқыз, сипат, суретін салғыз» деп, бүкіл іс-әрекетті баланың өзіне істетуді ұсынады. Баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруды көздейді [2, 2].

Қазіргі білім беру жүйесіндегі технологиялар жалпы мектеп, орта және жоғары оқу орындарындағы оқушыларды, студенттерді дара тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталса, Мағжан сол шәкірттерге тәрбие беретін тәрбиеші баланы дара тұлға етіп шығаруы үшін қандай болуы керек деген мәселеге ерекше мән береді. Оның бұл пікірлерінің бүгінгі таңда маңызы өте зор. Мұны «... тәрбиеші баланы дұрыс ойлап үйренуіне көп күш жұмсау керек. Ұста тәрбиеші баланың ойын жетектемесе, бала ұғымды, хукімді теріс жасауға, хата ой шығаруға үйреніп кетеді. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруде емес, еппен басқыштап білдіруде, ... баланы, заттарды, көріністерді тап-тапқа бөлгізіп үйреткенде, жеңілден ауырға көшуді естен шығармауға керек» деген пікірлері осы ойды дәлелдей түседі. Ғалым «Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару, ал ...балаға білім бергенде жақыннан алысқа, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек» дей келе, сабақ барысында орындалатын әрекетке мұқият болуды айтады: «...сыныпта отырғанда баланың тез шаршауы оның ақылының жұмыс қылуынан, әсіресе, тек отыруынан, ауаның бұзылуынан. Сондықтан сабақ уақытында балалар абай болмай бастаса, мұғалім дереу балаларды босатып, жүгіртіп, ойнатып сыныптың ауасын тазарту керек», сонымен қатар, «бала еш уақытта іссіз отыра алмайтындықтан, балаға ылғи пайдалы іс беріп отыру керек. Сол уақытта бала өмір бойы пайдалы іске әдеттеніп кетеді. Болмаса бала өз бетімен қайдағы нашар, зиянды істерге әдеттеніп кетеді», – деп, баланы өздігінен жұмыс жасауға үйретуді сөз етеді. «Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса өзін, асса барлық адам баласын әділ жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді шеше білетін, тұрмыстың тұңғық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолда құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат баласының керек бір мүшесі бола алатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару. Баланы мұндай адам қыла алу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек» екенін атап көрсетеді [2, 97]. Оның педагогикасы бір-бірімен тығыз байланысты мынадай ұстанымдарға негізделеді: *білім алушымен мұғалім арасындағы ұлттық тәлім-тәрбиеге құрылған достық қарым-қатынасты орнату*. Бұл ұстаным бойынша, жеке тұлғаны дамыту үшін мұғалім мен студент арасында еркін қарым-қатынас болуы керек, яғни, мұғалім білімді қаншалықты ұлттық тәрбиемен ұштастырып, оның студент танымына қаншалықты әсер ететінін қадағалауы шарт. Бұл, әрине, мұғалім мен студент арасындағы ашық, достық қарым-қатынасқа құрылуы қажет. *Жаңа білімді ескі білімге байлап оқыту*. Бұл ұстаным бойынша, «...бір нәрсені бала есіне тез алсын һәм ұзақ ұстасын десе, балаға жаңа беретін білімді жат күйінде бермесін, баланың бұрынғы таныс білімдеріне байлап берсін». Аталған ұстаным жақыннан алысқа, таныстан жатқа, жеңілден ауырға көшу тәрізді міндеттерді шешуді көздейді [2, 54]. Мағжан Жұмабаев баланың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, «қайратты етіп өсіру үшін

еркіне жіберіп, әр нәрсені салыстырып, сынатып, өз қолынан келетін іске ырықты қылып, құбылмайтын ұсақтық пен қажымайтын... тәртіпке бағындырып, жан істерін қайратына жеңдіруді үйретіп», білім алушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуды көздеген. Мағжан Жұмабаев балаға шын дұрыс «тәрбия беру үшін тәрбияшының өз тәжірибесі һәм ұлт тәрбиясымен таныс болуы ғана» жетпейтіндігін, олардың арасынан «жақсы, жаманын, алтын мен мысын теріп ала білу үшін тәрбие майданында шабылып ысылған тарландардың тәжірибаларымен, түрлі ұлттан түрлі заманда шыққан тәрбия ғалымдарының ойларымен» танысу керектігін, балаға жан-жақты тәрбие беру үшін педагогика пәнімен таныс болу керектігін айтып, әрқайсына жеке-жеке тоқталады [2, 9]. Ғалым адамның ішкі сезімдеріне талдау жасай келіп, зерігу туралы былай дейді: «Іш пысудың екінші сәбәбі – бір түрлілік. Бір түрлі әсерлер, бір түрлі суреттер адамды жалықтырады, қажытады, ішін пыстырады. ... Мұғалім бір сөзді ұзыннан ұзақ соза берсе, шәкірттің де іші пысады. ... Мұғалім үсті-үстіне төпеп, түрлі білімді, түрлі сөзді айта берсе, баланың да іші пысады. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруде емес, еппен, басқыштап білдіруде. Сабақ уақытында мұғалім сөзі жинақты, жігерлі, қызықты болуға тиісті. ... Сабақ уақытында балалардың ойнауы, тыныш отырмауы, бір-бірімен сөйлесулері мұғалімнің жинақ, жігерлі бола білмегендігінен» [2, 82]. Яғни, болашақ маман әрдайым өзінің шеберлігін жетілдіріп отыруы тиіс. Ол үшін студентке берілетін білім де, тәрбие де жүйелі түрде берілгені жөн.

XX ғасыр басындағы қаз тұрған қазақ психологиясының іргетасы Ж.Аймауытовтың еңбектері екені бәрімізге белгілі. Жүсіпбек Аймауытовтың шығармалары – ұлт тәрбиесінің өзегі. Бүгінгі білім беру парадигмасы тұрғысынан қарастырсақ, Ж.Аймауытовтың педагогикалық, психологиялық және әдістемелік идеяларының маңызы, өзектілігі сонда: оны біліктілікті арттыру жүйесін модернизациялаумен тығыз байланыста қарастыруға болады. Ғалымның педагогика және психология саласындағы еңбектері бүгінгі білім беру мақсаттарымен үндесіп жатыр. Ж.Аймауытовтың «Тәрбиеге көмекші», «Тәрбие жетекшісі», «Психология», «Комплексті оқыту жолдары» сияқты еңбектеріне көз жүгіртсек, бүгінгі таңдағы білім беру технологияларында қолданылып, айтылып жүрген мәселелердің көбінің бұрын да аталып өткеніне көзімізді жеткізе аламыз. Ж.Аймауытов «Психология» еңбегінде мұғалімнің кәсіби дайындығы туралы былай дейді: «Айтпай-ақ белгілі, баланың мінез-қылығын байқаушы оқытушылар балаларынан бақылаған, тапқан-таянғанын соларды амалға тәрбиелеу үшін құрал ету керектігі; амалға неше түрлі мақсатқа қолайлы болған серпілудің бәрі кіреді». Ж.Аймауытовтың пікірінше, мұғалімнің айналысатыны – үнемі қозғалып, өзгеріп, өсетін, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдістен табан аумамай шектеліп қалуға болмайды... Сабақ үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңаны табатын өнер... Дидактика мұғалімге жиі жөн-жоба көрсетіп жетекшілік етеді... Сыннан өткен тиімді деген жолдарды ғана нұсқайды. Ғалым оқыту, білім беру әдістерінің догма емес, ізденуден

туатын іс-әрекет екенін дәлелдейді. Бұдан ғалымның бір әдіс-тәсілмен шектеліп қалмай, оны әрқашан да жаңа әдіс-тәсілдермен байытып, дамытып отыру керек деген тұжырымын байқауға болады. Сонда ғана ол ізденімпаз мұғалімнің сабағына, беретін пәніне деген білім алушылардың ынта-жігері оянады, арта түседі.

Ынталандыру әдісі тек педагогтің шеберлігіне, әдіс-тәсіліне байланысты емес. Отбасының да студенттің тәрбиесі мен білім алуына қосатын үлесі ерекше болып табылады. Осыған байланысты, жалпы мектептегі білім беру жүйесі «мұғалім – оқушы – отбасы» деген үшбұрышты парадигма арқылы белгіленіп жүр. Сондықтан да студенттерге білім беруде отбасы да олардың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгені жөн. Отбасындағы ата-ананың балаға деген қамқоры, мейірімі мен беретін ерекше тәрбиесі де студенттің білімге деген ынтасын көтереді. Осы мәселе де психолог, әдіскердің назарынан тыс қалмаған. Автор бала тәрбиесіндегі отбасының рөліне баса мән беріп, «Баланы бұзуға, яки түзетуге себеп болатын бір шарт – жас күнінде көрген өнегеге, ата-анасының берген тәрбиесіне байланысты «ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», – деп бала мінезін қалыптастырудағы отбасы мүшелерінің қызметін айқындап көрсетеді. Ғалым «өнегелі үйелменнен де бұзақы мінезді баланың шығуы немесе тәрбиесі нашар отбасынан да тәрбиелі, өнегелі баланың өсуі мүмкін», – деп, оның тәрбиесіне ортаның, айналасындағы адамдардың ерекше ықпал ететінін сөз етеді.

Мұғалімнің кәсіби даярлығы мен біліктілік дәрежесінің білім алушыны тұлғалық тұрғыдан қалыптастырудағы рөлін айқындайды. Мұғалімнің тұлғаға бағдарланған кәсіби қызметін мынандай бағытта жүргізуді сөз етеді: сабақта игерілуге тиісті материалдарды бергенде әр оқушының жеке субъективті тәжірибесіне сүйенеді, ол тәжірибені, білімді бағалау, бекіту кезінде есепке алады; сабақтағы жұмыс түрін таңдауға оқушыға ерік береді, сол күнгі сабақ үстіндегі жағдайды ескеріп жедел қайта құра біледі; дидактикалық, үлестірмелі материалдарды оқушылардың жеке ерекшелігіне сай сұрыптап береді; сабаққа барлық оқушыларды қатыстыра отырып, диалог, әңгімелесу негізінде құрады.

Ж.Аймауытов: «Адам мінезінің, ақыл-қайратының әртүрлі болуы – тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... Адам баласының ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі сияқты бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспегендігінен», – деген ойларды түйе отырып, білім алушыны оқытуда ынталандыру әдісінің ерекше маңызды рөл атқаратындығын ескертеді [3, 15]. Мұғалімнің сабақтағы іс-әрекетіне, әдіс-тәсіліне баға берген кезде оның сөйлеу мәдениетіне жете көңіл бөлуге мән беріп, мұғалім тек түсіндіруші ғана емес, түсінуші, үйлестіруші, оқушы пікірі мен дәлелдеріне құрметпен қарайтын адам болуы тиіс деп тұжырымдайды.

Сабақтың және оның құрамдас бөліктерінің білімдік міндеттерін, сонымен қатар әрбір сабақтың жалпы сабақ жүйесіндегі орнын нақты айқындауға, пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарына және сабақ

мақсатына сәйкес білім алушылардың дайындық деңгейін ескере отырып, сабақтың мазмұнын айқындауға назар аудару керектігін айтады. «Нәрсені ұқтырмай, кітаптағыны жаттатып оқытқанның зияны болады. Өйтіп сөзді бұлтартпай, жаттатып оқытқаннан да кітапты көрсетпей, көрнекі жолмен қанағаттандырғандықтың өзі игі; ... сөзді жаттатсын; бірақ мәнісін ұғып, ақылға салып, нәрсенің өзімен байланыстырып жаттатсын. Сонымен қатар, көрнекі оқытыстың мақсаты – шәкірттерге деректі нәрселерді көрсету жәрдемімен барып, дерексіз ұғымдарға көшу», – дейді тілші [3, 17].

Ғалым еңбектерінде көтерілген оқыту, ынталандыру, бақылау, баланың танымдық белсенділігін қамтамасыз ету, сабақ барысында білім алушылардың дербес оқу жұмыстары мен ұжымдық жұмыстардың алуан формаларын үйлестіру, тиімді әдіс-тәсілдерді таңдау және т.б. мәселелер бүгінгі таңда да күн тәртібінен түспей отыр. Тілші жеке тұлға қоғам байлығы дегенді баса көрсетіп, оның еңбегі мен тәрбиесін айрықша атайды. Жас ұрпақтың даралық ерекшелігін ескеру, білім-танымын негізгі назарда ұстау, соған сай оқыту жүйесін бағыттап отыру қай кезеңде болсын, білім беру ісіндегі өзекті шара болып табылады. Мұны Ж.Аймауытов: «Білім беру жүйесін жетілдіру мен білікті ұрпақ даярлау, қалыптастыру, оның ұлттық тәлім-тәрбие ісін дұрыс жолға қою – басты міндет болып қала бермек», – деп атап көрсетеді. Әдіскер-ғалым пәнаралық байланысқа ерекше мән береді. Сабақты пәнаралық байланыс арқылы оқыту туралы өз тұжырымдарын ұсынады. Адамның жан қуатын ынталандыру әдісі арқылы тәрбиелеп жетілдірудегі тарих пәнінің алар орнын айта келіп: «Тарихты оқыту арқылы шәкірттерге қазіргі өмір мен өткен заманның байланыс заңдылықтарын ажырата білерлік сана туғызамыз», – дейді. Автор мектепте «Қандай тарихтың түрін оқытуды алғаш қолға алу керек?» дегенді де сөз етеді.

«... Алдымен, балалардың өздеріне күнделікті өмірден жақсы таныс өз жұртының тұрмыс-салты, тыныс-тіршілігіне байланысты тарихты оқытудан бастаған жөн... басқа жұрттың тарихқа керек жерлерін ғана алу керек», – деп тұжырымдайды. Ж.Аймауытов осы еңбегінде туған өлкенің жағрафиясын оның тарихымен байланыстыра қарастыруды ұсынады. Автор ерте замандағы «половец», «печенек» тәрізді көшпелі жұрттың шаруашылығын қазақ халқының ертедегі тарихымен байланыстыра жүргізу қажеттігін айтады. Көшпелі жұрттың өткендегі салт-санасы, әдет-ғұрпы, шаруашылық кәсібі және мәдени өмірінен хабардар ету үшін 4-сыныпта әдебиетті, тарихты және жағрафияны біріктіріп, яғни, интеграциялап «Біздің Отан» деген атпен оқыту керек деген пікір ұсынады. Адам өмірінде өнердің, мәдениеттің айрықша маңызына тоқталып, ұлт мектептерінде әуелі кескін (сурет) пен әуез (ән-күй) пәнін үйретуге, әрбір баланың өнерге деген ынтасын қозғап, өнерпаздық қабілетін тәрбиелеуге мән берудің қажеттігін айтады. Баланың білімге деген ынта-ықыласын, зейін-зердесін арттыру үшін жаңа берілетін білімді оның бұрын меңгерген біліміне негіздеу, жаңа білімді меңгеруіне бағыттайтын проблемалық сұрақтар қоя отырып, назарын меңгерілетін жаңа білімге бағыттау, басы артық, қажетсіз мағлұматтарды

айтудан сақтану, салыстыру, теңеу, ұқсату, сияқты тәсілдерді қолдану арқылы білім алушылардың білімге деген қызығушылығын арттыру және т.б. мәселелерге назар аударған. Тәсілдерді үнемі жаңартып жандандырып отыру, көрнекілікті пайдалану және т.б. дидактикалық әдіс-тәсілдерді сөз етеді. Пәнаралық байланыс арқылы ынталандыра оқытуды көздейді. Қазір ешқандай сабақты пәнаралық байланыс арқылы оқытпау мүмкін емес. Бұл білім беру саласындағы ең өзекті әдістің бірі екендігінде дау жоқ. Ғалымның қазіргі таңдағы жеке тұлғаға бағдарлап оқыту, интеграциялық байланысты қолдану, білім алушының ынтасын тудыра оқытып білім беру және т.б. мәселелерге жете мән беріп, оны жүзеге асырудың ұтымды жолдарын көрсетіп, нақты фактілермен дәлелдеуі – баға жетпес құндылық. Ж.Аймауытов: «Өмір бойы өз жолына түсе алмаған адам бір пұшайман сорлы жан-дағы» деп, мұғалімге өмірден өз орнын табудың жолдарын көрсетіп, ұстаз байқағыш, адам танығыш болу керек», – деп тұжырымдайды [111, 25]. Ғалымның тәрбие туралы ойлары қазіргі ұлттық тәрбие туралы мәселелермен сабақтасып, соның негізін құрайды.

Қорыта келгенде, алаш зиялыларының әдістеме саласындағы ой-пікірлерін қазіргі білім беру үрдісінде ұтымды қолданып, оқушының санасына сіңіру – әрбір мұғалімнің басты міндеті.

Әдебиет:

1. Ахмет Байтұрсынұлы Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
2. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Рауан, 1993. - 112 б.
3. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Ғылым, 1998. – 4-т. - 448 б.

Ұлттық тіл білімінің қалыптасуындағы Елдес Омарұлының орны

Жұбаева О.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Грамматика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы

Ахантаева Г.

Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің оқытушысы

Аңдатпа: Мақалада қазақ тіл білімінің қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан Елдес Омарұлының тілтанымдық мұрасы туралы сөз болады. Ғалымның қазақ тіл білімінің фонетика, терминжасам саласындағы ұстанымдары, аударма саласындағы еңбектері, Байтұрсынұлытану, әуезовтануға қосқан үлесі жайында айтылады.

Түйін сөздер: ұлттық тіл білімі, емле, фонетика, дауысты, дауыссыз дыбыс, термин, сөзжасам.

Summary: The article speaks about the linguistic heritage of Yeldes Omaruly who contributed to the formation and development of Kazakh linguistics. The scientist speaks of the principles of Kazakh linguistics in the field of phonetics, terminology, translations, research of Baitursun's and Auezov's great works for state linguistics and contribution to auctions.

Key words: national linguistics, spelling, phonetics, vowels , voice, term, vocabulary.

2017 жылы қазақ тіл білімінің тарихында елеулі орны бар, ұлттық тіл білімінің дамуына зор үлес қосқан қоғам қайраткері, ғалым Елдес Омаровтың туғанына 125 жыл толды. Осы орайда Қостанай қаласындағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай Мемлекеттік университеті медиаорталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Ақылбек Шаяхмет пен техника ғылымдарының докторы, профессор Марат Шуақаев Елдес Омаровтың еңбектерін жинақтап, кітап етіп бастырып шығарды [1]. Бұл еңбек Елдес Омаров еңбектерінің ғылыми айналымға енуіне, ғалым еңбектерінің өз деңгейінде бағалануына мұрындық болады деген ойдамыз...

XX басырдың басы қазақ тарихында рухани ояну дәуірі болғаны белгілі. Ұлттың өзіндік белгісін сақтап қалатын негізгі қасиеттерінің бірі – тіл екенін терең түсінген қазақ зиялылары өз беттерінше білімін жетілдіре отырып, қазақ тілі бойынша оқулықтар жазған, баспасөз бетінде түрлі пікірталастар ұйымдастырып отырған. Қазақ тіл білімінің сол кезге дейінгі зерттелу жайы мен жалпы тіл біліміндегі түрлі бағыт-көзқарастармен таныса отырып, қазақ тілінің өзіндік болмысын танытуға тырысқан.

Тіл білімінің қалыптасып, дамуына өзіндік үлес қосқан ғалымдардың бірі – Елдес Омаров. Дарынды ғалым, педагог, публицист, аудармашы, лингвист Елдес Омаров 1892 жылы Қостанай өңірінің Тобыл болысында, қазіргі Таран ауданына қарасты Қожай ауылында дүниеге келген. 1937 жылдың 2 желтоқсанында саяси қуғын-сүргін құрбаны болған. Елдес Омарұлы мұрасын зерттеп жүрген ғалым А.Шаяхмет «Елім деп өткен Елдес» атты кітабында Елдестің әкесі Омар ерте хат таныған, ауылдағы сауатты кісілердің бірі болғанын, Елдес Омаров әуелі Ыбырай Алтынсарин ашқан Қостанайдағы екі жылдық қазақ-орыс мектебінде білім алып, кейін Орынбордағы мұғалімдер институтын үздік бітіргенін айтады. Қарт мұғалім Қапаш Шуақаевтың айтуына қарағанда, Елдестің арғы аталары Орта жүздің Қыпшақ руының ішіндегі Қарабалықтың белгілі билері болған.

Болашақ ғалым Қостанайдағы 2 кластық орыс-қазақ училищесін, Орынбордағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебін бітірген. Ақпан төңкерісіне дейін мұғалімдік еткен және округтік сотта тәржімашы болған, Алашордаүкіметін құруға атсалысқан, «Алаш» партиясының мүшесі, «Алашорданың» оқу комиссиясының мүшесі, «Алашорданың» Қостанайдағы қазақ полкінің саяси жетекшісі болған. Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлымен, Қошмұхаммед Кеменгерұлымен т.с.с. алаш зиялыларымен мүдделес болған. 1926-29жылдары Ташкенттегі пед. институтта, Орта Азия университетінің шығыс тілдер факультетінде оқытушы болып жұмыс істеген. 1934-35 жылдары Қазақ мемлекеттік медицина университетінде қазақ тілінен сабақ берген, студенттерге арнап «Қазақ тілі» оқулықтарын жазған. 1935-37жылдары ҚазМУ-да қазақ тілі кафедрасының доценті болып қызмет еткен. Қазақ мектептеріне арналған орыс тілі грамматикаларын жазған.

Қазақ елі дербестік алып, Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік республикасы болып құрылған соң, қазақ халқының рухани дамуына біршама жол ашылды. 1923 жылы 22 қарашада тіл туралы декрет қабылданып, онда қазақ тілі орыс тілімен қатар мемлекеттік дәрежеге ие болды. Мемлекеттік және қоғамдық орындарда қазақ тілінде де іс қағаздарын жүргізу қолға алына бастады. Қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі артты. Соған байланысты:

- қазақ тілінде оқулықтар шығару;
- мектептерді қазақ тілінде жазылған оқулық, оқу құралдарымен қамтамасыз ету;
- қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдерді дайындау;
- орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті пән ретінде оқыту сияқты шаралар жүзеге асырыла бастады [2].

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, қазақ халқының әлеуметтік-мәдени дамуы, қоғамдағы өзгерістер жаңа оқулықтар мен тың бағдарламаларды керек етті. Ғалымның еңбектері осындай кезде дүниеге келді.

Елдес Омаров – қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, олардың саны мен құрамы, буын, сингармонизм табиғаты т.с.с. мәселелерге ерекше көңіл аударып, өзінше ой түйіндеген зерттеушілердің бірі. Ғалымның қазақ тілінің фонетикасы, емле туралы ой-тұжырымдары «Тіл заңын бұзбау керек», «Қазақ тілінің дыбыстары», «Емле өзгертуге арналған жоба», «Емле мәселесі», «Жазу мәселесі», «Қазақша жазу жайы», «Айнымалы дыбыстардың жазу ережесі», «О сочетании звуков казахского языка» т.с.с. мақалаларында, «Қазақ тілі» оқулығында, 1924жылы Орынборда қазақ білімпаздарының бірінші съезінде емле мәселесіне байланысты сөйлеген сөздері, 1926жылы Баку қаласында өткен бүкілодақтық конференцияда араб графикасын жақтап сөйлеген сөзі, 1927 жылы Ташкентте әліпби мәселелесіне байланысты айтыста сөйлеген сөзі, 1929 жылы Қызылордада өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда сөйлеген сөздерінде көрініс тапқан.

Ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңде қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін сөз еткен зерттеушілер А.Байтұрсынұлы еңбектеріне сүйенгені байқалады. Алайда олар ұстазының ойларын сол күйінде қайталамай, сан қырынан қарастырып, толықтырып отырған. «Артикуляцияны дыбыстардың жүгені, физиология мен акустиканы – ноқтасы» деп түсінген ғалымдар (Малдыбайұлы Біләл) дыбыстарды жіктеуде айтылуын да, естілуін де, дыбыстау мүшелерінің дыбыс жасауға қатысуын да ескерген. Елдес Омаров «Қазақ тілінің дыбыстары» деген мақаласында көмейден (дауыс қабыршағының дірілдегенінен) шығатын дыбысты – дауыс, тілдің қозғалғанынан, таңдайдан, тістен, еріннен, мұрыннан шығатын дыбысты – жай дыбыс деп атай отырып, дыбыстардың топтастырылуын былайша түсіндіреді: «Қазақша дыбыстардың әрқайсысын осылай, ішіндегі дауысы мен жай дыбысының шамасына қарай тексерсек: 1) біздің дауысты дыбыстарымыздың бәрінде де жай дыбыстан да дауыс көп болады; жарты

дауысты мен ұяң дыбыстарда дауыс та болады, жай дыбыс та болады, бірақ дауысты дыбыстарға қарағанда, дауыс аз болады да, басқа дыбыстардан дауысы артық болады».

Е.Омаров қазақ тілінің табиғатын, дыбыстық жүйесін сезініп қана қоймаған, тілдегі дыбыстарды жан-жақты тексеріп, түрлі аппараттарды қолданған. «Қазақ тілінің дыбыстары» деген мақаласында Елдес Омаров «Ташкендегі ұлы үністеттің қазақ тілі кабинетінде дыбыстарды дыбыс жүйесін ілімдік жолымен тексеру үшін дыбыстың шығатын жолын, құрамындағы дауысы мен жай дыбысының арақатынасын анықтау үшін әр дыбысты өз алдына понағыраппен тексеріп жатқанын» айтады.

XX ғасырдың басында қазақ орфографиясына негіз болатын жүйе (принцип) таңдау, емле мәселесі қызу талас тудырды. Осыған байланысты басылым беттерінде көптеген мақалалар жарық көрді. Олардың қатарына А.Байтұрсынұлы «Емле туралы», Т.Шонанов «Шет сөздерінің імләсі жайында», А.Мамытұлы «Емле, пән атаулары туралы», Б.Шопанзада «Қазақ тілі емлесінің ірге кезеңдері», Е.Омаров «Емле мәселесі», Ж.Аймауытұлы «Емле, әріп жайында» т.с.с. мақалаларды жатқызуға болады. Бұл орайда Е.Омаров қазақ тілінің фонетикасы мен емле заңдылықтарының білгірі ретінде танылады. 1924 жылғы конференцияда емле мәселесі туралы баяндаманы Е.Омаров жасайды. Сол сияқты қазақша жазудың жаңа ережелерін дайындауға қатысады. 1929 жылғы конференцияға Е.Д.Поливанов, К.Юдахин, Э.Шмидт, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонановтармен бірге Е.Омаров та қатысып, комиссия құрамында болады. Осы конференцияда К.К.Юдахин бастаған бір топ баяндамашылар қазақ тілінің заңдылықтарын белшеден басып, өрескел бұзады. Қазақ тілінің заңдылықтары бұрмаланып, емле, терминология мәселелеріне байланысты қайта-қайта таласып қалып, оған ешкім құлақ аспай қойған соң Е.Омаров пен Қ.Кемеңгерұлы қарсылық білдіріп, шығып кетуге мәжбүр болады. Кейін сонысы үшін бірнеше рет «жауап беруге» тура келеді.

Е.Омаров «Қазақша жазу жайы», «Емле мәселесі», «Жазу мәселесі» т.б. мақалаларында және конференцияда сөйлеген сөздерінде **ы**, **ұ** дыбыстары естілген жерінде қалдырылмай жазылу керектігін дәлелдейді. Осындай көзқарасты Қ.Кемеңгерұлы («Жаурапалықтар үшін оқу құралы», конференциядағы сөздерінде т.б.); Есенғали («Емле жайындағы пікірлер») да қуаттайды. А.Байтұрсынұлы мен Е.Омаров бітеу буында **ы** (**і**), **ұ** (**ү**) дыбыстарының бар-жоқтығын айыру үшін «артықша сезгіштіктің керегі жоқ, қазақ құлағы болуы керектігін» айта келіп, кейбір сөздердің мағынасын ажыратуда бұл дыбыстардың әсері бар екенін: *жарқ етті – ай жарық; тұрс (тарс-тұрс) – тұрыс (отырыс-тұрыс); бұлк (бүлк ету) – бүлік (бүлік шығару), жорт (аттың жортуы) – жорыт (түсті жорыту)* сияқты мысалдарды келтіре отырып дәлелдейді. Бітеу буында **ы** (**і**), **ұ** (**ү**) дыбыстарын таңбаламайтын болсақ, мұндай мағыналары екі түрлі сөздерді ажырату қиынға түсетінін айтады. Сондықтан А.Байтұрсынұлы, Е.Омаровтар естілген жерінде **ы** (**і**), **ұ** (**ү**) жазып, естілмеген жерінде жазбау керектігін

ескертеді. Ал енді «әркімнің құлағы әртүрлі естіген немесе солай естіледі деп ұғып, әдеттеніп қалған жағдайда, өлең өлшемімен ашылуы керектігін» айтады.

Қазақ тілінің фонетикасы мен емлесі туралы ой-тұжырымдарын жинақтай келе, Е.Омаров қазақ тілінің табиғатын, дыбыстық ерекшелігін дөп басып анықтағанын көреміз. Бұл орайда ғалымның А.Байтұрсынұлы еңбектерін басшылыққа алғаны байқалады. Соған байланысты екі ғалымның қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін тануда мынадай ұқсас жақтары бар: а) дыбыстарды дауысты, дауыссыз, жарты дауысты деп жіктеуі, олардың құрамын анықтауы; ә) дауыстыларды өз ішінен жуан-жіңішке, еріндік-езулік, ашық-қысаң деп топтастыруы; б) б, г, ғ, д дыбыстарының сөз соңында кездеспейтінін көрсетуі; в) үнді дауыссыздар мен қатаң дауыссыздардың қатар келуін фонетикалық заңдылық ретінде ерекшеленуі; г) шет сөздерді қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне, заңдылықтарына бағындыру қажеттігін көрсетуі; ғ) латын графикасына көшудің қажетсіздігін дәлелдей отырып, сол уақытқа дейін тұтынылып келген араб жазуында қалу керектігін көрсетуі т.б.

Атап өтетін нәрсе – ХХ ғасырдың басында баспасөз беттерінде қазақ зиялылары тіл білімінің бірқатар келелі мәселелері бойынша сөз таластырып, айтыстар ұйымдастырып отырған. Бұл орайда Е.Омаровтың мақалаларына А.Байтұрсынұлының пікірлері («Қазағыстан мен Қазақстан туралы», «Дыбыстарды жіктеу туралы» т.т.) жарық көрген, сол сияқты Ж.Аймауытұлы мен Е.Омаров «Еңбекші қазақ» газетінің бірнеше санында фонетика, емле мәселелеріне байланысты айтысады. Бұл айтыстарда саясат ықпалы немесе жеке басқа тиісу сияқтылар байқалмайды, таза ғылыми айтыс. Алайда бұл мәселе зерттеушілер назарынан қалыс қалып отыр.

ХХ ғасырдың басында емле мәселесімен қатар әліпби алмастыру мәселесі де ерекше қызу айтыс тудырғаны мәлім. Осы мәселеге байланысты Елдес Омаров араб графикасын жақтап, А.Байтұрсынұлы тұжырымдарын қуаттайды. «Латынның еліктен басқа түгі жоқ» деген мақаласында да, 1927 жылы Ташкентте сөйлеген сөзінде де араб графикасын қолдап, нақты фактілер келтіре отырып, саясат ықпалымен кетпеу керектігін айтады. Әсіресе 1926 жылы Бакудегі конференцияда А.Байтұрсынұлы екеуі араб графикасын жақтап сөйлейді. Мұрағат деректеріне сүйенсек, олардың сөзі шынайы да нанымды болып, ғылыми негіз мол болады. Қазақстаннан Е.Омаров араб графикасын жақтаушы ретінде, Б.Сүлеев пен Ә.Байсейітов латын графикасын жақтаушылар ретінде барады. Ал А.Байтұрсынұлын Бакудегілер жол шығынын, басқа да жақтарын өздері төлеп, арнайы шақыртады.

ХХ ғасырдың басында қазақ білімпаздары аударма ісіне белсене араласқаны белгілі. Мұрағат деректеріне зер салсақ, Ә.Бөкейханұлы география, Е.Омаров, Қ.Сәтбаев алгебра, М.Жұмабаев педагогика, Ж.Аймауытов дидактика, Ф.Ғалымжанов физика, Б.Сәрсенов геометрия, И.Тұрғанбаев арифметика, Қ.Кемеңгерұлы жаратылыстану, химия пәндері

бойынша оқулықтарды қазақ тіліне аударған [3]. Бұл орайда Е.Омаров қазақ тілінде «Физика», «Геометрия» оқулықтарын да жазып, қазақ терминологиясының қалыптасуына ерекше үлес қосты.

1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшаландыратын комиссия құрылып, оны А.Байтұрсынұлы басқарды. Комиссия жат (өзге тілдік) сөздерді қабылдауда мына принциптерді басшылыққа алған:

а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу;

ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;

б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, еуропа сөзін алу [4].

Е.Омаров та терминжасамда осы ұстанымдарды басшылыққа алып, сөздің түсінікті болуына ерекше мән берген. Физика, геометрия сияқты ғылым салалары бойынша қазақ тілінде жатық та түсінікті терминдер қалыптастырды. Мысалы: *теорема – түйін, биссектриса – жарма, радиус – өре, хорда – керме, параллелограмм – қиықша, пропорционал – құрылымдас, фигура – пішін, трапеция – қостабан* т.с.с. Кезінде Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы бұл оқулықтарды өте жоғары бағалаған.

1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде термин (пән сөзі) мәселесі арнайы сөз болады. Онда Елдес Омаров баяндама жасап, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы, М.Тұрғанбайұлы т.б. қоштап сөз сөйлейді. Осы съезде жасаған баяндамасында Е.Омаров былай дейді: «Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де ішінде жат дыбыс бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танитұн бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып, бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатұн болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды» [5].

XX ғасыр басында тіл тазалығын ту етіп көтеріп, тіл заңын бұзбауға шақырған А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омаров, А.Байтасұлы, Қ.Кемеңгерұлы т.б. білімпаздар жат тілден жұрнақ қабылдауға қарсы болды. Мәселен, «Қазақша жазу жайы» деген «Еңбекші қазақ» газетінің бірнеше санында жарық көрген көлемді мақаласында Е.Омаров тіл заңын бұзбау қажеттігін айта келіп: «Орыстың «сатсыйализм», «сатсыйалист» деген сөздері – жалпы жұртқа ортақ сөз. Оны қазақ тіліне кіргізуге де болады. Бірақ оны алғанда, түбірін ғана алыб, «изм», «ист», «ни»; сықылды жұрнақтарын шығарыб тастау керек. Олардың орнына қазақ тілінің жұрнақтарын қосыу керек: жұрнаққа қазақ тілінен бай тіл кем-ақ болар. Өзінде үйір-үйір жұрнақ бола тұрыб, жат жұрнаққа жармасыудың тіл бұзыудан басқа түк пайдасы болмайды», – дейді [6].

1924 жылғы білімпаздар съезінде Е.Омаров қазақша пән сөздер тақырыпты баяндамасында жұрнақтарды мағынасына қарай *тұрлаулы* (-

лық, -шы, -шыл, -лы, -сыз, -уыш) және тұрлаусыз (-қ, -н, -ақ) деп жіктейді де, жаңа сөз жасауда, негізінен, тұрлаулы жұрнақтарды пайдалану керектігін айтады. Қ.Кемеңгерұлы да бұған айрықша назар аударған. Ғалым А.Байтұрсынұлы топтастыруын басшылыққа ала отырып, жұрнақтарды мән-мағынасына қарай (қимылдың амалын, құралын, нәтижесін білдіру, адамның бір іске бейімділігін көрсету т.б.) жіктейді. Қазақ тілі жалғамалы тілдер тобына жататындықтан, бүгінгі сөздік түзушілер мен орыс топтарына қазақ тілі оқулықтарын құрастырушылар осы ерекшелікке баса назар аударғаны жөн сияқты.

Е.Омаров Байтұрсынұлытану, әуезовтану ғылымдарының негізін қалаушы деуге болады. А.Байтұрсынұлы 50 жасқа толған кезде Е.Омаров ғалымның өмір жолына, еңбектеріне талдау жасап, өте жоғары баға береді. Ғалым Р.Нұрғалиевтің айтуы бойынша, А.Байтұрсынұлы туралы мақала-еңбектердің бәрі де кейін осы мақалаға сүйенген.

«Отзыв о научных работах М.О.Ауэзова» («История казахской литературы», редактирование полного собрания сочинений Абая с критическим очерком и др.) атты еңбегінде Е.Омаров М.Әуезовтің еңбектеріне ғылыми еңбегіне жоғары баға беріп, былай дейді: «История литературы М.О.Ауэзова (около 300 стр. Казгосиздат, 1927, Ташкент) представляет собой первый опыт систематизации и научного анализа образцов устного творчества казахского народа, не только на казахском языке. Автор в этой книге разбирает образцы народной поэзии, классифицируя их по жанрам, причем им охвачены также и периоды индивидуального творчества вплоть до Абая, т.е. до начала новой казахской литературы. Историко-литературный анализ материалов произведен на основе культурно-методического метода. Данный труд М.О.Ауэзова является весьма ценным не только в отношении тюркологии вообще. М.О.Ауэзовым же проредактирована научно полное собрание сочинений Абая в размере около 600 стр, и снабжено биографическим и критическим очерками и соответствующими примечаниями и комментариями. Этот труд М.О.Ауэзова одобрен научно-методическим Советом Казнаркомпроса. Оба эти труда М.О.Ауэзова, а также и ряд журнальных статей по вопросам литературы рекомендуют автора, как серьезного научного работника по казахской литературе и тюркологии вообще».

Е.Омаровтың тілтанымдық мұрасының әлі де ғылыми айналымға түспеуінің ең негізгі себебі – еңбектерінің түгенделмеуінен, араб графикасымен жазылуынан болып отыр. Себебі бұл жазуды қазір көпшілік сыдыртып оқи алмайды. Ірі тіл білімпаздарының қудаланып, еңбектеріне тыйым салынуы, жазудың өзгеруі қазақ тіл білімінің өз деңгейінде дамып жетілуіне кері әсер еткені даусыз. Сондықтан ғалым мұрасын түгендеп, жинақ етіп шығарса, көптеген зерттеулерге мұрындық болар еді. Ал «Физика», «Геометрия» сияқты оқулықтары бүгінгі таңда тілші ғалымдарға ғана емес, осындай оқулықты қазіргі кезде жазып жүрген мамандарға да

термин алу, физикалық құбылыстарды ұлттық дүниетаным тұрғысынан сипаттау, қазақ балаларына түсінікті ету тұрғысынан да өте құнды болар еді.

Е.Омаров тұжырымдарының бүгінгі таңдағы ғылым жетістіктерімен сәйкес келуі, бір жағынан, өткен ғасырдың 20-жылдарында тіл білімінің қаншалықты құлаштап алға басқанын көрсетсе, екінші жағынан, репрессия зардабының нәтижесінде ғылым дамуының қаншалықты тежелгенін де танытса керек.

Әдебиет:

1. Омарұлы Елдес Шығармалары. Құрастырған: М.Шуақиев, А.Шаяхмет. – Астана: Фолиант, 2017. – 488 б.
2. Орталық Мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 1314-іс, 3-б.
3. Орталық мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 285-іс, 18-байлам. - 11-12 б.
4. Жолдыбаев М. Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші қазақ. 12.VIII.1926.
5. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. - Орынбор, 1925.
6. XX ғасыр басындағы қазақ тіліне қатысты зерттеулер (алғы сөзі мен түсініктерін жазып, баспаға дайындаушы).- Алматы: Қазығұрт, 2013. - 640 б.

«Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық» Ахмет Байтұрсынұлы әдістемесі

Мектеп-тегі А.
алаштанушы-ғалым

Аңдатпа: Мақалада қазақ ұлтының рухани алтын қорына сүбелі үлес қосқан дана тұлға – Ахмет Байтұрсынұлының әдістемесі жан-жақты талданады.

Түйін сөздер: әдістемелік мұра, «Тіл – құрал», қазақ фонологиясы, феномендік құбылыс.

Summary: This article analyzes the methodology of AkhmetBaitursynov's wise person, who made a great contribution to the spiritual gold fund of the Kazakh nation.

Key words: methodological heritage, language instrument, Kazakh phonology, great phenomenon.

Рухани көсем, тамаша ақын, шебер аудармашы, өнертанушы, композитор, ғұлама ғалым, ұлығ ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық білім-ғылым, мәдениет саласын жаңашылдықпен биік сатыға көтерген ардақты есім. Араб қарпті қазақтың дыбыс жүйесіне негізделген төл әліпбиі, ана тіліндегі тұңғыш «Әліппе» (Оқу құралы), «Дыбыс жүйесі», «Сөз жүйесі», «Сөйлем жүйесі» үш кітаптан тұратын «Тіл – құрал» (Оқулығы), «Баяншы», «Әдебиет танытқыш», таза қазақ емлесімен «Қазақ» газетін (1913-1918) шығарып тұруы, «Мәдениет тарихы» (баспаға өткізіле сала тәркіленген) еңбектері, ұлттық ғылым тілін жүйелеуге қосқан сүбелі үлесі, оның сыртында қоғамдық өмірдің сан алуан саласына үн қосқан жүздеген көсемсөз мақалалары және Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитеттің мүшесі, Республика Халық ағарту комиссары, Бүкіл Одақ Атқару

Комитетінің мүшесі, Қазақстанда тұңғыш ұйымдастырылған Академиялық Орталықтың төрағасы, Ғылыми-көркемдік Кеңестің төрағасы, мүшесі тағысын тағы жауапты қызметтері соның айғағы. Егер Ахмет Байтұрсынұлы өмір сүрген патша өкіметі тұсында да, кеңестік дәуірде де билік тарапынан ұдайы қысым жасалып, қудаланбағанда, оның ұлт мәдениеті мен ғылымына қосар үлесі мұнан да бірнеше есе асып түсеріне еш күмән жоқ. Осы ретте дархан талант, дана тұлғаның ғарыштық сананы игеруіне рухани нәр берген бұлақ көзі, білім ошағы кімді де болса қызықтырары сөзсіз.

Асылы, бұған жауап іздемес бұрын сәл шегініс жасап, Ахаңның ата тегінен дерек бере кеткен жөн. Ағартушы-ғалымның қары атасы Шошақ ауыздыға дес бермеген аса шешен болған, шарт жүгініп, саңқылдап сөйлегенде арғын, қыпшақта бетіне қарсы жан келмеген екен. Жарықтық 44 жасында қара қадақтан қайтыс болыпты. Шошақтан Ақтас, Байтұрсын, Сабалақ, Ерғазы, Ермағамбет тарайды. Байтұрсыннан Қали, Кәкіш, Ахмет, Мәшен. Шошақ екінші ұлын Байтұрсын қоюында гәп бар екен. Жалпы, қазақ перзентіне ат қойғанда есімге бағдарламалық сыр-сипат дарытып, ақпараттық мағына үстеген, қоғамдық-әлеуметтік жауапкершілік жүктеген. Есім беру арқылы Тәңірге тілегін білдіріп, дұғасындай сан мәрте атаған сайын Жаратқанның құлағына шалынып, ізгі ниеті мүлтіксіз орындалады деген бек сенім ұялаған. Көптің сөзі киелі. Сөз – көзге көрінбейтін энергия. Сөз сүйектен өтеді. *Бай+тұрсын* деп «көздің құрты дүниеқор емес, рухы бай болсын» деген ізгі ниеттен туған. Дүниедегі бірінші бай – Құдай. Өйткені дүниедегі күллі материалдық және рухани байлық атаулы – Құдайдың иелігі мен құзырында. Сондықтан қазақтар саналы түрде жан дүниесі бай болуды арман-аңсары санады. Демек, қазақ табиғаты мен қанында тектілік, бекзаттық, ар-ұжданы кіршіксіз таза асқақ сезім құдіреті тулады.

Ардақты Ахаңды әкесі Байтұрсын Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебіне берген. Бұдан соң Ахаң талап қылып Орынбордағы мұғалімдік мектепті (семинарияны) бітірген. Ұлы Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, «Ахаңның тәртіпті мектептен алған барлық оқуы – осы» [1].

«Университеттік білімі жоқ жанның сан салалы өнер-білім, мәдениет пен ғылымның шыңын бағындыру сыры неде?» деген заңды сұрақ туады. Ахаң дархан дала табиғатын игерген көшпелі қазақ өркениетінің даналығына суарылып өсті. Табиғатынан халықтық педагогиканың уызына емін-еркін қаныққан Ахмет Байтұрсынұлы қоршаған дүниенің тылсым сыр-сипатын тануға деген ғаламат құштарлық сезімі нені болса да бар ықылас, зейін-зердесімен салыстыра-салғастыра тергеп, ой сүзгісінен сан қайтара елеп-екшеп, талдауға машықтануына, ақиқатын пайымдау, ғылыми тұжырым жасау қабілетінің дамуына себеп болды.

Жалпы, Алаш азаматтарының бәріне тән феномендік құбылыс ретінде даралануы – халықтық дәстүрлі тәлім-тәрбиенің мәйегінен еміп, аяқтануы ұлттық мүдде деңгейінен пайымдауды қалыптастырды. Ахаң сияқты Міржақып Дулатұлы, Елдес Омарұлы, Телжан Шонанұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Молдағали Жолдыбайұлы, Аспандиар Кенжин, тағысын тағы

біртуар тұлғалардың бар бітірген ең жоғарғы білім ордасы – мұғалімдік семинария. Солай бола тұра, халқының ар-ұжданынан жаратылған олар – ғылымның әр саласындағы тұңғыш төлтума оқулықтарды жазып, ана тілінде алғаш терминдік атауларды түзген, оқу-әдістемесін негіздеген ізашар, әмбебап жандар еді. Сондықтан Ресей империясының тізесі батқан қазақ халқының қоғамдық жан-жақты еркін дамуын күшпен тежеудің нәтижесінде қалыптасқан рухани вакуумның орнын толтыруға ХХ ғасырдың басында Алаш азаматтары ең қысқа мерзім аралығында қол жеткізді. Әрқайсысы мыңға татитын Алаш арыстары бас-аяғы санаулы жылдар ішінде халқын мәдени-рухани ағартып, саяси-әлеуметтік белсенділігі оянуына, федерация құрамында өз билігі өзінде дербес автономиясын орнатты. Демек, бүгінгідей баз біреулердің үлгі-өнегесіне жүгініп, оқу-білім жүйесіне еліктеп-солықтап, дағдарысқа түсіп, тоқырамай-ақ Алаш арыстары өз ақыл-парасатымен қазақ ұлтына лайық, сол дәуір талабына сай дәрежеде жол мен жөнін тапқанына тарих куә. Алаш азаматтарын қызыл империя зұлымдықпен зәбірлеп, қуғын-сүргінге ұшыратып, нақақтан-нақақ жаппай жазалап, күшпен жоймаса, Қазақия, қазақ ұлты жасампаздығымен төрткүл әлемді мойындатқан даңқты мемлекет қатарынан көрінеріне еш күмән жоқ еді.

Ахмет Байтұрсынұлын патша әкімшілігі 1909 жылы Семейдегі абақтыға жапқанда генерал-губернатор Тройницкий мырза:

1. «Өткен қыста орыс-қазақ мектебінің оқушылары қала тұрғыны бір сартпен төбелескен.
2. Мектепте орыс оқушылары жоқ.
3. 1905 жылы патша ағзамға жазған арыз-тілекке қатысқан.
4. Бірінші Мемлекеттік Думаның мүшесі – Әлихан Бөкейхан, сайлаушы Жақып Ақбайұлымен таныстығы.
5. Орыс-жапон соғысы жылдары патриоттық белсенділік танытпады.
6. Елді алым-салық төлеуден бас тартуға үгіттеді.
7. Қазақ арасында сператизммен айналысуды насихаттады», – деген айыптар тақты [2].

Бұл айыптаулардың 1-2-сі – естіген құлаққа күлкілі «тырнақ астынан кір іздеу». 3-4-інші тағылған кінә – жеке бастың азаматтық құқына тиісу. 5-6-айып та ешбір дәлелсіз, нақақ қаралау мақсатын көздеп, ойдан шығарылған. Шындығында, империялық озбырлық қанау мен езгіден қазақ халқын азат ету жолын шарқ ұра ізденген Ахмет Байтұрсынұлы эзотерикалық ілімді де жетік меңгерді. Сондай-ақ, бірсыпыра поэтикалық шығармаларында ата-баба аруағына шағыну сперетизм ғылымына жүгінгендігінің айқын белгісі бар. Әлбетте, Ахаң сперетизм әдісі арқылы Қазақ елінің бұлдыр болашағынан ақпарат алуды, саяси күрес жолындағы тосқауылдар мен бөгеттерді алдын ала болжауға көмегі тиер деген үмітпен қолданды.

Құлақ екеу, ауыз біреу,

Ол не үшін бұлай?

Жаратқаны ол солай.

*Ауыз біреу, көз екеу,
Ол не үшін бұлай?
Көп көріп, аз тыңдауға
Жаратқаны ол солай.*

*Ауыз біреу, қол екеу,
Ол не үшін бұлай?
Көп жұмысшы, аз жеуші
Жаратқаны ол солай.*

Ахмет Байтұрсынұлы жұмыр басты пенденің анатомиялық дене мүшелерінің құрылысын философиялық мағына үстеп, әлеуметтік-қоғамдық қызметімен байланыстыра ойландыра, толғандыра жұмбақтаған. *Құлақ, ауыз, қолдың* қоғамдық ортадағы атқаратын идеологиялық-әлеуметтік қызметін оқығанның жандүниесіне әсер ететіндей, сезім пернесіне дөп тиетіндей даналық құдіретін осы үш шумақ өлең жолына сыйғызып, ғажайып бейнелі сипаттаған. Тілді үйрете отырып, ұлттық дүниетанымды, айнала қоршаған ортаны, этнографиялық түсінік пен қисынды тұжырымдарды қазақы діл мен әлеуметтік ақиқаттан дәріс береді. Әбіш Кекілбайұлының сөзінше пайымдасақ, «Ахаңның тіл таныта отырып, тіршілік танытатын әліппелері...» [3].

Жаратушы Ие макрокосмос (ғаламшар) пен микрокосмос (адам) арасындағы бір-біріне өзара тығыз байланыс тепе-теңдікті өте шебер қиюластырған. Адам баласы шыр етіп жарық дүние есігін ашқаннан Жер-ана төсіндегі нәрінен еміп, қуаттанып, Табиғаттың күллі болмыс-бітімі мен мінез-құлқынан тәлім-тәрбие алып, ғибраттанып, қанаттанды. Айталық, жұмыр басты пенденің даласындай кеңдікті, тауларындай асқақтықты, теңіздеріндей тереңдікті, ай-күнімен, көктем-күзімен, қыс-жазымен, жаңбыр-қарымен, қоршаған көркімен сабақ болған, үлгі-өнеге тұтқан ұлы ұстазы – Табиғат.

Ахмет Байтұрсынұлы ет пен сүйектен жаратылған пенденің анатомиялық-физиологиялық дене түзілісі мен сүйек құрылысын философиялық мағына үстеп, қоғамдық-әлеуметтік атқаратын функциясымен егіздеп, шендестіре, жұмбақтап, астарлы жауап берген.

Табиғаттың өзі бізге өзіміздің адамдық сымбатымызбен (физиономиямызбен), яки жаратылысымызбен алдын ала өмір сүру үшін үлгі-өнеге тұтатын заңдылығын, сол арқылы ереже, қағидасын, оның мән-маңызын астарлап, жұмбақтап түсіндіріп береді. Құранның Фүссилат 53; Жасия 4; Зәрият 21; Тарық 5-7 аяттарында «Адам баласының өзінде ғибрат бар», – дейді [4]. Тәңірдің ерекше жаратылысы адамның сипатын данышпан Абай былайша түсіндіреді: «... Жансыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл адам баласы асырайтын қылып, һәм олардан махшарда (діни ұғым бойынша адам баласы өліп тірілгеннен кейін Құдай

алдында күнәсі тексерілетін орын) сұрау бермейтұғын қылып, бұлардың һәммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан.

Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында һәм ғәдаләт, һәм махаббат бар. Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар сипатында жаратпай, бұл гөзәл сипатты беріп, екі аяққа бастырып, басын жоғары тұрғызып, дүниені көздерлік қылып, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, исін алып ләзаттанғандай қылып, ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстіне тазалығын байқарлық екі көзді беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып, жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе? Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?» [5].

Зады, адамның биологиялық-анатомиялық дене мүшелерінің атқаратын қызметі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани функциясына калька жасалған; осы функциональдық модельді мемлекеттік құрылыс жүйесіне үлгі тұтып, көшіргендігін аңғаруға болады. Айталық, адам денесіндегі он екі мүшесін құрайтын қаңқа сүйектері мен буындарының саны қанша болса, толыққанды мемлекеттік дербестікке жетуге соншалықты тетік қажет екен.

Адам тәнін түзетін қаңқасы мен буын сүйектері қанша? Тибеттің халық емшілері мұның санын «360» десе, ежелгі үнді хирургі Сушрута «300-306 сүйектен тұрады» деп есептейді. XI ғасырдағы апокрифтің бірінде оның саны 295 деген дерек бар. Бүгінгі ғылыми технологиялық жетістіктердің жаңалығына сүйенген анатомия оқулықтарында адам тәнін құрайтын сүйектің нақты саны 200-дің айналасында, дәлірегі: 208-210. Осы уақытқа дейін ғалымдардың адам денесін түзетін сүйектің санын анықтай алмауының себептері бар екен. Өйткені әрбір физиологиялық тұлғаның дербес жаратылу ерекшелігіне байланысты денесінде қосымша сүйектер өсіп, немесе кейбіреуде бірнеше сүйек біртұтас болып бірігу мүмкіндігі тәжірибеде жиі кездеседі. Мәселен, сирек те болса, адамдар арасында артық қабырғасы мен алты саусақтылар өмірде бар.

Жаратылыстың заңы солай: өмірде табиғи шикізат қорын өндіру мен қоғамдық игілікке жаратуға, әлеумет тұтынатын дәулетті молықтыруға, ел ырысын еселеп арттыруға, құмырсқадай тынымсыз еңбекші көпшілік қауым – елдің белсенді бөлігін құрайды. Егер «ауыз екеу, үшеу, қол екеу» болса, адам бойындағы дене мүшелері диспропорцияға ұшыраған болар еді. Жасаған Ие «бір ауызға екі қолды» әдейі жаратқан, яғни, бір ауыздың ризығын екі қол айырған. Демек, табиғи тепе-теңдік бұзылса, саналы қоғамдырухани-әлеуметтік тұйыққа тіреп, дағдарысқа, бейберекеттікке әкеліп соғады. Қазақ мұндайда «қойшы көп болса, қой арам өледі» деп пайымдаған. Немесе «Бәрің бірдей қойшы болма, құл боларсың; бәрің бірдей

тойшы болма, қу боларсың» деу де табиғи үйлесімнің бұзылатынын меңзеуден туған.

Әлеуметтік желіден алынған статистикалық дерекке сүйенсек, Жапонияның халық саны – 128 миллион, оның ішінде 9 мыңын шенеуніктер құрайды. Ресей халқы – 142 миллион, оның 1 миллион 122 мыңы шенеуніктер екен [6]. 2016 жылғы 1 қаңтарда Қазақстандағы халық саны 17 млн. 671,0 мың адамды құрады. Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасы Қайрат Қожамжаровтың айтуынша, республикада 94 мың адам мемлекеттік қызметте, соның 17 проценті вакантты қызмет орны [7] екен. Бүгінгі таңдағы соңғы дерекке жүгінсек, Қазақстан халқы 18 миллионға, шенеуніктер саны 100 мыңға жетіпті. Егер осы сандық көрсеткіштердің мәніне нақтырақ талдау жасасақ, Жапонияда 14 миллион 222 мыңнан астам тұрғынға 1 шенеуніктен тең келеді екен. Енді Ресейде тұратын 142 миллион 122 мың халық санына 1 миллион 122 мың шенеуніктен, яғни, 13 адамға 1 шенеунік деген сөз. Қазақстанда 180 тұрғынға 1 шенеунік барабар екен. Демек, әлемнің алдыңғы қатарлы озық елі Жапониямен салыстырғанда Ресей мен Қазақстанның әкімшілік басқару, билік жүйесіндегі сандық үйлесімі және сапалық деңгейінде жер мен көктей айырмашылық тайға таңба басқандай ап-айқын көрініп тұр. Бұл статистикалық көрсеткіш қазақта өнім өндіруші еңбекқор жұмысшы мен басқарушы күштің арасалмағы тепе-тең еместігін көрсетеді. Мемлекеттік әкімшілік басқару жүйесіндегі құрылымның шектен тыс табиғи тепе-теңдік заңы сақталмауы – ертелі-кеш қоғамдық-экономикалық, саяси-әлеуметтік дағдарысқа әкелуіне себеп боларын Алаш арыстары ғасыр бұрын талай мәрте мәселе етіп көтерді. Сондықтан Алаш зиялылары ұлттық дамудың сара жолына түсуге Жапон елін үлгі тұтуды көздеді.

Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-ағартушылық шығармашылығының ерекшелігі мысалды алыстан іздемей адамның өз бойындағы физиологиялық-анатомиялық, биологиялық қасиеттерімен біртұтас жұптастыра зерттеу әдісі – жұмыр басты пенденің сезім түйсігіне әсерлі, рухани қуаты күшті көрнекілікті қолдану шеберлігімен ұтымды әрі тәрбиелік маңызы өте зор. Бұл ретте ол патшалық биліктің Қазақ елін теспей сорған әділетсіздігі мен шектен шыққан отарлау саясатының зиянды зардаптарын сынаған ащы шындықты сөзді ойнату, ойды астарлау, аң-құсқа балау, яки эзоп тілімен сөйлету әдістері арқылы шеберлікпен цензуралық бақылаудан өтіп халық жүрегіне жеткізе білді. Оның жарқын мысалын «Маса», «Қырық мысал» өлең жинақтарынан көптеп келтіруге болады. «Осы орайда Ахмет Байтұрсынұлының белгілі педагог, әдіскер Телжан Шонанұлымен бірлесіп жазған «Оқу құралы» хрестоматиялық еңбегінің ұлттық әдістеме ілімі саласындағы алар орны ерекше» [8]. 1927 жылы кеңестік пролетариат диктатурасы үстемдігі дәуірлеп тұрған шақта жарық көрген «Оқу құралында» Ахмет Байтұрсынұлы мен Телжан Шонанұлы қызыл коммунист-колонизаторлардың жүргізіп отырған саяси бағытын құмырсқа тіршілігіндегі табиғи болмыспен егіздеп, аллегориялық әдіспен әшкерелеп, оқушы

санасына астарлы ой салады: «...Кейбір құмырсқалардың кәсібі – басқаларды талау, соғыста қолына құл түсіріп алып, жұмысқа салу болады. Құмырсқалардың түсі, денесінің жаратылысы, тұлғасы түрліше болады. Солардың ішінде қып-қызыл қан сияқты бір тұқымы бар. Міне, осы қан түсті құмырсқалар құл иеленеді. Бұлар әуелі басқа тұқымдардың илеуіне баршы жібереді. Баршы илеудің есік-тесігін біліп қайтқан соң, илеуінің төбесіне жиылысып, құмырсқалар кеңес құрғандай болады...

Құл ұстайтын құмырсқалар патша үкіметінің алпауыттары сияқты: өздері илеуін де сала алмайды. Балаларын да асырай алмайды. Көшкен кезінде қожалары қонысты да қарап таба алмайды, қоныстың жайын білмейді. Қолайлы қоныс қарап табатын құлдары болады. Көшкенде құлдары қожаларын аузына тістеп көтеріп жүреді. Кейбір құл иеленуші құмырсқалар өздері аузына тамақ алып жеуді де білмейді. Қожаларымен құлдарынан бөліп, алдарына өздерінің сүйетін балын салып қойсаң, әзір балды жей алмай аштан өледі. Бұлардың жағының дағдылануы солай – шағуға келеді, шаюы келмейді. Соның үшін бұлар тек құлдары аузына салған тамақты ғана жұтады.

Қожалары басқалардың жәрдемінсіз я ішу, я жеу дегенді білмейді. Бірақ, төбелеске оң қолдай болады: жағы шағуға жаттыққан болады. Құлдарына әбден сеніп кетіп, бұлар илеу жасаудан да, тамақ жеуден де, баласын тәрбиелеуден де құр қалған. Ол жұмыстардың бәрі де қолынан келмейді. Басқалар істеп бермесе өліп қалады.

Тиісті жұмысын атқарып тұрмаса, дененің қай мүшесі болса да, істен шығып қалуы, құруы табиғат заңы» [9]. Оқулықтың өн бойы, бастан-аяқ шәкірттердің ой-өрісін, дүниетаным көкжиегін кеңітетін, қоршаған ортадағы жан-жануар, аң-құс, құрт-құмырсқа, өсімдік әлемі, табиғаттың сан алуан тылсым сыры мен құбылыстарына қатысты жан-жақты мәліметтер мен деректерді қызықты да тартымды санаға сіңіру, қисындау, пайымдау қабілетін дамыту әдістемелік жаңашылдығы бүгінгі күні де ғылыми-тәрбиелік құнын жойған жоқ.

«Қазақ» газетінің тұңғыш санында Ахаң мерзімді баспасөздің басты-басты төрт түрлі функциясын атап, оған қысқа да нұсқа назар аудартып өтеді: «Әуелі, газета – халықтың көзі, құлағы һәм тілі...», – дейді Бұл мерзімді баспасөздің қоғамдық ақпараттық жан-жақты қызметіне берілген ғылыми анықтаманың классикалық үлгісі деуге болады. Жыл он екі ай бойы табиғат-ананың қас-қабағына қарап, үнемі аттың жалы, түйенің қомында көшіп-қонған, ата кәсібі төрт түлік мал шаруашылығымен айналысқан туған халқының талғам-түсінігі мен таным-көзқарасына орай газет хақындағы ұғымды шым-шымдап сана-сезіміне терең сіңіруді ол перзенттік парызы санады. Шындығында, бұл жаратылыстың қарапайым мысалымен кез келгеннің қабылдау түйсігіне қонымды образдылығымен әсерлі жеткізілген. Екі аяқты, жұмыр басты пендеге маңдайға біткен қос жанар мен құлақтың, ауыздағы тілдің анатомиялық-биологиялық қажеттілігі қандай болса, қоғам өміріндегі саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ортадағы атқаратын қызметі де

сондай айрықша маңызды. Яғни, мерзімді баспасөз құралының барша қадыр-қасиетін қалың бұқараға, дүйім жұртқа салыстырмалы түрде адамның өз бойының дене мүшелерімен шендестіріп түсіндіру тәжірибесі ғылымда Ахана дейін кездеспеген жаңалық.

«...Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де сондай керек. Осы заманда хат білмеген адамның күйі тіл я құлағы, я қолы жоқ адамның күйімен бірдей; мұнан бұлай хат білудің керектігі онан да аспақшы...» [10].

Ахмет Байтұрсынұлы бағзыдан жеткен далалық мәдениеттің қыр-сырын терең меңгеруі күллі дүниені танып, білудің кілті сөз құдіретімен шешілетінін, сондықтан тіл мәдениетіне айрықша мән берді. Қазақта «бас істемесе, екі аяққа күш түседі» деген нақыл бар. Мұның мағынасы – «пенде атаулы кез келген іс-әрекетін ақыл-ой сүзгісінен өткізбесе, бос әуреге түсірер екі аяғының соры» дегенді меңзейді. Демек, аяқ бастың әмірін орындап, бұйрығымен жүруі шарт. Егер саналы пенденің биологиялық-физиологиялық ағзасындағы бас пен аяқтың арасында байланыс үзіліп, ойлау қабілетінің үйлесімі бұзылса, зор қауіп-қатерге, апатқа әкеліп соқтырады. Ахмет Байтұрсынұлы: «...Сөз тыңдаусыз, бас пен аяқ – бір емес...» («Тіл – құрал», 42-бетте), – деуінің мағынасы ұлттық қауіп-қатерден алдын ала ескерту еді.

Ахмет Байтұрсынұлы ғалымдығының қыр-сырын 1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Баку қаласында өткен Бүкілодақтық бірінші төрүктанушылар құрылтайында атағы жер жарған кілең «сен тұр, мен атайын» білімпаздардың алдында, ашық пікірталасқа түсіп, еріксіз мойындатты. Бұл құрылтайдың алдына қойған мақсаты қызыл империяның тіл құрылысы саясатын жүзеге асыру жолында төрүктекті ұлт пен ұлыстың араб қаріпті жазуын латын алфавитіне көшіру идеясын «ғылыми тұжырымдау» болатын. Құрылтай жұмысына сол дәуірдегі атышулы тіл мамандары мен төрүктанушылар: әдебиеттанушы С.А. Айвазов (Қырым татары), профессор Н.И. Ашмарин (Баку), академик В.В. Бартольд, Академиялық орталықтың төрағасы, Ғ.Ғ. Ибрагимов (Қазан), профессор Мехмед-Фуад Кепрюлю-Заде (Стамбұл), академик А.Е. Крымский (Киев), профессор С.Е. Малов, профессор Т.Т. Менцель (неміс, Киль), профессор Юлиус Месарош (мадияр, Стамбұл-Анкара), профессор А.А. Миллер, Елдес Омарұлы, профессор С.И. Руденко, профессор А.Н. Самойлович, Әзиз Бай-Сейдуали, Біләл Сүлейұлы, профессор В.Б. Томашевский, Нәзір Төрөкүлұлы, профессор Бекир Вахаб-оглы Чобан Заде (Қырым татары, Баку), Ш.Ғ. Шараф (Қазан), профессор Л.В. Щерба, профессор Н.Ф. Яковлев, тағы басқалар көтерілген мәселені қызу талқылауға араласып, уәжді дәлелдерімен бетпе-бет айтысқа түсті. Қызыл империя идеологтары құрылтайдың алғашқы үш күнін төрүктекті ұлт пен ұлыстың этномәдени өмірінің даму деңгейі, тарихына шолу жасау, ғылыми зерттеу жұмыстарын жолға қою сияқты мәселелерін әңгіме қылудан асқан жоқ. Яғни, төрүктекті ұлт пен ұлыс мәдениетіне жанашырлық сипат танытқан болып, негізгі идеяны қозғауды құрылтай жұмысының ортасынан ауа бастауды ұйғарған сынайлы. Шындығында, дәл

солай – форум мәжілісінің алтыншы отырысында 1-ші наурыз күні профессор Л.В. Щерба «Орфографияның негізгі принциптері мен және оның әлеуметтік мәні» атты баяндама жасады. Ғалым орыс тілінің мысалы арқылы алфавит пен орфография, емлесілік принциптер туралы ойларын ортаға салды. Орфографиялық принциптің 1) фонетикалық, 2) этимологиялық, 3) тарихи, 4) идеографиялық болып төртке бөлінетінін саралап, Еуропа тілдерінен мысалдар келтірді. Жарыссөзге шыққан Рахимидің өзбекше сөзін Усманов аударып берді, оның пікірінше, «өзбек алфавиті мәселесін құрылтай шешеді» деді. Ғ.Ғ. Ибрагимов жазып келгенін аударып берді, Ага-Заде түрікше баяндап, тезисін орысша оқыды. Кезекті шешендер Ғабитов пен Саади татар тілінде сөйледі. Бұлардың не жөнінде айтқаны беймәлім, себебі стенограммаға түспеген. Мінбеге Ахмет Байтұрсынұлы көтерілгенде құрылтайға жиналғандар ду қол шапалақтап қызу қарсы алды. Осыдан-ақ елдің ықыласы Ахаңа ауып, зерделі жанға деген үлкен үміт пен жауапкершілікті сезіндіргендей еді. Ахаң қоңыр даусымен орысша жатық профессор Щерба баяндамасын ғылыми жүйелі талдап, уәжбен орыс мысалында тілдегі дыбыстар мен соған орай әріп белгісінің арасындағы сәйкеспейтін, ара-жігін ажыратуды қажет ететін жетіспейтін тұстарын ашып беріп, **«орыс тілі ретсіз, бейберекет (хаотичный), анархиялық тіл»** екенін көзге шұқып дәлелдеді. «Мысалы: «вада», «воды», екпін өзгергенде «а» тұрған дыбыстың орнына енді «о» пайда болды. Бұл нағыз анархиялық, ретсіз, бейберекет (хаотичный) тіл. Іс дәл осылай болған соң, шындығында, этимологиялық принципке жүгінуге тура келеді. Мен басқа тілдерді жақсы білмеймін, бірақ төрүк тілдерінің ішінде қырғыз бен қазақ тілін жақсы білемін. Бұл тілдер толық үйлесімге құрылған. Мұнда бәрі дыбыстық заңдылыққа бағынған, әрбір дыбыс сөз соңында химиялық элемент сияқты реакциясын береді. Бұл өте жетілген, үйлесімді тіл. Егер өзге төрүктерде де дәл осындай тіл болса, онда этимологиялық принципті негізге алудың мүлдем қажеттілігі жоқ. Әрі қарай, емлені оқытуға байланысты. Идеал санайтын емле – бұл фонетикалық. Біз, қазақтар, бірнеше жылдан бері фонетикалық жазу жүйесін тәжірибеде қолданып келеміз, және беретін нәтижесі өте тамаша. Біздің алфавитпен бір жыл оқығандар дәл сондай деңгейде орыс мектебінің 4 жылдығын бітіргендердей сауатты жазады, ал 4 жылдықты бітіргендер дәл сондай деңгейде орыс мектебінің 9 жылдығын бітіргендердей сауатты жазады. Өздерің төрелігін айтыңдар, жазудың фонетикалық әдісі – білім беруді қаншалықты деңгейде жеңілдететінін. Міне, әлеуметтік маңызы сонда – сауаттылықтың қолжетімді оңай болуы, қалың бұқараны оқыту ісінде өте жеңіл, ал фонетикалық жазу әдісі сауаттылыққа баулуда тек балаларды ғана емес, сондай-ақ, ересектерді де оқытуға жеңілдік тудырады. Бұл арада мен тарихи принципке де соға кеткім келеді. Кейбір төрүк халықтары бар, осы уақытқа дейін дәстүрлі жазу тәртібін шеше алмаған. Мысалы, әзербайжандар мен османдықтарды алалық, – олар осы уақытқа дейін тарихи принциптен айырылмай отыр. Дәл-сол – біздің тілімізге арабтардан енгенді, олар осы уақытқа дейін қаз-қалпында

содан айырылмай ұстап, оны өзгертуді қасиетті нәрсені масқаралаушылық деп санайды. Бұлай қарауға болмайды! Солай бола тұра, олар «консервативті» деп, біреуді жазғырады. Мен мұны дәл осы арада айтуға тиістімін, себебі бізді көпшілігі – егер араб алфавитін тұтынса, онда консервативті элемент, – деп ойлайды. Жоқ. Біз «қасиетті жазудан» әлдеқашан арылғанбыз...», – деп Ахмет Байтұрсынұлы шеттен енетін сөзді қазақ тілінің артикуляциялық заңына сәйкес фонетикалық әдіс бойынша лайықтап алатындығына мысалдар келтірді. (*Мәжіліс төрағасы Жәлледин Қорықмасов (құмық) қоңырау соғып, «регламент уақытынан асып кеттің» деп ескерту жасады.*). Ахаң: «Мен көпшілігін өткізіп жіберіп, тек қана бір нәрсеге назар аударғым келеді, осы арада құрылтай ашылғанда жолдас С.Г. Ағамалы-оғлы мен жолдас М.П. Павлович (еврей) «алфавиттің өзі дамуға кедергі жасап отыр» (*әңгіме араб алфавиті туралы – А.М.*) деп айтты. Егер басқа тілдерді алсақ, мысалы орыс, орыс жазуы біздің жазумен салыстырғанда – бұл қытай жазуы. Бұл үшін үнемі үйренуді, әрбір сөзді жаттап, дағдылануды талап етеді, ағылшын, неміс, француз тілдері де дәл сол сияқты; біздің сауат ашуымызбен салыстырғанда бұл құдды қытай сауат ашуы. Біз бар болғаны 24 дыбысты үйренеміз, ал олар тілінде бар бәрін үйренуге тиісті. Әрбір тілде қанша сөз болса, сонша сөздің жазылу тұлғасын есте сақтауға тиіс. Неге? Себебі олардың жазуы бірде-бір дыбысты дұрыс бере алмайды» [10], – деді. Өкініштісі: қызыл империя Ахмет Байтұрсынұлы идеясына күшпен қасақана керісінше істеді.

Бір ғажабы: өткен ғасырдың 70-жылдарына дейін Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиімен сауат ашып, 4 жылдық білім алған аға ұрпақтың өкілдері Қазақстанның түкпір-түкпірінде ел басқару ісіне араласып, ірі-ірі қызметтерді ұршықша үйіргені жас та болсақ есімізде. Біз ол дәуірде Ахмет Байтұрсынұлы есімі өңіміз түгіл, түсімізге де енбейтін, беймағлұм болсақ та, 4 кластық білімімен талайды тамсантқан аға буынның өнегелі істері ел арасында аңызға айналғанын естіп өскен едік. Ересек жандар «бұрынғының 4 кластық білімі бүгінгінің университет бітіргендерінен артық» деген сыни пікірін сан мәрте құлағымыз шалса да, зер салып, аса мән бере қоймағанымыз рас. Сөйтсек, Ахаңның құрылтайдағы әлгі ғылыми тұжырымымен 1988 жылы танысқан сәтте-ақ ұлы ұстаздың педагогикалық еңбектерімен сауат ашқандардың ұлт жанына адамдықтың дәнін шашқан, өр рухты азамат қалыптастырғаны санамызға сап етіп, еріксіз көз алдымызға тұра қалды.

Қазіргі ғылыми-техниканың жетістіктері өміріміздің барлық саласына дендеп енуінің тіл жүйесіндегі дыбыстардың заңдылықтарын зерттеп білуге көмегі ұшан-теңіз. Техникалық құралдар арқылы арнайы жабдықталған бөлмеде тіл дыбыстарының қызметі мен оның жұптарын, жасалу жолдары мен ырғағын, күшін, т.б. белгілерін қағазға түсіріп (фотосурет, рентген бейнесі, магнитті таспа жазуы, сандық технология), нәтижесін көзбен көруге болады. Ал мұндай мүмкіндіктің жоқ кезінде Ахмет Байтұрсынұлы тіліміздің дыбыс жүйесін тап басып, дауысты, дауыссыз, ұяң, қатаң т.б. қасиеттері мен

қызметтеріне қарай жіктеп, дәл ажыратып, сипаттап беруі тіл білімпаздарының өздерін таң қалдырады.

Ахаң – көп қырлы талант иесі. Ол – ақын, композитор әрі өзі де музыкалық аспаптардың бәрінде шебер ойнаған орындаушы, өнер зерттеушісі, қысқасы, Табиғат-Ана жомарттық жасап құя салған әмбебап жан. Ахметтің «Қаракөзайым», «Аққұм», «Қарғаш» және басқа сазы келісті әуез-әуендерінің құлаққа жағымды ырғақ-өлшемдері һәм ұлттық мінез даралығы ерекшеленіп тұратын төл туындылары күні кеше «ақталғанға» дейін бізбен халық әні болып біте-қайнасып кетуінің сыры да – оның тіл заңдылықтарын, дыбыс жүйесін терең меңгеруі мен ақындық, композиторлық шеберлікті ұштастыра білгендігінде деп ұғу керек. Аса сезімтал жан қазақ тілінің дыбыс жүйесін, әрбір дыбысқа тән төл қасиетін домбыраның пернесінен, пианиноның тілінен іздеп, табиғи ортадағы судың сылдыры, желдің уілі сияқты жаратылыстың физикалық заңдылықтарымен салыстыра-салғастыра, оны акустикалық-артикуляциялық сөйлеу тіліндегі қызметімен байланыстыра терең талдаған. Бұл тұрғыда Ахмет Байтұрсынұлын қазақ фонологиясының атасы ретінде Ф. де Соссюр, И.А. Бодуэн де Куртенэ, Н.С. Трубецкой сынды әйгілі лингвист ғалымдар қатарына пара-пар қоюға әбден болады.

Қазіргі ғылыми прогрестің жетістігі ең жоғарғы технологиялық құрал-жабдықтарды игеру мүмкіндігі мен коммуникациялық-энергетикалық желілердің жүйесін меңгерудің бәрі тұтастай алғанда адам табиғатын, адам физиономиясын, адам анатомиялық-биологиялық атқаратын функциясын жалпы макрокосмоспен бірлікте терең зерттеу, зерделеудің нақты нәтижесі.

Жалпы, Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік қыр-сырын талдау әлі талай ғылыми жұмысқа жүк боларлық күрделі тақырып. Әдіскер ғалымның лингвистикадағы, әдебиеттанудағы, этномәдени танымдағы жаңалықтары жеке-дара зерттеу нысаны болуға сұранып-ақ тұр.

Сайып келгенде, Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ұлтының рухани алтын қорына сүбелі үлес қосқан дана тұлға. Оның өзі айтқандай «Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық».

Әдебиет:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. - Алматы: Жалын, 1991. - 18-б.
2. Киргизский народный поэт в тюрьме // Современные слова. – СПб., 19/XI.1909. - №682.
3. Қазақ әдебиеті. – 1998, 16 қазан
4. Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Аударған: Халифа Алтай.
5. Абай Құнанбайұлы Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, 1961. - 472-473-б.
6. <https://www.facebook.com/ligaizbirateley>.
7. <https://www.centrasia.ru/ntwsA.php>
8. Ісімақова А. Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі

түзелмейді // Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. - 2-т. - Алматы: Алаш, 2004. - 7-бет.

9. Оқу құралы. III-IV жылдарда оқылатұн кітәб. - Екінші басылуы. Қызылорда, 1927 // Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. - 2-т. - Алматы: Алаш, 2004. - 172-173-б.

10. Байтұрсынұлы Ахмет Бастауыш мектеп // Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. - 435-б.

Алаш ғылымы және Ахмет Байтұрсынұлы

Ойсылбай А.

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

Аңдатпа: Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттануы мен тіл ғылымын дамытудағы зор еңбегі туралы айтылады.

Түйін сөздер: Алаш қайраткерлері, әдебиет танытқыш, ұлттық әдебиеттану, ұлы ұстаз.

Summary: In this article, Akhmet Baitursynov speaks about the great merits in the development of Kazakh Literature and Linguistics.

Key words: Alash people, literary figure, national literary critic, great teacher.

Алаш қайраткерлері ақталғаннан бергі 30 жыл ішінде Ұлтымыздың ұлы ұстазы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси, әдеби, ғылыми және шығармашылық мұрасы әдебиеттанушылардан басқа журналист, заңгер, психолог, педагог (педагогика саласы бойынша), тарихшы, тілші ғалымдар тарапынан да жан-жақты зерттелініп келеді. «Әдебиет танытқыш» – тұңғыш ғылыми-теориялық зерттеу ретінде өз кезеңінде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің қалыптасуына ықпал етіп қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына да негіз болды. Қазақ пән сөздерін (терминология) ғылыми деңгейде (әр ғылым саласы бойынша) қалыптастыру үрдісі ХХ ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш ғалымдарының араласуымен бір жүйеге түсе бастады.

Ғалымның «Әдебиет танытқышы» (1926), М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), Х.Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1928) атты еңбектері қазақ әдебиетінің тарихын, қалыптасуын, теориялық негіздерін сонау ХХ ғасырдың басында қазақ тіліндегі пән сөздері арқылы зерттелгендігін Алаштанушы ғалым А. Ісімақова «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану» (2016) атты монографиясында: «Совет әдебиеттануы осы үш кітапсыз күн кешкені сол ғылымның дәрежесін аңғартады. Осының нәтижесінде, біз «Әдебиетіміз қашан туған, қалай қалыптасқан, келешегіміз қандай?» деген сауалға жауап бере алмай, он ғасырлық көркем сөзі бар әдебиетті «младописьменный» [1, 63], – деп жазады, тек советтік тоталитарлық көзқараспен шектелдік. «Әдебиет танытқышта» ғалым қазақ әдебиеттануының төл бастауларын айқындаған.

Ахмет Байтұрсынұлы тұңғыш рет қазақ тілінде ғылыми-теориялық пән сөздердің жүйесін тіл білімі саласында жасай отырып, қазақ әдеби тілінің тазалығына да қатты көңіл бөлді. Қазақ тілінің табиғатын ашатын алғашқы пән сөздер мен ұғымдар жүйесі «Оқу құралы» және «Тіл – құралынан» басталады. «...Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім тарататын кітаптар керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білімі жарысы» деп өзі жазғандай, ұлтты тәрбиелейтін оқу құралы мен білімге аса мән беріп, биік талап пен талғам үдесінен шығуды мақсат етті.

Аталған оқу құралдардағы грамматикалық пән сөздер яғни, *буын, дыбыс, үтір, дауысты дыбыс, жарты дауысты дыбыс, жіңішкелік белгісі, зат есім, сын есім, үстеу, қосымша, жұрнақ пен жалғау, бастауыш пен баяндауыш, септік, шылау* және тағы басқаларын түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдарға ат қоя білген. Ғылыми ұғымдарға ат қою оңай іс емес, табандылықты, көп жұмысты талап етеді. Ұлт ұстазының ғылыми айналымға ендірген қазақ тілінің ұғымдары, анықтамалары мен пән сөздері бүгінгі қазақ тілтану мен әдебиеттану саласының қайсысында болса да ерекше сипатқа ие.

А.Байтұрсынұлының ресми түрде ақталған алғашқы жылында тілші ғалым Өмірзақ Айтбаев «Қазақ терминологиясының атасы» (1989) атты ғылыми мақаласын жариялады. Ғалымның пән сөздерді жасаудағы еңбегін бағалай отырып, автор былай дейді: «...Ахмет Байтұрсынұлы «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің беттерінде араб емлесіне лайықтап икемделген жаңа нұсқа туралы жұртшылыққа түсіндіріп мақалалар жазады. Ол жасаған жаңа жазу үлгісі ел көңіліне бірден жетеді де, қабылданады. ... Қазақ ұғымына әлі жат, бірақ тіліміздің кейбір ішкі жүйесін түсіндіруге қажет кейбір сөздерді жаңаша қолдана бастайды. Олар: дыбыс, әріп, емле, ноқат (нүкте), буын, әліппе, сөз басы, сөз аяғы, дауысты дыбыстар, дәйекші сөздер. Бұлар қазақ тілінде бұрыннан бар болғанмен белгілі бір ғылыми ұғым есебінде нақты атауға иелік жасап отыруы тұңғыш рет» [2, 8].

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген «біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын» (М.О.Әуезов) таудай еңбегін орыс ғалымдары А.Н.Самойлович (1919), Е.Д.Поливанов (1924), А.Н.Кононов (1924), Н.Ф.Яковлев (1928) [3] жоғары бағалап, көрнекті түркологтардың қатарында өз зерттеулерінде еске алады.

«Әдебиет танытқышта» әлем және орыс ғалымдарының есімдері мен еңбектерінің аты аталмаса да, теориялық зерттеудің басты қағидаларының қазығы әл-Фараби, Аристотель, Гегель, Лессинг, Буало, Б.Кроче, Ломоносов, Тредьяковский, А.А.Потебня, Д.Н.Овсяннико-Куликовский, А.Н.Скафтымов, В.Шкловский, А.Н.Веселовский, В.Я.Пропп, Р.Якобсон, В.М.Жирмунский, Б.В.Томашевский, Б.М.Эйхенбаум, О.М.Фрейденберг, Ю.Н.Тынянов, М.М.Бахтин, Л.С.Выготский, В.В.Виноградов, Г.О.Винокур, И.А.Виноградов, Ю.Лотман, Б.И.Ярхо, Л.Якубинский сияқты ғалым, әдебиеттанушылардың көзқарастарына бойлайтыны анық.

Әлемдік әдебиеттану ғылымында өнердің және өнер түрлерінің сипаттамасы Аристотель, Гораций, Әл-Фараби, Буало, Гегель, Лессинг, В.Г.Белинский, Н.Г.Чернышевский, М.Ломоносов, В.Г.Тредьяковский т.б ғалымдардың ғылыми еңбектерінде де анықталған. Ал А.Байтұрсынұлының еңбегі басқа ғалымдардан өзгеше, яғни, барлық ой-тұжырымын қазақ оқушысына ұлттық рухы биік өз ана тілімізде жеткізіп берді. Осы жағынан келгенде ғалым әлем әдебиетімен өте етене таныс екендігін байқатады.

Көрнекті алаштанушы ғалым А. Ісімақова «Әдебиет танытқышты» әлем әдебиеттануы контекстінде қарастырып, келесі тұжырымын айтады: «Л.Гинзбургтің лириканы: «Адамның ішкі әлемінің күйі», – деуіне риза болушы едім. Ал А.Байтұрсынұлының лириканы: «Жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі», – дегені қандай дәл және нақты. Л.Гинзбург пен М.Бахтин: «Әдебиет – адамның жаны, оның ішкі әлемінің өзгеруі, санасының көркем бейнеленуі», – десе, А.Байтұрсынұлы: «Әдебиет – асыл сөз – адамның жан қоштауының қажетінен туған» [4, 168], – дейді. «Асыл сөздің үлгілісі өмірдің ғибратты болуын алға тартатыны», – дей келе Х.Досмұхамедұлы: – «Әдебиет – халықтың түрлі қимылдарының айнасы», – дейді. М.М.Бахтин: «Әдебиет – адамның істері, қылықтарының табиғатын, себебін танытатын өнер түрі», – десе, А.Байтұрсынұлы: «Асыл сөз адам санасының үш негізіне тіреледі – ақылға, қиялға, көңілге», – дейді. Себебі «ақыл ісі – аңдау яғни, нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу яғни, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау» [4, 268]. Осы тұрғыдан қарағанда, А.Байтұрсынұлы, М.Бахтин, Х.Досмұхамедұлы үшін әдебиет – адамзаттың мәңгілік сауалдарына жауап іздеуші ілім.

Тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеулердің бір бағыты ұлттық әдебиеттанудың теориялық деңгейін әлемдік әдебиеттану аясында айқындау болып табылады. Әдебиеттанушы А. Ісімақовадан кейін жас ғалым Ұ.Еркінбаев «Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі» (2008) атты еңбегінде «Әдебиет танытқыштың» ғылыми-теориялық деңгейін ХХ ғасыр басындағы Ресей әдебиеттануымен салыстыра зерттеді. ХХ ғасыр басында сөз өнерінің поэтикасын үш бағытта яғни, поэтикалық семантика, поэтикалық синтаксис және поэтикалық фонетика бағытында қарастырады.

«Әдебиет танытқыш» деген атауда тұрған «Әдебиет» деген не?», «Оны не үшін «таныту» керек?» деген екі сөзде тұрған жауап – біздің бүгінгі әдебиеттанудың анықтап айта алмай келе жатқан күрделі ғылыми танымдық мәселесі болып табылды. Қазақ тілі мен әдебиеттану ғылымына қатысты ұғымдарды, сонымен бірге сан алуан жанрлық түрлерді сипаттайтын ұғым-атауларды орнықтыруға айрықша бағалы еңбек сіңірген тағы да – Ахмет Байтұрсынұлы. «Әдебиет танытқышта» сөз өнеріне, халық поэзиясына, жалпы әдебиетке қатысты ұлттық сипаттағы көптеген пән сөздерді орнықтырып, тұңғыш рет жүйелеп берді.

А.Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттануы мен тіл ғылымын дамытудағы еңбегі туралы әдебиеттанушы ғалым Ш.Елеуқенов «Жаңа жолдан» (1986)

атты зерттеуінде: «...А.Байтұрсынұлы терминология саласында ізденуде айрықша талант көрсеткен. Ол келсе келсін, келмесе қойсын деп төтеннен бір сөз ойлап таппайды. Жаңа термин жасағанда қазақ тілінің сол ұғымға байланысты табиғи түсініктерінен қарайластырады. Мысалы, архитектураны «сәулет» деп аударады. ... сөйтіп, ол «сәулет» деген сөзді қазақ тілінде баяғыдан қалыптасқан тұрақты тіркестен алып отыр. Осы ретпен ...скульптураға, музыкаға да балама тапқан. Өнер тарауларының Ахаң туғызған бірсыпыра термині тілімізге сіңісіп те кеткен. Кейбірі интернационалдық атаумен аталып жүр» [5, 105], – деп жазады.

Пән сөздердің күнделікті өмірде араласпайтын саласы жоқ, күнделікті өзара қарым-қатынас құралына да айнала бастағанын байқап жүрміз. Осы орайда пән сөздердің анықтамасына, оның мәніне, жасалу принципіне келгенде әр алуан пікір, түсініктер бар. Термин жайында бүкіл түркология, оның ішінде қазақ тіл білімін, сондай-ақ орыс лингвистикасын зерттеушілер де біраз пікір өрбіткен. XX ғасырдың басында қазақ ғалымы Құдайберген Жұбанов «Термин сөздердің спецификасы жөнінде» [6] «Мемлекеттік термин комиссиясы бюллетенінің» 1935 жылғы № 3 санында пән сөздердің мәні мен мазмұны, ғылым, білім игеруде жасайтын септігі жайында ғылыми еңбектер жазған. Ғалым пән сөздердің өзіндік өзгешелік сипатын анықтау барысында олардың терминдік мағынасына емес, лексикалық мағынасына назар аудару керектігін бірінші орынға қойып, оған өзі аса мән береді. Мысалы, аударуға келмейтін терминдердің аударылуын (*психология – жан жүйесі, коммунист – ортақшыл, геометрия – пішіндеме*) кате деп санайды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ тілінде термин сипатты, дербес мағыналы сөздердің арнайы жасалып, кең түрде қолданыла бастауы, тұрақты түрде жазыла бастауы ерекше көрініс берді. Осы кезде қазақ тілінде «Айқап», «Дала уалаятының газеті», «Қазақ» газеті сияқты мерзімдік, әдеби басылымдар мен шығармалар, алғашқы оқу құралдары, бір және екі тілдік сөздіктер, іс қағаздары басқа да қатынастық хат-хабарлардың көбеюіне негізделеді. Бұл тұста ешкім арнайы түрде сала атауларын түзіп, түгендеумен айналыспағанымен, жұрттың түрлі мақала, еңбек жазуы барысында, тілдің сөзжасамдық тәсілдері негізінде сөз тудыру, сөздерді күрделендіре қолдану істері қағазға түсіп, жаңаша қарқынмен дамыды.

XX ғасыр басында ғылыммен айналысқан Алаш қайраткерлері мен зиялыларының бәрі де мүмкіндігінше ғылыми ұғым-атауларды қазақшалап, ұлттық тіл табиғатының бұзылмауына аса мән беріп, қатты көңіл бөлген. Мысалы: Н.Құлжанова «Мектепке дейінгі тәрбие» (1923), «Ана мен бала» (1927), М.Жұмабаев «Педагогика» (1927), Ж.Аймауытұлы «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдауы» (1926), «Комплексті оқыту жолдары» (1929), «Жаңа ауыл» (1930), Х.Досмұхамедұлы «Табиғат тану» (1922), «Оқушылардың саулығын сақтау» (1925), «Адамның тән тірлігі» (1927), «Жануарлар» (1928), «Қазақ халық әдебиеті» (1928) зерттеулерінде пән сөздерін қазақ ұғымына лайықтап жазды.

Пән сөздері (термин) деген сөздің әдебиеттану ғылымында алатын орны ерекше, ол кең мағынада қолданылады. Әдебиеттану саласында, әдебиет теориясында қолданылатын ең қажетті ғылыми ұғымдар мен терминдер жүйесі жүйелі түрде тұңғыш рет академик З.Ахметовтің құрастыруымен «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» (1996, 1998) жарық көрді. Сөздіктің андатуында: «...Арнаулы зерттеулер негізінде, ғылыми принциптерге сүйеніп жасалған осы «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» атты еңбек әдебиеттану ғылымының қазіргі деңгейін танытады, сөз өнеріне, тарихи-әдеби процеске бүгінгі көзқарасты айқындайды» [7, 3], – делінген.

Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған пән сөздердің көпшілікке етене жақын болып кетуін, табиғилығының феноменін, біздіңше танымдық негізде түсіндіруге болады. Қазіргі қазақ тіл білімінде «тіл мен ұлт біртұтас» деген қисынға сәйкес тіл табиғатын зерттеуді сол тілде сөйлеушінің танымынан тыс қарамайтын үрдіс теориялық-әдістемелік ретінде термин жасам теориясына да қолдануды қажет етеді. Тілтанушы ғалым Ж.Манкеева А.Байтұрсынұлы қалыптастырған пән сөздерінің танымдық негіздері жайында былай дейді: «...Терминжасамның тілдік тетіктері субъективті факторды жоққа шығарып, объективті сипат бермек. Бұл арада танымдық негіздің ұлттық ерекшеліктерінің де (шешендік, бейнелілік т.б.) мәні ерекше. ... Мысалы, А.Байтұрсынұлы қалыптастырған *көсемше* термині *көсем* сөзінің қазақ танымындағы мәні белгілі. Ал оның лингвистикалық, грамматикалық қызметіне сай мәндік сабақтастығы (психолингвистикалық философия, логика, лингвистика), дәлдігі дау тудырмайды» [8, 17].

Ахмет Байтұрсынұлының негізгі әдебиеттанулық ұстанымы туралы ғалым Р.Нұрғали: «Әдебиет танытқышта» А.Байтұрсынұлы әдебиеттанудың әлемдік терминологиялық стандарт деңгейіне көтеріліп, шет сөзді араластырмай, қонымды, ықшамды, бір-бірімен сабақтас, ұйқас, ұялас ұғымдардың тұтас ұлттық қазақы жүйесін жасап берді. Олардың басым көпшілігі автор репрессияға ұшырап, кітаптың тыйым салынғанына қарамастан әдеби тілге кіріп кетті. Интернационализм дегенді желеу етіп, шет тілді зорлап ендіру науқаны тұсында әдбиеттанудың да шұбарланғаны анық. Әрине, қазір роман, лирика, драманы ұзақ әңгіме, толғау, айтыс-тартыс деп өзгерту мүмкін болмас, бірақ Ахмет Байтұрсынұлы жасаған бірталай терминдер, сөздер қолдануға сұранып тұр» [9, 35-36], – дейді.

Шынында да, А.Байтұрсынұлының әдебиеттану саласына енгізген пән сөздерінің бәрі де өз орнын дәл тауып, атауын дәл танытып тұрғаны анық. Бұған еш талас жоқ. Біздің санауымыз бойынша, ғалым «Әдебиет танытқышта» әдебиеттануға қатысты 500-ден аса пән сөзін ғылыми айналымға енгізіп, қалыптастырды. Ғалымның ғылыми ұстанымы, бүгінгі тәуелсіз қазақ әдебиеттануының теориялық талаптарына толық жауап береді және асыл сөз өнерінің теориясына қатысты «ана тілі», «андату», «аңдау», «асыл сөз», «әдебиет танытқыш», «әдеби тіл», «бастары», «тірнек өнері», «көрнек өнері», «жаратынды нәрсе», «жасалынды нәрсе», «сөз өнерінің ғылымы», «сөз әуезділігі», «сөйлеу әуезділігі», «лұғат», «тіл қисыны»,

«сөйлеу түрлері», «қорыту», «мазмұндау», «арнау», «шумақ», «өрнекті сөйлем», «өлеңді сөйлем», «құрмалас сөйлем», «сөз талғау», «кітаби тіл», «тіл көрнекілігі», «айтушы», «айшық», «сөз табы», «шығарманың тілі», «шығарманың түрі», «шығарманың тегі», «шығарма сөз», «путыршы», «оралым», «буын», «бунақ», «екпін», «ырғақ», «тармақ», «өлең тақтасы», «өлең кестесі», «жорғақ», «толғау», «әуезе», «айтыс-тартыс», «шұбыртпа», «әліптеме», «әлектеніс», «әуреленіс», «азаптаныс», «шешен сөз», «билік сөз», «уағыз сөз», «ұлы әңгіме», «ұзақ әңгіме», «ұсақ әңгіме», «мысал», «насихат», «мінәжат», «қалып сөзі», «салт сөзі», «салттама», «зауықтама», «ғұрып сөзі», «ғұрыптама», «үгіт өлең», «үміт өлең», «терме», «сарындама», «ділмар сөз», «жоқтау», «жарамазан», «мінәжат», «шежіре», «жын шақыру», «дерт көшіру», «заманхат», «бата», «діндар дәуір», «сындар дәуір», «кітаби тіл», «әдеби тіл», «ертек», «ертегісімек», «намыс толғау», «марқайыс толғау», «күліс толғау», «сап толғау», «сарын», «пәнді әліптеу», «сәнді әліптеу», «жалпылай әліптеу», «ойлау оңтайы», «талдама оңтай», «терме оңтай» т.б. пән сөздерінің жүйесі әлемдік әдебиеттануда қалыптасқан ғылыми-теориялық тұжырымдармен сәйкес.

«Әдебиет танытқышта» өнертану, әдебиеттану, фольклортану салалары бойынша пән сөздерінің жүйесін қалыптастырған А.Байтұрсынұлының кеменгер білімпаздығын таныған ғалымдар Ж.Смағұлов пен Ш.Жалмаханов мынадай статистика ұсынады: «...Терминдердің жасалу жолына лингвистикалық тұрғыдан қарағанда 67 термин дара тұлғада, 223 термин күрделі тұлғалы (2 сөзден 7 сөзге дейін) болып келеді. Белгілі бір сөз өнер құрылысына берілген атау, термин сол құбылыстың адам, қоғам өмірінің рухани-әлеуметтік табиғатынан туындап жатқандықтан да (атау, терминдердің мағыналарына құбылысты телу емес) ойға оралымды, көңілге қонымды болып шыққан. Мұнда әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданылған болса, оның 60-ы (18%) осы күнге дейін пайдаланылып жүр, 267-сі (80%) қазір қолданылмайды» [10, 26].

Жаңа атаудың термин болып тілге енуіне қойылатын қағидаттар мұнымен шектелмейді. Оның өміршеңдігін қамтамасыз ететін төмендегідей талаптарға жауап беру керектігін ғалым Ш.Құрманбайұлы ескертеді. Олар: 1) терминнің бір мағыналылығы; 2) термин мағынасының дәлдігі; 3) терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы; 4) терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі; 5) терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы; 6) терминде эмоционалдылық пен экспрессиялықтың болмауы; 7) эстетикалық талаптарға сай келуі [11, 58-60]. Осындай талаптарға жауап бере алған жаңа термин ғана тілге судай сіңіп, сол тілдің заңды бір мүшесі ретінде өзіне жүктелген міндеттерін толық орындай алады.

«Әдебиет танытқышта» белгілі әдебиеттануға қатысты пән сөздердің қазақша баламасы көңілге қонымды әрі сәтті түрде қолданылған. Әр категория өзінің логикалық дамуы, қалыптасқан жүйесі бар түсінік ретінде айқындалады. Мысалы: «Байымдаманың зор мүшесі төртеу: бастамасы, ұсынбасы, баяндамасы, қорытпасы». Яғни, әр тұжырымның ішкі

заңдылықтары ашылып, парадигма ретінде дәлелденетінін әдебиеттанушы А.Ісімақова айтып та, жазып та жүр.

«Әдебиет танытқыштағы» ғалым қалыптастырған, қолданған, енгізген пән сөздерге де репрессия жасалды. Ғалымның қазақ тілі мен әдебиет саласында орнықтырған филологиялық пән сөздерінің жүйесі де өзімен бірге репрессияға ұшырап еленбей, ескерілмей қалды. XX ғасырдың 20-жылдары жазылған бұл еңбек авторының репрессияға ұшырауына байланысты бірқатар пән сөздер ғылыми айналымнан шығып қалғанын жоғарыда атап өттік. Ал бірқатар пән сөздерді қасақана әдеби-ғылыми процестен алып тастады. Соның өзінде «Әдебиет танытқышпен» таныс ғалымдардың арқасында «аман қалған» филологиялық пән сөздер қазақ әдеби-ғылыми тілінің қалыптасуына белгілі дәрежеде ықпал етті.

Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған пән сөздердің біразы орыс тілінің үлгісімен жасалған деген сылтаумен өзгерткісі, қолданыстан шығарып тастағысы келгендер де болған. Бұл әрекеттен ештеңе шықпады, қайта бұдан артық үлгіні қанша әрекет еткенмен жасай алмайтындарына көздері жетіп, ғалымдардың бәрі де Ахмет Байтұрсынұлы жүйелеген пән сөздерін негізге алған. Қазіргі таңда мектеп пен жоғары оқу орындарында пайдаланылып келе жатқан оқулықтардағы пән сөздер жүйесі түгелімен ғалым есімімен тығыз байланысты.

Ахмет Байтұрсынұлы ғалым Р.Нұрғали жазғандай, төңкерістер дәуірінде өмір сүрсе де тіл, әдебиет мәселелеріне күнделікті науқандық жәйттерді, түрлі қаулы-қарарды, партиялық нұсқау, талаптарды араластырмайды, негізінен ғылыми өлшем, биік талғам таразысы» тұрғысынан назар аудара білді. А.Байтұрсынұлы пайымдаған әрбір ұғым немесе сол ұғымның жүгін көтеретін пән сөздер негізінен үш тағанмен бірлікте қаралады: сөздің *генезисі* мен *семантикасы*, яғни, пән сөздердің мәндік, мағыналық теориясы және оның асыл сөз жүйесіндегі *қызметі*. Осы тұрғыдан болсын, ғылымдағы өзге де жүйелілік қағидасы тұрғысынан болсын «Әдебиет танытқышта» ғалым қалыптастырған пән сөздерін зерттеу бүгінгі күннің талабы.

Әдебиет:

1. Ісімақова А. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану. - Алматы: Дәстүр, 2016. - 384 бет.
2. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының атасы // Қазақстан әйелдері. - 1989. – № 4. – 6-7-б.
3. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.
3. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. - Т.І. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. - 384 б.
5. Елеуқенов Ш. Жаңа жолдан. – Алматы: Жазушы, 1989. – 317 б.
6. Жұбанов Қ. О специфике слов-терминов // Бюллетень гостерминкома. – Алматы, 1935. – № 3.

7. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
8. Манкеева Ж. А. Байтұрсынұлы терминдерінің танымдық негіздері // Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы мәселелері (конференция материалдары мен тезистері). – Алматы: Арыс, 2004. – 208 б.
9. Нұрғалиев Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
10. Смағұлов Ж., Жалмаханов Ш. А. Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін салушы. – Қарағанды, 1997.
11. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. – Алматы: Атлас, 2006. – 244 б.

Әлімхан Ермековтің еңбектеріндегі тілдік ерекшеліктер

Иманқұлова С.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доцент м.а.,
филология ғылымдарының кандидаты*

***Аңдатпа:** Мақалада қазақтың тұңғыш математигі, профессор, ғұлама ғалым, белгілі ағартушы көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» қозғалысы жетекшілерінің бірі – Ермеков Әлімхан Әбеуұлының математика саласындағы еңбектеріндегі тілдік ерекшеліктер сөз етіледі. Еңбек авторының математикалық терминдерді жеңіл тілмен, өте ұтымды бергені, латын графикасымен жазылғаны талданады.*

***Түйін сөздер:** оқулықтар, ғылыми еңбектер, ғылыми стиль, термин.*

***Summary.** The article deals with linguistic features in the works of one of the first Kazakh mathematician, professor, scientist, prominent public and state figure, one of the leaders of the Alash party and AlashOrd movement – AlimkhanYermekov. It is analyzed that the author of the work easily, lightly transmits mathematical terms with Latin graphics.*

***Key words:** textbooks, scientific papers, scientific style, term.*

1910-1920 жылдары А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, С.Қожанұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, Ж.Күдерин, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, Ғ.Қараш, Н.Төрекұлұлы, Т.Шонанов сынды Алаш оқымыстылары өз ана тілімізде алғашқы тырнақалды оқулықтар мен ғылыми еңбектер жазып, бүгінгі тіліміздің қалыптасып дамуына өзіндік үлестерін қосты. Ол еңбектерінде қазақтың жазба әдеби тіліндегі ғылыми стиль саласы қалыптаса бастады. Мысалы, Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлының 1912 жылы жарыққа шыққан «Тіл – құрал» еңбегі тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының іргетасы болып қаланды. «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...» [1], –

деп жазба тілдің артықшылығын түсіндіріп кетті. Х.Досмұхамедұлы – тіл, тарих, фольклор, биология, Ж.Аймауытұлы – психология, әдебиет, М.Жұмабайұлы – педагогика, әдебиет, Т. Шонанұлы – тіл, жер шаруашылығы, Қ. Кемеңгерұлы – тіл, тарих, М. Дулатов – тіл, математика, аударма және т.б. Алаш арыстарының еңбектері бүгінде тіл төңірегінде қордаланып отырған бірқатар өзекті мәселелерді шешуде тұғырлы тірек бола алды. Сондай еңбектің бірі – профессор Әлімхан Ермеқұлының «Ұлы математика курсы» деп аталатын еңбегі. Еңбектің 1-бөлімі 1935 жылы Қызылордада «Қазақстан» баспасынан 10 мың таралыммен жарық көрген, жоғарғы техникалық оқу орындары мен педагогикалық институттарға арналған, латын қарпімен қазақ тілінде басылған еңбек.

Ермеков Әлімхан Әбеуұлы (1891-1970) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» қозғалысы жетекшілерінің бірі, қазақтың тұңғыш математигі, профессор, ғұлама ғалым, белгілі ағартушы. Әлімхан Ермеқұлы 1935-37 жылдары Алматы кен-металлургия институты математика және теориялық механика кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарады. Сол кездері «Ұлы математика курсы» оқулығын жарыққа шығарып, математикаға қатысты қазақ терминологиясын қалыптастыруға үлес қосады. Сондай-ақ педагогикалық практикасының негізінде «Қазақ тілінің математика терминдері» атты анықтамалық сөздік құрастырады.

XX ғасырдың басындағы қазақ тіліндегі математика оқулығының тұңғыш авторы Міржақып Дулатов (Есеп құралы. Орынбор: «Дин уа мағишат», 1914) деп санап келсек, одан бұрын Ә. Ермеқұлының математика терминдерін қалыптастырған «Ұлы математика курсы. Аналитикалық геометрия мен дифференциал және интеграл есептеу негіздері» және «Қазақ тілінің математика терминдері» атты анықтамалық сөздігі тек 2001 жылы ғана Тәуелсіздік алған тұстан кейін белгілі болады, көпшіліктің қызығушылығын тудырады. Әрі құнды еңбек ретінде бағаланады. Осы жылы «профессор» атағына ие болады.

Әлімхан Ермеқұлы 1937 жылы «Детерминант теориясының негіздері» атты кітабын баспаға өткізіп, «Ұлы математика курсының» 2-бөлімін дайындап, басуға ұсынады. 1995 жылы бұл оқулық қазіргі кириллицаға түсіріліп, қайта басылып шығады (кириллицаға түсірген – Н.Әділбеков, жауапты шығарушы – Ш.Білал). Кітапта жоғары математика элементтері аса қарапайым, жеңіл тілмен түсіндіріледі. Автор тілінің айқындығы, теориялық топшылаулары, есептердің шығарылу дәрежесі, келтірген мысалдары үйренушіні баурап алады. Оқулық «Координат методы», «Функциялық байланыс және оны көрсету тәсілдері», «Сызықтық функция», «Екінші реттік қисықтар», «Кеңістіктегі координат методы», «Жазықтық», «Түзу сызық» деп аталатын 7 тараудан және «Детерминант теориясының элементтері» қосымшасынан тұрады. Жауапты редакторлары – Қ. Жұбанов, И. Байменов, көлемі 10 баспа табақ, таралымы 3500 дана.

Оқулық жоғарғы математикаға арналған тұңғыш кітап болғандықтан, автор оның құрылымына анықтама теориясы мен сызықтық теңдеулер жүйесінен де хабардар ететін ілімдерді енгізген. Кітаптың ішіндегі ауыр болып көрінетін терминдер өте ұтымды әрі ұғынықты берілген. Жаңа ұғым, ережелерді талдағанда, автор өз тәжірибесінен жинақтаған тәсілдерді молынан қолданған. Кітаптың алғашқы беттеріндегі «Автордан» және «Сөз басы» деген кіріспелерде ғалымның ой-пікірлері, теориялық тұжырымдары беріледі. Мысалы, «Автордан» деген бетінде: «Бұл «Математика курсы» қазақ тілінде бірінші тәжірибе болғандықтан, бұл күнге шейін қазақша қалыптанған математика ілімінің тілі болмағандықтан, тіл өз алдына, ұлы математика тіліне арналып, алынған, сіңген терминдер болмағандықтан, сонымен қабат жұмыс үшін де бағыт жеткіліксіз болып асығыс жазылғандықтан, кітаптың түрлі кемшіліктері болуы мүмкін» [2], – деп жазады.

Кітапты баспаға даярлаған мамандар бұрынғы латын әрпінен бүгінгі алфавитке көшіргенде, оның мазмұнына ешқандай нұқсан келмеуін ескеріп, бастапқы басылымда әріптен, емледен, жеке сөздер мен сөйлемдерден кеткен қателерді түзеткен. Кейбір тұжырымдардың ғылыми ұғымдық жағын бір ізге келтіріп, стильдік ерекшеліктерін жете сақтаған. Мамандар кеңестік және әлемдік математика ғылымындағы қалыптасқан терминдер, теңеулер, формулалар енгізілді деп ескертіп өтеді.

Оқулықта баспа қызметкерлері автордың терминдерді дұрыс жазу мақсатын көздегенін және $F(\phi)$, $X(x)$, $V(v)$ әріптері тәжірибе ретінде жіберілгенін, алынған терминдердің мәдениет қызметкерлерінің жүйесінен бұрынғы терминдер екенін айтады («Қазақстан» баспасынан 4-б.).

техника – техника(5-б.)

elektriximia – электрхимия (5-б.)

fransoz – француз(7-б.)

vector – вектор(7-б.)

fizika – физика(5-б.)

formula – формула (16-б.)

Оқулық мазмұнында тәжірибе ретінде алынған V әрпінің бірде **v**, бірде **y** таңбасының орнына жүретіні кездеседі. Мысалы, *avtordan* – *автордан* (3-б), *vector* – *вектор*, *suravlar* – *сұраулар (сұрақтар)* (13-б), *ujdiñ temperaturь* – *үйдің температуры* (13-б), *gociv* – *қосу* (13-б), *dәleldev* – *дәлелдеу* (14-б), *belgilev* – *белгілеу* (16-б) және т.б. Яғни, V әрпі сөздің басқы буындарында **v**, ал соңғы буындарында **y** деп оқылатынын байқауға болады.

F әрпі *differentzial* – *дифференциал*, *fizika* – *физика*, *fiziologia* – *физиология*, *figura* – *фигура* (8-б), *sfera* – *сфера* (107-б) деген бірлі-жарым сөздерде ғана кездеседі.

1995 жылғы кітапты баспаға даярлаған мамандар бастапқы басылымда әріптен, емледен, жеке сөздер мен сөйлемдерден кеткен қателерді түзеткен. Мысалы, *матиматика* – *математика*, *алгебира* – *алгебра* және т.б.

Еңбектің математикалық терминдерді қалыптастырудағы маңызы өте зор. *Теңдік, нүкте, кеңістік, айырым, бұрыш, бағыт, алу, қосу, бөлу, өрнек, күш, шама, төбе, жазықтық, қашықтық, теңдеу, шаршы, беттік, белгісіздік, қисық, сызық, кесінді* және т.б. қазақ тіліндегі терминдер қарапайым тілмен ұғынықты қолданылғаны қуантады. Мысалы, «Жалпы алғанда, математиканың тексеретіні шама дейміз; шама деп заттардың азайып(кеміп) я көбейтіп (өсіп) өзгертін қасиетін айтамыз. Ұлы математиканың көбінесе, қарастыратыны осы шамалардың өз ара байланысты болып өзгеруі: басқаша айтқанда, шамалардың арасындағы функциялық байланыстарды тауып, соларды зерттеу» [2,6] – деп анықтама беруі немесе әлі бұл саланың терминдері қалыптаспай тұрғанда «Табиғаттың негізгі заңы өзгеріс деп сөз басында айтып өттік; сондықтан табиғатта кездесетін шамалардың бәрі, мысалы, *температур, салмақ, ұзындық, аудан, көлем* тағы сол сыйақтылар бір мәнде тұрмай, жағдайға қарай өзгеріп отыратын құбылма шамалар» [2, 21], – деп математикалық терминдерді қазақи ұғымға сай етіп қолдануындағы тапқырлығымен тәнті етеді.

Аталған еңбекте шет тілден енген: *пропорсиал, протсес, функция, проексия, потенсиал, электр, траектория, симметрлі (симметриялы емес), ординат, температур, биссектрис, гипербол, парабол, теорем, координат* сынды терминдерде сөз соңындағы **а** әрпінің түсіріліп жазылуы сол кездегі орфографиялық заңдылық екенін байқатады. Өзі сол ережені негізге алғанын ескертіп өтеді.

Мұндай математика терминдеріне қатысты орфографиялық заңдылықты көрнекті тілші ғалым Қ.Жұбанов та баса айтып көрсетеді: «Терминдердің түбіріне орыс тілінің заңы бойынша кейде «а» жалғасып келеді. Біз оны барлық сөздерге бірдей заң қылып бекітпей, бірқатар сөздердің соңында келетін «а» дәнекерін қысқарттық. Олар көп буынды және аяғы **д, ш, г** сықылды дыбыстарға бітпейтін сөздер. Мысалы, *аксиом – аксиома емес, проблем – проблема емес, биссектрис – биссектриса емес; абссис – абссиса емес; теорем – теорема емес, апопем – апопема емес; координат – координата емес; гипотенуз – гипотенуза емес* т.б»[3].

«Демек, көрсетілген терминдердің қазіргі қолданыстағылардан бір ерекшелігі орыс тіліндегі **-а** қосымшасыз берілуі. Яғни, сол кездері шет тілдегі түпнұсқаға жақындатып, тіліміздің табиғатына икемдеп қолданған. Өкініштісі, қазіргі кезде аталған терминдер орыс тілінің заңдылығына сәйкестендіріліп, **-а** қосымшасы арқылы *ордината, температура, биссектриса, теорема, гипотенуза, гипербола, парабол* түрінде қолданылып келеді. Бұл тәжірибені қарастыру арқылы қазіргі тілдік жүйемізге еніп кеткен осы терминдермен қатар, өзге де интернационал терминдердің қолданысын бір ізге түсіруге мүмкіндік береді. Әсіресе, алдағы латын графикасына көшуде шет сөздерді тіліміздің табиғатына сай етіп, яғни, «қалыптасқан орысша нұсқаға икемделген форманы сындырып қолданамыз» дейтін болсақ, бұл құбылыстың да бейімделу заңдылығын анықтау қажет»[4], – дейді А. Үдербаев.

Қорыта келгенде, Әлімхан Ермеқұлының «Ұлы математика курсы» математика саласындағы терминдерді жасаудың алғышартын жасаған құнды еңбек болып табылады. Сондай-ақ бұл ғылыми еңбектегі латын графикасында берілуі, тілге онтайлығы, жеңіл ұғынылатындығы қазіргі жаратылыстану ғылымында жүрген ғалымдарға үлгі болу керек деген ойдамыз. Ұғынуға қиын, тілі күрделі, шұбалаңқы сөйлемдерге толы терминдерді қазақша түсіну қиындық тудыратындықтан, орыс тіліндегі нұсқасын қарайтындарды түсінуге болады. Осындай жеңіл сөйлемдермен күрделі пәнді түсіндірудің әдіс-тәсілдерін жетілдірудің жолын қарастыру қажеттілігі – күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе. Шылаулардың бөлек жазылуы, сөз қолданыстарындағы бірлі-жарым өзгерістер бұл кітаптың құнын жоймайды. Сол кездегі емле ережелерін негізге алғанын айғақтайды. Ал автордың шет тілден енген терминдерді тіліміздің заңдылықтарына салып қолдануы (*аксиом, проблем, координат, гипербол, цилиндр, парабол* және т.б.) – бүгінгі күнге де үлгі боларлық жайт. Демек, Алаш арыстары қазақ тілін – зерттеу, оқыту, қолдану, нормалау, дамытудың толық бағдарын өте сауатты білді және сол бағдар бойынша ауқымды жұмыстар істеді. Соның бірі – аталған еңбек.

Әдебиет:

1. Алаштың тілдік мұрасы: электронды қолжазба. – Алматы: Кие, 2009. - 364 б.
2. Профессор Ермеқұлы Әлімхан Ұлы математика курсы. 1-бөлім. Қызылорда, Қазақстан, 1935. – 82 бет.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
4. Үдербаев А. Әлімхан Ермеков «Ұлы математика курсы» оқулығы // Дала мен қала. – 2011. – 21 наурыз. – 4-б.

Мағжан шығармаларындағы айшықты сөз өрнектері

Әшімқан Т.

*Орталық ұлттар университеті Аз ұлттар тіл-әдебиеті
мамандығының докторанты, ҚХР*

Аңдатпа: Мақалада әлемдік ой айта білген, күллі түркі жұртының даңқты жыршысы болған ақын Мағжан Жұмабаевтың өзгеше таланты туралы, сонымен қатар ақынға үзеңгілестері мен замандастарының берген зор бағалары сөз етіледі.

Түйін сөздер: лирик ақын, поэма, пейзаж, өлең, әсем жыр.

Summary: This article discusses the outstanding talents of Magzhan Zhumabayev, the world-famous poet, the glorious poet of all Turkic peoples, as well as poet's talents and contemporaries.

Key words: lyric poet, poem, landscape, poem, beautiful poem

Мағжан шығармаларын оқыған сайын ғажайып көркемдік дүниесіне,

сырлы сұлулық әлеміне қанат қағасыз. Жайнаған бақтай, ұранды оттай, телегей ойлы, асқақ рухқа толы әсем жырлары – поэтиканың аспанында жарқырап мол сәуле шашады. Сырға толы нәзік лирикалары – ақынның сыршылдығын, суреткерлігін, сезімінің нәзік те әсемдігін, аңғартса, кең тынысты эпикалық дастандары – көркемдік дүние танымының тереңдігін, ақындық қуатының ерендігін, ұлттық рухының асқақтығын танытады.

Жүсіпбек Аймауытов Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы жайында: «Өлеңінің тілге жеңіл, құлаққа жылы тиуін Абай да іздеген, Абай да сөздің ішкі мәнерлі, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ, дыбыспен сурет жасауға, сөздің сыртқы түрін әдемілеуге Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ» [1], – десе, М.Әуезов: «Мағжан – культурасы зор ақын. Заманнан басып озып, ілгерілеп кеткен ақын. Бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжан сөзі. Одан басқамыздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» [2], – деп жазады 1927 жылғы «Еңбекші қазаққа» берген жауабында. Ал академик З.Қабдолов: «Қазақ өлеңінің Абайдан кейінгі алыптарының, айтулы алтын дінгектерінің бірі ғана емес, бірегейі», – деп баға береді.

Мағжан – көп қырлы ақын. Оның махаббат, табиғат, азаматтық лирикалары, мол психологиялық, философиялық мәні зор тынысты поэма-дастандары жай, үстірт қарауды көтермейді, әсіресе, поэмаларындағы сұлу суреттер мен көркемдік метафуралық образдар жүйесіндегі үйлесімді, нақышты келісім, поэзиялық сұлулық, гармониялық, музыкалық үндестік көп толғанып, терең пайымдауды қажет етеді.

Абай секілді әлемдік өредегі пейзаж жасаған ақындардың бірі – Мағжан. Оның «Қысқы жолда», «Жазғы жолда», «Қайың», «Орман патшасы», «Жазғы таң», «Жазғытұрым», «Жазғы түнде», «Толған ай», «Жел», «Жиегінде қара орман», «Күздікүні» сияқты табиғатпен сырласудан туған толғанысты жырлары «көзіңді арбап, жүрегіңді тебірентетін мұңлы пейзаж, ғажайып суретші қолынан шыққан картина секілді. Тізіп, шолып, термелеп айтқан жыр бедерін баяндай көрсеткен тұрмыс-салт көрінісі, маусым кескіні емес, әртүрлі сезім-түйсік арқылы қабылданған психологиялық астарлы сырлары бар реалистік пейзаж үлгілерін қоса, кей тұста фантастикалық сурет – пері, періште, тәңір араласып кетеді. Әлем поэзиясы классиктері шығармалары қалай, менің туыным қалай дегендей ақын әртүрлі үлгілерді қатар беріп отырады» [3, 108].

Мағжан – өзгеше дарын иесі әрі өз бойындағы тұмадай тұнған зор дарынын халқы үшін кәдеге жарата білген ақын. Ақыл-парасаты, тіл шешендігі, ой ұтқырлығы, қиял жүйріктігі жағынан замандастарынан озық тұрды. Оның «Жер жүзіне», «Орал тауы», «Түркістан», «Күн шығыс», т.б. өлеңдері әлемдік ой айта білгендігін, күллі түркі жұртының даңқының жыршысы болғандығын аңғартады. Ақынның «Оқжетпестің қиясында», «Ертегі», «Қойлыбайдың қобызы», «Қорқыт», «Батыр Баян» поэма-дастандарының тұтас бітімінен асқан шеберлікпен мінсіз құйылып түскен, төрт аяғын тайпала басқан сұлу суреттерді кездестіреміз, әр сөзінде «мұңлы

сыр, лағыл тілек, дәрия көңіл, таза ар-ұждан, көркем сырлы тереңдік, кемел саналылық бар» (С.Негимов). Қараңыз, телегей ойлы ақиық ақынның «Оқжетпестің қиясында:

*Арқада Бурабайға жер жетпейді,
басқа жер ойды ондай тербетпейді.
Бурабай көлі мен Көкшетауды,
Көрмесең көкіректен шер кетпейді.
Қиясымен бұлт құшқан Оқжетпестей,
Басқа тау ойды аспанға өрлетпейді.
Арқада Бурабайға жер жетпесе,
Алашта Кенекеме ер жетпейді.
Көкшеде күңіренген Кенем қайда!?
Дәрига, жүрегімді дерт өртейді [4].*

Поэмадағы жан сезімінді тебіреністі толқынға тоғытар мөлдір лирика, образды сурет, қапысыз жарастық тауып келген фразеологиялық оралымдар, дыбыстық безендірулер, тілдік алуан нақыштар ақынның асқар тұлғасын онан сайын аспандатып көрсетеді. Ал «поэманың көркемдік табиғатында не бір бейнелі көркем құбылыстар, қасиеттер ұшан-теңіз. Поэтикалық фонетика, поэтикалық синтаксис, поэтикалық лексика тұрғысынан алғанда, поэзия тілінің көркемдегіш, суреттегіш құралдары – символикалық параллелизмдер, синтаксистік-психологиялық қайталаулар, таңдамалы сөз образдар, фразеологизмдер көптеп кездеседі» [5, 143]. Мысалы: «Айы нұрсыз, жұлдызы үнсіз», «Алаш деп у, қазағым деп қан жұтып», «Аллалап ну қарағай шулай-шулай, төменде тулай-тулай толқын өлді», «Таудың үсті тамаша нұрға толды» сықылды ішкі ұйқастар, фразеологиялық, архитектуралық, афоризмдік оралымдар, көркем теңеулер, сөз қайталаулар т.с.с. көріктеудің неше түрі түгел құйыла келіп жарасым табады.

Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы жөнінде айтқан Сәкен Сейфуллиннің мына бір лебізінің жөні бөлек: «Мағжанның «Батыр Баяны» да, «Қорқыты» да – қазақ әдебиетіндегі ұлтжандылықтың және оның жылауларының ең ащы зар күйлері дерлік жырлар» [6, 202]. Расында, Мағжан жырларынан қайғы үні, қасірет жасы төгіліп тұратындай сезіледі, мұны Мағжантанушылар да атап өткен әрі бұған Мағжан жырлары да куәгер.

Алақұйын заман Мағжанның жанын жаралап, мұңға батырды. Жан жүрегімен сезінген сол қасіретін ашық жырлауға сол тұстағы қоғамдық-саяси ауқым бөгесін болды, мүмкіндік бермеді. Ақыры ақын жүйрік қиялын самғатып аңыз арасынан жол тапты. Өмір шындығы мен көркемдік шындықты жымдастыра отырып, заман шындығын алдыға поэтикалық тәсілмен жайып салды. Бұл қасіреттің соңы ақынға өлім туралы ойлауға жетелеген де болуы мүмкін. Соның айғағындай, «тілегім», «жаралы жан», «от», «көңіл», «мені де, өлім, әлдиле» сияқты жырларында өмір мен өлім жайында тереңнен сыр суыра толғайды:

*Өлім күйі – тәтті күй.
Балқиды жаным бұл күйге,*

*Мені де, өлім, әлдиле,
Әлдиле, өлім, әлдиле!*

Мағжан өмірді қаншалық сүйсе, өлімді де соншалық сабырмен қарсы алады, Өмірден соң өлімнің келетіні заңдылық, ақын бұл екеуін бөліп қарамайды, Сол себепті де, өлімнен терең ой түйе отырып «Қорқыт» поэмасын жазады. Мағжанның өлім туралы жазғандарынан оның дүниетанымы әлемдік ойшылдармен сабақтасып жататыны аңғарылады.

М.Әуезовтің Мағжанды «культурасы зор ақын» деп бағалауының бір себебі – әлемдік ойшылдардың көзқарасын, эстетикалық бағдарламасын, поэтикалық әдістерін, жаңашылдық стилін қабылдай отырып, қазақ поэзиясын саф, таза күйінде дамытқандығы еді. Әсіресе, орыстың Мережков, Андрей Белый, Венниченко, Сиверянин, Бальмонт сынды ақындарының нәзік лирикасынан нәр алғандығын азаматтық пафосқа, сұлу өрнекке, әшекейге толы сыршыл лирикалары айғақтайды. Оның шығармалары ақынның халық поэзиясының тереңіне – қазақ фольклорына, түркі халықтарының бай тарихы мен мәдениетіне, шығыс мәдениеті мен батыстың рухани мәдениетіне де бет бұрғанын көрсетеді.

Мағжан поэзиясы философиялық және дүниетанымдық тұрғыдан Абайға жақын. Әсіресе, Абайдың поэтикалық формадағы терең философиялық ойларын Мағжан Жұмабаев одан әрі дамытты. Яғни, ол Абай сияқты халқының бостандығын, бақытты өмірін және мәдениетті болуын қалады, сол үшін қуанышын қасіретке айырбастады, бүкіл өмірін, жан қуатын елінің нұрлы таңы үшін құрбан етті. Ақын шығармаларын терең талдаған Ж.Аймауытовтың: Мағжан өлеңдері «әлде өкіндіреді, әлде мұнайтады, әлде жылатады, әлде оятқызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді», – деп жазуының өзінде терең сыр жатыр.

Мағжан Абай ойын алға бастырушы, Абай үлгісін жалғастырушы болды. Оқусыз қазақ даласына білімнің шырақшысындай жарқырай сәуле шашқан Шоқан, Ыбырай, Абай бастаған ағартушылық идеяны дәріптеуге құлшынды, халықтың рухани көзін ашуды, білім беруді азаматтық парызым деп санады. «Өнер-білім қайтсе табылар», «Қазағым» т.б. алғашқы ағартушылық сарында жазылған өлеңдерінен ақынның туған еліне деген шексіз махаббатын аңғарамыз.

XX ғасырдың басында Алаш ардагерлері қазақ халқын ояту жолында бастарына төнген қатерге қарамай жанкешті еңбек етті. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытовтар бірі көркем туындылар жазып, әдебиет пен тілдің дамуына үлес қосса, бірі оқулықтар жазды. Мағжан жазған «Сауатты бол», «Педагогика» кітаптары ғасыр өтсе де, өз маңызы мен құнын жоймайтын асыл дүниеге айналды, Мағжан «Педагогика» кітабының алғы сөзінде орыстың Рубинштейн, Скворцов, Смирнов қатарлы оқымыстыларының педагогикалық еңбектерінен пайдалана отырып, қазақ танымына жақындастыра жазғанын айтады [7, 1]. Мағжанның бұл кітабы қатардағы ғылыми оқулықтардың бірі емес, философиялық, дүниетанымдық ой-

толғамдар мен ақыл-кеңес ретінде келген, афористік ойларға тұнған аса құнды еңбек саналады. М.Жұмабаевтың «Педагогикасындағы» кейбір философиялық-онтологиялық ойларының Абайдың «Қара сөздерімен» үндесіп жататын тұстары кездеседі. Онда ұрпақ тәрбиелеуге қатысты ойлар ғана емес, тән, жан тану, рух пен материяның қатынасы сияқты күрделі мәселелер көтеріліп, адам табиғатының қат-қабат қалтарыс тұстары, яғни, мінез көріністері, ақыл, сана, жігер, қайрат, құлық, сұлулық, ой, қиял, сезім, сенім, тіл т.б. жақтарын кеңінен ашады. Сонымен бірге «Педагогика» – ақынның рухани әлемінің қыр-сырларын тереңірек танып, аша түсу үшін де өте қажетті. Өйткені Мағжанның көркем поэзиялық тілмен айтқан философиялық көзқарастары, дүниетанымдары прозалық еңбектерінде де көрініс тауып, бір арнада тоқайласып кететін тұстары көп.

Афоризмның өзегі – философия, мақсаты – тәрбие беру. Ал философияның басты объектілерінің бірі – адам және оның өмір сүруі, жан бостандығы мәселелері. Мағжанның «педагогикасы» міне осы мақсат, деңгейден табылатын құнды еңбек.

М.Жұмабаев «Педагогикасында» тәрбие берудің алуан қырлары, жан көріністері, құлық сезімдері, тектілік туралы терең пайымдар жасайды. Адамның құлқы – жасаған ортасының, айналасындағы адамдарың әсері арқылы қалыптасады. Ізгі һәм жауыз болып шығуы ата-ананың, ұстаздың жақсы өнеге тәрбиесі арқылы болады. Достық, махаббат сияқты қымбат мінездердің күшеюі – тәрбиемен, өнеге көрсетумен, білімінің тереңдеуімен тығыз тамырласып жататынын айтады. Ақын бұл ойларын былай деп түйеді: «Адам баласы туғанда іңгәлаған айғайы мол бір кесек ет, ақылы, есі жоқ. Денесі тым әлсіз. Өсуі, ұлғаюы тым сараң, тым шабан. Мінеки, адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса сараң өсетіндіктен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпек, яғни, оны тәрбие қылмай болмайды» [7, 2].

Ақынның «Педагогикасын» түгелдей талдап, мұқият зерделесек, бұдан да көп дүниені табарымыз, аңғарарымыз шүбәсіз. Алайда біз үшін қажетті тағы бір мәселе – оның шығармаларындағы гуманистік, алғабасарлық, демократтық сипаттағы ойларын; ұлт, халық, отан, атамекен, бүкілтүркілік көзқарастарын ұрпақ қажетіне жарату, ақынның азаматтық, қайраткерлік тұлғасын асқақ тану еді. Түптеп келгенде, Мағжан қазақ ойын алға бастырды, қазақ әдебиетін, қазақ көсем сөзінің тіпті де көркейіп, арналана түсуіне зор еңбек сіңірді әрі Абай салған арнамен заңғарға шықты.

Әдебиет:

1. Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы //М.Жұмабаев шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. - 416 б.
2. Әуезов М. Ұлттық поэзия падишасы. – Алматы, 2001. -128 б.
3. Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиеті. ҚХР, Күйтің, 2002. - 178 б.
- 4.Елеукунов Ш. Мағжан. - Алматы: Санат, 1995. - 347 б.
5. Негимов С. Таным мен пайым. - Алматы: Арыс, 2009. – 237 б.

6. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. - 6-том. - Алматы: Қазығұрт, 2006.

7. Жұмабаев М. Педагогика. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2000. - 178 б.

Алаш әдебиетіндегі киелі жерлердің сипаты

(Ж. Аймауытов шығармалары бойынша)

Юсуна.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің докторанты

Аңдатпа: Мақалада Ж.Аймауытов шығармаларындағы қасиетті мекен образы қарастырылады.

Түйін сөздер: әдебиет, роман, туған жер, кие, аңыз, ақиқат.

Summary: In the article is considered the image of the sacred land in the works of Zh.Aймауытов.

Key words: literature, novel, birthplace, suit, legend, truth.

Қазақ халқының мол рухани, әдеби мұрасы бір ұлттың ғана емес, бүкіл адамзат мәдениет тарихының бір бөлшегі болып табылады. Оның дәстүрлі мәдениеті мен құндылықтары өткеннің ғана емес, сонымен бірге бүгінгі рухани жаңғыруымыздың негізін құрайды. Өйткені ол елдің экономикасын, саясатын, заманауи-қоғамдық институттарды, мемлекеттің идеологиясын дұрыс құруға ықпал етумен бірге, елдің қоғамдық-әлеуметтік және рухани-мәдени дамуына тікелей әсер етеді. Сол себепті бүгінгі күні ұлттың өзіндік болмыс-бітімін, қалыбын танытатын рухани-мәдени жәдігерлерді, оның көркем әдебиеттегі көрінісін поэтикалық қырынан зерттеу өте өзекті болып отыр.

«Кие», «киелілік» ұғымы қазақ халқының дүниетанымы мен көркемдік ойлау жүйесінде ұлттық кодтың белгісін білдіретіндей поэтикалық таңба ретінде берік орын алған. Мифтік сана дәуірінен келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілері менкейінгі авторлық әдебиетте «кие» ұғымының кең көрініс табуы халқымыздың архаикалық түсінігі мен күрделі философиялық танымынан хабар береді. Ал *кие* түсінігі көркем әдебиетте «киелі жер», «киелі ағаш», «киелі тау», «әулие адам», «әулиелі жер», «қасиетті су», «киелі аң», «киелі құс», т.б. культтік ұғымдарды қалыптастырды.

Ғылымда ұзақ уақыт бойы осы күрделі көп қырлы культті бір ғана факторға анимизмге телу орын алып келді. Алайда кейінгі кездегі ғылыми зерттеулер нәтижесі бұл культтердің туып, қалыптасуына әртүрлі құбылыстар мен факторлардың әсері болғандығын дәлелдеді. Мәселен, кеңестік кезеңде ғалымдар «киелі жер», «киелі ағаш», «киелі су» культін қарастыра келе, олардың табыну нысанына айналған «жер-кие», «мазар-әулие», «ағаш-тотем», «ағаш-фетиш» сияқты сатылы құбылыс мәнге ие болғандығын айтады. Сол жер, ағаш, судың өзі түрлі рух пен пірдің қасиеті, кей кездері аруақ пен періштенің жаны орналасқан киелі мекен

екендігін дәлелдейді. Сондай-ақ көптеген ғалымдар осы киелі ұғымдардың символдық рөліне аса мән береді.

Жалпы қазақ халқының өзіндік ұлттық мінезі мен дүниетанымында бейнелі көрініс тапқан «киелілік» ұғымы – зерттеушілерді ертеден-ақ қызықтырған мәселе. Бұл тақырыпты кезінде өз зерттеулерінде Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев, К.М.Федоров, Г.Н.Потанин, А.И.Левшин, А.Янушкевич, Н.Кастанье, С.Сейфуллин, Ә.Марғұлан, Х.Досмұхамедұлы, Е.Тұрсынов, Б.Қанарбаева, А.Таңжарыкова, Г.Балтабаева, Ж.Әскербекқызы, т.б. қарастырған. Белгілі ғалым, жазушы А.Сейдімбек қазақтың киелі жерлері туралы өзінің «Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау» деген кітабында кеңінен баяндай келе: «Ел тарихы, жер тарихы, сол жер бетіндегі тарихи-мәдени мұралар тарихы бір-бірімен тығыз бірлікте. Бұларды еш уақытта бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Бірін сөз ете, екіншісін қаперге ілмеу таным-түсінікті жартыкеш етеді», – деп жазды [1, 112]. Расында да, қазақтың қасиетті жерлері туралы тарихи шығармалар мен аңыз-әңгімелерді, әдеби туындыларды қатар қарау арқылы ұлттық дүниетаным мен бірегейлікті танытатын рухани мұраларды зерделеуге болатыны анық. Сол себепті біз өз мақаламызда Ж.Аймауытов шығармаларындағы киелі жерлер образын зерделеуді мақсат тұттық.

Ж.Аймауытов – қазақтың кәсіби прозасының негізін салған, сондай-ақ жаңа дәуірдегі ұлттық публицистика, әдеби сын, драматургия, жантану ілімдерінің іргетасын қалаған ұлт зиялысы. Әдеби жанрдың барлық дерлік түрінде қалам тартқан Ж.Аймауытов – кейінгі әдебиет өкілдеріне тіл көркемдігі, шығарма құрылымы, жазу шеберлігі, жаңа әдеби ағым элементтері (модернизм, сентиментализм, психологизм), образ жасаудағы жинақтау мен даралау ерекшелігі тұрғысынан әдеби мектеп, көрнекті үлгі бола білген тұлға. Бұл туралы С.Қирабаев былай дейді: «Қазақ прозасының дамуына аса мол үлес қосқан, оның үлкен жанрларын дамытып, шеберлікке жетілуіне көп күш жұмсаған тағы бір жазушы Жүсіпбек Аймауытов (1889-1931) еді... Жүсіпбек – алғашқы қазақ романдарының авторы. «Қартқожа» (1926), «Ақбілек» (1928) романдары арқылы ол қазақтың ұлттық әдебиетін тұңғыш рет еуропалық романдар үлгісімен жалғастырды. Және бұл романдарымен дәуірдің көкейтесті мәселелеріне үн қосып, жаңа заманның кесек ұнамды бейнелерін жасады» [2, 348]. Ғалымның сөзін ары қарай сабақтар болсақ, жазушы өз шығармаларында қазақ халқының өмірін, тұрмыс-тіршілігін, оның әлеуметтік-саяси тартыстар кезеңіндегі тағдыр-талайын кең көлемде бейнелейді. Әсіресе, жазушы романдарында өз кейіпкерлерінің жан тебіренісі мен толғанысы, ішкі сезімі, түйсігі арқылы туған жерге, атамекенге, киелі жерлерге деген сағынышын, сүйіспеншілігін тамаша суреттеген.

«Қартқожа» романында Қартқожаның кіндік қаны тамған жерге деген сағынышы оның жаратылысының микроәлемі түрінде көрініс табады. Барша әлемнің, яғни, макроәлемнің шағын ғана кішкентай бөлшегі – туған жерде ешқандай кемшілік, жамандықтың жоқтығы оны автор тарапынан киелі жер

статусына дейін көтеріп, оқырман танымы үшін сакралдылық мәнге ие болады. Таңғаларлығы автор «туған жер» концептісін ұғындыру үшін шығармада тұтас тараушаға «Туған жер» деген атау береді. Романның архитектурасын байыта түскен бұл авторлық шешім бір қарағанда, шығарманың композициялық құрылымына ақау секілді көрінгенімен, негізгі авторлық идеяны танытуда өзіндік міндеті мен функциясы бар құбылыс деп санауымызға болады. Өйткені, Қартқожаның типтік бейнесін жасауда суреткер туған жерді киелі мекен ретінде сүйіп, қастерлеуді негізгі лейтмотив етіп алған. Мәселен, жазушы: «Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған елдегі адам қайдан білсін? Туған жердің қадірін алыс жерге ұзатқан, ұзатқанына әлде талай жыл өткен қыз білмесе, кім білсін? Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, шет жайлап, кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім білсін?... Туған жердің асылын қараңғы үйде қамалып, қара нан мен қара шай жүрегін кесіп жатқанда, қазы, қарта, сар қымыз бір-бір ұшып көзінен есіл елін сағынған, бір көруге зар болған тұтқын білмесе, кім білсін?...», – деп туған жерге ынтық жандардың түрлерін тізбектей келе: «... Ыстық қой, шіркін, туған жер! Туған жерге жеткенше, қайтіп дәтің шыдайды? Кім сағынбас өз қағын? Кім сүймесін өз жерін? Сүймесе сүймес зердесіз, шерсіз жүрек, тілеуі бөлек жетесіз... Қартқожа туған жерін жанындай сүйеді. Туған жер еске түскенде, іші-бауыры елжіреп, өртенгендей күйеді...» [3, 102], – деп кейіпкерінің сағыныш күйін ақ өлең формасында төгілте жазады. Қартқожаның киелі мекен, қасиетті тұрақ, туған жерге деген сәбилік сезімінің психологиялық негізі мен философиялық астарын ғалым А.Таңжарыкованың: «Жалпы жер ұғымы – ежелден бергі түсінік (мифтік, тәңірлік) бойынша өзгермеудің, мәңгіліктің, тұрақтылықтың символы. Адам баласының туылғанда кіндік қаны тамған жері ретінде киелікке ие. Сондықтан адам кіндік қаны тамған жерге байлаулы болады» [4, 145], – деген тұжырымынан көреміз.

Ж.Аймауытовтың шығармашылық зертханасында көзге айқын шалынатын бір ерекшелігі ол қазақтың тарихында аса киелі мәнге ие, қасиетті мекен, қала, жер-суларды қою палитралы суреттемелермен бейнелеп, осы пейзаждық суреттеулерін образ жасауда шебер қолданады.

Қазақтың мәдениеті мен өркениеті, білімі мен ғылымы, саясаты пен экономикасының ордасы болған Семей, Алаш, Омбы, Кереку, Баянауыл сияқты қалалар шығарма желісінде жиі кездеседі. Жазушы бұл қалаларға географиялық елдімекен ретінде емес, керісінше ұлттың мұрат-мүддесі, берекесі мен байлығы, азаттығы мен еркіндігі, озық ойы мен сенімі ұялаған киелі жер ретінде қарайды. Мәселен, «Қартқожа» романында: «...Боқыраудың басында Баянда ұлы жәрмеңке болады. Омбы, Қызылжар, Ақмола, Атбасар, Семей, Жетісу саудагерлеріне дейін жиналады... Он болыс ел қосып, «төтенше съезд» құратын, ат шабыс қылатын начальнигі, судьясы, дәрігері тұратын қара шаңырағы –

Баян...» [3, 107], – деп Баянауылды қоғамдық өзгерістер орын алатын орталық ретінде сипаттаса, Ертіс қаласын: «...Ертісті өрлеген сайын жер көзге жылы ұшырайды. Тоқтаған жерге қымыз, сүт сатқан қазақтар да келді. Қартқожа сөйлеседі, тұрмыс жайын сұрайды. Ертіс қаласы таныс. Онда қазақтың соты, тергеушісі тұрады» [3, 144], – деп таныстырады. Сол секілді «Ақбілек» романында: «...Ызғындай елдің ортасындағы өнер-білімнің, сауда-кәсіптің от арба, от кемеңнің тоғысатын кіндігі, қара шаңырағы – Семей. Семей – бір елдің миы. Ақыл-ойдың табысы Семейде. Семей – бір елдің жүрегі. Семей бүлкілдесе, бір губерния ел бүлкілдейді...», – деп Семейдің мәдени орталық, рухани орда, зиялы мекен, құтты қоныс бейнесі беріледі. Шығармада автор: «Ертістің оң қабағында – Семей, солында – Алаш қаласы. Алаш пен Семей арасынан өткенде, Ертіс сулы інгендей талтаяды. Талтайған жерінде арал пайда болады. Аралдың өңе бойы орман. Жаз болса, орман жасарады, астына шалғын кілем төсенеді. Арал сәнденеді, арал жанданады...» [3, 300], – деп табиғатты жан бітіре суреттейді. Әдебиеттанушы А.Шәріп айтқандай, «Жер – кез келген этностың, тәуелсіз, тауыпқы тұрмыс-тіршілігінің кепілі ғана емес, оның тамырын тереңнен тартқан таным-түсінігіндегі ең қадірлі, қастерлі ұғымдардың ұйытқысы» [5, 85].

Жазушы шығармаларында кеңінен суреттелетін киелі жердің бірі – Алтай. Бүкіл түркі жұртының түп Отаны саналатын Алтай суреткер бейнелеуінде бірде Жер-ананың бейнесі ретінде, бірде қамқор әке, қазыналы қарт кейпінде көрініс береді. Автор «Ақбілек» романының экспозициясында оқырманды алдымен оқиға өтетін ортамен таныстырып, оны бүкіл өркениеттің түп қазығы болған Алтайды суреттеумен еріксіз баурап алады. Ол: «Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманның бер жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгеінен құбыла жаққа құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен, күз күзеткен Күршім бар...Күн жылт етсе, төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, мәйек басып, мамырласып жатқаны [3, 144], – деп суреттейді.

Алтайдай киелі мекен култі тұтас мәдениеттегі таңбалық элемент жүйесі, әмбебап бейне ретінде ұлттық танымның айқындауыш символын танытады. Біз Алтайды аспан-тау, құтты мекен, жердің кіндігі, өркениеттің бастауы, түркі әлемінің алтын бесігі, сарқылмас байлықтың қоры бейнесінде көреміз. Алтайдың тұмса табиғаты, тылсым әлемі, сырлы мінезі қаншалықты бейнелі суреттелсе, оны мекендеген адамзат баласының да ішкі әлемі мен сыртқы көрінісі ерекше бір үйлесім тапқан сұлулық символындай. Алтайдың әр тасы, әр қарағай бұтағы, мөлдір бұлағы, саф ауасы, бауырын мекендеген аң-құсы көрген жанның көзін қуантып, сезімін оятады, сұлулыққа құштар қылып, жан-дүниесін тазартады. Сұлулықтың символы Алтай көрікті қыздың бейнесімен өріле суреттеліп, жазушының пафосқа толы асқақ үніне: «Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. Жүзі айтарлық айнадай боп, көзі

құралайындай боп, күлкісі атқан таңындай боп, бойы құба талындай боп, былқ-сылқ етіп бұраңдасып, күбірлесіп, көлеңдесіп, езу тартса – есің кетіп, сұңқыл қақса – шым-шым етіп, бойың босап, қиялын қия кезеді» [3, 146] деген лиризмге ұласқан суреттеумен үн қосады.

Түркі халықтарының таным-түсінігінде судың киелілік қасиеті тек қана жақсылықпен, тазарумен, молшылықпен, байлықпен байланысты. Суға қатысты жаман, лас, жағымсыз түсінік жоқтың қасы. Судың тіршіліктегі ең басты функциясы ретінде, әрине, тазарту қасиеті екені белгілі.

Қазақтардың нанымы бойынша адамның бақытты болуы мен бағының жануы көбінесе тылсым күштердің қолдауымен жүзеге асады. Бұл тылсым күштерге табиғи стихиялар, яғни, жер, от, су, ауа секілді құбылыстар жатады. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән ерекшелігі болғанымен, бәріне ортақ бір қасиет – тазарту қызметі. Мысалы, жермен ұшықтаса, отпен аластайды, сумен шайса, желге қақтайды. Алайда жер, от, ауадан гөрі судың атқаратын қызметі де, сакралдылық қасиеті де өзгеше. Бұл, ең алдымен, судың шөл басатын қасиетінен көрінеді де, «Су – тіршілік көзі», «Су ішкен жерге қырық күн сәлем», «Су ішкен құдығына түкірме», «Ағын суда арам жоқ», «өлі су, жанды су, ағын су» т.б. сияқты ұғым-түсініктер қалыптасқан. Жазушы «Ақбілек» романында Теріскейдің көптеген өзен-көлін суреттейді. Бұлардың ішінде оның ерекше сүйіне бейнелейтіні – Марқакөл көлі. Алтайдың інжу-маржаны саналатын Марқакөлдің кіршіксіз келбетін суреттеуде теңеу мен эпитет арқылы шебер бедерлейді. Мысалы, жазушы былай деп суреттейді: «Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна сулы, түрі де аспан, сыры да аспан, шарап сулы Марқакөлі. Марқакөлді алқалаған ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі – Алтай жазы тау еркесі – киік болып, өзге елдерден биік болып, Марқакөлдің самалында сайран етіп жатқаны. Марқакөлдің суы балдай. Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүті емес-ау, құт сорғалап, көнек-көнек лақылдайды; қара саба емізіктеп, қою салқын, сары қымыз быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шылпылдайды. Бір шарасын ішкен адам дәл қор қызын құшқандай боп, беті шиқан дуылдайды, аузы қобыз гуілдейді, мас болады, жас болады...» [3, 146].

Аңыз бен ақиқаттың бейнелі образына айналған Ертіс өзені де Ж.Аймауытовтың шығармаларында көп суреттеледі. «Міне, Ертіс. Суы қара барқынданып, жауырынын күжірейтіп, көк ала сең арқалап, езуінен көбігі бұрқырап, үй жыққандай долы Ертіс. Өне бір сеңдер иін тіресіп, үзенгі қағысып келеді. Оның ар жағында аңдағайлаған жеке қара сеңдер тұмсығын жұлдырып, күрс-күрс сынып, басы зеңіп, үйдей шомбал кесек мұз майдандағы дауласкер батырдай, жолдағыларды кеудемен соғып, соңыдан жол салады. Алыптың айбарына не ғып шыдасың? Шошалаңдаған қағылез сеңдер тұмсығын жұлдырып, күрс-күрс сынып, басы зеңіп, шырқобелек айналады. Алыстан бұршақ теңдеген нөсер келе жатқандай, әйтпесе қамыс кешіп жолбарыс жүргендей, сеңге қақалған Ертіс булығып, кеудесі сыр-сыр етеді. Ертістен шіміркітіріп бойды самал жел еседі» [3, 74]. Ертістің асау

мінезін тап басып берген осы суреттеуде үздіксіз динамика орын алады да, автордың көңіл-күйі де тасыған сумен үндесе градациялық дамуға ұласады. Образ жасаудағы кейіптеудің сәттілігі соншалық жансыздың жандыға айналу үдерісі табиғи шындықтан келіп туады. Сонымен бірге Ертістің осы бір асау мінезі символдық тұспалмен сол кезеңдегі Алаштың тыңнан түрен салып, жаңа жол таппақ болған ұмтылысын, қажыр-қайратын көркем бейнелеген.

Қорыта келгенде, Ж.Аймауытов – қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған дара тұлға. Ұлт зиялысы мұраларының сан алуандығы қазақ әдебиеттануында әр қырынан қарастырылып, оның ұлттық таным мен рухани өмірдегі маңызы айқындалуда. Шығармаларында ұлт дүниетанымында қадірлі, қасиетті және киелі саналған ұғым-түсініктерді әдеби тәсілмен көркемдеп, қайталанбас образдар сомдаған сөз зергерінің асыл мұрасы әлі талай ұрпаққа рухани азық болары сөзсіз.

Әдебиет:

1. Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.

2. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. - Т. 5. – 464 бет. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 460 б.

3. *Аймауытов Ж. Шығармалары:* Романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар. – Алматы: Жазушы, 1989. - 561 б.

4. Таңжарыкова А. Қазақ прозасындағы этнографиялық-фольклорлық сарындар: филол. ғыл. докт. ... дис. - Алматы, 2010.

5. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. - Алматы: Білім, 2000. – 236 б.

А. Байтұрсынұлының төте жазуындағы фонеманың функционалды-грамматикалық ерекшелігі

Сайбекова Н.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
2-курс докторанты*

Аңдатпа: *А.Байтұрсынұлы – қазақ ғылымының тарихындағы ұлттық әліпбидің реформаторы. А.Байтұрсынұлы – лингвист. Ол қазақша әліпбиді реформалау үшін негіз ретінде араб жазуын қолданды. «Оқу құралы» (1912) – А.Байтұрсынұлының қазақ тілінде жазған алғашқы еңбектерінің бірі. Бұл оқулық оқытудың жаңа әдіснамасы аясында қайта қаралып, 1925 жылға дейін бірнеше рет жарияланды. А.Байтұрсынұлы терминдерді лингвистикалық дихотомия мен трихотомияға (тіл-сөйлеу-конвертация) арнады. А.Байтұрсынұлы қазақ тіл біліміндегі фонеманың алғашқы түсінігін қалыптастырды. Ғалымның туындыларында қазақ тіліндегі фонетикалық жүйені қарау басқа ғалымдардың фонемаға деген көзқарасын*

фонологиялық тұрғыдан қалыптастыруға негіз болды. Бұл мақалада А.Байтұрсынұлының «Төте жазуының» функционалдық ерекшелігі қарастырылады.

Кілт сөздер: жазу, фонема, функционалдық-грамматикалық ерекшелігі.

Summary: *A.Baitursynuly is a reformer of the national alphabet in the history of Kazakh science. A.Baitursynuly is a linguist. He used the Arabic script as a basis for reforming the Kazakh alphabet. «Oku kuraly» (1912) is one of the first alphabets written by A.Baitursynuly in Kazakh language. This alphabet was reconsidered in the light of new methodologies of teaching and republished several times until 1925. A.Baitursynuly dedicated the terms to linguistic dichotomy and trichotomy (language – speech – conversation). A.Baitursynuly formed an initial notion of phoneme in Kazakh linguistics. Consideration of the phonetic system in Kazakh language in the works of A.Baitursynuly was a basis for other scholars to form an outlook about phoneme from phonological point of view. The functional peculiarity of phoneme in A.Baitursynuly's «Oku kuraly» is considered in this article.*

Key words: *writing, phoneme, functional-grammatical peculiarity.*

Классикалық араб тілі көптеген ғасырлар бойы Орта және Кіші Азия, Таяу және Орта Шығыс, Закавказье, Солтүстік Африка мен Оңтүстік Испания (Андалусия) халықтарының өзара қатынас құралы болды. Күні кешеге дейін (1929) қазақ халқы да өзге түркі тектес халықтар сияқты, араб графикасын пайдаланғаны белгілі. Араб тілі иран, түркі тілдеріне де едәуір әсер етті. Мысалы, кейбір түркі мен иран тілдері сөздік қорының едәуір бөлігін араб тілінен енген сөздер құрайды. Ал қазақ тіліне енген араб сөздері шамамен он бес мыңға жуық. Оларды екіге бөлуге болады: біріншісі – қазақ тіліне араб тілінен тікелей немесе өзге шығыс тілдері арқылы (*мұғалім, қала, дін, медресе* т.б.), екіншісі – Еуропа тілдері арқылы кірген сөздер (*алгебра, азимут, адмирал, альманах* т.б.).

Араб лексикасымен қатар жазуы да көптеген тілдерге өзінің әсер-ықпалын тигізді. Мысалы, парсы, пушту, урду секілді тағы басқа халықтардың жазуы араб алфавитіне негізделген болса, А.Байтұрсынұлы қазақ әліпбиін төте оқу жолы негізінде араб графикасын қазақ жазуына сәйкестендіріп, төте жазуды енгізді, тіліміздегі дыбысқа сәйкес үйлесімді әріпті айқындап, тіл ерекшеліктерін жетілдіріп, соған сәйкес сауат ашуға қажетті оқу құралдарын жазды. А. Байтұрсынұлы 1910 жылдардан бастап араб жазуын қазақ тіліне сәйкестендіріп, 1912 жылдан бастап қолданысқа енгізді.

Қазақ халқы 1920 жылдардың аяғына дейін әзербайжан, өзбек, қарақалпақ, түрікмен, татар, қырғыз және т.б. түркі тілдерінде сөйлейтін халықтар сияқты араб жазуын (араб әріптерін немесе араб алфавитін) пайдаланып келді. Мәдени, әдеби ескерткіштері, іс қағаздары түгел дерлік

араб графикасымен жазылды. Қазақ халқы араб жазуының қадимше (көнеше) түрін де жадитше (жаңаша) түрін де қолданды. Сонымен бірге қазақ тіліндегі дыбыстар жүйесін толық және дәл таңбалау үшін араб әріптерін қазақ тілінің дыбыстарына бейімдеп пайдаланды. Бұл жазуды кезінде «*төте жазу*» деп атады. Қазақ халқы төте жазуды 1929 жылы латын графикасының негізіндегі жаңа алфавитті қабылдағанға дейін қолданды.

Араб жазуы сияқты қазақтың төте жазуы да оңнан солға қарай жазылады. Төте жазудың араб жазуынан айырмашылығы – ондағы дауысты дыбыстар созылыңқы, қысқа деп бөлінбестен, әрқайсысы жеке әріп түрінде таңбаланады. Төте жазуда харакаттар, сукун, хамза, уасла, ташдид және тануин белгілері болмайды. Егер сөз ішінде бір дыбыс қосарланып келсе, ол екі қайталанып жазылады. Араб жазуындағы тыныс белгілер төте жазуда өзгеріссіз қолданылады [1].

Қазіргі қазақ алфавитінде 42 әріп болса, төте қазақ алфавитінде 32 әріп болды. Төте қазақ әріптерінің көпшілігі соған сәйкес араб әріптерінен өзгеріссіз алынған болатын [1]. Ол әріптер мыналар:

а – ا	к – ك	р – ر
б – ب	қ – ق	с – س
д – د	л – ل	т – ت
ж – ج	м – م	ф – ف
з – ز	н – ن	ш – ش

Жазу – адамзаттық мәдениеттің дамуын айқындайтын әлеуметтік мәні бар зор құбылыс. Ақымет бәрінен бұрын жазудан не қажет екендігін анықтап алу керек дей келе, жазу тілдің дыбысын нақты, айқын және дұрыс беруі керек екендігіне тоқталады. Екінші мәселе оқу үшін жазу жеңіл болуы керек. Осы екі негізгі талап Ақымет Байтұрсынұлының айтқан талаптары болып табылады.

Бірқатар зерттеушілер жазуды алфавитпен байланыстырса, енді бірқатары оның алфавитпен байланысы жоқ екенін ескертеді. Шындығында, алфавит толыққанды емес болған жағдайда ғана жазу алфавитпен байланысты болады. Ақымет араб тілінің таңбаларын негізге алған кезде қазақ тіліне бейімдеп жасаған. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау мақсатында жұмыс жасады және тіл тазалығы дегеніміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбармалау деген анықтама берді. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңіп құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу.

Қазіргі таңда қазақ тіліне енген кірме сөздердің көпшілігі қазақ тілінің ауызекі тіліне ыңғайланып, бейімделген. Мысалы: араб тілдерінен енген *дуниа – дүние, муаллим – мұғалім, китаб – кітап, қалам-қалам, дафтар – дәптер, алиф, ба – әліппе, ильм – ілім, мадраса – медресе, закат – зекет, шам – ақшам, кеш батқан мезгіл*, т.б. Қазақ халқының тілдік қорында шеттілдік кірме сөздердің көпшілігі өздерінің тілдік құрамындағы дыбыстардан ажыратылып, қазақ тілінің таза тілдік қорына негізделіп,

өздеріне сәйкес келетін қазақ тілінің дыбыстарын қабылдаған. А.Байтұрсынұлы комиссар деген сөзді, комюссер деп айтады дей келе, шет тілден енген кірме сөздердің қазақ тіліне енгенде сол қалпында қалуына қазақ артикуляциясындағы сөздер конструкциясы қолайлы келмейді дейді. Басқа тілдер де шет тілдерден енген сөздерді сол қалпында қалдырмай, өз тілдеріне бейімдеп ыңғайлап алуы керек деген тоқтамға келеді [2, 418].

Дегенмен А.Байтұрсынұлы қолдануға, айтуға және түсінуге ыңғайлы болған сөздерді сол қалпында қалдырған. Мысалы: *наху, сарф, мәтбаға, харіф, т.б.*

Сөз дыбыстан құралған нәрсе болғандықтан, оның дыбыстары жағымды да, жағымсыз да болып құралуы мүмкін. Сөз ішінде дауысты-дауыссыз, жарты дауысты дыбыстар араласып тіркесе келеді. Бір сөзде дауысты дыбыстар, ал бір сөзде дауыссыз дыбыстар көп келеді.

А.Байтұрсынұлы төте жазуының сөйлеу тілін таңбалаудағы маңыздылығы сингармофонемаға тікелей байланысты. Егер, фонема жуан болатын болса, оған жалғанатын дыбыс та жуан, егер фонема жіңішке болса, оған жалғанатын дыбыс та жіңішке. Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстарға бағынатын болғандықтан, А.Байтұрсынұлы сингарможуан, сингарможіңішке дыбыстарды бір сингармофонеманың құрамында қарастырған және сөз әуезділігі мен сөйлеу әуезділігін сөздердің бойында сақтап қалуға да айрықша назар аударған.

Әуезділік деп сөздің ішіндегі дыбыстардың үндері құлаққа жағымды болып естілуін айтамыз. Сөздің үні құлаққа жағымды болуы дыбыстарының тізілуі түрінен, сөйлеудің үні құлаққа жағымды болуы сөйлемдердің тізілуі түрінен. Сөздің әуезділігі ішіндегі дауысты-дауыссыз дыбыстар оңтайлы орналасуынан болады. Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар аралас келмеген жерде, яғни, кілең дауысты дыбыстар яки кілең дауыссыз дыбыстар қатар келген жерде сөз айтуға оңтайлы болмайды. Дегенмен дауыссыз дыбыстардың қатарынан екеуі келуі сөйлеу әуезділігіне онша кемшілік келтірмейді. Дауыссыз дыбыстар қатар келетін сөздер «жаттықтыру», «аптықтыру» деген секілді болады. Бұларда қатар келген дауыссыз дыбыстар екеуден артық емес және сөздің үнін азайтып, айтуға онша оңтайсыздық келтіріп тұрған жоқ. Қазақ тілінде дауысты дыбыстардың қатарынан бір сөздің ішінде келуі тіпті болмайды [3].

Қазақ тілінің табиғатына сай келмейтін барлық қазақ тілді емес сөздер қазақ говорына сәйкес өзгерістерге ұшырауы тиіс. Бұл біріншіден, қазақ тілінің дыбыстарына бөгде болып табылатын барлық қазақ тілді емес сөздердің барлығындағы дыбыстар қажетті болып табылатын дыбыстармен алмастырылады, екіншіден, қазақ тілді емес сөздердің суффикстері қазақ тілінің суффикстерімен алмастырылады, үшіншіден, қосарлы дыбыстар қарапайым күйде қабылданады, төртіншіден қазақ тіліне бөгде болып табылатын жалғаулар айтылу барысында сол тілге ыңғайланып, сол тілдің талап етілген аясында өзгертілуі тиіс. Мысалы: *Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бөкебай, покров – боқырау, Адамовский – Адамау және*

т.б. [2, 423]. Қазіргі кездегі мысалдар: *самовар – самауыр, Москва – Мәскеу, комиссия – кәмиссие және т.б.*

Байтұрсынұлы әліпбиді жасау кезіндегі қағидалар мен ережелер жиынтығын математикалық формулалар таңбаларымен белгілеп, атап көрсетпесе де, математикалық дәлдік пен логиканы қолданғандықтан барша халыққа түсінікті болып жасалған. А.Байтұрсынұлы **қ-ғ, к-г** дауыссыз дыбыстарын жеке фонема ретінде қарастырған, олар акустикалық және артикуляциялық жағынан алып қарастырғанда да дифференциалдық қасиеттерге ие болып табылатындықтан, бір жағынан сөздердің мағынасын өзгертеді, екінші жағынан сөз әуезділігі мен сөйлеу әуезділігі, сингармонизм құбылысы осы дыбыстар бар сөздерде орын алатындығын айта кеткім келеді. Себебі **қ** мен **ғ** – жуан, **к** мен **г** – жіңішке дыбыстар, Ақымет Байтұрсынұлы айтқан ережеге сүйенер болсақ, сөз әуезділігі мен сөйлеу әуезділігінің арасындағы айрықша ерекшелік орын алады. Мысалы: *ағын, алғыр, аға, сақал, оқ, қалқа, жүген, шеге, көк, түк.*

Сонымен қатар Ақымет Байтұрсынұлы қазақ тіліндегі **у** мен **и** әріптерін дауыссыз дыбыстардың таңбасы ретінде қарастыра отырып, ауызекі тіл мен жазба тілде көрініс табатын ерекшеліктерге де әліпби жасау барысында назар аударды, оны сөз құрамында **ұу, үу, ый, ій** секілді әріптермен берді, мысалы: *су – сұу, туған – тұған, туысқан – тұуысқан, жуан – жұуан, ми – мый, тиын – тыйын, тиін – тийін, қиын – қыйын, жиын – жыйын, сиын – сыйын, сиқым – сыйқым, жиналыс – жыйналыс, ти – тый* т.б.

А.Байтұрсынұлы төте жазуды қазақ тіліне бейімдеп жасау барысында араб тілінің 14 әрпін өзгеріссіз күйінде алған, 5 әрпіне дайын ереже қосып алған. Басқа әріптер қалың жұртқа таныс емес, ойдан шығарылған болса да, ол әріптерді қалың жұртшылықтың оқып, үйреніп кетуіне ешқандай кедергі болмағандығы неліктен деген сауалға жауап берер болсақ, А.Байтұрсынұлы математикалық дәлдікті қолдана отырып, логикаға сүйене отырып, әр әріптің бұрынғы тұлғасын жоймастан, өзгеріске ұшырағандығын жеңіл түрде таңбалай отырып, үйренушіге оқып кетуге оңай болатындай қылып, қазақ тіліндегі ауызекі тіл мен жазба тіл ерекшеліктерін және сингармонизм заңдылығын сақтай отырып төте жазуға негізделген әліпби жасады. Қазіргі таңда төте жазу шетелдегі көптеген қандас бауырларымыздың жазуы болып табылады. Бұдан А.Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің өміршеңдігін байқауымызға болады.

Әдебиет:

1. Тасымов Б. Араб тілі. - Алматы: Мектеп, 1988. - 294 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). - Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 бет.
3. Дирингер Д. Алфавит. – М.: Едиториал УРСС, 2009. - 656 с.

Біз бір атаның баласымыз, Алаш идеясының өміршеңдігі

Бәмішұлы Б.

филология ғылымдарының кандидаты

Аңдатпа: Мақалада автор ұлтты ұйыстыру қағидатына құрылған асыл шежіре – бәйтерегі бүгінгі қазақтың ертеңіне де үлгі-өнеге, саналы жанға мәңгілік ұстаным екенін сөз етеді.

Түйін сөздер: қазақ халқы, Алаш идеясы, деколонизация, ұлт саясаты, мемлекетшілдік рух.

Summary: In this article, the author points out that the noble genealogy, created on the principle of national harmony, is a model for the future of the present Kazakhs, eternity.

Key words: Kazakh people, Alash idea, decolonization, national politics, state spirit.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы «Қазақ шежіресінің түпкі мәнін ұмытпау керек, алып дарактың бұтақтары сияқты күллі рулардың түбін қуа келгенде, барлығы бір ғана **ұлы тамырға – қазақ деген ұлтқа** барып тіреледі» деген жолдарды ата-бабаларымыздың халықты тұтастыру, ұлтты ұйыстыру қағидатына құрылған асыл шежіре – бәйтерегі бүгінгі қазақтың ертеңіне де үлгі-өнеге, саналы жанға мәңгілік ұстаным екенін көрсетеді.

Өткен тарихымызды зерделер болсақ қазақ құрамындағы этностар әуелі қазақ халқын қалыптастырып, нәтижесінде одан да жоғары категория қазақ ұлтын жасақтағанын көреміз. Ал бүгінгі таңдағы қазақ ұлтының қайта өрлеу дәуіріндегі Қазақстанды мекендеп қалып отырған ұлт бөлшектері (этнос емес, ру-тайпа емес) әлгі аталған үдеріс бойынша динамикалық дамудың бірінші кезеңінде қазақ халқына (Қазақстан халқы деп жүрген) бірігеді де, ол ілгергі болашақта біріккен қазақ ұлтына сіңісіп бір бүтінді құрап, ынтымақ, бірлігі жарасқан, түп төркіні бір түбір – Қазақ деген қара шалдың бір баласы болуға тиістілігі талайлы үдерістің нәтижесінде жүзеге асады. Яғни, тарих парағына тағыда бір жаңа ұлт пайда болуға керек. Сол жаңа ұлтты бытыратпай түбегейлі кіріктіріп әкету үшін бұрынғы замандарда жаңа ұлтқа жаңа атау беріліп отырған. Халқы ұлт болып ұйысқан елдерде ұлт жасақтаушы басым ұлттың байырғы атауы өзгеріссіз қалады да, оның құрамын молайтқан ұлт бөлшектері сіңісіу жолымен тұтасады екен. Алайда бұл абайлап жүргізілетін, күшке салып, тізеге басуға келмейтін, аса күрделі процесс екен. Мәселен, жердің арғы бетінде *Америка* деген ел, мемлекет, *америкалық* деген халық пайда болғанымен *америка* деген ұлт қалыптаспай отыр. Онда халық бар да ұлт жоқ. Демек ұлт деген тоқтаусыз үдерістің нәтижесі, үнемі толысып, не өшіп-өзгеріп, не өсіп-өніп отыратын үзілмейтін үдеріс. Сондықтан ұлт пен мемлекетті бір деңгейге қоюға болмайды. Халықты құрауға болады, ал ұлтты жасақтау қиынның қиыны. Ұлт бола тұрып мемлекетсіз, ұлыссыз елдер қаншама? Кешегі Кеңестер Одағы кезінде *совет халқы* деген жаңа халық құралып, қалыптаса бастағанымен ол күшке, жалған ұранға, қызыл сөзге сүйенгендіктен құрамыдағы тоқсан тоғыз

этносты жойып, жұтып қойса да ұлтқа айнала алмағандықтан ыдырап тынды. Кеңес халқы ұлтқа айналғанда ол ұйысып, тұтасып, бір күйге түсер еді де, оның шаңырағының шайқалуы сыртқы күштердің әсерінен аумақтық бөлініске түспесе, ішінен ірімес еді. Қай империяның болсын ыдырап, күйреуінің ең басты себебі – құрама халықтардан бір тұтас ұлт жасақтай алмауында. Ал әскери қуаты сондай күшті, идеологиясы мықты бола тұрып біртұтас ұлтқа айнала алмауының басты себептерінің бірі күш пен зорлықты шамадан тыс асыра қолдануы болып табылады. Империя зорлықпен басқаны өзіне бағындырғанымен таяғының келесі ұшы өз маңдайына тиіп жатады. Осыдан сабақ алған бүгінгі ресейлік саясатшылар ашықтан ашық жаңа орыс ұлтын жасақтау (ресейлік ұлт емес) бағытына түскенін көріп отырмыз. Алайда ұлттық һәм мемлекетшілдік рухы басым федерациялық республикалар халқы бұған бас иеме, әлде әркім өзінің ұлттық даралығы үшін күресін түбегейлі жалғастыра береме оны уақыт көрсетеді. Ал қазақтың мемлекеттік саясаты өзінің ұлттық ұстанымын дұрыс бағытқа икемдесе бұл үдеріс тарихи дамудың табиғи жолымен талас-тартыссыз әлде қайда жеңіл іске асар мүмкінді өте-мөте зор. Қазіргі мемлекет саясатынан біз бұны көріп отырғамыз жоқ, керісінше сен пәлен деген ұлт бөлшегісің, сен түген деген халықтың сарқынысың деп күнде көзге шұқып, ішке тартудың орынына кеудесінен итеріп, жаттығын дүркін-дүркін есіне салып, ескертіп отырмыз. Осылайша біз ұлт бөлшектерінің бірігіп, кірігу үдерісіне кері ықпал етудеміз. Бұл сайып келгенде біртұтас мемлекетшіл, патриот, отаншыл сананы қалыптастыруға нұқсан келтірмесе, пайдасы болмайды.

Мәселен, мен Моңғолияда туып-өстім, оқыдым, қызмет еттім. Ақ боранда адасқан, аштықтан жан бағу үшін арғы бетке асқан әлде қызылдың қуғынына түскен ата-баба ұрпағы да емеспін. Атажұрт Алтай тауының арғы, бергі бетін кезек жайлап, қыстап жүрген қазақтың баласымын. Алайда азулы империялар қазақ жерін бөліске салғанда Моңғол елінің иелігіне өтіп кеткен қазақпын. Сондықтан моңғол болып өсіп, Моңғолдың бір кісідей-ақ патриоты болдым. Тарих тегершігі қазаққа қарай бұрылып, қайырлы тағдыр кезіккен бір мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жылы атамекеннің алтын босағасы ашылған күні алып-ұшып жетіп келдім. Неге? Моңғол Ұлысы (Монгол Улс) моңғолиялық қазақтарға «Баян-Өлгий» (Бай Бесік) атты қазақ-ұраңқай аймағын құрып беріп, тіл-дінін, ата дәстүр, салт-санасын, мәдениеті мен әдебиетін, оқуын ұлттық негізде жүрілуіне шектеу қоймады. Шындығы солай, бұл – жер бетінде өзін-өзі басқаратын, жоғрыдан моңғол тілінде тек пәрмен түсетін, халқының тоқсан пайызы қазақтан тұратын моноэтносты қазақ аймағы еді. Соның салдарынан Моңғолия Негізгі заңында (өздері «үндэсэн хууль» деп атайды) «ұлт бөлшегі» (үндэстэний цөнх) атанған аз қазақ (120 мың) мемлекет құраушы ұлт – қалқаға (халх) сіңіспеді. Бір ұлтқа (моңғолға) айналу ассимиляциялық процесі жүргізілмей қалды. Мысалы, түрлі марапат-мақтаулар моңғол мемлекеті атынан қабылдап, шетелдерде моңғолдың туын көтеріп, қанды соғыстарда Моңғол ел мен жері үшін қанын төгіп, жан беріп, моңғол мемлекеті үшін қызмет етіп сырт көзге (шет

елдіктерге) моңғол болып жүрсе де моңғол бола алмады, қазақ халқының өкілі болып қала берді. Қазақ елінің адамы ретінде қабылданды. Бұл бір ғана мысал. Осының салдарынан жергілікті қазақтар туып-өскен елінің отаншыл, патриоты болғанымен ұлтқа айналмады. Олардың көкейінде, жүрегінде түбінде «мен қазақпын» деген текті сөз, қазақ рухы сақталып қалды. Ол мемлекеттің ішкі ұлт саясатында біраз күрделі жағдайлар туғызатыны сөзсіз. Осыны сезген және оның қалай алдын алудың жолын болжаған моңғол үкіметі (саясаткерлері десе де болады) баяғыдай жалпақ шешейлікті тастап, қазақтың бір шоғырын атажұртына – тарихи мекеніне у-шусыз саналы түрде қайтарып жіберді де (сол алғашқы топтың ішінде мен де бармын), ал қалған бөлігін ұлтқа (қалқаға) кіріктіру үдерісін баяуда болса бастап кетті. Бұны Баян-Өлгий аймағында қазақ тілінде сабақ беретін мектептер санын қысқарту, орта мектеп, гиназия, лицейлерде сабақты тек мелекеттік тілінде жүргізу, қазақстандық оқулықтарды пайдаланбау, ұлттық аймақтағы мемлекеттік орган қызметкерлеріне моңғол азаматтарын көптеп тарту, түрлі ресми жиындарды мемлекеттік тілде жүргізу, аралас некені дәріптеу тағысын тағы іс-әрекеттерден байқауға болады. Моңғолияның мемлекеттік тілдік саясатының тым әлсіз, әрі баяу жүрілгендігі (олардың одан арыға мүмкіндігі де жоқ болды) олардың (қазақтардың) өздік менін жоғалтпай бүгінгі күнге дейін жетуіне зор септігін тигізген негізгі фактор болды. Құрамындағы ұсақ ұлттарды олардың диаспора, ириденттігіне қарамай ассимиляциялау Өзбекстан, Ресей, Қытай қатарлы елдерде тіпті жедел қарқынға түсті. Ал Германия, Франция, Аустрия қатарлы еуропа елдеріне шығыстық эмигранттардың шамадан тыс қотарылуы олардың тек ресми қағаз жүзінде неміс, француз болғаны болмаса түбегейлі жергілікті ұлтқа сіңісу процесін күрделендіріп отыр. 2000 жылы әдебиет саласы бойынша берілетін Нобель сыйлығын француздық Гау Шиңжиан алған еді. Ал сол жазушыны Франция француз ретінде қабылдап отыр ма, жоқ. Өйткені ол Франция ұлтының мүддесі үшін емес, керісінше қытайдың ішкі қоғамдық сырын жүйелі ашып, көрсеткен шығармаларымен әйгіленді. Бірақ оны Қытай сатқын ретінде бағалап, оның шығармаларын оқуға тыйым салған көрінеді.

Жалпы ұлттық сана мен мемлекетшіл сана екеуі айырым дүние. Қандай бір ұлт өкілдерінің ұлттық негізін олардың нәсіліне, тіліне, дініне, қызметіне қарай емес азаматтығына қарай бағалау әлемдік тәжірибеде бар. Ал біз мемлекетке табан ет, маңдай терін сіңірген қаншама басқа жұрттың адамдары бар. Біз солардың бір де бірін қазақ деп қабылдамадық. Өздері де қазақ болғысы келіп тұрған жоқ. Олар қазақ қоғамының мүшесі болғанымен қазақ ұлтының (этностың) мүшесі бола алмай отыр. Олай болатыны бізде ұлт бөлшектерін біріктіру идеясынан гөрі ішінен бөлшектеу, ары тұр идеологиясы қарқынды жүріліп жатыр. «Бұдан да жаман күнімде тойға барғамын» дегендей, бұдан да бұрынғы заманда, әлгі біздің мемлекеті жоқ, мемлекеттілігі болмаған деп жүрген дәуірлердің өзінде бойына қаншама ұлт өкілдерін сіңірген қазақ бүгінде бірде бір ұлт өкілін бауырына баса алмай отыр. Ол – ол ма, «отаным, елім-жерім, қандасым, қазағым» деп келген

ағайындардың өзінен жеріп, маңдайға шертіп, өңменінен итеруге әзірміз. Сондықтан қазақ қоғамдық формациясындағы шартты түрде біріккен адамдарды табиғи эволюциялық бірлікке біріктіру үдерісінің басталуы ләзім. Ол қазақ халқынан аса жоғары мәдениеттілікті, сыпайы, майдан қылшық суырғандай қарым-қатынасты қажет етеді. Өйткені ұлт мәселесі өте-мөте шамшыл һәм кірпияз келеді. Сонымен қатар кірмелер қазақтың жерін «тіршілік етер мекенім» деп әлеуметтік ортасына ортақтасқан екен, енді оның тілін, салт-дәстүрін, болмысын да қабылдауы керек. Оған қазақ этносы мен бүгінгі шартты түрде қазақтың құрамына еніп отырған басқа ұлт бөлшектерінің арасалмағы толық мүмкіндік береді. Бұған ішкен су, жұтқан ауа, жеген тамақ, яғни, топырағына тартады, табиғи орта өзінің айрықша үлесін қосады. Қарағандының орыстары мен Калуганың орыстарының тілі, діні бір болғнымен, биологиялық тұрғыдан тұрпаты өзгеріп барады. Сөйтіп барып ХХІ ғасырдың жаңа қазақ этнос пайда болады. Қазақтың қарапайым шежірелік бәйтерегі осы теорияға негізделген барлығымыз бір атаның баласымыз. Алайда қазақ этносының қазіргі даму векторы өрге қарай бағыт алудың орнына нөлге қарай бұрылған іспетті. Бұл тарапта әсіресе тілдік саясатта ұстанылып отырған ұстанымға (заңға) күрделі өзгерістер енгізу қажеттілігі туындайды. Тарихқа жүгінсеңіз, ХХ ғасырдың басындағы көштен қалған (отсталый), ұзақ жылдарға созылған соғыстардан әбден тұралап, арып-тозған Ресей империясы он жылдың ішінде ұлттарға арналған тілдік саясатын екіден үш мәрте өзгертіп үлгіргенде, бүгінгі Қазақстанның ескі сүрлеуден шықпай, шиқылдап, қиралаңдаған қисық арбасын әлі күнге дейін сүйрелеп келе жатқаны қоғамдық дамуға кері әсерін тигізбеді деп айтуға ауыз бармайды.

Ірі-ірі империялардың өткені мен бүгініне зер салып қарасаңыз, жерін жаулап, басып алып, елін басыбайлы еткен қандай да бір ұлтты және бұтарланған ұлт бөлшектерін билеуші (үлкен немесе аға деп айдарлайтын) ұлтқа сіңіріп, ассимиляциялаудың ең басты жолы (мақсаты) олардың бірінші кезекте тілін тәркілеп, тілімдеп, бірте-бірте мүлдем жоюға бағытталады екен. Өйткені тілсіз жұрт алдымен өзінің әуезінен (үнінен) айырылып (дыбыстардың өзгеруі), сонан соң әуенін жойып (үндестік заңдылықтарының бұзылуы), айтылған сөздің беретін ұғымынан жаңылып, мағынасын, мәнін ұқпай, өз тілі, өз ғұрпы өзіне жат болып, өз болмысынан өзі жеріп, ақыр соңында өз ұлтын өзі менсінбеу дағдарысына ұшыраған. Ондай халықты билелеп-төстеу көп қиындық тудырмаса керек. Себебі ассимиляцияға ұшыраған ұлт өздік менін, өр рухын, ділін жоғалтып алатындықтан зомбиланып, мұрынын тескен тайлақтай жетектесе елпілдеп, «қожайыны» алдында «Сүлеймен патша» телесериалындағы Сүмбіл ағадай сусылдап, ләппай тақсырлап иіліп, жас шыбықтай майысып тұратын көрінеді. Оның болмысын «өзімді жоғалтып бара жатырмын-ау» деген өкініш билеудің орнына бара-бара, керісінше, оны жеткендіктің белгісіне балап, өзін әлгі үлкен ұлтпен теңескендей дәрежеде сезініп, реткі келсе, жараланған қасқырдай өз жұртына қайта шабуға бейімделеді де ассимиляция енді

осындай іштен шыққан шұбарлардың – нигилистердің қолымен жүзеге асырылады. Бір ғажабы: мынау орыстың, өзбектің, қытайдың, жапонның, моңғолдың... ұлттық нигилистері болмайды екен. Нигилистер негізінен отарланған халықтың арасынан шығатын, ұлттың өзін өзі іштей жейтін құрт болса керек. Нигилизмнің тағы бір сорақылығы: өз ішінен қара үзгендері тартылыс заңдылығынан сытылып шығып, космополиттерге айналып, лағып ғарыш әлемінде қайда екені белгісіз жоқ болып кететін көрінеді. Олардың «космополит» атануы да сондықтан. Ал өзіне өте пайдалы нигилистерді даярлау, бұл әртүрлі мемлекет, ұлыстарда әлімсақтан бері жалғасып келе жатқан, межесі бір, тек сол межеге жету жолдары әртүрлі – белгілі саясат. Бұны кіналауға да, жазғыруға да болады. Бірақ солай болған, солай да болады. Бүгінгі қоғамы ашық, өркениеті өскен, демократиясы дамыған делінетін елдердің барлығында да осы саясат, ол мейлі тілдік болсын жүріліп жатыр. Бұны жасырып жабудың, күлбілтелеудің пайдасы шамалы. Керісінше, империялардың басқыншылық, отарлық саясатын ашық айтып халықтың басынан кешкеніне өзін мойындату керек. Қазіргі көптеген басыбайлы ұлттар, біз қазақтар сияқты өздерінің тініне – генологиялық өзегіне отарлық езгінің қаншалықты сіңісіп, бүгін соның зардабын тартып отырғанын мойындамайды. Сондықтан ол өткенін көксегіш, артына бұрылғыш, «ағашыл», онсыз күн көре алмайтындай күй кешіп, ол қол көтерсе бұққыш, жетектесе ере жөнелгіш болады. Яғни, бұл – деколонизацияның дендеп жүргізілмей жатқандығының салдары. Жасың да, кәріңде ескі сарында. Егер бұл ахуал ары қарай үздіксіз жалғаса берер болса, біз ылғи да нигилистерді тәрбиелеуші ұлтқа айналамыз. Қазақ әлі өзінің мемлекет құраушы ұлт екенін ұғына алған жоқ. Қазақ әлі өзінің жеке мемлекет, Ұлы ұлыс екенін толық сезінген жоқ. Бірде «Қазақстандағы қазақтар» деген тіркесті естіп әрі оқып тіксініп қалдым. Өзіңіз ойлаңызшы: Арабиядағы арабтар, Франциядағы француздар, Жопониядағы жапондар ... деп ауызекі тілде айтыла ма? Өз елінің, өз жерінің иесін әлбетте олай атамайды. Ендеше, бұлай сөйлеу нені көрсетеді? «Қазақстандағы қазақтар» деген тіркестен «Қазақстан» деген ел бар, онда «қазақ» деген бір ұлттың өкілдері де тұрады» деген мағына туындап тұрған жоқ па? Демек, қазақтар бұл жұрттың қожасы емес, өз елі, өз жері – Қазақстан үшін де кірме, басқа жақтан ауып келгендер болады. «Қазақстан – қазақтың атажұрты, ежелгі қонысы емес. Қазақ та Қазақстанды мекен еткен көптің, әлгі жүз отыздай деп жүрген ұлттың бірі» дегенге саяды. Осындай оғаш қолданылған сәтсіз, сөлекей тіркестер Елбасы айтқандай «Қазақ тілін дамыту саясаты одан жерінуге, тіпті, қазақтардың өздерінің бойды аулағырақ ұстауына ықпал етпеуі керек». Елбасы жолдауында айтылған «Бүкілқазақстандық бірегейлік» дегеніміз – ертеңгі қазақ ұлты, ол – бүгінгі Қазақстанның халқы. Алаш идеясының жалғастығы. Бірлік пен ынтымағы жарасқан бір атаның баласындай қазақ ұлты, бұл – ертеңгі күшті, қуатты мемлекеттің кепілі.

XX ғасыр басындағы латын әліпбиінің қолданылу ерекшеліктері

Иманқұлова М.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
аға оқытушысы, PhD*

Аңдатпа: Мақалада қазақ жазуының тарихына қатысты мәселелер мен латын әліпбиіне көшудегі жазу емлесі қарастырылған. XX ғасырдың басындағы латын әліпбиінде жазылған жазу емлесінен мысалдар келтірілген. Мысалы, 1932 жылы жарық көрген Ақымет ұлының «Жұғырапыйа» атты еңбегі мен 1939 жылы жарық көрген Б.Лунин және Х. Қарасаевтың «Географиялық терминдердің сөздүгу» атты еңбегі салыстырылды. Автор қазақ тіліндегі оқулық пен қырғыз тілінде жарық көрген еңбектегі латын графикасында жазылған емле ерекшеліктерін салыстыра отырып, қазақ тілінде қолданылған терминдердің тіл табиғатына икемдеріп, ұтымды қабылданғандығын айтады. Сондай-ақ фонетикалық құбылыстар мен дыбыстық ерекшеліктердің таңбалануы жазылған. География саласына қатысты халықаралық терминдердің қазақ және қырғыз тілдеріндегі қолданысына салыстырмалы талдау жасалған. Осы салыстыру арқылы автор сол кезеңде қазақ тіліне қабылданған терминдердің тек дұрыс айтылуы ғана емес, сонымен қатар терминдердің тіл табиғатына сәйкес дыбысталуын дұрыс жазуға да аса мән бергендігін айтады. Мақалада қазақ жазуының тарихына үңіле отырып, қазақ тілінің заңдылықтары мен Қазақстанда қабылданған емле ережелерін қазақ тілінің зерттеушілері А.Байтұрсынұлы, С.Аманжолов, Р.Сыздық еңбектеріне сүйене отырып талдайды.

Түйін сөздер: латын әліпбиі, үндестік заңы, дифтонг, халықаралық терминдер, жазу емлесі.

Summary: This article deals with the history of Kazakh script and the transition to the Latin alphabet. In particular, examples of spelling on the Latin alphabet in the early twentieth century were presented. An example was the textbook on geography "Zhagrafiya" of Akhmetula which was published in 1932 and the dictionary of geographical terms by B.Lunin and H. Karasayev published in Kazan in 1939. The author comparing the grammar of spelling of terms with the Kyrgyz language concludes that the international terms that were provided by the authors in this textbook are much adapted to the nature of the Kazakh language. In particular, we are talking about the phonetic system, the phonetic phenomenon of language (prosthesis). A comparative analysis of the international geographical terms of the Kyrgyz and Kazakh languages was made. The author makes conclusions about the fact that when introducing terms in the Kazakh language, not only spelling, but also mostly orthoepic features of the language were taken into account. The author goes into the details of the history of spelling, the reforms that were carried out in Kazakhstan relies on the works of authoritative linguists such as A.Baytursyuly, S. Amanzholov, R. Syzdyk.

Key words: Latin graphics, synharmonism, diphthong, international terms, spelling

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа арналған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру керектігі айтылды. Осы мәселеге байланысты бұрыннан жан-жақты қарастырылып келе жатқан латын әліпбиінің қолданысы қазақ ғалымдары арасында қызу талқыға түсті. Тілшілер қазақ тілінің өзіне ғана тән дыбыстық ерекшеліктерін таңбалау

барысында қандай қиындықтарға кездесіп, қай тұстары ұтымды болатындығын көрсетіп тұжырымдарын білдірді.

Тарихқа бағзы заманның деректеріне көз жіберсек, өзге халықтар сияқты қазақтың жазу тарихы да әріден басталады. Тым ерте заманғы жазудың тегі суреттен басталғаны белгілі. Тіл ғылымында мұны «пиктографиялық (латын *pictus* – суретті және *grapho* – жазамын) жазу» деп те атайды. Бұл жазу бойынша әр сурет бүтіндей бір хабарды білдірген. Сондықтан пиктограмма тілдік формаларды емес, оның мазмұныны бейнелейді. Қазіргі Қазақстан және Орта Азия территориясында ертедегі тайпалар өмірін бейнелейтін, тасқа қашап жазған мұндай жазулар жиі кездеседі. Бұл сияқты тастарға қашалған жабайы аңдар, хайуанаттар, адам бейнелері, аңшылық, садақ тарту, желекті найза ұстау, жыртқыш аңдардан қорғану және т.б. суреттер мал бағып, аң аулаған ертедегі адамдардың киелі түсініктері мен ғұрыптарын бейнелейтін тайпалардың тұңғыш жазуы болды. Қолданыла келе сурет жазуы да өмірге икемделіп, дами түсті. Осының негізінде ұғымды білдіретін символикалық немесе идеографиялық жазу пайда болды. Пиктографиялық жазуға қарағанда, идеографиялық жазудағы идеограммалар өзінің мағыналары арқылы тілді дәлірек бейнеледі, сөйлеудің, сөздің синтаксистік орын тәртібін, кейбір жағдайда сөйлеудің фонетикалық жағын да ажыратып бере алды. Ертедегі сурет жазуымен қабаттаса келетін ай мен күн алуандас таңба нұсқалары, өрнекті пішінде оюлай салынған бейнелі суреттер идеографиялық жазудың таңбасы. Бұл жазу Қазақстан жерінде ұзақ сақталып, оның символдық көрініс нұсқалары келе-келе қазақтың рулық таңбаларына айналып, меншікті көрсетерлік белгіге айналып кетті. Түптеп келгенде, түркі тайпаларының арасында соншама кең тараған идеографиялық жазулар түркі тайпаларының руникалық деп аталатын тұңғыш әріптік жазуының шығуына да белгілі мөлшерде ықпал етіп, әсерін тигізді.

Жазу өте ерте заманда жасалып, ұзақ тарихи даму кезеңдерден өтті. Даму барысында жетілуімен бірге оның принциптері де өзгеріп отырды. Оның себебі қай кез болмасын, жазуда сөздің дыбыстық жағын, яғни, айтылу формасын дәл беру басшылыққа алынады, соған талпынады. Тілдегі дыбыстар өте күрделі құбылыс. Оның айтылуындай етіп ешбір графика дәл бере алмайды. Сондықтан айту мен жазу арасында алшақтықтар туындап, уақыт өте ол алшақтықтар тілдің табиғатына, дамуына өзінің кері әсерін тигізеді. Сан ғасырлар бойы тілдің өзінің даму заңдылығына нұқсан келеді. Оны жою үшін арнайы тілшілердің зерттеулерінің нәтижесінде тілдің сан ғасырлар бойы бұзылмай келе жатқан табиғатын сақтауға, одан әрі қарай дамуына оң әсер етуіне жағдай жасайтын дұрыс жазылуын қамтамасыз ететін емле ережелері мен нұсқаулар талқыланып, келісіледі. Соның нәтижесінде емле ережелері енгізіледі. Сондықтан да әлемдегі бірнеше ғасырлық тарихы бар жазу жүйелерінің ең жетілген түрінің өзіне де үнемі өзгертулер енгізіліп отырылған. Осының өзінде де кез келген жазу түрінде дыбыс жүйесі мен алфавиттің арасында алшақтықтар кездеседі.

Қазақ тілінің жазылуы мен айтылуы арасындағы алшақтықтар графиканың пайда болуымен тығыз байланысты. Сан ғасырлар бойы ауызша дамып, толығып, байып келген қазақ тілі ХХ ғасырда қоғамдық қажеттіліктен туындаған жазбаша формасының дүниеге келуімен ауызша және жазбаша формасының арасында алшақтықтар туындай бастады. Әлемдегі қай графиканы алсақ та, оның басты мақсаты тілдің табиғатын жазбаша формада дәл беру болып табылады. Осы мақсатты көздеген кез келген графика пайдалану барысында туындаған кемшіліктерді жою үшін өз тілдерінің ерекшелігіне сәйкес емле ережелерін бекітеді.

Қазақтың тұңғыш ұлттық жазуы А.Байтұрсынұлы енгізген, араб графикасына негізделген төте жазуы арқылы қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктері, заңдылықтары айқындалды. 1929-1940 жылдары латын жазуы қабылданып, 1940 жылы графика қайта өзгертіліп, бүгінгі күнге дейін кирил қарпі қолданылып келеді. Қазіргі қазақ емле ережесі жазу тарихымен бірге біршама өзгерістерге ұшырап, жазу қағидаттары үкімен тарапынан бекітіліп, көпшілікке таратылу арқылы бір жүйеге келтіріліп отырды. Осыған сәйкес Р.Сыздық: «Қазіргі қазақ емле ережесінің тарихына көз жіберсек, оның іргесі 1940 жылы кириллицяға көшкен кезде қаланды. Қазақ тілі емлесінің осы жазу бойынша түзілген қағидаларының 15-16 жылдық тәжірибеден кейін кем-кетігі ескеріліп, біршама реттелген нұсқасы 1957 жылы ұсынылып, заңдастырылды, яғни, үкімет тарапынан арнайы қаулы қабылданып, бекітілді» [1, 4], – дей келе, «Емле немесе сауатты жазу нормалары да көпшілік талқысына көп түсетін болғандықтан, үнемі түзету, қырнау, толықтыру сияқты неғұрлым жетілдіру процесін басынан кешіреді. Қазақ тілі емлесі де бұл процестен шеттеп қалмады. Тағы да әрі қарай жазу тәжірибеміз көрсеткендей, әрі енді жазу мәдениетіне көңіл бөліне бастағандықтан, сауаттылықтың тетігін ғылыми негізге сүйеніп табу әрекеті қолға алына басталды. Сондықтан 1983 жылы қазақ емле ережеліне біраз түзетулер мен өзгерістер енгізілген жаңа редакциясы ұсынылды. Бұл соңғы нұсқа да заң жүзінде қабылданды: 1983 жылы 23 тамызды Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указымен бекітілді»[1, 4], – деп түсіндіреді.

Тіл мәдениеті, сөйлеу шеберлігі, жазу сауаттылығы – ұлттық мәдениеттің көрсеткіші. Басқа тілден енген сөздерді қабылдаушы тіл өзінің фонетикалық заңдылықтарына бағындырып, «сіндырып» қолдануы – көптеген тілдерге ортақ құбылыс. Қазақ тіліне орыс тілінен сөз ауысу үдерісі ертеректен басталғаны мәлім. Бодандықтың, сауда-саттықтың, қазақ жеріне орыс шаруаларының, әскери адамдарының қоныстануы нәтижесінде қазақтың сөйлеу тіліне бірқатар тұрмыс салттық сөздер мен әкімшілікке қатысты атаулар кіре бастады, олар ауызекі тіл арқылы енді. Бүгінгі күнгі тарих тұғырынан саралай келе, бір тілден екінші тілге сөздердің ену ерекшелігі сол ұлттың жалпы болмысына, тұрмыс тіршілігіне әсер ететінін байқаймыз. Осы орайда, жаңадан көшкен латын әліпбиі біздің ұлттық танымымызға қаншалықты әсер ететінін анықтау үшін 1932 жылы жарық көрген Ақыметұлының «Жұғырапыйа» [2] еңбегін талдай отырып, ХХ

ғасырдың басындағы ғылыми терминдердің қолданылуы мен жазу емлесіндегі ерекшеліктерін қарастырдық. Мұндағы мақсат жаңа әліпбиді қабылдау барысында тілдің заңдылықтарын ескеру болды.

Сонымен, аталған еңбектегі терминдердің қолданысына назар аударайық: «*қидағарья*» – *жұғрапыйа*, «*serkyl*» – *серкүл*, «*pylan*» – *пылан*, «*сьжыр*» – *сыйпыр*, «*тәғнијт*» – *мәғниім*, «*тастар*» – *мауітан*, «*kilas*» – *кілас*, «*sәntijmetir*» – *сәнтіімемір*, «*detsijmetir*» – *демсіімемір*, «*mјllijmetir*» – *милліімемір*, «*kijlametir*» – *кйіламмемір*, «*desetijne*» – *десетііне*, «*qarta*» – *қарта*, «*дьяақырам*» – *дыйақырам*, «*тәсіјне*» – *мәшійне*, «*topografья*» – *топографыйа*, «*pәbrik*» – *пәбрік*, «*тујнет*» – *мүйнет*, «*paraqottar*» – *парақоттар*, «*elektir ыstansasъ*» – *електір ыстансасы*, «*gektir*» – *гектір*, «*ajrъplan*» – *айрыплан*, «*gilobus*» – *гілобус*, «*merdijan*» – *мердіян*, «*pәlis*» – *пәліс*, «*kәpiјtalсъ*» – *кәпійталшы*, «*sotsijәlijzim*» – *сотсійәлізім*, «*satsъjaldьq*» – *сатсыйалдық*, «*өktәbir төңkerisi*» – *өктәбір төңкерісі*, «*тыraktъr*» – *тырақтыр*, «*kәmijtetі*» – *кәміімемі* [2] т.б.

Берілген терминдерге талдау жасайтын болсақ, төмендегідей ерекшеліктерін анықтауға болады:

1. Терминдерде қазіргі таңда қолданылып жүрген «ц» әрпі «ts» арқылы, «х» әрпі «қ» әрпімен, «э» әрпі «е» таңбасымен, ал «ф» әрпі «п» әрпімен таңбаланған;

2. Халықаралық терминдерді қабылдауда қазақ тіліндегі «и», «у» дифтонг дыбыстардың заңдылығы сақталған.

3. Терминдерді қабылдауда қазақ тілінің табиғи заңдылықтары, үндестік заңы қатаң сақталып, тілдің болмысына сәйкес икемделіп қолданылған. Айталық, масштаб термині «*тастар*» [2, 9] (*мауітан*) деп қатаң «т» дыбысына сәйкес сөз соңында «б» дыбысы емес «п» дыбысымен, сол сияқты диаграм сөзі «г» дыбысы арқылы «*дьяақырам*» [2, 34] (дыйақырам) деп қабылданған.

Емле ережесі қабылданбай тұрып жарық көрген Ақметұлының география саласына арналған еңбегінде **ij, uv, uv** дыбыстарының да жазылуы сақталғанын аңғаруға болады. Бастапқыда **ij** қосарлы дыбыстың бір ғана әріппен таңбалануын С.Аманжолов: «*ij*-дің қосарлы жазылуына себеп болған бізде орыстың «и» дыбысы сияқты толық әріптің жоқтығы. Бізде «і» дыбысы тек жіңішке үшін, дәнекер үшін жүреді, біздегі «*j*» дыбысы тек қысқалықты, шолақтықты көрсетеді. Ол екеуі де жарымжан, екеуі де толық әріптік қабілеті жоқтар» [3, 176], – деп қосарлы келе **ij** таңбасы «и» дыбысын таңбалауда қазақтың төл сөздерінде сақталып, кірме сөздерде жалаң **i** күйінде жазылуын қалады. Ол былай таңбаланған: «*tijip*» – *тіііп*, «*bijik*» – *бііік*, «*tijisince*» – *тііісініше*, «*ijketdep*» – *іікемден*, «*ijregi*» – *іірегі*, «*ijt*» – *іім*, «*kijt*» – *кіім*, «*сijdegi*» – *жіідегі*, «*kөk сijek*» – *көк жііек*, «*sijrek*» – *сіірек* [2, 3-97]. Ал **ьj** қосарын «*съjnaladъ*» – *жыйналады* сөзінің таңбалануынан аңғаруға болады. Сол сияқты **uv** қосарлы дыбысы: «*suv*» – *сұу*, «*quvъs*» – *құуыс*, «*batuv*» – *күн батұу*, «*qъsқaruv*» – *қысқарұу*, «*сazuv*» – *жазұу*, «*aluv*» – *алұу*, «*asuv*» – *асұу*, «*baqъlyuv*» – *бағылұу*, «*qazъlyuv*» – *қазылұу*, «*qъzuv*» – *қызұу*, «*сanuvvarlar*» –

жанұуарлар, «*tuvra*» – *тұура*, «*ajuv*» – *айуу*, «*yv*» «*syvret*» – *сүүрет*, «*bilyv*» – *білуу*, «*carьvalar*» – *шарыуалар*, «*ujyv*» – *үйүү* [2, 4-137] сөздерінде кездеседі. Бұл мәселеге байланысты С.Аманжолов: «Енді «*uv*», «*yv*» туралы тапқан жолымызбен таныстырайық. Бұл жөнінде де бізді тәжірибе орап, озып жүр. Өйткені осы күннің өзінде-ақ біз кейбір сөздерді «*u*»-ның жетегінсіз-ақ жазамыз. Мысалы: *vaqьt*, *vəde*, *vajьm*. Егер біз «*v*» дыбысын (сөз басында келсе) орыстың «*v*»-сына, сөз ортасында, аяғында орыстың «*u*»-сына тең деп жоба алсақ, біз «*uv*», «*yv*» -лар қосағынан мүлде құтыламыз. Сонда *oquv* – *oku*, *beriv* – *berv* болып жазылатын болады» [3, 177], – деп түсіндіреді.

XX ғасырдың басында енген емлеге қатысты өзгертулер мен түзетулер нәтижесі ыңғайлы сауатты жазуға бейімделгенімен, кейбір, мысалы «*мый*» деген сөз «*ми*» болып жазылып кетті.

Жергілікті жер, қала, өзен, тау атауларының да таңбалануы тілдің ығына жығылып қолданылғанын осы 3-оқу жылына арналған Ақметұлының «*Жұғырапыйа*» еңбегінен байқауға болады. Мысалы: «*Təncəп*» – *Тәңишəп*, «*Təcken*» – *Тəшкен*, «*Amuvdarьja*» – *Амұударйа*, «*Kəspij*» – *Кəспий*, «*Qarqaz tavь*» – *Қарқаз тауы*, «*Dinepir*» – *Динепир*, «*Leningirat*» – *Ленингират*, «*Çaran*» – *Жапан*, «*Tundra*» – *Тундыра*, «*Celyvskijn tumsьqь*» – *Шелүүскійн тұмсығы*, «*Auqanьstan*» – *Ауғаньстан*, «*Özbekistan respьvbljkesi*» – *Өзбегістан респуьблікесі*, «*Arqangil qalась*» – *Арқангил қаласы* т.б.

1932 жылы қазақ тіліндегі оқулықта *Eypopa* – «*Аврра*» (*Аурына*), *Aзьja* – (*Азыя*), *Африка* – «*Əprijke*» (*Əприйке*), «*Əmirijke*» – *Əмірийке*, «*Abstьralьja*» – *Абстыралыйа*. Осы атаулар қырғыз тіліндегі деректерде «*Jevropa*», «*Azija*», «*Afrika*», «*Amerika*», «*Avstralija*» [4, 13] деп көрсетілген. Бұл бастапқыда халықаралық терминдерді Кеңес үкіметі құрамындағы халықтардың әр тілде әртүрлі қолданылып, кейін орыс тілінде қалай болса, солай қабылдау жүзеге асқандығын көрсетеді. Осыған сәйкес қазақ тіліндегі «*География*» оқулығына енген терминдердің тіл табиғатына жақындығы айқын.

Қорытындылай келе, бүгінгі латын әліпбиіне көшу мәселесінде қазақ жазуы тарихындағы олқылықтар мен кемшіліктердің алдын алу үшін XX ғасыр басындағы тәжірибеге сүйену қажет. Себебі қазақ тілінің табиғатына сәйкес ұтымды әліпби қабылдау қазақ тілі заңдылықтарының жаңа әліпби негізінде сақталып, дамуына жол ашады.

Әдебиет:

1. Сыздықова Р. Тағы да бүгінгі емлеміз жайында // Егемен Қазақстан. 1993, 27-наурыз. – 4 б.
2. Ақмет уль Çиоьғарьja. – Тəcken, 1932. – 178 б.
3. Аманжолов С. Тіл және жазу. – Өскемен, 2005. - 403б.
4. Lunin B., Qarasajev X. Geografialьq termindergin sөzdygy. – Qazan, 1939. – 38 б.

XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы әдеби теориялық талдаулар табиғаты

Абуова Б.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің докторанты

Аңдатпа: Мақалада XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы әдеби теориялық талдаулардың табиғаты қарастырылады.

Түйін сөздер: әдебиет теориясы, көркемдік әлем, көркем шығарма, сөз зергері, фольклор.

Summary: This article deals with the nature of literary theoretical analyzes of the 20-30s of the 20th century.

Key words: theory of literature, artistic world, art work, word jeweler, folklore.

XX ғасырдың басындағы бүкіләлемдік геосаяси өзгерістер қазақ қоғамын да айналып өтпей, өзінің адамзат өркениетіндегі келесі бір сатысындағы дамуына жақсылы-жаманды ықпалын тигізді. Аз ғана уақыттың ішінде бірнеше қоғамдық формацияны басынан өткерген қазақ қоғамының саяси даму бағыты қандай бұралаң соқпақты болса, рухани өркендеу жолында да биік асулар тұрды. Қазақ халқының өзін-өзі сақтау, өркендеу жадының мықтылығы сондай, аз уақыттың ішінде ұлт зиялысы қалыптасып үлгерді. Бұлар негізінен көркем сөз тудырған ақын, көсем сөз жазған жорналшы болды. Сөз зергерінің (ақынның, жазушының) ұстанған азаматтық бағыты, шығармаларының әлеуметтік сипаты, таптық көзқарасы XX ғасырдың басындағы әдебиет зерттеушілерінің өзіндік бір ұстанған тәртіп, қалыбы болғанға ұқсайды. Бұл сол XX ғасыр басындағы кеңестер қоғамындағы саяси ахуалға ғана байланысты туа қалған үрдіс деуге әсте болмайды. Өйткені, автордың әлеуметшіл қасиетінің сөз өнеріндегі маңызы туралы одан ерте замандарда да айтылған. Тек капиталистік қоғамдағы туындыгерлердің индивидуализмге бет бұруы әлеуметшілдік қалыпқа сызат түсірген. Өмір шындығы суреткердің шығармашылық лабораториясында бірнеше сұрыптау мен екшеуден өтіп барып көркем шындыққа ұласады. Танымдық тұрғыда бір сатыдан екінші сатыға ауысқан шындықтың өзі белгілі бір уақыттың, мекеннің, сол кезеңде орын алған оқиға немесе әрекеттің белгісі болады.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің, оның ең танымал өкілдерінің шығармаларын арнайы зерттеген С.Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген еңбегінде Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Ғұмар Қарашұлы (ақындардың аты-жөні осы зерттеудегідей беріліп отыр) сияқты Алаш оқымыстыларының қысқаша өмір дерегін бере отырып, сол кезеңге дейін жарық көрген, қолында бар шығармаларын талдайды. Бұл еңбектің объективті шындықтан алшақтығы қандай болса, тарихи дерек, дәуір тынысын білдіру маңызы да сондай құнды. Уақыт талабы мен замана тілегіне иек артқан автордың «...субъективтік түсінігіне объективтік талап-тілек қосылып, революциялық ұранмен артық-кем сілтеген кездері аз емес» [1, 3].

Дегенмен бұл еңбектің ең басты табысы кейін шығармаларын оқымақ тұрмақ атын атауға тыйым салынған ұлт оқымыстыларының атын тарихта қалдырды. Аталған еңбекте алғашқылардың бірі болып олардың шығармаларына аз да болса әдеби-теориялық талдау жасалды. Аз да болса дегеніміз – бұл еңбекте негізінен авторлардың саяси көзқарасы мен таптық ұстанымдары нысанға алынған. Ал әдеби-теориялық талдаулар мен тұжырымдар мәселесінде С.Мұқанов бірнеше құнды пікірлер айтып, пайымдаулар жасайды.

Автор Мағжанның «Шолпан» жинағына арнайы тоқталады. Ақынның саяси көзқарастарына біршама сын артқан автор сол кезеңдегі қазақ ұлтшылдарының көтерген басты тақырыбы деп әйел теңсіздігін айтады. Ол: «Шолпан» жазылған кездегі ұлтшылдардың ірі темасының (тақырыбының) біреуі әйел бостандығы екенін оқушылар жоғарыда көрген. Біз бұл арада, Мағжан да сол көп ұлтшылдың біреуі болып әйел бостандығын жырлағанын көрсетпекпіз» [1, 179], – дейді.

С.Мұқанов сол кезеңдегі тақырып таңдаудағы жалпыға ортақ үрдістің қоғамдық сипаты барына назар аударады. Көркем шығарманың тақырыбы автордың замана шындығына деген суреткерлік көзқарасы болатын болса, Мағжанның бұл тақырыпқа баруы өз дәуірінің әдеби үрдісімен аяқ алысының бір екендігін танытады деп меңзейді. Саяси талдауды басты бағыт етіп ұстанған С.Мұқановтың еңбегінде «ішкі сезім, үйлестік құрылыс, көркемдік жағы, темасы, негізгі тақырып, шұбыртпалы өлең түрі, сөз құрылысы, пернелеу, ақындық күшті тіл, бейне, ұзақ поэма, сыршылдық (лирика), бейнешіл (символист), идея, мақсат, романтика, шығарманың әдеби өмірі, мазмұн, буын, ұзақ әңгіме (повесть), кейіпкер, көлденең қараушы (объективный зритель)» деген сияқты әдеби талдаудың негізін құрайтын ұғымдар мен терминдер де қолданылған. Бұлардың қайсыбірі көркем шығарманың табиғатын ашуға ықпал еткенімен, кейбірінің ғылыми функциясы тым көмескіленіп берілген. Дегенмен де «алғашқы ғылыми талдау еңбектердің бірі ретінде С.Мұқановтың әдеби теориялық пайымдауларының маңызы орасан зор» деп санаймыз. Мысалы, Ғұмар Қараштың «Тұлпарларын» талдағандағы: «...Бұл екі өлеңде мазмұн жағынан да, түр жағынан да түк айырма жоқ, бар айырмасы – сөздердің орны ауыстырылып, үйлесі басқалау. Осы сияқты ұйқастар екі «Тұлпарда» да жарысып келеді де тұрады» [1, 140] деген тұжырымын «әдеби теориялық талдаудың жұп-жұмыр үлгісі» деуге болады.

Сол кезеңдегі әдеби-теориялық зерттеулердің қатарында өзінің ғылыми негізделуімен ерекшеленетін еңбектердің бір шоғыры М.Әуезовке тиесілі. Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасы мол әрі сан салалы. Халқымыздың сан ғасырлық өмір жолының көркем шежіресіне айналған туындылары мен аудармалары өз алдына, оның әдеби сын, ғылыми зерттеу салаларындағы өз кезінде үлгі болған әрі көркемдік-эстетикалық маңыздылығымен жоғары бағаланған еңбектері қазақ және жалпы кеңестік әдебиеттану ғылымдарының дамуына, өсіп-өркендеуіне үлкен ықпал етті.

Ғұламаның арнайы зерттеу еңбектерінің өзі бірнеше том. Ал, үлкенді-кішілі мақалаларындағы көтерілген мәселелердің маңыздылығы ұлттық әдебиеттану ғылымының өсу жолымен өлшенеді. Оның республикалық, одақтық әдеби жиын-мәжілістерде сөйлеген сөздері мен жасаған баяндамаларында қазақ әдебиетінің тарихы мен өз кезеңіндегі әдеби үрдістің көкейкесті мәселелерін, сонымен қатар көп ұлтты кеңес әдебиетінің де маңызды жайларын (әдебиеттер байланысы, көркем аударма, драматургия проблемалары, ұлттар әдебиеті тарихындағы көрнекті қаламгерлер өмірі мен шығармашылық өнегесі т.б.) үнемі көтеріп, сөз етіп отырғаны мәлім.

М.Әуезовтің ғылыми мұрасына өзіндік баға берген С.Мақпырұлы: «Ғұлама ғалым, сөз зергерінің әдебиеттану саласындағы қайсібір мақалалары, еңбектері болсын әркезде де әдеби, ғылыми жұртшылықтың назарында болғаны, жоғары бағаланғаны қандай ақиқат болса, сөз өнеріне қызығушылық танытқан адамдардың бүгін де, ертең де бұл мұраға ерекше көңіл аударатыны сондай даусыз шындық» [2, 79], – дейді.

М.Әуезовтің әдебиеттің теориясы саласындағы еңбектері ғалымдар тарапынан әр уақытта да зерттеліп келгені белгілі. Бұл ретте М.Мырзахметовтің, К.Сыздықовтың тағы басқаларының еңбектерін, жекелеген мақалалардың, қорғалған докторлық, кандидаттық диссертациялардың саны біршама. Дегенмен де М.Әуезовтің әдеби сын мақалаларында, зерттеу еңбектерінде байыпталған, қарастырылған әдебиеттану ғылымының әртүрлі мәселелерін әлі де болса бүгінгі күн талабынан қарастыру керек. Өйткені Әуезовтің көркемдік әлемі қандай сырлы, нұрлы, ғажайып болса, оның көркемдік-эстетикалық ой әлемі де сондай терең, мағыналы, нәзік. Осы ретте біз М.Әуезовтің 20-30- жылдар аралығын қамтитын, осы кезеңде жазған мақалаларында, сөйлеген сөздерінде, жасаған баяндамаларында байыпталған кейбір әдеби-теориялық мәселелерге, ұғымдарға көңіл аударғанды жөн көріп отырмыз.

М.Әуезов әдебиеттегі мазмұн мен түр бірлігі секілді аса маңызды теориялық мәселеге үлкен көңіл бөліп, келелі пікірлер айтқанын оның 1930 жылғы «Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған программа және түсінік хат» атты әдістемелік еңбегінен көреміз. Сол кездегі терминдердің әлі де болса тұрақталмағандығынан болса керек, Әуезов бір мақаласында «түр», енді бір мақаласында «форма» деген терминдерді қолданып отырған.

Әдебиет теориясындағы ерекше категорияларға тікелей келмес бұрын зерттеуші сол кездегі жалпы ғылыми зерттеулердің бағытына, олардағы артық-кем тұстар мен жетістіктерге тоқталады. Әсіресе, әдебиет туындысының мазмұнына көп көңіл бөлушілікті сынға алады. Мұның жетімсіздігіне қынжыла отырып ол «әдебиетті шын ғылым жолымен тексеремін деген уақытта мазмұнға қосып әдебиет түрін де социологиялық жолымен зерттеу қажеттігін», бірақ «әдебиет ғылымының ішінде әдебиет түрін (формасын) социологиялық жолмен реттеу әлі нығайып, тереңделіп, орнығып болмағанын», оның «жаңа ғылым» екенін ескертеді. Бұдан ұғатынымыз, біріншіден, М.Әуезов 20-30-жылдардағы әдеби сынның

қалыптасқан басты бір олқылығын (шығарманы мазмұны жағынан талдау, бағалау) дөп басып көрсетіп және одан арылудың жолын да нұсқап отыр. Әдеби шығарманы шын ғылым жолымен талдау мен танудың бірден-бір дұрыс жолы – «мазмұнға қосып әдебиет түрін де» қарастыру, яғни, әрбір туындыны мазмұн мен түр бірлігі тұрғысынан байыптау қажеттігі. Автор зәру мәселені атап қана қоймай, оны қалай іске асыру жолын да көрсеткен.

«Сөзді, суретті әсерлі қылып шығару үшін жазушының қолданған әртүрлі шаралары бар...», – дей келе, міне, осыларды айыру, зерттеуді, сөз етуді ол шығарманы түр жағынан қарастыру» деп біледі. Оның пікірінше, туындының «түрін сынау», яғни, қарастыру, «әдебиет шығармасының мағынасы мен мазмұнын тереңдеп түсінуге себепші болады». Бұл – ұлттық әдебиеттануда бұрын-соңды айтылмаған өте маңызды қорытынды.

Ғалым «шығарманың түрін» немесе «жазушының қолданған әртүрлі шараларын» қарастыру дегеніміз не?» деген сауал қоя отырып, көркем туындының табиғатын танудың жолдарын ұсынады. Бұл – сол қаламгердің айтпақ ойын көркем, әсерлі жеткізу тәсілдерін қарастыру, сол арқылы көркем бейнеленген мазмұнды тануға қол жеткізу. М.Әуезов осындай ойлары арқылы көркем шығарманың мазмұн мен түрдің ажырамас бірлігінен тұратынын, түрдің (бейнелеу, суреттеу тәсіл-амалдарының) мазмұнды (тақырып, идея, сюжет) танытуға қызмет ететінін, олай болса, шығарманы мазмұн мен түр бірлігі тұрғысынан талдау, қарастыру ғана туындының көркемдік деңгейін бағалауға мүмкіндік беретінін ескертіп отыр.

Жас ғалым мұны неге қадап айтып отырған себебін алдында ескертіп өткен, ол сол тұстағы сынның, ғылымның «әдебиет туындысын мазмұн жағынан ғана сөз етуі». Бұл – әрине, 20-жылдардағы сынның балаңдығы әрі әдебиетке, өнерге партиялық, таптық тұрғыдан қараудың да кесірі. М.Әуезов екінші, басты себепті жақсы сезінсе де, ашып айтуға мүмкіндігі болмағандықтан, негізгі назарды сынның, ғылымның кемшілігіне аударған.

Екіншіден, бұл мәселенің маңыздылығын әдебиетті оқыту әдістемесіне байланыстыра жалғастырған. Мұхаң әдебиет қандай мектепте, кімдерге (шаруа жастарға ма, жалпы мектеп оқушыларына ма) оқытылса да, олардың көркем талғамын қалыптастыратындай тиісті деңгейде жүргізілуі керек деп есептеген. Ал ол үшін шығармаларды оқыту барысында оларды біржақты (тек мазмұны жағынан) сөз етпей, мазмұн мен түр бірлігі тұрғысынан жан-жақты қарастыру қажет. Автордың еңбекті жазудағы басты мақсатының бірі де, әдебиетті оқытуға қатысты айтқан әдістемелік кеңесінің негізгісі де осы екені даусыз.

Отызыншы жылдардың аяғына таман жарияланған «Әдебиет хрестоматиясында» М.Әуезов түр мен мазмұн категорияларына қайта айналып соғады. Оларды ғалым шеберлік, жаңашылдық, дәстүр мәселелерімен тығыз байланыстыра қарастырған. Өйткені енді аяққа тұрып келе жатқан ұлттық әдебиеттанудың түрлі мәселелеріне А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытов, С.Мұқановтармен қатар көңіл бөлген

зерттеуші пәнді оқыту мәселелерін бұлай кең ауқымда қарастырып, жан-жақты алып түсіндіруі өте орынды қажеттілік болатын.

Мәселен, ол дәстүр мәселесіне орай ауыз әдебиетінің жазба әдебиетке әсер-ықпалын «көп ірі шығармалар фольклор тілінен, көрікті кестесінен, мазмұн, түр ерекшелігінен пайдаланып отырады» [3, 93], – деп атап-атап көрсетіп берсе, Пушкинді «ақындық жөніндегі шеберлігі орыс әдебиетін түр жөнінен ерекше байытты, кейінгі барлық ақындарға үлгі болды» [3, 108], – деп түр мәселесінің бұл жерде ақындық жаңашылдық, дәстүр, шеберлік мәселелерімен тығыз сабақтасып жататынын аңғартады.

Орыс тіліндегі «Киргизский героический эпос – Манас» деп аталатын көлемді зерттеу еңбегінің «Краткий анализ содержания и формы поэмы» деген тарауында М.Әуезов жырды тақырыптық тұтастығы және сюжеттік құрылымы, образдар жүйесі, көркем-поэтикалық тәсілдер, өлең құрылысы тұрғысынан талдаған. Өзі бұрынғы мақалалары мен еңбектерінде маңыздылығын әлденеше рет атап айтқан мәселені (...көркем шығарманы мазмұн мен түр бірлігі тұрғысынан қарастыру) бейне қалай талдау жолдарының үлгісін көрсеткісі, соған түрткі болғысы келгендей. Бұл ойымызға автордың «Поэматын көркемдік түр тұрғысынан талдауды аяқтай келе айтармыз, біз ауқымды зерттелуге тиісті кейбір жайларды ғана айқындадық. Біздің байқауларымыз мәселені қою, эпосты зерттеудің жекелеген жайларын көтеру тұрғысынан баяндалды» [4,148] деген ескертпесі де дәлел бола алады.

Аталған кезеңдегі еңбектерінде М.Әуезов әдеби терминдерді мағынасы мен атқаратын қызметі жағынан құбылып қолданғанға ұқсайды. Оның зерттеулеріндегі «ғазел, түр, форма, мазмұн, ұлғайту, әсірелеу (гипербола), мотивировка, сөз талғап алу (цитирование)» деген сияқты терминдер автордың ғылыми тұжырым, қорытынды жасауына тірек болған. Әлемдік әдебиеттанудың өз заманындағы жетекші позициядағы зерттеулерімен етене таныс болған ғұлама аталған терминдерді орнымен, әрі сәтті пайдаланған.

Байқап отырғанымыздай, ХХ ғасырдың басындағы әдеби теориялық зерттеу авторларының ғылыми терминдер мен теориялық ұғымдарды қолдану деңгейі әртүрлі. Әдебиет теориясының барлық дерек терминдерін жасап, қалыптастырған А.Байтұрсынұлын айтпағанда, С.Мұқановтың («ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті»), Х.Досмұхамедұлының («Аламан»), Ж.Аймауытұлының («Мағжанның ақындығы») еңбектеріндегі ғылыми терминдердің қолданыс аясы ала-кұла. Әрине, бұл – бүгінгі күн талабы тұрғысынан айтылған сөз. Әйтпесе ұлттық ғылымы енді ғана тәй-тәй басып келе жатқан кезеңде жазылған аталған зерттеулердің де, олардың авторларының еңбектерінің де бағасы асыл, құны жоғары екені рас.

Әдебиет:

1. Мұқанов С. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2008. - 384 б.
2. Мақпырұлы С. Қазына. – Алматы: Арыс, 2004. - 320 б.

3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. - 17 том. Мақалалар, аудармалар. - Алматы: Дәуір, 2014. - 376 б.

4. Әуезов М. Сборник статей. Киргизский героический эпос – Манас. - М., 1961.

Ұлттың рухани көсемі

ТумабаеваМ.

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының докторанты*

Аңдатпа: Мақалада ХХ ғасырдың басында ел тағдырына алаңдаған қазақтың зиялы тобының ішінде ұлт санасын оятуға ұмтылған оқыған азаматтардың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы туралы айтылады.

Түйін сөздер: педагогика, философия, әліппе, поэзия, әдебиет.

Summary: The article deals with Akhmet Baitursynov - the great Kazakh enlightener of the XX century. He is one of the spiritual leader among the intelligent of Kazakh people trying to awaken nation's consciousness within Kazakh nation.

Key words: pedagogy, philosophy, alphabet, poetry, literature.

ХХ ғасырдың басында ел тағдырына алаңдаған қазақтың зиялы тобының ішінде ұлт санасын оятуға ұмтылған оқыған азаматтардың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы болды. Рымғали Нұрғалиевтің «Ахмет Байтұрсынұлының ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған» [1, 260] деген пікірінен де аңғарылып жатады. Ахмет Байтұрсынұлы қалай елді надандықтан босатам деп армандап, еліне, ұлтына үлкен педагогикалық мол мұра қалдырды. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің ғылыми педагогика тәрбие процесінің ерекшеліктерін негізгі кезеңдерін басқа құбылыстармен байланыстырып қарастырады. Олардың заңдылықтарын анықтайды. Ғылыми философия құлықтық және эстетикалық тәрбиеге байланысты мәселелер зерттеуде педагогика этикамен, эстетикаға ал оқыту мен білім беру проблемаларын зерттеуде таным теориясына сүйенеді. Педагогика ғылымы философиялық білімді басшылыққа алып, тәрбиенің теориялық және практикалық мәселелерін шешуге үлесін қосады.

Ахметтің жастарға ұсынған адамгершілік жолы – адалдық және ғылымды игеру. Ол үшін жастарды адал еңбек етуге, өз мінін өзі көріп түзете білуге шақырады, «бар білімнің түп төркіні – ақыл», – деп қорытындылайды. 1928 жылы еліміздің ең алғашқы жоғарғы оқу орны Қазақ Педагогикалық институтының ашылу салтанатында Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ институтын ашу – жетілген халықтың жоғарғы мәдениетке жету қажеттілігінің көрсеткіш стимулы» деген болатын. Осы оқу орны ашылған

күннен бастап Ахаң онда қазақ тілі мен әдебиет пәнінен дәріс берді. Ол оқу орнының «профессоры» атағын алды. Ағартушы ғалым «Оқыту жайында» баяндамасында: «Оқу жұмысының үш жағы үш нәрсеге тіреледі: бірі – ақшаға, бірі – құралға, бірі – мұғалімге. Осы үш тіреуі бірдей тең болса, оқу ауытқымай түзу жүреді. Ол үшеуі тең болмаған жағдайда оқу жұмысы аумалы жүк сияқты, орнықсыз [2,190], – деген болатын.

Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,

Жол сілтедім жақын емес, алысқа.

«Өзге жұрттар өрге қадам басқанда,

Дедім: Сен де қатарынан қалыспа!» [2, 34], –

деп ащы да болса, ақиқатын айтып өткен Ахмет Байтұрсынұлының «Әліппесі», «Әліпби», «Сауат ашқыш» сияқты оқу құралдары кейінгі ұрпаққа қалдырған мол мұрасының көшбасшысы болып қала бермек.

Ахаң бала кезінен қазақ ішінде көркем сөз құдіреті жоғары саналатынын көріп, естіп, сезініп, ойланып өскенге ұқсайды. Саналы өмірге аяқ басқан кезде халық поэзиясы мен Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин шығармаларын, орыс әдебиетін оқиды. Мұның бәрі қоғамдық ой-пікірде тынымсыз ізденген, өмірге құштар жас Ахмет үшін текке кетуі мүмкін емес еді. Сондықтан ол айналаны тану, білу, сезіну қалпын поэзия тілімен, өлеңмен жеткізуге ден қояды. Өлеңді өзінің ағартушылық идеясына пайдалануды көздейді.

Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар,

Құлағын біреу салмас, біреу салар.

Теп-тегіс көпке ұнау оңай емес,

Кейіне жарамаса, кейіне жарар.

Қайсысы ықыласын салып тыңдап,

Жаратпай қайсыбірі теріс қарар.

Дүниеде сүйгенім бар, күйгенім бар,

Солардан аз да болса белгіқалар [2, 9], –

дейді.

Ақынның өлеңдер топтамасы «Маса» деген атпен Орынборда 1911 жылы басылған. Жинаққа қойған атына ол едәуір ой, салмақты жүк артқан:

Ызыңдап, ұшқанмынау біздің маса,

Сап-сары, аяқтары ұзын маса:

Өзіне біткен түсі өзгерілмес,

Дегенмен қара, яки қызыл маса.

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,

Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.

Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызыңдаса?! [2, 9]

Осы жолдардан «ызыңдап, ұшқан мынау біздің маса» сергектікті, қозғалыс күйді, серпіліс пен ізденісті сәулелейтін астарлы бейне екені

көрінеді. Ол «Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып», қоғамның енжар, жалқау, ұйқыдағы күйден оянуына қызмет етеді. Осы ағартушылық ойды ақын басқа да шығармаларында әрі қарай дамыта түседі.

«Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге, рухани көтерілуге шақыру, адамгершілікті, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын өз өлеңдерінде көбіне Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырып дамытқан өрісті ойды, қалып алған дәстүрлерді, гуманистік әуендерді, демократтық бағыттарды жаңа жағдайда өзінше жалғастырушы ретінде көрінеді. Оның өлеңдерінің тақырып қойылысының, өрнектелуінен, ой жүйелеу мәнерінен Абай, Ыбырай үлгілеріне жақындық, үйлесімділік, үндестік байқалады. Солар сияқты Ахмет Байтұрсынұлы та айнала қоршаған ортаға айлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздіктің, таптық шиеленіс-қақтығыстардың себеп-салдарына терең бойлай алмаса да, еңбекші халыққа, олардың ауыр халіне көңіл бөліп, аяушылық сезім білдіреді, ауыр халге төзіп, көніп үндемей жүре бермей, адамдық қасиеті қорғауды қалайды. Бұл оның демократтық, гуманистік көзқарастарға бейімдігін аңғартады. Мысалы, «Адамдық диқаншысы» деген өлеңінде:

*Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көлі жоқ, көгалы жоқ қырға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым, ектім,
Көңілін көгертуге құл халықтың.*

*Қор болған босқа кетіп еңбек, бейнет,
Құлдарға құлдықтан жоқ артық зейнет.
Оттай бер, жануарым екі аяқты,
Адамдық хайуанға қанша қажет?!*

*Жаратқан малды Құдай не керекке-
Мінуге, сою, соғу, жүндемекке.
Жорта бер қамыт киіп, қамшыңды жеп,
Бұйрық жоқ ұрасың деп үндемекке.*

*Таяққа еті үйренген қойшы жайлап,
Көк есек қозғала ма түрткенге айдап?
Есептен алданғандай болғандар көп,
Жасықты асыл ма деп білмей қайрап [2, 33], –*

деп ол өмір бойы бейнетке, қорлыққа үндемей шыдап, жасып жаншылып кеткен адамдарды көріп, жаны ашиды, олар сергектеу болса, адамдыққа ұмтылса, үндемей жүре бермесе, алдағандарға алданбаса, таяққа еті үйреніп жүнжіп кетпес еді деп ойлайды, алардың намысына тиерлік ащы сөздер айтады.

Елдің ауыр халін аз да болса жеңілдету жолдары туралы ойланғанда Ахмет бұрын қалыптасып дамыған ағартушылықтың мақсат-мұраты

арнасында ой өрбітеді, ұйқыдан оянып, білім-ғылымға ұмтылу қажеттігін, оянған ерге еру керектігін еске салады. Оның:

*Оянған ерге
ұмтылған жерде
Еруші азда, серік кем.
Қас білген досты,
Дос білген қасты,
Мұндай елді көріп пе ең?
Қыс ішінде бірер қаз
Келгенменен, қайда жаз?! [2, 28]*

деген өлең жолдары ел ішіндегі азын-аулақ зиялы азаматтар сөзіне құлақ қоюдың аздығына күйінуден туған. Ақын өлеңдерінің шығарылған жылдары нақты қойылмауы, әрине, оның творчестволық ой жүйесінің эволюциясын анықтауды қиындатады. Дегенмен «Маса» өлеңдер жинағы 1911 жылы басылғанына сүйеніп, сонда жарияланған туындылар содан бұрынғы жылдары жазылғанын, Ахмет Байтұрсынұлының ел күйін өзгертудің ағартушылық жолдан басқа бір арнасын іздеп, сезіне бастағанын байқаймыз. Ол ізденіс 1905-1907 жылдар уақиғаларына, революциялық дүмпулердің қазақ жерлерін де шарпуына байланысты қалыптаса бастаған деуге болады. Мысалы, «Бақ» деген өлеңінде ақын:

*Бұлттар басып жасырған,
Жаңа түсіп басылған,
Таң шапағы сөніп тұр;
Жаңаланған өмірден
Жаңа шығып көрінген
Гүл қамауда семіп тұр [2, 28], –*

дейді. Мұндағы «жаңа түсіп басылған», «таң шапағы», «жаңа шығып көрінген, гүл қамауда семіп тұр» – деген көркемдік компоненттер, символдық бейнелер замана бағытына жаңа ғасыр көгіндегі көрініс-құбылыстар әкелген бағыт-бағдар әсерлерінен туғаны байқалады.

«Маса» жинағының көркемдік арсеналында талай эпитеттер, теңеулер, шендестірулер, инверсиялар, мақал-мәтелдер бар. Мысалы, теңсіздік, озбырлық, әділетсіздік, әрекетсіздік, надандық жайғасқан жайды ақын, көбіне «түн», «түнерген төбемізден бұлт арылмай», «қасірет», «өртке душар болып», «не қалды тәнімізде шарпылмаған», «алалық алты бақан дертпен кірдік» деп бейнелейді. Айтайын деген ойын ақын көркемдеп жеткізуге, бейнелі сөз табуға шебер. «Досыма хат» өлеңі түгелімен осындай бейнелі сөздерден, теңеумен шендестіруден, антитеза мен синекдохадан тұрады:

*Қырағы қия жазбас, сұңқарым-ай!
Қажымас қашық жолға, тұлпарым-ай!
Үйілген өлексені өрге сүйреп,
Шығармақ қыр басына, іңкәрім-ай!*

Жарқырап жақсылықтың таңы атпай тұр,

Түнерген төбемізден бұлт арылмай.

Көк атты, көн терілі, көніп қалған,

Сықса да шыдай беру – жұртжарылмай [2, 23].

Бұл жолдарда қазақтың көркемдік ой жүйесінде қалыптасқан өрнектер ақынның өзіндік ізденістерімен астаса қиюласқан. Айталық, «қырағы қия жазбас сұңқарым-ай, қажымас қашық жолға тұлпарым-ай» деген метафоралық өрнектер бұрышынан көркемдік арсеналда бар болса «өлігін өлексенің өрге сүйреп, шығармақ қыр басына іңкәрім-ай» ақын өзі тапқан көркемдік тіркес, айтылмыш ойды үдете, үстемелей жеткізу қызметін атқарып тұр.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдер топтамасы – көп ғасырға қазақ поэзиясының дәстүрлерін, демократтық-ағартушылық әдебиет үлгілерін жаңа тарихи жағдайда дамытып, жалғастырған идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Оларды қайта бастыру туған әдебиетіміздің жалпы адамзаттық, гуманистік, демократтық, тәрбиелік сипаттарын айқындап аша түсетін мұра болмақ.

Әдебиет:

1. Әшімханов Д. Бес арыс. – Алматы: Жалын, 1992. - 544 б.
2. Байтұрсынұлы А. Маса. – Алматы: Раритет, 2005. - 208 б.

«Шолпан» журналы және қазақ әдебиеті

Темірмас Г.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің магистранты

Аңдатпа: Мақалада автор «Шолпан» журналының тарихын баяндай отырып, қазақ әдебиетінің үздік шығармаларын алға жылжытудағы журналдың рөлін анықтайды.

Түйін сөздер: баспасөз, әдебиет, проза, поэзия, Алаш, жазушы, әдеби процесс.

Summary: In this article the author describes the history of the magazine «Sholpan» and defines the role of the magazine in promoting the best works of Kazakh literature.

Key words: press, literature, prose, poetry, Alash, writer, the literary process.

XX ғасырдың 20-30-жылдары ұлт зиялылары қазақ қоғамында ағарту жұмыстарын одан әрі жалғастырып, руханияттың жан-жақты дамуына айрықша үлес қосты. Ғылымның әр саласы бойынша алғашқы оқулықтар жазылды, ұлт театры қалыптасты, әдебиет пен мәдениет саласы құнды мұралармен толықты. Сонымен қатар, қазақ баспасөзі де ұлт мүддесіне қызмет етіп, жаңаша сипатта дамыды. «20-30-жылдары қазақ тілінде газет-журналдар шығару ісі күшейді. Ғалым Т.Кәкішевтің көрсетуінше, 1920 ж. қазақ тілінде 4 газет, 1921 ж. 6 газет пен 3 журнал, 1922 ж. 8 газет пен 2 журнал шықса, ал 1925 ж. 13 газет пен 5 журналға дейін көтерілген. Атап айтсақ, аталған жылдар аралығында қазақ тілінде «Еңбекші қазақ»

(Орынбор), «Лениншіл жас» (Орынбор), «Қазақ тілі» (Семей), «Ақ жол» (Ташкент), «Бостандық туы» (Петропавл), «Ауыл» (Қостанай), «Тілші» (Алматы) сияқты газеттер «Қызыл Қазақстан» (Орынбор), «Жас қазақ» (Орынбор), «Әйел теңдігі» (Орынбор), «Шолпан» (Ташкент) және басқа журналдар шығып тұрды» [1, 55]. Бұл мерзімді басылымдарда шаруашылық, саясатқа қатысты, оның ішінде партияның тыныс-тіршілігінен хабар беретін ақпаратпен қатар, білім, мәдениетке қатысты құнды мақалалар жарияланды.

Тілі жағынан болсын, көтеретін мәселелері жағынан болсын әр басылымның өзіне тән ерекшеліктері болды. Мәселен, 1922-1923 жылдар аралығында Ташкентте жарыққа шығып отырған «Шолпан» журналы шаруашылық, партия тіршілігі, білім, әдебиет, бұйрық, жарлықтар деген бөлімдерден құралып, халықтықоғамдық маңызы бар жаңалықтармен хабардар етті. «Шолпан» тарихы туралы ғалым С.Смағұлованың «Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы» еңбегінде баяндалады: «1922 жылдың қазан айынан бастап Түркістан Автономиялық Республикасы Орталық атқару комитетінің білім, әдебиет, шаруашылық, саяси журналы ретінде Ташкентте «Шолпан» журналы жарық көріп, оқу, ағарту, бала тәрбиесі, өнер-білім мәселесін жариялап тұруды мақсат тұтты» [1,85]. Жиырмамыншы жылдары ұлт зиялылары Ташкентте шоғырланып, баспасөз, оқу-ағартушылық жұмыстармен қызу айналысады. Осы себептерге байланысты «Шолпан» Ташкентте жарыққа шығып отырды.

«Шолпанның» ғұмыры қысқа болса да, ұлт руханиятының гүлденуіне ықпал етті. XX ғасырдың 20-жылдары қазақ қаламгерлері қаламынан туған қазақ әдебиетінің жауһарлары болып саналатын көптеген үздік шығармалар алғаш рет «Шолпанда» жарық көрді. Бұл турасында журналды жинақтап, баспаға әзірлеген Х.Есенқарақызы: «Шолпан» журналы өзінің қысқа ғұмырында қазақ поэзиясының жанашыры бола білді» [2,13], – деп лайықты бағасын береді.

«Шолпанның» тұрақты авторлары ретінде танылып, журнал беттерінде әдеби мұралар, шығармалар жариялау, әдебиет туралы пікір білдірумен белсенді түрде айналысқан тұғырлы тұлғалар қатарында Ә.Диваев, Ғ.Балақадырұлы, С.Сейфуллин, М.Әуезұлы, М.Жұмабайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Б.Серкебаев, М.Дулатұлы, Ғ.Байтасұлы бар.

XX ғасырдың 20-жылдары қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси өзгерістермен қатар, қазақ әдебиетінде де тың жаңалықтар мен ізденістер пайда болды. «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті әлемдік көркемдік тәжірибені меңгерген дарынды қаламгерлер жасаған, барлық жанрларда дамыған, сұлулық жүйесі қалыптасқан, биік эстетикалық деңгейге көтерілген маманданған өнер екенін тамаша туындылармен әйгілеп берді» [3, 7]. Қазақ әдебиеті түрлі жанрдағы көркем шығармалар, мақалалар, әдеби-сын еңбектермен толықты. Дарынды қаламгерлер мен кәсіби сыншылар қатары көбейіп, көпшілікке таныла бастады. Бұның өзі рухани мәдениеттің дамуына ықпал етіп, халықтың сана-сезімінің оянуына мүмкіндік берді.

«Шолпан» беттерінде жарияланған әдеби туындаларды төрт топқа жіктеуге болады: проза (Мұхтар Әуезұлы, Мағжан Жұмабайұлы), поэзия (Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ғабидаллаһ Балақадырұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Сәкен Сейфуллин, Міржақып Дулатұлы), әдеби-сынмақалалар (Сәкен Сейфуллин, Бекмұхаммед Серкебаев, Абдолла Байтасұлы) мен халық мұрасы (Әбубәкір Диваев). Бұл кезеңде жазылған прозалық, поэзиялық туындылар мен әдеби сын мақалалар төл әдебиетіміздің жетістігін, қаламгерлердің терең білімі мен озық тәжірибесін айқындайды. Проза жанрының биік деңгейге жеткенін, еуропалық классиктермен тең келетінін танытатын шығармалардың бірі – «Шолпанның» 1923 жылы қаңтар-ақпанындағы 4-5-інші санында жарық көрген Мағжан Жұмабайұлының «Шолпанның күнәсі» әңгімесі. Әлем әдебиетінде Ги де Мопассаннан басталып, орыс әдебиетінде Карамзинде кездесетін әйел жанының нәзік қатпарларына үңілу дәстүріне сүйенген Мағжан Жұмабайұлы ұлттық психологизмге тән элементтерді ұтымды пайдаланып, «Шолпанның күнәсін» қазақтың танымына, болмысына сай етіп ұсынады.

«Шолпанда» қазақ поэзиясының баға жетпес асыл қазыналары Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүн» (1922 жыл, қазан, 1-інші саны), Мағжан Жұмабайұлының «Қорқыт» (1922 жыл, қазан, 1-інші саны), «Батыр Баян» (1923 жыл, қаңтар-ақпан, 4-5-інші саны), Міржақып Дулатұлының «Бүркіт кегі» (1923 жыл, 30 июнь 6-7-8-інші саны) жарық көрді.

XX ғасырдың 20-жылдары проза мен поэзия жанрының ілгерілеуіне байланысты қазақ әдеби сыны да қалыптаса бастады. Ұлттық баспасөз беттерінде қаламгерлердің алғашқы сын мақалалары жарыққа шықты. Қазақ әдебиетінде тұңғыш сынға ұшыраған шығармалардың бірі – Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» пьесасы. Ол туралы сын мақаланың авторы «Қоңыр» деген бүркеншік атпен «Шолпан» журналының 1922 жылдың қазанындағы 1-інші санында сын мақала жазған – Мұхтар Әуезов болды.

«Шолпан» авторларының қатарында есімі көпшілікке беймәлім тұлғалар да бар. Мәселен, Шолпанның 1923 жылғы сандарында жарық көрген «Еңбек мектебі» мақаласының авторы – Абдолла Байтасұлы мен Ыбырай Алтынсарин туралы көлемді мақала жазған – Бекмұхаммед Серкебаев.

Абдолла Байтасұлы – XX ғасырда ғұмыр кешкен, Алаштың рухани, мәдени, әдеби өміріне белсенді атсалысқан зерделі әдебиетші, қарымды журналист, шебер аудармашы, парасатты сыншы, ұлағатты ұстаз, зерттеуші. Ол – Халел Досмұхамедұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Қошке Кемеңгерұлы сынды алаш арыстарымен бірге ұлт мүддесін көксеген алаш қалам қайраткері. Абдолла Байтасұлы 1901 жылы ескіше Ақмола губерниясы Петропавл уезі Ортақшылдар болысында (қазіргі СҚО Ғ.Мүсірепов ауданы Шұқыркөл ауылында) дүниеге келген.

«Еңбек мектебі» мақаласында Абдолла Байтасұлы үздік әдеби-эстетикалық көзқарасын білдіреді. Мақаладан қайраткердің ғылыми даярлығы, жан-жақты ізденісі, жүйелі білімі байқалады. Мақалада

Аристотель, Ескендір Зұлқарнайын, Оскар Уайльд, Лермонтов сынды әлем ғұламаларын мысалға келтіруі оның сұңғыла білімін көрсетеді.

«Еңбек мектебі» мақаласының жазылу уақыты алаш руханиятында алғаш әдеби ой-тұжырымдардың пайда болып, ағартушылықтың басталуымен тұспа-тұс келді. Бұл шақтағы әдеби-эстетикалық пікірлер мен көзқарастар – әдебиеттің дамуына, өрістеуіне ықпал еткен басты рухани құралдар.

Мақала басында *мәдениет* деген ұғымға түсінік беріледі: «Адам баласының табиғатында, тұрмыс жүзінде пайдалануы үшін, өзіне іс арқылы икемдеп өзгеріс жасап, өң кіргізіп бағындыруын, һәм іс істеп іскер тәжірибелі болу арқасында, естің ер жетіп жетілуін ғылым тілінде *мәдениет* дейді» [2, 464]. Автор «биік мәдениетке жетудің құралы» деп тәрбиені айрықша атап өтеді. Бұл шығармашылық адамдарға да қатысты жайт екенін ескертеді: «Жастан жанына сіңген тәрбиенің күші, әрі жазушы ақындардың өмір бойы көксейтін бағытына әсер етеді». Ойын дәлелді жеткізу үшін Абдолла Байтасұлы Оскар Уайльд сияқты атақты ағылшын эстетін мысалға алады. «Жер жүзіне бірінші дәрежеде көрікшіл әдемілік сезімін оятқан, Англияның атақты жазушысы Оскар Уайльд өзінің тұрғыластарымен бір мәжілісте отырғанда, галстугін жаман байлаған бір адамның омырауына көзі түсіп, «Красиво завязанный галстук – первый в жизни серьезный шаг», – деп, отырған мәжілісін тастап шығып жүрген» [2, 464]. Сұлулықты, әсемдікті жаны сүйетін, талғамы биік жазушы О.Уайльд қарапайым детальдарға мән беріп, эстетикалық категорияларды: реттілік, көркемдік, асқақтықты адамның бойынан көргісі келгені белгілі. Абдолла «қазақ ақын-жазушылары да жоғары талғамды эстет болсын, үлгі алсын» деген ниетпен О.Уайльдті мысал еткені анық. Себебі ХХ ғасырдағы ақын-жазушыларымыз екіге бөлініп, бір бөлігі әдебиетті идеологияның құралына айналдырған солшылдардың жетегіне еріп адасса, Мағжан, Жүсіпбектер бастаған екінші топ көркемдікке мән беріп, әдебиетті өнер түрі ретіндегі қызметіне көбірек көңіл бөлген. А.Байтасұлы екінші топты жақтап, әдебиеттің эстетикалық-танымдық рөлін нақтылайтын, растайтын мақала жазса керек.

«Шолпан» беттерінде жарық көрген қазақтың тұңғыш ағартушысы, педагог, ақын, ғалым, этнограф Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен қызметі жайлы танымдық мақаланың авторы – Бекмұхаммед Серкебаев. Автордың өміріне қатысты қысқаша деректер: «Бекмұхаммед Құсайынұлы Серкебаев 1892 жылы Омбы облысында дүниеге келген. Ол – Алаш қайраткері, жазушы-драматург, журналист, ұстаз. Бала кезінде М.Жұмабаевпен бірге Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқыған» [4,366].

Бекмұхамед Серкебаев мақалада Ыбырай Алтынсариннің шыққан тегі, туған жері, өскен ортасы, білім алуы, қызметке орналасуы, ағартушылық жолы туралы терең талдау жүргізіп баяндайды. «Қазақ-қырғыздың мәдениеті Ыбырай сияқты адамдарды сөз қылмай, ескерусіз тастай алмайды. Бұл күнге шейін, сөз болмай келген болса да, мұнан былай, келешекте оның жайын майданға салады. Бұл тарихтың заңы» [2,405]. Автор ағартушы Ыбырай

Алтынсариннің еңбегіне жоғары баға беріп, өнегелі қызметін, ұлт үшін атқарған ұлы істерін келешек жас ұрпаққа үлгі етеді.

Қорытындылай келгенде, ұлт баспасөзінің қалыптасу тарихында «Шолпанның» алатын рөлі зор. «Шолпан» халықты қоғамдық-саяси хабарлармен қамтамасыз етіп қана қоймай, әрі ағартушылық, әрі әдебиет пен мәдениетті насихаттау қызметін атқарды. Әдебиет халықтың сана-сезімін оятатын, эстетикалық талғамын қалыптастыратын, білім көкжиегін кеңейтетін құрал болғандықтан, халықтың рухани қажеттілігін өтеу мақсатында «Шолпан» авторлары журналға арнайы әдебиет бөлімін арнады. Осының нәтижесінде қазақ әдебиетінің жауһар туындылары көпшілікке насихатталды. Проза, поэзия әдеби сын мен халық мұрасы бойынша авторлар белсенді түрде шығармаларын журнал беттерінде жариялап тұрды. Кезінде түрлі жанрда «Шолпанда» басылған бұл шығармалар ұлттық әдебиеттің әрі жетістігін көрсетіп, әрі оның даму бағытын анықтады. Бүгінде маңызын жоймаған қазақ әдебиетінің асыл қазыналарын тәуелсіздік идеясы тұрғысынан сабақтастыра зерделеп, баға беру міндеті алда тұр.

Әдебиет:

1. Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 ж.). – Алматы: Елтаным, 2011. – 428 б.
2. Шолпан. Құраст. Х. Есенқарақызы. – Алматы, 2015. – 475 б.
3. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
4. Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Құрастырғандар: Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 б.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ, ТІЛ САЯСАТЫ, ЖАЗУ МӘСЕЛЕСІ

Рухани жаңғыру және сакралды Қазақстан

Әбжанов Х.

*ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор,
ҚазҰАУ «Рухани жаңғыру» гуманитарлық
зерттеулер орталығының жетекшісі,*

***Аңдатпа:** Елімізде сакралды жерлер, нысандар баршылық. Олардың мемлекеттік тізімін жасап, тізімге енгендеріне музей немесе музейдің бөлімі мәртебесін берсе, сақталуы мен пайдалы әсер коэффициенті әлдеқайда артар еді. Қалай болғанда да сакралды нысандар тарихи-мәдени ескерткіштердің ең құндысы екенін қоғамдық санаға сіңіруіміз қажет.*

***Түйін сөздер:** рухани жаңғыру, ұлттық сана, сакральды нысандар, география, ұлттық код.*

***Summary:** There are sacred sites and facilities in the country. Their state-of-the-art list or list of museums or museums included in the list would have a much greater effect on their preservation and usefulness. In any case, we need to absorb the public consciousness that the sacred objects are the most valuable historical and cultural monuments.*

***Key words:** spiritual revival, national consciousness, sacral objects, geography, national code.*

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы пайымдар мен нақты ұсыныстар тәуелсіз Қазақстанды мемлекет ретінде, ал оның азаматтарын азат адамдар қауымдастығы дүниетанымымен қалыптастыру жолындағы ізденістерінің қисынды жалғасы болып табылады. Мұнда әлемдік және отандық тәжірибені ой елегінен өткізумен ХХІ ғасырдағы ұлттық сананың мәнді сипаты тиянақталып, оны замана сынағынан аман-есен алып шығатын жобалар ұсынылған. Болашақты байыпты болжай алған еңбекте екі стратегиялық міндет күн тәртібіне қойылды: біріншісі – ұлттық сананы заманауи биікке көтеру үдерісінде қазақтың қазақ қалпынан айырылып қалмау; екіншісі – жаңаша жаңғыру үстіндегі әлемдік өркениет тұлпарының құйрығынан емес, жалынан ұстап, тәуелсіз еліміз бен халқымызды тарих шаңына көмілуден сақтайтын бәсекелік қабілетін шыңдау, ең дамыған 30 елдің қатарына ену.

Қос міндетті шешу үшін экономика, саясат, ұлттық қауіпсіздік, әлеуметтік инфрақұрылым, биік технологиялар қаншалықты маңызды болса, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар да соншалықты қажет. Айталық, қазақтың қазақ екенін, басқаларға қай тұрғыдан алыс-жақынын айшықтайтын ұлттық код болмысын түсінуге физика, химия, биология, генетика ғылымдары азды-көпті шылбыр ұстататыны рас-ау, бірақ тарих, тіл, мәдениет, философия, этнология, әдебиеттану ғылымдарынсыз қайдан шыққанымызды, қандай белестерден өткенімізді, тапқанымыз бен жоғалтқанымызды дұрыс ұғынудан қалып, Лин Баоны Елібаймен, Абылайды

некесіз туған ұлмен шатастырған адасуларға жол береміз. Кезінде Алаш қайраткерлері ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының мешеулігін қоғамдық-гуманитарлық ғылымдағы күрделі ахуалмен байланыстыра сөз қылғаны бекер емес. М. Дулатұлы 1914 жылы жазылған «Абай» мақаласында былай деген екен: «Қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы тарихы, әдебиеті жоқтықтан. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып, жоқ болады... Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа, бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ».

Әрине, бұдан ғылымның басқа салаларына – техникаға, жаратылыстануға менсінбей қарауды іздемеу керек. Әңгіме ұлттықты сақтап, ілгері басу, тұлғаға артылар миссия туралы ғана болып тұр. Ал содан бері талас-тартыс, сын-қатер бұрынғыдан еселеп артты. Ондаған империялар ыдырады, жүздеген тілдер жоғалды, миллиондаған адамдарды соғыс жалмады. Демек, Президенттің бағдарламалық мақаладағы: «жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу..., егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», – деген тұжырымында теориялық, методологиялық, танымдық зор әлеует жатыр.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қоғамдық сананы заманауи биікке көтеруге септесетін алты жоба ұсынылғаны белгілі. Соның төртіншісі – «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы. Бұл жобаны жүзеге асырудың мақсаты – халықтың ұлттық бірегейлігін және құндылықтарын бекемдеу, жат идеологияға төтеп беретін қалқанды орнықтыру.

Сакралды сөзінің түп-төркіні латын тілінде жатыр. Еуропалықтар осынау ұғым-түсінікпен өздері ерекше қастерлеген діни, тіпті мистикалық құбылыстарды, күнде көріп жүрген нақты дүниеден өзгеше болмысты, иррационалды дүниені, нысандарды бейнелеген. Күні бүгін де бастапқы мағынасын сақтап келеді. Тап осы себепті дін атаулыны апиын ретінде қабылдаған кеңестік билік сакралды география теориясы мен практикасының адымын аштырмай, жөргөгінде тұншықтырды.

Қазақ халқы *сакралды* сөзін естімей тұрып-ақ дінді ғана емес, бүкіл қоршаған ортаны қастерлеудің классикалық қағидаларын қалыптастыра алды. Адамдардың күнделікті өміріне қатысты тыйымдарымыздың өзі мән-мағынасы жағынан қастерлеудің сакралды деңгейіне жете-қабыл. Мәселен, табалдырықта тұруға, босағаны керуге, малды ұруға, молаға қарай жүгіруге болмайтынын қатаң бақылауы шаңырақты, мал-жанды, аруақтарды – екі дүниені де ерекше құрметтегеніміздің дәлелі. Сакралды география философиясының түпкөздегені де – осы.

Қазақтың сакралды әлемге қатысты ұстанымына сәйкес тілдік қоры да қалыптасты. Солардың ішінде үш сөздің мәні мен миссиясы айрықша көзге түседі. Ол сөздер – әулиелі, киелі, қасиетті. Әрқайсын талдауға бір-бір кітап

арнаса, артықтық етпейді. Ал біздер алдымен сакралды әлемнің «әулиелі», «киелі» ұғым-түсінігіне қандай сәйкестігі барына тоқталғанды жөн көрдік.

«Әулие» – қазақ тіліне арабтан енген сөз. «Түпжаратушының досы, адамды дұрыс жолдан адастырмаушы» дегенді білдіреді. Ендеше, «Әулие», «Әулиелі» сөздері діни сакралды географияға қатысты мағынада қолданылуы керек. Мәселен, ғұлама дінтанушылар – Қ.Ясауи, Мәшһүр Жүсіп, А.Машанилердің кесенелері сакралды географияның «әулиелі» атауымен ұлықтауға сәйкес келсе, барша ғұмыры жоңғармен соғыста өткен XVIII ғасыр батырын, айталық, Ақтамберді батырдың жатқан жерін әулиелі деуге негіз жоқ.

«Киелі» сөзінің мән-мағынасы өте күрделі. Халқымыз осы ұғыммен зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке қарсылығын, адамның, табиғаттың, қоғамның арасындағы жарасымдылық пен үйлесімді сақтауға құштарлығын білдірген. Жүгірген аңның, ұшқан құстың, жер мен судың, ерекше қасиетке ие адамның киесі ұрады деуімен қоғамдық-саяси, рухани, экологиялық, әлеуметтік тұрақтылықты, ынтымақ пен ықпалдастықты бәрінен жоғары қоя алған. Батыс тарихнамасында әлі күнге дейін өмір сүріп келе жатқан қате тұжырымды – көшпелілер өркениеттен тыс қалған, олар соғысқұмар, отырықшыларға тыныштық бермеген тәрізді пайымдарды жоққа шығара алғанын да білуіміз керек.

«Әулиелі», «Киелі» ұғым-түсінігінен туындайтын қазақ әлемінің, оның ішінде тарихының да гуманистік және жасампаз әлеуетін өзімізге де, өзгеге де түсіндірудің маңызы зор. Бодандықтағы үш ғасырға жуық уақыт ішінде әулиелі, киелі жерлеріміз аз бүлдірілген жоқ. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек.

Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз. Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де бізді кез келген рухани жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтанышымыздың қайнар бұлағы», деген ой-түйіндер, біріншіден, ұлттық кодымыздың тынысын кеңейтуді көздейді, екіншіден, мәдени, ғылыми, ономастикалық, т.б. міндеттерімізді тиянақтап тұр, үшіншіден, ең бастысы – қазақ қазақ қалпында ғана жаһандық бәсекеге төтеп бере алатынын еш бүкпесіз жайып салды. Турасын айтқанда, тәуелсіздіктің ғұмырын ұзартып, «Мәңгілік Елге» айналу үшін, Үшінші жаңғыру үшін бізге қазақ болып қалғаннан басқа жол жоқ.

Мақалада сакралды географияның мән мағынасы қазақы қос сөзбен – қасиетті, киелі ұғымдарын қолданумен ашылған. Осыдан-ақ төл тарихымыз бен өркениетіміз жаһандық үдерістен, ақыл-ой бәсекесінен тыс тұрмағанын байқауға болады. Президент көрсеткен бағыт-бағдардың мәні мен мазмұнына бойлау үшін қоғамдық-гуманитарлық ғылым иелері зор теориялық,

методологиялық мүмкіндік пен пайымдарды туындатуы керек. Сонда өзімізді өзіміздің тануымыз, рухани жаңғыруымыз сапалы жаңа биікке көтерілері сөзсіз.

Танымдық тұрғыдан және уақыттық шегі бойыншасакралды жерлерге нені жатқызуға болады? Сакралдық көрсеткіші неде? Тарихи-мәдени ескерткіштердің бәрі бірдей сакралды болуы мүмкін емес қой. Біздің ойымызша, олар адамның санасына, дүниетанымына, тіпті тағдырына тылсым әсерімен сакралды мәртебесін иеленуі керек және тарихи генезисі бойынша үш топтан тұрады: біріншісі – ислам діні келгенге дейінгі арғықазақтардың салт-дәстүрі мен ритуалдары орындалған, әлі де орындалатын жерлер. Мәселен, Наурыз мейрамы қарсаңында Маңғыстаудағы Оқпантауда алау жағу дәстүрі бар.

Ал, Өз Наурыздың тарихы Исламнан әріде жатыр. Халық қастерлейтін ол жерді барша ықыласымен атқаратын сол іс-әрекет орнын қалайша сакралды емес дей аламыз.

Екіншісі – ислам діні ұлы далаға келгеннен беріде қоғамдық санада берік орныққан нысандар. Бұл орайда ежелден белгілілері мен кейбір пысықайлардың өз пайдасы үшін аяқ астынан ойлап тапқан нысандарды шатастырмау керек. Еуропа мен Азияның тоғысында орналасқандықтан Қазақстан діндер мен мәдениеттердің, түрлі өркениеттердің ықпалдастығын бастан өткерді. Біз үшін екі рухани құндылықтың парқы мен нарқы алабөтен. Олар – тәңіршілдік пен ислам. Осы екеуіне қатысты жерлердің, нысандардың, ескерткіштердің болмыс-бітімін анықтап, сакралдыға кіретін – кірмейтінін ғылыми бекемдейтін сәт келді. Отар өлкеге айналғанға дейінгі дәуірлерден жеткен жат діндер мен қазіргі қатерлі діни ағымдар мұрасын сакралды география мәртебесімен танудың реті жоқ.

Үшіншісі – ұлы тарихи оқиғаларға қатысты сакралды жерлер. Айталық, Алматыда «Кеңсай» қорымы бар, Астанада пантеон пайда болды. Екеуінде де ұлтымыздың мақтаныштары жатыр. 2012 жылы Астанада, биылғы 31 мамырда Алматыда ашаршылық құрбандарына ескерткіш ашылды. Қазірдің өзінде олар жас пен кәрінің тәу ететін, қызыл зұлматты айыптайтын факторға айналуға. Бұл топқа кіретін сакралды нысандарды «қасиетті» терминімен айшықтауды ұсынамын.

Қысқасы, тылсым күдіреті адамға, оның денсаулығына әсеріменерекшеленетін сакралды географияны «киелі», «әулиелі», «қасиетті» деп ара-жігін ажыратсақ, қателесе қоймаспыз.

Сакралды география мәдени-генетикалық кодты сақтауға қызмет ететінін ескерсек және олар тарихи-мәдени ескерткіштердің шағын ғана бөлігін (10 пайызға жетер-жетпес шамасында) құрайтын болғандықтан әулиелі, қасиетті, киелі жерлердірухани жаңғырудағы маңызы бойынша екі деңгейден тұратын вертикалды құрылымға жіктеуге негіз бар. Бірінші деңгейдегіқұрылымға жалпыұлттық сакралды нысандар кіреді. Шартты түрде «базалық сакралды құндылық» деп айдарлауға болатын тәрізді. Екінші деңгейдегіқұрылымды жаһандық сакралды нысандар құрайды. Мүмкін

бұларды «топ-сакралдық» деуге болатын шығар. Осы сұраққа Президент мақаласындағы: «мәдени маңыздылығы тұрғысынан біздің Түркістан немесе Алтай – ұлттық немесе құрлықтық қана емес, жаһандық ауқымдағы құндылықтар» деген жолдар толық жауап беріп тұр.

Сакралдынысандар адамдарды ұлтына, жынысына, руына, тайпасына қарай алаламай, өзіне тартып тұрады, оларға жақсылық сыйлайды, алдағы күнге сенімін арттырады.

Қазақстандасакралды жерлер, нысандар баршылық. Алдымен осылардың мемлекеттік тізімін жасау керек. Мемлекеттік тізімге енгендеріне музей немесе музейдің бөлімі мәртебесін берсе, сақталуы мен пайдалы әсер коэффициенті әлдеқайда артар еді. Қалай болғанда да сакралды нысандар тарихи-мәдени ескерткіштердің ең құндысы екенін қоғамдық санаға сіңіруіміз қажет. Келесі міндет – мәртебесінанықтау. Ең маңыздысы – әрқайсына қатысты байтақ зерттеу жүргізіп, аңыз, хикаяларын, деректерін жинау. Арнайы ғылыми-зерттеу институтын ашса, артықтық етпес еді. Сакралды жерлердің картасын жасау, экспедициялар ұйымдастыру, мұрағаттар мен кітапханалардан деректер жинау, оларды ғылыми нәтижеге айналдыру, біріншіден, ғалымдар мен мамандарды ортақ мақсатқа жегуді, екіншіден, уақытты, үшіншіден, мол қаражатты талап етеді. Әзірге тиісті министрліктер адами капиталмен жұмыс істеуде, жер-жерден тізімдер алынып, нақтылануда, атқарылатын іс-шаралардың кешені мен реті анықталуда. БАҚ-тардың белсенділігі жоғары. Біздің ойымызша, үлкен шаруа келер жылы басталады. 2018 жылдың аяғына қарай жекелеген облыстардағы сакралды жерлер жайлы іргелі кітаптар мен телематериалдар дестесі дүниеге келсе, оқу құралдары жазылса, нұр үстіне нұр дер едік.

Сакралды жерлерге қатысты жұмыстарды (жол салу, қонақ үй тұрғызу, қираған нысандарды реставрациялау мен реконструкциялау, ономастикалық шешімдерді рәсімдеу, т.б.) қолдан келгенше бір мезгілде жүргізген жөн. Туристік бағыттарды біліктілікпен тиянақтаудың маңызы зор. Жол азабын жоймай, туристің келуінен дәмету – адасудың басы. Сакралды жерлер туризмі ақша ғана әкелмейді, жаңа жұмыс орындарын да ашады. Білетіндердің айтуынша, әрбір турист жеті адамды жұмыспен қамтиды екен. Қастерлі рухани құндылықтарды ұлықтаудың соңғы нүктесі арнайы заң қабылдаумен қойылатынынан үміттіміз.

Сакралды жерлер «ақтаңдақтардан» ада емес. Соларды жою – ұлттық тарихты қалың көпшілікке жеткізудің пәрменді тетігі. Әзірге Қызылорда облысындағы Бегім ана мұнарасын, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ақсүмбені, Қостанай облысындағы Мұғалім көлін рухани құндылық ретінде әркім мойындай бермейді. Тарихи тұлға Бегім ана, шыққан тегі жайлы әр жылдары Ә. Марғұлан, Ә. Кекілбай, А. Сейдімбек, Ә. Жәмішев, И. Жақанов, І. Мыңбай, т.б. азаматтар зерттеулерін жариялады, аңыз-әңгімелер жинады құнды-құнды ұсыныстарын алға тартты. Жалпыұлттық мән берілмегендіктен, өкінішке орай, осы сакралды нысан көпшілікке танымал емес.

Жасампаз әлеуеті рухани жаңғыру үдерісіне толық жегілмеген сакралды нысандар бар. Соның бірі – Шиелі ауданы аумағындағы Оқшы ата кешені. Дерек бойынша, мұнда Асан ата, Есабыз, Қыш ата, Ғайып ата, 19 ғасыр тұлғалары – Бала би, Досбол датқа сүйектері жатыр. Жергілікті әкімшілік пен ғалымдар қолға алса, әулиелі – киелі кешенді осы заманға сай абаттандырып, туризм, білім, тәрбие ошағына айналдыруға болар еді. Жалпы, Қызылорда облысының мекендері Сырды, теміржол бойын қуалай орналасқандықтан сакралды географияны ұлықтауға, кәдеге жаратуға сұранып тұр.

Сакралды география – ұлттық құбылыс. Демек, Елбасымыздың мақаласындағы: «тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді», деген қағиданы басшылыққа алумен коммунистік елестен біржолата қол үзгеніміз жөн. Кезінде Кремльдің бас қиялшысы орыс тіліне тезірек көшу коммунизмді тезірек орнатудың шарты екенін қоғамдық санаға тықпалаған екен. Империялық ұлт мүддесіне адал басшы басқаша сөйлеуі мүмкін де емес. Енді қазақтың мүддесі сөйлейтін уақыт туды. Тәуелсіздігімізді әлем мойындаған шақта рухани жаңғырудағы, қоғамдық санадағы, ономастикадағы ұлттық, мемлекеттік мүддемізді басымдықпен алға шығарып, сакралды жерлерімізді әліппеде ұлықтаудан Заң күшімен қорғауға дейін қисынды жүйелей алсақ, ешкім қазақты ұлтшылдықпен айыптай алмайтынына кәміл сенемін.

Сакралды нысандардың біршамасы елді мекендерден жырақ жатыр. Ертең соларға апаратын жол, жол бойына әлеуметтік инфрақұрылым түсері сөзсіз. Салынатын жол мен инфрақұрылымға жоба шағынан дұрыс ономастикалық атау беруді қадағаламасақ, мысалы, Нысанбай жыраудың басына, Ақтау бекінісіне, Астанадағы пантеонға апаратын жол немесе нысан «Новый Абай», «Семь бочек», «Синема Сити» аталып шыға келуі бек мүмкін.

Сакралды нысандардың мекен-жайы, яғни, адресі көп мәселеден хабар береді. Ойымыз түсінікті болу үшін бір ғана мысал келтірейік. Алматыда «Ғылым ордасы» бар. Ол – кешегі ғылым академиясының бас ғимараты. Мұнда кезінде Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, А. Жұбанов, т.б. тұлғалар еңбек еткен. Сөз жоқ, сакралды, қасиетті мекен. Бірақ ол Шевченко көшесінің бойында тұр. Есесіне Марғұлан көшесі қаланың шет жағына ығысып кеткен. Керісінше болуы керек еді. Қысқасы, сакралды нысанды қоршаған елді мекендер атауы, жер-су ономастикасы – бәрі ұлттық-тарихи реңкпен ерекшеленгені абзал.

Сакралды жерлер атауларын қоғамдық санада төл тарихымызбен ажырағысыз байланыста орнықтыру арқылы қазақстандық патриотизмнің іргетасы – жерге, тілге, мемлекетке құрметімізді нығайтамыз. Бұл қазақ жеріне көзін тігіп жүрген басқаларға да сабақ болғанына қоса, ұлттық тіліміздің мәртебесін, мемлекетшіл санамыздың деңгейін арттырары сөзсіз.

Рухани жаңғыру биыл жарияланған Үшінші жаңғыруымыздың құрамдас бөлігі болып табылады. Оның түп көздегені – ұлттық кодымызды қорғай отырып, бәсекеге қабілеттігімізді шыңдау және ең дамыған 30 елдің қатарына ену. Бұл істің жанашыры да, жоқтаушысы дасакралды географияны айналып өтуі мүмкін емес.

Қазақ жазуы: әліпбиге кемелдік керек

Салқынбай А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, филология ғылымдарының докторы

Аңдатпа: Мақалада грамматологиялық негізі жүйелі зерттелген, қазіргі таңда қолданыста бар, әлемдік деңгейде жазу ғылымы тарихынан қазақ әліпбиі ретінде орын алуы қажет бірден бір әліпби Ақымет Байтұрсынұлы түзген әліпби екендігі айтылады. Ал қазақ тіл білімінде жазу ғылымының (грамматологияның) негізін қалаған А.Байтұрсынұлы екені даусыз шындық.

Түйін сөздер: Ақымет Байтұрсынұлы, жазу ілімі, рухани мәдениет, әліпби.

Summary: The article states that grammatical foundations are systematically studied, and nowadays it is the only alphabet of the world to be used as a Kazakh alphabet from the world of writing science history, which is created by Akimet Baitursynov. And the founder of writing (grammar) in the Kazakh linguistics. It is undeniable truth that Baitursynov is.

Key words: Akmet Baitursynov, writing education, spiritual culture, alphabet.

Жазу – жалпы мәдениеттің, ғылымның басты тетігі. Ғылым немесе «ғылымның ғылымилығы» деген түсінік (Жак Деррида) көп уақытқа дейін логикамен байланысты ұғынылып, философияның өзі негізінен логикамен сәйкестендіріле қарастырылып келгенмен, қазір ғылымның ғылым болуы тек жазумен байланысты болатыны метафора емес.

Жазу – адамзат қоғамы жасаған мәдениеттің биік шыңы. Пиктографиялық және идеографиялық жазулардан бастау алатын жазу тарихы адамзаттың жүріп өткен жолынан мол ақпарат беретін басты құндылық. Жазу болған жерде тарих бар, білім – жүйелі, ой – тиянақты, ғылым – сапалы, рухани қазына жинақы. Ғылымның бар болуы жазумен тікелей байланысты, сондықтан сөйлеу мен жазудың қатынасының басты анықтағышы да, ойлаудың таразыланып, ортақ игілікке айналуының да басты әрі негізгі көрсеткіші – жазу. Елдің, ұлттың тарихы таразыланғанда, рухани мәдениетінің парқы мен нарқы зерделенгенде жазудың қадірі арта түседі. «Біздерде мынадай бар, мынадай бардың» нақты дәлелі болады. Жазумен таңбаланып, анықталмаған тарихқа мұрагерінді қалай сендірмексің, бабадан қалған мұрам еді деп кімді иландырарсың? Қандай формада болса да, жазумен қалған тарих – еліңнің еншісін бөлмей сақтауының басты кепілі. Жазусыз тарих көптеген талас-тартыстарға жол ашып, Елдің кешегісін көз алдына келтіре алмай, ертеңіне деген кемел сенімін әлсіретері даусыз. Осындай аса бір қажеттіліктің мәнін терең ұғып, төл жазу туғызып, төл

әліпби жасаған ХХ ғасыр басындағы қазақ көсемі, біртуар кемеңгер ғалымы – Ақымет Байтұрсынұлы еді.

Грамматология ғылымына неге назар аударамыз? Грамматология – жазу туралы, жазу жүйесі туралы, жазудың генеологиялық тарихы мен даму жолдары, мәдениеттегі жазудың рөлі мен орнын саралайтын тіл білімінің бір саласы. Бұл саланы алғаш жүйелеп, ғылыми тұрғыдан негіздеген америкалық ғалым И.Е.Гельб. Ол «Опыт изучения письма (основы грамматиологии)» атты зерттеуінде алғаш «грамматология» терім сөзін қолдана отырып, адамзаттың жазу тарихына терең талдау жасайды [4].

Қазіргі Еуропа ғылымында жазудың маңызы мен рөлі жоғары бағаланады. Бұл туралы Жак Дерриданың жазған ғылыми зерттеулерін келтіру орынды болмақ [5]. «Вопросы истории письма, процесс его постепенной фонетизации и линейризации лежат в корнях и основаниях всех наук», – деп жазады Ж.Деррида. Жазудың табиғатын мәдени-философиялық бағытта таразылаған Жак Деррида оның мәдени дамудағы маңызды рөлін анықтайды.

Ал Ақымет Байтұрсынұлы: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. .. Сөйлей білу қандай керек болса. Жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріпжазу сондай керек», – деп қисынын тереңнен тартады.

Алдымен, мәмілеге келетін нәрсе – А.Байтұрсынұлы түзген араб таңбасына негізделген әліпби қазақ тілінің сөйлеу тілін дәл таңбалайды; барлық емлелер нақтылығымен, ғылымилығымен ерекшеленеді; бүгінге дейін қолданыста бар (Қытайдағы қандастарымыздың қолданысында).

«Әліпби деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы», – деп жазған Ақымет Байтұрсынұлы әріптердің тіл дыбыстарын нақты таңбалауына, оқуға және жазуға жеңіл келуіне, үйретуге оңай болуына басты назар аударады [1]. Ғалым жасаған әліпбидің басты ерекшелігі ретінде қазақ сөзін дәл таңбалап, әрбір таңбаның мәні мен ерекшелігін нақты сипаттап, әрі осы дәлдік пен нақтылықты ғылыми тұрғыдан терең талдауында дер едік.

Ақымет жазуы неге «төте» деп аталып еді. Жауап автордың өзінде: «Бірден дыбыстарды қосып, сөз қылып оқығандықтан, бірден қаріптерді қосып сөз қып жазғандықтан, ежіктеп, қажымша оқытудың қасында бұл әдіс неғұрлым төте еді. Сондықтан да «төте» оқу деп аталып еді. Біз бүгін Ақымет жазуының өзін емес, оның жазуды таңдауы мен белгілеуін, дыбысты жазуы мен үйретудегі әдістерін, емледегі ұстаған басты қағидаттарын меңгеруіміз қажет болғандықтан, кей тұстарын ежіктей түскіміз келеді.

Қазір бәрімізге белгілі елімізде «рухани жаңғыру» үдерісі қолға алынууда. «Рухани жаңғырудың негізгі базалық ұғымдарының бірі – жазу» деп таныған Ақымет былай дейді: «Арттағы жұрттың бірі – қазақ. Басқалар жаңаланып (бізше «жаңғыру» терімсөзі) жатқанын көріп, біз де жаңаланғымыз келеді, бірақ не пайда? Көңіліміз тілегенмен, қолымыз

жетпейді. Іске жалғыз көңіл емес, қол да керек. Сондықтан жаңалайық десек, те, жаңалық бізден алыс жатыр. Бұл әліпби кітабы жаңа әдіске көшу жүзіндегі көңіл тілегі мен қол қысқалығын бір-біріне жанастырып, жақындату шарасын табу түрде шығарылып тұр» [2, 50]. Яғни, Алаштың рухани көшбасшысының сөзі бүгінгі біздің басымызда болып жатқан әрекеттерді де дәл сыпаттап тұр емес пе?

Жасалған әліпби ең алдымен оқушыға тез жазып, жылдам оқуды қамтамасыз етуі тиіс. Ақымет жасаған төте жазуда «үйрету жағынан «дыбыс әдісі» мен «тұтас оқу» әдісінің екеуіне бірдей жарарлығы көзделді». Қазіргі қолда бар әліпбиімізде осы тұтастық жетіспей жатқандығын айту парыз. «Тұтастық» сөздің таңбалануында да, оқылуында да қажетті әрі басты шарт.

Қазақ жазу ілімі теориясында әріп саны фонема санымен бірдей болуы жетілген жазу екенін танытады деген тұжырым А. Байтұрсынұлы еңбектері арқылы қалыптасты. Әріптің фонемадан аз болуы түркі тілдеріндегі сингармония заңының сөздің негізгі құрылымы мен мағыналық ерекшелігін аша алу қасиетімен байланысты. Дауыстылардың бірыңғай жуан-жіңішкелігі сөздің барлық буындарында сақталатындықтан, көп таңбадан гөрі, сөздің алдына дәйекші белгісін қою арқылы жазу экономиясына жетуге болатынын табуы – Ахмет Байтұрсынұлының реформаторлығы ретінде танылады. Қазақ тіліндегі жиырма төрт түрлі дыбысты таңбалаудың өзіндік ерекше жолы мен жүйесін ұсынған ғалым «қ» мен «ғ» дыбыстарының ылғи жуан, «к» мен «г», «е»-нің ылғи жіңішке айтылатынын ескерте отырып, былай деп жазады: «Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, .. онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын «қ» мен «ғ»-ны қосқанда дайым жіңішке айтылатын «к» мен «г», «е»-лерді қосқанда, бәріне 43 белгі (харіп) керек» [2].

«Дауысты дыбыстар сөздің жаны, дауыссыз дыбыстар сөздің тәні есебінде» деп санаған Ахмет Байтұрсынұлы әрбір әріп пен оның айтылу жолын тәптіштеп түсіндіріп, жазу емлесін жасайды. «Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстардың иелігінде» [2, 328], – деп түсіндірген ғалым қазақ тіліндегі үндестік заңының ерекше қасиетін айта отырып, оның айту мен жазудағы нақты әрі табиғи қалпын сақтап, дауыссыздың өзі, шындап келгенде, осы заңға бағынатынын дәлелдейді. Бұл ғылыми шындықты кейінгі ғалымдардың мойындағаны, теориялық-тәжірибелік тұрғыдан анықтағаны – тағы шындық (Ө.Жүнісбек).

«Жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Әр дыбыстың әр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін танымыз» деуінде үлкен мән бар [3]. Демек, ғалым үшін қазақ тілінің айтылымындағы фонема саны мен әріп саны шамалас, дәл келуі керек. Ғалым дауысты дыбыстардың графемалық қасиетін – «буыншы әріп» ретінде танытады да, олардың мәнін, сөз құрамындағы мазмұндық сипатын ерекше талдайды. Сөз мағынасын анықтайтын дәйекші белгінің маңызын жіті түсіндіреді.

Қазақ жазу ілімінің атасы А. Байтұрсынұлы «Дыбысқа сәйкестеп әріп алынбаса, сөздің жазылуы мен айтылуы бөлектенбей қала алмайды» деген

ойын бірнеше жерде жұмырлайды, дыбыстар мен әріптер арасындағы қарым-қатынасты терең барлай келе, «дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөздің жазылуы мен айтылуының арасында да сәйкестігі күшті» екенін анықтайды [2, 359-360]. «Тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі бар болса», тәртіпті жазу болатынын қайталай ескертіп отырады [2, 380].

Қазақ жазу үлгісін ағылшын, американ, француз, қытай жазуларымен салыстыра отырып, олардан ерекше екенін дәлел келтіре отырып анықтап, айтылу мен жазылу арасындағы сәйкестігі мол жазулардың қатарына төте жазуды да жатқызады.

Әліпби түзген, тыныс белгілерін нақтылаған, жазу үлгісін көрсетіп, графема мен фонема арасындағы сәйкестікті терең талдаған А. Байтұрсынұлы емле тәртібіне де мән береді. Әлем халықтарының емле жүйесінен мол хабары бар ғалым, қазақ сөзінің ішкі болмысына сай келетін жүйені, дұрыс сауаттандыратын емлені қажет санайды. «Сауаттылық негізі жазу» деген жолды берік ұстана отырып [2, 362], «жазу – әріптердің сүгіретін сала тізу, оқу – әріптердің дыбыстарын айта тізу» екенін нақтылайды.

Ғалым емленің төрт негізін атап көрсетеді:

- таңба жүйелі (негізі – ынтымақ);
- тарих жүйелі (негізі – дағды);
- туыс жүйелі (негізі – тегіне қарай);
- дыбыс жүйелі (негізі – естілуіне қарай).

Оларға жеке-жеке талдау жасай отырып, әрбірінің ерекшелігі талдап, оң тұсы мен қазақ сөзіне сәйкес келмейтін жағын ғылыми тұрғыдан саралап зерделеді. Ең бастысы – қазақ сөзінің дұрыс жазылуына ерекше мән береді, ауызша айтылғанның бәрін сол қалпында жаза салуға да болмайтынын атап көрсетеді.

«Қазақтың төл жазуы» деген түсінікті А. Байтұрсынұлы еңбектерінен кейін қолдануға мүмкіндік туды. Өйткені қазақ сөзінің өзіне тән айтылым, жазылым ерекшеліктері мен сипаты осы еңбекте жан-жақты анықталып, грамматология ғылымы талап ететін заңдылықтарға басты көңіл бөлініп, негізгі ғылыми жауабы берілді.

Жазу туралы ғылым өзінің дербес пәнін нақтылау үшін, тілдің табиғи қалпын таңбалайтын, ғылыми сипатын іздеуі керек десек, А.Байтұрсынұлының қазақ жазуы туралы жазған ғылыми пікірлері осы талаптарға толықтай жауап береді. Төте жазудың сөздің дыбыстық табиғатына жақын келіп, оқуға және жазуға оңай болуы үшін Ақимет түсіндіруіне қарап отырып, осы жазудың қазақ сөзінің болмысын таңбалау үшін барын салғанын аңғару қиын емес.

Қазақ сөзінің дұрыс жазылуы үшін «туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қамалмай, екеуінің арасынан жол тауып беретін» Байтұрсынұлы ұсынысы бүгінгі күнгі орыс жазуына негізделген әліпбиіміздің де басты талаптарының жасалуының теориялық негізі болған

деп есептейміз. Бұл Ақымет ұсынған сегіз ұсыныстың ғылыми негізділігі мен жүйелілігін танытса керек.

Әліпбиді жасаған кісінің (елдің) басты міндеті – оны бұқараға үйрету болса керек. Ақымет былайша ескертеді: «Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды; оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады. Үйретушінің де жігері құм болмай, ісі ілгері оңай жылжыған сайын, көңілденіп оқытуға жаһады зорайып, шабыттанады» [2, 323]. Қарапайым айтылған шындық, бірақ қарадүрсін емес. Біздің қазіргі ұсынып жатқан жазуымыздан жастың да, жасамыстың да тауы шағылмай жылдам үйреніп алуы тиіс екеніне ерекше назар аудару لازم, өйткені баласын үтірлі латыншадан қашырып, үйренген кириллицамен оқыта беруге пейілді ата-аналар саны қоғамымызда көбейіп келе жатқанын жасыруға болмайды. «Сондықтан әліппе кітабы оңай болып, оқытқанда балаларды неғұрлым аз қинаса, соғұрлым жақсы болмақшы» [2, 324].

Сонымен, А. Байтұрсынұлы – қазақ жазу ілімі ғылымының негізгі ғылыми-теориялық тұжырымын жасап, тәжірибелік жолын қалыптастырған, фонема мен графема арасындағы қатынастың тереңдігін дәл тауып, айтылу мен жазу арасындағы сәйкестіктің мүмкіндігінше мол, нақты болуына басты назар аударған тұңғыш ғалым. Ал жазу-сызуы кеш дамыған деп танылып жүрген қазақ халқының тіл білімінде Ақымет Байтұрсынұлы арқылы тек жазудың өзі ғана емес, сонымен бірге оның ғылыми жүйесі негізделгенін, әрбір таңбаның сыры мен қыры анықталып, емлесі орныққанын және бұл жазудың сөйлеу тіліндегі дыбысталуына дәл және толық сәйкес келгенін көрсету орынды болмақ.

XX ғасырдың ең үлкен қасіреті – қазақ сынды еркін көшіп, кең жайлаған дала халқының Ф.И. Голощекиннің қолдан жасаған «көшесінде» отырам деп, малынан айырылып, ашаршылыққа тап болуы ғана емес, жиырма-отыз жыл көлемінде жазуын үш рет ауыстыруы еді. Рухани құлдырау, түпкі шын тарихынан көз жазу, сауаттылық пен сауатсыздықтың арасын мөлшерлеуден ажырау – жазудың ауысуымен тікелей байланысты деп қарауымыз қажет. Адам өзінің сезімін, ойын, түсінігін белгілі қалыптасқан шартты таңбалар арқылы, яғни, жазу арқылы бере алады. Бұл жазу не таңба барлығына түсінікті болуға керек. Ал өткен ғасыр басындағы жазудың ауысуы қазақ халқын осындай бір-біріне түсінікті болудан, бірін бірі жазу арқылы түсінуден айырды.

Кешеге дейін жазылған ғылыми әдебиеттерде көшпенді қазақ халқының мәдениеттен, соның ішінде жазу мәдениетінен кейін қалып, кешеуілдеп дамығаны тілге тиек етілетіні жасырын емес. Ал XX ғасыр басында жазылған Ақымет Байтұрсынұлы жазған еңбектерде қазақ жазуының жүйесі талданып, төте жазу ұсынылып, оның грамматологиялық табиғаты ашылғанын көрсету арқылы қазақ мәдениетінде жазу туралы ғылыми зерттеулердің болғанын, оның кеңестік саясатпен тұншықтырылғанын нақты деректер арқылы таныта аламыз. Тек әліпбидің жайы мен емлелердің мәні жөнінде ғана Ақымет Байтұрсынұлының жиырма шақты ғылыми мақаласы бар. Мұнда жазылған

мәселелер өзінің ғылыми сипаты жағынан әртүрлі болып келеді. Заманындағы айтыс-тартыстарға жауап ретінде, елге түсіндіру мақсатында жазылған ғылыми еңбектің бүгінде де өзектілігі бар. Қазақ ғылымында қазірге дейін шешілмей, үлкен полемика туғызып отырған жазу, жазу ауыстыру мәселесі сол Ақымет көтерген және жауап берген деңгейден жоғары аса алмаған.

Ғалым зерттеулерінде әліпбидің жалпы ғылыми теориялық мәселелеріне қатысты да өз пайымдауларын айтып отырады. Мәселенки, «жақсы әліпбидің сыпатын таныту» үшін, оның төрт түрлі қасиетін санамалап көрсетіп, түрік әліпбиіне, латын әліпбиіне қатысты өзінің көзқарасын білдіреді. Бұл көрсетілген талдаулар қазіргі грамматологияда талданып жүрген ғылыми зерттеулердегі қисындардан артық болмаса, кем емес дер едік.

Қорыта айтқанда, Ақымет Байтұрсынұлы түзген әліпбидің Қазақ әліпбиі ретінде, грамматологиялық негізі жүйелі зерттелгендіктен, қазіргі таңда да қолданыста бар болғандықтан да, әлемдік деңгейде жазу ғылымы тарихынан орын алуы керек. Ал қазақ тіл білімінде жазу ғылымының (грамматологияның) негізін қалаған А. Байтұрсынұлы екені – даусыз шындық. «Адамның өзінде кәмілдік болмаған соң, ісінде де кәмілдік жоқ», – деп жазыпты Ақымет Байтұрсынұлы [2, 324]. «XXI ғасыр басында Қазақ еліне ұсынып отырған әліпбиіміз кәмілдікке жеткей» деп тілейік. Ал оның негізгі ғылыми-теориялық және қолданбалық тірегі Ақымет Байтұрсынұлы салған грамматологиялық ілімде жатыр.

Әдебиет:

1. Алаштың тілдік мұрасы. - Алматы, 2009. - 27-б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - 324-б.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - 332-б.
4. Гельб И.Е. Опыт изучения письма. Основы грамматологии. - М., 1982.
5. Деррида Ж. О грамматологии. - М., 2000. С. 512.

Проблема межтюркского межнационального общения: история и современность

Каримов Б.

*доктор философских наук, профессор,
академик Международной Академии Информатизации, Узбекистан*

Аңдатпа: Мақалада ортатүрік тілін, туысқан тіл топтары үшін ортақтастырылған тіл жүйесін, ортадүние тілін қалыптастыру мәселелері зерттелді. Шығыс және Батыс өркениеттері жүйесінде Алтай және Түркі өркениеттерінің мұрасы және дамуы перспективалары бұл контекстте қаралды.

Түйін сөздер: түркі тілдері, ортатүрік, туысқан тіл, математика-лингвистикалық әдіс.

***Summary:** In article is offered to create language ortaturk, system of averaged languages for groups of related languages and averaged world language. Development of national Turkic languages, language Ortaturk and the Turkic civilization in a globalization context is investigated. In article is offered project of innovational increasing of social status of the Kazakh language by means of creation of the language Ortaturk, which will be one of World languages and will be close to the language of Abay.*

***Key words:** Turkic languages, middle-class, brother language, mathematical-linguistic method.*

Проблема межтюркского межнационального общения в рамках Тюркской цивилизации была актуальной и значимой и в истории, и в современную эпоху.

Ныне существует 30 современных тюркских наций, сформировавшихся из древней тюркской нации и говорящих ныне на современных тюркских языках. Современная турецкая нация, также сформировалась из древней тюркской нации. Несмотря на то, что в турецком языке эти две нации называются одинаково Тюркская (турецкая) нация («Turkmillati»), это две разные нации, одна современная, а другая древняя. Из древней тюркской нации произошли все тюркские нации, а вот из современной турецкой нации не произошла ни одна из нетурецких тюркских наций. Не надо пытаться в современную эпоху объединить все 30 современных тюркских наций в одну большую тюркскую нацию, расширенный вариант турецкой нации, отвергнув существование 29 современных нетурецких тюркских наций. Каждая современная тюркская нация сформировалась и существует, она имеет своё самосознание, своё собственное имя (этноним), свою национальную гордость, свой специфический самостоятельный тюркский язык, свою национальную культуру, свою этническую территорию, свою социальную жизнь, многие имеют свою государственность, есть 6 тюркских независимых государств, признанных ООН. Попытка отрицать существование любой из современных тюркских наций будет сопряжена с критическим обострением отношений между тюркскими нациями, приведет к краху Тюркской цивилизации. Поэтому надо сохранить существование всех 30 современных тюркских наций и объединить их усилия, организовать их совместную деятельность в рамках современной Тюркской цивилизации. Надо организовать сотрудничество между ними на основе концепции великого мыслителя Тюркской цивилизации Исмаила Гаспралы: «Тилде, фикрде, ишдебирлик!» («Единство в языке, мыслях, делах!»).

Надо начать с решения проблемы единства в языке и для этого создать язык ортатюрк, который помог бы обеспечить равноправие тюркских языков, сохранение и развитие каждого из них в своих ареалах в качестве государственного языка. Нормативная система этого языка содержала бы в себе те языковые нормы, которые имеются у большинства тюркских языков. Поэтому этот язык был бы понятен большинству тюркских народов и большинству тюркоязычных личностей даже без дополнительного изучения. Язык ортатюрк выступал бы в функциях добровольно используемого языка межтюркского межнационального общения, языка накопления информации

общетюркского и общечеловеческого значения общими усилиями всех тюркских наций. В итоге он мог бы быть выдвинутым Тюркской цивилизацией на статус одного из международных языков признаваемых ООН.

Об этом языке и этих проблемах есть много информации в группе «Ortaturktili – Язык ортатюрк – The Language Ortaturk» и в сконцентрированном виде в первой прикрепленной статье данной группы.

Математический метод построения усредненных языков обеспечивает: 1) четкость, прозрачность и проверяемость отбора языковых норм в язык ортатюрк; 2) обеспечивает учет всех тюркских языков без исключения; 3) минимизирует субъективизм, волюнтаризм, 4) максимализирует объективизм; 5) дает возможность достичь консенсусного решения в процессе отбора норм в язык ортатюрк. Для создания языка ортатюрк необходимо создать Международный институт языка ортатюрк, в котором предполагается совместная работа высококвалифицированных специалистов-лингвистов представителей каждого из тюркских языков и группы специалистов в сфере математической и компьютерной лингвистики. После создания коллективом ученых этого института системы языковых норм языка ортатюрк, другим представителям тюркских народов не будет необходимости изучать все тюркские языки или даже несколько тюркских языков, достаточно будет изучить один язык ортатюрк помимо своего родного тюркского языка. При отсутствии желания изучать язык ортатюрк, можно будет его не изучать и, на базе знания родного тюркского языка, понимать его в определенной мере, а также, используя свой родной тюркский язык, можно будет попытаться объяснить свои мысли носителям других тюркских языков.

Турция продвигает проект построения «общетюркского языка» «ortakturktili». Построение этого языка осуществляется в виде некоторой реформы турецкого языка, при которой вместо слов заимствованных из нетюркских языков вводятся субъективно выбранные авторским коллективом слова из тюркских языков или создаются новые слова. Выбранное таким образом слово объявляется словом «общетюркского языка ортактурк тили». Как мы видим в этом процессе нетурецкие тюркские языки используются как диалекты турецкого языка, полезные для его определенного реформирования. Отсюда следует, что этот процесс:

1) ставит турецкий язык в привилегированное положение и тем самым нарушает равноправие национальных тюркских языков между собой, ставит нетурецкие тюркские языки в ущемленное положение диалектов, которые в итоге могут быть вытеснены «общетюркским языком ортактурк тили»;

2) субъективные аспекты выбора слов авторским коллективом доминируют над объективными аспектами;

3) этот процесс построения «общетюркского языка ортактурк тили» осуществляется Турецкой Республикой без консультирования и получения согласия от других тюркских государств и других тюркских наций,

коллективом авторов, выбранным Турцией. То есть сама процедура построения не основана на равноправии тюркских наций и их государств и ведет к пренебрежению государственными, национальными и языковыми правами других нетурецких тюркских государств и наций. Поэтому этот «общетюркский язык ортактурк тили» не имеет ни юридического, ни морального права называться общетюркским языком;

4) поэтому проект языка ортатюрк имеет явное преимущество над проектом «ортактурк тили». Так как язык ортатюрк, и по процедуре своего построения, и по способу своего функционирования, мог бы обеспечить равноправие тюркских языков, сохранение и развитие каждого из них в своих ареалах в качестве государственного языка.

Ряд авторов предлагают принять в качестве языка межтюркского межнационального общения язык Алишера Навои. Верно то, что наследие Алишера Навои является великим наследием Тюркской цивилизации, и овладение этим наследием было бы очень желательно. Возможно это было бы правильным решением, если бы Тюркская цивилизация не находилась в критическом состоянии, когда очень многие тюркские народы теряют свой родной язык. Для спасения тюркских народов от ассимиляции их окружающими их шовинистическими нациями надо создать им возможность общения даже без дополнительного изучения языков друг друга. Именно такую возможность дает язык ортатюрк. Тириклик бирликда! (Выживание в единстве!) (Тулебий). После выживания и выхода из критического состояния можно будет заняться освоением великого наследия Тюркской цивилизации, заключенного в трудах классиков тюркской цивилизации, большинство из которых писали на языке «тюрки», уничтоженном Сталиным. Язык ортатюрк будет возрождением этого «тюрки», выведением его из состояния «клинической смерти».

Среднетюркский язык ортатюрк создаваемый методом усреднения языковых норм всех тюркских языков будет близок ко всем тюркским языкам (и современным, и исторически существовавшим ранее), большинству тюркоязычных личностей он будет понятен без дополнительного изучения, для понимания и изъяснения на языке ортатюрк будет достаточно знание своего родного тюркского языка. Именно на этом языке совместными усилиями всех тюркских наций можно будет воссоздать великий информационный, интеллектуальный и духовный потенциал Тюркской цивилизации. Только этот язык сможет удовлетворять требованиям к международным мировым языкам, так как будет иметь численность носителей языка более 200 миллионов человек, территориальный ареал распространения более 10 миллионов квадратных километров, информационное богатство, охватывающее основную ценную информацию мировой и локально-цивилизационной значимости для Тюркской цивилизации. Ни один отдельный национальный тюркский язык не имеет и не сможет иметь такой возможности. Надо реально создать Международный институт языка ортатюрк в виде коллектива ученых,

включающего в себя как минимум по одному лингвисту, представителю от каждого тюркского языка и несколько специалистов в сфере математической и компьютерной лингвистики. Организовать финансирование деятельности этого Международного института языка ортатюрк. В результате приблизительно двух лет активной работы коллектива этого Института можно было бы создать достаточно надежно научно-обоснованную систему языковых норм языка ортатюрк. И затем начать активную информационную деятельность на этом языке.

Ортатюрк должен способствовать сохранению каждого из тюркских языков. Он должен стать седьмым международным мировым языком. Среднетюркский язык ортатюрк не надо превращать в так называемый «общетюркский язык», вытесняющий родные тюркские национальные языки. Не надо отказываться от родных тюркских языков, каждый национальный тюркский язык целесообразно превратить в государственный язык в национальном государстве каждой из тюркских наций.

Система языковых норм языка ортатюрк должна быть результатом приблизительно двух лет работы полностью укомплектованного специалистами и в достаточной мере финансируемого Международного института языка ортатюрк. В таком виде этот институт пока не создан. Подавляющее большинство представителей Тюркской цивилизации хочет получить язык ортатюрк как готовый результат не сделав необходимых организационных, материальных затрат и трудовых усилий для получения этого результата.

Некоторые утверждают, что тюркские языки не являются отдельными языками, а являются диалектами турецкого языка, хотя в реальном общении не понимают многие тюркские языки. Отличие диалекта от самостоятельного языка в том, что самостоятельный язык имеет юридическое право вытеснять и замещать свои диалекты в системе социальной коммуникации, но не имеет право вытеснять другие самостоятельные языки. Те тюркские народы, которые готовы признать свои языки диалектами турецкого языка, должны быть готовы к тому, что их языки будут в итоге замещены турецким языком. Дискуссии по вопросу принятия какого-либо национального тюркского языка (турецкого, узбекского, азербайджанского, казахского, уйгурского, татарского, туркменского, кыргызского и т.д.) в качестве общетюркского языка общения, приводят к непрерывным спорам, разногласиям, даже к оскорблениям по признаку национальной принадлежности и могут привести к усилению межнациональных напряженностей в отношениях между братскими тюркскими народами. Поэтому представляется целесообразным отказаться от попыток утвердить какой-либо конкретный национальный тюркский язык в статусе общетюркского языка межнационального общения и перейти к созданию языка ортатюрк.

На «тюрки» создана та классика, которая и сделала Тюркскую цивилизацию цивилизацией мирового уровня. Классик казахской национальной литературы Абай также основывался на нормах чагатайского

тюрки, модифицируя их в направлении реального функционирования языковых норм казахского этноса. Ортатюрк будет в определенной мере близок и к языку «тюрки», и к «чагатайскому тюрки», и к языку Абая, и к современному казахскому национальному языку, но одновременно он будет близок и ко всем другим тюркским языкам и ныне существующим и существовавшим ранее.

Одним из значимых и активно дискутируемых вопросов является вопрос о переходе казахского языка с кириллицы на латиницу, который давно обсуждается в Казахстане и хорошо, что, наконец, началось реальное движение в этом направлении. Поздравляю братский Казахстан с историческим решением о переходе на латиницу! Было бы хорошо, если бы переход произошел на оптимально координированный вариант с другими латинскими алфавитами тюркских языков.

Опыт Узбекистана по переходу с кириллицы на латиницу, мне представляется, может служить в некоторых аспектах позитивным ориентиром для Казахстана. Поэтому хотелось бы кратко описать этот переход. В Узбекистане решение о переходе на латиницу было принято в 1993 году. Сейчас молодая часть населения Узбекистана, составляющая более 65-70% всего населения страны свободно пишет и читает на латинице, но может читать и писать также и на кириллице (хотя и в несколько замедленном темпе по сравнению с темпом при использовании латиницы), так как изучает кириллицу изучая русский язык, а также изучая кириллический вариант узбекского языка. А старшее поколение, составляющее около 30-35% населения страны, свободно пишет и читает на кириллице, но оно чуть медленнее, но читает и пишет также и на латинице, так как изучало в школе один из следующих трех языков использующих латиницу: английский, немецкий, французский языки, а также использует узбекские тексты, подготовленные на латинице.

Школьники в узбекских школах, колледжах, лицеях и вузах учатся на латинице, учебный процесс в школах, колледжах, лицеях полностью обеспечен учебниками и учебными пособиями на узбекском языке на латинице. В связи с этим число людей свободно пользующихся письменным узбекским языком на латинице каждый год растет, прирастая на 600 000 человек, то есть приблизительно на 2%. В вузах учебный процесс на узбекском языке обеспечен учебниками и учебными пособиями частично на латинице, частично на кириллице. Основные, значимые книги выходят на двух алфавитах. Значительная часть газет и документации ведется на кириллице, так как там всё ещё активно работает поколение, выросшее на кириллице, но если документ оформлен на латинице, то такой документ тоже действует. Молодежь переписывается на латинице, а старшее поколение на кириллице. Есть компьютерные программы транслитерации, которые позволяют быстро преобразовать электронные тексты на узбекском языке с кириллицы на латиницу и обратно. Латиница используется в написании названий улиц и транспортных маршрутов, надписях в метро. На

телевидении, в кино, в интернете в зоне УЗNET применяются одновременно два алфавита. Значимая в современных условиях часть узбекской литературы советского периода, научно-технических книг, энциклопедий, которые были созданы на узбекской кириллице, теперь публикуется на латинице или оцифровывается, и читатель имеет возможность прочесть текст в удобном ему алфавите посредством преобразования электронной версии из одного алфавита в другой и обратно. Постепенно поколение, учившееся на кириллице, уходит на пенсию, а вместо него идет поколение, учившееся на латинице. Эти поколения, зная оба алфавита, как бы передают эстафетную палочку из рук в руки. В дальнейшем в функционировании узбекского языка использование кириллицы будет уменьшаться и станет ещё больше доминировать использование латиницы.

Математико-лингвистический метод реализации идеи создания языка ортатюрк сформировался в 1972-1974 годах в Узбекистане, но тогда эти идеи не могли быть опубликованы в силу очень жесткой цензуры существовавшей в СССР, лишь в 1980-1982 годах удалось их опубликовать в несколько завуалированной, эзоповской форме. После начала перестройки в 1985 году удалось в более открытой форме опубликовать концепцию языка ортатюрк. В полной мере эту концепцию удалось опубликовать в 1992-1993 годах в книгах [1- 2] и позже дать более развернутое изложение [3-4].

Литература:

1. Каримов Б.Р., Муталов Ш.Ш. Ўртатюрк тили. - Ташкент, 1992.
2. Karimov B.R., Mutalov Sh.Sh. Averaged languages: an attempt to solve the world language problem. - Tashkent, 1993.
3. Каримов Б.Р. Ойкуменическая концепция нации и проблемы развития языков. - Якутск, 2004.
4. Каримов Б.Р., Муталов Ш.Ш. Усредненные языки: попытка решения мировой языковой проблемы. - Ташкент: Фан, 2008.

**Ономастикалық атауларды латын графикасында
транслитерациялауға қатысты кейбір ұсыныстар**

Рысберген Қ.

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Ономастика
бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы*

Аңдатпа: Мақала ономастикалық атауларды латын жазуына негізделген қазақ графикасына транслитерациялаудың өзекті мәселелеріне арналады. Мақалада кейбір проблемалық мәселелер мен келешекте атаулардың транслитерациясы арқылы туындауы мүмкін қиындықтар көрсетілген. Транслитерацияны оңтайландыру, кейбір ономастикалық атаулардың дыбыстық бейімделуіне қатысты бірқатар ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: латын графикасы, ономастика, атаулар, кірме сөздер, халықаралық стандарт

Summary: The article is devoted to the actual problem of transliteration of onomastic names on the basis of the Latin graphics of the Kazakh language. Some problem points and difficulties that may arise in the future with transliteration of names are indicated. Some recommendations on optimizing transliteration, sound adaptation of some onomastic names are given.

Key words: Latin graphics, onomastics, titles, linguistics, international standard

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани сананы жаңғырту» атты мақаласында қазақ жазуының латын әліпбиіне көшу қажеттілігі жөнінде алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынып, соның алғашқысы латын әліпбиіне қатысты қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек». Бұл мәселеге дайындықпен келгенімізді айтып: «2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет. Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс», – деген міндеттерді жүктеді. Ағымдағы жылдың 9 қазанында Елбасының бұйрығымен соңғы апостроф таңбалы әліпби қабылданды. Бұл әліпбиде пернетақтадағы әріп тері жаңаша, яғни, біз дағдыланған тәртіптен мүлдем өзгеше, графемалар да өзгеше.

Ендігі жерде тіл білімінің барлық саласы мамандары осыған орай жаңа әліпбидің әртүрлі параметрдегі жан-жақты сынама жұмыстарына кірісті. Ономастика саласындағы латын әліпбиіне көшудің дайындық жұмыстары бірқатар өзіндік сипатқа ие. Бұл бағыттағы жұмыстар тілдік материалды жүйелеуден басталады. Ең алдымен Қазақстан ономастикалық кеңістігіндегі барлық әкімшілік-аумақтық құрылым атаулардың (қазақша-орысша), елді мекен, жер-су атауларды, ұлты қазақ кісі есімдерін, өзге ұлт, яғни, орыстілді антропонимдер, эргонимдік атаулардың, әлемдік танымал тұлғаларды аты-жөндерін жаңа әліпбиде транслитерациялануы және жиі қолданылатын кейбір шетелдік топонимдік атаулардың таңбалану принциптерін айқындау мақсаттары қойылды. Бұл әліпбидің апробациялық сынама кезеңінде мынадай басты мақсат-міндеттер белгіленгені жөн:

1. Қазақстандағы жер-су, елді мекен атауларының апостроф негізді латын әліпбиі негізіндегі жазылу үлгісі кирил әліпбиіндегі жазуымен салғастыстыру, таңбалану үлгісін дайындау үшін қатар беріледі.

2. Ұлты қазақ азаматтардың аты-жөндерінің апостроф негізді латын әліпбиінде және кирил графикасындағы жазылу үлгілері салғастыстыру мақсатта қатар беріледі. Латын әліпбиі негізіндегі жазу үлгісін қалыптастыру, келешекте орфографиялық ережелерді жасауға негіз әзірлеу.

3. Қазақстанның орыс тіліндегі топонимдері мен орысша аты-жөндердің апостроф әліпбиіндегі салғастыстырмалы транслитерациясы жасалды. Себебі келешекте қазақ тіліндегі түрлі мәтіндерде орыс ономастикалық

атаулары міндетті түрде кездеседі, мысалы, барлық баспасөз беттерінде (газет, журнал), оқулықтар, ресми іс-қағаздарда апостроф жазуымен берілетіндіктен алдын-ала сынама зерттеу қажет.

4. Әлемдегі танымал мемлекеттердің аты мен астана, халықаралық әуежай атаулары, құрлық, мұхит, ірі жер-су атауларын кирил, апостроф негізді қазақ жазуы және осы атаулардың халықаралық айналымдағы стандарттарының салғастыстырмалы кестесі жасалды. Соның негізінде жаңа қазақ жазуы мен халықаралық стандарт арасындағы ұқсастық пен алшақтық айқындалады. Келешекте апостроф жазумен транслитерацияланатын, қазақшаға аударылуы тиіс, жартылай аударылуы тиіс, өзгеріссіз түпнұсқа жазуға сай нұсқасын қалдыру, қалдырмау мәселелері айқындалады. Өзге түркітілдес елдердің әліпбиінде қалай таңбаланады деген мәселенің шешу жолдарын қарастыру, мысалы Франция және осы сынды көптеген шетел мемлекет атаулары қазақ тіліне орыс тілінен енген, халықаралық айналымда France нұсқасында танымал, ал түркі тілінде Franca деп жазылады екен. Тіліміздің табиғатына қайсы нұсқасы жақын, қолайлы, соны шешуіміз керек. Болашақ зерттеулерде XX ғасыр басындағы Алаш зиялылары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев т.б. еңбектеріндегі көптеген сөздер мен ономастикалық атаулардың қолданысын салғастыру жұмыстарын қолға алу керек, тиімдісін, тіліміздің табиғатына жақынын қабылдау қажет.

5. Әлемге танымал кейбір тарихи тұлғалар, мәдениет, өнер, саясат қайраткерлерінің кирилше, қазақша, ағылшынша жазылуы салыстырыла зерттеледі. Нәтижесінде қандай да бір жазылу нұсқасының тиімділігі туралы ұсыныс (рекомендация) беріледі.

6. Мегаполистердің ономастикалық кеңістігіндегі латынша жазылып жүрген эргонимдер, яғни, мекеме, коммерциялық құрылым, сауда кешендері, фирма, клуб т.б. атаулары жаңа қазақ әліпбиі негізіндегі транслитерациялық үлгісі ұсынылады, мысалы, банк атаулары-брендтердің жазу үлгісін қалыптастыру немесе өзгеріссіз қалдыру туралы ұсыныс әзірленеді.

7. Антропоним, топонимдердің жаңа латын әліпбиіндегі транслитерациялық үлгісіндегі апострофтардың қолдану жиілігін айқындау, статистикалық талдау жүргізіледі, мәселен, апострофсыз атаулар, бір апострофты, екі апострофты, үш апострофты, төрт және одан апострофты атаулардың қолдануының нақты жиілігі айқындалады.

Қазақ жазуы латын әліпбиіне көшер алдында, ұлттық ономастикадағы қазіргі жағдай қандай қалыпта дейтінге келсек, қазақ атаулары ағылшын тілді халықаралық ақпарат көздерінде, латын графикасындағы көздерде бұрмаланып, ешбір емле-ережесіз екі-үш, одан да көп нұсқада қолданылып жүр, яғни, атаулардың ұлттық түпнегіз нұсқасы ескерусіз қалып келеді. Бұл мәселеге орай Біріккен Ұлттар Ұйымының Стандартау комиссиясының құжаттарында: «халықаралық стандарттауға тек қатаң ұлттық стандарттау бағдарламалары арқылы қол жеткізуге болады» делінген. Бұл жағдай тіліміз латын әліпбиіне көшкеннен кейін өзінің оң шешімін табар деп үміттенеміз.

Мәселен, БҰҰ жанындағы Географиялық атаулар комиссиясының сарапшылар тобының пайымдауынша, ұлттық атауларды латын графикасымен жазудың ең құнды тұсы транскрипциялардың қайтарымды (обратимый) болуы, яғни, қандай да бір атаудың кері транскрипциялағанда (кері латыншалау) ұлттық тілдегі түпнұсқа жазуының сақталуы. Ал қазіргі қолданыстағы қазақ әліпбиін латынша транслитерациялау стандарты қайтарымды емес, негізінен орыс тілінің әліпбиіне негізделген, яғни, төл дыбыстарымыз ескерілмейді. Өйткені қазіргі қолданыстағы латыннегізді әліпбиде 9 төл дыбыстарымыз **ә, ө, і, ұ, ү, ы, ң, қ, ғ** не графема, не фонема деңгейінде көрініс таппай отыр.

Алайда, бұған қарамастан, осы уақытта латын графикасы қазіргі Қазақстанның әлеуметтік мәдени кеңістігінде, жер-су аттарымызда, антропонимдік жүйеде, бұған қоса ресми құжаттарда, халықтың төлқұжаттарында белсенді түрде қолданылуда және еліміздің топонимдерін жазуда, азаматтарымыздың төлқұжаттарын, жеке куәліктерін толтыру кезінде қателер жіберілуі жалғасуда және бұл үдерісті тоқтату да мүмкін емес. Демек, лингвист ғалымдардың міндеті қабылданған латын әліпбиінің, қазақ әліпбиінің ұлттық ерекшеліктерін барынша көрсететін қазақ сөзінің, жалқы есімдердің стандарттау жобаларын жасауы, ұсынуы керек.

Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық бірлік атаулары, яғни, негізгі республикалық, облыстық маңызы бар қалалар мен облыс, аудан орталықтары мен кент, теміржол станса, кейбір ауылдық округ атаулары енгізілген. Сондай-ақ табиғи, физика-географиялық нысана қатарына жататын ірілі-ұсақты көл, тау, өзен атауларының тізімі енгізіліп отыр. Атаулар алдымен кирилл жазуында және апостроф таңбалы латын әліпбиіндегі жаңа салғастырмалы транслитерациясы беріледі. Болашақ жұмыстардың мақсаты – топонимдік атаулардың жаңа латын әліпбиі графикасындағы апостроф қолдану жиілігін анықтау, сөздің қаншалықты ұзаратындығын байқау. Алдымен апострофсыз атаулар саны, бір апострофпен берілетін, екі апострофпен берілетіні, үш апострофпен берілетіні және төрт одан да көп апострофпен берілетін атаулардың нақты санын анықтау. Яғни, бұрынғы кирил әріп саны мен латын әріп санын салғастыру арқылы нақты атаудың қанша әріпке ұзарғанын немесе қысқарғанын айқындаймыз.

Сонымен қатар кейбір атауларды транслитерациялау барысында қиындық туғызатын, әлі түбегейлі шешілмеген орфограммалар анықталады, сөйтіп олардың тиімді транслитерациялау жүйесі қарастырылады. Төменде көрсетілген атаулардағы осы апостроф негізді латын әліпбиіне сүйене отырып, бір дыбыс/бір таңба принципі сақталған жазуда, мәселен, *Qaraqai, Qaraqozu, Baltasai, Basaral, Tumaatsor, Uraqudyq, Ekpin, Aqpan, Ertis, Jem* сынды апострофы жоқ атаулардыңөте үйлесімді, әрі оқуға қолайлы, қабылдауға да оңай екендігі көрініп тұр.

Қазақстан аумағында біртүбірлі атаудан өзге екі, үш, төрт сөздің бірігуінен жасалған күрделі тұлғалы жер-су атаулары жиі кездесетіндігі

белгілі. Зерттеуде мыңдаған жер-су атаулары (елді мекен, өзен, тау, көл атаулары) апостроф негізді латын графикасында транслитерацияланып, олардың ішінен бірнеше сөзден жасалған атаулар арнайы қарастырылды.

Сөйтіп, апостроф негізді латын әліпбиінде транслитерацияланған бір апостроф кездесетін *Qosqyzyls'oqu – Қосқызылишоқы, S'ug'ys Jeldiqarag'ai' – Шығыс Желдіқарағай, Bas Jalay'ly – Бас Жалаулы* сынды күрделі атауларды өзінде жалғыз апостроф жазу сөзді тым ұзартып, арасындағы үзіктер (пробелдер) көбейіп, сөздің тұтастығы бұзылып кетеді екен. Қазақстанның кейбір жер-су атауларының ішінде бір атаудың өзінде 3, 4, тіптен 5 және 6 апострофпен жазылатыны кездесті, мәселен, *S'o'mis', Ai'g'ai', Ka'y's'ik, Ba'i'bis'e, Bu'ryltog'ai', A'j'teke bi, Ji'renai'g'yr, Ko'kas's'y, Ko'kbi'esai', Ko'ku'I, Man'g'ustay', En'beks'ilder, U's'ins'i Qai'un'dy – 5 апостроф, In'ka'rda'ri'i'a – 5 апостроф, Bai'g'as'as'qai'ranko'l – 6 апостроф*. Алынған мысалдардан, көріп отырғанымыздай, апострофтың көбейгені атауды жазу мен оқуды едәуір қиындатады екен. Мысалы, *Bai'g'as'as'qai'ranko'l – Байғашашқанкөл* деген Ақмола облысындағы ауыл атын алғашында оны оқу өте қиынға соқты, тұтас бір сөз екендігін қабылдау аса ауыр, буынға бөліп, оқып, эзер тануға болады. Осы және *Jan'g'uzs'ag'yl – Жаңғызшағыл* сынды атауларды елді мекенге бергенде немесе картаға түсіргенде шұбалаңқы тартып, қабылдау, оқу қиындық туғызатыны анық. Сондықтан апостроф негізді әліпбиді біржолата таңдап алып жатқан жағдайда, онда апостроф белгілерін мейлінше қысқартуға ұмтылу керек. Мұның басты себебі бұл атаулар мектеп оқулықтарында, үлкендер мен баланың сөйлеу кезінде, қатысым барысында қолданылғанда коммуникация ауырлай түседі.

Бірге, бөлек жазу емлесіне. Қазақ тіліндегі екі, үш не одан көп сөздердің бірігуі арқылы жасалған күрделі жер-су атауларының емлесін жаңа латын жазуына көшер сәтте қатар анықтап алатын мәселе. Мәселен, *Алайғырсай* топонимі *Alaai'g'ursai'* бірге жазылатыны белгілі. Алайда, *бас* апеллятивімен келетін *Бас Бұлдырық, Бас Дересін, Бас Өлеңсай, Бас Қарқара* сынды атау сөздіктерде *BasBuldyryq, Bas Deresin, Bas O'len'sai', Bas Qarqara* болып бөлек жазылып тұр. *АлХан Шыңғыс – Хан S'un'g'ys* оронимі бірге жазыла ма, жоқ, бірге ме? *Ақсу-Жабағылы, Талды-Тасты* және т.б.

Жалпы, құрамында *бас, аяқ, орта, оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс, жоғарғы, төменгі және үлкен, кіші, бала* сынды бағыт-бағдарлық, көлем-мөлшерлік мағына қызметін атқаратын сын есімі бар атауларда бөлек жазылып, екі компонентте *бас* әріппен жазылады, мысалы, *Солтүстік Қазақстан, Шығыс Желдіқарағай – S'ug'ysJeldiqarag'ai', Жоғарғы Қайрақты*. Аталғандардан өзге екі, үш, төрт сөзді жер-су аттарының бірге-бөлек жазу принциптерін айқындап алатын тұстары жетерлік. Өйткені қазірдің өзінде бір топонимдік атауды жазуда бірізділік сақталмайды. Мәселен, бір ғана *Ақбұлақ* ықшам ауданның атауы түрлі көздерде *Ақ-Бұлақ, Ақ-бұлақ, Ақ Бұлақ, Ақ бұлақ* формасында қолданылып жүр. Сондықтан келешекте орфографиялық ереже жасау барысында осы мәселені ескеру керек.

Орыс атаулары транслитерациясы жөнінде. Қазақстанда төл жазуы латын әліпбиіне көшкеннен кейін де екінші ресми тіл орыс тілі кирил жазуында қала бермек. Алайда еліміздегі орыс тіліндегі жер-су, елді мекен атаулары мен орыс аты-жөндері міндетті түрде жаңа латын әліпбиінде транслитерациялануға мәжбүр. Өйткені қазақ тілді ақпараттық кеңістікте орыстілді ономастикалық атаулар кеңінен қолданылады, күнделікті ақпараттық айналымда болады. Кирил графикасындағы орыс тілінің Ресейде арнайы романдау, латынша транслитерациялық жүйесі қолданылады. Біз келешекте сол ресейлік ережеге қаншалықты жүгінеміз, жоқ өз латын жазуымызға бейімдейміз бе? Деген мәселе туындайды. Қазақ латын графикасында таңбалау қажет екендігі күмән тудырмайды, өйткені мәтінде өзге транслитерациялық жүйенің ерекшеліктері көзге ұрып тұрады, оқшауланып көрініп тұрады. Сондықтан Қазақстандағы орыстілді ономастикалық атауларды қазақ жазуының латын графикасына бейімдеу қажеттілігі туындайды. Оның транслитерациялау принциптері, параметрлері қандай болмақ деген сауалға жауап беру үшін осы проспект жоба аясында орындаушылар Қазақстан Республикасындағы жиі қолданыстағы географиялық атаулары мен елді мекен, кісі аттарының (тегі, аты, отчествосы) тізімін жасап, оларды апострофты латын графикасына транслитерациялап шықты және қиындық, күмән тудыратын тұстары көрсетілді.

Сондай-ақ Қазақстан аумағында жартысы қазақша, жартысы орысша атаулар, қосөзді күрделі атаудың алғашқы сыңары орыс тіліндегі сын есіммен кездесетін жағдайлар, яғни, гибрид атаулар бар екендігін айту керек. Олар кейбір жағдайларда қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық, жазу емлесіне икемдестіріп таңбаланады, мысалы, *37-ші Разъезд, Құсферма, Светлый Жаркөл, Күріш Даласы разъезы, Правый Усть-Қалжыр, Никольско-Бурлықское, Зааятская*. Мұндай типтегі тіларалық интерференция нәтижесінде пайда болған топонимдердің өзіндік орфографиялық, емлелік ерекшелігі қалыптасқан, сондықтан оларды орыс және қазақ тілі нормаларын қолдана отырып, зерттеу керек. Бұл – болашақ ойланатын, ғылыми негізін анықтайтын мәселе.

Разъезд сөзі латын графикасында *Razi`ez* кирил жазуындағы кері транскрипциясы [*разйез*] болуы керек. Бұл ь белгісімен келетін өзге де *сьезд, подъезд, объезд* сөздеріне қатысты, яғни, қазақ тілінің орфографиясы мен орфоэпия нормаларына сай транслитерациялануы тиіс. Орыс тілінің латын графикасында транслитерациялау стандарттарында (ГОСТ 7.79-2000) бойынша ь белгісін (”) қос апострофпен таңбалайды екен. Ал мягкий знак ь белгісін осы стандарт бойынша бір апострофпен (') таңбалайды екен.

Алайда кісі есімдеріне, географиялық атауларға қатысты орыс тілінің латын графикасында транслитерациялаудың соңғы жылдардағы ереже-нұсқаулықтарында мягкий знак - ь белгісі мүлдем қолданылмай тастаған, мысалы, *Olga – Ольга, Volное – Вольное*. Мысалы, топоним соңындағы мягкий знак ь таңбасын апостроф латиницамен қалай беруге болады, әлде

арнайы таңба берілмейді ме? *Глядень–Gli`aden, Белый Камень – Belyi` Kamen* атауларында соңына таман берілген алдыңғы ерінді **е** жіңішке дауысты дыбыс кейінгі **н** дауыссыз дыбысты ұяңдатып тұр, ал *Лань – Lan, Вольное – Volnoe* типтегі атаулардағы **а, о** жуан дауысты дыбыстар өзінен кейінгі **н** дыбысын орыс тіліндегідей ұяңдатпай тұр. Яғни, кері кирилге ретранслитерациялағанда *Лан, Волное* болып жазылады және айтылады. Бұл дегеніңіз – орыс тіліндегі сөздің жазылуы мен айтылуы, түптеп келгенде, түпнұсқа жазылуынан арылып, мекенжайлық қызметі бұзылып тұр. Бұдан шығар қандай жол бар? Еге *Lan*, сөзінің соңына (') апостроф белгісін қойсақ, сөз соңын ұяңдатады ма? Сондай-ақ *Полынь – Polyn, Скользяя – Skolzkaï`a* типтегі атаулардың сөз ортасындағы мягкий знак **ь** таңбасын қалай таңбалаймыз, мұндай сөздер қазақ тілінде латын графикасымен таңбалағанда ұяңдығынан арылады екен. Апостроф жеке мағынаажыратқыш таңба ретінде ұяңдықты бере ала ма орыс сөзінде? Осы мәселеге жауап іздеу қажет! Мысалы, белорус тілінде мягкий знак белгісі қатысты әріптің төбесіне диакритикалық таңба (') қою арқылы беріледі екен, мысалы, *дзь - dź, зь - ź, ль - ł, нь - ñ, сь - ś, ць - ć: Агародня-Кузьмініцкая–Aharodnia-Kuźminickaja*.

Бір нұсқа ретінде Қазақстанның орыс тіліндегі жер-су атауларындағы **ь** (мягкий знак) белгісі осындай диакритикалық таңбамен берілсе қолайлы болар еді.

Ę қарпімен жазылатын *Артем* типтес орыс антропонимдері 2015 жылғы стандарт бойынша *Artem* формасында транслитерацияланса, ішінара енгізілген өзгерістерден кейін *Artiom* формасында жазыла бастады.

Қазақстан жер-су атаулары жүйесіндегі көптеген күрделі атауларды апостроф негізді латын графикасымен транслитерациялау барысында бір атаудың бойында апострофтың шамадан тыс көп болуы физика-географиялық және т.б. оқулық карталарында, оқулықтарда жазылуы орфографиялық қателер мен бұрмалауларға жол береді. Қазақстанның көптеген жер-су атаулары, елді мекен атаулары әлемдік ауқымды ақпараттық-коммуникативтік айналымға түсетіндігі белгілі. Сондықтан бір онимдік атауда апострофтың шамадан көп таңбалануы халықаралық айналымда адекватты түрде қабылданып, транслитерациялық жүйеге бейімделу процесі қиындай түседі, сөздер қате таңбаланып, топонимнің мекен-жайлық функциясының бұзылуына әкеп соғады. Осыған байланысты апостроф жазудың оқу процесі мен халықаралық қолданысқа тиімсіз екендігі байқалады.

Алдағы жылдары әзірленетін ономастикалық емле-ережелерге енетін, ескерілетін мынадай *ұстанымдарды* анықтадық:

- бір атауды бір нұсқада транслитерациялауды қамтамасыз ету;
- атаулардың транслитерациясының үнемі бірізді болуын қамтамасыз ету керек;
- тұрақты түрде бар транслитерация үлгілерін ескеру керек;
- транслитерацияның қарапайымдылығы мен қолжетімдігін қамтамасыз ету;
- транслитерациялауда үнемділік пен тиімділікті қамтамасыз ету;

- орфографияның дифференциалды принципіне сәйкес мүмкіндігінше бір дыбысқа бір таңба принципін барынша ұстану, арттыру;

- Қазақстандағы, одан тыс жерлердегі орыстілді топонимдер, орыс тіліндегі аты-жөндер (фамилия, аты, отчествосы) жаңа қазақ әліпбиінде транслитерациялануы тиіс. Өйткені қазақ мектептеріндегі оқулықтар, мерзімді баспасөз БАҚ көздерінде, көптеген ресми құжаттарда жиі қолданылады;

- қазақ тіліне дәстүрлі болып келген кейбір экзонимдердің (шетел мемлекеттерінің атауын) сәйкестендіру және салыстырмалы транслитерациясын айқындауға қатысты ұсыныстар берілді, мәселен, *Egypt* атауы халықаралық стандарт бойынша *Egypt*, астанасы *Kaир*, қазақша *Қайыр*, халықаралық стандарт бойынша *Cairo*, мемлекет аты қазақ тілінде *Мысыр*, түрік, әзербайжан тілдерінде *Misr*, яғни, қазақ тілінде тарихи қалыптасқан өз атаулары бар мемлекет атаулары сақталады.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің символы

Шаяхмет А.

*А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
Медиаорталығы директоры, профессор,
филология ғылымдарының кандидаты*

Аңдатпа: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің символы» атты мақалада өз заманында Алашорда зиялылары қарастырған тілдің өзекті мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: «Алаш» партиясы, мемлекеттік тіл, БАҚ, «Қазақ» газеті, ана тіл.

Summary: In the article «The State Language is a Symbol of the State», topical issues of the language are examined, which in due time were considered by the figures of Alashorda

Kew words: party «Alash», the State language, the media, the newspaper «Kazakh», the mother tongue.

1917 жылы «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы жарияланды. Аталған жобада қазақ жеріндегі білім ошақтарының есігі ашық және тегін болуы, бастауыш мектептердебілім тек ана тілінде оқытылуы қадап айтылды [1].

Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының қазақтың жаңа сөздерін жасаудағы еңбегі орасан зор. Мәселен, ол *публицистиканы көсемсөз, афоризмді ділмәрсөз, живописьті кескін, архитектураны сәулет, музыканы әуез* деп атады. Ақанның орыс немесе басқа тілдердегі даяр сөздерді ала салмай, термин жасауда ана тілінің тамырына үңілуі үлкен үлгі-өнеге. Оның осы үлгісін оның тұстастары да шебер пайдаланды. Мәселен, Елдес Омарұлы геометрия мен тригонометрияны пішіндеме және кескіндеме деп атады. Теореманы түйін, гипотенузаны қима, трапецияны қостабан, периметрді жиек, радиусты өріс деп жазды. Өкінішке орай, осындай ұлылардан қалған ұлағатқа әлі де көбіміз ден қоймай жүрміз. Тіл

қорын байытатын сөздер Ақанның «Әдебиет танытқышынан» ғана емес, «Қазақ» газетінде жарық көрген көптеген мақала, хабарлардан да көптеп табылады.

Алаш арыстары мемлекеттің негізгі өзегі тіл екенін жақсы түсінді. Ахмет Байтұрсынұлы «Дүниеде ешбір тіл өз-өзінен шықпайды. Тіл деген нәрсе қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап, пісіп дүниеге келеді... Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» [2], – деп жазса. Ғұмар Қараш: «Тіл болмаса, ұлт та болмайды, яғни, ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады. Ең әуелі, ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың...», – деді. Мұстафа Шоқай: «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл. Кешегі Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын» [3], – деп ашына жазды. Халел Досмұхамедұлы: «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беруі – зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек... Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздерін ғылым жолына салып реттесе, ешбір жұрттың тілінен кем болмайды», – деген ой айтты.

Елдес Омарұлы Әлихан мен Ақанды «қазақ ұлтының көсемдері» деп таныса, олар да Елдес десе, ішкен асын жерге қоятын. Елдес «Пішіндеме» мен «Кескіндеме» жарық көргеннен кейін ең алғашқы бағаны да солардың аузынан естіген. «Геометрия мен тригонометрияны тәржімалауға болады» деген үш ұйықтасақ, ойымызға келмепті, сен қазақ ұғымына сай балама тапқан екенсің, – деп екеуі бірдей балаша мәз болған. Ақаң Елдестің аудармаларын және жаңа баламаларын қуана құптаған болатын. Әлихан Бөкейхан Ахмет Байтұрсынұлына жазған хатында: «Елдесім – жақсы жігіт. Бұрын да жақсы еді. Енді онан да сүйікті болып кетті. Бір күні Шәңгерей маған: «Мен сені жақсы көрем. Білесің бе? – деді. Мен: «Жоқ!» – дедім. Шәңгерей маған: «Сен шын қазақсың ба? Сені «қазақ» деп жақсы көрем!» – деді. Физиканы оқып қарасам, Елдесім де қазақ екен», – деп жазыпты [4].

Алаш идеясына біз адалдық танытып жүрміз бе? Осы сауал кейінгі уақытта жиі мазалайды. Мемлекеттік тіл де – елтаңба, әнұран, мемлекеттік ту секілді Қазақ мемлекетінің символы, елдігіміздің нышаны. Мемлекеттік тілге көшу мәселесі солтүстік облыстарда көбінесе тек қана орыс тілінің пайдасына шешіліп жатқаны өтірік емес. Әу баста қоғам болып жиылып, таудай болып үйіліп, аяғында қар суындай сұйылып кеткен жайымызды жасырудың қажеті жоқ. Қазіргі орыс тілі мен қазақ тілінің «тепетендігі» аттылымен жаяу адам жарысқандай, Қажымұқанмен ергежейлі алысқандай жағдайда. Тіліміздің алтын дінгегі болған қазақ ауылдарының көбі азып-тозып, өздерінің байырғы атауларынан айырылып қалды.

Терминология саласындағы мамандардың құлағына алтын сырға, *село*, *деревня*, *рабочий поселок*, *населенный пункт* деген атауларды жаңалап, *кент*,

шаһар, мекен, қоныс, тұрақ деген секілді қазақ тіліндегі баламалармен ауыстыру күн тәртібіне қойылуы керек. «Әуелі көршімен ақылдасып алайық» деген жалтақтықты ысырып қойып, қала, ауыл, көше атауларын, дүкендер мен мекемелер, кәсіпорындар атауларын, маңдайшадағы жазуларды бір-ақ тілде жазу туралы тіл туралы заңға өзгеріс енгізу ауадай қажет. Екі тілде жазу екі есе шығын екенін неге ескермейміз. Абай даңғылын «проспект Абая», Шоқан көшесін «улица Валиханова» дегеннен не ұтамыз? Кирилл әрпімен жазылған жазуды осы күні қазақ түгілі орыс та түсінетін деңгейге келдік емес пе?! Бұрын «Тобыл» аталып келген футбол командасы «Тобол» деген атпен Қостанай облыстық әділет басқармасында заңды тіркеуден өткеніне де көзімізді жұмып қойдық. «Өзге ұлттарды ренжітпейік» деген желеумен тарихи жер-су атауларын қайтаруды ұзын арқан, кең тұсауға салып келеміз. Осы мәселеге орай елді мекендерде жиын жасау, оларды жергілікті мәслихаттарда қарау секілді процестерден арылмайынша қазақтың сөзі өтпейтініне куә болып жүрміз.

Ең алдымен, тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілдегі картасы жасалуы керек секілді. Бұл картадағы жер-су атаулары түгел дердік қазақ тілінде жазылуы керек. Тілімізге қаулаған өрттен қорғағандай жанашырлық көрсетіп, қараңғыда қалған ауылда жарық жандырғандай қылу үшін мемлекеттегі беру мәселесі, мемлекеттік тілдің орындалуын бақылау Тіл туралы заңда арнайы қарастырылуы керек. Тіл туралы заңды бұзған мекеме басшыларына әуелі ескерту жасап, кейін айып салынса, оған да көнбесе, қатаң жазаланса, салынған айыптан түскен қаржы тілімізді дамытуға жұмсалса, оның пайдасы орасан зор болатынына күмән келтіру қиын.

Мемлекетті «алтын отау» деп бейнелі түрде айтатын болсақ, әкесі мен шешесі қазақ тілінде сөйлемейтін отбасында баланы қазақша сөйлетемін деу – бекершілік. Ең алдымен, ана тілінде Президент аппараты, Парламент, әкімдер сөйлеуі керек. Сөйлей алмаса, әкім болмай, басшы болмай, орынбасар болса, қосшы болса да, жетіп жатыр. Ал ұлттық идеологияға жауапты орынбасарлар екі тілді толық меңгермесе, меңгергісі де келмесе, олардан не қайыр?!

Мемлекеттік тілдің іргетасы – балабақша мен мектеп, сол бақшалар мен мектептерді тек қана ана тілінде тәлім-тәрбие беретін оқу ордалары қылып қайта құруға не кедергі?! – Баяғы жалпақшешейлік. Қазақ мектебінде мемлекеттік тілде білім беріп, орыс тілін тереңдетіп оқытса, өзге ұлт алғыс айтпаса, қарғыс айтпайтыны анық. Ал жетімханалардағы тәлім-тәрбие солтүстік өңірде тек қана орыс тілінде екені белгілі. Олар ержеткен соң өз елін өгей санайтын ұрпақ болмасына кім кепіл?! Ахмет Байтұрсынұлының мектептегі білім алғашқы жылдары тек қана ана тілінде берілуі керек деген «Бастауыш мектеп» туралы («Қазақ» газеті, 1914) тамаша ойдың шенеуніктердің ойына да кіріп-шықпайтыны түсініксіз. Бастауыш мектепте бірінғай қазақша оқыту мәселесі шешімін тапты ма? Ең сорақысы – кейінгі уақытта қазақ мектебінен көрі орыс мектебіне баратын оқушылар саны көбейіп барады.

Ресейлік БАҚ-тың Қазақстанның ақпараттық кеңістігіне ықпалынан да арыла алмай отырмыз. Қостанай облысындағы жүзден астам газет пен журналдың таза қазақ тілінде шығатыны бірен-саран. Аудандық және қалалық газеттердің аты қазақша да, заты басқа. Мәселен, Қарабалықта «Айна», Қостанай ауданында «Көзқарас», Қостанай қаласында «Қостанай» деген газеттер жарық көреді. Материалдардың басым бөлігі орыс тілінде, қазақ тілінде ара-тұра не жалғыз бет, не айқарма беттер беріледі. Біздің қазақ соған да мәз.

«Көршің соқыр болса, көзінді қыс» деген мәтел қазіргі уақытта бізге арнап айтылған тәрізді. Ал көрші мемлекеттегі қазақтардың не мектебі, не театры, не ана тілінде шығатын басылымы жоқ. Оған сұрау салып жатқан Қазақ үкіметі де жоқ.

Тіл мәселесін мен айдалада тоқтап қалған өгіз жеккен арбаға ұқсатамын. Халық өлеңінде айтылғандай, қара жолмен сықырлап арба келеді. Не асфальт жол жоқ: аяқтың асты – батпақ, жолаушылардың үсті – сатпақ. Арбаны көздеген жерге алып бару үшін ең алдымен қамыт киген өгіз мықты болуы керек, оның шамасы жетпесе, айдаушы іскер болуы шарт, оның да қолынан келмесе, кездейсоқ жүргіншілер мен арнаулы жолаушылар бейнетіне көніп, бірі тегершігін итеріп, бірі өгізді сүйреп, біреуі жол көрсетіп дегендей, көпшілікпен бітетін жұмыс. Бізде сөз көп те, іс шамалы. Ал құр айқаймен есекті де жұмысқа жеге алмайсың. «Тәуелсіздік алғалы пәлен жыл», – деп жатырмыз. Одан бері бірінші сыныптың табалдырығын аттаған бала кәмелетке келетін уақыт болды ғой. Тілі қазақша шыққан бала енді қазақша сөйлей алмай тұрса, оған кім кінәлі?! Оны «сақау» деп те, «мақау» деп те айта алмаймыз ғой.

Ақаң айтқан халықтың көзі, құлағы тілі болатын төл басылымдарымыз жеткілікті ме? Өзге ұлттарды тәрімізге шығарып, өзіміз босағада қалатындай не жазығымыз бар? Осыдан он шақты жыл бұрын балаларымызды қазақ мектебіне беріп, жиналыстарда ана тілімізде сөйлеп, марқайып қалып едік. Сол үрдіс жалғасын тауып жатыр деп айту қиын. Өйткені «қазақ тілі тағы қалды тасада, ұқсап тұрмыз Ақаң айтқан масаға...».

Теледидарды ашып қалсаң да, радионың құлағың басып қалсаң да, газеттерді парақтасаң да, журналдарға қарап қалсаң да, басымдық орыс тілінде. Қазақстандағы, әсіресе, облыс орталықтарындағы орыс тілдес газеттер қазақ елі емес, басқа мемлекеттің басылымы секілді. Өйткені оларда халқымыздың тілі мен діні, салт-дәстүрі, әдебиеті мен мәдениеті туралы мүлдем жазылмайды, немесе ара-тұра, тиіп-қашып жазылады. Олардың көпшілігі христиан дінін уағыздайды, орыс немесе батыс мәдениеті мен әдебиетін насихаттайды. Бір ғажабы – сол басылымдар тендерде «жеңімпаз» атанып, мемлекет тарапынан оларға қаржы бөлінеді. «Қазақ тілді басылымдардың жан айқайын күнде оқып жүрміз», – десек те, олардың көпшілігі өз қотырын өзі қасығандай әсер қалдырады. «Мемлекеттік тілді білмейтін шенеунік немесе қазақ тілінде сөйлемейтін депутат қызметтен кетсін немесе депутаттық мәртебеден айырылсын» дейтін сөздер де естіледі.

Екінші жақ болса, орыс тілінің өнбейтін дауын даулап, өршелене түседі. Тіл жанашырларының көптеген құнды пікірлері «жартасқа бардым, күнде айқай салдымды» еске салады. Баяғы жартас – бір жартас. Мекемелер мен көше аттарының жазылуындағы өрескел қателер туралы БАҚ аттан салып жатады. Бірақ сын түзелгенмен, мін түзеліп жатқан жоқ. Өйткені билік басындағылардың дені – орысша ойлайтындар, сол тілде сөйлейтіндер, «қазақ тілін өрге шығарайық», – десең, «әлі оған ерте, қой!» дейтіндер. «Сең қозғалды ма?» дегенде, премьер-министр мен кейбір министрлеріміздің тілі келсін-келмесін ана тілінде сөйлеп жатқанынан үміт етеміз. Бірақ мемлекеттік тіл мәселесін кейінгі кезде жиі өткізіліп жүрген түрлі байқаулар мен көрмелер, өзге ұлт өкілдері арасындағы жарыстар түбегейлі шеше алмайтыны туралы қазақ басылымдары жазудай-ақ жазып жатыр. Қазақ тілі әр отбасымен қатар мемлекеттік ұйымдарда, мектепте және мәдени ошақтарда басымдыққа ие болғанда ғана бөркімізді аспанға атуға болады.

Біздің теледидарды жаулап алған, көбінің мазмұны жеңіл айтыстарда тіл мәселесі жиі айтылғанына ғана қуанбасақ, «мұндай хабарлар қазақ халқының мәдени өресін танытады» деп айту қиын. Оның есесіне зиялы қауым өкілдерін көбірек сөйлетіп, осы тақырыпқа орыс тіліндегі бағдарламаларда да жиі оралып отырсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Көгілдір экранда ана тілін қасиет тұтатын белгілі қоғам қайраткерлерінің, ақын-жазушыларымыз бен ғалымдарымыздың тұрақты мінбері болуы керек. Содан кейін кейбір министрлеріміз бен жоғары лауазымды шенеуніктердің орыс тілінде сөйлегенін қазақ тіліндегі хабарларда мүлде көрсетпеуге тырысу керек. Олардың сөздерін қазақшаға аударып бергеннен не ұтамыз?!

Босағада қалған қазақ тілін төрге шығару үшін ана тілінде тәулігіне 24 сағат бойы сөйлейтін арнаулы телеарна керек. Қазақ радиосы да үзіліссіз эфирге шығуы керек. Мемлекет тарапынан қаржыландырылатын көптеген республикалық және облыстық газеттерді орыс және қазақ басылымдарын біріктіріп, екі тілде шығарсақ, ұтар едік. Мәселен «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правда» көбінесе бір тақырыптағы материалдарды жариялап келе жатқаны шындық қой. Мұның өзі, бір жағынан, қаржы үнемдеуге әкелсе, екінші жағынан, тіл үйрету мектебі болар еді. Жарнамадан түскен қаржы да бір астауға құйылар еді. Мемлекеттік тілдің мүддесін қызғыштай қорғайтын орыс тілді басылым да ауадай қажет.

Ұлттың тілден алыстауы – сөз бен істің қабыспауы. Сөз жүзінде «қазақ тілін дамытайық» деген қайраткерсымақ іс жүзінде ана тілін өзге тілден кем көрсе жағдай қайдан түзелсін?! Сөзі басқа адамның ісі басқа болған соң олардан қандай үлгі-өнеге алуға болады?!

Ана тілі – бізге ананың сүті секілді. Ал басқа тілді емізікпен салыстыруға болады. Емізікпен өскен баладан ана сүтіне уызынан жарыған баланың артықшылығы көп екені анық. Қазақ халқының тілі ғасырлар бойы өзінің түбірін сақтап келуі біздің тіліміздің айрықша бай әрі мағыналы екенін көрсетеді. Мысалы, Адам деген алғашқы пайғамбардың аты

халқымызда кісі деген ұғымда сақталған. «Атымды адам қойған соң қайтіп надан болайын!» – деген Абай сөзі ойға оралады.

Көрнекті көсемсөзші Міржақып Дулатов 1920 жылы «Кедей сөзінде» жарық көрген «Октябрь төңкерісінің үшінші жылы» атты мақаласында («Ақиқат» журналы, №4, 1998) қызыл тілге ерік береді:

«Ешкімге бағынбаған, тірі жанға жалынбаған, еркі өзінде, ерке жауынгер. Ержүрек, жігерлі, өзі көсем, серке еді. Ақкөңіл, ақжарқын, уағдашыл, айтқан сертке берік еді. «Бұл – кім?» – десеніз, – Қазақ еді! Сарыарқаны жайлаған, есепсіз мал айдаған, соны қоныс, тұнық су, шалғынға бие байлаған, көл жағалай ел қонып, ат шаптырып, той қылып, мереке, қызық күн сайын, жарыс салып жас ұлан, қыз-бозбала ойнаған, уайым жоқ, қайғы жоқ, «Бұл – кім еді?» – десеніз, бұл – қазақ еді! Құл болды. Құр болды. Жайылып, жатқа бас ұрды. Басынан ерік, малынан билік кетті. Жер мен судан айырылды. Жігері қатты жасыды. Қоянжүрек қорқақ болды. Партия деген пәлеге жолықты. Бұл – кім? Бұл да – қазақ! Бірақ бұл – орыс патшасына бағынып, өткен күнін сағынып, бір көруге зарығып, жарық сәуле көре алмай, қараңғыда қамығып, жыламсырап, қамыққан қазақ елі» [5].

Мақала осындай өлеңге бергісіз, адам айтса сенгісіз, жігерінді жанитын, намысыңды қайрайтын сөйлемдерден басталады. «Бұл – кім еді?» деген сауалды қайта-қайта қою арқылы автор эмоциялық әсерді одан ірі ұлғайта түседі. Сол сауалдарға да бір-ақ сөзбен: «Бұл – қазақ еді!» – деп жауап береді. Үзінді – ұйқасты сөздерге құрылған қызыл тіл емес, ойлы, жігерлі, айтар ойы анық, бояуы қанық. Міржақыптың бұл ойы жігерлі де айшықты ана тілі арқылы жұрт жүрегіне жетті.

Арада көп уақыт өткенде жазушы Әбіш Кекілбаев: «Жаңа тәуелсіз мемлекеттер кешегі империяның эпицентріне географиялық жағынан да, менталитеттік жағынан да әлдеқайда жақын тұр. Олардың көпшілігінің былайғы дүниемен тікелей байланысы болмаған. Азын-аулақ қарым-қатынасының өзі тоталитарлық орталық арқылы жасалған. Мәдени, ғылыми, саяси байланыстары да империялық мемлекеттік тіл арқылы жүзеге асқан. Сондықтан ешқандай батыстық не шығыстық ыңғайластық турасында сөз етуге болмайды. Сондықтан «сандық» ішіндегі «сандық» қалпында өмір сүріп келген шет аймақтық қауымдарға ашық қоғам үрдісіне көшу оңайға түспей жатқандығы түсінікті. Оның үстіне олардың бұған ұлттық мемлекет түгілі, ұлттық қауым ретіндегі даралығы да тым шектеулі еді. Бұның бәрі астыртын адамзаттық қоғам құрмақ түгілі, жөні дұрыс оппозиция иемденуге де мүмкіндік бермеді. Ашық қоғамдармен тікелей байланыстарға шығуға еш саңылау қалдырылмаған қауымдарда диссиденттікке де жол берілмейтіндігі, Арктикада апельсин өспейтіндігі секілді, өзінен-өзі белгілі ақиқат. Олардың үйде тұрып маңыраған жетім лақтай, өз тағдырына налыған өкпе-наздарынан қалған әлем бейхабар жатты» [6], – деп толғанды.

Алаш қайраткерлерінің аңсаған арманы – өз жерімізде, өз елімізде ана тілін төрге шығару болатын. Ол – бүгінгі жастардың және келер ұрпақтың парызы.

Әдебиет:

1. Аяған Б.Ғ., Шәймерденова М.Ж. Қазақстан тарихы. - Алматы: Атамұра, 2013.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Арыс, 2013.
3. Мұстафа Шоқай Шығармалар жинағы. - Алматы, 2012-2014.
4. Ақылбек Шаяхмет «Тайбағар». – Астана: Фолиант, 2011.
5. Дулатов М. Октябрь төңкерісінің үшінші жылы // Ақиқат. - №4. - 1998.
6. Кекілбаев Ә. Басты мұратымыз – баянды елдік // Егемен Қазақстан. – 2004, 12 маусым.
7. Омарұлы Е. Шығармалары. Сочинения. - Астана: Фолиант, 2017.

Қазақ тіліндегі «и», «у» әріптерінің қолданысы

Әбілқазыұлы Ә.

*Шинжаң университеті гуманитарлық институты
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті,
Қытай Халық Республикасы*

***Аңдатпа:** Мақалада қазақ тіл біліміндегі (Қазақстандағы, Жұңгө еліндегі қазақ тіл біліміндегі) и, у дыбыстарының танылуы тарихи тұрғыдан сөз болады. Тіл білімінде, бүгінгі латын жазуына көшу барысында көп талас тудырып жүрген у, и дыбыстары морфем талданым, буын талданым, тасымал талданым тұрғысынан сипатталып, жазуды реформалауда ескерілуі тиіс тұжырымдар жасалған.*

***Түйін сөздер:** дауысты, дауыссыз, қосар, буын, морфем, тасымал, алфавит, жазу.*

***Summary:** The article recognizes the sounds of the Kazakh linguistics (in Kazakhstan, in the Kazakh language in China), and historical sounds. In the linguistic knowledge, the sounds «i, u» that are causing a lot of controversy during the transition to Latin writing have been analyzed in terms of morphological analysis, joint analysis, transport analysis, and conclusions that need to be taken into account in writing reform.*

***Key words:** Vowels, Voice, Singular, Generation, Morpheme, Carriage, Alphabet, Writing.*

Қазақ жазуының тарихы – жалпы алғанда, әліпби ауыстыру, емле дұрыстаумен келе жатқан тарих. Бір ғасырдың өзінде кейде арабтан латынға, латыннан кирилге, кейде бірінен екіншісіне қайта оралдық. Осыған орай **и, у** әріптері қолданысының кезеңдерін сол дәуірдің жазу үлгісімен беріп отырамыз.

Елімізде бізден бұрынғы зиялы топтың, өте-мөте ұстаздарымыздың қазақ тіл білімінен қандай жолдармен, қай деңгейде білім алғанын білмейміз. Ал, біз, әрине, біздің тұтастарымыз да бар, өткен ғасырдың 80-жылдарының ар жақ-бер жағынан бастап, жоғары оқу орындарына түскеннен кейін, жүйелі білім ала бастадық. Сол тұстары «Қазақ жаңа жазуымен» оқитынбыз.

«Қазақ тілі» оқулықтарының авторлары: «Қазақ тілінде 9 дауысты (/a/, /ə/, /o/, /ø/, /u/, /ü/, /ê/, /i/, /e/) дыбыс, 6 қосар дауысты (/ia/, /ua/, /ie/, /eü/, /uo/, /io/) дыбыс, 28 дауыссыз (/b/, /c/, /d/, /f/, /g/, /h/, /j/, /k/, /l/, /m/, /n/, /p/, /q/, /r/, /s/, /t/, /v/, /w/, /x/, /y/, /z/, /ʃ/, /h/, /k/, /zh/, /ch/, /sh/, /ng/) дыбыс бар» [1], – деп жазатын. Сол әріптердің қатарынан /y/, /w/ әріптерінің емлесі туралы өзгеше ережелер мен түсініктерді кездестірмей-ақ, тек қазақ сөздердің /meu, sey, biy/, /suw, tuw/, /suweq, jeyen/, /oqew, toqew/, /kiyiw, qeyew/ деп жазып, мұндағы /oqew, toqew/, /kiyiw, qeyew/ етістіктерінің түбірі /oqe, toqe/, /kiy, qey/, көсемше түрі /oqey, toqey/, /kiye, qeya/, тұйық рай түрі /-ew/iw, -w/ жұрнақтары арқылы жасалады, /meu, sey, biy/, /suw, tuw/ сөздері тәуелдік жалғауының 3-жағымен түрленіп келгенде буын жігі /me-ye, se-ye, bi-yi/, /su-we, tu-we/ болып анықталады, /suweq, jeyen/ сөздері /su-weq, je-yen/ болып тасымалданады деп білетінбіз.

Әрине, кірме әріптер мен жасанды дыбыстардың жаңсақ, жартыкеш, тіл бұзар тұстарын ескермегенде, бұдан қазақ сөздерінің морфема құрамына, буын үлгісіне, тасымал ретіне, айтылым әуезіне нұқсан келіп тұрмайтын. 1982 жылы 11 қарашада Шинжаң Ұйғұр автономиялы райондық Халық үкіметі ұйғұр, қазақ жаңа жазуларын күшінен қалдырып, араб алфавиті негізіндегі ұйғұр, қазақ байырғы жазуларын қалпына келтіруді ұйғарған соң «Қазақ тілі» оқулықтарының авторлары: «Қазақ тілінде 9 (11) дауысты дыбыс бар. Олар: **а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е, (и, у)**. Бұның алдыңғы 9 дауыстысы – жалаң, соңғы 2 дауыстысы – қосынды дыбыс. 24 дауыссыз дыбыс бар. Олар: **б, в, г, ғ, д, ж, з, и, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ф, х, һ, ч, ш**» [2], – деп жазды. «Қазақ жаңа жазуындағы» 6 қосар дауысты дыбыс не қазақ тілінің, не қытай тілінің дыбыстары болмай шықты да дау-дамайсыз қатардан қала берді, 28 дауыссыз дыбыс азайып, «Қазақ байырғы жазуларында» 24 дыбыс болды, артық төртеуі (/c/, /zh/, /ch/, /sh/) қытай тілінің дауыссыз дыбысы екені анықталды.

Есесіне «Қазақ жаңа жазуындағы» 9 дауысты дыбысқа екі дыбыс қосылды да «Қазақ байырғы жазуында» 11 дауысты дыбыс болды. Сол 11 дауысты дыбыстың құрамындағы /и/, /у/ дыбыстары (әріптері) дауысты дыбыстардың да, дауыссыз дыбыстарының құрамында да жүрді. Сүйтіп, әлгі қазақ сөздерін /ми, сый, би/, /су, ту/, /суық, жиын/, /оқу, тоқу/, кию, қию/ деп жаттап жазатын болдық. Сонымен, «Қазақ жаңа жазуындағы» /y/, /w/ әріптерінің (дыбыстарының) алдындағы /ə/, /i/, /u/, /ü/ әріптері (дыбыстары) көз танымнан (шалымнан) жоқ болды. «Неге?» деген сұрақ туса, әрине, жауапты «Қазақ жазуының әліппесі және қазақ тілі емлесінің негізгі ережелерінен» [3] іздейміз.

«Ереженің» 7-параграфында (бабында) : «Дауыстылардың ішінде у мен и түбір сөзде де, туынды сөзде де бірде жуан, бірде жіңішке естілетін ұу (ыу), үу (іу), ый, ій сынды дыбыстардың орнына жүреді. Мысалы: су, шу, ту, ту, ине, тый, ти т. б.». Соған қоса тағы да «и, у таңбалары ы, і, ұ, ө-ден басқа дауысты дыбыстармен тіркескенде үнді дауыссыз и, у дыбыстарының таңбасы ретінде де жазылады. Мысалы: ау, тау, уақыт, ай, тай т. б.», – деп ескерту береді. Одан кейінгі «Қазақ тілі жазылымы мен тыныс белгілерінің

негізгі ережелерінің» [4] 8-бабында **а, е, ы, і** әріптерінің емлесіне орайластырып: «4) **ы, і** қысаң дауыстылары **и** үнді дауыссызының алдында келгенде, түсіріліп жазылады. Мысалы: *сый* (*сый емес*), *и* (*ий емес*), *тый* (*тый емес*), *ки* (*кий емес*) т.б. 5) **ұ, ү, ы, і** қысаң дауыстылары **у** үнді дауыссызының алдында келгенде түсіріліп жазылады. Мысалы: *у* (*ұу емес*), *ту* (*туу емес*), *қию* (*қыию емес*), *тию* (*тіию емес*) т.б.» деп тағы бір кетеді. «Мұндай ережелерді тілдің қандай заңдылығына, нендей бір ұстаным-қағидаттарға негізделіп жасады екен?» деген сұрауларға аталған оқулықтар мен оқу құралдарынан жауап таппаймыз. Сонымен, қаперімізге кірмей-ақ *оқу, тоқу, кию, қию* етістіктерінің түбірі *оқ, тоқ* (себебі **-у** тұйық райдың көрсеткіші ғой), *ки, қи*; көсемше түрі *оқи, тоқи, кие, қия*; тұйық рай түрі жалғыз **-у** арқылы жасалады; *ми, сый, би, су, ту* сөздері тәуелдік жалғауының 3-жағымен түрленіп келгенде буын жігі *ми-ы, сый-ы, би-і, су-ы, ту-ы* болып анықталады; *суық, жиын* сөздері *су-ық, жи-ын* болып тасымалданады», – дей саламыз да сәлден соң бағанағы көз танымнан ғайып болған, кім көрінгеннің көңілде жүре бермейтін **ы, і, ұ, ө** әріптері (дыбыстары) тосын еске түсіп: «Жоқ, *оқу, тоқу* етістіктерінің түбірі *оқы, тоқы*; *миы, сыйы, биі, суы, туы* сөздерінің буын жігі *мы-йы, сы-йы, бі-йі, сұ-уы, тұ-уы* болып анықталады; *суық, жиын* сөздері не *су-ық, жи-ын*, кейде *сұ-уық, жы-йын* болып тасымалданады», – дейміз.

Ал жалпы көпшілік оңы түзу айтылым ережесі жоқтан жоғары болса да, бір айтылым (орфоэпия) сөздігі болмағандықтан, *ми, сый, би, су, ту* сөздерінің жуан-жіңішке айтылымдарын ескермей-ақ *ми, си* (кешіріңіздер!), *би, су, ту* деп қатырып айтатын болды. Қазақ тілін ана тілі деңгейінде немесе екінші тіл ретінде оқыту барысында бір-біріне кереғар, қайшы мұндай ережелерді үйренген мектеп оқушылары дел-сал күйге түссе, жоғары оқу орындарының студенттері әрі-сәрі күй кешеді. Өзге ұлт оқушылары мен студенттері аң-таң қалады.

Ал қазақ тілін саналы түрде үйреніп, зерттеп жүрген өзге ұлт мамандары «Қазақ ағайындардың сауаты қалай? Ата-бабалары деген сөзді бекер айтпаған көрінеді» деген сыңай байқатып, іштей езу тартады.

Содан «Мұның да бір себебі негізі бар шығар» деген оймен қазақ тіл білімінің тарихына үңілеміз. Әрине, қазақ тіл білімінің негізін салушы Ақымет Байтұрсын ұлынан бастайсың. Бірақ одан көз жазып қалғанымыз қашан?! Содан зерттеулерге сүйенеміз [5]. Сүйтсек, **у** дыбысы 1929 жылға дейін *ыу, іу, ұу, үу* (*тыуралы/тұуралы, сыу/сұу, күресіу*), 1929 жылдан бастап жүйелі түрде *ұу, үу* (*сұу, күресуу*), 1938 жылдан бастап қазақ елінде тап қазірге дейін **у** (*су, күресу*); **и** дыбысы 1938 жылға дейін *ый, ій* (*тарыйқ, кәбійнет, көлексіә*, 1938 жылдан бастап **и** (*тарих, кәбинет, колекция*) болып жазылып келіпті.

1933 жылдан бастап осы мәселенің төңірегінде баспасөз беттерінде мақала жарияланып, **и, у** дыбыстарын бір топ білімпаздар қосар әріппен (**ы + у, і + у, ұ + у, ү + у**), енді бір топ білімпаз бір таңбамен таңбалауды ұсынады. Сондай-ақ аталған дыбыстарды *жарты дауысты дыбыс* демей, оған толық

дауысты дыбыс деген мәртебе беру керек дейтін пікір айтады. Солардың қатарынан Ж. Аймауыт ұлы **и, у** дыбыстарын *жарты дауысты дыбыс* демей, *толық дауысты дыбыстар* тобына кіргізу керектігін айтады. Көптеген оқытушы қазақ тілінде екі дауысты дыбыс қатар келмейді, сондықтан **и, у** өзінен дауысты дыбыстың қатарына шығып қалады, «буынға бөлгенде де буын үндестігін бұзады» деген қағидатты ұстанып, қарсылық білдіреді.

С. Аманжолов 1933 жылдары:

«1) **і (ы)** әрпін бұрынғы күйінде қалдыру керек. Оның жіңішкелік, дәнекерлікке беретін мәні де жеткілікті; 2) **ј (и)** әрпіне толық маңыз беру керек. Оны орыстың **и** дыбысымен бірдей дәрежеге жеткізу керек. Сонда ғана екі дыбыс (**і, ј**) қатар жазылмайтын болады; 3) **ј** дыбысы дауысты дыбыстардан соң ғана, қысқа, шолақ дыбыс саналсын; 4) еш жерде **ј** дыбысының алдынан **і** дыбысы жазылмасын, қосарланбасын, тек **ј** дыбысының артынан **і** келуіне болады; 5) **и (у)** дыбысын орыстың **в** дыбысына (сөз басында келсе), ортасында, аяғында орыстың **у** дыбысына тең деп жоба алу керек», – деп жазады.

1935 жылдары Нияз ұлы Ғали «бір дыбысты қосар әріп арқылы таңбалау жазу экономикасына әсер етеді, сондықтан әріптерді ықшамдап қолдану керек» деген ойын ортаға салса [7], Қ. Жұбанов қысаң дауыстыларды сөз еткенде: «Қосар дыбыстар ерте кезде бір дауысты, бір дауыссыздардан құралған», – деп, қазіргі емледе **и, у** дыбыстарын қосарлап қолдануға болмайтынын айтады.

Сонымен, «**[ы + у], [ы + у], [ү + у], [ү + у]** дыбыстарын қосармен таңбалау тілдің экономия заңдылығына (经济性原则) қайшы келеді» деген тұжырымдамаға сай, С.Аманжолов ұсынысымен «барынша орыстандырып», 1938 жылы **и, у**-лардың таңбалары өзгертіледі. Жаңа ережеде қос таңбалар ажыратылып, ол дыбыстар жеке бір таңбамен көрсетіледі. **үу, үу, у** дыбыстарын барлық жерде **и** таңбасымен және **ьј, іј, ј** дыбыстарын барлық жерде **і** таңбасымен таңбалайтын жазу жүйесі жасалады. Қосар әріппен таңбаланатын дыбыстарды бір әріппен таңбалау тәжірибе жүзінде де іске асады.

Ал Міркәмәл Жәлелқан ұлының «Ана тілім – ардағым» [6] атты еңбегіне сүйенсек, «Байтұрсын жазуы» Шинжаңда жалпыласа бастаған кезде қазақ зиялылары екі топқа бөлініп, «Шинжаң газетінде» дау салады. Даудың негізгі тақырыбы қазақ әліпбиіне **ф, х, ч, һ, ѓ** әріптерін қабылдау-қабылдамау арасында болады. 1937 жылы басталған дау 1944 жылға дейін созылады. Ақыры 1947 жылы «Шинжаң газетінде» Әнуар Көкеевтің «Қазақ тілі» деген мақаласы жарияланып, **ф, х, ч, һ** әріптері қазақ әліпбиіне кіргізілумен тынады, **ѓ** әріп қабылданбайды, оның есесіне қазақ әліпбиіне **в** әрпі қосылады. Жоғарыда атаған қазақ елінің 1938 жылғы жазу жүйесі мен тәжірибесі өз көрінісін табады. Сонымен, әріп тұрқы «Байтұрсын жазуы» үлгісімен, мазмұн-межесі қазақ-орыс немесе көп тіл жазылым-айтылым жүйесімен, «Шинжаң өлкелік Халық үкіметі 136 санды әкімшілік істер мәжілісінде бекіткен» (сол кездің емле ереже үлгісімен жазылды – Ә. Ә.),

Әнуар Көкеев құрастырған «Қазақ тілі емлесін дұрыс қолдану ережелері» [7] 1954 жылы жарық көрді. Сонан соң 1956 жылдан славян графикасына бейімделіп, 1962 жылдан латын графикасына көше бастап, 1982 жылдан қайтадан араб алфавитіне оралған әлаулаймен қалаулайды жұрттың бәрі біледі.

Өткен ғасырдың 80-90-жылдарының ар жақ-бер жағынан бастап қазақ жазуларын латын жазуына ауыстыру мәселесі көтерілді. Осыған орай Әлімхан Жүнісбек өз ой-тұжырымдарын: «Бүгінгі қазақ жазуына, тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек. Реформа бір ғана әліпби ауыстырумен тынбайды. Реформа үш мәселені – дыбыс, әріп және емле-ереже – бірдей қамтылады: дыбыс – өзге тілдерден бөлектеп тұратын тілдің тұрпат-тұрқы; әліпби – сол дыбыстың қауызы, басқаша айтқанда, қорғаны мен оққағары; емле-ереже – дыбыстардың басын біріктіріп, сөз құрап тұратын дәнекері. Осы үш мәселе бір-бірімен байланысты және қатар шешілмей төл жазу қалыптаспайды. Ал әліпби ауыстыру қазақ жазуына реформа жасаудың алғы шарты және ең төте жолы болып табылады. Егер латын таңбаларын баптап қабылдай алсақ, онда көптеген тіл бұзар әріптер мен емле-ережелер өзінен-өзі түсіп қалады» [8], – деп жазады. Сонымен автор (автордың төл сөзін толық бермеуге амалсызбыз. – Ә. Ә) айтады: «Қазақ тіліндегі дифтонгтардың фонологиялық мәртебесін (статусын) анықтау бүгінгі қазақ фонэтика ғылымының өзекті мәселесіне айналып отыр. Өйткені бұл мәселенің теориялық және практикалық маңызы қатар өзекті (актуал) болып отыр. Мәселенің теориялық шешімі қазақ тілі дыбыстарының құрамын дәл анықтап, «Қазақ тілінде қанша дауысты дыбыс бар?» деген сұраққа нақты жауап тауып беретін болады. Ал оның практикалық шешімі қазіргі қазақ жазуындағы қайшылықтардан арылуға мүмкіндік береді.

Жазуда **и, у** әріптерімен таңбаланып жүрген дыбыстарға, бір жағынан, «Дауыстыдан кейін дауыссыз, дауыссыздан кейін дауысты болады» деген мектеп және жоғары оқу орындарының оқулықтарындағы жаңсақ анықтамамен қатар, екінші жағынан, олар «Дауысты мен дауыссыздың тіркесін белгілейтін таңба» деген академиялық грамматикадағы ақиқат анықтама беріледі. Біз бұл жерде қазақ тілі оқулықтары мен ғылыми грамматикаларында кездесіп жүрген бір-біріне қарама-қарсы пікірлердің негізгілерін ғана келтіріп отырмыз.

Өзара артикуляциялық (发音) үйлесімі күшті, естілімі ұқсас болып келетін қысаң дауыстылар мен үнді дауыстылар тіркесінің құрамды бөліктерін ажыратып алу оңай болмайды. Оның үстіне орыс тілінің **ы, и, у** дауыстыларының естілімі мен қазақ тілінің **ый, ій, ұу, үу** дыбыс тіркестерінің естілімі өзара ұқсас болуы да өз әсерін тигізді. Кезінде қазақтың төл сөздерінің құрамында **и, у** таңбаларын жазу туралы әміршіл-әкімшіл ереже қабылдауға да, сөз жоқ, осы жай себеп болған. Олардың құрамды бөліктерінің жігін ажыратудың бірнеше тәсілі бар.

Солардың бірі – морфем талдау: егер өзге морфем жігі анық тіркестермен ұқсас келсе, Яғни, тіркесім сыңарларының арасынан морфем жігі өтетін болса, олар дербес-дербес дыбыстардың тіркесі болып саналады.

Ендеше, бірінші, морфем жігі анық тіркестермен салыстырып шығамыз. Төмендегі әртүрлі түбір морфем дыбыс құрамының әртүрлілігіне қарамай, бірыңғай тілдік бірліктер болып табылады (көпшілікке түсінікті болу үшін тіркес транскрипцияларын да кирилше беріп отырмыз): *ай [ай], әй [әй], ей [ей], ой [ой], өй [өй], ұй [ұй], үй [үй], и [ый], и [ий]*.

Алғашқы жеті сөздің (тіркестің) дыбыс құрамына ешкім күмәнданбайды, ал соңғы **и** арқылы жазылып отырған сөзге (тіркеске) келгенде күмән басталады. Шындығында, барлығы әртүрлі дауысты дыбыстар мен үнді, жуысыңқы, тіл ортасы (тілшік) **й** дауыссызының тіркесі болып келеді. Егер *ай* немесе *үй* тіркестерінің дыбыс құрамына күмән туғызбайтын болсақ, онда солармен теңдес *ий*, *ый* тіркестерінің де дыбыс құрамына күмәнданбауымыз керек.

Тіптен, басқаны былай қойғанда, **и** таңбасы бір дауысты дыбыс болса, онда *ми* деген сөздің құрамында неге жуан айтылып, *ти* деген сөздің құрамында неге жіңішке айтылып, екі түрлі дыбысталады деп ойлану керек қой. Өйткені **и** таңбасы бірде құрамында жуан **ы** дауыстысы бар **ый** тіркесін, бірде құрамында жіңішке **і** дауыстысы бар **ий** тіркесін белгілейді. Тілі қазақы шыққан, естілімі қазақы қалыптасқан адам үшін оны аңғарудың еш қиыншылығы жоқ.

Енді **у** таңбасымен келетін бірыңғай сөздер тобын көрейік (**у** таңбасының мәні түсінікті болу үшін оны арнайы **w** таңбасымен белгілеп отырмыз, өйткені қазақ тілінде ерін-еріндік, жуысыңқы, үнді **w** дыбысы бар. Ескерте кететін нәрсе: орыс тілінде ондай дауыссыз дыбыс жоқ, сондықтан да олар қазақтың Көкшетау тәрізді сөзінің соңына **w** дауыссызын айта алмайтын болғандықтан, өздерінің үйреншікті **в** дыбысымен алмастырып отырады): *ау [aw], әу [әw], оу [ow], өу [өw], у [ұw], у [үw]*.

Алғашқы төрт сөздің (қазақ тілінде **ы**, **і**, **е** дауыстылары [**w**] **у** дауыссызымен тіркеспейді) дыбыс құрамына ешкім күмәнданбайды. Ал соңғы **у** арқылы жазылып отырған екі сөзге (тіркеске) келгенде тағы да күмән басталады. Шындығында, барлығы әртүрлі дауысты дыбыстар мен үнді, жуысыңқы, еріндік **у** дауыссызының тіркесі болып келеді. Егер *ау* немесе *әу* сөздерінің дыбыс құрамына күмән туғызбайтын болсақ, онда солармен теңдес *уу*, *үу* сөздерінің (тіркестерінің) де дыбыс құрамына күмәнданбауымыз керек.

Тағы да, басқаны былай қойғанда, **у** таңбасы бір дауысты дыбыс болса, онда «*алу* деген сөздің құрамында неге жуан айтылып, *елу* деген сөздің құрамында неге жіңішке айтылып, екі түрлі дыбысталады?» деп ойлану керек болар. Өйткені **у** таңбасы бірде құрамында жуан **ұ** дауыстысы бар **уу** тіркесін, бірде құрамында жіңішке **ү** дауыстысы бар **үу** тіркесін белгілейді. Мұның да тілі қазақы шыққан, естілімі қазақы қалыптасқан адам үшін аңғарудың еш

қиыншылығы болмайды. Екінші, түбір морфема мен қосымша морфеманың жігіне қарайық.

май [май], ма-йы [ма-йы]

ми [мый], ми-ы [мы-йы]

тау [тау], та-уы [та-уы]

ту [тұу], ту-ы [тұ-уы]

Қазақ тіліндегі қосымшалар талғампаз келеді. Соның бірі – түбір морфеманың дауысты не дауыссызға бітуіне байланысты. Егер *май, тау* сөздерінің дауыссыз дыбысқа бітуіне байланысты қосымша морфема дауысты дыбыстан басталып тұрса, онда дауысты дыбысқа бітіп тұр (?) деген, *ми, ту* сөздеріне неге дауысты морфема жалғанып тұр? Ендеше, «бұл сөздер де дауыссыз дыбысқа бітіп тұр» деген сөз. Олай болса, транскрипциядан көрініп тұрғандай, дыбыс тіркесінің екінші сыңары **и, у** – дауыссыз дыбыстары болғаны. Бұған қоса мысалға алынып отырған сөздердің бәрінің буын және морфем құрамы біркелкі екенін де ескеру керек.

Ендеше, **и, у** таңбаларының дыбыс құрамын **ый, ій, ұу, үу** дыбыстарының тіркесі деп қарау керек. Өйткені қазақ жазуының құрамына енген кірме әріптердің дыбыстық мәнін анықтау аса күрделі мәселеге айналып отыр. Себебі қазақ тілінің оқулықтары мен әдістемелік құралдарында кірме әріптер бірде дауысты, бірде дауыссыз, ал енді бірде дыбыс тіркесі деп түсіндіріліп келеді. Жаңа фонема болу үшін ол қазақ сөзінің үндесім әуезін бұзбайтын (қазақтың жуан үндесім әуезді *мый* сөзін жіңішке әуезбен *ми* деп айтқызыбайтын), буын құрамын өзгертпейтін (*ми-ы* деп тасымалдатпайтын), морфем жігін үзбейтін (*ми+ы* деп түбір мен қосымша тіркесіміне нұқсан келтірмейтін) болу керек. Сонымен, жазылуына қарай талданым:

Морфем талданым:

— *оқы* етістігінің көсемше түрі *оқи* болса, сонда көсемшенің көрсеткіші дауысты **и** дыбысы болғаны ма? Онда көсемшенің бір «Көрсеткіші дауыссыз **й**» деген ереже қайда қалады?

— *оқы* етістігінің тұйық рай түрі —*оқу* болса, сонда тұйық райдың көрсеткіші— дауысты **у** дыбысы болғаны ма? Онда тұйық райдың «көрсеткіші дауыссыз **у**» деген ереже қайда қалады?

Ең сорақысы: осы жердегі «Дауысты **ы** дауысты **у**-мен алмасады» деп түсіндіретін ереженің барын қайтерсің! Ал *оқы* етістігі дауысты **ұ**-ға (жарайды, тіптен, көз елес **ы** дауыстысы бола қойсын) аяқталып тұрғаны, оған келіп дауыссызу тіркесіп, тұйық рай *оқы* жасалатыны қаперімізге кірмей-ақ қойды.

Қазақтың **ұу** дыбыс тіркесінің естілімі орыстың **у** дауыстысының, қазақтың **ый (ій)** дыбыс тіркесінің естілімі орыстың **ы (и)** дауыстысының естілімімен жалған ұқсас екеніне сеніп қалғанбыз.

Буын талданым:

— *миы* сөзінің буын құрамы *ми-ы* болып, алғашқы буын дауысты **и** дыбысына аяқталып, келесі буын дауысты **ы** дыбысынан басталып тұр ма?

Онда қазақ сөзінің ішінде «Буын дауысты дыбыстан басталмайды» деген ережені қайда қоямыз? Оның үстіне сөз соңында «Дауысты буын тұрған деген — не?».

— *суы* сөзінің буын құрамы *су-ы* болып, алғашқы буын дауысты у дыбысына аяқталып, келесі буын дауысты **ы** дыбысынан басталып тұр ма? Ендеше, қазақ сөзінің ішінде «Буын дауысты дыбыстан басталмайды» деген ережені тағы еске сала кетеміз. Оның үстіне сөз соңында дауысты буын неге тұр?

Тасымал талданым:

— *жиын* сөзі *жи-ын* болып тасымалданып, тасымал жігі екі дауыстының арасынан отып тұр ма? Онда «Қазақ сөзінің ішінде екі дауысты қатар тұрмайды» деген ережені қайда қоямыз? Оның үстіне «Сөз соңында тұйық буын тұрған деген — не?».

— *суық* сөзі *су-ық* болып тасымалданып, тасымал жігі екі дауыстының арасынан отып тұр ма? Ендеше, «Қазақ сөзінің ішінде екі дауысты қатар тұрмайды» деген ережені тағы қайталаймыз. Оның үстіне сөз соңында тұйық буын неге тұр?

Көріп отырғанымыздай, аттаған сайын сұрақ белгісі алдымыздан шығып отыр. Бұл – бүгінгі қазақ жазуының күмәнді тұстары көп деген сөз.

Енді дәлелдемеге көшейін.

Қазақ сөзінің құрамындағы кірме **и, у, я, ю, щ, һ, х** таңбаларының дыбыс мәні жайлы фонетика-фонологиялық тұрғыдан бұған дейін көп жазылған, сондықтан оған тоқталып жатпаймын. Тек дыбыс құрамын көрсетіп өтейін.

И – [ый, ій], **у** – [ұу, үу]

Я – [йа, йә], **ю** – [йүу, йүү]

Щ – [шш], **һ** – [қ], **х** – [қ]

Кірме әріптердің дыбыс құрамына қарағанда, олар екі-үш дербес дыбыстың тіркесімін белгілейтін таңбалар екенін көреміз. Осы кірме әріптердің дыбыс мәнінің дәлелдемесін, бәріне тоқталып жатпай, **и** мен **у** таңбаларына ғана қатысты жеке-жеке талдап берейін.

Морфем дәлел. Тіркесімнің екінші сыңарының морфологиялық қызметін өзге морфем бірліктерімен салыстырып барып аңғаруға болады:

Оқы – л [оқи-л]

Оқы – п [оқи-р]

Оқы – с [оқи-с]

Оқы – й [оқи-у]

Оқы – у [оқи-w]

Осында *оқыл* дегендегі дауыссыз л [л] – ырықсыз етіс көрсеткіші, *оқыл* дегендегі дауыссыз п [р] – көсемше көрсеткіші, *оқыс* дегендегі дауыссыз с[s] – ортақ етіс көрсеткіші ретіндегі морфологиялық қызмет, *оқи* [оқиу] дегендегі дауыссыз й[y] – көсемше көрсеткішіне, *оқу* [оқиw] дегендегі дауыссыз у [w] – тұйық рай көрсеткішіне де тән екенін көреміз. Тілдік (морфологиялық) қызмет осындағы [л], [р], [с], [y], [w] дауыссыздарына бірыңғай тән. Ендеше, **и, у** таңбаларын *дауысты* деп шатаспауымыз керек.

Буын дәлел. Тіркесімнің екінші сыңары қазақ тілінің өзге дауыссыз дыбыстары тәрізді, буынның құрамды бөлігі болып табылады:

Қыр – қы+р [qɪ-r] тіс – ті+с [ti-s] ұл – ұ+л [u-l]

Қи – қы+й [qɪ-y] ти – ті+й [ti-y] у – ұ+у [u-w]

Осындағы [r], [s], [l], [y], [w] дауыссыздары буынның соңғы дауыссыз сыңары ретінде бірдей жұмсалып отыр.

Тасымал дәлел. Тіркесімнің екінші сыңары қазақ тілінің өзге дауыссыз дыбыстары тәрізді тасымал жігін көрсетеді:

тыным – ты-ным шіре – ші-ре

тиым – ты-йым шие – ші-йе

құсы – құ-сы елігі – е-лі-гі

қуы – құ-уы елуі – е-лі-уі

Осындағы [n], [r], [y], [s], [g], [w] дыбыстары дауыссыз болғандықтан, сөз ішіндегі буынның бас шебінде тұр. Сөйтіп, сөз соңындағы бейтарап дауысты буын мен тұйық буыннан құтыламыз.

Олай болса, дауысты **и, у, (ю) я** деп жүргеніміз – екі (үш) дыбыстың тіркесімін белгілейтін таңба (!) екен.

Жазу реформасының реті бірнеше сатыдан тұру керек. Соның ең бастысы – алдымен, кешіріңіздер, «сауат ашып» алу. Арамызда «Астапыралла, неғылған сауат ашу, мектеп түгілі, қалтамда қос институттың дипломы бар» деп қалатындар табылып қалатыны сөзсіз. Дегенмен, сабыр-сабыр. Сөз жоқ, *ми [mi]* емес, *мый [my]* екенін, *су [su]* емес, *сұу [suw]* екенін, т.с.с. екенін көбіміз біле бермейміз (ұмытып қалдық немесе ұмыттырып жіберді). Бұлар – ең қарапайым мысалдар. Мұндай мысалдардың тілімізде ұшы-қиыры жоқ. Ендеше, алдымен сабыр сақтап, сауат ашып алуымыз керек. Сонан соң барып жазу реформасын, оның ішінде әліпби ауыстыру да бар, бастау керек.

Демек, әліпби ауыстырды былай қойғанда, қазақ жазуын бір саралап-пысықтап алатын мезгіл жеткендігін көпшілік, оның ішінде мұғалімдер, оқытушылар, баспагерлер, өте-мөте тілгерлер біліп те, айтып та, жазып та жүр. Тіпті оның кезек күтірмейтін сәті де түсіп тұр. Өзге жұрт бір ғасырды былай қойғанда, жылына бір рет емле ережелерін қадағалап, қарастырып, оның жаңсақ, жартыкеш, жарамсыз, тіл бұзар тұстарын қырнап, өңдеп жүргеніне куә болып келеміз. Сонымен, қазақ тіл мәдениетінің жағымсыз тұстарын тіл тұтынушылардың есебіне жаза бермей, қазіргі кезеңдегі жазылым-айтылым өңіріндегі ескіліктер мен жаңалықтарды бір рет қарап шығуды ШҰАР тіл-жазу қызметі комитетіне ұсынамыз.

Әдебиет:

1. Қазіргі қазақ тілі. – Үрімжі, 1980.

2. Хамза ұлы Б. Қазақ тілі негіздері. – Үрімжі, 1993.

3. Қазақ жазуының әліппесі және қазақ тілі емлесінің негізгі ережелері. – Үрімжі: Шинжаң халық баспасы, 1985.

4. Қазақ тілі жазылымы мен тыныс белгілерінің негізгі ережелері. - Үрімжі: Шинжаң халық баспасы, 2001.

5. Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағылымы. Алматы, 2012.

6. Жәлелқан ұлы М. Ана тілім – ардағым. Бейжің: Ұлттар баспасы, 2010.

7. Көкеев Ә. Қазақ тілі емлесін дұрыс қолдану ережелері. - Үрімжі: Шинжаң халық баспасы, 1954.

8. Жүнісбек Ә. Қазақ жазуы: төл дыбыс – төл әліпби. Астана: Руханият баспасы, 2013.

Мемлекет, астана атауларының қазақ тілінің латын әліпбиінде транслитерациялау ерекшеліктері

Оңғарбай Н.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Ономастика бөлімінің аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

***Аңдатпа:** Мақалада мемлекет, астана атауларының қазақ тілінің латын әліпбиінде транслитерациялаудың ерекшеліктері қарастырылады.*

***Кілт сөздер:** ономастика, латын әліпбиі, мектеп оқулықтары, атаулар, кіме дыбыстар.*

***Summary:** This article deals with features of the transliteration of the state, Latin names of the Latin alphabet of the Kazakh language.*

***Key words:** onomastics, Latin alphabet, school textbooks, names, sounds.*

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани сананы жаңғырту» атты мақаласында: «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық.

2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз.

2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек», – деген міндеттер жүктеді.

Елбасының бұйрығымен апостроф таңбалы әліпби қабылданды. Осыған орай тіл білімінің ономастика саласы да латын әліпбиіне көшудің дайындық жұмыстарына кірісті. Ғылыми әдебиетте әр ел халықтарының өзін этнос ретіндегі таныған атпен қатар сырттағы көршілес халықтар мен мемлекеттер берген аты болады. Өзін өзі атау үрдісі *эндоэтноним* терминімен белгіленсе, өзге халықтардың қойған атын *экзоэтноним* дейді. Халық, мемлекет атауларының халықаралық мәдени, ономастикалық кеңістікте қалыптасуының өзіндік көптеген жүзжылдық, тіптен мыңжылдық тарихы бар.

Әр елдің, мемлекеттің атауының қалыптасуының өзі – жеке үлкен қызықты ғылыми мәселе. Көп жағдайда оларға сырттан қойған аттар ұнамай да жатады. Мәселен, *Қытайдың* аты Еуропа өркениетінде *China* деп атау қалыптасқан, ол атау өте көне дәуірлерден келе жатқан алғашқы б.д. III ғасырында Цинь император әулетінің атынан еуропалықтар тарапынан қойылған. Ал орыс тіліндегі *Китай* атауы елдің солтүстігін мекендеген кидан тайпа атынан қойылған. Қытайлықтар өздерін «хань», «ханьсу» деп атап, елін *Жуңго* деп атау қалыптасқан, яғни, «Орталық патшалық», «Жердің, әлемнің кіндігінде орналасқан, аспан асты елі» дегенді білдіреді екен.

Көптеген мемлекет пен елдердің атаулары негізінен орыс тіліндегі ғылыми әдебиеттен енгендігі белгілі. Олардың жазылуы мен айтылуы ТМД құрамындағы бұрынғы КСРО мемлекеттерінің тілінде көбінде орыс тіліндегі нұсқасы танымал әрі жақын болғанымен, шетел мемлекет атаулары өзге әлемге ағылшын тілі арқылы жазылуы мен айтылуы арқылы еніп отыр.

Сол сияқты қазіргі әлем картасында, мектеп оқулықтарында әрқайсымызға танымал әрі үйреншікті болып кеткен көптеген мемлекет атауларының өз атаулары мүлдем басқа екен. Мысалы: *Абхазия – Апсны, Аустралия – Острэлия, Аустрия – Остеррайх, Албания – Шкиперия, Алжир – Альджазаир, Англия – Инглан, Армения – Хайастан, Грузия – Сакартвело, Германия – Дойчланд, Грекия – Эллада, Дания – Данмарк, Үндістан – Бхарат, Ирландия – Эйре, Литва – Летува, Польша – Польшка, Солтүстік Корея – Пукчосон, Тайланд – Пратхет – Тхаи, Хорватия – Хрватска, Черногория – Црна гора, Чехия – Ческо, Швейцария – Швайц, Швеция – Сверие, Финляндия – Суоми, Эстония – Ээсти, Эфиопия – Итьёппья, Оңтүстік Корея – Намхан, Жапония – Ниппон және т.б.*

Қазақ тілінде кейбір шетел мемлекеттерінің тарихи қалыптасқан атауы, жазылуы бар. Мәселен, *Германия* мемлекетінің атын *Алмания, Алман елі* формасында қазақ тілінде қолдану қалыптасқан. Бұл – қазақ тілінің ерекшеліктеріне бейімдеу деп түсінеміз. Алайда олай емес екен. Қазақ тіліне *Алмания* атауы тектен-тек еніп отырған жоқ, оның ұзақ-сонар тарихы бар екен. Рейн өзенінің сағасын 2000 жыл бұрын мекендеген тайпалар өздерін «германдықтар» деп атаған, яғни, «ger» («найза») және «man» сөзі «адам» дегенді білдірген. Ежелгі римдіктер де *германдықтар* деп атаған, ал Рейннің шығыс жағалауын герман тайпаларымен қатар славян, көшпенді ғұн тайпалары мекендегеніне байланысты түгелдей «*Allemania*», яғни, «әртекті халықтар мекені» деп атаған екен. Ал орыстар германдықтарды «немцы» деп тілдерін түсінбегендіктен, «немой» – «мылқау елі» деп атап кеткен. Байқағанымыздай, әр елдің атауы терең тарихқа, көне этимологияға жетелейді.

Бұл жоба аясындағы басты мақсатымыз – «әлемдегі танымал мемлекеттердің (шалғай елдерді есепке алмағанда) атын орыс тіліндегі формасын сол қалпында аламыз ба әлде тіліміз латын графикасына көшкен тұста осы мәселелерді тіліміздің ыңғайына қарап, барлық елдерді болмаса да, ішінара транслитерациялаймыз ба?» деген сауал туындайды. Өйткені шетел

мемлекет атауларының барлығы қазақ тіліне орыс тілінен еніп, оның сөзжасамдық ерекшелігін, жалғау, қосымша, жұрнақтарына дейін иеленген. «Сондықтан көптеген елдердің атауының өз тілінде халықаралық стандартқа айналған ағылшын тілінде, сондай-ақ түркі тілдеріндегі (түрік, әзербайжан, өзбек), өзге еуропалық әлем тілдеріндегі (француз, испан) жазуын саралай отырып, қандай да бір нұсқасы қазақ тіліне жақын келе ме?» деген ой келеді. Төмендегі мемлекет атауларының кестесіне назар аударсақ, түркі тілдеріндегі, Еуропа тілдеріндегі транслитерациясының қайсысы қазақ тіліндегі апостроф графикалы латын әліпбиімізге жақын, соны қай тілдегі транслитерация нақтырақ береді? Әлбетте түркі тілдеріндегі жазу, транслитерация жақынырақ көрінеді.

кирилше қазақ/орыс тілдеріндегі жазуы	қазақ тілінде апостроф латын	халықаралық стандарт ағылшын тілдегі	түрік, өзбек, әзірбайжан тілдерінде (латын)	испан тілінде	француз тілінде
Нидерланд	Ni'derland	Netherlands	Hollanda (түрік), Gollandiya (өзбек), Hollandiya (әзірбайжан)	Países Bajos	Pays-Bas
Грекия	Greki'i'a	Greece	Yunanistan (түрік), Gretsia (өзбек), Yunanistan (әзірбайжан)	Grecia	Greece
Германия	Germani'i'a	Germany	Almanya (түрік), Germaniya (өзбек), Almaniya (әзірбайжан)	Alemania	Allemagne
Швейцария	S'veitsari'i'a	Switzerland	İsviçre (түрік), Shveytsariya (өзбек), İsveçre (әзірбайжан)	Suiza	Suisse
Бельгия	Belgi'i'a	Belgium	Belçika (түрік), Belgiya (өзбек), Belçika (әзірбайжан)	Bélgica	Belgique
Мажарстан	Majarstan	Hungary	Macaristan (түрік), Vengriya (өзбек), Macaristan (әзірбайжан)	Hungría	Hungary
Польша	Pols'a	Poland	Polonya (түрік), Polsha (өзбек), Polşa (әзірбайжан)	Polonia	Pologne
Литва	Li'tva	Lithuania	Litvanya (түрік), Litva (өзбек), Litva (әзірбайжан)	Lituania	Lituanie
Ирландия	Irlandi'i'a	Ireland	Írlanda (түрік), Irlandiya (өзбек), Írlandiya (әзірбайжан)	Irlanda	Irlande
Хорватия	Horvati'i'a	Croatia	Hırvatistan (түрік),	Croacia	Croatie

			Xorvatiya (өзбек), Xorvatiya (әзірбайжан)		
Дания	Dani'i'a	Denmark	Danimarka (түрік), Daniya (өзбек), Danimarka (әзірбайжан)	Dinamarca	Danemark
Ұлыбритания	Ulybri'tani'i'a	Great Britain	Büyük Britanya (түрік), Buyuk Britaniya (өзбек), (әзірбайжан), Böyük Britaniya (әзірбайжан)	Reino Unido	Royaume-Uni
Ресей	Resei'	Russia	Rusya (түрік), Rossiya (өзбек), Rusiya (әзірбайжан)	Rusia	Russie
Норвегия	Norvegi'i'a	Norway	Norveç (түрік), Norvegiya (өзбек), Norveç (әзірбайжан)	Noruega	Norvège
Франция	Fransi'i'a	France	Fransa (түрік), Frantsiya (өзбек), Fransa (әзірбайжан)	Francia	France
Исландия	I'slandi'i'a	Iceland	Ízlanda (түрік), Islandiya (өзбек), Islandiya (әзірбайжан)	Islandia	Islande
Латвия	Latvi'i'a	Latvia	Letonya (түрік), Latviya (өзбек), Latviya (әзірбайжан)	Letonia	Lettonie
Италия	I'tali'i'a	Italy	İtalya (түрік), Italiya (өзбек), İtaliya (әзірбайжан)	Italia	Italie
Болгария	Bolgari'i'a	Bulgaria	Bulgaristan (түрік), Bolgariya (өзбек), Bolqarıstan (әзірбайжан)	Bulgaria	Bulgarie
Швеция	S'vetsi'i'a	Sweden	İsveç (түрік), Shvetsiya (өзбек), İsveç (әзірбайжан)	Suecia	Suède
Черногория	C'ernogori'i'a	Montenegro	Karadağ (түрік), Chernogoriya (өзбек), Çernoqoriya (әзірбайжан)	Montenegro	Monténégro
Иордания	I'ordani'i'a	Jordan	Ürdün (түрік), Iordaniya (өзбек), İordaniya (әзірбайжан)	Jordán	Jordan
Түркия	Ty'rki'i'a	Turkey	Türkiye (түрік), Turkiya (өзбек), Türkiy (әзірбайжан)	Turquía	Turquie
Қазақстан	Qazaqstan	Kazakhstan	Kazakistan (түрік), Qozog'iston (өзбек), Qazaqıstan (әзірбайжан)	Kazakhstan	Kazakhstan
Сирия	Si'ri'i'a	Syria	Suriye (түрік), Suriya (өзбек), Suriya (әзірбайжан)	Siria	Syrie

Кипр	Ki'pr	Cyprus	Kıbrıs (түрік), Kіpr (өзбек), Kіpr (әзірбайжан)	Chipre	Chypre
Қытай	Qytai'	China	Çin (түрік), Xitoy (өзбек), Çin (әзірбайжан)	China	Chine
Грузия	Gry'zi'i'a	Georgia	Gürcistan (түрік), Georgia Gruziya (өзбек), Gürcüstan (әзірбайжан)	Georgia	Géorgie
Моңғолия	Mon'g'oli'i'a	Mongolia	Moğolistan (түрік), Mo'g'uliston), (өзбек), Monqolustan (әзірбайжан)	Mongolia	Mongolie
Кувейт	Ky'vei't	Kuwait	Kuwait (түрік), Quvayt (өзбек), Küveyt (әзірбайжан)	Kuwait	Kuwait
СаудАрабиясы	Say'dArabi'i'asy	SaudiArabia	SuudiArabistan (түрік), Saudiya Arabistoni (өзбек), Səudiyyə Ərəbistanı (әзірбайжан)	Arabia Saudita	ArabieSaudite
Палестина	Palesti'na	Palestine	Filistin (түрік), Falastin (өзбек), Fələstin (әзірбайжан)	Palestina	Palestine
Мысыр	Mysyr	Egypt	Mısır (түрік), Misr (өзбек), Misir (әзірбайжан)	Egipto	Egypte
Чили	S'i'li'	Chile	Şili (түрік), Chili (өзбек), Çili (әзірбайжан)	Chile	Chili

Мәселен, *Швеция, Финляндия* атаулары орыс тіліне ағылшын тілінен енген, сондықтан кейбір жағдайда, ауызекі сөйлеу, публицистика тілінде *Швед елі, Фин* елі сынды қазақы нұсқада айтқан дұрыс сияқты. Бұны осы жоба аясында ұсыныс ретінде келтіреміз.

Жалпы экзонимдік атауларды жаңа латын әліпбиінің негізінде қазақ тілінде транслитерациялауда бірізділік қажет. Латын графикасына көшкен өзге тілдердің тәжірибесін қарастыру маңызды болғандықтан мемлекет және астана атаулары латын әліпбиімен қазақ тілінде, түрік, өзбек, әзірбайжан, кейбір жағдайларда өзге еуропа тілдерінде салыстырылып көрсетіледі. Мемлекет атаулары көп жағдайда қазақ тіліне орыс тілі арқылы енгендігі белгілі. Сондықтан экзонимдік атауларды қайтадан қазақша таңбалауда түпнұсқаға барынша жақын тұлғада транслитерациялау – ұлттық ономастиканың алдында тұрған күрделі ғылыми-практикалық мәселелердің бірі.

Шетел мемлекет атауларының бір тобын тарихи тұрғыдан қазақ тілінде қалыптасып кеткен атаулар құрайды, олар: *Венгрия – Мажарстан, Россия – Ресей, Индия – Үндістан, Пакистан – Пәкістан, Афганистан – Ауғанстан, Москва – Мәскеу, Япония – Жапония, Египет – Мысыр, Грузия – Гүржістан,*

Германия – Алмания, Пекин – Бейжін, Китай – Қытай, Азербайджан – Әзербайжан, Великобритания – Ұлыбритания т.т. Экзонимдердің графикасын түсіруде орыс алфавитінің септігі мол, алайда латын әліпбиіне көшкенде, яғни, жаңа латын әліпбиде орыс тілінің заңдылықтарына қарай жазылған экзонимдердегі қазақ тіліне жат **ц, ю, я, э, ь, ъ** сынды кірме дыбыстар мен әріптер алдағы уақытта қолданылмайды. Сондықтан кейбір экзонимдерге өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілгендей, халықаралық ономастикалық кеңістікте орыс тілінің **ия** қосымшасымен келетін көптеген шетел мемлекет атаулары бар. Төмендегі кестеде біз **ия** қосымшасымен келетін кейбір елдердің кирил графикалы қазақ тілінде қалыптасқан нұсқасын, қазіргі апостроф латын графикасындағы нұсқасын және халықаралық стандарт бойынша ағылшын графикасына сай транслитерациясын беріп отырмыз.

кирилше	қазақ тілінде апостроф	халықаралық стандартта (ағылшын тілінде)
Грекия	Greki'i'a	Greece
Германия	Germani'i'a	Germany
Швейцария	S'veitsari'i'a	Switzerland
Словакия	Slovaki'i'a	Slovakia
Бельгия	Belgi'i'a	Belgium
Румыния	Ry'myni'i'a	Romania
Австрия	Ay'stri'i'a	Austria
Ирландия	I'rlandi'i'a	Ireland
Хорватия	Horvati'i'a	Croatia
Дания	Dani'i'a	Denmark
Португалия	Porty'gali'i'a	Portugal
Ұлыбритания	Ulybri'tani'i'a	UnitedKingdom
Словения	Sloveni'i'a	Slovenia
Испания	I'spani'i'a	Spain
Норвегия	Norvegi'i'a	Norway
Франция	Fransi'i'a	France
Чехия	C'ehi'i'a	CzechRepublic
Исландия	I'slandi'i'a	Íceland
Латвия	Latvi'i'a	Latvia
Италия	I'tali'i'a	Italy
Македония	Makedoni'i'a	Macedonia
Болгария	Bolgari'i'a	Bulgaria
Швеция	S'vetsi'i'a	Sweden
Эстония	Estoni'i'a	Estonia
Албания	Albani'i'a	Albania

Финляндия	Fi'nli'andi'i'a	Finland
Черногория	C'ernogori'i'a	Montenegro
Иордания	I'ordani'i'a	Jordan
Сирия	Si'ri'i'a	Syria
Индонезия	I'ndonezi'i'a	Indonesia
Армения	Armeni'i'a	Armenia
Малайзия	Malai'zi'i'a	Malaysia
Солтүстік	Solt. Korei'a	North korea
Корея Республикасы	Korei'aRespy'bli'kasy	TheRepublicofKorea
Грузия	Gry'zi'i'a	Georgia
Моңғолия	Mon'g'oli'i'a	Mongolia
Жапония	Japoni'i'a	Japan
Нигерия	Ni'geri'i'a	Nigeria
Эфиопия	Efi'opi'a	Ethiopia
Эритрея	Eri'trei'a	Eritrea
Гамбия	Gambi'a	Gambia
Гвинея-Бисау	Gvi'nei'a- Bi'say'	Guinea-Bissau
Либерия	Li'beri'i'a	Liberia
Мавритания	Mavri'tani'i'a	Mauritania
Ливия	Li'vi'i'a	Libya
Колумбия	Koly'mbi'i'a	Colombia
Бразилия	Brazi'li'i'a	Brazil
Боливия	Boli'vi'i'a	Bolivia
Аустралия	Ay'strali'i'a	Australia
Микронезия	Mi'kronezi'i'a	Micronesia
Папуа – Жаңа Гвинея	Papy'ajan'aGvi'nei'a	Papua New Guinea

Бұл қосымшаның семантикасы түркі, парсы тілдеріндегі *стан* қосымшасының баламасы ретінде қандай да бір ел, мемлекет (страна, государство) дегенді білдіреді. Мысалы, *Қазақстан, Өзбекстан, Ауғанстан, Қырғызстан* т.б. мемлекет атауларындағы *стан* аталған мемлекет атауларының арасында түрік, әзербайжан, өзбек тілдерінің айтылу заңына бейімдеп, өзгертіп қабылдағандары да кездеседі. Осыған орай мынадай сауал туындайды, келешек латын жазуымызда бұрынғы орыстілді жазу/айту нұсқасын толығымен сақтаймыз ба, жоқ, кейбіреуін түбіріне қарай өзге түркі тілдеріндегідей тілімізге икемдеп жазамыз ба? Бұл – болашақтың үлесіндегі назар аударатын, ғылыми саралауды, қоғамдық ой-пікірлерді ескеретін мәселе. Мәселен: Швейцария экзонимі жаңа латын әліпбиінде транслитерациялағанда *S'veitsari'i'a* болады екен, кең тараған халықаралық стандартта *Sweden* деп жазылады. Ал осы атаудың түрік тілінде *İsviçre*, өзбек тілінде орыс тілді негіз сақталып, *Shveitsariya* және әзербайжан тілінде *İsveçrə* деген жергілікті жазу мен айтылу, латын графикасында транслитерациялау әдеби қалыптасқан екен. Қазақ тілінде латын әліпбиімен *Швейцария* – *S'veitsari'i'a*, түрік тілінде *İsviçre*, өзбек тілінде *Shveitsariya*, әзербайжан тілінде *İsveçrə*, ал халықаралық стандарт бойынша *Switzerland* тұлғасында транслитерацияланады. *Швеция* қазақ тілінде *S'vetsi'i'a*, түрік тілінде *İsveç*, өзбек тілінде *Shvetsiya*, әзербайжан тілінде *İsveç*, халықаралық

стандартта *Sweden* формасы кең тараған. Сондай-ақ жоғарыдағы кестеде апострофнегізді әліпбидегі салыстырмалы орфограммалар кирил, өзге латын графикасындағы әліпбилерден әріп саны анағұрлым артып тұрғанын көруге болады. Үйреншікті халықаралық атаудың визуалды-графикалық сәйкесімділігі, сөздің тұрқы бұзылып тұрғанын, жасандылығы анық байқауға болады.

Ендігі жерде жаңа қазақ латын әліпбиінде транслитерациялауда мемлекет атауларының ортасында кездесетін орыс тілінен енген **Ц** әрпі **TS**, **Я** әрпі **ГА** таңбасымен беріледі. Осыған орай аталмыш дыбыстар мен графемалардың сөздің/ономастикалық атаудың басында, ортасында, аяғында орналасуына байланысты орфографиялық ереже баптарын жасау керек, сынамадан өткізу қажет.

Әлем астана атауларының салыстырмалы транслитерациясын қазақ тілі көшейін деп отырған жаңа латын графикасына салып көрдік. Нәтижесінде бір дыбыс-бір әріп принципінің дұрыс екендігіне тағы көз жеткіздік. Себебі әлем үйренген жазуды апостроф негізіндегі әліпби күрделендіріп жібергендігін көреміз. Мәселен, *Вильнюс*, *Кишинев*, *София* сынды астана аттары ағылшын, түрік, әзербайжан, өзбек, француз тілдерінде ықшамды, әрі көзшалымға қолайлы траслитерацияда берілген: *Vilnius* «ағылш»), *Vilnius* (түрік), *Vilnius* (өзбек), *Vilnius* (әзерб.), *Vilnius* (франц.). Ал қазақ тілінің латын графикасында *Vi'lni'i'y's* формасында транслитерацияланады екен, барлығы 12 таңба. Бұл жерде әзербайжан тілінде 5 таңба, қалған тілдерде 6 графема арқылы берілген, яғни, апострофты графика арқасында атау екі есеге артып кеткендігін көреміз. Сондай-ақ үйреншікті халықаралық жер-су атауларында, астана, мегаполис атауларында апострофты латын графикасында сөз 1, 2, 3, 4 әріпке ұзарып отырады. Төмендегі кестеден мұны анық байқауға болады.

кирил	қазақ тілінде апостроф латын	халықаралық стандарт ағылшын	түрік, өзбек, әзірбайжан тілдерінде (латын)	француз тілінде
Брюссель	Bri'wssel	Brussels	Brüksel (түрік), Bryussel (өзбек), Brüssel (әзірбайжан)	Bruxelles
Будапешт	Bu'dapes't	Budapest	Budapeşte (түрік), Buharestda (өзбек), Budapeşt (әзірбайжан)	Budapest
Бухарест	Bu'harest	Bucharest	Bükreş (түрік), Bukrash (өзбек), Bükreş (әзірбайжан)	Bucarest
Вильнюс	Vi'lni'i'y's	Vilnius	Vilnius (түрік), Vilnius (өзбек), Vilmüs (әзірбайжан)	Vilnius
Кишинев	Ki's'I'nev	Kishinev	Kishinev (түрік), (өзбек), (әзірбайжан)	Kishinev
Лиссабон	Li'ssabon	Lisbon	Lizbon (түрік), Lissabon (өзбек), Lissabon (әзірбайжан)	Lisbonne
Мәскеу	Ma'skey'	Moscow	Moskova (түрік), Moskva (өзбек), Moskva (әзірбайжан)	Moscou
Париж	Pari'j	Paris	Paris (түрік),	Paris

			Parijda (өзбек), Paris (әзірбайжан)	
Рейкьяви к	Rei'ki'avi'k	Reykjavik	Reykjavik (түрік), Reykjavik (өзбек), Reykjavik (әзірбайжан)	Reykjavik
Рига	Ri'ga	Riga	Riga (түрік), Riga (өзбек), Riga (әзірбайжан)	Riga
Рим	Ri'm	Rome	Roma (түрік), Rim (өзбек), Roma (әзірбайжан)	Rome
София	Sofi'i'a	Sofia	Sofya (түрік), Osiyoda (өзбек), Sofiya (әзірбайжан)	Sofia
Люксемб ург	Li'y'ksemb y'rg	Luxembourg	Lüksemburg (түрік), Lyuksemburg (өзбек), Lüksemburq (әзірбайжан)	Luxembourg
Бейрут	Bei'ry't	Beirut	Beirut (түрік), Beirut (өзбек), Beirut (әзірбайжан)	Beyrouth
Бішкек	Bi's'kek	Bishkek	Bishkek (түрік), Bishkek (өзбек), Bişkek (әзірбайжан)	Bichkek
Вьентьян	Venti'i'an	Vientiane	Vientiane (түрік), Vientiane (өзбек), Vientiane (әзірбайжан)	Vientiane
Куала- Лумпур	Ku'ala- Ly'mpy'r	Kuala Lumpur	KualaLumpur (түрік), Kuala Lumpur (өзбек), Kuala Lumpur (әзірбайжан)	Kuala Lumpur
Вашингто н	Vas'i'ngton	Washington	Washington (түрік), Washington (өзбек), Vaşinqton (әзірбайжан)	Washington

Ерекше назар аударатын экзонимдік топтардың бірі дүниежүзіне танымал ірі мегаполис атаулары. Олардың ағылшынша транслитерациясы өзге әлемдік тілдер үшін халықаралық стандарт – үлгі ретінде қабылданады. Мысалы, *Нью-Йорк* // *New-York* біздің жаңа латын әліпбиінде *Ni`y`-York* деп транслитерацияланады екен, сөйтіп танымал халықаралық стандарттың ізі де қалмайды екен. Бұл жайт танымал атаудың қалыптасқан халықаралық визуалды-графикалық бейнесі мен идентификациясын бұзып тұр. Сондықтан осы және осы типтес *Лос-Анджелес* – *Los Angeles*, *Париж* – *Paris*, *Рим* – *Rome*, *Испания* – *Spain* т.б. сынды басқа да көптеген атаулардың қалыптасқан халықаралық стандартта қалдыру немесе орыс тіліндегі нұсқасын сақтау жөніндегі болашақ ережеде арнайы ескертпелер қажет. *Лос-Анджелес* – *Los Angeles*, *Париж* – *Paris*, *Рим* – *Rome*, *Испания* – *Spain*.

Тағы бір экзонимдік атаулардың ережеге қатысты тұсы – аударма, калькалау мәселесі. Мысалы, *Черногория* атауы халықаралық стандарт бойынша және көптеген негізгі еуропа тілдерінде француз, испан, итальян, фин, дат тілдеріне негізінен азды-кемді ауытқумен *Montenegro* деп бірізді транслитерацияланады екен. Ал босния, хорват тілдерінде *Crna Gora*, түрік

тіліне калька жолымен тікелей аударылған *Karadağ* деп аударылғанын көреміз, ол қазақ тіліндегі *Қаратау*. Осы сынды атауларды біз өз тілімізге бейімдеп аударамыз ба, әлде орыс тілінде қалыптасқан стандартпен қала бере ме? Қазақ тіліне *Қаратау* деп калькаласақ оның мекенжайлық сәйкесімділігі бұзылады дейміз, алайда түрік тілі ешкімге алаңдамай өздерінің тілдеріне икемдеп аударып алған, яғни, халықаралық стандартқа жалтақтамай өз ішінде осылай шешкен. Осы қазақ тілі үшін үлгі бола ала ма? Сондықтан алдағы жылдардағы келешек зерттеулерде осы мәселеге баса назар аударып, кейбір шетел атауларына қатысты өзіміздің тілге икемдеу жағын қарастыру керек. Дүниежүзілік саяси карта, атластардағы шетел мемлекет, астана, мегаполис, өзге ірі физика-географиялық нысана атауларды жаңа қазақ латын әліпбиінде транслитерациялаудың көптеген принциптерін жан-жақты дәйектейтін арнайы емле-ереже әзірленуі тиіс.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Алаш дәуірінен бүгінге дейін

Шормақова Айжан

*Астана қаласы, педагогика ғылымдарының кандидаты
Еуразия гуманитарлық институты қазақ және орыс филологиясы
кафедрасының доценті;*

Шормақова Арайлым

*Алматы қаласы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
ғылыми қызметкері, PhD докторант*

Аңдатпа: Бүгінгі заман талабына сай кең қолданыс тапқан жаңа оқыту технологияларының негізі ХХ ғасыр басында өмір сүрген тілші-әдіскерлер еңбектерінен бастау алады және олардың ұсынған тұжырымдары мен әдіс-тәсілдері қазіргі оқыту талабымен үндеседі. Бұл мақалада мемлекеттік тілді оқытуда алаш қайраткерлері қалыптастырған дәстүрлі әдістемедегі әдіс-тәсілдерді жаңа технологиялардың элементтері негізінде түрлендіріп, жаңартып, жақсы нәтижелерге жетуге болатындығы туралы айтылады.

Түйін сөздер: *әдіс, әдістеме, оқулық, педагогика, әдіс-тәсіл, грамматика.*

Summary: *The basis of modern teaching technologies that are widely used today is based on the work of journalist-methodologists who lived in the early 20th century, and their conclusions and methods coincide with modern learning requirements. This article discusses how traditional methods of studying the state language can be transformed, updated and improved, based on the elements of new technologies.*

Key words: *method, methodology, textbook, pedagogy, methodology, grammar.*

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған уақыттан бері тілші ғалымдар ұлттық құндылықтарымызға қайта үңіліп, қазақ тілінің өзіндік болмысын тарихи тұрғыдан тану, оны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру жолында үлкен жетістіктерге жетті. Ол қажеттілік – бүгінде қоғамдағы көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Сындарлы саясат жүргізу арқылы

ел үкіметі бірегей парасатты ұлтты қалыптастыру мақсатында мемлекеттік тілдің дамуына, оның өз мәртебесіне лайық деңгейде қолданылуына жан-жақты жағдай жасап жатыр. Осы орайда мемлекеттік тілді барлық деңгейде оқытудың тиімді әдістері қарастырылуда. Ал қазақ тілін оқыту әдістемесінің қайнар көздері алаш қайраткерлерінің еңбектерінде жатқанын ескерсек, біз бүгін сол құнды қазынаны оңтайлы пайдаланудың тиімді жолдарын іздегеніміз ләзім.

Мемлекеттік тілге назар аударылып отырған бүгінгі жағдайда оны түрлі әдіс-тәсілдер арқылы меңгерту ісінде көп ізденуге тура келеді. Әсіресе, мемлекеттік тілді сапалы оқыту үшін біршама жұмыс атқарылу қажет. Үкімет тарапынан осы өзекті мәселеге байланысты үлкен бағдарламалар қабылданып, біршама қаржы жұмсалып жатыр. Алайда әлі де болса көптің көңілінен шығатын нәтижеге қол жеткізе алмадық. Осы орайда алаш дәуірі ғалымдарының ұсынған әдіс-тәсілдері, ұстанған ұстанымдары, жазған оқулықтары біздің назарымыздан тыс қалмағаны абзал. Өйткені олардың еңбектерінде жеке сала мәселесімен қатар қазақ халқының жаны, рухы, мәдениеті, дүниетанымы, тарихы бірге түсіндірілді. Олардың зерттеулерінде ұлттық мәселе бірінші орынға қойылды.

XX ғасыр басы – «әдіс», «әдістеме» терминдері қолданысқа еніп, әдістеме ғылымы дами түскен кезең. Ж.Аймауытұлы әдіс туралы ұғымды төмендегіше түсіндіреді: «Әрбір үйретудің мүддесі: шәкірттерді болмыспен әбден таныстыру, дұрыс, анық, ұғым туғызу үшін ұғымсыз деректерді жақсылап түсіндіру. Жаңа болмыс, жаңа ұғымдарды миға сіңіру – соның бәрінен тізбекті бір бүтін ой шығару. Үйрету әдістері дұрыс қолданғанда ғана соңғы мүдде орынға келеді» [1, 323]. Ж.Аймауытұлы білім беруде әдістерді дұрыс тандап қолданудың дұрыстығын айтады. Дұрыс тандап алған әдіс арқылы оқытуда берілген білім нәтижелі болатыны белгілі. А.Байтұрсынұлы: жалқылау-жалпылау, талдау-жинақтау, салыстыру, дыбыс, ойын, зерттеу сұрақ-жауап, сауаттау т.б. әдістерге түсініктеме берсе [2, 364-372], Ж.Аймауытұлы оқытудың талдау (анализ), ұластыру (синтез), жалқылау, жалпылау, әңгімелесу, түсіндіру, көрнекілік әдісі деген түрлерін [1, 323-327], Қ.Кемеңгерұлы үйлестіру (синтез), талдау (анализ), аудару, көрнекілік, жаратылыс әдістерін [3, 174-178] сипаттайды. Әдіскерлер халықтың сауатын ашуда, қазақ тілін оқытуда, өзге ұлт өкілдеріне тіл үйретуде жоғарыдағы әдіс түрлерін талдап, саралап, тиімдісін өз заманындағы оқытушыларына қолдануға кеңес береді. Қазіргі білім беру үдерісінде алаш дәуірі ағартушыларының ұсынған әдіс түрлерін тілші-әдіскерлер ыңғайына қарай пайдаланып, негізге алып жүр деп айтуға болады. Бұл алаш әдіскерлерінің пікір-көзқарастары мен ой-тұжырымдарының өміршеңдігін аңғартады.

XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарының еншісіне жататын алаш қайраткері Қ.Кемеңгерұлы редакторлық еткен «Қазақша-орысша сөздікте» (1925) әдіс, әдістеме, технология сөздеріне: «Әдіс – 1) тактика, 2) метод, 3) техника. Әдістеме – методика, әдіс ғылымы – технология», – деп [4, 75] анықтама берілген. «Бұл терминнің мән-мағынасының ашылуы, терминдік

ұғымды беруі, қызмет атқаруы, ғылыми айналымға түсуі алаш азаматы Қошке есімімен байланысты және ХХ ғасырдың 20-жылдарының үлесіне жатады екен», – дейді профессор Б.Қасым [5, 143]. Бұдан «технология» сөзінің ХХ ғасырдың басында қолданыста болғаны айқын аңғарылады. Кейінгі кездегі педагогикалық әдебиеттерге талдау жасап көрсек, педагогикалық технологияны ғалымдар әрқалай түсіндіреді: М.А.Чошанов: «технология – бұл дидактикалық жүйенің құрамды бөлігі» [6, 5] десе, В.А.Белеева мен Л.К.Гребенкина: «педагогикалық технология дегеніміз оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мақсатында жетуге бағытталған педагогикалық іс-әрекеттер компонентінің жүйесі мен тізбегі» [7, 9]. Ал В.П.Беспалько: «Педагогикалық технология – оқу үдерісін жүзеге асыратын техника», – дейді [8, 7]. «Технология» – *techné* – өнер, шеберлік және *logos* – ғылым, заң, бір сөзбен айтқанда, технология дегеніміз – шеберлік (өнер) туралы ғылым екені анықталды. Байқап отырғанымыздай, «технология» сөзіне берілген барлық дәлелдемелер Қ.Кемеңгерұлы сөздігіндегі анықтаманы толықтыра түскен.

ХХ ғасыр басында ұлт зиялылары қазақ мектептерінде қазақ тілінің оқытылуына қаншалық мән берсе, қазақ тілінің орыс тілді мектептерде оқытылуына да соншалық назар бөлді. Қазақ тарихында өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытатын тұңғыш кәсіби оқулық жазған, теориялық еңбегін тәжірибе арқылы жүзеге асырған әдіскер-ғалым – Қ.Кемеңгерұлы. Оның екі кітаптан тұратын «Жабропалықтарға арналған оқу құралы» (1928, 1929) сол заманда өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуге арналған бірден-бір құнды еңбек болды. Ғалым Ташкент қаласында әскери училищеде қазақ тілінен сабақ бере жүріп, тәжірибе мен теориялық білімін байланыстырды. Нәтижесінде екі бөлімнен тұратын «Жауропалықтар үшін оқу құралын» жазды. «Оқу құралы» қазақ тілін аптасына он екі сағат оқитын әскер мектебіне арналды.

Қ.Кемеңгерұлының «Жауропалықтар үшін оқу құралы» еңбегі А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанұлы, М.Жолдыбайұлы қатысқан ғылыми-әдістемелік кеңес мәжілісінде талқыланып (17.03.1928), өте жоғары баға алады [4, 91]. Бұдан Қ.Кемеңгерұлының «Оқу құралының» сол кезеңде тіл үйренушілер үшін негізгі оқулық болғандығы көрінеді. 1927 жылы Қ.Кемеңгерұлының лекциялары негізінде Г.В.Архангельскийдің құрастыруымен жарық көрген «Грамматика казахского языка» атты оқулығына А.Байтұрсынұлы: «Ценное пособие для русских, задавшихся целью серьезно изучить казахский язык», – деп [9, 3] баға берген.

Қ.Кемеңгерұлы әдіскер боламын, немесе сабақ оқытудың амал-тәсілдерін жазамын дегенді мақсат еткен жоқ. Қоғамдық әлеуметтік жағдайға байланысты уақыттың сұранысына қарай еңбек етті. Содан барып оның тілшілік қырынан екінші әдіскерлік қыры шықты. Қ.Кемеңгерұлының терминдерінің ұтымды жақтары бар. Ол «өзге аудитория», «өзге тілді дәрісхана», «шет тілі» деген сөздерді «жат тіл» деп атаған. Бұл сөз бізде қазір

қолданылмайды. Шын мәнінде, ана тілі емес, шет тілдердің бәрі біз үшін жат тіл.

Қ.Кемеңгерұлы бала ана тілін меңгермей, ана сүтімен келген сөзді игермей басқа тілді үйрене алмайтынын, ана тілін меңгерген бала екінші тілдің баламасын тез қабылдайтынын айтқан. Қазақ тілін үйретуде үйренушінің ауызекі сөзге түсіне білуін, ең кемі жат тілдегі кітапты оқып, жат тілден үйретілген сөздердің мәнісін түсінуін, тіл құрамының ережелерін ұғынуын, оқу, аудару, ана тілдің тіл құралындағы, сөйлем жүйесіндегі ережелермен жат тілдікі салыстыруын мақсат еткен. Қ.Кемеңгерұлының ұстанымы бойынша, оқыту әрекеті мүлде басқаша құрылуы тиіс, яғни, оқыту әрекетінде барлық үйренуші толық қатыса алатындай, оқи алатындай болып құрылуы керек. Оны әдіскер «сөйлеу жолы» деп атаған. Осындай әдіспен үйрету барысында төмендегі жобаларды ұсынады:

- жат тілді оқытқанда, аса қиын жерлерді ғана ана тілімен түсіндіру керек;
- жат тілді оқыту әдісі ана тіліндегідей болмауы керек;
- сыртқы тұлғасы қиын орындарда жат тілден ғана тілге аудару керек;
- тіл құралының ережелерін сабақта түсіндіріп отыру керек;
- жат тілде өлең-тақпақ айтуға үйрету керек;
- кейінгі жылдарда жазуға жаттықтыру керек.

Қ.Кемеңгерұлының ұсынған жобалары қазір де өзінің өзектілігін жойған жоқ және оқыту әдістемесінде жиі көрініс табатыны байқалады. Мәселен, әдіскерлер өзге ұлт өкілдерінің сөйлеу тілдерін қазақшаға бейімдеу үшін, кітап оқыту және өлең-тақпақ жаттаттыру тәсілдерін жиі қолданады. Мұндай талаптарды орындатқызу қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтып үйренуге, үйренушінің артикуляциялық базасының қазақ тіліне біршама тез бейімделуіне септігін тигізетіні анық.

Қ.Кемеңгерұлы «Оқу құралының» алғы сөзінде: «Алғашқы жылы сабақтың негізі сөйлесу болады. ... содан кейін ғана тақтаға толық сөйлем жазып, оқыту жағына кірісіледі. Сөйлесуде, жазып оқытуда осы кітаптағы бірінші баптан басталады. Екінші семестрде кітаптың өзін оқуға кірісу керек. Әр мақаладағы сөздердің мағынасы күн бұрын оқушыларға таныс болу керек. Сөздің мағынасын білдіру үшін сүгіретті, шендестіруді (параллелизм), меңзесті (синонимы) әліптемені (описание), айқындауды (определение) қолдану керек, дерексізді деректімен түсіндіру керек, мысалдар келтіру керек, дауыс екпінімен (интонация), ыммен, бет-пішінді құбылтумен түсіндіру керек. Осы айтылғандардың біріне де болмайтын сөздердің ғана орысшасын айту керек», – дейді [10, 48]. «Жабропалықтарға арналған оқу құралын» зерделей отырып, қазіргі кезде шет тілдерін оқытуда тиімді деп танылып жүрген «тілді аралық тілсіз үйрету» технологиясының бастауы Қ.Кемеңгерұлының еңбектерінде жатқанын көруге болады.

Қ.Кемеңгерұлы әдістемесінің тағы бір ерекшелігі – сөздік түзуінде. Екі кітаптан құралған ««Жабропалықтарға арналған оқу құралында»» ғалым екі түрлі сөздік берген. Бірінші кітапта «әліпбилі тілмаш» келтірсе, екінші

кітапта «мақалалы тілмаш» ұсынған. Мақалалы тілмаштың екі түрі келтірілген. Алғашқысы – грамматикалық тақырыптарды қамтитын сөздік, екіншісі – мәтін ішіндегі қиын қолданыстар сөздігі.

Әдіскердің өзге ұлттарға тіл үйрету ерекшелігін жүйелесек:

- Бастапқы кезеңде қазақ тілі сабағында үйренушінің тілін жаттықтыру, құлағын үйрету жағына баса назар аударылуы керек. Берілетін материалдың бәрінде де тыңдаушы позициясы, яғни, тіл үйренушінің деңгейі ескеріліп отыруы керек.

- Грамматикалық ережелерді, оның ішінде таза ғылыми негіздегі грамматика ережелерін шамадан тыс көп берудің қажеті жоқ. Қазақ тілінде өзіндік ерекшелік тудыратын тұстарына назар аудару керек. Грамматикалық жаттығулар қажетіне қарай, жиілігіне қарай және күрделілігіне қарай біртіндеп берілуі керек.

- Тіл үйренушілерге берілетін сөздіктің де өзіндік ерекшеліктері болуы керек. Бастапқы кезеңде алфавитті сөздік («алфавитный словарь»), кейінгі кезеңде мақалалы сөздік («постатейный словарь» тұтас сөз тіркестері мен сөйленімдердің (выражение) сөздігі) берілуі керек.

Қ.Кемеңгерұлының жауропалықтар үшін грамматикалық ережелерді үйретуінде де өзіндік ерекшеліктер байқалады. Мұнда тыңдарман үшін қазақ тілінің қай заңдылықтары қиындық келтіретіні, қайсысы жеңіл, түсінікті болатыны жан-жақты ескерілген. Сондықтан қазақ тіліне қатысты материалдар толығымен беріле бермей, өзге тіл өкілдері үшін ерекше болатын тұстарына мән берілген. Осы тұрғыдан алғанда, Қ.Кемеңгерұлын отандық әдістемеде тыңдарман грамматикасының негізін қалаушылардың бірі деп айтуымызға болады. Қазақ тілі әдістемесінің қалыптасуы мен даму тарихына, әдістеме ғылымының танымдық-теориялық жағына үлес қосқан Қ.Кемеңгерұлының әдістемелік пікірлері, тіл үйретуде қолданған әдіс-тәсілдері, кешенді жұмыс түрлері мемлекеттік тілді оқыту әдістемесін теориялық және тұжырымдамалық жағынан жетілдіруге мүмкіндік береді.

Бүгінгі күнде заман талабына сай кең қолданыс тапқан жаңа оқыту технологияларының негізі ХХ ғасыр басында өмір сүрген тілші-әдіскерлер еңбектерінен бастау алады және олардың ұсынған тұжырымдары мен әдіс-тәсілдері қазіргі оқыту талабымен үндеседі. Мемлекеттік тілді оқытуда алаш қайраткерлері қалыптастырған дәстүрлі әдістемедегі әдіс-тәсілдерді жаңа технологиялардың элементтері негізінде түрлендіріп, жаңартып, жақсы нәтижелерге жетуге болады.

Әдебиет:

1. Аймауытұлы Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1998. - 4 т. – 448 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
3. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2005. – 1-т. – 320 б.

4. Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Оқулық, сөздік. - Алматы: Алаш, 2006. – 3-т. – 240 б.
5. Қасым Б. Қ. Кеменгерұлы – рухы биік алаштың азаматы // Қ.Кеменгеров тағылымы: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2006. – 364 б.
6. Чошанов М.А. Гибкая технология. Проблемно-модульного обучения. – М: Народное образования, 1996. – 160 с.
7. Педагогические технологии в высшей школы // Тезисы докладов межвузовской конференции. – Рязань: РГПУ, 1995. – 160 с.
8. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. –М.: Педагогика, 1989. – 192 с.
9. Грамматика казахского языка. Составил Г.В.Архангельский. Под редакцией Кеменгерова. – Ташкент, 1927. – 62 с.
10. Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Оқу құралы. - Алматы: Алаш, 2005. – 2-т. – 336 б.

Қазақстанның жаңа латын әліпбиі туралы ойлар

Osman KABADAYI

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

***Аңдатпа:** Қазақ тілі графикасы 1929 ж. дейін араб әліпбиін, 1929-1940 жж. аралығы латын, 1940 ж. осы уақытқа дейін кириллицаны қолданып келгені мәлім. Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру» атты мақаласында Қазақстанның 2025 ж. латын әліпбиіне толығымен өту ниетінде екендігін атап өтіп, ғылым мен білім саласындағы мамандардан өз пікірлерін білдірулерін ұсынды. Осы орайда Қазақстанның түкпір-түкпірінде әртүрлі санатта ғылыми жиындар өтіп, тақырып қызу талқылауға түсіп жатыр. Мақалада Қазақстанның латын қарпіне өтуі туралы шешімінің тарихи оқиға екендігіне, Қазақстанның түркі әлеміндегі орны мен роліне және жаңа қазақ латын әліпбиінің артықшылығы мен кемшілік тұстарына шолу жасалады, түркі әлемі үшін ортақ тіл мен ортақ әліпбидің түзілуі мәселесінің өзекті тақырыптар қатарында екендігі аталып өтіледі.*

***Түйін сөздер:** қазақ тілі, латын әліпбиі, ортақ түркі әліпбиі.*

***Summary:** Kazakh language drawing 1929 Arabic Alphabet until 1929-1940 Latitude, 1940 it is known that Cyrillic was used by now. In the article «The Orientation to the Future: Spiritual Revival» by President Nursultan Nazarbayev of the Republic of Kazakhstan, Latin American alphabet, and offered to express their views on science and education. In this regard, scientific conferences are held in various categories in Kazakhstan, and the topic is under discussion. The article considers the decision of the Kazakhstani translation of the Latin alphabet as a historical event, the role and place of Kazakhstan in the Turkic world, the advantages and disadvantages of the new Kazakh alphabet, and the creation of a common language and common alphabet for the Turkic world.*

***Key words:** Kazakh language, Latin alphabet, common Turkic alphabet.*

Türkler ilk yazılı belgelerini ortaya koymalarından günümüze varıncaya değin çeşitli alfabeler ve yazı sistemleri kullanmışlardır. Hatta tarih boyunca Türkler kadar çok alfabe değiştirmiş başka bir millet yoktur da denilebilir. Türkçe, metinlerle izleyebildiğimiz tarihi boyunca *Köktürk, Uygur, Soğd, Brahmi, Mani, Tibet, Süryani, Arap, Grek, Ermeni, İbrani, Lâtin* ve *Kiril* alfabeleri gibi çeşitli alfabelerle yazılmıştır (Tekin 1997). Bu alfabeler arasında en uzun süre kullanılan Uygur ve Arap alfabeleridir. Arap alfabesi, Türkçenin fonetiğine uygun olmaması ve öğrenilmesi de güç olmasına karşın, yüklendiği dini misyon nedeniyle Türkler tarafından en fazla benimsenen yazı türü olmuştur. Türkçenin bu kadar çok sayıda ve farklı türde alfabe ile yazılmış olması elbette Türk halklarının yapmış olduğu göçler sebebiyle çok geniş bir coğrafi alana yayılıp değişik din ve kültürlerle temasa geçmiş olmalarıyla açıklanabilir. Günümüzde ise Türkçe hâlen üç farklı alfabe ile yazılmaktadır: Lâtin, Kiril ve Arap.

Kazakça 20. yüzyılın başlarından 1929'a kadar Arap harfleriyle yazılmış, 1929-1940 yılları arasında Lâtin harflerine geçilmiş, 1940 yılından günümüze ise Kiril alfabesi ile yazılmıştır (Şirin User 2006: 287).

12 Nisan 2017 tarihinde Kazakistan Cumhurbaşkanı Nursultan Abişoğlu Nazarbayev'in *Egemen Kazakistan* gazetesinde yayımlanan «Bolaşaqqa Bağdar: Ruhani Janğıruw» (Geleceğe Doğru Yol: Manevi Canlanma) başlıklı makalesinde Kiril alfabesinden Lâtin alfabesine geçiş konusu yeniden gündeme gelmiş ve Kazakistan'ın 2018 yılından başlayarak kademeli olarak 2025 yılına kadar tamamıyla Lâtin alfabesi kullanma isteği dile getirilmiştir. Kazakistan'ın her geçen gün iyiye giden ekonomik göstergeleri bugün kitapların tamamını Lâtin harfleriyle basabilecek, yeni matbaalar kurabilecek kısacası bir harf devrimini tökezlemeden kaldırabilecek ekonomik güce sahip görünmektedir.

Kazakistan Niçin Lâtin Alfabesine Geçmelidir? Alfabe değişimi kararı Kazakistan'ın kendi iradesiyle, herhangi bir dış müdahale olmaksızın verdiği bir karardır. Ülkede Kiril alfabesi 1940 yılından bu yana kullanılmakta olup az da olsa Sovyetler dönemini çağrıştırmaktadır. Sovyet döneminde Kiril alfabesi halka baskı yapma aracı olarak algılanıp ideolojik bir hâl almıştır. Bu yüzden Azerbaycan, Türkmenistan ve Özbekistan bağımsızlığın kazanılmasından sonra gerekli şartlar olgunlaşınca derhal Kiril alfabesini terk edip Lâtin alfabesine geçmişlerdir. Kazakistan bugün bağımsız bir ülkedir ve alfabe değişimi kararını kendisi vererek Lâtin alfabesine geçişle birlikte eğitim alanında da bağımsızlığını pekiştirmiş olacaktır. Ayrıca Kazakistan'da alfabe değişikliği için yeterli ekonomik, sosyal ve siyasi şartların bugün için hazır olduğu görünmektedir. Aynı zamanda özellikle bilişim çağında olduğumuz şu zamanda Kazakistan Lâtin alfabesine yabancı değildir. Nitekim Lâtin alfabesi e-posta adreslerinde, araba plakalarında, pasaporttaki kimlik bilgilerinde olmak üzere Kazakistan'da zaten kullanılmaktadır. Lâtin alfabesinin ülkede gündeme gelmesiyle birlikte Kazakistan Devlet Televizyonu da logosunu değiştirerek Lâtin alfabesini kullanmaya başlamıştır. Buna paralel olarak devlet gazetesi *Egemen Kazakistan* da internet üzerinden Lâtin harfleriyle yayın yapmaya başlamıştır.

Dünya üzerinde Kazakistan dışındaki Kazak nüfusu çeşitli yerlerde dağınık olarak bulunmaktadır. Bunlardan Kazakistan ve Moğolistan'da yaşayan Kazaklar Kiril; Çin, İran ve Afganistan'da yaşayan Kazaklar ise Arap harfleri kullanmaktadırlar. Kazakistan Cumhuriyeti Sovyetler döneminde izlenen bazı politikalar neticesinde bugün farklı etnik grupların bir arada yaşadığı bir coğrafyadır. Ülkede Kazaklardan başka Almanlar, Azerbaycan Türkleri, Ahıska Türkleri, Uygur Türkleri, Kırım Tatarları, Çeçenler, Koreliler gibi çeşitli toplulukların da yer almasıyla Kazakistan, Orta Asya'nın çok dilli ve kültürlü bir ülkesi konumundadır. Bağımsızlığın kazanılmasından sonra Kazakistan Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev'in izlediği akılcı politikalar sayesinde Kazakça her geçen gün daha da ön plana çıkmaktadır. Kazakistan alfabe değişikliğine giderken ülkedeki diğer etnik grupları da hesaba katmalıdır. Kazakistan'da yaşayan Slav kökenli halklar ise Kiril alfabesi kullanımına devam etmelidir. Aynı şekilde Kazakça için nasıl bir Lâtin alfabesi gerekmektedir sorusuna cevap ararken başka ülkelerde yaşayan Kazakların durumu da düşünülmelidir. Neticede Kazakistan dünyadaki bütün Kazakların vatanıdır.

Lâtin alfabesi konusunda 1928 yılından beri büyük bir deneyimi olan Türkiye'nin tecrübelerinden faydalanılmalıdır. Nitekim Türkiye dışında, daha önce Kiril alfabesi kullanan Türk halklarından Azerbaycan, Türkiye'den sonra Lâtin alfabesini kabul eden ilk Türk dilli cumhuriyettir ve Türkiye'nin bu tecrübelerinden büyük ölçüde yararlanmıştı. Daha sonra sırasıyla Türkmenistan ve Özbekistan da Lâtin alfabesine geçmişlerdir; ancak onların alfabelerinde ortaklık noktasında bazı sapmalar olmuştur.

Kazakistan'ın da Lâtin alfabesine geçmesiyle birlikte Türkiye, Azerbaycan, Kuzey Kıbrıs Türk Cumhuriyeti, Türkmenistan ve Özbekistan gibi ülkelerle aynı alfabe sistemine geçmiş olacak ve Türk dünyası arasında kültürel birlik daha da sağlamlaşacak böylece ortak bir edebi Türk dili yolunda bir adım daha atılmış olacaktır. Türklerin tek bir alfabede birleşmeleri kültürel ilişkileri arttıracak gibi büyük bir homojen birlik de oluşturacaktır. Gaspıralı İsmail'in işaret ettiği «dilde, fikirde, işte birlik» parolasındaki dilde birlik fikrinin vücut bulması için de Kazakistan Lâtin alfabesine geçmelidir.

Lâtin alfabesine geçiş aynı zamanda dünya ile entegrasyonu da sağlamış olacaktır. İletişim ve sanal teknolojilerde, bilgisayar teknolojisinde bugün geçerli olan alfabe Lâtin alfabesidir. Dolayısıyla Kazakistan'ın Lâtin alfabesine geçmesi içinde bulunduğumuz çağın bir gerekliliğidir. Ayrıca Kazakistan'ın Lâtin alfabesine geçmesiyle dünya Kazakistan'ı ve Kazakçayı daha yakından tanıma fırsatına sahip olacaktır. Aynı zamanda yabancılara Kazakça öğretiminin yolu da açılmış olacak, Kazakçanın öğrenilmesi daha kolay bir hâl alacaktır. Böylece Kazakçayı bilen kişi sayısında artış olması muhtemeldir. Bununla birlikte zengin Kazak edebiyatı ürünleri de Lâtin harfleriyle yayımlandığı taktirde dünya Abay, Muhtar Avezov, Şekerim, Jansugurov, Seyfulin gibi Kazak edebiyatının önemli isimlerini daha kolay okuyabilmiş olacaklardır.

Kazakistan'ın eğitim politikalarından biri de üç dilde (Kazakça, Rusça, İngilizce) eğitimidir. Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev de makalesinde her

Kazak vatandaşının günün koşullarına göre kendisini en iyi derecede yetiştirerek yabancı dil bilme konusuna vurgu yapmıştır. Lâtin alfabesine geçiş, Kazakistan'da İngilizce öğretimini de kolaylaştıracaktır. Ayrıca metodolojik olarak Lâtin alfabesini öğrenmek Kiril alfabesini öğrenmekten daha kolaydır. Çünkü Lâtin alfabesinde harf sayısı daha azdır. Mevcut 42 harfli Kiril alfabesinde Kazakçanın ses yapısında bulunmayan Rusçaya özgü işaretler de mevcuttur. Bunların bir kısmına Kazakçanın ihtiyacı yoktur. Lâtin alfabesine geçilmesiyle birlikte harf kalabalığından kurtulunmuş olacak, dil öğretimi daha kolay bir hâl alacaktır. Öte yandan ne yazık ki Kazakistan'da yaşayan bütün Kazakların Kazakça konuştuğu söylenemez. Kazakistan'ın 2050 stratejisinde ülkedeki bütün halkın ulusal dil olan Kazakçayı konuşacağı öngörülmektedir (Kortabayeva 2017: 294). Kazakistan'ın Lâtin alfabesine geçmesiyle birlikte ülkedeki Kazakların Rusça konuşmasından bir adım daha uzaklaşılacak ve ülkedeki bütün Kazakların Kazakça konuşma hedefine bir adım daha yaklaşılabilecektir.

Günümüzde dünya üzerinde Kiril alfabesini kullanan sekizi Slav kökenli olmak üzere on iki ülke bulunmaktadır. Kazaklar ise Slav kökenli olmayıp Türk kökenli bir halktır ve Türk dünyası ile ortak iletişim birliğinin sağlanması açısından Lâtin alfabesine geçilmesi oldukça yararlı olacaktır.

Kazakistan'da şu an kullanılmakta olan Kiril alfabesi zorlamayla alfabe değişikliğinin bir sonucudur ve bu alfabeyi Kazaklar gönüllü olarak seçmemişlerdir. Artık kendi seçimleri olan millî bir alfabeğe geçme zamanı gelmiştir. O da Kazakçanın fonetik özelliklerini tam anlamıyla yansıtan Lâtin esaslı bir Kazak alfabesidir.

Kazakistan'ın Yeni Alfabeti Nasıl Bir Lâtin Alfabeti Olmalıdır? Kazakistan'da kültür ve bilim çevrelerinde Lâtin alfabesine geçiş konusunda ortak bir mutabakatın sağlanmadığı görülmüştür. Gözlemleyebildiğimiz kadarıyla bugün Kazakistan'da alfabe değişikliğiyle ilgili fikir belirten araştırmacıları şu şekilde gruplandırmak mümkündür:

a) Yeryüzünde Arap harflerinden daha üstünü yoktur gerekçesiyle Ahmet Baytursunoğlu'nun Arap harfli alfabesinin kullanılması gerektiğini savunanlar

b) Bugünkü Kazakça eserlerin gelecek kuşaklar tarafından da okunmaya devam edilmesi, yazılı kültürel mirasın devamlılığı gerekçesiyle Kiril alfabesinin devam etmesi gerektiğini savunanlar

c) Teknolojik gelişmelere ayak uydurabilmek gerekçesiyle Kiril alfabesinin Lâtin alfabesiyle değiştirilmesi gerektiğini savunanlar

d) Küçük bir grup araştırmacı da eski Türk runik yazısının yerleştirilmesi ve Çin alfabesi örneğinde olduğu gibi halkın kendine özgü bir alfabesi olması gerektiği düşüncesini savunmaktadır.

Bu fikirlerden Arap alfabesiyle ilgili olan hakkında şöyle bir izah yapılabilir: İslam dininde Arap alfabesini kullanmakla ilgili bir hüküm yoktur ve Arap alfabesine dönmek demek hem medeni dünyadan hem de Türk dünyasından kopmak demektir (Ercilasun 2000: 485). Lâtin alfabesine geçildiği takdirde o güne kadar Kiril harfleriyle basılmış kitap, dergi ve gazetelerin gelecek nesiller tarafından okunamayacağı; onların bunlardaki zengin kültürel mirastan mahrum

kalacağı endişesi ise yersizdir. Çünkü Kazakistan'da Rusça her zaman ikinci dil olarak yerini muhafaza edecektir. Bu da Kiril harflerinin gelecek nesiller tarafından bilinmesi anlamına gelmektedir. Aynı zamanda okullarda müfredatlara eklenebilecek «Kiril Harfli Kazakça Metinler» veya «Kazak Dili Tarihi» gibi derslerle bu endişe rahatlıkla giderilebilir.

1991 yılında Türkiye'deki Marmara Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü bünyesinde gerçekleştirilen sempozyumda 34 harfli Lâtin temelli «Ortak Türk Alfabeti» kabul edilmiştir (Kara 2009: 1304). Kazakistan'dan gelen bilim adamları da bu alfabe kararına imza atmışlardır. Kazakça için de bu ortak alfabeden faydalanmak anlaşılabilirliği sağlama açısından oldukça ideal görünmektedir. Ne var ki yazı dilinin oluşması ve standartlarının belirlenmesi, dille ilgili doğru-yanlışta çok karar vermeyle ilgilidir; bir başka ifadeyle asıl belirleyici, siyasettir (Demir-Yılmaz 2014: 60). Ortak Türk alfabeti siyasi desteği görmedikçe gerçeğe dönüşmez. Nitekim Türkmenistan ve Özbekistan'ın Lâtin alfabetine geçiş örneğinde Ortak Türk Alfabetinden sapmaların oluşu bu düşüncenin bir kanıtıdır.

Dünya çapında kültürel, manevi, teknolojik, ekonomik uyum sürecinin gün geçtikçe ilerlediği çağımızda elbette alfabe de teknolojik gelişmelere uygun olarak geliştirilmelidir. Ortak Türk Alfabeti'ndeki bazı harflerin bilgisayar teknolojisine uygun olmadığına dair birtakım söylemler de mevcuttur. Çengelli, noktalı harflerin -genel ağ (internet) adresleri ile elektronik posta adreslerinin yazımı dışında- bilgisayar teknolojisine uygun olmadığını söylemek günümüz şartları için artık geçerli değildir. Günümüzde bilgisayar teknolojisi hızla gelişmekte ve Lâtin temelli her harf bilgisayara uyarlanabilmektedir. Yaklaşık 80 milyon Türkiye Türkü ile yaklaşık 10 milyon Azerbaycan Türkünün kullandığı ortak alfabeğe geçmenin Kazakistan için en akılcı çözüm olacağı kanaatindeyiz.

Kazakistan'da Gündeme Gelen Lâtin Alfabeti Teklifleri Son günlerde Kazakistan'da gerek bilim ve kültür çevrelerinde gerekse sosyal medya ve basında her geçen gün Lâtin alfabeti konusunda bir şeyler yazılıp çizilmektedir. Lâtin alfabetiyle ilgili bir grup İngilizce için kullanılan harflere geçmeyi uygun bulurken bir grup da Kazakça için yepyeni bir Lâtin alfabeti oluşturulması gerektiğini savunmaktadır. Ahmet Baytursunoğlu Dil Bilimi Enstitüsü gibi bazı akademik çevreler de 18-20 Kasım 1991 tarihleri arasında Marmara Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü tarafından düzenlenen «Milletler Arası Çağdaş Türk Alfabetleri Sempozyumu»nda (Şahin 2002: 64) Türkiye'de kullanılmakta olan Lâtin alfabetine beş harfin ilavesiyle kabul edilen 34 Harfli Ortak Türk Alfabeti'nin Kazakça için yeterli olduğu fikrini savunmaktadır.

Bu düşüncelerden İngilizce için kullanılan harfler bir kere Kazakça için uygun değildir. Çünkü İngilizcenin yüzyıllardır kullanılagelen alfabeti bugün için tarihî bir alfabetir ve bu alfabede tek ses için kullanılan ikili veya üçlü harf şekilleri tabii olarak İngilizcenin yüzyıllar önceki telaffuzunu göstermektedir. Diğer yandan Kazakça için yepyeni bir Lâtin alfabeti oluşturma düşüncesinden Kazakistan ve Kazakça ne gibi bir fayda sağlayabilir? Türk dünyası aşağı yukarı aynı alfabeti

kullanırken Kazakistan’ın onlardan başka bir alfabe kullanması birlik açısından olumsuz etki yaratacaktır.

11 Eylül 2017 tarihinde «Qazaq Älipbiyniñ Jaña Nusqası Usınıldı» (Kazak Alfabesinin Yeni Taslağı Teklif Edildi) başlığıyla ilk taslak alfabe medya aracılığıyla duyurulmuş ve alfabede 25 harfin bulunduğu söylenmiştir.⁴Kazakistan’da Lâtin alfabesinin gündeme gelen ilk taslağı şu şekildedir:

Проект единого стандарта алфавита государственного языка НА латинской графике					
№	Написание	Звук	№	Написание	Звук
1	A a	[a]	18	R r	[p]
2	B b	[b]	19	S s	[c]
3	C c	[u]	20	T t	[t]
4	D d	[d]	21	U u	[y]
5	E e	[e]	22	V v	[v]
6	F f	[f]	23	W w	Согласный губной звук [y]
7	G g	[r]	24	Y y	[ɣ]
8	H h	[x], [h]	25	Z z	[z]
9	I i	[i], [ɪ]	1	Ae ae	[ə]
10	J j	[j]	2	Oe oe	[ø]
11	K k	[k]	3	Ue ue	[ʏ]
12	L l	[l]	4	Ch ch	[ç]
13	M m	[m]	5	Gh gh	[ɣ]
14	N n	[n]	6	Sh sh	[ʃ]
15	O o	[o]	7	Zh zh	[ʒ]
16	P p	[p]	8	Ng ng	[ŋ], [ŋr]
17	Q q	[k]			

İdeal bir alfabe her sesin bir harf karşılığıyla gösterildiği fonetik alfabedir. Böyle alfabelerin hem öğretimi hem de yaygınlık kazanması daha kolay olur. Bu alfabede dikkati çeken en önemli özellik 25 harfin farklı varyasyonlarla genişletilip alfabe sanki 25 harften oluşuyormuş gibi gösterilmesidir. Oysa Kazakçada 25’ten fazla ses bulunmaktadır.

Hazırlanan bu alfabe taslağında ünlülerden ə sesinin «ae» ile, ö sesinin «oe» ile, u sesinin de «ue» ile gösterildiği, ünsüzlerden de ğ sesinin «gh» ile, ç sesinin «ch», ş sesinin de «sh» ile gösterildiği görülmektedir. Bu türden işaretlemeler harf kalabalığından başka bir şey değildir ve bizce doğru da değildir. Bir sesi bir harf ile göstermek gerekir. Rus alfabesine mahsus çift sesli harfler de bir kenara bırakılırsa bugünkü Kazak Kiril alfabesi de her ses için bir harf ilkesiyle işlemektedir. Bugünkü Kazak Kiril’inde Rus alfabesine mahsus işaretler ise bu ilkeyi bozmaktadır. Sadece bu ilkeyi değil aynı zamanda her yerde aynı sesi verme ilkesini de bozmaktadır. Sözelimi Rusçadaki çift sesli e harfi bazen tek sese, bazen ye çift sesini vererek her yerde aynı sesi vermesi ilkesini de bozduğu için alfabe fazladan bir ə harfi eklenmek durumunda kalınmıştır (Ercilasun 2000: 485). Bununla beraber и (i, iy, iy) ve y (w, uw, üw) harfleri de bu ilkelere aykırılık teşkil etmektedir. Durum böyle olunca söz konusu yeni Lâtin alfabesinin kullanılması ileride buna benzer sorunlara yol açacaktır. Bugün maalesef Kazakistan’daki alfabe çalışmalarında, hazırlanacak yeni alfabe bilgisayar

⁴https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazak-alpbinn-jana-nuskasyi-usyinyildi-283386/ (Erişim Tarihi 11.10.2017)

teknolojisine uygun olsun düşüncesiyle klavyeyi dile değil de, dili klavyeye uydurma gayretleri gözlemlenmektedir.

Bu taslak alfabenin resmiyette kabul edildiği algısı yaratılarak Kazakistan'da halk arasında kullanılmaya başlandığı da tarafımızca gözlemlenmiştir. Kazakistan'ın Almatı şehrinde Töle bi – Dostık caddelerinin kesişimindeki yeni açılan bir lokanta, Kazakça cəбіз (havuç) ismini iş yeri adı olarak seçmiş ve tabelasında da ismini «Saebiz» şeklinde yazmıştır. Söz konusu alfabe taslağının iş yeri tabelalarında bu gibi olumsuz etkileri de gözlemlenmektedir.

Ahmet Baytursunoğlu Dil Bilimi Enstitüsü Başkanı Prof. Dr. Erden Kajıbek konuya ilişkin vermiş olduğu bir röportajında⁵ bu alfabe taslaklarından başka yaklaşık 500'e yakın Lâtin alfabeti taslağının oluşturulduğunu, bunlardan 300'ünün Başkanlık İdaresi'ne gönderildiğini, enstitünün de yirmi yılı aşkın süredir bu konuyu incelemekte olduğunu ifade etmiştir.

Şimdiye kadar sunulan alfabe taslakları içinde bir bilim kurumunca teklif edilen ve tarafımızca Kazakçaya fonetik olarak en uygun olduğu düşünülen alfabe taslağı Ahmet Baytursunoğlu Dil Bilimi Enstitüsü'nün sunduğu ve bilim adamlarının üzerinde hemfikir olduğu «Ortak Türk Alfabeti» esaslı alfabe taslağıdır:

Тіл білімі институтының жобасы

Aa Aa	Li Лл	Ff Фф
Ää Əə	Mm Мм	Hh Хх
Bb Бб	Nn Нн	Şş Шш
Vv Вв	ŋ ң	Cc Чч
Gg Гг	Oo Oo	It Ыы
Ğğ Fƒ	Öö Əə	İi İi
Dd Дд	Pp Пп	
Ee Ee	Rr Pp	
Jj Жж	Ss Cc	
Zz Зз	Tt Тт	
Yy Йй	Ww Уу	
Kk Кк	Uu ƳƳ	
Qq Ққ	Üü Үү	

Ortak Türk alfabeti dünyada bilim dili olma yönünde hızlı adımlarla ilerleyen Kazakçayı Türk dünyası ile yakınlaştırıp 200 milyona yakın Türk kökenli halkın birbirini okuyup anlayabilmelerine vesile olabilirdi diye düşünmekteyiz.

Kazakistan'da yeni Lâtin alfabeti konusunda teklif edilen bir diğer alfabe taslağı ise «apostroflu şekil» adı verilen taslaktır:

⁵ Röportaj metnine şu bağlantıdan ulaşılabilir: <https://kaz.tengrinews.kz/conference/69/> (Erişim Tarihi 29.10.2017)



КАЗАХСКИЙ АЛФАВИТ НА ЛАТИНИЦЕ

№	Написание	Звук	№	Написание	Звук
1	A a	[a]	17	N' n'	[n], [nr]
2	A' a'	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	O' o'	[o]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[k]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[r]	23	S s	[s]
8	G' g'	[r]	24	S' s'	[m]
9	H h	[x], [h]	25	C' c'	[q]
10	I i	[i]	26	T t	[t]
11	I' i'	[u], [ü]	27	U u	[y]
12	J j	[ʒ]	28	U' u'	[y]
13	K k	[k]	29	V v	[v]
14	L l	[l]	30	Y y	[w]
15	M m	[m]	31	Y' y'	[y]
16	N n	[n]	32	Z z	[z]

Bu alfabede ise görüldüğü üzere nokta veya çengelle işaretlenmesi gereken harfler kesme işaretiyle gösterilmiştir. Başka bir ifadeyle genellikle ince sesler kalın seslerin sağ tarafına apostrof konularak belirtilmeye çalışılmıştır. Alfabenin - iki harf hariç- her sese bir harf ve harfin her yerde aynı sesi vermesi ilkesiyle İngilizce bilgisayar klavyesi temel alınarak hazırlandığı görülmektedir. Bu ilkeye istisna oluşturan Kiril alfabesindeki и (i, ıy, iy) ve y (w, uw, üw) harflerinin bu alfabede tek işaretle belirtilmiş olması ise bu alfabenin kusurlarından yalnızca biridir. Bu durumun ileride birçok yanlışla yol açabileceği öngörülebilir. Söz konusu alfabe taslağı Kazakçaya özgü bir Lâtin alfabesi olduğu iddiasıyla gündeme gelmiştir. Bu alfabenin kullanılmaya başlanmasıyla Kazak Türkçesinin diğer Türk lehçelerinden tamamen uzaklaşacağı ve alfabenin öğretiminde de zorluklar yaşanacağı kanısını taşımaktayız. Bu düşüncemizi alfabeyi kullanarak Kazakça örnek bir cümle ile somutlaştırmaya çalışalım:

Apostroflu Alfabe: A'r sa'rsenbi sai'yn g'ana syrtka s'yg'y'laryn'yzg'a bolady.

Kiril: Әр сәрсенбі сайын ғана сыртқа шығуларыңызға болады.

Apostroflu şeklin yalnızca bir cümlede bile okurken zihni ve gözü ne kadar yorduğu ortadadır.

27 Ekim 2017 tarihli *Egemen Kazakistan* gazetesinin «Latin Qarpine Köşüwdiñ Mañızdılığına Nazar Awdarıldı» (Lâtin Harfine Geçmenin Öneme Dikkat Çekildi) başlıklı haberine göre⁶ 26 Ekim 2017 tarihinde Kazakistan Cumhurbaşkanı Nursultan Nazarbayev apostroflu yeni Kazak Lâtin alfabesini kabul eden kararnameyi imzalamıştır. Bu kararnameye göre Lâtin harflerine geçiş süreci 2025 yılına kadar devam edecektir. Kazakistan Lâtin alfabesine geçişte Rusya ve Rusçanın etkisinden kurtulmayı hedeflerken Kazakçaya özgü olduğunu düşündüğü apostroflu bu alfabeyi kabul etmesiyle tıpkı Özbekistan ve Türkmenistan örneğinde olduğu gibi Türkiye'nin etkisinden kaçınmayı da istemiş görünmektedir.

Kazak halkının ve Kazakçanın son yüz yıllık tarihine bakıldığında Arap, Lâtin, Kiril ve tekrar Lâtin olmak üzere farklı alfabe değişiklikleri gündeme gelmiş

⁶<https://pdf.egemen.kz/pdfs/2017/10/27102017-web1.pdf> (Erişim Tarihi 29.10.2017)

ve maalesef kültür ve edebiyat dili bu durumdan olumsuz yönde etkilenmiştir. Bugün Lâtin alfabesine tekrar dönülüyor olması ise Türk yazı birliği açısından sevindirici bir gelişmedir. Sovyetler Birliği döneminde dil politikaları gereği yeni oluşturulan Orta Asya'daki Türk yazı dillerinin tamamının Kirilleştirilebilmesi için bir önceki adım bu yazı dillerini ortak bir Lâtin alfabesinde toplamak olmuştur. Bu yüzden 1926-1938 yılları arasında Orta Asya'daki Türk yazı dilleri ortak bir Lâtin alfabesi kullanmışlardır. Fakat Sovyetler döneminde bile ortak bir Lâtin alfabesi kullanılmış olmasına rağmen bugün bağımsız Türk Cumhuriyetlerinin ortak bir Lâtin alfabesinde birleşemedikleri görülmektedir. Günümüzde sadece Oğuz grubu Türk yazı dillerinin alfabeleri 34 harfli Ortak Türk Alfabesi'ne uygun görünmektedir. Maalesef bağımsız Türk devletleri arasında Ortak Türk Alfabesinin benimsenmesi yolunda Azerbaycan'dan başka hiçbir Türk devleti sağlıklı adım atmamıştır. Geçmişte Türkmenistan ve Özbekistan'ın geçtiği Lâtin alfabesi bugün dilbilimci ve Türkologlar tarafından çok da sağlıklı bulunmamaktadır. Türk dünyasının birlik olması ve ileride Ortak Türkçenin tesisi için alfabe birliği şarttır. 26 Ekim 2017 tarihinde Kazakistan Cumhuriyeti'nde apostroflu Lâtin alfabesinin kabul edilmesiyle yazım birliği ve anlaşılabilirlik açısından Kazak Türkçesinin diğer Türk lehçelerinden uzaklaşacağı öngörülebilir. Aynı zamanda kabul edilen bu alfabenin öğretiminde de birtakım zorlukların yaşanacağı muhakkaktır. Uygulamaya geçildiğinde halk bu alfabeyi kullanamayacak ve benimseyemeyecek, dolayısıyla da yönetim 34 harfli Ortak Türk Alfabesi'ne yönelmek zorunda kalacaktır düşüncesini taşımaktayız. Alfabe değişim kararı siyasi bir karar olmasına rağmen esas belirleyici olan Kazak halkının dil kullanımı olacaktır. Kazakistan'ın apostroflu alfabeden vazgeçip Ortak Türk Alfabesi'ne yönelmesi ileride Kırgızistan'ı da bu alfabeyi kabule zorlayabilir.

Kaynaklar:

1. Demir, Nurettin; Yılmaz, Emine (2014), *Bitmeyen Öykü: Alfabe Tartışmaları -Rapor-*, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Yayınları, Ankara.
2. Ercilasun, Ahmet Bican (2000), «Kazakçanın Lâtin Alfabesiyle Yazılması Konusunda Düşünceler», *Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi*, S. 10: 482-486.
3. Kara, Mehmet (2009), «Türk Cumhuriyetleri ve Otuz Dört Harfli Ortak Lâtin Alfabesi», *Turkish Studies* 4/3: 1301-1310.
4. Kortabayeva, G. (2017), «Türk Dilli Halkların Lâtin Alfabesine Geçiş Tecrübesi», *Türki Jazbaları men Mädeniyeti Künderi Şarası Ayasında Ötkizilgen Tamırı Tereñ Älipbiy: Jalpı Türkilik Biregeyliktiñ Mızğımas Negizi Halıqaralıq Ğılımiy-Praktikalık Konferentsiyası Materiyaldarı*, Almatı: 289-297.
5. Şahin, Erdal (2002), «Türk Cumhuriyetlerinde Lâtin Alfabesine Geçiş Çalışmaları ve Sonuçları», *Bağımsızlıklarının 10. Yılında Türk Cumhuriyetleri*, SOTA Yayınları, Haarlem-Hollanda: 63-70.
6. Şirin User, Hatice (2006), *Başlangıçtan Günümüze Türk Yazı Sistemleri*, Akçağ Yayınları, Ankara.

7. Tekin, Talat (1997), *Tarih Boyunca Türkçenin Yazımı*, Simurg Yayınları, Ankara.

Тілші Қажым Басымов еңбектеріндегі жазу мәселелері

Карабаев А.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің докторанты

Аңдатпа: Мақалада ғалым Қажым Басымовтың әдістемелік еңбектеріндегі орфографиялық мәселелер қарастырылады.

Түйін сөздер: латын графикасы, терминология, орфография, лингвистика, фонетика, емле.

Summary: This article deals with spelling questions from the methodical works of the scientist Kazhym Basymov.

Key words: Latin graphics, terminology, spelling, linguistics, phonetics, spelling.

Қанаты кеңге жайылып келе жатқан қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің қайнар көзі, түп тамыры ХХ ғасырдың бастапқы жылдарында жатыр. Аталған ғасырда негізі қаланған әдістеме ғылымы осы күнгі жетістікке дейін бірнеше сүрлеу, соқпақ жолдардан өтіп дамыды, дами отыра бірнеше ірі әдіскер тұлғаларды дүниеге әкелді. Сондай ХХ ғасырдың бас кезінде көзге ерекшешетүскен тұлғалардың бірі – әдіскер-ғалым Қажым Аманғалиұлы Басымов екені белгілі.

А.Байтұрсынұлынан кейін екінші тұлға есебіндегі Қажымның қазақ тіл білімінің өркендеп өсуіне тың екпін жасап, табаны күректей 30 жыл бойы халық ағарту саласында тілді оқыту әдістемесі мен теориясы мәселелерімен шұғылданған ғалымның ғылыми-әдістемелік мұрасы өте бай әрі еңбектерінің әрқайсысы терең ғылыми ізденісті қажет етеді.

Бұл ретте Қажым Аманғалиұлы Басымовтың лингвистикалық мұрасы жөнінде ғалым Иманбай Ұйықбаев әдіскердің жалпы еңбектері мынадай мәселелерді қамтығандығын атап көрсетеді:

1. «Тіл білімінің жалпы мәселелері.
2. Орфография мәселелері.
3. Грамматика мәселелері.
4. Пунктуация.
5. Әдебиет мәселелері.
6. Жарияланбаған еңбектері (қолжазбалар)» [1, 11].

Жеке авторлық еңбектері (Латын алфавитіне көшуге байланысты жаңа орфография. Алматы, 1930; Қазақ грамматикасының кейбір мәселелері. Алматы, 1938) мен жоғарыда жіктелген салалардың әрқайсысынан әдіскердің өзіндік пікірі мен әдістемелік көзқарасын аңғаруға болады. Қажымның сол бір тұтастай еңбектерінің ішінде көлемі әрі мазмұны жағынан ерекше орын алатын кесек туындысы – орфография мәселелеріне тоқтауға болады.

Отызға жуық еңбекті қамтитын орфография саласына ғалымның қалам тартуы біріншіден – ғылымдағы өзіндік қолтаңбасы болса, екіншіден – сол заманда қоғамда орын алған өзгерістер мен құбылыстардың әсері екендігі заңды құбылыс. Сөзіміз дәлелді болу үшін өткен ғасырдың тарих беттеріне үңіліп, нақты мысалдармен толықтыра кетуге болады.

Ислам дінінің түркі дүниесіне кең қанат жаюымен белгілі болған араб жазуы қазақ топырағында бұрыннан кең қолданыста бар еді. Қазан төңкерісіне дейінгі араб графикасындағы ұлттық тіл жазуын қалыптастырған ғалым А.Байтұрсынұлының 1915 жылы шыққан әліппесі ел өмірінде 20 жылдай кең қолданыста жүрді. Қазақ тіл білімінің бас ғалымы Ахмет Байтұрсынұлының аталмыш әліппесімен қатар 1914 жылы шыққан «Тіл құрал» (1928 жылға дейін бірнеше рет басылған) деп аталған оқулықтары қара халықты сауаттылыққа үйрету мен шақырудың құралы болды. Алайда, сол бір жазу-сызудың қолданылу аясы тар жаппай сауатсыздық тұсында араб графикасының негізіндегі жазу тіліміздің фонетикалық жүйесіне мүлде үйлессіз, сәйкессіз болды. «Біржолата өзгертуді көздемегенмен араб жазуындағы үйлесімсіздіктерді жамап-жасқау арқылы жоюға арналған алғашқы қадам «Дала уалаяты» мен «Айқап» журналы беттерінде де көтерілді. «Айқап» журналы арнайы айтыс та ұйымдастырды. Бірақ олардан тапқан пайда тым елеусіз болды, шешілмеген түйін сол шешілмеген қалпында қала берді. Ал жазу нормасы, емле деген тіпті жүйесіз болатын. Осылардың үстіне бұл графикадағы көптеген таңбалар сөз басында бір түрлі, сөз ортасында екінші түрлі, сөз аяғында үшінші түрлі таңбаланатын. Бұл жағдай басқаны айтпағанның өзінде сауатсыздықты жою ісіне мейлінше зиянды болатын» [2, 32]. Осындай бұқара халық талабынан шықпаған арабтандыру немесе «игі шаралардың» жалғасы ел ішінде сөз бола бастаған латын графикасы жазуына ұласты. Араб жазуын мүлде тастап, жаңа графика негізіне көшу қалыптасқан сауатсыздықтан ағартушылық шараларына қолайлы деп ұққан халық енді латын жазуына назар аудара бастады.

«Араб жазуын тастап, латын графикасына негізделген алфавитті алу ең алғаш Әзірбайжанда көтерілді. 1922 жылы Бакуде жаңа түркі алфавиті комитеті құрылды. 1924 жылы Әзірбайжан Орталық Атқару комитеті латын алфавитін «міндетті мемлекеттік алфавит» деп жариялады. 1926 жылы Бакуде Бүкілодақтық түркологиялық I съезд өткізілді. Бұл съезд өзінің қаулысында түркі тілдес халықтарға араб жазуын тастап, латын графикасына негізделген жаңа әліппені қабылдауды міндеттеді» [2, 32]. Үкімет саясатымен қолға алынған және құрылған комитеттің жұмыс қарқыны жаңа әліппе жобаларын іске асырудан бастап, оның бірізді болуы мен атқарылу шараларын бақылап отыратын ішінара комитеттерімен бірге дамып отырды. Ал осыншама жүргізіліп жатқан іс-шаралардың Қазақстанда іске асуы өзге түркі халықтарына қарағанда бәсең дамыды.

1924 жылдан бастап орын алған жаңа графикаға көшу мәселесі бірден өрістей алмай, үш жылғашейін әлі де болса араб графикасынан арылғысы келмеген тұлғалардың уысынан шықпады. Алайда «латын әліппесіне

негізделген жаңа жазуға көшу жұмыстарына басшылық ету мақсатымен 1927 жылдың басында Республикалық жаңа алфавит комитеті құрылды. Бұл комитеттің республикадағы барлық округтерде құрылған бөлімшелері болды. Олар жаңа әліппенің тиімділігі туралы халықарасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді» [2, 33]. Сол уақыттағы Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бақылауы мен басшылығында болған жаңа графика мәселесі бірнеше мәрте талқыланып, жаңа әліпбидің қаншалықты халық үшін пайдасы болуының түпкілікті шешілу мәселесі Орталық Атқару Комитетінің 1929 жылғы «Қазақ жаңа емлесі туралы декретімен» жарияланды. «Қабылданған емле ережелерінде көптеген олқылықтар, шалағайлықтар көп болды. Олар:

1. Емленің негізгі принципі – фонетикалық. Сөз қалай айтылса, қалай естілсе, солай жазылатын болды.

2. Қысаң дауысты **у**, **и** дыбыстары жуан айтылғанда **ұу**, **ый** болып қосарлы таңбамен таңбаланатын болды» [2, 35].

Осы сияқты бірнеше пунктпен көрсетуге боларлық кемшін тұстар жайлы бірнеше ұсыныстар мен пікірлер білдіріліп жатты. Мысалы, аталған мәселе төңірегінде профессор Қ.Жұбанов өзінің «Проект казахского алфавита» атты жобасында «при переходе на латинизированный алфавит перенесены на него худшие традиции арабского алфавита, вместо того чтобы, пользуясь преимуществам латинского, избавиться от подобных недостатков арабского алфавита.

Чтобы изжить окончательно вредное наследие арабского алфавита, необходимо (и это вполне возможно) отказаться от каких бы то ни было двойных начертаний, тогда две пары **uv**, **уv** заменит одна буква **и** и две пары **bj**, **ij** – одна **і**. Это не только не вызовет затруднений, но и сделает излишними для казахского алфавита буквы **ј** и **v**, поэтому мы исключаем их из алфавита» [3, 505], – деп, қатар немесе қосар жазылатын **ұу**мен **үү** және **ый** мен **ій** дыбыстарының жазылуы жайлы қатаң сын айтса, кейініректе 1935 жылғы «Қосар ма, дара ма?» атты мақаласында: «Біз емлені ермекке түземейміз, оңайлансын деп түзетеміз. Олай болса, мына қосарлы жазудан құтылуымыз, мұның орнына дара әріп алуымыз керек. Дара әріпті де жанымыздан шығарып, не жаңадан кіргізуге болмайды, осы күнгі қазақ әліппесінің ішінде бар, көрші елдерде осы мағынада қолданылатын латын әрпінің жер жүзілік практикасында ұсталып жүрген **и** мен **і**-ні, біріншісін **ұу** мен **үү** орнына, екіншісін **ый** мен **ій** орнына алу жағындамыз» [3, 348], – деп, өз пікірін нақтылай түседі.

Сондайлық халқымыздың әліпбиіндегі келесі үшінші өзгеріс әрі соңғы қабылдағаны «яғни, орыс әліппесіне негізделген жазуға көшу кезеңі 1930 жылдардың екінші жартысынан басталды. Басқа түркі халықтары сияқты қазақтар да орыс графикасына көшуді 1940 жылы аяқтады. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бесінші сессиясы 1940 жылдың қарашасында «Қазақ жазбасын латын алфавитінен орыс графикасы негізінде жасалған жаңа алфавитке көшіру туралы заң» қабылдады» [4, 68-69].

Ғұмыры осы күнге дейін жасап келе жатқан кириллица жазуы және оның даму сатысы мен сол мәселе хақында тер төгіп шоғырланған ғалымдарымыздың еңбектері туралы ой қозғау өз алдына жеке зерттеу жұмысын қажет етеді деп ойлаймыз.

Сонымен, үш кезең, үш әліпбиді басынан кешірген тұста қаймана халық пен астарлы саясатқа алаңдаулы болған көкірек көзі ашық, көңілі ояу аға буын өкілдерінің, ғалымдардың байыз таппай туған халқына қол ұшын беріп араласуы заңды құбылыс. «Соның өзінде де бір жайт талас тудырмайды – төбеден тажал дүрдие бақылап сол отызыншы жылдары тіл білімпаздары әлемде барлық тілге бірдей әліпби жасау еш сабаға сыймайтынын біле тұрып, латындастыруға мәжбүр болды. Өйткені төл әліпбиді сақтамаған күннің өзінде де тілді сақтау, сол тілдің жанды, жедеғабыл таратушысы, келешек мәдени-рухани мұрагері – сол тілде оқытатын мектепті, сол тілде жазылатын баспасөз, кітапты сақтап қалу керек еді.

Қажым Басымұлының бұл кезеңде орфография мен терминология мәселелерін шұқшия зерттеуін осы тұрғыдан бағалау жөн» [5, 6].

Жазудағы ала-құлалықтың болмай бірізді түсуі, емле ережесі мен орфографияның сапалы болуы және мәдениеттіліктің, шын сауаттылықтың оқырман арасында көрініс табуына Қажымның шын ықыласымен еңбек етуі әдіскердің азаматтығы мен өнегелілігі деп білуге болады. Бұған өткен ғасырдың 20-30 жылдары «Төте оқу», «Еңбекші қазақ», «Социалистік Қазақстан», «Жаңа мектеп» және педагогикалық «Ауыл мұғалімі» сынды басылым беттерінде жарияланған «Әріп, емле, термин мәселесін көңілдегідей шешейік», «Бас әріптің жазылатын орындары», «Емлемізді түзету туралы», «Түрлі-түсті сөздердің жазылуы туралы», «Қысқарған сөздерді дұрыс жаза білейік», «Мәні алмасқан әріптерді дұрыс жаза білейік», «Бұрынғы **-bj, -ij, -j**-лердің орнына алмасқан **і** әрпін қалай жазамыз?» және т.б. жиырмадан астам орфография мәселелеріне арналған мақалалары дәлел әрі маңызды қырын ашып көз жеткізу үшін осы орфография турасындағы мақалаларының біріне тоқталуға болады.

1929 жылғы декретте барынша айдан анық көрсетілген қосарлы **үу, үу** мен **ый, йй** дыбыстарына қарсы болған профессор Құдайберген Жұбановтың пікірі жоғарыда айтылды. Келтірілген мақалада тілші қосар әріптің пайда болуы мен жақтаушылардың дәлелдеріне орнықты пікір айтып, шынмәніндегі қос дыбыстардың бір-бір дыбыс екендігін нақтылы мысалдармен дәлелдей отыра, олардың орнын алмастырған **«и»** мен **«і»** дыбыстарын қалдыру жөнінде түпкілікті шешім білдіреді. Осы орайда қағылез ғалым Қажым Басымовтың 1938 жылы «Ауыл мұғалімі» педагогикалық басылымда жариялаған «Мәні алмасқан әріптерімізді дұрыс жаза білейік» (№3-4) және «Бұрынғы **-bj, -ij, -j**-лердің орнына алмасқан **«і»** әрпін қалай жазамыз?» (№5) атты мақалалары бұрынғы қосарлы дыбыстардың орнына алмасқан **«у»** және **«и»** әріптерінің орфографиялық тұрғыдан кез келген оқырманның сауатты жаза алуына бағыт, түсініктеме береді. Мысалы, «Мәні алмасқан әріптерімізді дұрыс жаза білейік»

мақаласында мәні еркін еріндік дауыстыға алмасқан «у» әрпін айналып көрсеткендегі дұрыс жазылуы төмендегіше болады:

1. «У» әрпі бұрынғы қосар жуан «үу» әріптерінің орнын басып жазылады. Мысалы: *жазүу, барүу. қайтүу, алүу* емес, *жазу, бару, қайту, алу* түрінде жазылады.

2. «У» әрпі жуан «үу» қосарының орнына жазылуының үстіне жіңішке қосар «үу» әріптерінің де орнын басып жазылады. Мысалы: *білүу, келүу, жүзүу, жүрүу, сенүу* емес, *білу, келу, жүру, жүзу, сену* түрінде жазылады» [6, 46].

Осы сияқты бірнеше пунктпен (12 пункт) «у» әрпінің жазылу емлесі түсіндірілсе, екіншіден, аталған дыбыстың буынға бөлу мәселесі де қарастырылған. Мысалы, «Сөз ішінде «у» әрпін дұрыс жазу үшін «у» дыбысының қалай буындалуын айыра білмей болмайды. Сондықтан «у»-дың буындалуындағы жазылуына аз тоқтала өтейік.

1. «у» әрпі сөздің басында ашық дауысты (**а-ә**) дыбыстарының алдынан келгенде белгілі буынға ие бола алмайды, өзіне төте соңғы ашық дауысты дыбыстармен бірлесіп бір буын болады. Мысалы: *уа-қыт, уә-де*.

2. «у» әрпі сөздің аяғында ашық дауысты (**а, е, ә**) дыбыстардың соңынан келгенде де белгілі буынға ие бола алмайды, өзіне төте алдыңғы ашық дауысты дыбыстармен бірлесіп бір буын болады. Мысалы: *тау, егеу, әу*.

3. «у» әрпі сөздің басында қысаң дауысты «**ы, і**»-нің алдынан келсе, өзі жеке бөлініп буын болады. Мысалы: *у-ыс, у-ық, у-ыт, у-ыз, у-іл-деу*» [6, 47].

Сауатсыздықты жойып, емле мәселесімен айналысуда бар күшін сарп еткен Қажым Басымовтың қосарлы болған «у» («и» дыбысы да) дыбысының жазылу емлесі жайындағы пікірі орфографиялық тұрғыдан оқушы мен оқырман қауымына сауатты жазуына септігін тигізер бағыттағы мақалалардың бірі еді. Бұл жоғарыда айтылғандар әдіскер Қажымның орфография әлемінен ой қозғалған бір ғана дүниесі, бір ғана келтірген мысалымыз деуімізге болады.

Сонымен, жазу мәдениетіміздің дамуына өзіндік үлес қосқан Қажым Басымов: «Әріп, емле мәселесі жазуды бір ізге салумен ғана шектелмейді. Оқуды жеңілдету, оңай сауаттандыру, сөйлеу-жазу тілін бір қалыпқа түсіру, тіліміздің өркендеуіне, мәдениетіміздің гүлдене беруіне жол белгілейтін ірі мәселе болып саналады» [7, 3], – деп, мемлекеттік мүдде тұрғысынан қараған ғалымның еңбегі – тілдің өркендеуі үшін жасалған игілікті іс. Қазақ орфографиясының тарихында белді орын алатын Қажым Аманғалиұлы Басымовтың әдістемелік мұрасына қадам басқан сайын әрбір беті оқырманын қызықтыра, іздендіре түседі.

Әдебиет:

1. Қазақ тілі методикасының библиографиялық көрсеткіші. Құрастырған: Ұйықбаев И. – Алматы, 1961. - 44 б.

2. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы: Мектеп, 1987. - 124 б.

3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Жауапты ред. К.Ш. Хұсайынов. Алматы: Ғылым, 1999. -581 б.
4. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. –Алматы: Рауан, 1995. -175 б.
5. Кенжалиев И. Қажым Басымұлы. //Ана тілі. – 1991. – №20. - 16 мамыр, - 6 б.
6. Басымов Қажым. Мәні алмасқан әріптерімізді дұрыс жаза білейік. //Ауыл мұғалімі. – 1938. – №3-4. – 45-48-б.
7. Басымов Қажым Қазақ әрпін өзгерту туралы //Социалистік Қазақстан. 1938. – №4. - 5 январь. -3-б.

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде прецедентті есімдерді және бренд атауларын қалай таңбалаймыз?

Серікбаева А.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Ономастика бөлімінің кіші ғылыми қызметкері, PhD докторант

***Аңдатпа:** Мақалада латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде прецедентті есімдерді және бренд атауларынды таңбалау мәселесі қарастырылады.*

***Түйін сөздер:** латын графикасы, қазақ жазуы, әліппе, емле, апостроф, бренд, атау.*

***Summary:** In article problems of a transliteration of case names and the name of world brands from the English alphabet for the new alphabet of Kazakh on Latin graphics are considered.*

***Кілт сөздері:** латын графикасы, қазақ жазуы, әліппе, емле, апостроф, бренд, атау.*

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру реформасы қоғамның бүкіл саласын тұтастай қамтиды: жазу-сызуды күнделікті өмірде қоғам мүшелерінің барлығы пайдаланады, хат-хабар, ақпараттарды жазу-сызу арқылы алып отыр.

2017 жылдың қыркүйек айында Парламент тыңдауына диграфты әліпби жобасы ұсынылды. Диграфты әліпби жобасы халыққа қолайсыз болды, халық көп сынады. Біріншіден, **ә-әе, ө-өе, ү-үе, ж-zh, ш-sh** деп беру «бір дыбыс – бір әріп» принципіне сай емес. Екіншіден, диграфтар мәтінді ұзартып жібереді. Жалғамалы тілдер типіне жататын қазақ тілі үшін диграф тиімсіз. Диграфты әліпби жобасы қатты сыналғандықтан, қазан айында Парламенттік талқылауға апострофты әліпби жобасы ұсынылды. Апостроф – ағылшын тілінде дауысты дыбыстың түсіп қалғанын білдіретін таңба. Ағылшын тілінде апостроф көп қолданылмайды, ағылшынша мәтінде көп қолданылмағандықтан көзге ерсі көрінбейді.

Апострофты қазақ жазуы тарихында қазақ жазуы латын графикасына көшкен 1929 жылдан кейін, 1934 жылы 14 маусымда «Социалды Қазақстан» газетінде жариялаған С.Аманжоловтың «Әліппе мен емледегі жаңалықтар жобасы» атты мақаласында ұсынған [1, 195]. Әліпби жобасына арналған

аталмыш мақалада «§1. Апостроф жазылатын, жазылмайтын жері» туралы жобаның II тарауында жазған: «1) Бұрынғы **ә, ө, і, у** әріптерінің орнына сөздердің бас буынын немесе бір буынды сөздерді жіңішкерту үшін сөз алдынан апостроф (') қойылады. Мысалы: *al – 'al (əl), ot – 'ot (ət), ыs – 'is (is), un – 'un (yn), 'bır (bir), 'kyn (kyn), 'kon (kən), 'kop (kəp)*. Егерде соңғы буындардағы дауысты дыбыстар қысаң болып келсе, апострофтың күші бір буыннан асып, бірнеше буынға да жетеді. Мысалы: *'tırlyk (tirlik), 'kызgi (kызgi), 'ystыngь (ystыngи), 'ujьmdь (yjimdi), нсь (birinci)* т.т.» деген. Яғни, С. Аманжолов өз жобасында апострофты сөздерді жіңішкерту үшін сөз басында бір рет қана қолдануды ұсынған. Бұл жоба қабылданбады. Қазіргі әліпбиде апостроф қазақ тіліндегі төл дыбыстарымен бірге **и, й, ш, ч, у** әріптерін таңбалауда қолданады. Қазақ тілінде **ә, і, ө, ү, у, ғ, ң, ш** әріптеріне апостроф қою мүлдем тиімсіз. Аталған әріптер қазақ тілінде көп кездесетіндіктен, мәтінде бірнеше апострофтың болуы ыңғайсыздық тудырады. Сонымен қатар /ə/ әрпін жазу үшін а-ны жазып жоғарғы оң жағына апострофты қоямыз, яғни, екі символды (таңбаны) жазамыз. Екі таңба жазылғандықтан, бұл да диграфты жобаның басқаша көрініс тапқан түрі болып шығады. Бір әріпті жазу үшін екі таңбаны біріктіру арқылы жазылатын бұл жоба да мәтінді ұзартады, оқуға ыңғайсыздық тудырады. Біріншіден, аталған дыбыстарды апострофпен беру диграфты нұсқаның апострофтанған интерпретациясы болып шығады. Яғни, ә, ө, ү, ы, ғ, ң, ш дыбыстарын жазу үшін екі таңбаны белгілейміз. Бұл да диграфты жазумен бірдей. Екіншіден, мәтінді екі есеге ұлғайтады. Компьютер апострофты жеке таңба ретінде таниды, тұтас сөздің компоненті ретінде қабылдамайды. Үшіншіден, апострофты теріп отыру қолайсыздық тудырады. Төртіншіден, көзшалымға өте ауыр. Бесіншіден, Қазақстанда зағип жандар Л.Брайльдың нүктелі шрифін қазақ тілінде де қолданады. Қазақ тіліндегі Л.Брайльдың нүктелі шрифине тағы бір нүкте қосылады, нүктелер санын көбейтеді. Тифлолог педагогтердің айтуы бойынша, апостроф мәтінді біршама ұзартады, Л.Брайль нүктелі шрифінде апострофтар нүктелі шрифіннің бірыңғайлығын бұзады.

Бұл әліпби көзшалымға ауыр болғандықтан, қоғамды екіге бөледі: қазақтілді қоғам және орыстілді қоғам. Қазақтілді ата-аналар баламыз қиналмасын деп орыс мектебіне береді. Қазақ тілінде 90-жылдардағыдай тек ауыл балалары ғана оқиды. Қазақтілділер саны азаяды. Қазіргі таңда ағылшын тілін балабақшадан бастап оқушылар 1-сыныптан 9-сыныпқа дейін, әрі қарай 10-11-сыныптарда жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқитын болғандықтан, ағылшын әліпбиін балабақшадан таныған баланың санасында шатасу пайда болады. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі мен ағылшын әліпбиін кішкентай бүлдіршін қатар алып жүре алмайды. Екі тілдің әріптерін шатастыра бастайды. Осы жайттың салдарынан апострофтың көлеңкесінде қалған қазақтың төл дыбыстары уақыт өте келе қолданыстан шығып қалу қаупі бар.

Бұл – әліпбидің жалпы кемшіліктері. Мұнан басқа оқушылардан бастап студент, мұғалім, әртүрлі сала қызметкерлері болсын, шетелге шығатын кез келген азаматтар болсын – бәрі де жеке өмірінде прецедентті есімдермен байланысты мәселелер де бар. Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі тек қазақ тіліне қатысты болып көрінгенімен, түптеп келгенде орыс тілі арқылы енген шетелдік антропонимдерді таңбалаудың тілдік қиыншылықтары шығып жатыр. Қазақ тіліндегі мәтінде кез келген шетелдік, соның ішінде орыс антопонимдерін де латын әліпбиінде таңбалаймыз. Мұнда шетелдік антропонимдерді қазақ графикасына транслитерациялау мәселесі туындап отыр. Транслитерациялауда қиыншылық тудырып отырған жайт – ол қазақ графикасында таңбаланатын антропонимдердің бастапқы таңбалануы бір графикада – латын графикасында болуы, яғни, бір тілден екінші тілге транслитерациялау барысында латын графикасынан қайта латын графикасына атаулар ауыстырылып отырады.

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде таңбаланған прецеденттік есімдер апострофтың арқасында бастапқы бейнесінен алшақтап, апострофты бейнеге өтеді. Мысалы, *Уильям Шекспир* қазақ әліпбиінде *Y'i'li'am S'ekspi'r*, ағылшын тілінде *William Shakespeare* болып таңбаланады. Кирил әліпбиінде жалпы 12 таңба болса, қазақ әліпбиінде 18 таңба, оның 5-еуі апостроф таңбасы. *Вольфганг Амадей Моцарт* қазақ тіліне *qazlatyn.kz* Мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартты әліпбиінің конвертері *Volfgang Amadei' Mosart* деп шығарды. Жаңа әліпби бойынша крилдегі *c – s* болып таңбаланады. Аталмыш конвертерде *Mosart* болып таңбаланған атаудың транскрипциясы қазақ тілінде *Mosart* болып оқылады, айтылады. Ал ағылшын, испан, француз, өзбек, түрік тілдерінде *Wolfgang Amadeus Mozart* ретінде таңбаланған. *Mozart*-тың ағылшын тіліндегі транскрипциясы [məʊtsɑ:t]. Жаңа әліпбиде аталған есімді *Mosart* деп таңбалауға болады. Конвертер *Mosart* деп таңбалау себебі онда қазақ тілінің емле ережелері енгізілмеген, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің емлесі енді жасалады. Ал *Марк Цукербергтегі Цукербергін* қалай таңбалаймыз? *Sy'kerberg* деп қалдырамыз ба әлде *Tsy'kerberg* деп таңбалаймыз ба? Әлде ағылшын тіліндегідей *Zuckerberg* дегенді таңдаймыз ба? Бұл мәселе әлі талқылауды, талдауды қажет етеді.

Говард Шульц антропонимі латын графикасында *Govard S'y'ls*, ағылшын тілінде *Howard Schultz* ретінде таңбаланады. *Howard* транскрипциясы [həʊəd], *Schultz* – ағылшын тілінде [Shultz], чех тілінде [Šulc] ретінде транскрипцияланады. Қазақ тілінде *Гоуард* – *Go u'ard* деп, ал *Шульцты* чех тілінің негізінде *Шулс* – *S'y'ls* деп алған жөн.

Ағылшын тіліндегі **w** бар сөздер орыс тілі арқылы қазақ тіліне еніп, қазақ тілінде **в** әрпімен таңбаланып келді. Ағылшын тіліндегі **w** әрпін қазақ тілінде **в**-мен таңбаламай, **у** әрпімен берген дұрыс: **у**-ды айтқанда **в**-ны айтқандағыдай артикуляциялық аппаратқа күш көп жұмсалмайды.

кирил әліпбиінде	ағылшын тілінде	жаңа әліпбиде	ұсыныс
Стивен Вебстер	Steven Webster	Sti'ven Vebster	Стивен Вебстер Sti'ven Y'ebster
Вернер Гейзенберг	Werner Heisenberg	Verner Gei'zenberg	Вернер Гейзенберг Y'erner Gei'zenberg
Эдвард Дженнер	Edward Jenner	Edvard Djenner	Едуард Женнер Edy'ard Jenner
Эрвин Шрёдингер	Erwin Schrödinger	Ervi'nS'ri'odi'nger	Еруин Шредингер Ery'i'nS'redi'nger
Готфрид Вильгельм Лейбниц	Gottfried Wilhelm von Leibniz	Gotfri'dVi'lgelmLei'bni's	Готфрид Уильгельм Лейбниц Gotfri'dY'i'lgelmLei'bni'z
Джордж Вашингтон	George Washington	Djordj Vas'i'ngton	Жорж Уашингтон JorjY'as'i'ngton
Ганс Вильсдорф	Hans Wilsdorf	Gans Vi'lsdorf	Ганс Уилсдорф GansY'i'lsdorf

Юлиус Михаэль жаңа әліпбиде *I'y'li'y's Mi'hael* ретінде таңбаланады. *Юлиус* крилде 5 таңба болса, қазақтың жаңа әліпбиінде 10 таңба, яғни, таңбаны саны екі есе артқан. Бұл есім ағылшын тілінде *Julius Michael* болып таңбаланады. *Michael* ағылшын тілінде *Майкл* болып айтылатын кездері де бар, мысалы, *Майкл Джексонның* аты ағылшын тілінде *Michael Jackson*, *Майкл Корс* – *Michael Kors* болып таңбаланады.

XIV Людовик қазіргі латын графикасында *XIV Li'y'dovi'k* жалпы саны 11 таңбамен, оның ішінде 3 апострофпен таңбаланады, ағылшын тілінде *Louis* деп таңбаланады. Қазақ тілі үшін 11 таңбамен таңбаланатын *Li'y'dovi'k* -ті алғанша, 6 латын графикасында символдан тұратын ағылшын тіліндегі түпнұсқадағы *Луис* – *Ly'i's-mi* алған үнемді. Дегенмен жалпы тарихта, мектепте оқытылатын тарих пәні бойынша мектеп оқулықтарында *XIV Людовик* есімін *Луис* деп ауыстыру қиын. Кирил арқылы *XIV Людовик* болып қалыптасып кеткен атауды ауыстыру ұзақ уақытты алуы мүмкін. Тарихи кітаптардағы *Людовик* пен жаңа әліпбимен таңбаланған *Луис* екі түрлі тұлға болып көрінуі мүмкін.

Мартин Лютер Кинг қазақ латын графикасы бойынша *Marti'n Li'y'ter Ki'ng* ретінде, ағылшын тілінде *Martin Luther King* таңбаланады. Мұнда дау тудыратын *Лютер* – *Li'y'tercөзі*. *Luther* ағылшын тіліндегі транскрипциясы [lu:θə]. Қазақ тілі үшін **ю**-дың орнына *Лутер* – *Ly'ter* деп алған ыңғайлы.

VIII Генрих ағылшын тілінде *Henry VIII* деп жазылады, ал қазақ латынша графикада *VIII Genri'h* ретінде таңбаланады. Бізге ағылшын тіліндегі түпнұсқадай *Генри* – *Genri'* деп алған тиімді.

Орыс тіліне транслитерациялану арқылы енген **ј** әрпімен басталатын антропонимдерді орыс тіліндегідей **дж** деп алмай **ж –ј** деп алған жөн.

кирил әліпбиінде	ағылшын тілінде	жаңа әліпбиде	ұсыныс
------------------	-----------------	---------------	--------

Джозеф Смит	Joseph Smith	Djozef Smi't	Жозеф Смит Jozef Smi't
Стив Джобс	Steve Jobs	Sti'v Djobs	Стив Жобс Sti'vJobs
Джон Локк	John Locke	Djon Lokk	Жон Локк JonLokk
Джеймс Максвелл	James Maxwell	Djei'msMaksvell	Жеймс Максуел Jei'msMaksy'ell
Томас Джонстон Липтон	Thomas Johnstone Lipton	TomasDjonstonLi'pton	Томас Жонстон Липтон TomasJonstonLi'pton
Джорджо Армани	Giorgio Armani	DjordjoArmani'	Жоржо Армани Jorjo Armani'
Джанни Версаче	Gianny Versace	Djanni' Versac'e	Жанин Версач Janni' Versac'

Ағылшын тілінде апострофпен берілген есімді қазақ тілінде қалай таңбаланады деген мәселе дау тудырады. Мысалы, *Жанна д'Арк* есімінде апостроф бар, яғни, д әрпінен кейін е әрпінің түсіп қалғанын білдіріп тұр. Осыны латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде дәл осылай береміз бе? Бұл есім француз тілінде *Juana de Arco*, ағылшын тілінде *Joan of Arc*, қазақ латынша графикада *Janna d'Ark* ретінде таңбаланады, *d'* – француз тілінде текжасаушы *de* приставкасының қысқартылған түрі. Француз тілінен аударғанда, *Арктің Жаннасы* дегенді білдіреді. Ал *Джерард О'Нилл*ді қалай таңбалаймыз? Ағылшын тілінде *Gerard O'Neill* деп жазылады, ал *qazlatyn.kz* конвертер *Djerard O'Ni'll* деп таңбалап береді. Онда *O'Ni'll* латын графикасына негізделген әліпби бойынша *ӨНилл* болып оқылады. *Janna d'Ark*-ты қазақтың антропонимдік жүйесіндегі екі жүйелік мүше негізінде (тегі, аты) *Ark Janna* ретінде таңбалауға болады. Ал *Джерард О'Ниллді Жерерд Онилл* ретінде таңбаласақ, *O'Neill* кісі есімімен қатар бренд атауы да кездеседі. «Мұндай жағдайда бренд атауларын бастапқы нұсқасында қалдырамыз ба әлде өз тіліміздің графикасына телеміз бе?» деген мәселе туындайды.

Кісі аттары негізінде түрлі бренд атаулары пайда болған әлемдік брендтер бар. Оларды өз графикамызда таңбалағанда бастапқы түпнұсқалық визуалды бірегейлік сақталмай қалады.

кирил әліпбиінде	ағылшын тілінде	жаңа әліпбиде
Роберт Бош	Robert Bosch	RobertBos'
Гордон Мур	GordonMoore	GordonMy'r
Даниэль Сваровски	DanielSwarovski	Dani'elSvarovski'
Марк Цукерберг	Mark Zuckerberg	MarkSy'kerberg
Кристиан Диор	ChristianDior	Kri'ti'anDi'or
Джорджо Армани	GiorgioArmani	DjordjoArmani'
ДжанниВерсаче	GiannyVersace	Djanni' Versac'e
Соитиро Хонда	SoitiroHonda	Soi'ti'roHonda
Макс Фактор	MaxFactor	MaksFaktor
Энцо Феррари	Enzo Ferrari	EnsoFerrari'

Гуччио Гуччи	GuccioGucci	Gy'c'c'i'oGy'c'c'i'
Уильям Проктержәне Джеймс Гэмбл	WilliamProcter/JamesGamble	Y'i'li'amProkterja'neDjei'msGembl
Коко Шанель	Coco Chanel	KokoS'anel

Еліміздің қалаларындағы шетелдік бренд дүкендері, ағылшын графикасында таңбаланған түрлі ұйым, кәсіпорын атауларын латынға негізделген қазақ әліпбиінде таңбалаудың түрлі қиындықтары туындап отыр. Себебі әлемге ағылшын графикасында кең танымал брендтер қазақтың жаңа латын әліпбиіне транслитерациялау нәтижесінде бастапқы сыртқы бейнесінен алшақтап, апострофтанған күйге енеді. Шетелден енген бренд атауларының барлығы ағылшын сөздері арқылы жасалған. Ағылшын сөздерін қазақ латын графикасына транслитерациялағанда, апострофты дауысты дыбыстың түсіп қалғанын білдіретін ағылшын сөздеріне қазақ графикасындағы апострофтар «жабыса» кетеді. Мұндай жайт ағылшын сөздеріндегі **i, u, y, w, x** әріптері мен **oo, ea, ee, all** әріптікестерінде қазақ графикасындағы апострофтарды жинап алады.

Ағылшын тілінде **i** әрпімен келетін бренд, дүкен, ойын-сауық орталықтары атауы:

кирил графикасында таңбалануы	ағылшын тілінде таңбалануы	латын графикасында таңбалануы
City Center	Сити Центр	Si'ti' Sentr
City Plus	Сити Плюс	Si'ti' Pli'y's
Silk Way City	Силк Уей Сити	Si'lk Y'e'i' Si'ti'
Skif	Скиф	Ski'f
AsiaPark	Азия Парк	Azi'aPark
oodji	Оджи	Odji'
StarCinema	Стар Синема	StarSi'nema
Colibri	Колибри	Koli'bri'
Adidas	Адидас	Adi'das
Casio	Касио	Kasi'o
Microsoft	Майкрософт	Mai'krosoft
Mitsubishi	Митсубиши	Mi'tsy'bi's'i'
Mozilla	Мозила	Mozi'la
Nikon	Никон	Ni'kon
Nintendo	Нитендо	Ni'tendo
Nissan	Ниссан	Ni'ssan
Nokia	Нокиа	Noki'a
Nike	Найк	Nai'k
PeDeFrance	Ил де Франс	I'ldeFrans

Ағылшын тілінде **u** әрпімен келетін бренд, дүкен, ойын-сауық орталықтары атауы:

ағылшын тілінде таңбалануы	кирил графикасында таңбалануы	латын графикасында таңбалануы
----------------------------	-------------------------------	-------------------------------

Unitop	Юнитоп	I'y'ni'top
Baumarket	Баумаркет	Bay'market
Magnum cash & carry	Магнум кэш&кэрри	Magny'mkes' &kerri'
Nautilus	Наутилюс	Nay'ti'li'y's
Sulpak	Сулпак	Sy'lpak
ForumAlmaty	Форум Алматы	Fory'mAlmaty
Subaru	Субару	Sy'bary'
Suzuki	Сузуки	Sy'zy'ki'
UnionSpace	Юнион Спайс	I'y'ni'onSpai's
Uniflex	Юнифлекс	I'y'ni'fleks

Ағылшын тілінде у әрпімен келетін бренд, дүкен, ойын-сауық орталықтары атауы:

ағылшын тілінде таңбалануы	кирил графикасында таңбалануы	латын графикасында таңбалануы
Sony	Сони	Soni'
KeruenCity	KeruenCity	KeruenCity
LadyCollection	Леди Коллекшн	Ledi'Kolleks'n
Honeywell	Хонейуел	Honei'y'el
Hyundai	Хюндай	Hi'y'ndai'
ToryBurch	Тори Барч	Tori'Barc'
Royal	Роял	Roi'al
RoyalGardens	РоялГарденс	Roi'alGardens
HappyLife	Хаппи Лайф	Happi' Lai'f
Toyota	Тойота	Toi'ota

Ағылшын тілінде w әрпімен келетін бренд, дүкен, ойын-сауық орталықтары атауы:

ағылшын тілінде таңбалануы	кирил графикасында таңбалануы	латын графикасында таңбалануы
Life Town	Лайф Таун	Lai'fTay'n
WoolStreet	УолСтрит	Y'olStri't
Daewoo	Деуо	Dey'o
Honeywell	Хонейуел	Honei'y'el
Kawasaki	Кауасаки	Kay'asaki'
NewYorker	НьюЙоркер	Ni'y'I'orker
CalifornicationWomen	КалифорникейшнУомен	Kali'forni'kei's'nY'omen
LC Waikiki	ЭлСиУайкики	EISi' Y'ai'ki'ki'
WLENERGY	УЛЕНЕРЖИ	Y'LENERJI'

Ағылшын тілінде у әрпімен келетін бренд, дүкен, ойын-сауық орталықтары атауы:

ағылшын тілінде таңбалануы	кирил графикасында таңбалануы	латын графикасында таңбалануы
Deluxe	Делюкс	Deli'y'ks

Maxima	Максима	Maksi'ma
LuxuryOutlet	ЛюксариАутлет	Li'y'ksari' Ay'tlet
ExclusiveResidence	Экслюзив Резиденс	Ekskli'y'zi'vRezi'dens
MaximaResidence	Максима Резиденс	Maksi'maRezi'dens
LuxorWellnessClub	Люксор Уелнес Клуб	Li'y'ksorY'elnesKlab
FlexGym	Флекс Гим	FleksGi'm
MaxEnergy	Макс Енержи	MaksEnerji'
NextFit	НекстФит	NekstFi't
Maximus	Максимус	Maksi'my's

ағылшын тілінде таңбалануы	кирил графикасында таңбалануы	латын графикасында таңбалануы
Interfood	Интерфуд	I'nterfy'd
Google	Гугл	Gy'gl
Yahoo	Йахоу	I'ahoy'
Scooter	Скутер	Sky'ter
Monsoon	Мунсун	My'nsy'n
Ағылшын тілінде ea әріптіркесімен келетін атаулар		
Beautymania	Бютимания	Bi'y'ti'mani'a
ArmaniJeans	Армани Жинс	Armani' Ji'ns
Sears	Сиарс	Si'ars
RealSport	РиалСпорт	Ri'alSport
Ағылшын тілінде ee әріптіркесімен келетін атаулар		
Green	Грин	Gri'n
WoolStreet	УолСтрит	Y'olStri't
MissOlee	Мисс Оли	Mi'ssOli'
Seealt	Сиалт	Si'alt
Ағылшын тілінде all әріптіркесімен келетін атаулар		
Small	Смол	Smol
AportMall	Апорт Мол	AportMol
AstanaMall	Астана Мол	AstanaMol
AlmatyMall	Алматы Мол	AlmatyMol
AtakentMall	Атакент Мол	AtakentMol
Esentai Mall	Есентай Мол	Esentai' Mol

Бұдан басқа Алматыда [Thomi's Pastry](#) (Томидің нан өнімдері) деген дүкен бар. Бұл атауды қазақ латын графикасына транслитерациялағанда *Tomis Pastris* ретінде таңбаланады. Көріп тұрғандай, мұндай *Tomis*-дан бөлек ағылшын тілінде ілік септігінің 's қысқартылған түрі жазылған, яғни, ағылшын тілінде *Tomis is* болған жағдайда ілік септігінің басында тұрған дауысты дыбыс түсіріліп *Thomis* болып айталады, жазылады. Қазақ латын графикасында аталған атаудың ағылшын тіліндегі түпнұсқасынан бөлек, қазақ латын әліпбиіндегі апосторф бар, и әрпінің апострофы. Нәтижесінде ағылшын сөзі бірден екі апосторофқа «ие» болды. Ағылшын сөздеріндегі **i, u, y, w, x** әріптері мен **oo, ea, ee, all** әріптер кестерін қазақ графикасына транслитерациялағанда **i – i', u – y', y – i', w – y', x – ks** ауысады, ал мына

әріптікестер **oo**, **ea**, **ee**, **all** латынға негізделген қазақ әліпбиінде **oo – y'**, **ea – i'** (кейде **i'a**), **ee – i'**, **all – ol** болып таңбалаынады.

Қалада эргонимдік атаулардың бір компоненті ағылшын сөзі, екінші компоненті қазақ, орыс сөздерінен, немесе керісінше құралған атаулар кездеседі:

ағылшын тілінде таңбалуы	кирил графикасында таңбалуы	латын графикасында таңбалуы
MegaAstana	Мега Астана	MegaAstana
AbylaiKhanPlaza	Аыблай Хан Плаза	Ayblai' HanPlaza
KhanShatyr	Хан Шатыр	HanS'atyr
Bekmambetovcinema	Бекмамбетов синема	Bekmambetovsi'nema
HSBC Қазақстанбанкі	ЭчЭсБиСИ Қазақстан банкі	Ec'EsBi'SI' Qazaqstanbanki
AbayResidence	Абай резиденс	Abai' rezi'dens
AdalResidence	Адалрезиденс	Adalrezi'dens
ArtvilleАлмарасан	АртвайлАлмарасан	Artvai'llAlmarasan
BaganashilSevenStars	Бәйтерекрезиденс	Ba'i'terekrezi'dens
BayterekResidence	СентралЕсентайрезиденс	SentralEsentai' rezi'dens
DostykResidence	Достыкрезиденс	Dostygrezi'dens
KaplanHouse	Қапланхаус	Ko'kto'besi'ti'
KoktobeCity	Көктөбе сити	Qaplanhay's
ArcelorMittalТеміртау	АрселорМитал Теміртау	ArselorMi'talTemirtay'
BilimMediaGroup	Білім Медия Груп	BilimMedi'aGry'p
AirAstana	Эйр Астана	Ei'rAstana
AirKazakhstan	Эйр Қазақстан	Ei'rQazaqstan
BekAir	Бек Эйр	BekEi'r
KazakhstanAirlines	Қазақстан Эйрлайнс	QazaqstanEi'rlai'ns

Қаладағы бренд атаулары қазақ графикасын транслитерациялағанда құрамында **i**, **u**, **y**, **w**, **x** әріптері мен **oo**, **ea**, **ee**, **all** әріптікестері кездесетін ағылшын сөздері қазақ графикасында міндетті түрде апостроф жазылады. Бұл бренд атауларының бастапқы түрінен алшақтатып, бейнелік бірегейлігін бұзады. Қазіргі таңда ағылшын графикасындағы бренд атаулары Интернет ресурстағы сайттардың адресі ағылшын графикасында таңбалаынады. Ал апострофтанған атауларды сайт адресі ретінде қалай таңбалау мәселесі әлі күнге дейін шешімін таппады. Себебі апострофы бар сөздерді атау ретінде интернет тілі қабылдамайды. Бұл мәселенің қазақ сөздеріне де қатысы бар. Мысалы, *//...univer.kz* деп таңбалаынанған адрес арқылы сайтқа кіре аласың. Ал латынға көшу барысында мысалыға алынған сайт атауы *//...y'ni'ver.kz* болып өзгеруі тиіс. Қазақстандағы сайт атаулары қазақ графикасына көше ме әлде ағылшын тіліндегі аудармасына сәйкес жазылады ма деген сұрақ туындайды. Егер қазақ тіліндегі сайт атаулары латынға көшкен соң, жаңа әліпби негізінде жазылатын болса, графикаға апострофтардың енуі нәтижесінде «әлемдегі қазақтарды жақындастырамыз» деген сөзге жанаспай кетеді. Себебі сайт атауларындағы апострофтарды латын графикасында қазақ тілін білетіндерге ғана түсінікті болады да, ал қалған латын графикасын білетін өзге тілдің иелмендері апострофтанған сөздерді бәрібір түсінбейді. Өйткені ағылшын

тілі иелмендерінде апостроф қазақ графикасындағыдай әріптің қызметін емес, мүлдем басқа қызмет атқарады, дауысты дыбыстың түсіп қалуын білдіретін таңба ретінде қызмет атқарады, әліпбиге мүлдем қатысы жоқ таңба. Осы тұрғыдан келгенде апостроф қазақ графикасы үшін тиімсіз.

Әдебиет:

1. Аманжолов С. Тіл және жазу. - Өскемен, 2005. – 404 б.

ЗАМАНАУИ КОНТЕКСТЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бағы жанбаған бір дыбыс

Жүнісбек Ә.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

Аңдатпа: Мақалада латын жазуына негізделген қазақ әліпбиіне көшуде қазақ тіліндегі дауыссыз у дыбысының таңбалану мәселесі сөз етіледі.

Түйін сөздер: дауыссыз дыбыс, әліпби реформасы, төл әріп, емле-ереже.

Summary: This article deals with the fact that the transition to the Kazakh alphabet, based on the Latin script, implies the imprinting of the letter *y(w)* in the Kazakh language.

Key words: acoustic sound, alphabet reform, abbreviated letter, spelling.

Біз қазіргі кезде қазақтың өзіне «қазақтың бар дыбысын бар деп, жоқ дыбысын жоқ» деп сендіре алмайтын кезеңде тұрмыз. Ғасырға жуық біріне-бірі жалғасқан әліпби ауыстыру мен орынды-орынсыз емле құрастыру осындай жайға алып келді. Оп-оңай көрінген қазақ тілінің дыбыс құрамын түгендей алмай әлек болып жатқанымыз да сондықтан. Кез келген қазақтан (ересек болсын, бала болсын) «қазақ тілінде қанша дыбыс бар?» деп сұрасаң, бәрінің берер жауабы біреу-ақ: «42 дыбыс бар», – дейді. Бұл – әрине, олардың кінәсі емес, мектептен бастап жоғары оқу орнын бітіргенге дейін, тіптен өмір бойы, «42» деп тоқпақтай берсе, кім де болса соған ұйып қалады. Ұйып қалғандардың арасында, өкінішке орай, қазақ тілі пәнінің мұғалім-оқытушылары мен қазақ тілі оқулығының авторлары барын қайтерсің?! Олар да «қырық екі» демесе де соған жете жығылып жатады.


Қазақ тілінің дыбыс құрамын анықтау сонау ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталған болатын. Сол дәуірдің өкілі – В. Радлов 31 дыбысты атайды, оның құрамындағы бір дыбысты арнайы у таңбасымен белгілейді және ол дыбыстың ағылшын тіліндегі w дыбысымен ұқсас екенін атап, «жартылай дауысты» деп көрсетеді [1]. «Жартылай» деп отырғанының мәні бар: дыбыс жасалым/естілімі жағынан дауыстыға жақын. Келесі кезеңде, ХХ ғасырдың басы, А. Байтұрсынұлы: «Қазақ тілінде 29 дыбыс бар», – деп көрсетеді. Ахаң анықтаған құрамда да «жартылай дауысты» кездеседі [2]. Сол «жартылай дауысты» қазақ тілінің алғашқы латын әліпбиінде (1929-39) *v* таңбасымен белгіленіп келді [3]. Бертін келе дауыссыз мәртебесі ескеріліп, ұу/уу тіркестерінің құрамында 1957 жылға дейін у түрінде дербес жазылып келді [4]. Ал академик І. Кеңесбаев бастаған зерттеушілер 43 дыбысқа тоқтады, 43 болып тұрған себебі у таңбасы дауыстының құрамында бір рет, дауыссыздың құрамында тағы бір рет кездеседі [5]. Ал 1957 жылы «қызыл саясат» қазақ әліпбиі мен оның емле-ережесіне де жетті. Сөйтіп, қазақтың

төл сөздерінің жазылымына орыс тілінің у дыбыс/таңбасы ендірілді. Сонымен кірме у таңбасы қазақтың төл дауысты дыбыстарының құрамына «дауысты» болып қосыла кетті. Кез келген ғылыми-теориялық еңбек немесе оқулық бетін ашыңыз, оқу құралының немесе әртекті мақаланың бетін ашыңыз: алдыңыздан дауысты у шыға келеді. «Сасқан үйректің» кебін киіп, «дауыссыздан кейін дауысты болады, дауыстыдан кейін дауыссыз болады» деп амалдап келе жатырмыз. Қазақ тілінде дауысты барлық уақытта дауысты болатыны, дауыссыз барлық уақытта дауыссыз болатыны санамызға жетпей қойды.

Осы саяси әліпби реформасының жемісін енді «теріп-жеп» отырмыз. Қазіргі ұрпақты қазақ тілінде дауысты у дыбысы жоқ деп сендіре алмай отырғанамыз сондықтан.

Соңғы жылдары жарық көрген академиялық еңбектерде у таңбасымен белгіленіп жүрген дыбыстың ақиқат мазмұны анықталып берілді [6]: «У (w) дауыссыз дыбысы қос ерін арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *ерін-ерінді* дауыссыз дыбыс болып табылады. У дауыссыз дыбысы қос (астыңғы және үстіңгі) еріннің жуысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай *жуысыңқы* дауыссыз дыбыс болып табылады. У дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни, мол қатысады. Дауыс қатысына қарай *үнді* (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады.

Жасалым белгілері: *ерін-ерінді, жуысыңқы, үнді* дауыссыз дыбыс». Дауыссыздың ақиқат анықтамасы – осы. Оның қазақ тілі дауыссыздарының пішіндемесінде (моделінде) өзінің орны бар.



Пішіндемеден көрініп тұрғандай, у(w) дауыссыз дыбысы құрылымның (модельдің) бір бұрышын ұстап тұр. Егер у(w) дауыссыз дыбысы жоғалатын болса, онда пішіндеме (модель) түгел қаусап түседі. Бұл – тіл дыбыстарының құрамынан бір дыбыс жоғалса бүкіл жүйесі (системасы)

бұзылады немесе бір бөгде дыбыс енетін болса, тілдің дыбыс жүйесі (системасы) түгелдей бүлінеді деген сөз.

Алайда академиялық еңбектердің нәтижесі әзірге оқулықтар мен оқу-құралдарына жетпей жатыр. Сондықтан да, көпшілікті шатастырмас үшін у таңбасының іргесіне **w** таңбасын қосақтап **y(w)** деп көрсетіп отыруға мәжбүрміз.

Сонымен, бұл өзі неғылған дыбыс болып шықты? Оның академиялық мазмұны:

Анықтамасы: ерін-еріндік жуысыңқы үнді

Мәртебесі: жүйекұрауыш

Қызметі: тұйық рай көрсеткіші

Тіркесімі: тек дауыстыдан кейін келеді

Шеп орналасымы: сөз басында кездеспейді

Жиілігі: жиі кездеседі.

Ұқсастығы: Орыс, араб тілдерінде жоқ, ағылшын тілінде бар.

Тағы да ғылыми негізге жүгінетін болсақ, халықаралық фонетикалық әліпби (ХФӘ немесе МФА – международный фонетический алфавит) үлгісі бойынша, бұл дауыссыз дыбыстың таңбасы **w** болуға тиіс. Бұдан әрі қарай осы таңбаны тұрақты пайдаланатын боламыз.

Енді неге «шала дауысты» немесе бірде дауысты, бірде дауыссыз болып жүргеніне тоқталайық. Өйткені: бірінші, оның жасалымы (артикуляциясы) дауыстыға ұқсайды, себебі ауыз қуысында кедергі жоқ; екінші, оның тілдегі қызметі дауыссызға ұқсайды, себебі буын құрай алмайды. Тіл жүйесінде оның екінші қызметі басым болып есептеледі, сондықтан да ол дауыссыз дыбыс болып саналады.

Дауыссыз **w** дыбысын жоғалтып жүргеніміздің тағы бір себебі «жалған естілім» болып табылады. Қазақ тілінде сөз басында кездеспейтін бес дауыссыз дыбыстың бірі – осы **w**. Ендеше, дыбыс атауына, өзге дыбыстардай **бы, ды** болып дауысты соңынан қосылмай, дауысты алдынан қосылып, **ұу (уұ емес)** түрінде айтылады. Сондықтан **ұу** тіркесінің айтылымы орыс тілінің **у** дауысты дыбысының естілімін еске түсіреді. Қазақ тілі мамандарын да, өзге зерттеушілерді де шатастырып жүрген осы жайт. Бүлдіршіндер мен бірінші сынып оқушыларына арналған оқу-құралдарынан бастап *уық, уыс* т.б. «сөздер **у** дауысты дыбысынан басталады» деп үйретіп келеміз. Орыстағы **у** таңбасының машақаты бір мұнымен бітіп жатқан жоқ. Сөздіктер тізбегіндегі **ұ, ү** әріптерінің құрамында тұратын ондаған-жүздеген сөздер «адасып» **у** әрпінің соңында жүр. Әзірге тек сөз басындағы буынға қатысты «адасуларды» ғана көріп отырмыз. Ішкі әліпби тізбегіне қатысты «адасуларды» компьютер бағдарламасының көмегі болмаса, көзбен көріп, қолмен түгендеу мүмкін емес,

Ал неге қазақ тілінің төл дауыссыз дыбысы осы бір төркіні бөлек **у** таңбасына байланып қалды? Өйткені орыс тілінде мұндай дыбыс жоқ, сондықтан кирил құрамында оны белгілейтін арнайы таңба да жоқ. Бірақ «жалған естілімге» себеп болып жүрген дауысты дыбысының **у** таңбасы бар.

Осы әріп оп-оңай қазақ әліпбиіне көшіп, **w** дауыссызының таңбасына айналып кетті. Сөйтіп, қазақ орфографиясының құрамында әбден орнығып алды. Ендігі жерде кирилдің **y** таңбасы мен дыбысынан құтылу оңай болмай, тіптен, мүмкін болмай отыр.

Жүрген жеріміздің бәрінде «әліпби сауатымызды ашып алудан бастайық» дегенді босқа айтып жүрген жоқпыз. Және «әліпби сауатты» алдымен оқулық авторлары мен әдістеме иелері бастау керек. Ал бастауыш сыныптан бастау алса, жас ұрпақ өсе келе, бүгінгідей «олай емес, бұлай емес» деп арпалысқан ересектердің «әліпби» дертіне ұшырамайтын болады.

Тіліміздегі **w** дауыссызының ақиқатына көз жеткізу үшін бір-біріне орайлас тіркестерді пайдалануға болады. Мысалы: **ay** [aw] тіркесінің екі дыбыстан құралатынына ешкімнің шүбәсі жоқ, ал дәл сол үлгідегі екі дыбыстан құралған **yu** [uw] тіркесінің дыбыс құрамын бір **y** дыбысына айналдырып жіберіп отырмыз. Сонда бізге жетпей тұрғаны – оқу-әдістемелік дайындық пен психологиялық шеберлік. Алғашқы **ay** тіркесінің бірінші сыңары ашық дауысты **a** айқын естіледі де екінші сыңары **w** дауыссызынан оңай ажыратылады. Ал екінші **yu** тіркесінің бірінші сыңары еріндік қысаң **y** мен тағы еріндік **w** дауыссызының артикуляциясы өзара тығыз кірігіп кетеді. Сөйтіп, орыс тілінің **y** дауыстысы тәрізді естілім әсер қалдырады. Орыс тілінің **y** дыбысы нығыз айтылады, ал қазақы тіркес босаң айтылады. Дегенмен тіркестің екі сыңарын ажырата алмай жатқанымыз мектептен бастап-ақ қазақы түйсінімнен айрылып қалғанымыздан (немесе айырыла жаздағанымыздан) болып отыр.

Анық тіркестер:	ay	тау	асау	айау	ойау	тауыс
Көмескі тіркестер:	yu	тyu	ысyu үсyu	айyu	үйyu үйyu	тyuыс

Егер **w** дауыссыз дыбысының жазылым емле-ережесі дұрыс құрастырылса, онда сөздің үндесім әуезі, морфем және буын құрамы, тасымал реті мен сөйлем ырғағы бұзылмайтын болады.

Жуан әуезді сөздер құрамында:

-жуан әуезді қысаң **Y** [u] мен үнді жуысыңқы **Y** [w] дауыссызының тіркесі **YU** [uw] болып жазылады;

-сөз басында [w] кездеспейді, сондықтан сөз **y** [u] дауыстысынан басталады: *y* (yu) [uw], *уық* (y-уық) [u-wuq], *уыс* (y-уыс) [u-wus], *уақыт* (y-уақыт), [u-wa-qıt];

-сөз ортасында: *туыс* (тy-уыс) [tu-wus], *суық* (cҫy-уық) [su-wuq], *жуан* (жy-уан) [ju-wan], *шаруа* (ша-рy-уа) [ʃa-ru-wa], *оқушы* (o-қyу-шы) [o-quw-ʃɪ];

-сөз соңында: *ту* (тyу) [tuw], *су* (cҫy) [suw], *бу* (бyу) [biw], *алу* (a-лyу) [a-luw], *толу* (то-лyу) [to-luw], *оқу* (o-қyу) [o-quw], *қару* (қа-рyу) [qa-ruw];

Жіңішке әуезді сөздер құрамында:

-жіңшке әуезді қысаң **Ү [ü]** мен үнді (жуысыңқы) **У [w]** дауыссызының тіркесі **ҮУ [üw]** болып жазылады:

-сөз басында **[w]** кездеспейді, сондықтан сөз **ү [ü]** дауыстысынан басталады: *үйл (ү-үйл) [ü-wül], уәде (ү-уә-де) [ü-wә-de], ү-уәж (ү-уәж) [ü-wәj], уәли (ү-уә-лий) [ü-wә-liy], уәзір (ү-уә-зір) [ü-wә-zir];*

-сөз ортасында: *сурет (сүү-рет) [süw-ret], келуші (ке-ліу-ші) [ke-lüw-ši], сенумен (се-нүү-мен) [se-nüw-men], секіруге (се-кі-рүү-ге) [se-ki-rüw-ge], келуі (ке-лү-уі) [ke-lü-wi];*

-сөз соңында: *елу (е-лүү) [e-lüw], білу (бі-лүү) [bi-lüw], ескеру (ес-ке-рүү) [es-ke-rüw], кешіру (ке-ші-рүү) [ke-ši-rüw].*

Ендеше, латын әліпбиіне қазіргі кирил орфографиямыздың үлгісімен өтуге болмайды. Онда кирилдегі тілбұзар ережелерімізді сол күйінде қайталаған болып шығамыз. Сондықтан алдымен қазақ мәтініне «әліпби транскрипция» жасап алуымыз керек. Сонан соң барып қазақ тілінің төл дыбыстарын латын әліпбиіне көшіреміз. Осындай реформаның нәтижесінде қазақ тілінің:

-төл дыбыс құрамы кірме таңбаларсыз таза анықталады;

-төл дыбыс құрылымы (жүйесі) сақталады;

-морфем құрамы бұзылмайды;

-буын тұрқы жаңсақ жіктелмейді;

-тасымал реті сетінемейді;

-сөйлем ырғағы сақталады.

Латын әліпбиіне өту үстіндегі жазу реформасының басты нәтижесі осы болмақ.

Өкінішке орай, бұл дыбыстың ақиқат **[w]** таңбасына латын негізіндегі жаңа апостроф әліпбиімізден де орын табылмады, қайтадан сол орыс тілінің созылыңқы **у [u:]** дыбысының **у'** деген таңбасының кебін киіп қалды. Енді қашан және қай ұрпақ оны осы бір шала жансар әліпби тамұғынан аршып ала алар екен, әлде біздің көз алдымызда өшіп құрдымға кете береді ме? Келер ұрпаққа аманат етіп қалдыруға да дәрменіміздің жетпегені ғой.

Қосымша: Апостроф мәтін үлгісі (ерін үндестігінің қазіргі емлесі сақталды)

Жуан әуезді сөздер құрамында:

-жуан әуезді қысаң **Ү [u]** мен үнді жуысыңқы **У [y']** дауыссызының тіркесі **ҮУ [uy']** болып жазылады;

-сөз басында **[y']** кездеспейді, сондықтан сөз **ү [u]** дауыстысынан басталады: *у (ұу) [uy'], уық (ұ-уық) [u-y'uyq], уыс (ұ-уыс) [u-y'ys], уақыт (ұ-уа-қыт) [u-y'a-qty];*

-сөз ортасында: *туыс (тұ-уыс) [tu-y'ys], суық (сұ-уық) [su-y'uyq], жуан (жұ-уан) [ju-y'an], шаруа (ша-рұ-уа) [s'a-ru-y'a], оқушы (о-құу-шы) [o-qui-y'-s'y];*

-сөз соңында: *ту (тұу) [tuy'], су (сұу) [suy'], бу (бұу) [buy'], алу (а-лұу) [a-luy'], толу (то-лұу) [to-luy'], оқу (о-құу) [o-quiuy'], қару (қа-рұу) [qa-ruuy'];*

Жіңішке әуезді сөздер құрамында:

-жіңішке әуезді қысаң **Ү [u']** мен үнді (жуысыңқы) **У [y']** дауыссызының тіркесі **ҮУ [u'y']** болып жазылады::

-сөз басында **[y']** кездеспейді, сондықтан сөз **ү [u']** дауыстысынан басталады: *уіл (ү-уіл) [u'-y'il]*, *уәде (ү-уә-де) [u'-y'a'-de]*, *ү-уәж (ү-уәж) [u'-y'a'j]*, *уәли (ү-уә-лий) [u'-y'a'-lii']*, *уәзір (ү-уә-зір) [u'-ya'-zir]*;

-сөз ортасында: *сурет (сүу-рет) [su'y'-ret]*, *келуші (ке-ліу-ші) [ke-lu'y'-s'i]*, *сенумен (се-нүү-мен) [se-nu'y'-men]*, *секіруге (се-кі-рүү-ге) [se-ki-ru'y'-ge]*, *келуі (ке-лү-уі) [ke-lu'-y'i]*;

-сөз соңында: *елу (е-лүү) [e-lu'y']*, *білу (бі-лүү) [bi-lu'y']*, *ескеру (ес-ке-рүү) [es-ke-ru'y']*, *кешіру (ке-ші-рүү) [ke-s'i-ru'y']*.

Апостроф әліпбиіміз үшін де осы емле-ереженің ұсынылғаны жөн болады.

Қазақ тіліндегі зат есімдер сипатының қос қабатты белгілері⁷

Жаң Диңжиң

Орталық Ұлттар университеті Қазақ тіл-әдебиеті факультеті,
Қытай Халық Республикасы, Бейжің

Аңдатпа: Мақалада қазақ тіліндегі зат есім типті сөздердің (қысқаша – зат есім) сипаты мен белгілері сөз етіледі. Қазақ тілі – морфологиясы дамыған, соған байланысты синтаксистық құрылымы қатаңдығымен ерекшеліктін жалғамалы тіл. Атап айтар болсақ, айрықша бейнелену ерекшеліктерінің бірі – «зат есім. етістік» құрылымындағы зат есімнің сипатында қос қабатты белгінің болуы. Аталған белгінің бір қабаты – зат есімнің бойындағы септік жалғаулары немесе септеулік шылаулар болса, енді бір қабаты – етістіктің бойындағы етіс қосымшалары. Екі топтағы белгілердің жіктері мен қызметтерінің көлемі ұқсамайды. Септік жалғаулары мен септеулік шылаулар сөз бен етістік арасындағы синтаксистік құрылым байланысының сипатын айқындайды, етістіктің етіс қосымшалары болса, дәл осы алғышарт астында қызмет өтейді де, негізінен бастауыш зат есімге сәйкес іс-қимылдың ұқсамаған әрекеттердегі сипатын түсіндіреді.

Түйін сөздер: Қазақ тілі, грамматика, зат есім, белгі, септік, етіс

Summary: As an agglutinative language, Kazak has rather well-knit syntactic structure, one of which's prominent characteristics is that every noun in «noun+verb» structure has double marks for its identity, one mark is case suffix or postpositions which belongs to noun, the other one is voice suffix which located on verb. The two kinds of marks is in different levels and functions. Case suffix and postpositions indicate relations of basic syntactic structures such as subject-predicate structure, object-verb structure and adverbial-verb structure, and corresponding identity of nouns in the structures, while voice suffix function on the basis of case suffix and postpositions, mainly showing different characters of subjective noun for related activities expressed by verbs

Key words: Kazak language, grammar, noun, mark, case, voice

⁷ Ханзу тілінен қазақ тіліне аударған – А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Грамматика бөлімінің ғылыми қызметкері Ахмет Әділет.

«Зат есімнің сипаты» дегеніміз – «зат есім, етістік» құрылымындағы тікелей құрамдас бөлегі болатын зат есімдерге сәйкес келген етістік типті сөздердің (қысқаша – етістік) сипатын меңзейді. Қазақ тілінде зат есімнің сипаты – зат есімнің бастауыш, толықтауыш, пысықтауыш қатарлы құрылымдық байланыс сипатына, сондай-ақ зат есімдерге сәйкес келген етістіктер жөнінен алғанда, зат есімнің әрекеттегі сипатына (мысалы: бастауышта іс-қимылды орындау мен орындалуы ұқсамастық бар) қатысты болады. Бұл сипаттық байланыстардың қазақ тілінде негізінен тұрақтанған ерекше формалық белгілері бар.

Түркі тілдеріндегі маңызды өкілдік тіл саналатын қазақ тілінің жалпы құрылымындағы ерекшеліктеріне назар салар болсақ, дыбыстық жақтан (фонема), біршама қатаң үйлесімділігі; сөздердің тіркесу үлгісі жағынан, «S-O-V» типінде болуы; грамматикалық жақтан, «синтеттика-аналитикалық» типте болуы; формалық белгісі тұрғысынан қарағанда, синтаксистік құрылымы қатаң (шымыр), сондай-ақ осы қатаңдық синтаксистік құрылымның шегарасында айқындалып, зат есімге сәйкес келген етістіктің сипатында қос қабатты белгінің болуынан, синтаксистік құрамдар мен сөз таптарының сәйкесімділігі біркелкілігінен, синтаксистік құрылымның айналу механизмі тығыз болуынан көрінеді. Зат есімнің сипатында қос қабатты белгінің болуы оның маңызды белгілерінің бірі болып табылады.

Синтаксистік құрылымдағы зат есімнің сипаты мен белгісі

Екі нақты сөз бірігіп, бір синтаксистік құрылымды құрағаннан кейін әрқайсысының тұрақтанған белгілі сипат болады әрі олардың арасында сәйкесімді байланыс орнайды. «Сипат» пен «байланыс» – іс жүзінде бір нәрсені ұқсамаған тұрғыдан бақылаудан туған нәтиже, жалпы жақтан құрылымына, сонымен бірге екі жағына қарап, екеуінің арасындағы байланысты білуге болады. Сол екі жақтың біреуін қарағанда, осы жақ екінші жақтың сипаты болады; сипат пен байланыс екеуі бір-бірінің өмір сүруінің алғышарты. **Асан** (адам аты), **кітап** екі сөзін алайық. Бұл екі сөз қосылып «**Асанның кітабы**» деген құрылымды құрайды. Асанның сипаты – иеленуші, кітаптың сипаты – иеленілуші. Ол екеуінің арасында меншіктік матасу байланыс болады. Осы екі тікелей құрамның сипаттары арасындағы байланыстың қазақ тілінде анық грамматикалық формалық белгісі бар. Яғни, «(А)-ның (В)сы» («-ның» ілік септігінің жалғауы, «-сы» тәуелдік жалғауы). Осы үлгіге енетін қандай бір екі зат есімде (А, В) иеленуші және иеленілушілік сипат болады. Әрі олардың арасында иелік типіндегі матасу құрылымдындағы байланыс орнайды.

Зат есім мен етістіктен құралған құрылымда тілдегі ең басты синтаксистік құрылым, қазақ тілінде қиысу, меңгеру, жанасу қатарлы құрылымдық байланыстарға қатысты болады. Зат есім мен етістіктің арасында сипат та, байланыс та ұқсас болмаған соң ұқсамаған құрылым келіп шығады. Осы сипат, байланыстардың қазақ тілінде тұрақты грамматикалық формасының белгілері бар (көбінесе, морфологиялық белгілер). Мысалы: «Қасен» және «бер» сөзін алайық. Мұнда да жоғарыдағыдай «Қасен»

алдында, «бер» соңында келеді де төмендегідей бірнеше түрлі синтаксистік құрылым құрастыруға болады:

- 1) Қасен-**Ø бер Ø** (қиысу, Қасен – істі орындаушы)
- 2) Қасен-*ге бер Ø* матасу, Қасен іске қатысушы)
- 3) Қасен-*ді бер Ø* (меңгеру, Қасен – орындалушы)
- 4) Қасен бер-*іл* (қиысу, Қасен – орындалушы)
- 5) Қасен бер-*гіз* (қиысу, Қасен – аралықтағы орындаушы)

Жоғарыдағы бес құрылымда бірдей қолданылған «Қасен» деген зат есім және «бер» деген етістіктің сипаттары ұқсамайды. **Грамматикалық құрылымның байланысы жағынан қарағанда**, Қасен 1, 4, 5-сөйлемдерде баяндалушы, бастауыш, грамматикалық формасының белгісі – соңынан жалғанған нөлдік формадағы атау септік жалғауы – Ø; ал 2-сөйлемде Қасен – баяндалушы емес, іс-қимылдың орындалу бағыты болып, пысықтауыштық қызмет атқарып тұр. Грамматикалық формасының белгісі – соңына жалғанған барыс септігінің жалғауы *-ге*. 3) Қасен толықтауыш, грамматикалық формасының белгісі – соңына жалғанған қосымша табыс септігінің жалғауы *-ді*. **Әрекеттегі сипаттық байланысы жағынан қарайтын болсақ**, 1 және 5-сөйлемде Қасен – іс-қимылдың иесі (субъект), жүргізушісі, бірақ 1-сөйлемдегі Қасен – тікелей жүргізуші, формалық белгісі – етістіктің өздік етіс қосымшасы Ø, 5-сөйлемдегі – Қасен аралық (жанама) жүргізуші, орындалатын істің нұсқаушысы, формалық белгісі – етістіктің өзгелік етіс қосымшасы *-гіз*. 2-мысалда Қасен – іс-қимылға қатысушы, іс-қимыл орындалу барысындағы қатысты бір тарап (жақ), формалық белгісі – барыс септігінің жалғауы *-ге*. 3-мысалда Қасен – нысан, формалық белгісі – табыс септік жалғауы – *ді*. Ал 4-мысалда Қасен – бастауыштың орындалушысы, бастауыш сипаты соңынан жалғанған нөлдік формадағы атау септігі Ø-мен бейнеленген, сондай-ақ мұнда орындалушы сипат етістіктің бойындағы ырықсыз етіс қосымшасының жалғануы арқылы айқындалып тұр.

Жоғарыдағы жағдайлардан мынаны байқауға болады: қазақ тілінде тікелей құрамдас бөлек болатын зат есім мен етістік арасындағы сипат байланысы екі түрлі. Бірі – синтаксистік құрылым түріндегі байланыс, енді бірі – қимыл кейіпкері түріндегі байланыс. Белгілері де ұқсамайды. Бір бөлім белгілер зат есімнің бойында, бір бөлімі етістіктің бойында болады.

Зат есімнің бойындағы сипаттың белгісі. Қазақ тілінде «зат есім. етістік» құрылымындағы зат есімнің құрылымдық байланыс сипатының белгісі екі түрлі: бірі – септік жалғаулары, екіншісі – септеулік шылаулар. Олар жеке-жеке синтетикалық форма және аналитикалық формаға жатады. Бұл – қазақ тілінде «синтетикалық-аналитикалық» тілдік құрылым типіндегі ерекшеліктің бейнеленуі.

Септік белгі. Зат есімнің септігі – зат есім мен басқа сөздердің (негізінен етістіктің) арасындағы құрылымдық байланыс. Септік жалғау – осы байланыстың морфологиялық белгісі. Қазақ тілінде бүгінгі таңда

біршама тұрақтанған 8 септікті (Жаң Диңжиң «Қазақ тіліндегі зат есімнің сегізінші септігі // Орталық Ұлттар университеті ғылыми журналы. - 2005. - №4. - 109-114-б.)зат есімнің құрылымдық сипатының белгісі ретінде қарастыруға болады. Бұлардың ішінде ілік септігі зат есім мен зат есім аралығындағы құрылымның сипаттық байланысын бейнелеуінен сырт, басқа 7 септік зат есімге сәйкес етістіктің құрылымдық байланыстың сипаттық белгісі саналады.

Мысалы: Қасен – Ø алды.

- 6) Қасен-*ді* алды.
- 7) Қасен-*ге* алды.
- 8) Қасен-*нен* алды.
- 9) Бейжиң-*де* алды.
- 10) Доллар-*мен* алды.
- 11) Қасен-*дей* алды.

Жеті мысалда баяндауыштардың бәрі бірдей (*алды*). Оның алдындағы зат есімдердің сипаттары ұқсамайды. 6-мысалда бастауыш, 7-мысалда толықтауыш, басқа бес мысалда пысықтауыш (ұқсамаған пысықтауыштар). 6-мысалда Қасен – орындалатын іс-қимыл «-ал»-дың баяндайтын бөлімі әрі бастауыш, сипаттық белгісі – нөлдік формадағы атау септік Ø. 7-мысалда Қасен – іс-қимылдың объекті, толықтауыш, сипаттық белгісі табыс септік жалғауы *-ді*. 8-мысалда Қасен – іс-қимыл мақсатындағы кенелуші өзі пысықтауыш, сипаттық белгісі – соңынан жалғанған барыс жалғауы *-ге*. 9-мысалда Қасен – іс-қимылдың қайнары, яғни, алынатын заттың сол адмнан шығатынын білдіреді. Оның сипаттық белгісі – көмектес септік жалғауы *-нен*. 10-мысалда *Бейжиң* деген зат есім – іс-қимылдың болған орны, пысықтауыш, сипаттық белгісі – соңындағы шығыс септік жалғауы *-нен*. 11-мысалда *доллар* деген зат есім іс-қимылдың орындалуындағы көмекші, сипаттық белгісі – көмектес септік жалғауы *-мен*. 12-мысалда Қасен – іс-қимыл орындалуындағы тәсілдің үлгісі (теңеу), пысықтауыш. Сипаттық белгісі – соңынан жалғанған салыстырмалы септік жалғауы *-дей*.

Септеулік шылау белгісі. Қазақ тіліндегі септеулік шылаулар (сөйлем соңында келетін сөздер. Қытай, ағылшын тілдеріндегі шылаулар мен сөз алдынан келетін жалғаулар) мен септік жалғауларының қызметтері бүкілдей ұқсас. Екеуінің де айқындап отырғаны – зат есім мен басқа сөздер арасындағы құрылымдық байланыс. Сондықтан зат есімге сәйкес келген етістіктің құрылымдық байланысының сипаттық белгісі деуге де болады.

- 13) Қасен (*Ø*) алды.
- 14) Қасен *үшін* алды.
- 15) Қасен *арқылы* алды.
- 16) Қасен *ретінде* алды.
- 17) Қасен*нің* *арқасында* алды.
- 18) Қасен*ге* *дейін* алды.
- 19) Қасен*нің* *атынан* алды.
- 20) Қасен*нің* *орнына* алды.

21) Қасен *сияқты* алды.

13-мысалда арнаулы септеулік шылаулар қолданылмағандықтан, нөлдік формадағы септеулік шылау деп түсінеміз. Ол нөлдік формадағы атау септікпен мағыналас. *Қасен*-нің сипаты баяндаушының нысаны екенін білдіреді әрі бұл жерде бастауыш болып тұр. 14-мысалда Қасен – іс-қимыл «ал»-дың кенелушісі, біріккенде пысықтауыш болады. Сипаттық белгісі – «үшін» септеулігі. 15-мысалда Қасен іс-қимыл «ал»-дың орындалу сатысы саналады да бірігіп пысықтауыш болады. Сипаттық белгісі – «арқылы» септеулігі. 16-мысалда Қасен – іс-қимыл «ал»-дың (нысанның) орнына қолданылатын тұлға, біріккенде пысықтауыш болады. Сипаттық белгісі – «ретінде» септеулігі. 17-мысалда Қасен – іс-қимыл «ал»-дың сүйенер негізі, бірігіп пысықтауыш болады, сипаттық белгісі – **-нің** «арқасында». 18-мысалда Қасен – іс-қимыл «ал»-дың тоқтаған шегі, бірігіп пысықтауыш болады, сипаттық белгісі – **-ге** «дейін». 19-мысалда Қасен – іс-қимыл «ал»-ды орындалу кезіндегі өз атынан атқаратын басты тұлға, бірігіп пысықтауыш болады, сипаттық белгісі **-нің** «атынан».

Қазіргі қазақ тіліндегі 50-ден астам септеулік шылаудың (Қазақ тіліндегі септеулік шылаулардың саны туралы Жаң Динжиннің «Қазақ тіліндегі шылаулар» атты мақаласына қараңыз. - Бейжиң, Ұлттар баспасы, 2003. - 70-71-б.)ішінде «сынды» (салыстырмалы септеулік шылау, ілгерінді-кейінді келген екі сөз өзара бір-бірін айқындайды. Яғни, бір заттың екі түрлі айтылу тәсілі), басқасының бәрі зат есімге сәйкес келген етістіктің сипаттық белгісі болады. Мұндай сипаттық белгілердің қолданылу көлемі септік белгіден кеңірек болуы мүмкін. Септік белгі мен септеулік шылаулар белгісінің ортақтығы да бар. Нөлдік форма (атау септігі) мен жүргізуші жақты көрсететін септеулік шылауды (Мысалы: *жағынан*) есепке алмағанда, септік жалғау мен септеулік шылаудың бір ортақ жері бар. Демек, олардың бәрі де өзінің алдындағы зат есімнің я әрекеттің не субъекті не объекті емес, басқа жақ екенін көрсетеді.

Етістіктің бойындағы зат есімнің сипаттық белгісі. Етістіктің етіс қосымшалары зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатының белгісі

Қазақ тілінде зат есім сәйкес келген етістіктің сипатын бейнелеуде зат есімнің бойындағы құрылымдық сипаттық белгіден сырт, тағы бір белгі бар. Бұл – «зат есім бастауыш-етістік баяндауыш» құрылымындағы етістіктің бойындағы қосымшалар. Ал етістіктің етіс қосымшаларының айқындайтыны зат есімге сәйкес іс-қимыл жөнінен айтқанда, іс жүзіндік қимыл кейіпкеріндік сипаты. Мысалы:

Қасен шеш *Ø*- ті (мәлім затты).

22) Қасен шеш-*іл*-ді.

23) Қасен шеш-*ін*-ді.

24) Қасен шеш-*іс*-ті.

25) Қасен шеш-*кіз*-ді.

Жоғарыдағы бес сөйлемде *Қасен* толықтап отырған синтаксистік құрам ұқсас, бәрі – негізінен бастауыш. Алайда қимыл кейіпкеріндік сипаттар

өзара ұқсас емес. 22-мысалда Қасен – *шеш-* деген осы іс-қимылдың тікелей иесі иә субъекті (тікелей орындаушы/жүргізуші). Бұл сипаттың белгісі – өздік етістің нөлдік формадағы қосымшасы \emptyset ; 23-мысалда Қасен – бұл іс-қимылдың орындалушысы (үстіне алушы), сипаттық белгісі – өзгелік етіс қосымшасы *-іл*; 24-мысалда Қасен – әрі орындаушы (субъект), әрі орындалушы (объект), сипаттық белгісі – өздік етіс қосымшасы *-ін*; 25-мысалда Қасен – аралықтағы орындаушы (субъект) – нұсқаушы, сипаттық белгісі – өзгелік етістің қосымшасы *-кіз*.

Атау септігінің нөлдік формасында тұрған бастауыш зат есім, ұқсамаған етіс белгілерінің әсерімен ұқсас болмаған қимыл кейіпкеріндік сипатқа ие болады. Бірақ оның синтаксистік құрылымының сипаты (бастауыш сипаты) ешқашан өзгермейді. Бұл жағдайдан екі түйінді байқауға болады: бірі – бастауыш зат есім ұқсамаған қимыл кейіпкеріндік сипатты бүкілдей оның етіс қосымшалары белгілейді; екінші – септік пен септеулік шылаулар бейнелейтін грамматикалық құрылым қатынасының қабаты біршама жоғары болса, керісінше етіс қосымшалары бейнелейтін қимыл кейіпкеріндік байланыс қабаты біршама төмен болады, бұл айтқанымыздың соңғысы алдыңғысының кіші типі болады (яғни, ішіне кіреді).

Етістің мағынасы туралы. Дәстүрлі грамматикада етіс жөнінде мынадай түсініктер беріледі: 1) «етіс іс-қимыл мен объект иә субъект арасындағы сан түрлі сөз мағынасындық-синтаксистік байланыс» деген көзқарас (Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002) сәл күңгірт, сонда қандай сөз мағынасындық-синтаксистік байланысты көрсетеді. Бұл сөз мағынасындық-синтаксистік байланысы қиысу, меңгеру сияқты синтаксистік құрылым ба, кесімді жауабы жоқ. Бірақ іс жүзінде мұндай грамматикалық құрылымның байланысы мен етісте тікелей қатынас жоқ. 2) «Субъект пен қатысты зат иә іс-қимыл арасындағы байланысын бейнелейтін етістік етіс болады» (Қазіргі қазақ тілі. - Үрімжі, 2002. - 231 б.). Бұл айтылымда мазмұн тіптен шатасқан. Алдыңғы айтылғандай қателіктерден сырт, етіс пен етістіктің өзін шатастырып жіберген. 3) «Етіс – етістіктен етістік жасалған кезде пайда болған іс-қимыл мен адам иә зат арасындағы байланыс санаты (категориясы)» (Гің Шымин, Жұматай қатарлылыар жазған «Қазіргі қазақ тілі». – Бейжи: Ұлттар баспасы, 1999. - 216-217-б.) деген көзқараста да екі мәселе бар: бірі – етіс жалғауларының бәрі бірдей сөзтудыратын қосымша бола бермейді, бір етістіктің түбіріне етіс қосымшасының жалғану барысында сөз жасала бермейді; екінші – «іс-қимыл мен адам я зат арасындағы байланыс» дегеніміз бәз-баяғысындай әдеттегі «байланыс» саналады да онымен септіктер арқылы бейнеленіп тұрған байланыстар оп-оңай шатасады. 4) «етіс... сөйлемдегі грамматикалық бастауыш пен іс-қимылдар арасындағы түрлі байланыстар» (Чың Шылияң Түркі салыстырмалы тіл ғылымы. - Үрімжі, ШҰАР халық баспасы, 1997. – 208-б.)

деген анықтама етістің нақты мағынасына жақындай түседі. Алайда «түрлі байланыстың» мазмұны тағы да күңгірттеу болып отыр. Дұрыс әрі кемелді түрде нақты мәнін ашу үшін «етіс» дегеніміз «зат есім бастауыш,

етістік баяндауыш» құрылымындағы грамматикалық бастауыш болған зат есім баяндауыш етістікке сәйкес қимыл кейіпкеріндік сипаты, етіс қосымшалары осы сипаттың формалық белгісін айқындайды.

Етіс қосымшасы «зат есім. етістік» құрылымындағы бастауыш зат есімінің арнайы белгісі

Етіс қосымшалары «зат есім-етістік» құрылымындағы бастауыш зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын айқындайды. Ал «зат есім. етістік» құрылымы синтаксистік құрылым байланысынан қиысу, меңгеру, матасу қатарлы түрлер бейнеленеді. Әрі етістіктің алдындағы «зат есім» бастауыш болуы да, толықтауыш, пысықтауыш болуы да мүмкін. Олай болса, етіс қосымшалары бастауыш зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын бейнелеуден сырт, толықтауыш зат есім мен пысықтауыш зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын да бейнелей ала ма?

Етіс қосымшалары өзінің алдындағы бастауыш емес зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын бейнелемейді. Төмендегі сөйлемдерде ұқсамаған етіс қосымшалары жалғанған етістіктердің алдында атау тұлғада емес (әрі бастауыш болмаған) зат есімдер бар:

- 26) Жоспар-ды жаса- \emptyset -ды.
- 27) Жоспар-ды жаса-т-ты.
- 28) Бейжиң-ге жаса- \emptyset -ды.
- 29) Бейжиң-ге жаса-л-ды.
- 30) Бейжиң-де жаса-л-ды.
- 31) Бейжиң үшін жаса-л-ды.

26, 27-мысалдарда етіс қосымшалары ұқсамайды, бірақ зат есім *жоспар*-дың құрылымдық байланыс сипаты ұқсас, бәрі толықтауыш әрі етіс қосымшалары өзгерсе де, алдыңғы зат есімнің сипатын мүлде өзгертуге болмайды. 28, 29-мысалдардағы жәйттер бір-бірімен қарайлас, тек қосымшалар өзгерген, алайда зат есім *Бейжиңнің* сипаты өзгерген жоқ. Ал 30, 31, 32-мысалдарда етіс қосымшалары ұқсас, пысықтауыш зат есім *Бейжиңнің* сипаты мүлде ұқсамайды. Бұдан етістің қосымшалары бастауыш болмаған зат есімнің сипатын түсіндіре алмайды (олардың толықтауыш немесе пысықтауышының сипаты септіктер мен септеулік шылаулар бейнелейді).

Мысалдан тыс екі ерекшелік. Жоғарыдағы жәйттер етіс қосымшалары өзінен бұрынғы бастауыш зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын түсіндірмейтіндігін білдіреді. Бірақ бұл қорытындыға сай белгілі дәрежеде мынадай өзгешеліктер сақталады:

- 32) мен Қасен-ге билет ал-дыр-дым.
- 33) мен әкем-е қар күре-с-тім.

32-мысалдағы *Қасен* – бастауыш емес, барыс септігінің жалғауы жалғанған пысықтауыш, бірақ кейде оның сипаты етіс қосымшасы – *дір*-мен беріледі. Үйткені ұқсамаған тілдік ортада 32-мысалдың екі түрлі мағынасы

болады. Бірінші – Қасен тікелей билет сатып алған адам; екінші – Қасен билетке ие болушы. *-dir* қосымшасын қолданбағанда, Қасен тек қана ие болушы, ал *-dir*-ді қолданғаннан кейін Қасен мүмкін «іс-қимылды тікелей орындаушы» болуы мүмкін. Бұдан өзгелік етіс қосымшасы *-dir* кейде барыс септігі жалғанған пысықтауыштың сипатын түсіндіретінін білуге болады. Басында айтылғандай «етіс қосымшалары тек қана бастауыш зат есімінің сипатын түсіндіреді», бұл – бір ерекшелік.

34-мысалда *әке* – барыс септік жалғауы жалғанған пысықтауыш, әдеттегі жағдайда ие болушы (кенелуші) сипатта болады. Алайда етістіктің ортақ етіс қосымшасы *-с* оның сипатын іс-қимыл «*күре*»-нің басты орындаушысына өзгертіп жіберді (бастауыш зат есім іс-қимылды тікелей жүргізуші болғанымен, тек қатысушы болады). Бұл – «етіс қосымшасы тек қана бастауыш зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын бейнелейді» деген қорытындының тағы бір өзгешелігі.

Ерекшеліктерді түсіндіру. Әдетте түрлі етіс қосымшалары атау септігінің нөлдік формасы жалғанған зат есімнің ұқсамаған қимыл кейіпкеріндік сипатын бейнелейді, ал өзгелік етіс пен ортақ етістің қосымшалары, барыс септігіндегі бастауыш емес (пысықтауыш) зат есімнің қатысты іс-қимылдарды тікелей жүргізуші немесе басты жүргізуші сипатын да бейнелейді. Бұл – айқын ерекшелік. Шын мәнінде, осы айтылған өзгешеліктер мен әдеттегі қалыпты жағдайлар арасында ішкі байланыстар сақталған. Үйткені ырықсыз етістен сырт, басқа түрлі етіс қосымшалары негізінен (бастауыш зат есімнің) іс-қимылды жүргізушінің (субъект) (тікелей жүргізу, жанамалай жүргізу, бірлесіп жүргізу) сипатын бейнелейді. Басқаша айтқанда, іс-қимылдың ұқсамаған субъектілерінің сипатын бейнелеу етістің негізгі қызметі (функциясы) саналады. Ал өзгеше жағдайларда өзгелік етіс пен ортақ етіс қосымшалары және де барыс септігіндегі зат есімнің сипатын бейнелейді, сондай-ақ барыс септігіндегі зат есімнің сипаты іс-қимылды жүргізуші (тікелей жүргізуші немесе басты жүргізуші) болғандықтан, әрі өзгелік етіс пен ортақ етістің өзгешелігі, әрі форма жақтан қарағандағы өзгешелік болады. Ал нақты мәні жағынан қарағанда, ешқандай өзгешелік емес деуге болады. Жалпы алғанда, іс-қимылды жүргізушінің сипатын бейнелейді. Іс-қимылда болатын ұқсамаған жүргізушілердің (жанамалай мен тікелей, басты және қосымша) айырмашылығын, атау септігін жалғағанда (атау септігінде тұрғанда) ажырату қиын. Ал барыс септігі арқылы ара-жігін айыру ең ұтымды әдіс саналады. Етіс қосымшалары іс-қимылдың субъектінің (иесінің) сипатын түсіндіргенде, керісінше, іс жүзінде ұқсамаған септік жалғаулары жалғанған зат есімдер толықтаған ұқсамаған субъектілер болады, ол сонда ұқсамаған септіктегі зат есімдердің ұқсамаған субъектілерін сипаттайды.

Етіс қосымшасы өзінен кейінгі бағыныңқы мүше зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын бейнелемейді. Зат есім мен етістіктен құралған құрылымдар «зат есім. етістік» формасымен ғана шектелмейді, «етістік. зат есім» формасы да бар. Бұл кезде етістіктің бойындағы етіс қосымшасы тағы

да өзінен кейінгі зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын түсіндіре ме жоқ па, бұл – жеке мәселе. Олай болса, онда «етіс қосымшалары тек етістіктің алдындағы бастауыш зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын түсіндіреді» деген қорытындыға қайшылық туындайды. Төмендегі мысалдар осыған сәйкес келеді:

34) шеш-*іл*-ген Қасен

35) шеш-*ін*-ген Қасен

Екі мысалда *Қасен* (бағыныңқы мүше әрі бастауыш емес) іс-қимыл «шеш»-ке сәйкес, қимыл кейіпкеріндік сипаты ұқсамайды, жеке-жеке орындалушы, тікелей орындаушы + орындалушы, бұл ұқсастықтарды туындатып отырған етіс қосымшалары – *-іл* мен *-ін*. Осылай қарағанда, етіс қосымшасының сипатты бейнелеуі бастауыш зат есіммен ғана шектелмейді де бағыныңқы мүше болған зат есімді де қамтиды. Бірақ кең көлемде бақылайтын болсақ, мынадай да қорытынды шығады.

36) шеш -*Ø*- кен Қасен

37) шеш-*кіз*-ген Қасен

Бұл екі мысалда *Қасен* не орындаушы (субъект) не орындалушы (объект) болуы мүмкін. Мұндай сипат алдыңғы етістіктің бойындағы етіс қосымшаларының тікелей берілсе, үш сұрақ туындайды. Бірі – ұқсамаған екі етіс қосымшасы осындай ұқсас сипаттық күйді бейнелей алмайды; екінші – ұқсас етіс жалғауы (өздік етіс немесе өзгелік етіс) да бір уақытта екі түрлі сипатты бейнелей алмайды; үшінші – өздік етіс пен өзгелік етіс қосымшалары да қатысты зат есімнің орындалушы (объект) сипатын бейнелей алмайды. Бұдан етістіктен кейінгі бағыныңқы мүше зат есімнің сипаты әсте етістік бойындағы етіс қосымшаларының тікелей бейнелеуінен емес, есімше бойындағы етіс қосымшасы әсте өзінен кейінгі бағыныңқы мүше зат есімді сипаттай алмайтынын көреміз.

Төмендегі жағдайды кеңірек бақылайтын болсақ, «етіс қосымшалары зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын білдіреді» деген анықтаманы түбегейлі жоққа шығарамыз

38) Асан шеш -*Ø*-кен адам (*Қасен*)

39) Асан шеш-*кіз*-ген адам (*Қасен*)

Бұл жерде етістіктің бойындағы етіс қосымшалары еш күмәнсіз өзінен бұрынғы бастауыш зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын түсіндіреді. Олардың өзінен кейінгі бағыныңқы мүше зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатымен ешқандай байланысы жоқ.

35, 36-мысалдарда етіс қосымшалары өзінен кейінгі бағыныңқы мүше зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын айқын бейнелеген сияқты көрінеді. Бұл – тек сыртқы көрінісі, шын мәнінде, грамматикалық құрылымның өзгеруінен туындап, қалыптасқан жалған әсер (бейне). Қазақ тіліндегі «есімше анықтауыш. зат есім бағыныңқы мүше» құрылымы табиғи құрылым емес, «зат есім. етістік» құрылымының өзгерісінен келіп шыққан. Өзгеру формасы былай: «зат есім1(септік жалғау)·етістік1» → «етістік 1(есімше жалғау)+зат есім1». Айналғаннан кейін түпкі құрылымға түрлі септік

жалғаулары жалғанған зат есім бағыныңқы мүшеге айналуы мүмкін. Ал бағыныңқы мүшеге айналғаннан кейін жалғанған барлық септік жалғаулары (немесе ұласпалы қолданылған септеулік шылаулар) түгелдей ықшамдалады. Мысалы:

40) Қасен билетті көр-сет-ті. → (билетті) көр-сет-кен Қасен

41) Қасен билетті көр-сет-ті. → (Қасен) көр-сет-кен билет

42) Қасен тауға шық-Ø-ты. → (тауға) шық-Ø-қан Қасен

43) Қасен тауға шық-Ø-ты. → (Қасен) шық-Ø-қан тау

Былай қарағанда, ұқсас бағыныңқы мүше зат есімі іс жүзінде бір-бірінен парықты болады. Олар жеке-жеке бастауыш, толықтауыш, пысықтауыштардан парықталады, ал етістіктің етіс қосымшасы тек қана әуелгі бастауыш зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын түсіндіреді. Бағыныңқы мүше зат есімінің сипатымен тікелей байланысы болмайды. 35-мысалдағы «шеш-іл-ген Қасен» деген сөйлем «Қасен шеш-іл-ді» дегеннен өзгеріп келген; 36-мысалдағы «шеш-ін-ген Қасен» деген сөйлем «Қасен шеш-ін-ді»-ден өзгерген. Меңгеру құрылымына өзгергеннен кейін етістіктің соңындағы етіс қосымшалары *-іл*, *-ін* сол беті сақталады, бірақ олар қиысу құрылымында тұрған кезде бастауыш зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын түсіндіру үшін жалғанады, әсте өзінен кейінгі бағыныңқы мүше зат есім *Қасен*-нің қимыл кейіпкеріндік сипатын тікелей түсіндіре алмайды.

Жоғарыдағы 37-мысалда «шеш-Ø-кен Қасен»-дегі зат есім *Қасен* іс-қимылдың субъекті (орындаушы) де, объекті де (орындалушы) болады. Себебі әуелгі «зат есім (септік жалғау). етістік» құрылымы бір сөз тіркесі емес, ұқсамаған екі сөз тіркесі: «Қасен-Ø шеш – Ø-» және «Қасен-ді шеш – Ø-», бұл екі құрылым сәйкесінше меңгеру құрылымына айналғаннан кейін, екеуі де бірдей «шеш-Ø-кен Қасен» болады.

Сонымен, етістіктің етіс қосымшалары етістік алдындағы бастауыш емес зат есім мен етістіктен кейінгі бағыныңқы мүше зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын түсіндіру мүмкіндігін шығарып тастағаннан кейін, мынадай қорытынды жасауға болады: етіс қосымшалары «зат есім (атау септік). етістік» құрылымындағы бастауыш зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатының белгісін түсіндіруге арнайы қолданылады.

Көп қабатты етіс белгісінің болуы көп қабатты іс-қимылдың субъекті бар екенін білдіреді. Етіс қосымшалары – «бастауыш зат есім. баяндауыш етістік» қиысу құрылымындағы бастауыш зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатының белгісі. Қазақ тілінде етістіктің соңынан үнемі екі тіпті үш етіс қосымшалары жалғанып, «етіс қосымшаларын үйіп-төгіп пайдалану» құбылысы (Жаң Диңжиң Қазіргі қазақ тілінің қолданыстағы грамматикасы. - Бейжиң, Орталық Ұлттар университеті, 2004. - 283-285-б.) сақталған. Мұндағы етіс қосымшалары сипаттық белгі болады. Бірнеше етіс қосымшасы бірнеше (көрнекі я көмескі) бастауыш зат есімнің бар екенін, олардың әрқайсысында сәйкес етіс қосымшалары бейнелейтін қимыл кейіпкеріндік сипаттары болатынын білдіреді. Мысалы:

44) шығын 30 процент азай *-т* – *ыл* -ды.

45) мен Қасенге билет ал-дыр-т-қыз-дым.

44-мысалда баяндауыш зат есімнен кейін – *т* мен – *ыл* екі етіс қосымшасы бар, бұл мұнда екі (көрнекі иә көмескі) бастауыш бар екенін білдіреді. Соңғы бір ырықсыз етіс қосымшасы – *ыл* сөйлемдегі бастауыш зат есім «шығын» -ның іс-қимылы «азай-т»-тың орындалушысы (үстіне алушы); *ал*, алдыңғы өзгелік етіс қосымшасы – *т* бір көмескі сақталған зат есім (екінші жақ) «азай» деген осы іс-қимылдың жанамалай жүргізушісі (нұсқаушысы). Кестедегідей:

шығын 30 пайыз азайтылды.		
етіс қосымшасы	(бастауыш зат есімнің) қимыл кейіпкеріндік сипаты	Іс-қимыл
-ыл	(шығын) орындалушы	(30 пайыз) азай-т-«өзгелік»
-т	(көмескі бастауыш зат есім) жанамалай жүргізуші	(30 пайыз) азай-

45-мысалда баяндауыш етістіктен кейінгі өзгелік етіс қосымшасы үш қабат болып келген, қатысты субъекті мен іс-қимыл кестесі төмендкгідей:

Мен Қасенге билет ал-дыр-т-қыз-дым		
етіс қосымшалары	(бастауыш зат есімнің) қимыл кейіпкеріндік сипаты	Іс-қимыл
-қыз	(мен) жанама жүргізуші	(Қасенге билет) ал-дыр-т-
-т	(Қасен) жанама жүргізуші	(билет) алдыр-
-дыр	(үшінші жақ) жанама жүргізуші	(билет) ал-

Бірнеше етіс қосымшасы берілген сөйлем көп қабатты қиысу қатталған құрылым болады да әрбір етіс қосымшасы сәйкесінше өзінің бастауышын (мейлі бастауышы жасырын келсе де) және оның қимыл кейіпкеріндік сипатын айқындайды. Етістің қосымшалары артқа қарай шегінген сайын, ондағы қабаттар да көбейе береді.

Екі белгінің өзара байланысы

Екі белгінің міндет бөлісі

Зат есімнің бойындағы зат есім сипатының белгісі. Септік жалғауы мен септеулік шылаулар зат есім мен етістік арасындағы синтаксистік құрылымның байланысын бейнелейді, бұл құрылым қиысу, меңгеру, матасу (жанасу) қатарлыларды қамтиды; меңгеру мен матасуды (жанасу) бейнелегенде, толықтауыш зат есім мен пысықтауыш зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын да бейнелейді. Бірақ жалғыз бастауыш зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын бейнелемейді. Мысалы:

46) Қасен- \emptyset алды (ал-ын-ды) (атау септігі қиысуды айқындайды, бірақ оның қимыл кейіпкеріндік сипатын айқындамайды)

47) Қасен-ді алды (табыс септігі меңгеруді айқындайды, сонымен бірге зат есім Қасен-нің қимыл кейіпкеріндік сипаты – орындалушы екенін айқындайды)

48) Қасен-ге алды (барыс септігінің жалғауы жанасуды бейнелейді, сонымен бірге зат есім Қасеннің қимыл кейіпкеріндік сипаты іс қимылдың тікелей кенелушісі екенін айқындайды)

49) Қасен-нен алды (шығыс септігі жанасуды бейнелейді. Сонымен бірге зат есім Қасен-нің іс-қимыл кейіпкеріндік сипаты-іс-қимылдың басталу көзі, объектінің қайнары екенін айқындайды)

50) Қасен арқылы алды (септеулік шылау арқылы меңгеруді бейнелейді, сонымен бірге зат есім Қасен-нің іс-қимыл кейіпкеріндік сипаты іс-қимылдың орындалуындағы бір барыс екенін айқындайды)

51) Қасен-нің арқасында алды (септеулік шылау *арқасында* және иелік септік жалғауы (ілік) *-нің* жанасуды бейнелейді, сонымен бірге зат есім Қасен-нің рөлінің сипаты іс-қимылдың орындалуындағы сүйеніш екенін айқындайды).

Етістіктің бойындағы зат есім сипатының белгісі. Етістің қосымшалары бейнелейтін зат есімнің сипаттары қиысу құрылымындағы бастауыш зат есімге сәйкес баяндауыш етістіктің қимыл кейіпкеріндік сипатымен ғана шектелетін. Ол объект және субъект деген екі үлкен топты өз ішіне алады да ондағы субъект тағы да тікелей субъект, жанама (аралық) субъект, қатысушы субъект, объекті субъект қатарлы 4 түрлі жағдайға бөлінеді (Жоғарыдағы 22-26-мысалдарға қараңыз).

Зат есімнің сипаты көрінгенде септіктер етіс қосымшаларына сүйенбестен, жеке-дара қызмет атқарады. Сондай-ақ ілік септік зат есімнің етістікке сәйкес сипатын айқындаған кезде сол етістікке етіс қосымшаларының жалғануын тіптен талап та етпейді. Етістікке қанша түрлі етіс қосымшасы жалғанса да, белгіленген септіктің айқындайтын зат есімінің сипаты негізінен тұрақты болады. Мысалы: 22-26 мысалдарда етістікке өздік, ырықсыз, ортақ, қатысушы, өзгелік етіс қосымшалары жалғанған. Бірақ *Қасен* жалғанған нөлдік формадағы атау септіктің жалғауы бастан-аяқ оның баяндалушы бастауыш екенін көрсетіп тұр. Тағы мысалға қарайық:

52) Қасен-нен ал-Ø-ды.

53) Қасен-нен ал-ын-ды.

54) Қасен-нен ал-ыс-ты.

55) Қасен-нен ал-дыр-ды.

56) Қасен-нен ал-дыр-ыл-ды.

Жоғарыдағы бес сөйлемде *ал* – етістігінің соңынан ұқсамаған бес түрлі етіс қосымшалары жалғанғанымен, септік жалғауы бастан-аяқ зат есім *Қасен*-нің пысықтауыш екенін, қимыл кейіпкеріндік сипаты қолға келетін заттың қайнар көзі екенін айқындайды.

Бірақ етіс қосымшаларының маңызы бөлек, ол қызмет атқару үшін мәлім зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын анықтап, зат есімге жалғанған атау септік жалғауын алғы шарт етуі керек, сондай-ақ сол атау

тұлғадағы зат есімнің жасырын келуі де бұл шартты өзгертпейді, бұл – етістік бойындағы етіс белгісінің зат есім бойындағы, септік жалғау, септеулік шылау белгілеріне иек сүйеу сипатының бар екенін білдіре түседі.

Қабаттардың қатпарынан қарасақ, зат есімнің сипатық белгісі, зат есім бойындағы сәйкестік белгі – септік жалғауы және септеулік шылаулар жөнінен алғанда, етістік бойындағы белгі – етіс қосымшалары төменгі орынға жайғасады, ол тек зат есім бойындағы белгінің бір толықтаушысы болады да атау септігі айқындаған бастауыш зат есімнің қимыл кейіпкеріндік сипатын тіпті де жіңішкелікпен тереңірек түсіндіруде қолданылады.

Екі топтағы белгінің жұмыс бөлісі мен үйлесімді қолданылу жағдайынан шағын қорытынды

Зат есімнің сипаты		«Зат есім. етістік» құрылымындағы зат есімнің етістікке сәйкес құрылым байланысының сипаты мен қимыл кейіпкеріндік сипатының айқындалуы		
Сәйкестік белгісі				
Белгінің типтері		Қиысу (бастауыш зат есім - баяндалушы)	Меңгеру (толықтауыш зат есім іс-қимылдың орындалушысы, үстіне алынушы, тікелей объекті)	жанасу (пысықтауыш зат есім мен іс-қимылға қатысты жақ)
зат есімнің бойындағы белгі	етістіктің бойындағы белгі			
Нөлдік формадағы атау септік. Нөлдік формадағы көмекші сөз	Өздік етіс	+ өздік етістің нөлдік формадағы қосымшасы: бастауыш зат есім іс-қимылдың жүргізушісі (субъект)	–	–
	ырықсыз етіс	+ ырықсыз етіс қосымшасы – (ыл): бастауыш зат есім іс-қимылды үстіне алушы (объект)	–	–
	өзіндік етіс	+ өзіндік етіс қосымшасы -(ы)н: бастауыш зат есім – іс қимылдың иесі және оның	–	–

		объекті		
	ортақ етіс	+ ортақ етіс қосымшасы: (ы)с: бастауыш зат есім іс-қимылдың қатысушысы	–	–
	өзгелік етіс	+ өзгелік етіс қосымшасы – дыр, -ғыз: бастауыш зат есім іс-қимылдың аралық иесі субъекті (нұсқаушысы)	–	–
Табыс септік жалғауы	өздік (өзгелік) етіс	–	+ өздік етіс немесе өзгелік етіс қосымшалары сәйкестіру қызметін атқарып, етістіктің заттық сипатының сақталуына кепіл болады	–
барыс, шығыс, жатыс, көмектес, салыстыру қатарлы аралық жалғаулар және көмекші сөздер	етіс	–	–	+ ұқсамаған етіс қосымшалары болғанымен, аралықтағы септелген зат есімнің әрекеттегі бөгенайын айқындай алмайды
барыс септік жалғауы – ға	ортақ етіс	–	–	+ ортақ етіс қосымшасы барыс септігі іс-қимылдың басты жүргізуші екенін айқындауына селбеседі
	өзгелік етіс	–	–	+ өзгелік етіс қосымшасы, барыс септігі іс-қимылдың тікелей жүргізуші екенін айқындауына селбеседі
орындаушы көмекші сөз «жағынан, тарапынан»	ырықсыз етіс	–	–	+өзгелік етіс қосымшасы - (ы)л, атқарушы көмекші сөздің алдындағы зат

				есім іс-қимылдың несі (субъект) екенін айқындауға селбеседі
--	--	--	--	--

Әдебиет:

1. Қазақ тілінің грамматикасы. - Астана, 2002.
2. Қазақ тілінің грамматикасы. - Алматы: Ғылым, 1967.
3. Қазіргі қазақ тілі. - Үрімші: Шынжаң халық баспасы, 2002.
4. 耿世民. 哈萨克语语法 [M]. 北京: 中央民族学院出版社, 1989.
5. Гиң Шымин, Жұматай т.б. Қазіргі қазақ тілі. – Бейжиң: Ұлттар баспасы, 1999.
6. 程适良主编. 现代维吾尔语语法 [M]. 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 1996.
7. 程适良主编. 突厥比较语言学 [M]. 乌鲁木齐, 新疆人民出版社, 1997.
8. 张定京. 哈萨克语虚词 [M]. 北京: 民族出版社, 2003.
9. 张定京. 现代哈萨克语实用语法 [M]. 北京: 中央民族大学出版社, 2004.
10. 张定京. 实体语法论 [C]. 中国民族语言论丛. 昆明: 云南民族出版社, 1997, 第266-278页.
11. 张定京. 语法是表义实体 [J]. 语言与翻译, 2003(2), 第11-17页.
12. 张定京. 现代哈萨克语句法结构的特点 [C]. 中国哈萨克语言文学论集, 北京: 民族出版社, 2009, 第18-41页.
13. 张定京. 哈萨克语名词的第八种格 [J]. 中央民族大学学报, 2005(4), 第109-114页.
14. 张定京. 是共同态吗? [J]. 语言与翻译, 1994(4), 第40-41页.

«Қырық» санының символдық табиғаты

Авакова Р.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

Майданқызы Б.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2-курс магистранты

Аңдатпа: Символдар мәдениеттің дамуына әсер ететін ең маңызды құралдардың бірі. Сандар ғаламды, адам мен мета-сипаттама жүйесін өзі сипаттайтын арнайы сандық кодтың элементтері. Сандық код кез келген мәдениетте этностың жинақталған білімін жүйелеп, сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Архаикалық мәдениеттерде сандар ғаламның бағыты мен зарышқа шығуына арналған қасиетті құрал болды. Ежелгі мифологиялық дәстүрлерде бұл сан ғаламның бейнесі ғана емес, сонымен қатар оны мерзімді қалпына келтіруші үлгі болды.

Түйін сөздер: жаратылыс, таңба, символ, рухани кеңістік, рух.

Summary: Symbols are one of the most important means on the basis of which a culture develops and functions. Numbers are elements of a special numeric code, which describes the universe, the person and the meta-description system itself. The numerical code permeates any culture, systematizing and grouping the accumulated knowledge of the ethnos, passing from generation to generation a national numeric symbolism. In archaic cultures, numbers were a sacral vehicle for the orientation and cosmization of the universe. In ancient mythological traditions, the number was not only an image of the universe, but served as a model for its periodic restoration.

Key words: nature, number, symbol, spiritual space, spirit.

Адам баласының дүние жаратылысты тануы өте ұзақ дәуірлерге созылғаны белгілі. «Адамзат қоғамы әлем, дүние, қоршаған орта туралы мағлұматтарды лингвистикалық арналар арқылы алатындықтан, ақпараттың барлығы сөз арқылы меңгеріліп, сөз арқылы түсінеді. Сондықтан да тіл құпиясын ашу, адамзат тарихының сырын ашумен барабар» [1, 52]. Тегінде адамзат жаратылыстың, табиғаттың, болмыстың қыр-сырын түсінемін, соның құпияларын ашамын деп жүріп өздері де сондай құпияларды жасап алғанын сезбей де қалған сияқты. О. Шпенглер айтқандай, «... Адам нені еститінін, сезетінін, оның не туралы екенін біліп тұрғанын және оны өзі көріп тұрмаса да кімнің әрекеті екенін сездіретін көзге көрінбейтін қорқыныш» пайда болғаннан бастап, жаратылыстың кез келген дүние болмысынан қауіпті мәндер іздеді, тылысым күштердің сыртқы ықпалын сезінді.

Мұның әу басында Ұлы Жаратушы күш, Құдай бейнесі тұрды. Абсолюттік ақиқаттың бастауы деп білді. Дүниенің болмысы туралы белгілі жүйе қалыптастырып, оның рухани кеңістікпен, сыртқы әлеммен шегендеді. Соны өздерінің ой-саналарына орнықтырып, ақылдары жеткенше ақиқаттың астарын түсінуге тырысты, сондай құпия, сиқырлы күштің алдындағы дәрменсіздігін түйсінді және содан жол тауып шығудың саналы жолдарын қарастырды. Сол себепті де көзбен көрген, естіген, сезінген әрбір

құбылыстың сыр-сипатына үстемділік берді, соның себеп-салдарын өздерінше пайымдауға тырысты. Мысалы: байырғы көшпелілер күннің күркіреуін Тәңірінің қаһары деп ұғып, соған байланысты әртүрлі ырым-тиымдар орнықтырды. Мәні ашыла қоймаған құбылыстарда, тіршілік иелерінде кие бар деп ұғыну мифтік санаға тән еді. Сыртқы ықпалды күштердің ырқына тәуелділік әлдебір тылсымдылықпен ара қатынасын айқындауға мәжбүрлікке әкелді. Сондықтан да, үрей мен қорқыныштық құрсағында қалған дәрменсіз адам құдіреті күштілерден жәрдем тілеуге, соған бағынышты болуға, солардың «тілін» табуға талпынды. Әрбір киелі деп танылған құбылыстар мен заттық ұғымдар адамның тағдырына әсер етеді, араласады деп түсіндірілді.

Қырық санының фраземалар бойындағы қасиеті туралы алғаш ғылыми пікірлер академик І. Кеңесбаев еңбектерінде талданылған [2, 615-616]. Қырық саны адам жасының белгілі кезеңін білдіреді. «Құтты білік» дастанында *jaşyn qyrqta kecsa* «жасың қырықтан асса» *kundin son bedukladi ojnadu* «қырық күнде өсті, жүгірді, ойнады» және т.б.

Қырық саны о баста «көп», «мөлшерсіз» деген мағынада қолданылған болу керек [3, 133-134]. Қазақ тіліндегі *қырық қарақшы*, *қырық бұрау*, *қырық тесік*, *қырық жыл* тіркестерінде көптік мағына сақталған. Түрік тіліндегі: *kyrk defa söjledim* «ауыз жаппай сөйледім» (қырық рет сөйледім), *kyrk evin kedisi* «өз үйіндей көру» (қырық үйдің мысығы), «*kyrk jamaly*» «қырық жамау», *kyrk jylyn basynda* «баяғы заманда» (қырық жылдың басында), *kyrk jylda bir* «анда-санда» (қырық жылда бір); татар тіліндегі: *ĉōji qyrylşyn* «қырыққа бөлінсін» (маған десе быт-шыт болсын), башқұрт тілінде *quyryqqa jaryla almat bin inde* «енді не істе дейсіңдер» (қырыққа жарыл дейсіңдер ме?), *qyrq tórlö höjlaıı* «көп сөйлейтін» (қырық түрлі сөйлеу), қырғыз тілінде: *coro qyrq* «қырық уәзір», *qyrqkōjnök* «қырық көйлек» (баланы қырқынан шығарғанда кигізетін жейде), *qyrq cilten* «қырық шілтен» (аңыз бойынша, адамдар арасында жүретін, ерекше күш иелері) және т.б.

Қазақ халқы сәби дүниеге келгеннен кейін қырық күн өткен соң, ыдыстың түбіне күміс салып, қырық суды жақын адамдарына жақсы тілектер айтқызып, суға түсіріп, қарын шашын алатын болған. Сонымен қатар адам өмірден өткенде қырық күннен соң «қырқын өткізіп», ас береді. «Адамның жаны қырық күннен соң шығады» деген діни ұғым бар. Ертедегілер мен аңыздарда *қырық күн ойын*, *қырық күн той* тіркестері жиі кездеседі. Осы ұғымдар халық санасындағы мифологиялық культуремалар ізі болар деген ой туындайды.

Қырық санының бойындағы киелі ұғымдар ауыз әдебиетінде де сақталған. Қарақалпақ халқының «Қырық қыз», қазақ халқының «Қырық өтірік», «Қырымның қырық батыры» және т.б. ертегілер мен эпостық шығармалар – осының айғағы. Қазақ фразеологиялық қорындағы *қырық құбылу* «сөзінде тұрмау», *қырық қазанның құлағын тістеу* «қыдырымпаз, кезбе кісі», *қырық қалта қу*, *айлакер*, *қырық иттің құйрығын түйістірген*

«аса айлакер, қу»қырық саққа жүгірту «сан түрлі құбылу» және т.б. фраземалар қырық сөзінің ішкі семантикасымен тікелей байланысты.

Қазақ фразеологиясының атасы І. Кеңесбаев *қырық* санымен келетін фраземаларға семантикалық талдау жасай келіп, былай дейді: «Қазақ ертегілерінде ұшырасатын бойы бір тұтам, сақалы қырық тұтам, тазшаның қырық өтірігі сықылдылар халықтың санасында ертеден орын тепкен. Мақал-мәтел, нақыл сөздер және басқа сөз орамдары да бұл санның «әшейін» сан емес, бір кезде киелі мөлшер екендігін көрсетеді... Қырықтың діни ұғымы басқа тілдерде де бар».

Адамның қырық жасына байланысты тіркестер де аз емес Әуелі қазақтың ақын-жыраулары, «*қырықта қия шапқан қылыштай боп, тас басса да таймайтын пырақтайсың*», «*қырық жас та – бір дәуір, ақ алмастай жарқылдадым, ағын судай сарқылмадым*», «*Бір жас бар қырық деген қылыш екен...*», «*қырықта көзі ашылған бұлақтайсың*», «*Жас қырыққа кірген соң бір ой түсті жаңадан*», «*қырықтан соңғы сөзімді сынап таны өзімді*» – деп толғаса, орта ғасырлық «Қабуснама» кітабында қырықты биік төбеге теңейді. Ал ежелгі гректер қырыққа толған адамды «акмеге» келгендер есебінде санаған екен. Қырыққа толғанда қарым-қайраты молайып, шабыт-шалқары арнасынан асқандар, және берерін бере алмай қырықтың қырқасында кеткендер қаншама. Қазақтың арда ақын ұлдары Махамбет, Мұқағали, Жүмекен, Жұматай... Бұл тізімді соза беруге болады. Әлем әдебиетінің сапында да солай.

Қырық санына қатысты әңгімелердің әлемнің ұшы қиырына таралуында не сыр бар? Әлде бұл әншейін бір кездейсоқтық па? Әрине біз өзгелердің сыр сұхбатына араласа алмаспыз, әйткенмен, қазақтың дүниетанымынна мықтап орныққан «қырықтың» мәнін саралап көруге талпынып көрейік. Баба қазақ, бір сөзбен айтқанда байырғы көшпелілер 40 санына ерекше мән беріп, ғаламды танып білудің, табиғат құбылыстырының сырын айқындаудың, күнделікті тіршіліктегі жағдаяттардың себеп салдарын түсіндірудің «кілті» ретінде пайдаланған сыңайлы. Сол себепті де 40 санына ерекше мән үстеп, оны болмыстың нақты бір көрсеткіші, яки мөлшері, шет-шегарасы ретінде қарастырған. Олар Пифогорсыз-ақ, сандық жүйенің сана мен болмысқа, уақыт пен кеңістікке әсерін және соның өзін құрайтын бірлік өлшемдері екендігін сезінген. Қазақтың мына бір үш сөзіне ден қоялықшы; «Таңғажайып – таңданыс – тану». Таңғажайып-бұл табиғат, қоршаған әлем, тылысым дүние жаратылысы. Таңданыс – таңғажайыпты көрген адамның әсері, көңіл күйі, соны кереметін сезінуі. Тану – сол сезінген, тұшынған, әсерленген, әуейленген әлем сырын білмекке деген балаң көзқарас, балапан талпыныс, һәм құпиясы көп дүниеге деген құмарлық пен құштарлық. Сондықтан да, «*білгенім бір оғыз, білмегенім тоқсан оғыз*» – деген қазақ. Мұнда да сан рөл атқарып тұр. Құбылыстың құпия сырынан терең мағына тауып, оның болу ебептерін тылысым күштің құдіретімен байланыстырған. Өздерін толғандырған сансыз сұрақарға жауап іздеп, соның себептері мен салдарына түсіндіруге тырысқан. Ең әуелі Жартатушы

жалғыз күштің бар екендігіне иланып, соны жарық жалғанның жалғыз шырағы Күнмен байланыстырып, соған табынғаны белгілі. Сонан соң барып, дүниенің материалистік мәнімен қатар оның рухани мазмұнын, яғни, объективті идеясын іздей бастады. Осылайша тәңірлік дін қалыптасып, «Көк Тәңірін» жаратушы рухани субстанция деп қабылдаған және таныған. Мұндай түсінік көпқұдайлықты (политеизм) уағыздаған көне грек, үнді, мысырлық діни пайымдардағы адамиланған құдайлар бейнесінен биік тұрды және мұның өзі кейіннен пайда болған ислам дінінің негізгі қағидаттарымен үндес болып келді. Асылы, біздің аталарымыздың шынайы исламды соншалықты жат көрмей, Алла Тағалының жалғыз екендігіне, оның туылмағанына шын иланғаны осыдан да болар. Асыл текті бабаларымыз бағзыдан келе жатқан тәңіршілдік пен шаманизмнің, митра мен зороастризмнің ең озық қағидаттарын қалтыра отырып, ислам шарттарына көп қайшы келе бермейтін тұстарын сіңіріп қалған. Сол себепті де, күні бүгінге дейін біздің таным-түсінігімізде, ырым-жоралғыларымызда, салт-санамызда исламмен қатар тарихи кезеңге дейінгі наным-сенімдердің сарқыншағы үзілмей келеді. Шындығына келгенде ата-бабаларымыз исламның фундаментализмін толық көшіріп ала салған жоқ. Әуелі, Қожа Ахмет Ясауилер діннің сопылық бағытын ілгерлетіп дамытты да. Бұл өзі ұзақ бір әңгіме. Қош, сонымен тіршілік болмыстың құпиясына құмартқан өзге де адамзат баласының бірі есебіндеі баба қазақ та(шартты түрде алып отырмыз) өмірдің сипатын, өлімнің сырын, сол арқылы мәңгіліктің мәнін іздеген екен.

Осының негізінде дүние жаратылыс туралы алғашқы түсінік пайда болып, наным-сенім қалыптасты, діни қағидаттар үстемдік алды. Өздері қоршаған табиғи ортаны «тау, жазық, өзен-су» деп таныған көшпелілер шаруашылық кәсібіне сәйкес төрт бағытты белгілеп, жылдың төрт мезгілімен ұштастырып отырғаны белгілі. Көктемде, жайлауда, күзеуде, қыстауда көшіп-қонып тіршілік түзеген олар мейілінше табиғаттың құбылыстарына бағынышты болды. Үнемі болып тұратын табиғи стихияларға байланысты өз болжамдарын жасап үйренді. Соның арқасында ауа райын бақылаудың, болжаудың түрліше ғадеттерін игерді. Сол секілді аспан денелерін де бақылып, олардың қозғалысын, пайда болу циклдерін қадағалап үйренді. Мысалы; жұлдыз жамыраған түннің ертесінде күн жылы әрі ашық болады деп, Ай шалқалап туса күн суытады деп болжағаны секілді. Қай-қашанда тірілер үшін өлімнің сыры мәңгілік жұмбақ болып келеді. Ертедегі адамдар да соның мәнін ашпаққа талпынған. Осыдан барып, адам жанының мәңгілігі туралы түсінік қалыптасты. Адам деген тіршілік иесінің жан мен тәннің қосындысынан тұратынын бағамдады. Ежелгі мифтік түсінікке сай ғалам жаратылысты «жоғарғы, ортаңғы және төменгі әлем» деп бөлу берік орын ала бастады. Осыған байланысты сюжеттер түркі-монғолдардың мифтерінде, ертегілерінде өте мол орын алған.

Байырғы сақтар, ғұндар, түркілер өлген адамды «өлілер әлеміне», яғни, төменгі әлемге кетті, – деп есептеген. Өлілер мекенін ислам дінінде

«барзақ» деп атайтынын білеміз. Шамандық түсінік бертін келе өзгеріске ұшырап, «өлінің жаны көкке ұшып кетеді немесе басқа кейіпке енеді» дегенмен түсіндірілген. Сол себепті де «қайтпас сапарға кетті» деп есептеген өлілердің жанын, оның рухын құрметтеуге ерекше мән берген. «Өлі разы болмай тірі байымайды» деген мақал содан қалған болса керек. Барынша өліні ренжітпеудің қам-қаракетін жасаған. Ежелгі наным бойынша, адамның жанын «өлмейтін, мәңгілік» деп санап, оның өзін үш немес жеті жанға бөліп қарастырған. Ең ескі нанымға сай, «адамның бір жаны үйде қалады, екінші жаны көрге лесіп барады, ал үшінші жаны о дүниеге кетеді» деп түсіндірілген. Е. Тұрсынов көне түркілердің түсінігіндегі «тоғыз жанның» болғандығын және олардың дербес атауларын келтіреді [4, 118]. Осында көрсетілгендей, адамның «сүне» жаны жеті күннен кейін, «сүр» жаны қырық күннен кейін, ал «жел-салқын» жаны бір жылдан соң шығады» деп есептелінген және «сегізінші жаны «үзүт» артынан аза тұтылып, ас-су берілмесе, қаскөй аруаққа (рухқа) айналады» деп сендірілген. Қазақта үрей жан мен шыбын жайлы да түсінік бар. «Үрей жан адамның денесінен 40 күн бұрын ұшып кетеді» деп айтылады. Сайып келгенде, көшпелілер қайтыс болған адамды қайтпас сапарға кеткен жолаушы есебінде көріп, оның о дүниедегі бір жылдық жолына дұға бағыштап, тілек тіліп, құрбандық шалып, жоқтау айтып, еске алып отырған. Күні бүгінге дейін қазақтардың өлген адамның үштігін, жетісін, *қырқын беруін* осымен де түсіндіруге де болар.

Есік, Пазырық, Берел қорғандарынан табылған археологиялық қазбалар байырғы сақтардың жерлеу рәсімінен мол мағлұмат бергендігі белгілі. Ол – ол ма, Еуропаны дүр сілкіндірген Еділ (Атилла) патшаны жерлегенде де далалық ғұрып сақталғанын, әйелдер мен қыздардың жоқтау айтқандығын батыстың тарихшылары жазып кеткенін білеміз. Дүниені төрт бағытқа бөліп (күншығыс, батыс, күнгей, теріскей), кеңістікті шеңбермен шегендеген далалықтар уақыттан ұтылмауға тырысып баққан. Болмысты игерудің ең тиімді, ең ұтымды тәсілдерін пайдаланып, жаратылыс дүниенің өзіндік моделін жасаған. Ол – бір нүктеден айналатын дөңгелек шеңбер еді. Сондықтан да олар алғаш рет арбаның доңғалағын ойлап тапқан. Осы модельді отбасынан бастап әлемнің жаратылысына, ай мен күннің алмасуына, мезгілдің орын ауысуына пайдаланған. Ай, Күн, өзге де жұлдыздарды өте-мөте дөп бақылаған далалықтар табиғат құбылыстарының сырын соларға байланыстыра отырып, үздіксіз қозғалыстың ырғағынан жаңылып қалмауды қарастырған. Қазіргі Қазақстан мен Монғолия, тіпті Американың ұлы жазықтарында өте үлкен шеңбермен қоршалған обалар, олардағы жиырма сегіз, отыз, қырық санына сәйкес келетін тас сызықтар ежелгі адамдардың аспан денелерін жіті бақылағандығына бұлтартпас дәлел болса керек. Біздіңше, байырғы далалықтар, яғни, көшпелілер Ай мен Күнге қатысты құрылған күнтізбелерден бұрын Шолпан (Венера) жұлдызына байланысты бір жылды 9 күнінен тұратын 40 аптаға немесе әрқайсысы 40 күннен құралған 9 циклге бөліп қарастырған («Тоғыз күндік апта» туралы болжамды этнограф Тоқтасын Өмірзақов жазған болатын. Қазақтардың ескі

күнтізбе бойынша 9 күндік аптаны пайдаланғаны туралы Куфтин де айтқан екен). Арифметикалық есеп бойынша, $40 \times 9 = 360$ күн немесе геометриялық өлшем бойынша, 360 градус. Біздің ойымызша, байырғы көшпелілер үшін 9 күндік апталық ұғымнан гөрі 40 күндік 9 циклдің мәні артығырақ болған сияқты. Аспан денелерін, соған байланысты жер бетінде болатын әртүрлі табиғи құбылыстарды жіті бақылап үйренген көшпелі шаруашылық иелері отырықшы халықтар секілді аптадан гөрі 40 күнді қамтитын циклге, осы мерзімдерде болмай қоймайтын ауа райының «амалдарына» мейілінше мүдделі болған. Мұны «бірінші» деп қойыңыз. Екіншіден, «тоғыз жан» есебіне қатысты түсінікке сәйкес адам өмірінің бір жылдағы ырғағы тоғыз тоғыспен үйлесіп отруы керек болған. Үшіншіден, байырғы қазақи таным мен қасиетті «Құранда», Пайғамбарымыздың сахих хадистерінде айтылғандай, адам баласының жатырға бітуінен басталған даму үдерісі (процесс) 40 күнмен белгіленгені белгілі. Онда былай делінген: «Әрбіреуің аналарыңның құрсағында 40 күн тамшы күйінде, онан кейін 40 күн ұйыған қан қалпында, онан кейін 40 күнде кесек ет болып, сүйек жаратылып, ол терімен қапталып, 120 күн болғанда Алланың әмірі бойынша періштелер рух үрлейді». Мұның өзі қазіргі медицинада дәлелденген ақиқат болып отыр. Жеті күн – бір аптамен есептегенде, нәресте 40 аптада, біздің бүгінгі есептеуімізге сай 280 күнде, яғни, 9 ай, 9 немесе 10 күнде жарық дүниенің есігін ашуы шартты екен. 40 күндік циклмен есептеген байырғы қазақтар 360 күннен асқан 5 күнді «бес қонақ» деп атап, осы күндерді күн мен түннің теңелетін уақыттың алдына (22 наурыз) әкеліп орналастырғаны белгілі. Шеңберді тең 9 бөлікке бөлсеңіз, сүйір бұрыштары 40 градустан айналатын тоғыз конус пішін пайда болады. Осындағы 40 градус 40 күнге сәйкес келеді және конус пішіндегі 9 бөліктің 8-і Жерді қоса есептегендегі «Жеті қат көкті», яғни, 7 жұлдыздың еншісіне тиесілі. Олар: Ай, Марс, Шолпан, Күн, Меркурий, Юпитер, Сатурн, Жатырда жатқан эмбрион (шақалақ) осы «жеті жұлдыздың» энергиясын бойына сіңіре отырып өсіп жетіліп, «сегізінші шоғымда» [5, 158] немесе сегізінші межеде мына өмірге жылап келеді екен.. Сегіз бұрыш, сегіз сызық – өмірдің жасампаздық белгісі екен. Б. Аманов пен А. Мухамбетованың «Казахская правда и XX век» атты кітабында әлдебір африкалық тайпаның танымы бойынша, адам «ме»-нің 8 элементтен тұратындығы және өмірлік циклі 8 сатыдан құралатындығы жайында айтылған.

«Қобыланды батыр» жырында Тайбурылдың 40 күндік кемдігі адамға да тікелей қатысты. Аспанның 7 денесінен қуат алған адам баласы сегізінші межеде Жерге табысталып отыр. Оның адам болып жер басып кетуіне Жердегі 40 күн жетіспей тұрған-мыс. Адам «алғашқы сегіз элементті» толық бойына дарытуы қажет. Сол себепті де баба қазақ жас нәрестені «қызыл шақалақ» деп, тіл-көзден алыс ұстап, ит көйлегін (*қырық көйлек* деп те атаған) кигізіп, 40 күн толғанда барып, қырық қасық суға шомылдырып, қарын шашын алған. Енді ол толық мағынасында «тоғызыншы» межеге өткен адам санатында есім-ат иеленуге құқылы болған. Байырғы түркілер

балаға ат қоюға ерекше мән беріп, асығыстық танытпаған. Әуелі ер бала болса, өзіне сай ерлік іс көрсетіп барып есім-ат меншіктейтін болған. «Ат қойып, айдар тақты» деген сөз осыдан қалған. Қазақтың «қырқынан шығарудың» түпкі мағынасы, яғни, мұндай рәсімнің мағынасы осыған саяды. Қайтыс болған адамның «қырқын беруді» де осы «қырықтық жүйемен» байланыстыруға болады.

Қорыта айтқанда, сан есімдер ұйытқы болған фраземалардың бойындағы мифтік культуремалардың символдары сақталған. Олардың қалыптасуына халық санасындағы мифтік, магиялық түсініктер мен танымдар әсер еткен.

Әдебиет:

1. Авакова Р. Фразеосемантика. Монография. - Алматы, 2013.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. - Алматы, 1977.
3. Гордлевский В. А. Числительное 90 в турецком языке // Известия АН СССР. – М., 1945. – Т. IV. – Вып. 3-4. – С. 131-135.
4. Турсунов Е. Д. Древнетюркский фольклор: истоки и становление. – Алматы, 2001.
5. Серікбол Қ. Арғықазақ мифологиясы: Монография. - Алматы, 2004.

«Шет тілі» тіркесінің мәні және «шетел тілі» тіркесінің қисынсыздығы

Өтелбай Г.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті практикалық қазақ тілі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

***Аңдатпа:** Мақалада «шет тілі» немесе «шетел тілі» түрінде қолданылатын сөз тіркестерінің мағынасын ашылады. Автор бұл тіркестердің ағылшын, неміс, түркі тілдеріндегі баламаларын салыстыра отырып қарастырады.*

***Түйін сөздер:** шет, шет тілі, шетел, тыс, сырт, жат, бөтен, қазақша, ағылшынша, немісше, орысша, түрікше, қырғызша, татарша, өзбекше, башқұртша, аударма, тәржіма, сөз тіркесі.*

***Summary:** The article is devoted to the meaning and usage of the phrases "shet tili" or "shetel tili", i.e. "Foreign language" The author considers and compares the word combination in German, English and Turkic languages.*

***Key words:** foreign, foreign language, fremd, outsider, country, fremdsprache, land, ausländisch, foreign language, Russian, Turkish, Kyrgyz, Tatar language, Uzbek language, Bashkurt language, translate, word combination.*

Уақыт ағымына қарай қай тілдің болсын жаңалықтар мен өзгерістерге сай толығымен – табиғи құбылыс. Жаңа терминдер, сөздер этимологиясы мен қолданылу ретіне сай кез келген тілдің лексикалық қорын толассыз ұлғайтып, түрлендіріп жатады. Қазақ тіл білімінде де бұл тұрғыдан оқырман көңіліне қонар біраз істер атқарылып жүргені белгілі. Алайда тілімізге сіңген,

құлаққа жағымды сөздердің басқаша айтылып, өзгеше сипат алып кеткені тілші-ғалымдар арасында түрлі пікір туғызып отыр. Олардың бірі өзгеріске ұшыраған сөздерді жаңашылдыққа теңгерсе, көбі «барымыздан айрылмай тұрақтылық пен бірізділікті сақтасак» дегенді алға тартады. Енді бірі бұл құбылысты «екпінді қолданыстағы орыс тілінің тілімізге әсері» деп түсіндіреді. Ілгеріде «шет тілдері», «шет тілдері институты» «шет мемлекеттер», «шет елдер» сияқты тіркестер жиі айтылып-жазылып жүргендіктен, олардың мәніне, қалпына, қолданылуына ешкім назар аудармайтын. Мүмкін, бұл олардың табиғи атауынан болар.

Соңғы жылдары, әсіресе өзге елдермен тереземіз теңесе бастаған кезеңнен, аталған тіркестер өзгеше реңк алып, біраз тілші-оқырманды ойландырып жүргені рас. Мысалы: тұрақты қолданыстағы бұрынғы «шет тілі» қазір «шетел тілі» деп айтылып жазылады. Бұл тіркестің пайда болу тарихы кәсіби тіл мамандары үшін құпия емес. Алайда атау мен терминнің екі түрлі айтылып, жазылуы көзі қарақты адамды толғандырады.

Ұлтымыздың әдебиет және тіл классиктері көзі тіріде айналымға енген осы тіркестің өзгеруі жат тілді жадағай көшіру әдетінен (калькадан) шықты деп топшылаймыз. Орыстың «иностранний язык» тіркесі «язык иной страны» деген үш сөзден тұрады. Мұның мағынасын кешегі күнге дейін қазақ тілінің «шет тілі» екі сөзден тұратын тіркесі толық ашатын. Ендігі тіл «шеберлері» оны орыс тілімен бірдей қолданылуын қалап, «шетел тілі» нұсқасында еркін, тоқтаусыз, алғаусыз пайдаланылатын болды.

Орыс тілінің ықпалынан қазақ тіліндегі стилдік, грамматикалық нормалардың бұзылу мәселесі – өз алдына әңгіме. Сөзбе-сөз аудармадан туындаған, тілімізге икемі жоқ терминдерді қабылдау қалыпты жағдайға ұшырап бара жатқандай. Жаңадан пайда болған терминді бекіту үшін алдымен орысша нұсқасына сүйену әдетке, дәстүрге айналып отыр. Қай салада болсын құжат, мәтін алдымен орыс тілінде әзірленіп, ана тіліндегі нобайы соңынан түзіледі. Белгілі аудармашы-зерттеуші Кеңес Юсупов «Заң тілі – заман тілі» мақаласында: «Бізде қазіргі кезде заңдардың мемлекеттік тілмен мәртебесі тең саналатын тілде, Негізгі Заңымыздың 7-бабында жазылғандай, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатын орыс тілінде ресімделіп, содан кейін ғана мемлекеттік тілге аударылып жүргені мәлім. Көпшіліктің пікірінше, барлық кереғарлық заңның ана тілінде жазылмауынан туындап отырған сияқты» деп жазады [1, 25]. Заңға қатысты мәтіндер ғана емес, кез келген термин мен сөздің қазақша баламасы да көп жағдайда орыс тіліне арқа сүйейтіні – таныс жайт.

Аударма мәселесіне жіті көңіл бөлген К. Юсупов: «Бүгінгі таңда біздің зерттеушілеріміз аударманы үш түрге бөліп жүр: а) еркін немесе нәзіралық аударма (вольный или свободный перевод); ә) дәлме-дәл және жолма-жол аударма (буквальный и дословный перевод); б) теңдес, толық, сәйкес келетін аударма (адекватный, полноценный перевод). Бізге керегі, яки заң, ресми құжат тіліне керегі, халықаралық мәтіндер тіліне керегі – соңғысы. Мұны

қазіргі кезде аутентикалық (сайма-сай – түпнұсқаға толық сәйкес) аударма деп атап та жүр» деп нақтылайды [1, 40].

Жоғарыдағы тиянақты қарастырып отырған «шет», «шетел» сөздеріне тікелей қатысты. Яғни, «шетел тілі» – К. Юсупов жүйесіндегі дәлме-дәл және жолма-жол аудармадан туған тіркес. Енді аталған тіркестің әр тілдегі баламасын қарастырып көрелік.

«Шет тілі», «иностранный язык» тіркесі әлемде қолданысы жағынан бірінші орында тұрған ағылшын тілінде «Foreign language» деген екі ғана сөзден тұрады. Мұндағы «language» қазақша «тіл» екені түсінікті, ал «foreign» – біздің «шет», «өзге», «бөтен», «басқа» сынды мағынаны береді.

Орысша-ағылшынша сөздіктердің дені «иностранный» [2, 864] мен оған синоним болатын «чужеземный» [2, 1185] сөздерінің аудармасы – осы «foreign». Байқасақ, «foreign» сөзінің шығу тәркіні тілмен, елмен байланысты. Оксфорд сөздіктеріндегі «foreign \foran \adj 1 of, in, or from a country that is not your own 2 concerning other countries: ~ policy 3 ~ to (fml) not natural to sb\sth: ~ to his nature ...» [3, 173] деген анықтаманы сөзбе-сөз түсіндірсек: foreign \ foran \ сын есім 1. сіздікі емес бөтен ел 2. ~ policy басқа елдерге қатысты ережелер: 3. ~ to (fml) біреуге\бірнәрсеге бөтен: ~ оның табиғатына Демек, «foreign language» дәлме-дәл – «бөтен елдің тілі».

Этимологиясына қарасақ, «foreign» ортағасырлық ағылшын тіліндегі foren, forein, көне француз тіліндегі forein, forain латынның foras, foris – «сырт, тысқары», fores – «есік» сөздерінен алынған [3, 173]. Мұндағы «есік» басқаша «қақпа» «out of doors» «сыртта», «үйден тыс» мағынасын береді [3, 133]. Ал орысша «иностранный» қазақшада сөзбе-сөз «шетел» болғанымен, осы біріккен сөзді бөліп алып тәржімелесек, біздің тілде «шет ел» болып шығады. Бірақ барлық тіл сияқты ағылшын тілінде де оның синонимі бар. Мәселен, чужбина – «foreign land» [2, 1185]. Онда «шетел тілі» тіркесін неге «foreignland language» деп үш сөзбен аудармасқа?» деген сұрақ туады. Әрине, ол әрекет жүзеге аспайды. Себебі ол тілдің принципі бойынша тек «foreign language» болуға тиіс. Ана тіліміз де принципсіз емес, «foreign language» қазақша «шет тілі» деп дыбысталуы қажет. Өйткені Оксфорд сөздігіндегі «foreign» қазақша «сырт», «тыс», «шет» сөздерімен мәндес.

Орысша «иной» тілімізде «басқа», «бөтен», «өзге», «бөгде» секілді мағыналарға ие: «иной язык» – «өзге тіл» т.б. Аталған сөздердің ағылшынша баламасын Мюллер сөздігі былайша ұсынады: «другой» – other, another [2, 829], «посторонний» I сущ. stanger, outsider;... II прил. outside, irrelevant [2, 1024], «чуждый» – alien [2, 1185]. Ағылшынша «foreign» орыс тілінде тек тілмен ғана тіркеспейді, жоғарыда айтқандай, елге қатысты сөздерде қолданылады: «заграничный» – «foreign» «заграница» – «foreign countries» [2, 841], «зарубежный» – «foreign», «зарубежье» – «foreign countries» [2, 848]. Қазақ тіліне тәржімаласақ – «шет», «шет елдер». Демек, «foreign language» тіркесін «шет тілі» деп айтуға негіз бар.

Немісшеге де ағылшын тіліндегідей құбылыс тән: «иностранный язык» тіркесі – «Fremdsprache» деген екі сөзден тұратын біріккен сөз. Немісше-

орысша сөздікте «fremd» чужой; ausländisch иностранный; fern-, außenstehend посторонний [1]; Ansichten, Gebräuche чуждый – a! ~ e Länder чужие страны [края]» [4, 203] делінеді. «Бөтен», «бейтаныс», «басқа» мағынасында «иной» 1. (*другой*) anderer; иноязычный fremdsprachig... » [5, 145], «посторонний» 1. *суц.* Fremde m; Unbefugte m; 2. *прил.* fremd, unbekannt» [5, 326] деп қолданылады. Бұл мысалдардағы «ausländisch» біріккен сөзін талдасақ, «aus» предлогі қазақша «тыс», «шет» болады, «Land» түбірінен шыққан «ländisch» – «елдік». Басқаша «шет ел» тіркесі «fremdes Land» немесе қос тілді орысша-немісше сөздікте «заграничный» – ausländisch, Auslands-» [5, 118], «зарубежный – – ausländisch, Auslands-» [5, 129] деп аударылады. Аңдасақ, «Fremdsprache» тіркесін сөзбе-сөз «бөтен тіл», «бөгде тіл» және «шет тілі» деп те тәржімалауға келеді. Себебі неміс тіліндегі «Fremde» зат есімі орысша «чужбина», «чужой край» [4, 203] мысалдарымен түсіндіріледі.

Ал түркі тілдеріне келсек, мұнда да Еуропа тілдеріне тән ұқсастықтар мен ерекшеліктерді аңғарамыз. Түрік тілінде «басқа», «шетелдік», «шетелдік адам», «бөтен», «бөгде» сөздерінің бәрі де «yaban» деген түбірден тарайды. Түрікше-орысша, орысша-түрікше сөздікке көз жүгіртейік: «Иной (*прил.*)başka, diğеr, иностранец» (*суц.*)еснеbi, yabancı, иностранный (*прил.*) еснеbi, yabancı [6, 403], посторонний (*прил.*)yabancı [6, 471], чужой (*прил.*)el, garip, yaban» [6, 536], ал «тіл» «язык (*суц.*)(м) dil, lisan» [6, 542]. Қазақша «бөгде тіл», «бөтен тіл», «шет тілі» дегендер түрік тілінде бір ғана тіркеспен «yabancı dil» деп беріледі.

Ал «заграница» – «yurtdışında», «зарубежье» – «yurt dışında», «зарубежный» – «yabancı», «заграничный» – «yurtdışı» болады. «Сырт», «тыс» мәнінде қолданылатын «вне» үстеуі түрік тіліне «diş» [6, 368] деп аударылса, «yurt», «memleket» сөздері орысшаға «родина» [6, 492] деп тәржімаланып, қазақша «ел», «отан», «мемлекет» мағынасын береді. Түрікше «diş» қазақ тілінде, сондай-ақ өзге түркі тілдерінде «тыс», «шет» мәнде қолданылады. Сол елдердің бірнешеуін қазақ тілімен салыстыра отырып, кестегетүсірейік.

қазақша	түрікше	қырғызша	өзбекше	татарша	башқұртша
басқа, бөгде, өзге	başka, diğеr	башка	бегона, ўзга,	башка, бүтән	башка үзгә
шет тілі шетел тілі	yabancı dil	чет тили	чет тили	чит тел	сит тел
бөтен, жат	yabancı, garip, yaban	чет элдик	йот	чит	сит, ят; бүтән
Сыртқы істер министрлі гі	Dışişleri Bakanlığı	Тышкы иштер министрлиги	Ташки ишлар вазирлиги	Чит эшләр министрлыг ы	Сит ил эштәре министрлыг ы
шетелдік	yabancı	чет элдик	-чет элли	чит илләр	сит илдәге
шетел	yurtdışında	чет	чет эл(лар)	чит ил	сит ил

Кестеден көргендеріңіздей, дыбысталуы қазақ тіліне жақын, ұқсас тіркестер пайда болды: шет тілі, yabancı dil (түрікше), чет тили (қырғызша), чет тили (өзбекше), чит тел (татарша), сит тел (башқұртша). Қазақ тіліндегі «шетел тілі» түрікше «yabancı yurt dili», қырғызша «чет эл тили», өзбекше «чет эл тили», татарша «чит ил теле», башқұртша «сит ил теле» болып тұрған жоқ. Мағыналас сөздердің қатарын түзетін «шет», «сырт», «тыс» аталған түркі тілдерінің бәрінде бар. Мысалы: Сыртқы істер министрлігі – Dışişleri Bakanlığı – Тышқы иштер министрлиги – Ташки ишлар Вазирлиги – Чит эшләр министрлығы – Сит ил эштәре министрлығы [7, 8, 9, 10].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі «**СЫРТ** Бір нәрсенің ішіне қарама-қарсы жақ, тыс. □ **Сырт дүние** – қоршаған орта, айнала, төңірек. **Сырт естүі** – бөгде біреудің айтуы.... **Сырт хабар** – біреу арқылы естілген хабар. ◇ **Сырт адам (кісі)** – бөгде кісі, бөтен кісі. **Сырт айналды (берді)** – теріс қарады, қаиқалақтады. **Сырт қалды** – шеттеп қалды, еленбеді. **Сырттан тон пішті** – анығына көз жеткізбей құр долбарлады. **Сырты бүтін, іші түтін** – көңілі жарым, ішқұса. **Сыртына шығармады** – сыр бермей ішке бүкті, ішінен тынды» [11, 766] талдамасына қарап, «Министерство иностранных дел» тіркесі ана тілімізде «Шетел істері министрлігі» емес, «Сыртқы істер министрлігі» деп орынды аталған деп санаймыз.

«**Сырт**» сөзінің «тыс» нұсқасы түрік, қырғыз, өзбек халқы сыртқы істер министрліктерінде айтылады. Дыбысталуы өзгеше болғанымен, «**ТЫС** I 1. *Сырт жақ, дала. 2. Тысқары, бөлек.* **ТЫСҚАРЫ** 1. *Сырт жер, дала. 2. Аулақ, шет, жырақ»* [11, 841] «сырт» сөзімен мағыналас екені түсіндірме сөздіктерде көрсетілген. Ал татар және башқұрт тілдерінде аталған министрлік атауы «шет» сөзімен беріледі. Біріншісінде «шет істері министрлігі болса, екіншісіне «ел» сөзі тіркесіп, башқұртша «шет ел істері министрлігі» деп аталады (бұл орыс тілінің төтенше ықпалы болуы тиіс).

«**ШЕТ** 1. *Бір нәрсенің шегі, ұшы, жиегі. 2. Оңаша, жеке, оқшау, бөлек.* ◇ **Шет аймақ** – алыс, жырақ жақ. **Шет жүрді** – оқшау, бөлек жүрді. **Шетке шығару, шеттен келтіру** – мемлекетаралық сауда операциясы: шетелдерге тауар шығарып сату; шетелдерден тауар сатып алу. **Шет көрді** – жат санады, ұнатпады. **Шетқақпай қылды [етті]** – ішке тартпады, сыртқа тепті, сырттатты. **Шет пұшпақ** – шет жағасы. **Шет пұшпақтап** – аз-аздан, там-тұмдап, жағалатып. **Шетел Басқа, бөгде ел, бөтен мемлекет»** [11, 914] түсіндірме-талдауынан «шетел тілі» демей-ақ, «шет тілі» деп айта алатынымызға көз жеткіземіз. Тілімізде туыстығы жоқ, ұқсамайтын сөзді, тілді «жат» деп айту әлімсақтан орнықса, тілдік қолданымға ХХ ғасырдың 10-20 жылдарындағы «жат сөз», «жат тіл» делінген тіркестерді де енгізудің қисыны бар.

Жоғарыдағы кестеде «жат» сөзін өзбек тілі «йот», башқұрт тілінде «ят» деп пайдаланатыны түсірілген. Бұл сөзді тілдің жеті қыртысын білетін Алаш қайраткерлері жайдан-жай қолданбаса керек. Қазақ тіл білімінің негізін

калаған Ахмет Байтұрсынұлының: «Тілдің ауанына қарамай, харіптің, емленің ауанына бұрып тілдің көркін бұзған, әдеби тілмен жазамыз деп, жат тілмен жазып, өз тілінен айрылған басқа түріктердің ізіне түсіп, тілімізді аздырғанымызды мақұл көрмейміз» деген [12, 551] афоризм сынды ойы бар. Ғұлама қолданысындағы «жат тіл» – қазіргіше «шет тіл» деген тұжырымға келеміз. Сондай-ақ Алаш тілшісі тіл байлығын, көркемдігін, табиғи қалпын сақтауды басты мақсат етіп қойғаны тағы бір айқындалады.

Мақалада зерделеп, зерттеп отырған мәселемізге қатысты Кеңес Юсупов: «Ахмет Байтұрсынұлының **сөздің дұрыстығы, тазалығы, анықтығы, дәлдігі, көрнектілігі** турасында айтқан мына бір өсиетін естен бір сәтке де шығармауымыз керек. «Қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта (біз мұны заң терминологиямыз қалыптасып жетпеген уақытта деп оқиық) біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп ол жағынан қатал қарап, қашып тұрмаймыз. Жалғыз-ақ, біздің мықтап қашатынымыз – жатшылдық (жат сөзшілдік)» деген екен. Сөзінің келесі ежесінде Ақаң мәдениет жемісіне біз сияқты аузы жаңа жеткен жұрттың (мұны тәуелсіздікке енді жеткен елдің деп ұғайық) өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айрылып қалу ықтимал екенін ескертеді», – деп жазады [1, 159] (Автор бұл жерде «еже» деп абзацты айтады).

1924 жылы өткен Қазақ білімпаздары тұңғыш сиезінің күн тәртібіне кірме сөздерге абай қарап, тіл тазалығы мен табиғилығын сақтау мәселесі қойылды. Бұл жиында А. Байтұрсынұлымен бірге Е. Омарұлы секілді ұлт, тіл жанашырлары сөз сөйледі. Олар жат сөздерді сөзбе-сөз аудармай, мүмкіндігінше өз тіліміздің ерекшелігі мен заңына салып енгізуді ұсынады. Осы тұстағы Қошқе Кеменгерұлының мына өсиеті әлі де маңызды: «Тілші сөзі қазақтың қоспасыз өз тілімен, ел тілімен жазылу керек. Газет сөзіне еліктесе, тілші сөзін бұзып алуға мүмкін, сондықтан газеттен үйренуден де елден үйренуге көңіл қойған мақұл» [13, 165].

Қорыта келе айтарымыз: барша тілдегідей қазақ тілінің де қатаң сақталуға тиісті принциптері, ереже-заңдары бар. Ол ұстанымдар, Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, сөздің дұрыстығына, тазалығына, анықтығына, дәлдігіне, көрнектілігіне тікелей жауапты. Сондықтан өзге тілге қатысты сөз тіркесі мен сөзді қолдану кезінде ана тіліміздің табиғилығын бірінші орынға қойғанымыз абзал.

Әдебиет:

1. Юсуп К. Ресми мәтіндер аудармасы: сипаты мен ерекшелігі. – Астана: Фолиант, 2011. – 304 б.

2. Мюллер В. К. Англо-русский, русско-английский словарь. 150 000 слов и выражений. – М.: Эксмо, 2010. – 1200 с.

3. Oxford Learner's pocket Dictionary; [https://en.oxforddictionaries. Com /definition /foreign](https://en.oxforddictionaries.com/definition/foreign); <https://www.merriam-webster.com/dictionary/foreign>

4. Wörterbuch, Deutsch-Russisch\ von Edmund Daum u. Werner Schenk. -1. Aufl. – Leipzig: Verlag Enzyklopädie, 1987. (E-Wörterbuch). – 719S.
5. Русско-немецкий словарь. Около 22 000 слов. Под редакцией А. А. Лепинга. - М.: Рус. яз., 1985. – 528 с.
6. Новый турецко-русский, русско-турецкий словарь: 30 000 слов и словосочетаний. – Москва: Дом славянской книги, 2011. – 542 с. ; <https://ru.glosbe.com/ru/tr/зарубежный>
7. <https://translate.yandex.kz/?lang=ru-uz&text=посторонний>
8. <https://translate.academic.ru/министерство%20иностранных%20>
9. https://sahifa.tj/russko_uzbekskij.aspx
10. https://sahifa.tj/russko_kirgizskij.aspx
11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған – Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
12. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Абзал-Ай, 2013. -640 б.
13. Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. - 1-том: Зерттеулер, мақалалар, пьесалар, әңгімелер. - Алматы: Алаш, 2005. - 320 б.

Көркем мәтінді тілдік талдау түрлері

Жүнісова М.

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

Аңдатпа: Мақалада «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» пәнінен дәріс оқитын және талдау жүргізетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында берілетін мысалдар топтамасы негізге алына отырып, мәтінді талдаудың түрлері ұсынылады.

Түйін сөздер: көркем мәтін, дискурс, лингвистикалық талдау, диалог, стиль

Summary: This article presents the types of text analysis, based on the series of examples given in the specialty of Kazakh language and literature, which lectures and analyzes the discipline "Linguistic analysis of the literary text".

Key words: art text, discourse, linguistic analysis, dialogue, style

Қазіргі қазақ тілінде мәтінді тілдік талдаудың түрлері жөнінде жазылып жүрген еңбектер көптеп кездеседі. Көркем мәтінді тілдік талдаудың ғылыми негіздерін қалыптастырған тілші ғалымдарымыз да бар.

Бүгінгі мәселе осы талдаулардың тікелей өзін алу арқылы жазушының не ақынның сөзіндегі құндылықты анықтау болып отыр. Ол үшін «Жаңартылған мазмұндағы білім беру жүйесінде» практикалық тапсырмалардың алатын орны ерекше. Аталған бағдарламаның «Білім беру мазұнына қойылатын талаптар» деген үшінші бөлімінде: «негізгі құндылықтар: қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек пен шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білі алу» деп негізгі алтауын белгілеп берген [1, 36].

Қазақ тілі мен әдебиетінен ұстаздық қызмет атқаратын болашақ мамандар тәрбиелейтін, 90 жылдық тарихы бар Қара шаңырағымызда 8-12 қаңтар аралығында Республикалық оқу-әдістемелік Кеңестің ұйымдастыруымен еліміздің 27 ЖОО оқытушыларымен өткен «Қысқы мектепте» практикалық тапсырмалармен жұмыс жасатуды тікелей үйретіп көрсетті. Ендігі үйретерімізді белгілеп берді. Келесі кезекте осы пәндердің мазмұнына талдауларды жиі енгізу қажеттілігі туындап отыр.

Тілдік талдаулар көп. «*Дискурсивті талдау* дегеніміз – не? Жалпы *дискурс* термині қашаннан бері пайда болды? дер болсақ, ғылым салаларының антропоэлекті бағытты ұстанғанынан бері қарай, яғни, Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ тіл білімінде *дискурс* термині сол күйінде қолданылып келеді.

Дискурс – (фр. discours – сөйлеу) – экстралингвистикалық, яғни, парадигматикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық факторлармен байланыста болатын мәтін. Белгілі бір оқиғаны баяндайтын мәтін. Дискурс – өмірдің тілі, сондықтан да дискурс термині «мәтін» терминімен салыстырғанда көне, басқа да бүгінгі өмірмен байланысы жоқ мәтіндерге қолданылмайды.

Қазақ тіл білімінде дискурстың кейбір негізгі белгілерін Қ. Жұбановтың 30-жылдардағы зерттеулерінен кездестіреміз. Ғалым: «Сөз бұйымын жасап шығару үшін де оның жасалу жолын, материалының сыр-сипатын білу керек. Сөзді дұрыс құраудың жолын білу – жазылатын сөзге ала-бөтен қарау. Өйткені ауызекі сөйленетін сөздердің андай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар. Дауыстап сөйлеген сөздердің олқысы көбінесе ыммен толады. Дұрыс айтылмағанын сезсе, сөйлеушінің өзі де сөзін қайта түзеп айтып, түсінікті қылады. Мұның бәрі де жеткіліксіз болса, ауызба-ауыз сөйлескен адам қайта сұрап алуына болады. Жазулы сөзде бұл кемшіліктердің бірі де жоқ. Кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады, солай түсініледі немесе түсініксіз күйімен қалып қояды. Мұнда жазған кісіден қайта сұрап алуға болмайды. Сөзді қалай құрудың тетігін білу ауызекі сөз үшін де аса керекті», – деп көрсетеді [2, 142].

Менің ойымша, осы мәселені қозғауы – қазақ халқында сөйлеуге, сөздің қолданысына ертеден көңіл бөлінгенінің, сөз қолданыс тәрбиесінің бар екенінің тағы бір айғағы. Ал қазіргі қазақ тіл білімінде дискурс термині соңғы кезде сөйлеудің дәстүрлі ұғымын модификациялап, *мәтін*, *диалог*, *стиль* аясында тіл ғылымында ерекше орын ала бастады.

Шешендік сөздер табиғаты айрықша феномен болғандықтан, *мәтін ретінде лингвистикалық талдауға негіз* болады.

Мәтін – қимыл-әрекеттегі тіл. Тілдің негізгі бірлігі сөз, сөйлем емес – мәтін. Мәтін лингвистикасын дискурсивті талдаудың бір бөлімі, компоненті ретінде тану, сөйлеу мен мәтіннің өзара байланысы – дискурс мәтін талдаудан басталады. Ғалым Н. Уәлиев атап көрсеткеніндей, «*Мәтін* – дискурстық әрекеттің өнімі, нәтижесі, туындысы» [3, 12]. Дискурс туралы

түсінікке берілген сан алуан пікірлер. Дискурс типологиясы. Дискурс құрылымы. Дискурс туралы ойлар қазақ тіл білімінде де, дәл сол терминмен аталмаса да қолданыста болған деуге болады. «Дискурс» сөзінің алғашқы мағынасы «ақылды ойлану» (разумные размышление) деген ұғымға да жақын. Дискурс терминінің жан-жақты кеңеюіне, әртүрлі сипатқа ие болуына Д. Ван Дейк мектебі әсер етті. Мектеп өкілдері дискурс табиғатын толық ашуда когнитивті-прагматикалық әдіс-тәсілдерді пайдалануға болатынын айтқан. Бүгінде дискурс сөйлеуші ---мәтін --- тыңдаушы тұрғысында қарастырылып, тыңдаушының қабылдауына айрықша көңіл бөлініп отыр.

Дискурс ХХ ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап лингвистикада алғашында «сөйлеу» мағынасында қолданылса, жалпылама түрде «коммуникативтік оқиға», «коммуникативтік жағдай» терминдерімен берілуде. Сондай-ақ дискурс дәстүрлі стиль ұғымын ары қарай нақтылау үшін және жеке жазушы, ақынның Мысалы: *Абай тілі, Әуезов стилі* дейтін бұрыннан қалыптасқан тіркес мағынасын жаңалап айтатындар. Мәселен, қазіргі *орыс саяси дискурсы, ғылыми дискурс, педагогикалық дискурс, публицистикалық дискурс, көркем әдебиет дискурсы, әдеби сын дискурсы* деп аталып жүр.

Мәтіннің қатысымдық табиғаты – дискурс. Дискурс – тілдік әрекет, сөйлеудің жолы, тәсілі. Дискурс – іс-әрекет, сұхбаттасушылардың өзара қарым-қатынасы. Келесі бір кезекте өзімнің «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» пәнінен дәріс оқитын және талдау жүргізетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығында беретін тапсырмаларымның топтамасын мысалға алып, төмендегідей мәтінді талдау түрлерін ұсынамын.

1-СӨЖ

Таңдап алған шығармаңыздың (дискурсивті талдау)

дискурсы

баспасы, бет саны, жылы

Ғалым Н. Уәлиев атап көрсеткендей, «*Мәтін – дискурстық әрекеттің өнімі, нәтижесі, туындысы*»

1. Дискурс ұғымын шешен сөйлеуімен байланыстырыңыз.

2. Дискурс сөйлеу сызбасын нақты мысалдармен көрсетіңіз.

3. Сұхбаттасушылардың арасындағы дискурс орнын түсіндіріңіз.

4. Айтушы мен тыңдаушыны белгілеңіз.

5. Қай түріне жататынын астын сызып көрсетіңіз.

- саяси дискурс
- ғылыми дискурс
- педагогикалық дискурс
- публицистикалық дискурс
- көркем әдебиет дискурсы
- әдеби сын дискурсы

6. Шығармадағы басқа да дискурстар туралы 3-5 сөйлеммен тұратын өзіндік пікіріңіз

2-СӨЖ

Шығарма лексикасы (лексикалық талдау)

Шығарма бетімен көрсетіп дәлелдеңіз, мысалы: [1, 15]

Жеке авторлық сөзжасам. Сөзтіркесім үлгілері

Шығарма мәтінінің лексикалық ерекшеліктері
(Синоним, антоним, омоним, көнерген сөздер)

Шығарма мәтінін түзуде шығарманың тақырыптық ерекшеліктері

Шығарма контексінен мысал келтіріңіз.

Шығарма мәтініндегі метафоралық қолданыстар

Шығармадағы сөздердегі мақал-мәтелдер

Шығармадағы фразеологизмдер

Шығармадағы сөздердегі мағынасы күңгірт сөздер

Шығармадағы мәдени лексика

Шығармадағы табу мен эвфемизмдер

Шығармадағы қайталамалар

Шығармадағы киелі сөздер мағынасы

Шығармадағы діни лексика

Шығармадағы бейвербалдық амалдар

Шығармадағы теңеулердің жасалу жолдары

3-СӨЖ

Компоненттік талдау

1. Коннотативтік (сөздің қосымша ағынаға ие болуы)

2. Эмоция мен сезімге байланысты сөздер

3. Денотативтік сөздер

4. Прагматиктік сема

5. Архисема

6. Ситуативтік сема

4-СӨЖ

Концептуалдық талдау

Туған жер, Ана, Жан, Өмір сияқты т.б. концептілерді келтіресіз.

Шығармадағы грамматикалық категориялар:

1. Континиум (жалғастыруы)

2. Ретроспекция (қайталап отыруы)

3. Проспекция (болашақ жоспары)

4. Модалдылық (үлгі)

5. Интеграция (қосылу)

Шығармадағы мазмұндық категориялар:

1. Персонаж

2. Уақыт

3. Кеңістік

4. Хабардың түпдерегі

5. Автордың образы

6. Оқырман образы

1. Сипаттамалы суреттеу (подтекст)

«ЖОО үздік оқытушысы-2016» мемлекеттік грантының қаржысына жарық көрген «Қазақ тіл біліміндегі антропоэекті бағыттар» (қазақ, ағылшын тілдерінде) деп аталатын оқу құралымда осы антропоэекті салалардың алты түрін қамтып, олардың әрқайсысына тән талдаулар жасадым. Себебі қазіргі оқулықтар мен оқу құралдарында теориялық тұрғыдан мәтіндермен түсіндіріп қана қоймай, сол мәселенің инфографикасын жасау міндеті бар [4, 142]. Осы әрекеттік талдаулардан кейін студент шәкірттерім ғылыми мақала жазуға, белгілі бір автордың сөз қолданысына, мәтіндердің мән-мағынасына барынша назар аудара бастады. Бұл талдаулар арқылы жазылған мәтінді түсінуге және студенттерімнің болашақ мамандығына байланысты орнымен сөйлеуіне, жөнін айтуына, тіпті күнделікті адами қажеттіліктерін сөйлеу арқылы өтеуде көмегі көп болды. Көркем мәтіндегі барлық құндылықтарды бойларына сіңіре білді.

Әдебиет:

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 2016. – 50 б.
2. Жүнісова М. Қ. Жұбанов және тіл білімінің жаңа бағыттары. Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2015. – 142 б.
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. канд.... автореф.: 10. 02. 02. - Алматы, 2010. – 56 б.
4. Жүнісова М. Ә. Қазақ тіл біліміндегі антропоэекті бағыттар / Оқу құралы. 2017. – 104 б.

Тілдегі эмоционалдық құбылысы

Аширова А.

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты*

Аңдатпа: Тіл – қатынас құралы. Адам баласы қоғамда тіл байлығын дамытып, сөйлеу мәнерін жетілдіріп, өзін тұлға ретінде қалыптастыру үшін жан-жағымен көптеп қарым-қатынасқа түседі. Осы орайда басынан көптеген сезімдік күй кешеді. Жағымды жаңалықтар мен игі істерге қуанып, сүйсініп, шаттанады. Ал көңіліне қаяу салар жағдайларға қайғырып, күйініп, тіпті кейде ашуланып та жатады. Осындай жағдайларға байланысты жағымды мен жағымсыз эмоция туады. Эмоцияның тіл арқылы бейнеленіп, тілдік құралдар арқылы берілуі қиындық тудырғанымен, тіл білімінде маңызы өте зор. Неге десеңіз, адамның эмоциясыз жүруі қоғамда тым сирек кездесетін құбылыс, тіпті жоқтың қасы деуге де болар. Сондықтан, эмоцияның қазақ тіліндегі рөліне баса назар аударғанымыз жөн.

Түйін сөздер: эмоция, аффект, екпін, тұрақты тіркес.

Summary: Language is a means of communication. In order to fully form as a person, to develop speech, a person communicates with the environment. At this time a person experiences different emotions and feelings. Rejoice in good news and business. And, if the news is sad, then there is sadness, sadness, sometimes even aggression. From the definition of cases, emotions are

divided into positive and negative. The role of emotions in linguistics is great. Because, in society, you can say there is no person without emotions. Therefore, let's pay attention to the role of emotions in the Kazakh language.

Key words: *emotions, affection, accent, constant expression.*

Эмоцияның маңызын анықтамас бұрын оның мәнінбаса ұғынып алғанымыз дұрыс. *Эмоция* термині толғандырамын, күйзелтемін деген мағынаны білдіретін латын тіліндегі *emoveo* деген лексикалық бірліктен қалыптасқан. Адамның жан-дүниесінде болатын қуаныш, қайғы, ашу, ыза, кек, қорқыныш, үрей т.б. да күрделі психикалық құбылыстардың (толғаныстардың, күйзелістедің) жиынтығы бір сөзбен эмоция деп аталады [1, 28]. Эмоция арқылы адамның өзін қоршаған ортасына деген қарым-қатынасы айқын көрінетін кездері де болады. Тіпті, табиғат құбылыстарына, жан-жануарларға деген көзқарастары да осы эмоция арқылы байқалып жатады.

Эмоцияның ерекше белгісі ретінде оның субъективтілігі танылады. Эмоцияның анықтамасы 3 аспектіні қарастырады:

А) ішкі уайымдау;

Б) физиологиялық белсенділік (жүйкелі, эндокриндік және ағзаның өзге де жүйелерінде көрініс табатын процестер);

В) бақыланатын эмоциялар кешені (мінез-құлықтағы сыртқы сипат) [2, 97б.]

Эмоциялар адамның әлеуметтік болмысын қамтамасыз ететін маңызды психологиялық құрал болып табылады. Сондықтан олар адамда оның ішкі жан дүниесінің қажетті жағы ретінде пайда болып, өмір сүреді. Мынадай функцияларды атқарады: бағалаушы, сигналдық, оятушы және коммуникативті, сонымен қатар физиологиялық жәнетанымдықпроцестерге әсер ету функциясы. Адамға оның қажеттілігінің күйі туралы сигнал беріп тұрады. Бір нәрсеге деген мәжбүрлік өзектілігінен, сәйкесінше эмоциялық күйзелістер (ашығу, қызығу) туады. Олар қажеттіліктер деп аталады.

Түрлі авторлар эмоциялық құбылыстардың әртүрлі жіктеуін ұсынады. Осыған орай эмоцияларды бірнеше топқа жіктеуге болады. Олардың бір тобы *жағымды не ұнамды эмоциялар* деп аталады. Бұлар адамның қажеттілігіне орай, оның ішкі өмірінің шарықтап, жан-жағы өсу шарттарының бірі болып табылады. Мәселен, қуаныш, сүйіспеншілік, көңіл қоштық т.б. Осындай эмоциялардың енді бір тобы *жағымсыз не ұнамсызэмоциялар*. Бұлар – белсенді әрекетке азды-көпті нұқсан келтіретін сезімдер. Мұндай эмоцияларға қорқыныш, қайғы, абыржу, налу, үрейлену т.б. жатады. Сыртқы дүниенің әсері адамның миында тек қана сәулеленіп қоймай, адам оған толғанып, тебіреніп, өзінің қатынасын білдіреді. Эмоция адамның сыртқы келбеті, бет-әлпеті, қимылдары арқылы айқын көрінеді. Осыған орай *қарапайым, күрделі* болып бірнеше түрге бөлінеді. *Күрделі* эмоцияларға аффект(жан ұшыру), құмарлық жатады. Мұндай эмоциялар кейде ұзақ мерзімге созылатын адамның көңіл күй, толғаныс-тебіреністері. Мәселен, мұндай көңілдің бір қалыпта ұзақ мерзімді орын алатынын әрбір адам өзінің

жекеөмірінен байқай алады. Кейде біраз уақытадамның көңілі түсіңкі, енді бірде көтеріңкі болып, ол шаттанып, масаттанып жүреді. Онда жақсы, жағымды сезімдер пайда болып тұрады. Бірақ адамдар тек өз-өзінің құлы болмай, өз кейпін басқарып отыруы тиіс. *Қарапайым* эмоциялар тар мағынада, көңіл құмарлық т.б. салыстырғанда адамның бет-әлпетінен, қимыл-қозғалысынан білініп отыратын толғаныстар. Мәселен, қуаныш, күлкі, қайғы, ашу, қорқу, жек көру, табалау т.б. Қуаныш – адам кейпінің көтеріңкі болуымен, оның көңілді болуын, адамда жағымды, шұрайлы сөздер пайда болуымен байланысты. Мұндайда адам өте жомарт, мырза болса, керісінше, ашу үстінде кісі қатаң болып, сараңдығы ұстауы мүмкін. *Қорқу* эмоциясы қауіптің пайда болуынан туындайды. Мұндайда адам бір дегеннен не істерін білмей, сілейіп тұрып қалады. Тіпті мықтап үрейленсе қашып та кетеді немесе қорғану әрекеттерін жасайды. *Ашу*. Мұндайда адам қысылады, көзі жалт-жұлт етіп, дем алысы жиілейді. Ашудың күші барлық адамда бірдей емес. Оның күшті немесе әлсіз болуы адамның мінезіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты. Жеңіл мінезді адамдарда ашу көп уақыт тұрмайды. Ашуланғанын біраз уақыттан соң ұмытып кетеді. Ал өр мінезді адамдарда ашу тез тарқамайды, ол әркез бұрқанып, кектеніп жүреді. *Табалау* ыза мен қуаныштың қосынды түрі. Табалау – бұл біреуді мұқату, әшкерелеу. Ол адамға жаман сезім тудырады. Оны ызаландырып, мұқатумен бірге, оған ырза болып, кекесінмен күліп, келемеждейді. Өшпенділік, жек көру, негізінен жағымсыз эмоция. Эмоциялардың аз мерзімде бұрқ етіп, сыртқа шығарып, аз уақыт әрекет ететін түрі – *аффект* деп аталады. Оған өкініш, ашу, үрейлену еріп отырады. Аффект кезінде кісі кейде не айтқанын білмейді, себебі өзінің әрекетін бақылай алмай қалады.

Эмоциялар *оң* және *теріс* болып бөлінеді. Оң эмоциялар организмнің белсенділігімен анықталады. Теріс эмоциялар организмнің қанағаттанбаған жағдайымен анықталады. Оң және теріс эмоциялар мінез-құлықта маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, төменгі және жоғары эмоциялар да бар. Төменгі эмоциялар элементарлы, ол жануарлар мен адамдардың органикалық қажеттіліктерімен байланысты. Ал жоғары эмоциялар тек адамзат баласында ғана болады, себебі ол әлеуметтік және идеалды қажеттіліктердің қанағаттануымен байланысты (интеллектуалдық, моральдық, эстетикалық т. б.). Бұл күрделі эмоциялар сана базасында дамып, төменгі эмоцияларға тежегіш және бақылаушы әсерлер береді.

Бұлар эмоцияға және оның түрлеріне берілген шағын анықтамалық. Ал тілімізде бұл құбылыстың маңызы сөйлемдер арқылы айқын білінеді. Қазақ тіліндегі эмоцияның айрықша рөлі жайында қазақ тіл біліміндегі белгілі тілшілер Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. еңбектерінде осы жөнінде өз пікірлерін мысалмен дәйектейді: «Қазіргі қазақ тілінде басқа тілдердегі сияқты сөйлеушінің бір затқа немесе құбылысқа эмоционалдық көзқарасын білдіретін бір топ сөздер бар. Бұл категориядағы сөздердің тіл ғылымында эмоционалдық лексика немесе эмоционалдық мәні бар сөздер дейді. Сөйлеуші орман, көл, бес, тағы басқа сөздерді айтқанда бұл заттардың

атауында ешқандай эмоционалдық мән болмайды. Ал кейбір сөздерде, құбылыстардың атауларында жақсы немесе жаман қатынасты, психологиялық күйді білдіретін мән болады. Мысалы: айналайын, оңбаған, боқмұрын деген тек тиянақталған, тұрақты сөздерді ғана емес, сонымен бірге сөйлеушінің ой-күйін де білдіреді. Эмоционалдық лексика белгілі бір құбылысқа, затқа қауымның беретін бағасын аңғартады [3, 124].

Тіл біліміне аса зор үлесін қосып жатқан Әмір Р. өз еңбегінде эмоцияның тілде көрінуіне екі коммуникативтік себеп барын көрсетеді: «Эмоция – психикалық құбылыс. Оның тілде көрінуіне екі коммуникативтік себеп бар. Бірі – болмыстан алған әсерді білдіру, таңдаушыға жеткізу. Екіншісі, тыңдаушыны (немесе үшінші бір жақты) бір іске жұмылдыру үшін әсер ету. Тілдің синтаксистік жүйесінде эмоциялық тудыратын формалар көбіне баяндауыш мүше қатарынан көрінеді. Бұл заңды да. Өйткені баяндауыш сөйлемді ұйымдастыруда негізгі қызмет атқарады» [4, 73] Сонымен қатар, интонацияның да мәнінің зор екенін атап өтеді. Сөздің мәнін, мағынасын түрлендірудегі *интонация* қызметінің ерекшелігін көрсететін деректер:

- 1) *Айнаш! Ау, Айнаш – деген үннен селк етіп оянды* (О. Бөкей).
- 2) – *Киін! Почтаны тексереміз.*
– *Сен кімсің-ей?* («Бес тиын»)
- 3) – *Қайтасың!* – *деді міз бақпай...* (О. Бөкей)

Бұл сөйлемдердің барлығы леп белгісіне аяқталып, дауыс ырғағының көтеріңкі айтылатыны белгілі болып отыр. Осыдан интонацияның эмоцияда маңызын анық байқаймыз.

Доцент Иманалиева Ғ. осы тақырып жөніндегі зерттеуінде эмоцияның түрлерін көрсетіп, оған көптеген мысалдар келтірген. Соның бірнешесін атап өтсек. Олар: адамның органикалық қажеттіліктерінің өтелу, өтелмеуіне қарай **жағымды және жағымсыз**, белсенділігіне ықпал етуіне қарай **күшті және әлсіз**, сапалық ерекшеліктеріне байланысты **қарапайым және күрделі** эмоциялар.

1. Жағымды эмоцияға қуану, сүйсіну, еркелету т.б. жатқызады. Мысалы: *Лабақ ахун одан сайын аруақтанып, домбыраға шүйлігіп, тере сөзді нөсерше төгіп, бұршақша боратты. Шәріптің делебесі одан сайын қозып:*

- *Пах, пах! Бас! Аяма!* – деп қиқулады (С. Елубаев).

2. Жағымсыз эмоцияны қорқу, ашулану, қайғыру, налу т.б. деп береді. Мысалы: *Тиегі тырсылдап келіншек тұсындағы жібек кілемге ілулі арғын домбыра тұр екен. Сатанның көзіне оттай басылды. Көптен домбыра тартпаған. «Әттең!... – деді* (І. Жансүгіров).

Кейде бірқатар одағағайлардың да көпмәнді болып келіп, қолданылу ыңғайына қарай кейде жағымды, кейде жағымсыз эмоцияны білдіретінін айта келіп, оған мынадай мысал келтіреді:

- 1) *Досан таңырқап қарап отырып:*
– *Ай, тегі пенде болмассың, сайтан шығасың!* – деді (І. Жансүгіров).
- 2) – *Ай, ер-ай! Неге соғар екен ісің?* (І. Жансүгіров)

3. Адамның ерекше белсенділігін тудыратын қуаныш, ашу сияқты эмоциялар күшті эмоция болып есептеледі. Мысалы: *Осы жерде атымен екпіндеп кимелеп жұртты бұзып-жарып ортаға шыға келген Әзберген қамшымен Асан бәлшебекті қақ бастан тартып жіберді. Асанның кепкасы ұшып түсті. Маңдайынан қан саулап берді. Опыр-топыр болды да кетті төңірек. Жаяу жұрт бытырап тұра қашты* (С. Елубаев).

4. Ал эмоцияның әлсіз түрлеріне қорқыныш, сағыныш, уайым, енжарлық т.б. жататынын айта келіп, күшті мен әлсіз эмоцияға байланысты Жарықбаев Қ. жазған пікірмен тәмамдайды: «Бұл жерде мынадай бір жағдай есте болсын. Түрлі нақтылы жағдайлардың ретіне қарай адамдарда бір сезімнің өзі бірде қуатты, бірде әлсіз болып көрінуі мүмкін. Мәселен, қорқыныш сезімі кейде бір адамның буынын босатып, пәрменсіз етсе, енді бірде қауіп-қатерге қарсы тұрғызатын айбаттылыққа (күшті сезім) ауысуы мүмкін.

5. Қарапайым эмоцияға адамның қарны ашқан кездегі тәбетінің ашылуы, тағамды аңсауы мен дәмді тағам ішкен кездегі ләззатынан бастап эмоцияның барлық түрін жатқызады. Мысалы: *Бұл дүкеннен шыққанда мұрнына жас сорпаның аңқыған иісі келді. Сол-ақ екен, жүрегі сазып, қарны ашып сала берді* (С. Мұратбеков).

6. Эмоцияның күрделі түрлеріне көңіл, аффект, құмарлықты кіргізеді. Мысалы: *Қабағы қарс жабылып түн өлкесіне бұ да қарады. Аузын ашса, іштегі ашу-ыза лақ ететін түрі бар. Ақыры шыдамады, талағы тарс айырылды* (Ж. Аймауытов).

Жалпы, тіл білімінде эмоционалдықты білдіретін тілдік құбылыстарды зерттеудің өзіндік қиындықтары мен мәселелері де бар. Негізгілерін былай атап көрсеткен: эмоция мен сезім, көңіл, күй сияқты ұғымдардың ара-жігінің ашылмауы; эмоционалды лексиканың құрамына, оны жіктеуге қатысты бірауыздан мойындалған ғылыми тұжырымның жоқтығы; эмоцияны бейнелейтін және білдіретін тіл мәселесі т.б.

Тілдегі эмоцияның мән-мағынасын **тұрақты тіркестер** де күшейтуге ат салысады. Күшті эмоциялық сезімді сыртқа шығаруға үлкен шабытпен айтылатын серпер сөз керек. Алайда болып жатқан іс-әрекетті әркім әрқалай қабылдайды. Біреу жай ғана әсермен қалса, екінші біреу делебесі қозып, жігерленіп кетеді. Мысалы: ренжу мен ашулану бір-біріне синоним болғанымен, екеуі екі түрлі сатыдағы психологиялық жағдай. Осыған мысал ретінде: *Салы суға кеткен Жанғозин жолдас тағы да ауыл советке жол тартты* (С. Т.) *Ал ашулануға: «Қалшылдап, бетінің қаны қашып, сұрланып кабинетіне кірді. Жас жігіттер құсап жаман мінез көрсетіп, шырт ете қалмайды* (С. О.) Мұндай мағыналық ауқымы, образдылығы әртүрлі эмоционалды мағына үстеудің әрі қайталай беруден гөрі жаңа тіркеспен ойды жаңалай білудің кепілі [5, 124].

Сонымен, эмоция – сезім, көңіл күй, әсерге байланысты сөздер. Оның қазақ тіліндегі маңызды деген рөлін аз ғана шолып өттік. Дегенмен бұл қазіргі таңда әлі де көптеп зерттеуді қажет ететін мәселе. Бұл мәселенің толыққанды шешімі келешек ұрпақтың ойында болады деген сенімдеміз.

Әдебиет:

1. Жарықбаев Қ. Психология негіздері. – Алматы: «Эверо», 2005. - 462б.
2. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1962. - 315 б.
3. Әмір Р. Жай сөйлем синтаксисі. - Алматы: Санат, 1998. – 192 б.
4. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. - 2004- №6 (78). - 228 б.
5. Жақыпов С. Жалпы психология негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 160 б.

Фразеологизмдердің жалпы сипаты мен лексика-семантикалық және грамматикалық ерекшеліктері

Жунусова М.

Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Кельдибаева А.

Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ, шет тілдер факультетінің 2-курс магистранты

***Аңдатпа:** Мақалада фразеологизмдердің жалпы сипаты мен лексика-семантикалық және грамматикалық ерекшеліктері қарастырылады.*

***Түйін сөздер:** фразеологизмдер, грамматикалық ерекшелік, тұрақты сөз тіркестері, лексика-фразеологиялық тіркесімділік.*

***Summary:** The article deals with the general nature of lexical, semantic and grammatical features of phraseology.*

***Key words:** phraseology, grammatical specificity, regular expressions, lexicophraseological combination.*

Тіл ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық құбылыс екені баршаға белгілі. Бір тіл бір ұлтты танытады. Яғни, кез келген халықтық ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады, халық даналығы, дүниетаным көзқарасы тілінде түйінделеді. Тіл қазынасына жататын көкейге қонымды, бейнелі, алуан түрлі тұрақты тіркестер, олардың тілдік табиғаты, заңдылықтары, құрылымдық ерекшеліктері әлемдік тілдердің көпшілігінде зерттеліп келе жатқаны белгілі. Себебі олардың шығу төркіні, көнеленуі, мағыналық құрылымы, тұлғасы жағынан және стильдік тұрғыдан өзіндік ерекшеліктері бар. Осы көркем, мазмұны терең, көлемі шағын-қабат тіркес, тізбектердің танымдық мәні ерекше. Уақыт өте келе ықшамдалып, өңделіп, халықтық ортақ мұраға айналған сан-саналы тізбектерді жинақтап, бір ізге түсіру, олардың мазмұн мәжесіндегі кодқа салынған әртүрлі ақпараттарды айқындау тіл мамандарын ерекше қызықтырып отыр.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің мағына-мәні осы тілдерде сөйлейтін ұлттың ертеден бергі өмірін жан-жақты айқындайды.

Халықтың күнделікті өмір тіршілігі негізінде пайда болып қалыптасқан фразеологиялық бірліктерді қос тілден жиналған деректерімізден кездестіруге болады. Бұл фразеологиялық бірліктер тілдік қолданыста әр уақыттың салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, мәдениетіне, психологиясына, тарихына байланысты қалыптасып, тілдік қолданыста дамып өрбіген. Сондықтан да олар әр халықтың ерекшелігіне байланысты өсіп-өрбіп, сол халықтың ғасырлар бойы жинаған құндылығының бірі болып табылады. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктердің беретін ұғымы әр ұлттың өзіне ғана тән рухани өмірін суреттейді. Яғни, қос тілдегі фразеологизмдер ұлттық сезім, ұлттық мінез, ұлттық салт-дәстүр негізін айқындайды. Осыған орай ағылшын және қазақ тілдеріндегі тұрақты тіркестердің қалыптасуын айқындауда әр ұлттың дүниетанымын, ой-парасатын және рухани парасатымен байланысты пайда болып қалыптасқан тұрақты тіркестерді саралап, олардың тілдік қатынаста қалыптасуын негіз етіп алдық.

Әлемдегі тіршіліктің бар саласын қамтитын әр ұлттың өзіне ғана тән көркем сөз орамдары – фразеологизмдерді молынан табуға болады. Фразеологизм тілдің айшықты да, мәнерлі, бай саласының бірі. Бұлар өзінің бейнелік, әсерлік, экспрессивті – эмоциялық, суреттеме қасиетімен көзге түседі. Осындай көркем, пәрменді бояуы қанық алуан түрлі фразеологизмдерді халық орынды пайдаланып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Халықтың талай ғасыр сомдап шығарған тұрақты тіркестері – фразеологизмдер тіл қазынасының бір бөлігі екені даусыз.

Фразеология атауы, негізінен, екі түрлі мағынада қолданылады. Біріншіден, тілдегі тиынақты тұрақты сөз тіркестерін қазіргі және тарихи даму тұрғысынан зерттейтін тіл білімнің бір саласы дегенді, екіншіден – белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы дегенді білдіреді. Сондықтан болар фразеологизмдер көкейге қонымды, ықшам, ұтқыр да ұтымды сөз өнерінің тілдік және поэтикалық бұлақтары санатына жатады. Айшықты сөз өнерінің басым көпшілігі халықтың тұрмыс тіршілігінде, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, діни, наным-сеніміне байланысты туындаған. Олардың құрылымын, тілде қалыптасу кезеңдерін тұрақталу негіздерін зерттеу, сайып келгенде, оқырман қауымды оның тілдік табиғатынан хабардар етіп қоймай, сонымен қатар этнос өмірімен тұтастығымен ерекшеленеді.

Соңғы жылдары халықаралық, тіларалық қатынастың дамуына байланысты құрылымы жағынан да мүлдем алшақ тілдерді салыстыра зерттеу тіл ғылымында дәстүрге айналып келе жатыр. Салыстыра зерттеу барысында екі тілдің өзіндік құрылымдық және жүйелік ерекшеліктері мен ұқсастықтары айқындауда. Сондай-ақ тіл табиғатында осы уақытқа дейін зерттеушілер назарынан шет қалған кейбір құбылыстардың сыры ашылып, осы кезеңге дейін қалыптасқан тұжырымдар басқа қырынан зерделенуі, тілдің өзіндік сипаты айқындатуда. Әр типтес тілдердегі фразеологизмдерді

салыстыра зерттеу өзіндік тұңғық сыры бар қиындығы да мол күрделі жұмыс.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді зерттеуге деген құлшыныс академик І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілі фразеологиялық сөздігі» атты көлемді еңбегінен етек бастаған. Бұл құнды еңбек тек қана қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркі тануға қосылған елеулі үлес деп қарауға болады. Автор аталған сөздіктің «Қазақ тілінің фразеологизмдері» бөлімінде қазақ тіліндегі фразеологиялық теорияның мәселесін жан-жақты қарастырып, біраз ілгері дамытқан. Қазақ тілінің фразеологизмдерін зерттеушілердің қай-қайсысы да бұл еңбекті қолданатыны айдан анық [1].

Қазақтың әдеби тілінде көркем шығарманы әсірелеу, көркемдеу тәсілдері үшін фразеологизмдерді қолданудың орны ерекше. Фразеологизмдер арқылы шығарма мәтінінде айтылатын ойға айрықша әр, мәнерлілік беріледі. Сондықтан да фразеологизмдерді – көркем шығарма тілін жандандыратын, астарлап бейнелей суреттейтін тілдегі дайын құрал деп есептейміз. Олар – халық даналығынан сусындаған образды ойлау тілінің үлгісі болып табылады.

Ә. Қайдаров «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты жинағында фразеологизмдердің қолданысы жөнінде мынандай ой айтады: «Фразеологизмы – весьма сложные лингвистические образования. Сложность их объясняется не только множеством структурных типов и синтаксических моделей, но и тематической и семантической многоплановостью, а также способностью выражать самые различные эмоционально-экспрессивные оттенки мысли» [2].

Демек, бұл пайымдауларға қарағанда, ғалымдардың пікірінше, фразеологизмдер – бейнелі ойлаудың жемісі болып табылады. Яғни, фразеологизмдер дегеніміз – формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер.

Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаев өз еңбектерінде былайша тұжырымдайды: «Фразеологизмдер мағына тұтастығын сақтайды, фразеологизмдердің мағыналық тұтастығы құрамындағы сөздердің жеке мағыналарына тәуелсіз.

Ғалым Ә. Қайдар фразеологиялық бірліктердің стилистикалық қолданыстағы құрылымдық-стилистикалық варианттарын былайша топтастырады: 1) фразеологиялық бірліктердің құрылымдық-синонимдік варианттары; 2) фразеологиялық бірліктердің толық және ықшамдалған варианттары [2, 213]. Жоғарыда келтірілген фразеологизмдердің құрылымдық-стилистикалық ерекшеліктерін анықтамас бұрын, ең алдымен олардың сөздікте берілген нұсқасына назар аударайық. *Көздеріне қалай құмқұйылды* тұрақты тіркесі сөздікте «көзіңе құм құйылсын» [2, 214], «аузынақандай берік болса» – «аузына берік» [2, 214], «құлағын әркімнің аузынатөсеу» – «құлағын түрді (салды, тосты, тікті) тұлғасында берілген.

Әрине, бұл бірліктерді құрылымдық-синонимдік вариант түрінде қарастыруда олардың құрамындағы бір не бірнеше сөздің морфологиялық тұлғасының өзгеруі (*көзіңе құм құйылсын – көзіне... құм құйылды*) немесе бір компонентінің тіркес ішіндегі бір сөзге сәйкес лексикалық синониммен ауыстырылуын (*құлағын салу – құлағын... төсеу*) ғана түсіндіруге болады. Ал аталған құрылымдардағы инварианттық өзгерістер автордың қолданысына байланысты пайда болған. Оған *көзіне құм құйылды тұрақтытіркесінің көздеріне қалай құм құйылды, аузына берік тұрақты тіркесінің аузына қандай берік, құлағынсалып тұрақты тіркесінің құлағын әркімнің аузына бір төсеп* түрінде қосалқы компоненттермен құрылымдық жағынан кеңейтілуі дәлел бола алады [2, 471].

Кез келген фразеологизмнің өз мағынасын білдіруде басқа сөз немесе сөздермен белгілі бір грамматикалық заңдылықтармен тіркесуі және олардың мағыналық жағынан өзара байланысының болуы – лексика-фразеологиялық тіркесімділікке тән ерекшеліктердің бірі. Бұны Ә. Кекілбаев шығармаларындағы лексика-фразеологиялық тіркесімдердің қолданысы арқылы дәлелдеуге болады. Мысалы: *Ат тұяғы жетер жерде бұның қол астына қарамаған жалғыз-ақ ел бар* («Махаббат мұнарасы»). *Әйтпесе аз жақсылығыңды бәрбір місе тұтпайды, ал сәл гана жамандығыңды көрсе, жерден алып, жерге салып жазғыра жөнеледі* («Махаббат мұнарасы»).

Фразеологизмдердің еркін қолданыстағы сөздермен семантикалық байланысы лексика-фразеологиялық тіркесімділік негізінде жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан *ат тұяғы жетер* тұрақты тіркесінің («атпен баруға болатын» деген мағынада) атауыштық мағынадағы *жер* зат есімімен, *жерден алып, жерге салу* («қатты ұрсу» деген мағынада) тұрақты тіркесінің қимыл мағынасындағы *жазғыру* етістігімен тіркесімінде мағыналық байланыс бар.

Ат тұяғы жетер тұрақты тіркесінің белгілі бір қашықтық ұғымына қатысты қолданылатыны осы тіркестің өзін еркін қолданыстағы сөзсіз айтқанда да айқын көрініп тұрады. Ал оның еркін қолданыстағы *жер* зат есімімен тіркесімі тұрақты тіркес пен дербес сөз арасындағы семантикалық үйлесімділігі арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ *жерден алып, жерге салу* тұрақты тіркесі де еркін қолданыстағы *ұрысу, жазғыру* етістіктерінсіз сол мағынаны білдіреді. Сондықтан фразеологизмдердің еркін қолданыстағы кез келген сөзбен тіркеспей, тек өздеріне семантикалық жағынан жақын сөздермен ғана тіркесіп қолданылуы лексика-фразеологиялық тіркесімділіктің алғышарттарының бірі болып табылады.

Фразеологизмдер мен олардың анықтаушы сөздері арасындағы мағыналық және грамматикалық байланыс тек фразеологизмдердің ғана емес, олардың жетегіндегі сөздердің де семантикалық-грамматикалық сипатына әсер етеді. Мысалы: *Қазір талай жаудың жүрегін шайлықтырған әскері де нағыз «сен шап, мен атайын» боп бабында тұр* («Махаббат мұнарасы»). *Қос қанаттағы жер қайысқан қалың қол мен тосқауыл әскер сансыздың соңынан шаһардың қақпасына дейін бірге барады* («Махаббат мұнарасы»). *Ал әмірші басыңмен қарапайым біреуге қайырым жасасаң,*

қаншама боздақты қырған қан ішер атағың жойылып, қарашыға қайырымдылық жасаған, қара қылды қақ жарған әділетті атағың жасайлады («Махаббат мұнарасы») [3].

Мұндағы жүрегін шайлықтырған, сен шап, мен атайын тұрақты тіркестері құрылымдық-стилистикалық тұрғыдан өзгеріске түскен. *Жүрегін шайлықтырған (жүрегі шайлықты)* тұрақты тіркесі морфологиялық тұлғасы жағынан өзгерсе, *сен шап, мен атайын (сен тұр, мен атайын)* тұрақты тіркесінің бір сыңары басқа бір сөзбен ауыстырылған. Бұл жерде ескеретін жағдай: екінші тұрақты тіркестегі *тұр* етістігі мен оны алмастырушы *шап* етістігінің арасында ешқандай мағыналық байланыс жоқ, сол себепті олар өзара синоним бола алмайды. Ал фразеологизмдердің құрылымдық-синонимдік варианттарының бір тобы олардың бір компонентінің өзіне сәйкес синониммен ауыстырылуы арқылы жасалады. Бірақ *шап, тұр* етістіктерінің арасында мағыналық байланыс жоқ. Сондықтан контекстегі *сен шап, мен атайын* синонимдік вариантындағы *шап* етістігінің *тұр* етістігін ауыстыруын оның тұрақты тіркес құрамындағы *ату* етістігімен синонимдік мәнде келуімен байланысты түсіндіруге болады. Оған *шабу, ату* етістіктерінің еркін қолданыста синонимдік қатар құрауы негіз бола алады.

Осы орайда ағылшын тілінде «Адам» түсінігі бойынша коммуникативті фразеологиялық бірліктердің семантикасын қарастырдық:

1) адамның қасиеттеріне байланысты бірнеше сипаттары:

every cook praises his own broth – әр аспаз өзінікін мақтайды;

all are not hunters that blow the horn – жылтырағынның бәрі – алтын емес;

the cobbler must stick to his last – әркім шыққан тегін ұмытпауы керек;

too many cooks spoil the broth – қойшы көп болса, қой арам өледі;

2) адамның еңбекетуіне байланысты, кәсібін бағалау:

the tailor makes the man – адамды құлпыртатын – тігінші;

God sends us meat and the devil sends cooks – Құдай адамдарға тамақ жіберді, ал шайтан аспазды жіберді.

Жоғарыдағы берілген ағылшын фразеологиялық бірліктеріне қарап, адамның қасиеттерін мақтану арқылы келтірген: ағыл. *every cook praises his own broth*; *әркімдікі өзіне, ай көрінер көзіне*. Осы орайда ұжымдық бірге жұмыс істеудің идеясының қажет емес екендігін көрсетеді: ағыл. «*too many cooks spoil the broth*»; қазақша «қойшы көп болса, қой арам өледі».

Атап өтетін жайт – ағылшын тілінде тігінші кәсібіне жоғары баға беріледі, өйткені «адамды құлпыртатын тігінші» деп есептейді: ағыл. *the tailor makes the man*; ал аспаздың жұмысын «шайтан арқылы берілген» деп сынға алады: *God sends us meat and the devil sends cooks*. Ал қазақ тілінде, керісінше, «аспаздарды саусағынан бал тамған» деп жоғары бағалайды.

Сонымен қатар төмендегі кестеден ағылшын тілінде көркем әдебиеттерде кейіпкерлердің аңдардың атымен берілгенін байқаймыз.

аттары	коннотативті анықтамасы	адамдық мағынасы
<i>fox</i>	«animal proverbial for <i>cunning</i> »	«crafty person»

<i>wolf</i>	«wild gregarious beast of prey»	«rapacious or greedy person»
<i>ass</i>	«quadruped known for its <i>obstinacy</i> »	«stubborn or foolish person»
<i>snake</i>	«reptile fabulous for <i>insidiousness</i> »	«treacherous person»

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында қазақ, ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерді салыстыра отырып, олардағы әр халықтың дүниетанымы мен өмірлік тәжірибеде қалыптасқан түсініктердің көріністерін ашып, ұлттық және танымдық сипатын айқындауға талпыныс жасалды. Қос тілдегі фразеологизмдерді салыстыру кезінде сөзбе-сөз қайталанатындарын, түрлі сөздермен берілсе де, мағыналары ұқсас болып келетіндерін айқындадық.

Аз да болса, көптей көру – Be content with very little.

Аз нәрсеге қанағатшыл болу керектігі жайлы екі тілде бірдей айтылып тұр. Қанағатшыл болған адамдар өмірде көп жетістіктерге жете алатынын, қай кезде қандай жағдай болса да, сабыр мен қанағатқа жол беру керектігін насихаттайтын ертегілерді, аңыз-әңгімелерді осындай тіркестермен түйіндеп аяқтау көптеген халықтардың салтында бар құбылыс.

Екі шоқып, бір қарау – Keep one's eyes open [4];

Жоғарыда келтірілген фразеологизмнің беретін мағынасы – «сақ болу». Бұл мағынаның қазақ тілінде берілуіндегі ерекшелікке мән берер болсақ, «шоқу» деген сөзді қазақ халқы құсқа қатысты қолданатыны белгілі. Яғни, «құстың сақтығындай сақтықта болу керек» деген мағынада қолданылып тұр. Орыс тіліндегі нұсқада «екі көзді ашып тұрып, бар назарды сонда аудару» деген мағынаны беріп тұр. Ағылшын тіліндегі нұсқаның сөзбе-сөз аудармасы – «өзіңнің көзіңмен қоса өзге біреудің көздерін ашып, сақ болу». Бұл жерде байқайтынымыз: «сақ болу» мағынасы екі халықта да көз сөзімен қатысты берілуі. Көздің сақтық үшін, қырағылық үшін орны ерекше мүше екендігін екі халықтың тілінде де көрініс беріп тұр. Мұның себебін әлемді, шындық өмірді ортақ түсініп, қабылдау әрекетімен түсіндіруге болады. Лингвомәдениеттанудың ең негізгі басты категориясы – әлем бейнесі ұғымы. Әлемнің тілдік бейнесінің екі типі болады, олар: универсалды және идиоэтникалық. Сонымен бірге әлемнің тілдік бейнесінің жалпы ұлттық, ұжымдық және жеке, мифтік-діни деген түрлері бар. Әлемнің тілдік бейнесінің екі типі жекелеген ұлттар мен адамзат ұғымымен байланысты. Әлемнің тілдік бейнесінің универсалды типіне жалпы адамзаттық тәжірибенің тілде бекітілуін жатқызамыз. Яғни, жалпы адамзаттың дүниені қабылдап, тұжырымдауы нәтижесінің тілдегі көрінісі.

Қолды ету – Lay hands on. «Ұрлау», «ұрлап алу» деген мағынаны білдіретін бұл тіркесте басты әрекет етуші «тұлға», адамның дене мүшесі – қол. Қолдың алдау құралы ретінде қолданылуы бұл мүшенің адамзат үшін ең басты әрекет етуші мүше деп қабылдануымен байланысты. Қолға қатысты сөз қолданыстары әртүрлі, жағымды, жағымсыз позицияда жеткізілуі түрліше. Себебі қол жақсылықты да жасайды, жамандықты да жасайды. Осы фразеологизмде қол жағымсыз позицияда қолданылып тұр.

Екі өкпесін қолына алып жүгіру – *Grab one's legs*. «Бар күшімен жүгіру», «қатты жүгіру» деген мағынаның үш тілде берілуінде кішкене өзгешелік бар. Қазақ халының адам тәнінің сырын түсіне білгендігі осы тіркестен көруімізге болады. Өкпе – тыныс алу мүшесі, яғни, ағзанының тыныс алуын қамтамасыз етіп отыратын басты мүше. Егер өкпе болмаса, өмір сүру мүмкін еместігін жақсы түсіне білген. Жүгірер кезде де өкпенің маңызы зор екендігін тілге тиек етеді. Сонымен бірге, қазақ тілінде «өкпесі өшу» – шаршады деген мағынаны білдіретін қолданыс та бар. Яғни, өкпе болмаса еш әрекет болмайтындығын айтады. «Екі өкпесін қолына алып жүгіру» деген тіркесте бар күшін, демін жинап жүгіру мағынасы беріліп тұр. Ағылшын тіліндегі нұсқада біреудің аяғын қоса алып жүгіру делінген. Өзіңмен қоса тағы басқа адамдарды іске қосу арқылы іс-әрекетті күшейту, екпіндету мәнінде қолдану ағылшын халқының сөз қолданысында жиі кездесетіні байқаймыз.

Бір оқпен екі қоянды ату – *Kill two birds with one stone*. Бір іс-әрекет арқылы екі мақсатқа не екі олжаға қол жеткізу мүмкіндігі сөз болады, қазақ және орыс тіліндегі нұсқада сөзбе-сөз ұқсас беріліп тұр. Бұл сөз өрнегінен тұрмыс-тіршіліктен хабар алуымызға болады. Аңшылық кәсібімен екі халық та айналысқаны белгілі. Аңшылықтан олжамен оралу, табысты болу – қуаныш, мерей. Сол қуаныш, табысты болу, олжалы болу ұғымымен байланысты қалыптасқан сөз өрнегі халықтың тілінде осылай көрініс беріп тұр. Ағылшын тіліндегі нұсқада екі құсты бір таспен атып түсіру деген тіркес қолданылған. Бұл да қолға түсуі қиын екі табысқа бір әдіспен жету мәнін білдіреді.

Оқ бойы озу – *Win by a neck*. Ұлттық спорт ойындарында немесе жарыстарда алда келе жатқан жеңімпаздың іс-әрекетін сипаттауда қолданылады. Яғни, жеңу, алға шығу мәнін білдіреді. Қазақ халқының ұлттық ойындары – бәйгеден, көкпардан озық нәтиже көрсеткендердің жеңісін айтуда оқ бойы озып келді деп қолданылады. Ағылшындықтардың ат жарысында осы сөз өрнегі жиі қолданылады екен.

Тырнағын батыру – *As hard as nails*. «Күш көрсету» мәнін білдіреді. Мұнда басты мәнді ашуға тірек болып тұрған сөз – тырнақ. Тырнақ сөзі озбырлықтың, қатыгездіктің символы ретінде қалыптасқанын әр елдің, әр ұлттың халықтық әдеби мұрасынан да, наным-сенімінен де, сөз өрнектерінен де байқауымызға болады. Шығыс халықтары мен батыс халықтарына ортақ ертегі, аңыз кейіпкері жез тырнақ жалмауыз екендігі белгілі. Тырнақ алапат күштің, сиқырдың иесіне тиісті деп түсіну жалпы адамзаттық мифологиялық түсінік болып табылады. Сол түсініктің көрінісі тілде қалыптасқан тұрақты тіркестерден байқалады. Екі тілдің фразеологизмдерін салыстыра талдау арқылы әлемнің тілдік бейнесінің әр халықтағы көріністері, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетілді. Осы зерттеуді жүргізу барысында фразеологизмдерді лингвомәдени аспектіде қарастыру арқылы олардың бойында көрініс табатын ұғым-түсініктерде халықтың танымдық білімдері жинақталғанын білеміз. Осындай фразеологизмдерді

экспансионистік және антропоцентристік бағыттарда зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы олардың ұлттық және танымдық сипатын ашып көрсетуге болады.

Жалпы алғанда, лексика-фразеологиялық тіркесімділік фразеологизмдердің еркін қолданыстағы сөздермен семантикалық байланысы негізінде жүзеге асады. Ал фразеологизмдердің семантикалық синтагматикасы лексика-фразеологиялық тіркесімділік арқылы сипатталады. Сондықтан тұрақты тіркестердің лексика-фразеологиялық тіркесімділігіндегі құрылымдық-стилистикалық ерекшеліктерін анықтауда көркем шығарма тіліндегі авторлық қолданыста өзгеріске түскен фразеологизмдерді құрылымдық, мағыналық жағынан қарастырудың маңызы зор.

Әдебиет:

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 2007. – 356 б.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 196 б.
3. Кекілбаев Ә. Екі томдық таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 1-том. - 400 б.
4. Геляева А. И. Человек как объект номинации в языковой картине мира: дисс.... канд. филол. наук. - Нальчик, 2002. - 307 с.

Художественный текст как учебный материал для обучения языку

Аязбаева Б.

*Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова,
кандидат филологических наук, доцент*

***Аңдатпа:** Мақалада өзара байланыс және ашық қарым-қатынас жағдайында ұлттық-мәдени тілдік құбылыстардың жан-жақты зерттелуі қарастырылады. Орыс тілін меңгеруді жүзеге асыру мақсатында дидактикалық материалдар ретінде ғалым А. Байтұрсынұовтың өмірі мен шығармашылығы туралы материалдар және көркем мәтін үзінділері қолданылады.*

***Түйін сөздер:** тіл, мәдениет, оқыту, өздігінен білім алу, тұлға.*

***Summary:** The article examines the issue of comprehensive study of linguistic phenomena of a national and cultural nature in the context of interconnected and open to communication of the world space. At the same time, as a didactic material for improving the russian language skills, material is used about the life and work of the scientist Akhmet Baitursynov and fragments from the translated artistic text.*

***Key words:** language, culture, learning, self-education, personality.*

Общеизвестно, что ценности как идеалы и приоритеты деятельности человека характеризуют материальный и духовный мир человека, особенность национально-культурного миропонимания, зафиксированного и

отраженного в языке. В этом контексте необходимость осуществления подготовки специалистов, отвечающих общемировым стандартам и, безусловно, знающих свой родной язык, культуру и историю, бесспорна.

Несомненно, имеется тесная связь между жизнью общества и лексикой языка, на котором оно говорит. Это относится и к внутренней, и к внешней стороне жизни. Слова с особым культурно-специфическим значением отражают и передают не только образ жизни, характерный для данного общества, но также и образ мышления. Иллюстрацией этого являются, на наш взгляд, слова Ахмета Байтурсынова, который в традиционно-дидактической форме наставляет подрастающее поколение:

Өнерсіз қара күште жоқ қасиет.

...

*Демеймін күш керексіз адамзатқа,
Өнер, ой онан да артық мал мен баққа.*

...

Бұл күнде күштен ойды бұрын жұмса,

...

*Амал ет заманыңның ыңғайына,
Бәйгесіз құр лағып босқа шаппа.
Ақылдан күшіңді артық көріп жүрсең,
Жадыңа бұл кеңесті оқып сақта! [1,103].*

Исторически подтверждается, что именно человек его знанием и силой духа есть ключ ко всему. Бесспорно, «разгадка особого, доминирующего положения человека в современной картине мира кроется в его втором, «надбиологическом» начале – в социальности, обусловленности тем образом жизни, который присущ человеку» [2, 6-7]. Несомненно, «человек не просто адаптируется к реальности, но и преобразует ее в соответствии со своими нуждами. Адаптация к реальности происходит благодаря средствам, представляемым культурой. Культура, мир символов стоит между человеком и природой, с одной стороны, лишая его непосредственности инстинктивных биологических реакций, а с другой – открывая возможности свободного целеполагания и действия» [3, 214-215].

Личность «обременена» культурным и историческим багажом, то, как она понимает себя, во многом зависит от конкретных условий места и времени. При этом философия все же стремится найти какое-то общее основание человечности, присущее людям любых эпох и культур [3, 213-214]. Ценности трактуются как морально-нравственные ориентиры жизнедеятельности личности. Личность есть целостность, познаваемая изнутри. Индивид становится личностью в процессе социализации, через общение с другими людьми и усвоение в процессе этого общения культурных достижений человечества [3, 215]. В контексте ценностно-смысловой структуры сознания важным для характеристики личности является свойство идентичности. По мнению американского психолога Э. Эриксона, термин «идентичность» имеет несколько смыслов:

тождественность, индивидуальность, подлинность. Идентичность можно определить, как «твердо усвоенный и принимаемый образ самого себя во всем богатстве взаимоотношений с миром и другими людьми» [3, 216]. Все это в полной мере относится к имени Ахмета Байтурсынова с его многогранностью и многоплановостью деятельности.

Жизнь и деятельность поэта, критика, прозаика, педагога, лингвиста Ахмета Байтурсынова неотделима от общества, истории. Согласно философской трактовке, «общество есть целостная система, поэтому все его элементы тесно связаны между собой, существуют в единстве. Ненормальное или слабое функционирование одной из подсистем оказывает неблагоприятное воздействие на другие подсистемы. Кроме того, существуют общие закономерности, которые реализуются во всех сферах общества, определяя их характер. Общество – органическая система, из которой невозможно вычлениить одну из подсистем, не затронув при этом другие» [3, 180]. С высоты сегодняшнего дня, в условиях модернизации всех сторон жизни, многогранная деятельность Ахмета Байтурсынова актуальна и поучительна. Исходя из вышеизложенного, считаем, что при обучении языку на языковых специальностях тщательно подобранный дидактический материал может передать дух времени, исторические переплетения, сложность и неоднозначность происходящего. Это может быть текст, фрагмент текста, тезисы, связанные и именем Ахмета Байтурсынова, его идеями, в целом его временем с проблемами и противоречиями. К примеру, художественный текст является результатом воплощения авторской позиции и содержит в себе содержательно-концептуальную информацию. Считается, что мировоззрение автора формируется определенной исторической эпохой, социальными категориями общества. В историческом романе, откуда взят языковой материал, остро ощущается оппозиция времени и места, добра и зла, человека и общества. Таким образом, языковой материал может служить основой для дискуссии, диспута, аргументации, составления и выражения собственного мнения, поскольку человеческое общество живет в реальном историческом времени, а идеи – вне времени. Бесспорно, художественный контекст разнообразен и дополняет многоуровневую и многоаспектную модель коммуникативной компетенции человека. Для иллюстрации изложенного приведем примеры из романа И. Есенберлина [4, 17-38], по мнению Олжаса Сулейменова «бросившего вызов силам зла, ставшее реквиемом казахской интеллигенции, уничтожаемой с 30-х годов» [4, 5]:

1-группа языкового материала для устного объяснения:

1. *Своя рубашка ближе к телу.* С. 17
2. *Чем желаний с гору, лучше с палец счастья!* С. 17
3. *Не кресло красит человека, а человек кресло.* С. 18
4. *Он как варезка: мнешь её – она мнётся, а отойдешь, поглядишь – она всё та же.* С. 18
5. *Залетела ворона в высокие хоромы!* С. 21
6. *Завидуют тому, чего нет у тебя в дому.* С. 23

7. *Кто ошибается и просит прощения, того обыкновенно и прощают.* С. 24

8. *Но все мы люди, человеки. Стать выше личной обиды не так-то просто.* С. 27

9. *Валим с больной головы на здоровую.* С. 27

10. *Того, кто умней и способней меня, – того в бараний рог. И здесь любые средства хороши.* С. 29

11. *Не первая зима на волка, и не из таких пределок выходили. Бог не выдаст, свинья не съест.* С. 31

12. *Рожденного горбатым – и могила не исправит. Тем более люди.* С. 31

2-группа языкового материала для анализа и иллюстрации примерами:

1. *Вы прокурор, значит должны выполнять советские законы.* С. 16

2. *Моя вина – мой ответ.* С. 16

3. *Разве бывает справедливость без гуманности и разве сводят счёты с умирающим?* С. 23

4. *Судья независим и подчиняется Закону.* С. 25

5. *Не будем столь категоричны. Мы тоже люди, и ничто человеческому не чуждо. Другое дело – нравственная сторона вопроса.* С. 28

6. *Ответственность тоже бывает разная. Бывает человек отвечает перед собственной совестью, а бывает...* С. 29

3-группа языкового материала для анализа и дискуссии:

1. *Это был человек большой доброй души, такта и обаяния.* С. 19

2. *Мелкая вначале неприязнь постепенно обратилась в тоскливую, но упорную ненависть.* С. 23

3. *Молодость, знаете ли, извинительный недостаток.* С. 29

4. *А главное – опыт аксакалов всегда желательно подкреплять дерзанием молодежи.* С. 29

5. *Мы должны заботиться о своей смене.* С. 29

6. *Доброта на целине рождала подвиг.* С. 38

Очевидно, что детальный разбор каждого контекста приводит к мысли о том, что «общество, как и природа, является средой обитания человека. Общество представляет собой систему экономических, политических, социальных, правовых, духовных отношений, в которые включается человек самим фактом своего существования и деятельности. Но при этом человек не растворяется в обществе. Личностная позиция по отношению к общественным связям, стереотипам поведения и деятельности предполагает дистанцированность и автономность. Человек в состоянии осуществлять рефлексию по поводу социальных отношений, оценивать их и, в зависимости от результата оценки, поддерживать своей деятельностью или преобразовывать» [3, 218].

Безусловно, студенты в процессе учебных занятий каждый день получают новые знания, оценивают их и в будущем должны найти им

применение в профессиональной деятельности. Многочисленные нестандартные элементы в преподавании русского языка активизируют учебный процесс, поддерживают положительный эмоциональный настрой студентов, усиливают их мотивацию. Участие в дискуссиях на актуальные темы, диспуты и дебаты на основе художественного текста – все это позволяет учесть индивидуальные особенности студентов, сделать занятия творческими, увлекательными, познавательными. При этом студенты могут получать информацию из разных источников, с целью формирования собственного, независимого, но аргументированного мнения по той или иной проблеме. У них есть возможность научного исследования в самостоятельном формате. Для подтверждения вышесказанного предлагаем задания на основе художественного текста [4, 18]:

Задание творческого характера:

1. Написать философское письмо.

Темы: *Не человек работает, а система. Система держит, система двигает. Система не даст упасть.* С. 18.

Нет незаменимых людей. С. 18.

Время гениальных одиночек отошло. С. 18

2. Описание событий романа при помощи прилагательных.

3. Что есть свобода? В чем суть свободы? Эссе.

4. Читая медленно, видишь пространство и время. Эссе.

Задание к тексту и комментарий [5, с. 13]:

1. Что значит владеть словом? Рассуждение об оригинале и переводе художественного текста.

2. Что такое *связь поколений*? Как вы докажете, что она существует, и какова здесь роль личности Ахмета Байтурсынова?

3. Составить список слов и выражений из текста по образцу для выполнения задания №4: *казахская духовная культура, периодическая печать на казахском языке, устное слово казахов, литературно-художественное творчество, философия слова, национальные интересы народы, философские проблемы языкознания, казахская интеллигенция ...* [6, с. 387-398].

4. Устно изложить собственный взгляд на проблему гуманитарного знания в Казахстане и вклад Ахмета Байтурсынова в развитие языка [6, с. 387-398].

5. Язык – простой и точный. Дискуссия по переводу художественного текста.

Задание-диспут:

1. Эстетика слова.

2. Я и мой родной язык.

3. Ум, фантазия, настроение, история.

Задание-копилка:

1. Словарь произведений Ахмета Байтурсынова.

2. Я знаю, что я ничего не знаю. Собираем тезисы, цитаты о лингвисте, переводчике и просветителе.

3. Наша история на страницах книг. Библиографический обзор научной литературы об Ахмете Байтурсынове.

4. Эврика! Я нашел ответ на вопрос! Исследование творчества лингвиста.

5. Строки из прочитанного.

Задание-анализ:

1. Наши ученые.

2. Достижения и ошибки эпохи.

3. Личный опыт, мудрость и стойкость.

4. История народа в именах и названиях.

5. Работа со словом.

Бақ қонса, сыйлар Алаш ағайын да,

Келе алмас жаман батып маңайыңа.

Басыңнан бақыт құсы ұшқан күні

Құл-құтан басынады малайың да [1, с. 90].

Лексема *Алаш* – многозначная, с большим символическим ореолом. Это все, что характеризует казахскую национальность. Словарная статья слова представлена 4 ЛСВ: 1. Қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы. 2. Ерте замандағы қазақ руларының ұраны. «Алаш» деген ұран қазақ болған түрк руларында көптен бар, ноғайлы заманындағы ұраны екендігіне тарихи мағлұматтары бар (С. Сейфуллин, Шығ.). 3. Ел-жұрт, қауым, көпшілік. «Алаш» деген сөзді ұран қылыпалған ел біраздан соң ел атының өзін «алаш» деп айтатын болған. «Ноғай, қазақ – бәріміз бір алаштың баласымыз» деген сөз сонан шыққан (С. Сейфуллин, Шығ.). 4. Қазақ зиялыларының алғашқы саяси партиясы [7, 39].

В семном составе первого и второго ЛСВ выделяются следующие основные семы: «человек», «много», «целостность», «национальность», «духовное единство», «независимость», «определенный этап истории». Во втором ЛСВ культурным компонентом является название племени, рода, присущий только казахским племенам боевой клич (*ұран*), отражающий на раннем этапе развития идею объединения людей. Третий ЛСВ дополняется семами «ограниченная пределами государственного образования», «определенная совокупность». В четвертом ЛСВ выделяются в первую очередь семы «политическая цель», «союз». В ЛСВ актуализируются идеи объединения и союза, что было актуально для первых казахских племен и отражено в первом ЛСВ. Все ЛСВ слова объединены идеей союза, целостности. Значение целостности, неделимости ярко выражено и в фразеологизме *Алты алаштың баласы*. Действительно, в 30-е годы XX века партия Казахстана возродила идеи объединения, идеи национальности, идеи единства казахского народа, что привело в дальнейшем к политическим репрессиям. Лексема *алаш* – иллюстрация того, как семантика слова изменяется в зависимости от экстралингвистических обстоятельств. В силу

изменений обстоятельств актуальнаплюсовая сема, с положительной оценкой: «радеющий, волнующийся за нацию».

Таким образом, краткое изложение вопроса позволяет подчеркнуть, что детальный анализ языковых явлений на основе художественного текста необходим студентам. У студентов создается целостное, обобщенное представление о прочитанном или обсуждаемом, активно развивается абстрактно-логическое мышление с правильным устным или письменным оформлением мысли, осознанно воспринимаются те причинно-следственные связи, которые не поддаются чувственному, наглядно-действенному или образному познанию.

Литература:

1. Байтурсынов А. Маса: Өлеңдер мен көсемсөздер. - Алматы: Раритет, 2005. – 208 б.
2. Абелева И. Ю. Речь о речи. Коммуникативная система человека. – М.: Логос, 2004. – 304 с.
3. Стрельник О. Н. Философия: Краткий курс лекций. – М.: Юрайт-Издат, 2002. – 240 с.
4. Есенберлин И. Лодка, переплывающая океан: Роман. Авторизованный пер. с каз. Ю. Домбровского. – Алматы: ОФ «И. Есенберлин», 2001. – 280 с.
5. Тандит И. В. Художественные тексты для чтения, обсуждения и работы по русскому языку при подготовке к экзаменам. - М.: Чистые пруды, 2007. – 32 с.
6. Сегизбаев О. А. Казахская философия XV - начала XX века. – Алматы: Гылым, 1996. – 472 с.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

Ауызекі сөйлеу туралы

Берікқызы А.

*ҚХР Орталық ұлттар университеті Қазақ тіл-әдебиеті
факультетінің 2016 жылдық докторанты
Зерттеу бағыты – қазіргі заман қазақ тілі. 100081*

Аңдатпа: Мақалада ауызекі сөйлеудегі тіл нормасының бұзылуы сөз етіледі.

Түйін сөз: ауызекі тіл, жазба тіл, ой-пікір, орфоэпия, норма.

Summary: This article deals with the types of violations of linguistic norms, which are a common occurrence in colloquial speech; judgments about their correction are given.

Key words: colloquial speech; written language; judgments; orthoepy; norm.

«Тіл – адамзаттың қатынас құралы», – деп бекер айтпаса керек арғы-бергі өткен ойшылдар мен ғалымдар. Тіл *ауызекі* және *жазбаша* деп екі үлкен жікке бөлінеді. Жер бетіндегі мәдениеті мен ғылымы дамыған мейлі қандай бір ұлт болсын оның алғашқы тілі жазбаша тіл емес, керісінше, ауызекі тіл негізінде қалыптасып, дамығандығын дәлелдеп отырудың қажеті шамалы. Ал ауызекі тіл негізінде барлыққа келіп, дамыған жазба тіл адамзат қоғамын ерекше зор қарқынмен алға қарай ілгерілеткендігі – және де талас тудырмайтын шындық. Дей тұрғанмен ғылым мен техника барынша дамыған, жазу құралдары мен жазу тәсілдері күнбе-күн алмасып, медиялық желілердің алуан түрі жарыққа шығып отырған мына заманда жазба тілдің ауызекі тілімізге қилы-қилы жолдармен әсерін тигізіп, тұнық тілімізді шұбарлап отырғандығын тіл ғалымдары болмаса, екінің бірі, егіздің сыңары біле беруі екіталай.

Тіліміздегі сөздер мен сөйлемдер тіл дыбыстарының тізбегінен құралады. Ауызекі тілімізде дыбыстау орны немесе дыбыстау әдісі ұқсамайтын дыбыстар қатар келіп қалғанда, дыбыстау орнын немесе дыбыстау әдісін бірден өзгерту қолайсыз, мұндайда қатар келген екі дыбыс дыбыстау орны немесе дыбыстау әдісі жағынан бір-біріне бейімделу қажеті туылады, мұның өзі сипаты ұқсамайтын дыбыстардың өзара ықпалынан туылатын, сөйлеу заңдылығына үйлесімді келетін құбылыс есептеледі.

Әрқандай бір тілдің орфографиясы тіл ғылымындағы фонетикалық принцип, морфологиялық принцип, тарихи принциптер негізінде жасалады. Қолдану барысында бірі негіз болады да, қалғандары қосымша болады не ескерілмейді.

Сіз күнделікті өмірде немесе шаршы топ ортасында болсын, радио, телевидениеде, концерт жүргізушілердің, сұхбат берушілердің, әншілер мен актерлердің, қысқасы, ауызекі тілден пайдалана отырып, өз ойын жеткізушілердің сөйлеген сөзіне, айтқан әніне сәл ғана құлақ салып тыңдар болсаңыз, олардың орфоэпия нормаларға көпе-көрнеу қайшылық жасап отырғандығын айқын байқар едіңіз (әрине, біз бұл арада диктор атаулы деуден аулақпыз). Бір ғана мысал: әнші Қайрат Нұртастың орындауындағы «Ауырмайды жүрек» әніндегі:

Ауырмайды жүрек ауырмайды

Сенсіз өткен күндер болмаса.

Ауырмайды жүрек ауырмайды

Сенсіз өткен түндер болмаса, –

деп әндетіп тұрғанын көп естиміз, дұрыс-ақ, қате деуге келмейді, алайда сол әнші тап осы арада тіл ғылымында орфоэпия дейтін заңдылық болатынын ескерді ме екен? Ал шынына келсек, бұл жолдар:

Ауырмайды жүрөк ауұрмайды

Сенсіз өткөн күндөр болмаса,

Ауырмайды жүрөк ауұрмайды

Сенсіз өткөн түндөр болмаса, –

деп, тіл заңдылығы бойынша дұрыс айтылуы керек еді. Бұл айтылым заңы бойынша, қазақтың ауызекі тілінде ерін үндестігі бірінші буында еріндік дауысты «**о, ө, ұ, ү**» және дауыссыз «**у**» келсе, соңындағы қысаң дауысты дыбыс «**ы, і**» мен ашық, жіңішке дауысты «**е**» де олардың ықпалына ұшырап, еріндік дауысты «**ұ, ү, ө**» болып айтылады. «Қазақ тілінде ерін үндестігі сөздің үшінші буынынан ары бармайды» деген қағида бар, бірақ біз сөйлеу тілімізде оны екінші буынға да апармай отырмыз. Тіпті, кейбір дикторларымыздың «Құрметті көрермендер, сәлеметсіздер ме! Бүгін қыргүйектің үшінші күні», – деген сөйлемді қалпын құрғатпай дәл сол бойынша айтып отырғанын күнделікті жаңалықтардан күн сайын естиміз. Бұл сөйлем әсілінде диктордың аузынан «Құрмотты көрермендер, сәлеметсіздер ме! Бүгүн қыргүйектің үшүнші күні» болып шығуы керек еді.

Айта берсек, қазіргі кезде ерін үндестігін сақтаудың орнына соңғы буындағы дауысты дыбыс алдыңғы буында келетін еріндік дыбысының өзгеру заңдылығын бұзып бара жатыр. Мысалы: осындағы «қыргүйек» сөзін алайықшы, мұндағы соңғы буындағы «**е**» дыбысының алдыңғы буындағы еріндік дыбысқа жасайтын әсерін ескеріп жатпай-ақ, бұл күндері біз «қыргүйөк» деп айтудың орнына «қыркүйек» деп қате айтуға әдеттендік.

Жүгіріп шықтым белеске,

Белес жақын емес пе?

Осы отырған отырыс

Бір ганибет емес пе?

деген ән шумақтарындағы «жүгіріп» сөзін «жүгүріп» деп, ең болмағанда екінші буындағы ерін үндестігін сақтап оқудың орнына артындағы «**і**»-ның әсері алдына тиіп, «жігіріп» деп өте беретін болғанбыз.

Шыны керек, сырттай қарағанда, мұның өзі тырнақ астынан кір іздегендік секілді болып та көрінер, іс жүзінде мұның өзі ана тіліміздің тазалығына, оның ақаусыз дамуына орасан зор қатер төндіріп отырғанын айтпауымызға болмайды. Біз осылай сөйлеп кете берсек, келер ұрпағымыз «жүрек» (*жүрөк* деген сөзді) «жірек»деп, «жұлдыз» (*жұлдұз* деген сөзді) «жылдыз» деп айтуы да ғажап емес.

Міне, осы секілді ауызекі тілімізде сақталып отырған жоғарыдағы мәселелер – орфоэпия заңдылығына көңіл бөлмеуіміздің айқын көрінісі, осы жағдайлардың ана тіліміздің тазалығына тигізіп отырған зардаптары мен келеңсіздіктері екендігі анық. Ендеше, болашақ тілтанушы маман ретінде бұл туралы толғанбай, осы бір жағдайдың алдын алудың амалын қарастырмай тұра алмаймыз. Сол үшін де төмендегідей бірнеше түрлі ұсыныс-пікір беріп, тілтанушы ұстаздар мен оқырмандар назарын аударуды жөн санадық:

Бірінші, шыр етіп дүниеге келген нәресте атаулының тілін ашатын, оған тұңғыш тәрбиеші болатын өзге емес, сол нәрестенің ата-анасы, сол үшін де ғұлама жазушы М. Әуезов: «Ел болам десең, бесігіңді түзе», – деп бекер айтпаса керек. Жазушының осы бір ауыз сөзіне тереңнен бойлайтын болсақ, тәрбие атаулы отбасынан басталатындығы, ана тілінен тартып адамгершілік қасиет атаулының барлығы да жас сәбидің бойына ананың ақ сүті, атаның ақ

батасы арқылы даритынын аңғару аса қиынға соқпаса керек. Ендеше, ата-ана болған адам ұрпаққа дұрыс тәрбие беру үшін алдымен өздері дұрыс сөйлей алатын, адамгершілік болмысы барынша биік, білім сауиясы барынша мәуелі болуы керек. Тек осындай ата-ана ғана ұрпағын әр сөзді дұрыс сөйлей алатын, әр істі ойдағыдай тындыра алатын текті де тәрбиелі ұрпақ етіп тәрбиелей алады.

Екінші, мектеп тәрбиесін ойдағыдай жүргізе білуіміз керек. Қазіргі таңда еліміз (Қытай Халық Республикасы) аз санды ұлт райондарында қос тіл ағартуы жолға қойылып отыр. Бастауыш, орта мектептердің оқыту бағдарламаларында жас ұрпақтың сөздік қорын молайтуға арналған немесе оларды дұрыс сөйлеп, дұрыс жазуға баулитын «Қазақ тілі» деген арнайы тіл пәні жоқтың қасы. 90 жылдардың соңы мен 2000 жылдардың басында бастауыш-орталау мектептерде оқытылатын «Қазақ тілі» деген сабақ бұл күндері оқыту бағдарламасынан сызып тасталып, оның орнын мазмұны түсініксіз, мектептегі сағат саны аз «Ана тілі» атты сабақ орналасты. Оның өзінде қазақ тілінің емле ережесі шала сауатты жағдайда өтілгені болмаса, орфоэпия атымен аталмайды. Ең қызығы: емле ережесін үйрететін мұғалімдеріміздің өзі оқушыларға әр сөз қалай жазылса, солай оқуды дәріштеп жатады.

Жетекшіміз профессор Жаң Динжиң бізге осы уақытқа дейін: *«Ми» деген сөзді «мый» деп айтасыңдар, «ми» деп жазасыңдар!* – деп қадағалап отыратыны есімнен кетпейді. Бастабында: «Онда тұрған не бар?» – деп көңіл бөлмей, әуелі шамданып та қалушы едім. Әр іске барынша мұқият, ғылымға қатал ұстаздың қазақ тілінің заңдылықтары туралы берген сабақтарын тыңдай келе өзіміздегі қателіктер мен кемшіліктерді тани бастағандай болдық. Соның бірі – тілге тиек етіп отырған орфоэпия мәселесі.

Қазақстандық Шерубай Құрманбайұлы, Съезд Шардарбекұлы қатарлы тіл ғалымдарының сөзіне бақсақ, орфоэпия мәселесі бастауыш, орталау мектептерде шешімін табатын көрінеді. Ал біз тек университет табалдырығын аттағаннан кейін барып қана осы мәселеге кез болып отырмыз. Соның өзінде орфоэпия мәселесі туралы ізденіп, оның тіліміздегі орны туралы шыр-пыр болып жүргендер тілші мамандардың көлемінен аспайды екен. Ендеше, бастауыш, орталау мектеп оқушылары мен оқытушыларына өкпе артудың қажеті шамалы. Оның есесіне қазақ тілінің заңдылықтары туралы білімдерді бастауыш, орталау мектептердің оқыту бағдарламасына жаппай енгізуіміз керек. Бұл – мәселенің бір қанаты. Ал мәселенің енді бір қанаты арнаулы тіл мамандар қосынын жетілдіре білу. Тіл – әркімнің шылауында бір кететін немесе көрінгенге жалын сипата беретін дүние емес, керісінше, ол – бір ұлттың болашақ тағдырына, ұлттардың береке-бірлігіне қатысты төтенше нәзік мәселе. Ендеше, әрқандай бір тілдің даму заңдылығын, өзгеру барысын, қоғамдық қызметін білмей тұрып, онымен айналысу – қиынның қиыны, бір ұлт тілінің заңдылығын емін-еркін игерген, оны болашақ ұрпаққа (немесе өзге ұлтқа) үйретуді өзінің мәңгілік

парызы санайтын білікті де білімді ұстаз осындайда керек. Тек осындай ұстаз болғанда ғана болашақ ұрпақ ана тілінің заңдылығын дұрыс игеріп, оны берекесі жарасқан, бірлікте алға басуды көкейкесті арманы санайтын қоғам үшін ойдағыдай қызмет еттіре алады.

Үшінші, үгіт қызметін ұйымдастырып, телевидение, радио және басқа да медиялық салалардағы дикторлардың мамандық өресін үздіксіз жоғарылатып отыруымыз қажет. Әрине, біз бұл арада «радио, телевидение тіл сабағын ашып, сол арқылы олардың сөз байлығын молайтып, оларды дұрыс жазып, дұрыс сөйлеуге үйрету керек» дегеннен аулақпыз. Мұндайда басты салмақ сол журналистикадағы жүргізуші дикторлар мен сұхбат берушілерге түседі. Олардың сөйлеген әрбір сөзі тыңдарман немесе көрермен жұртқа алуан түрлі жолдармен әсер етеді. Әсіресе жас ұрпақ оларға саналы немесе санасыз түрде еліктейді, соларша сөйлеуге талпындады.

Төртінші, бақылап-басқару қызметін күшейтуіміз қажет. Халқымызда «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген аталы сөз бар. Бойымызда мін болады екен, оны нұсқап көрсетіп бергендерді қақпайлаудың орнына олардың орынды пікірін кішпейілдікпен қабыл алуымыз қажет. Шыны керек, қазіргі кезде көре тұра көрместікке салыну немесе әр нәрсеге немқұрайлы қарау қоғамдық дертке айналды. Сондықтан сынға ұдайы құлақ түріп отыруымыз, жылт еткен кемшілік көрінсе, қатысты орындармен дер кезінде байланыс жасап, үстінде түзетіп отыруымыз керек.

Бесінші, тіл мамандары, баспасөз және басқа ғылым саласындағылар бас болып орфоэпия сөздігін құрастыру тиіс. Еліміздегі ұлттық баспасөз орындарынан әр жылдары жарық көрген қазақ тілінің емле сөздігі аз емес. Олардың әр сала қызметкерлері мен жай жұртшылыққа тигізіп отырған пайдасы қисапсыз. Ал ауызекі тілдің жөні бұдан бөлек, сипаты басқа, себебі бізде күні бүгінге дейін орфоэпия сөздігі жоқ. Сөйлеуші бір сөзді дұрыс сөйлеп тұр ма әлде бұрыс айтып тұр ма? – оны саралайтын беделді тілдік құрал немесе әкімшілік орын және жоқ. «Біздің ауыл осылай сөйлейдімен» әлі келе жатырмыз. Мәдениеті дамыған халықтар бұлай болмауға тиіс (Қазақстанда орфоэпия сөздігі баяғыда шығып болған), оларда тіл ғылымына қатысты академиялық құралдар толығымен дайын. Сол үшін де болмашы іске бола жақ-жақ боп таласып жатпайды, бәрі де ғылыми жолмен сөздікке бағынады. Орфоэпия сөздігі осындайда өз құдіретін көрсете бастайды, сол үшін орфоэпия сөздігін жасап, баспадан шығару – кезек күттірмейтін міндетіміз.

Әдебиет:

1. Қазіргі қазақ тілі. - Бейжиң: Орталық ұлттар баспасы, 1999. – 346 б.
2. Жаң Д. Қазіргі қазақ тілінің қолданым грамматикасы. - Бейжиң: Орталық ұлттар университеті баспасы, 2004.
3. Құрманбайұлы Ш. Толғаулы тіл. – Алматы, 2014.
4. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. - Бейжиң: Орталық ұлттар баспасы, 2016.

Синтаксистік синтагманы оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың маңызы

Еркеғалиева Г.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
«қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 3-курс докторанты*

Аңдатпа: Мақалада теориялық тақырыпты оқыту мәселесімен қатар, әдістеме саласына енген көптеген жаңа инновациялық технологиялардың еліміздегі білім берудің инновациялық дамуына тигізетін әсері мәселесі сөз етіледі.

Түйін сөздер: инновациялық технология, кәсіби маман, педагогикалық жаңалық, синтаксистік синтагма.

Summary: This article examines how grammatical forms directly serve to create a logical subject and predicate, to link grammar with logic, and how the word entering into syntactic connections is used for communication.

Key words: innovative technology, professionalism, pedagogical innovation, syntax synthesis.

Еліміз білім беруде инновациялық дамудың жауапты кезеңін өткеруде. Инновация латынның «novos» жаңалық және «in» енгізу деген сөзінен шығып, «жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс енгізу» деген ұғымды білдіретінін ескерсек, білім беру саласында бұл кезек күттірмейтін мәселе ретінде жан-жақты қарастырылуда. Білім беру саласындағы инновация кәсіби маманның ғылыми ізденістері мен озық педагогикалық тәжірибесінің негізінде дамиды.

Әрбір пәннің, әрбір тақырыптың ғылыми методологиялық негізі мен оның қалыптасу, даму жолдарын терең меңгерген маман ғана оны педагогикалық жүйеге қалай түсіру керек екенін, білімалушының танымдық қабілетіне қалай сәйкестендіру керек екенін жасай алады. Білімалушылардың танымдық процестерін қанағаттандыра алған жағдайда ғана білім сапасы артып, оқытушылардың еңбегі жанады.

Педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалану талқыланып жатқан мәселенің ғылымылығы артып, оған білімалушылардың өздері үлес қосқан сайын жаңара береді. Кәсіби маманның міндеті осыған жағдай туғызу болып табылады. Л. А. Коростылованың тілімен айтқанда, «мұғалім жаңа педагогикалық технологияның теориясы мен концепциясының авторы, талап жасаушысы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихаттаушысы» болуы керек [1, 66].

Әдістеме саласында көптеген жаңа инновациялық технологиялардың енгізіліп, оқытушылардың таңдау аясы кеңейгені белгілі, алайда қазіргі аталып жүрген технологияларымыздың көбі ХХ ғасырдың көрнекті өкілдері А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов т.б. ғалымдарымыздың зерттеу еңбектерінен негіз алғаны анық. Мәселен, М. Жұмабаевтың «Тәрбиедегі мақсұт – баланы дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару» [2, 100] деген көзқарасы бүгінгі білім беру саласында кеңінен қолданылып жүрген өзін өзі дамыту, нәтижеге

бағытталған білім беру, алған білімін қолдана білу, функционалды сауаттылық ұстанымдарымен сәйкес келеді.

Қазіргі білім беру жүйесі, білімалушыларға ой еркіндігін, қиялдау мүмкіндігін тудырып, олардың танымдық белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілетін, білімге деген қызығушылығын арттыруды көздейді. Білімалушылар білімді жинақты, тұжырымды, әрі күнделікті өмірімен байланыстыра отырып жүйелі түрде игеруі керек. Мұндай нәтижеге қол жеткізу инновациялық технологияларсыз болмайтыны дәлелденіп отыр. Сондықтан бүгінгі білім саласындағы негізгі мәселелер мынандай: 1. Мазмұн (не нәрсе үйрену/үйрету керек?). 2. Әдістеме (Қалай үйрену/үйрету керек?). 3. Нәтиже (Не үшін үйрену/үйрету керек? Нәтиже қандай болуы керек?) [3, 45].

Синтаксистік синтагманы оқыту мазмұны да оны оқытпас бұрын оның қарастыратын мәселесіне, атқаратын қызметіне, алға қойылған мақсат-міндетіне сай миссиясын анықтаудан басталады. Кез келген тақырыпты оқытудың нысаны етіп алу үшін әуелі оның миссиясын анықтап алған жөн. *Миссия* – латын тілінен аударғанда (*missio*) «аманат, тапсырма» деген мағынаны білдіретінін ескерсек, оқыту процесінде бұл ұғымның алатын орны ерекше болуы тиіс. Оқыту миссиясы оқытылатын тақырыптың нақты өзін белгілемейді, оның оқытуға қажетті белгілерін айшықтайды.

Синтаксистік синтагманы оқыту миссиясы синтаксистік синтагманың ережесі, заңдылықтары т.б. туралы ғылыми-теориялық білімді емес, синтаксистік синтагманы оқытуға арқау болатын белгілерін анықтайды. Синтаксистік синтагма өмірдегі, табиғаттағы заттар мен құбылыстардың, процестердің арасындағы тұрақты байланыс пен қатынастарды тіл арқылы белгілеп отырады. Осы қасиет, осы белгілер оны оқыту процесіне енгізу қажеттілігін дәлелдейді. Өйткені білімді өмірмен байланыстыруға, білімалушылардың өзіндік көзқарасын, дүниетанымын, идеялары мен түсініктерін қалыптастыруға көп септігін тигізеді. Теориялық тақырыпты оқытудың миссиясы анықталған соң, оның атқаратын қызметін саралау да оқыту мазмұнына кіреді. Теориялық тақырып оқыту процесінде белгілі бір қызмет атқаруы тиіс. Синтаксистік синтагманың қызметі білім мазмұны бойынша кіріспе сұрақтар, аналогиялық сұрақтар дайындауға мүмкіндік береді. Кіріспе сұрақтар білімалушылардың қандай тақырыпты талдайтынын өздері анықтап, сол тақырыпқа психологиялық тұрғыдан дайындалуына мүмкіндік жасайды. Аналогиялық сұрақтар бір синтагма мен екінші синтагманы салыстыра отырып, талдау жасауға және синтез жасауға ықпал етеді.

Теориялық тақырыпты оқытудың мақсаты да оқыту мазмұнына кіреді. «Бұл – не? Оны оқыту не үшін қажет?» деген сұрақтарға жауап беруі тиіс. Синтаксистік синтагманы оқытудың мақсаты – сөйлеу үдерісіндегі мағынаны ашу. Синтаксистік синтагма тақырыптың мазмұнына сай грамматикалық білім мен тақырып мазмұнына қажетті сөйлеу компоненттерін игеруге және тілдің коммуникативтік мүмкіндіктерін

айқындайтын лингвистикалық категория болғандықтан, білімалушылардың коммуникативтік құзіреттілікке қол жеткізуіне де мол мүмкіндік туғызады.

Синтаксистік синтагманы оқытудағы мақсат – мәтін арқылы коммуникативтік байланыс орнатудың жолдарын көрсету. Мәтіннің түрлері көп екені белгілі. Ғылыми мәтін болсын, көркем мәтін болсын, публицистикалық мәтін болсын т.б. мейлі, қай салаға (жанрға) қатысты болмасын, барлығы да сөйлеу нормалары мен тілдік заңдылықтарға сүйенеді. Осы нормалар мен заңдылықтар мәтінді түсінуге, ондағы ақпарат мазмұнын анықтауға қызмет атқарады. Солардың ішінде синтаксистік синтагманың маңызы зор. Өйткені синтаксистік синтагма лексикалық, грамматикалық, семантикалық, коммуникативтік категорияларды бойына жинақтап, мәтін арқылы берілетін ақпараттың мағыналық бөлшегін құрайды. Осы тұрғыдан келгенде, синтаксистік синтагма тек лингвистика үшін емес, мәтін арқылы жұмыс істейтін барлық сала үшін маңызды орынға ие. Кез келген мәтіннің ақпараттық мазмұнын дұрыс түсіну үшін оны синтагмалық жікке бөліп, қандай ой айтылып тұрғанын, қандай ақпарат беріп тұрғанын саралай білу мәтінмен жұмыс жасайтын мамандар үшін өте қажет. Сондықтан синтаксистік синтагманы тек тіл мен әдебиет мамандары емес, басқа сала мамандарының да игергені артық болмас еді.

Синтаксистік синтагма мағына ажыратушылық қасиетке ие тілдік құбылыс болғандықтан, оқыту процесінде мәтінді ұтымды түсіндіруге мол мүмкіндік береді. Мәселен, синтаксистік синтагманың актуализациялануын, семантикасын, интонациясын игерген маман мәтіндегі ең керекті мәселелерді талдаудың/талқылаудың ұтымды жолдарын құрастыра алады. Оның ішінде синтаксистік синтагма диалог құрастыруға, оңай және қиын сұрақтар құрастыруға, күмәнді сұрақтардың шешімін табуға көп көмек береді.

Білімді игерту/игеруге арналған танымдық әрекеттер (әдістер) мазмұны оқытудың нысаны болған теориялық тақырыпты қалай оқытуды, нені пайдалануды, қандай негізгі әдіс-тәсілдердің көмегімен мақсаттарға қол жеткізу керектігін анықтайды. Оқыту процесінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің барлығы да теориялық тақырыптың мағыналық және құрылымдық жүйесіне тән заңдылықтардың талаптарын өтей алуы керек. Сондықтан теория мен әдістеме бір медальдың екі жағындай бір материалдың көрсеткіші болуы керек. Сонда ғана нәтижеге бағдарланған білім мазмұны анықталады. Синтаксистік синтагманы оқыту процесіне енгізу қажеттілігін анықтайтын оқыту миссиясы, оқытуда атқаратын қызметі, оқыту мақсаты синтагмаға тән теориялық заңдылықтар негізінде анықталады да, сол талаптарға сәйкес әдіс-тәсілдер іріктеледі.

Синтаксистік синтагманы оқытуда позитивті әдісті таңдаған жөн. Қандай да бір затты, құбылысты, процесті алмайық, оларды сын тұрғысынан зерделеу қажет екені белгілі. Бұладамның интеллектуалды дамуының ғылыми түрі, яғни, позитивизмді дамытатыны айқын. Позитивті әдіс – радикалды көзқарас қалыптастырып, тұлғаның өзін жетілдіруіне, өзін танытуына, тұлғалық өсуіне, дамуына жол ашатын өзіндік амал.

Адам сыртқы ортамен, басқа адамдармен және өз-өзімен қарым-қатынасқа түсіп, өз өміріне жауап бере алатын субъект ретінде танылғанда тұлғаға айналады. Тұлғалық жетілу адамның ішкі өмірлік қатынасынан пайда болады. Өзін қабылдау, өзіне деген құрмет, өзіндік шешімге келе алу, өзіне деген сенім, өзің және қазіргі күйің туралы тереңдетілген, толық және нақты түсініктің болуы, өзінді шынайы түрде қабылдай алу, жаңа тәжірибені ассимиляциялай алу барлығы – тұлғалық өсудің негізгі тенденциялары. Өз бостандығын және субъекттілікті қабылдау, құндылықтарды таңдаудағы жауапкершілік және бағалау, өзін танытудағы жауапкершілік, өз-өзіне сенімді болу тұлғалық өсудегі маңызды бағдар болып табылады. Позитивті әдіс білім беруде осы қасиеттердің ашылуына көмектеседі. Оқу процесінде талқыланатын мәселелер арқылы өзінді және өмірлік мәнді табу, өзін жетілдіру және барлық тұлғалық негізгі атрибуттарды дамыту. Бұл қасиеттер басқа адамдармен қарым-қатынас динамикасында көрінеді. Білімалушылар бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, бір-біріне құрмет пен сезімін білдіріп, тереңдетілген тұлғааралық байланысқа түсе алады және басқа адамды түсінеді, эмпатия сезімін бастан кеше алады. Білімалушылар бір-бірімен қарым-қатынасқа түскен кезде көбірек ашылып, өзінің шынайы бейнесін ашады, бірақ осыған қарамастан – шынайы болып, иілгіштік және тұлғааралық мәселелерді шеше алу қабілетіне ие болады. Тұлға неғұрлым күшті және жетілген болса, соншалықты ол өзінің ішкі шынайылығына үңіле алады, қазіргі шақпен өмір сүре алады. Позитивті әдіс білім беруде осы процесстердің жүзеге асуын көздейді.

Синтаксистік синтагма – білімалушыларды сыртқы ортамен, өз-өзімен, басқалармен қарым-қатынасқа түсіретін білім көзі. Синтаксистік синтагманың сыртқы ортамен байланыс жасаудағы қызметі күнделікті өмірімізде көріп жүрген заттар мен құбылыстардың арасындағы байланыстарды, қарым-қатынасты лингвистикалық ғылым тұрғысында бейнелейтінінен көрінеді. Синтаксистік синтагмаға тән осы ғылыми заңдылықтар – оның оқыту процесіндегі миссиясын анықтап, позитивті әдісті қолдануға сұранып тұрған заңдылықтар. Синтаксистік синтагманың миссиясы мен позитивті әдіс теория мен әдістеме, әлеуметтанудың байланысын көрсетіп, заттар мен құбылыстарды, процесстерді, олардың мәні мен себебін, қарым-қатынасын философиялық абстракциялы ұғымдардың негізінде түсіндіру/түсіну мәселесін шешуге септігін тигізеді. Білімалушыларды сыртқы ортамен байланыстыру үшін синтаксистік синтагмаға тән коммуникативті семантика заңдылықтары оқыту нысаны бола алады. Коммуникативті семантика сыртқы ортадағы заттар мен құбылыстардың қарым-қатынасы, байланысы адам танымында қалай орныққанын, олардың сөйлеу тілінде жұмсалу себебін анықтауға көмектеседі. Дәлірек айтқанда, таным теориясындағы процесстерді жүзеге асыруға арқау болады. Позитивті әдіс – оқытудың нысаны болып отырған теориялық (ғылыми) білім мен оны оқытуда қолданатын әртүрлі амалдардың

өзара байланысын анықтап, білімді өмірмен байланыстыру немесе өмір бойы азық боларлықтай білім беру ұстанымын басшылыққа алатын әдіс.

Білімді суырып алу әдісі кез келген нысанды қарама-қарсылық белгілердің шегі негізінде қарастырып, талдауға мүмкіндік береді. Ұқсас құбылыстарды салыстыру, қарсы сұрақ, қарама-қарсы ақпарат пен пікірлер арқылы ұтымды (рационалды) түсіндірудің/тусінудің жолын көрсететін әдіс. Бұл әдіс студенттерді жүйелі түрде ойлай білуге дағдыландырады, терең тұжырымдар жасап, жаңа білімді өздігімен игеруге мүмкіндік береді. Тақырып аясында интеллектуалды әңгіме жүргізуге, парасатты өсуін тоқтатпауға жағдай жасайды. Басқа пікірлерге деген төзімділік (толеранттылық), әлеуметтік-қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арқау болады. Осы әдістер бір-бірімен үйлесім тауып, оқыту процесінде сәтті қолданысқа ие болса, нәтижеге бағдарланған білім жүзеге асады.

Мұны жаңаша оқытудың бірнеше дидактикалық тәсілдері арқылы жүзеге асырған тиімді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін төмендегі жұмыс түрлерін ұсынып көрейік:

1. Еркін жазу тәсілі бойынша жұмыс.

Тапсырма: *малдың терісі, кітаптың парағы, қардың суы, бидайдың ұны, сиырдың сүті, ағаштың жапырағы, жаздың желі, күздің суығы* синтагмасын неліктен *малдың парағы, кітаптың суы, қардың терісі, бидайдың желі, сиырдың суығы, ағаштың ұны, жаздың жапырағы, күздің сүті* түрінде айтуға болмайды? 3-5 минут аралығында өз ойларыңызды тоқтамай жазыңыздар.

2. Салыстыру кестесі бойынша жұмыс.

Тапсырма: Кестедегі қай нөмірдегі коммуникативті семантика қай нөмірдегі синтаксистік синтагмаға сәйкестенетінін анықтап, өз ойларыңмен тұжырым жасаңдар.

	коммуникативті семантика түрлері	синтаксистік синтагмалар
	адамдар арасындағы туыстық, жақындық туралы ақпарат беретін семантика	<i>Асанның жүрісі, бұлбұлдың сайрауы</i>
	қимыл атауының заттық сапасы туралы ақпарат беретін семантика	<i>менің анам, сенің қарындасың, Асқардың досы</i>
	заттың қимылдық белгісі туралы ақпарат беретін семантика	<i>табудың амалы, үйренудің жолы</i>
	адамның кәсібі, дәрежесі, мамандығы туралы туралы ақпарат беретін семантика	<i>ұл бала, қыз бала, ер адам, әйел адам, қария адам</i>
	адамның табиғи болмысын, физиологиялық, гендерлік ерекшелігі туралы ақпарат беретін семантика	<i>ақын адам, лейтенант қыз, суретші жігіт</i>
	субъектіге (адамға) тән іс-әрекеттің бейнесі туралы ақпарат беретін семантика	<i>балаға берді, араға талатты, астыққа толды</i>
	қимыл-әрекеттің нақты бір затқа бағытталғаны туралы ақпарат беретін семантика	<i>күле кірді, бажырайып қарады</i>
	қимылға ортақтасу туралы ақпарат	<i>балтамен шабу, арамен кесу,</i>

	беретінсемантика		<i>балшықпен сылау пышақпен кесу</i>
	қимыл-әрекеттің материалдық құралы туралы ақпарат беретін синтагма		<i>баламен ойнау, апасымен сөйлесу,</i>
	белгілі бір заттың нақты орны туралы ақпарат беретін семантика		<i>оқушыда бар, үйде жатыр</i>

Осындай интербелсенді оқытуға арналған тапсырмаларды орындау барысында білімалушылар өз-өзімен қарым-қатынасқа түседі, яғни, өзін-өзі бағалайды, өзін басқалармен салыстырады, өзінің тұлғалық деңгейін анықтай алады. Сондай-ақ басқалармен қарым-қатынасқа түсіп, өз идентификациясын сақтап әрқашан қозғалыста, дамуда болады. Дәлірек айтқанда, мүмкіндіктерді жүзеге асыру үшін әрқашан процесте болады. Нәтижесіне білім философиясы талап етіп отырған гносеологиялық (танымдық), методологиялық (жол, әдіс), аксиологиялық (құндылық), праксиологиялық (әрекет, тәжірибе, практика) процестер толық көрініс табады. Олай дейтін себебіміз, синтаксистік синтагма күнделікті өмірімізде көріп жүрген заттар мен құбылыстардың арасындағы байланыстарды, қарым-қатынасты лингвистикалық тұрғыда анықтайды. Бұл білімалушыларды сыртқы ортамен байланыстырып, заттар мен құбылыстардың арасындағы қарым-қатынастың тілдегі көрінісін танып-білуге, дәлірек айтқанда гносеологиялық процестің жүзеге асуына мүмкіндік береді. Олардан әртүрлі дидактикалық тәсілдер арқылы тапсырмалар құрастыру – методологиялық процестің жүзеге асуының дәлелі. Сол құбылысты бақылау, салыстыру, пайымдау, зерделеу арқылы білімалушылардың оны өз тәжірибелерінен өткізуі праксиологиялық процестің орындалғанын көрсетеді. Ал осы процестердің нәтижесінде өзіндік ой түйіп, қорытынды шығаруы – аксиологиялық процестің көрінісі. Бұл – білімалушыларды сын тұрғысынан ойландырып, заттар мен құбылыстарды бақылап, олардың арасындағы тұрақты байланыс пен қатынастарды ғылыми негізде өздері анықтай алуына әкелетін процестер. Өздігінен ғылыми шешім шығара алу кез келген білімалушыға позитивті (жағымды, дұрыс) көңіл күй сыйлайды. Нәтижесінде олардың қызығушылығы оянып, әрі қарай ынталанады. Сондықтан білім саласында позитивті әдістің алатын орны ерекше.

Түсінікті дамыту кезеңіне студенттер синтаксистік синтагманың байланысу жолдары, семантикасы, сөздердің үйлесім табу жолдары, мағына ажыратушылық қызметі туралы өздігінен ғылыми тұжырымдар шығарып, презентация, жоба жасап, оны қорғауға ұмтылады. Аталған процестер өздігінен жүзеге аспайды. Сабақтың әрбір құрылымы бойынша берілетін тапсырмаларды жүйелеуге, біріздендіруге арналған әдіс болуы керек. Синтаксистік синтагманы оқытуда қолданылатын мұндай әдісті таныстыру карточкасы деп атауды жөн санадық. Таныстыру каторчкасы сабақтың үш кезеңін бір-бірімен байланыстыратын синтагмалар мен тәсілдерді жинақтайды. Бірінші кезеңде білімге деген қызығушылықты оятатын

синтаксистік синтагмалар мен тәсілдер; екінші кезеңде сол синтаксистік синтагмалар арқылы білімалушылардың танымдық әрекетке түсуіне ықпал жасайтын тәсілдер; үшінші кезеңде сол синтагмалар арқылы жаңа түсініктер құрастыруға арқау болатын тәсілдер жинақталады. Таныстыру карточкасында жинақталған синтагмалар мен тәсілдер білім мазмұнын жеңіл түсінуге, тақырыпты алдын ала бағдарлауға мүмкіндік береді.

Түсінікті дамыту кезеңінде білгендері мен үйренгендерін тұжырымдауға арналған қысқа да нұсқа тапсырмалар беріледі. Интербелсенді оқытуда жиі қолданылатын *қос жазба кестесін* пайдалану тиімді. Кестенің оң жағына білім алушылардың назарын тоқтатқан мәселелер бойынша қысқа да нұсқа тұжырымдар жазамыз. Сол жағына білімалушылар келтірілген тұжырымдарға келісетінін, келіспейтінін немесе қосатын жаңа идеяларының т.б. түсіндірмесін жазады.

Синтаксистік синтагманың мағына ажыратушылық қызметіне байланысты ғылыми тұжырымдар	Өзіндік түсінік/ Комментарий
Синтакстік синтагманың мағына ажыратушылық қызметі интонациямен тікелей байланысты	Ия, сөйлегенде интонацияны дұрыс қолдану керек екен ғой....
Сөйлеу барысында бір сөзді ерекшелеп, интонациялық кідіріспен айтудың өзіндік мәні бар.	
Сөйлеу барысында ұласпалы интонация бір сөз бен екінші сөздің арасындағы мағыналық қатынасты анықтайды	

Осылайша олар өз ойларын, түсінігін, пайымдаулары мен уәждерін, дәлелдерін жария етеді.

Қазіргі уақытта оқытуда жиі қолданылып жүрген кейс-стади, Жигсо, ой қозғау, қосжазба күнделігі, үш қадамды сұхбат сияқты интербелсенді әдіс түрлері де әрбір үйренушінің талабы мен талпынысын, күш-жігерін бірнеше есе ұлғайтуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Әдебиет:

1. Коростылова Л. А. Инновационный технологии в обучении школьников. - СПб., 2008.
2. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы, 2008. - 231б.
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Алматы, 2013. - 446 б.

Түр-түске байланысты гидронимдердің танымдық сипаты

Даутқұлова А.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің 1-курс докторанты*

Аңдатпа: Мақалада қазақ тіліндегі түр-түске байланысты гидронимдердің танымдық сипаты қарастырылады.

Түйін сөздер: гидронимдер, гидрогеография, атау, термин, компонент.

Summary: This article considers the cognitive nature of the hydronyms, depending on the color of the Kazakh language.

Key words: Hydronyms, hydrogeography, name, term, component.

Жер көлемі жағынан әлем елдерінің ішінде 9-шы орынды алатын, бес Франция, он Англия еніп кететін, ұшса құстың қанаты талатын ұлан-байтақ елімізде бүгінде 85 мыңға жуық өзен, 48 мыңнан аса көл бар екен. Киелі қазақ жерінде тарихы тереңде жатқан біз білмейтін қаншама өзендер мен көлдер кездеседі. Елбасы Н. Назарбаев жер-су аттарының тарихилығы мен көнелігіне ерекше мән беріп, оны зерттеудің бүгінгі мемлекетіміздің саяси стратегиясы үшін де зор маңызы бар екендігін: «Әрбір азамат тарих қойнауына тереңдеу арқылы өзінің ата-бабалары қалдырған осындай кең-байтақ жердің лайықты мұрагері болуға ұмтылсын» [1], – деп атап көрсетті. Осы тұрғыдан Қазақстан территориясының жер-су атауларын зерттеу қазақ тіл білімін тың деректермен толықтырса, екінші жағынан ұлттық таным мен тілдік құбылыс арасындағы байланыс, ұлттық сананың дамуындағы жер-су атауларының рөлі секілді мәселелерді шешуге бағытталады. Соңғы 30-50 жыл көлемінде қазақ тіл білімінде топонимикалық, соның ішінде гидронимиялық зерттеулер кең өріс алды.

Ұлан-байтақ алқапты алып жатқан, табиғаты сан қилы болып келетін өлкеміздің жер-суына ерте замандардан бері сан алуан атаулар қойылып, олар түрлі өзгерістерге ұшырап отырды. Ұшы қиыры жоқ кең алқапта қазақ халқының негізін қалаған ру, тайпалар мал бағумен айналысып, жаз жайлау, қысқыстау қамымен көшіп-қонып жүрді. Сондықтан олар кең даланың табиғат ерекшеліктерін, әр төбенің, әр жыраның өзіндік сипатын жіті тани білді және көшпелі өмірлерінде оны жер жағдайын анықтайтын белгі ретінде пайдаланды. Атауды да соған лайық дәл тауып қоя білді. Осындай жер-су аттарының өзінен-ақ көп жағдайда ол маңның жер бедерінен, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінен, климат ерекшелігінен, табиғат байлықтарынан мол мәлімет алуға болады. Қайсібір атаулардың белгілі бір оқиғаға негізделе қойылуы да жиі кездесіп отырады. Мысалы: *Шалсүрінген, Кемпірөлген, Түйекеткен, Қалмаққырған* т.б.

Түрлі тарихи кезеңдерде тайпалар мен халықтар белгілі бір территорияда бірін бірі алмастырып, өзгеріп отырса да олар тарихтан ізсіз жоғалып кетпейді. Қазіргі өзен, су аттарында әртүрлі ру, тайпа аттарының да

кездесуі тарихпен тығыз байланысты. Адамдардың алғашқы қоныстары су көздері маңында пайда болғанын қазіргі кездегі тарихи-археологиялық деректер дәлелдеп отыр. Сол себепті адамзат тарихындағы алғашқы географиялық терминдермен атаулар да сумен байланысты болған деп болжам жасауға болады. Гидрогеографиялық терминдер негізінен су объектілерінің атауларына (гидронимдер) негіз болады. Тайпалар мен халықтардың тілдік белгілері өздері мекендеген жердегі географиялық атаулар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Қазақстан территориясындағы өзен, көлдердің атауларында араб, иран, моңғол, орыс тілдерінен енген сөздер мен қазақтың байырғы ру, тайпаларының аттары және адам есімдері жиі кездеседі. Көпшілік атаулар өзен-көлдердің өзіндік ерекшеліктеріне, яғни, түр-түсіне, суының дәміне, айналасындағы өсімдік пен жан-жануарлар дүниесіне, сан мөлшеріне, географиялық орнына т.б. көптеген белгілеріне байланысты аталады.

Осы мақалада біз өзен, көл аттарындағы түр-түстің сан-алуан түріне қатысты атауларды қарастырмақпыз. Табиғаттағы түр мен түстің барлығы әрқашан да бір заттың, құбылыстың түрін, түсін, өң-реңкін, сыртқы сипатын ғана анықтаумен шектелмейді, сонымен қатар түр-түс атаулары мүлдем түр-түске қатысы жоқ, не одан бүгінде алыстап кеткен ұғым-түсініктерді, мән-мағыналарды білдіреді. Солардың бірі – түстердің символикалық және танымдық қасиеті. Символика о баста көне гректің символ сөзінен шыққан, бүгінде әртүрлі идеяны, түсінікті, ұғымды, ойды, танымды, сезімді, іс-әрекетті білдіретін шартты белгілердің жиынтығы деген мағынаны білдіреді. Түр-түстердің де қоғамдық өмірде, халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрпында, салты мен санасында, белгілі этностың, тіпті жеке адамдардың түсінігінде де осындай символикалық мәні барлығы байқалады. Түр-түске байланысты наным-сенімдер барлық халықтарда да кездеседі. Сондықтан Қазақстан гидронимдері құрамында кездесетін сын есімдердің беретін ортақ қасиеттерімен қатар қосымша мағынасы да өзіндік ерекшеліктерге ие. Түр-түске байланысты әр дәрежедегі, әр алуан, әр үлгідегі атаулардың пайда болуына о баста себеп болған не деген сұраққа жоғарыда айтқандай, ең алдымен, жеке адамдардың өзін қоршаған табиғи түрлі түстер мен реңктерге олардың көзқарасын, оларды сезінуі мен қабылдауы деп жауап берген болар едік. Гидронимдер құрамындағы түске байланысты айтылатын сын есімдердің семантикалық табиғаты да ерекше. Түсті білдіретін сөздер арқылы жасалған атаулар негізінен *ақ, қара, қызыл, көк, сары, қоңыр, ала* сөздерінің қатысы арқылы жасалған. Мысалы: *Алакөл, Алабота, Қызылкөл, Қызыой, Қызылқайнар, Қызылсор, Сарыкөл, Сарықона, Сарыала, Сарысу, Сарыбұлақ, Қызылсай, Ақсу, Ақжар, Ақмая, Қарасу, Қарасай, Қараөзек, Көксу, Бозшакөл, Бозкөл, Шұбаркөл* т.б. *Ақ* компонентті гидронимдер еліміздің кез келген жерінде жиі кездеседі. Мысалы: *Ақсу, Ақбұлақ, Ақсай, Ақжайық* (өзен *Атырау қаласы*), *Ақкөл, Ақсуат, Ақжар, Аққайнар, Ақойкөл* (СҚО, М. Жұмабаев ауд.), *Ақсор* (көл, Павлодар обл.), *Ақсай* (өзен, СҚО, Уәлиханов

ауд.), *Ақтүбек* (көл, Павлодар обл.), *Ақжарық* (өзен, Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.).

Әдетте, халқымыз өзінің ең қасиетті дүниесін аққа теңеген. Өлгенде де аққа орап шығарып салуының жөні бар. Тіпті үстіне кірген жауына да ақ беру осы түстің ерекше символикалық мәнге ие екендігін көрсетеді. Ақкөлдердің суы мөлдір, тұнық, жағалауындағы құмы ақшыл болып келеді. Күнделікті өмірде, шаруашылықта пайдалы, ауласа – балығы бар, шомылса – суы мөлдір, таза көлдерді халық *Ақкөл* деп атайды. Гидронимдер құрамындағы түр-түс атауларының түстен басқа да мағына беретіні А. Н. Кононов, Э. М. Мурзаев, қазақ ғалымдарынан Ә. Қайдар, Т. Жанұзақов, Ғ. К. Қоңқашбаев, Е. Қойшыбаев, Ә. Нұрмағамбатов т.б. еңбектерінде кездестіреміз. А. Н. Кононов *ақ* сын есімі «су» гидрографиялық терминімен тіркесіп, *ақ=ағу*, ағын мағынасын беріп, *ақьсу* – «ағып жатқан су» ұғымын беретініні айтады. Сонымен қатар А. Н. Кононовтың зерттеуіне қарағанда, қытай, иран халықтары көк, көгілдір және жасыл түстер – батыстың, сары түс – орталықтың, қызыл түс – оңтүстіктің, ақ түс – шығыстың, қара түс – солтүстіктің, терістіктің геосимволикасы [2]. Э. М. Мурзаев *Ақсу*, *Аққұю*, *Аққұдық* құрамындағы *ақ* сөзінің беретін мағыналарын былай деп түсіндіреді: «*Аккую* букв. «белый, чистый колодец» (тюрк.). Тип колодца с пресной водой, расположенного обычно среди бахранных песков. Питание происходит за счеи конденсационных и инфильтрационных процессов. *Ақсу* букв. «белая, чистая вода» (тюрк); обычно – река, истоки которой лежат в высоких снежных горах. Дериваты: *агсу* (туркм), *ахсу* (азерб). В Средней Азии и Азербайжане так называют хорошую, пресную воду.

«*Ақсу* гидронимінің алғашқы сыңары ақ «ағынды», «ағып жатқан» деген мағынасын береді» деген пікір өзін өзі ақтай алмайды. Өйткені *Ақсу* аталатын өзендер биік таудан басталып, ағынды болатыны рас, бірақ атауға себеп болған уәж – өзен суының тастарға соғылып, ақ көбіктеніп ағуы. Профессор Т. Жанұзақ *Ақсу* атауы «судың, өзеннің ақ ботала боп аққан түсіне байланысты», – деп дәл тауып айтқан» деген тұжырымды Ә. Қайдар да өзінің этнолингвистикалық сөздігінде көрсетті. Сондағы *ақ* сөзі оның түсіндегі айырмашылықтан басқа ағысына да қатысты айтылатыны ғылыми дәлелдесе [3], І. Жансүгіров өлеңінде:

*Ағынды менің Ақсуым,
Арқырап әлі ағасың.
Ақиланған ашумен,
Ақтарып асқар сабасын, –*

деп Ақсудың өр мінезін суреттеген. Шын мәнінде арқырап аққан Ақсу өзенінің түсі – ақ.

Ақбұлақ гидронимі туралы «Киргизи не называют воду белой, как следует из буквального перевода этого гидронима – «белый родник». Семантика гидронима – «родник из которого вытекает ручей» деп жазады. Қазақ тіліндегі «ақ» және «қара» түр-түс атауларының этнолингвистикалық сипатын зерттеген Ұ. Серікбаева: «Ел-жұрт су ішетін, малды суаратын тұщы

сулы құдықтары бар елді мекен атауларының «ақ құдық» болып атлуының о бастағы уәждерінің шынайы себептері бірнешеу: 1) құдық қазылған жерінің топырағы ақ түсті (әкті), ақшыл сары түсті болуына; 2) сол жерден шығатын тұщы судың мол, жер бетінің сулы-нулы болуына; 3) құдықтың, не құдық қазған аумақтың ел жадында, халық санасында қасиетті, текті мекен болуына байланысты аталуы ықтимал» [4], – дейді.

А. Н. Кононов және З. М. Мурзаевтың еңбектерінде *қара* сөзінің мынандай мағыналары кездеседі: 1) физикалық дене (тау, амл т. б.) ; 2) тұр-түс; 3) қара+су «жер асты сулары, мөлдір су»; 4) жер, құрлық т.б. 5) күшті, үлкен т.б. К. Конкобаев *Қарабұлақ* гидронимінің құрамындағы *қара* сөзі қара түсті емес «үлкен бұлақ, мол сулы бұлақ» дегенді білдіріп тұр деген.

Қара компоненті әртүрлі гидротерминдермен тіркесіп кездеседі. Мысалы: *Қарақамыс, Қарасор, Қарақайың, Қаракөл, Қаракеңгір, Қаратал, Қарасу, Қаратұз* т.б. Гидронимдер құрамында кездесетін қара сөзі бірнеше семантикалық мәнге ие болады: 1) жоғарыдағы ғалымдар айтқан, жер асты суларынан нәр алатын өзен атаулары ұғымын береді. Мысалы: *Қарасу, Қарақұдық*; 2) белгілі бір атаудың екінші бір атаумен салыстырғанда көлемінің үлкен екендігін білдіреді. Мысалы: *Қараөзек, Қаракөл*; 3) кейбір гидронимдер құрамында кездесетін қара сөзі «ну», «қалың» ұғымын да береді. Мысалы: *Қарақамыс, Қаратал* т.б. *Қаратал* өзенінің мағынасы «қалың, ну өскен тал», «қалың, жыныс орман, тоғай» деген ұғымға сәйкес келеді. Бұған *Қаратал* өзенінің жағасында талдың көп, қалың өсуі дәлел болады.

Мөлтеңдеп мойнақты орай Қаратал да,

Көксуға қойындасад жарды жанып.

Қосылып екі ерке су, екі сұлу,

Балқаштан қалың құмға кетед лағып (І. Жансүгіров).

Қараертис гидронимі құрамындағы *қара* сөзін ғалымдар «жер асты суларынан нәр алатын өзен» ұғымынан шығарады [5]. Біздіңше, бұл атаудағы *қара* сөзінің мәні дөп басып айтылмаған. Өйткені, біріншіден, *Қараертис* – қара жерден бастау алатын өзен емес, ол басын тұздан, тау мұздықтарынан алады. Екіншіден, халық арасында «*Қараертиспен*» қатар, «*Ақертис*» тіркесі де қолданылады. Ал тіліміздегі ақтың «бай, төре, үлкен» мағынасы, қараның «қарапайым, жұпыны» мәні бар екені белгілі. Ендеше, *Қараертис*тің құрамындағы *қара* «жұпыны, кіші» ұғымында қолданылған сияқты. *Қара* сөзінің *ақ* сөзіне қарағанда қолданылу жағынан басымдығы тек қазақ тіліне тән құбылыс емес. Бұл процесс барлық түркі тілдерінде анық көрініс тауып отыр.

Қызыл компоненті гидронимдерде жиі кездесуімен сипатталады. Мысалы: *Қызылкөл, Қызыл, Қызылқақ, Қызылту, Қызылқұдық, Қызылағаш* т.б. Е. Қойшыбавтың көрсетуінше, топонимдер құрамында кездесетін қызғылт мынадай мағыналарға ие: 1) тар шатқал; 2) түбі көрініп жатқан таяз су; 3) жұқа, майда, жеңіл. Өз зерттеу материалдарымызды талдай келе, гидронимдер құрамындағы *қызыл* мынадай мәндерде жұмсалған деп

корыттық: 1) «түс» мәнінде, мысалы: *Қызыл, Қызылқақ, Қызылағаш*; 2) «таяз, жұқа» мағынасында, мысалы: *Қызылащыбұлақ, Қызылқұдық*.

«*Қызыл* сын есімі «қан түсті, қырмызы» (ҚТТС, 6-т., 563) түсті білдіріп, тілімізде біршама белсенді қолданылады. Оның сансыз көп мағыналарының ішінен жер-су атын жасауға түсті білдіретін тура мағынасы мен кезінде большевиктердің, коммунистердің туының түсіне байланысты пайда болған *қызыл* саяси термині қатысады» [3]. Ғалымның сөздігінде *Қызылөзен, Қызылсу, Қызылтал, Қызылтенек, Қызылтұз, Қызылтұма, Қызылұшқар, Қызылқайнар, Қызылкөл, Қызылқайық, Қызылқой, Қызылой, Қызылаша, Қызылбастау, Қызылеспе, Қызылкезең* т.б. гидронимдері кеңінен қарастырылған. Осындағы *Қызылеспе* (арна, Жамбыл обл., Қордай ауд.) сияқты *еспе* термині бар атаулар көктемде қар еріген кезде күші тасып, арнасынан асып жайылатын, жазда кеуіп қалатын немесе тарамдалған қарасуларға бөлініп кететін дала өзендеріне қойылады.

Сары компонентті гидронимдер де біршама кең тараған. Мысалы: *Сарыкөл, Сарықона, Саркөл, Сарыала, Сарыкеңгір, Сарыөзен, Сарықона, Сарысу, Сарыбұлақ* т.б. Мұндай атаулар негізіне заттың түсі «суы сарғыш», лай номинация ретінде алынған. *Сары* сөзі қатысқан атауы бар гидрообъектілер негізінен тайыз, аз сулы болып келеді, сондықтан өзен, көл суының реңкі түбіндегі саз-батпақтың түсімен қабылданады. Мысалы: Орталық Қазақстандағы ұсақ шоқылы жер бедерінің жағдайында тау жыныстарының суда еруіне байланысты көл суларының түстері айрықша болады. Белгілі көлтанушы ғалым П. П. Филоцевтің еңбегі бойынша берілген көл сипаттамаларын келтіреміз. Осы өңірдегі Сарыала көлінің географиялық сипаттамасында «көл суы жасылтым сары түсті», – делінсе, Күреңала көлінің суы «қоңырқай сары түсті» деген мәліметтер келтіріледі. Нияз тауының солтүстік-шығыс беткейлеріндегі шоқы аралық ойыстыалып жатқан Қаракөл көлінің түбін шалаң өскен, қара түсті тұнба басқан. Ал Қарасор көлінің ойысы тұнбамен толған, бетінде қалыңдығы он-он бес сантиметр болатын, күкіртсутекті қара ұйық жапқан.

Аз қолданылатын келесі «түстік» компоненттер: *боз, қоңыз, шұбар, көк*. Мысалы: *Боздым* (құдық, Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.), *Бозқұдық* (құдық, Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд.), *Бозшакөл, Бозкөл* (Қызылорда обл., Қазалы ауд.), *Бозшасор көлі, Қоңыр көлі, Шұбаркөл* т.б.

«Табиғаттағы жеті түстің бәрі дерлік (*ақ, қара, сары, қызыл, боз, қоңыр, көк*) гидроним жасауда жоғарыда талдағандай белсенді қатысуы олардың түпкі негізіндегі мағынасының (заттың түсі) сақталуынан ба?» деген ой туады. Гидронимдердің сын есімдерден жасалуының өзіндік сыры бар. Өйткені жердің ой-шұңқырын, бет-бедерін, түр-түсін, тар-кеңдігін, үлкен-кішілігін, судың ащы-тұщы, дәмін, иісін білдіретін сөздер, негізінен сын есімдер. Сондықтан да жер, көл, су, өзен т.б. объектілерді сын есім категориясындағы сөздердің қатысуынсыз атау мүмкін емес.

Қорыта айтқанда, жеріміздегі өзен-көлдердің мыңдаған атауларының шығу, пайда болу тарихы ең алдымен халық тілінің байлығына, әрбір тарихи

дәуірдегі қоғамдық өмірдің құрылысына, сан-қилы тарихи оқиғаларға, наным-сенім, танымға тікелей қатысты екенін, қазақ жерін талай ұлыс, тайпа, ел, халықтың жайлап, мемлекет құрып, ғұмыр кешулерінің өзі бүгінгі күні әрбір атаудың шығу тегіне әсер еткенін көріп отырмыз. Меншіктеп берілген өз аттарына заты сай өзен-көлдердің, бұлақ, арналардың өзіне тән сыр-сипатынан бөлек, түр-түсіне қатысты аталынуы оның сындық сипатынан гөрі танымдық тұрғыда да мән-мағынасы бар айшықты, ұтымды, ұғымды сөздерден пішіліп алынғандығын тілге тиек еттік.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н. Ә. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» Қазақстан-2030.

2. Кононов А. Н. О семантике слов кара и ак в тюркской географической терминологии // Известия отд. общественных наук АН Таджикской ССР. - 1954. -№5. – 83-85-б.

3. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік. Алматы: Сардар, 2013. – 3-том: Табиғат. - 608 б.

4. Серікбаева Ұ. Қазақ тіліндегі «ақ» және «қара» түр түс атауларының этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд.... автореф. - Алматы, 2003. – 131 б.

5. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алматы, 1974.

М. Әуезов шығармалары негізінде студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру

Абдимомынов Е.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты

Аңдатпа: Мақалада классик жазушы Мұхтар Әуезовтің тілі аса құнарлы, бояуы қанық, мағынасы бай, салмағы ауыр, құрамы күрделі шығармалары негізінде студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру мәселесі айтылады.

Түйін сөздер: классик жазушы, құнарлы тіл, сөз мәдениеті, озық ой, ұлы тұлға.

Summary: In this article, classical writer Mukhtar Auevov's language speaks about the formation of student's speech culture on the basis of their fertile, colorful, meaningful, weighty, complicated composition.

Key words: classic writer, fertile language, speech culture, advanced thinking, great personality.

Қазіргі таңда кез келген ұлттың бәсекеге қабілетті болуы біздің қоғамда белең алып отырған «батыстық» дүниетанымға сай материалдық құндылықтармен ғана өлшенбей, рухани құндылықтарды дамытқанда ғана өз

жемісін беретіндігі белгілі. Ал біздің халықтың ықылым заманнан бері жүріп өткен мың өліп мың тірілген, сындарлы да сара жолында қай заманда болмасын рухани дүниетанымның бастау-бұлағы, қайнар көзі болған құндылық ұлттық тілі еді. Тек біздің халық қана тіл мен сөзге аса мән беріп қоғамдық өмірдің барлық мәселелерін шешіп, реттеп, ұрпағына тәлім-тәрбие беріп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шығарып болашаққа бағдар жасаудың озық үлгісін жасай білген. Сондықтан, дана халқымызда «ана тілі», «аталы сөз» деген ауқымы терең түсініктер егіз ұғым ретінде ежелден-ақ қалыптасқан. Жаратушының қалауымен адамға жарық дүние, өмір сыйлайтын ата-ана болса, тіл мен сөзді сол ата-ана ұғымымен қатар қойып қастерлеуінде үлкен философиялық мән жатыр. Тіл қатынас құралы, іштегі ойдың сыртқы болмыста бейнеленуі, мәдениеттің бастауы, білім мен ғылымды игеріп ғаламды танудың, түптеп келгенде өзінді танудың басты құралы. Ал өмірді тану өзінді танудан басталады. Сондықтан, дүниенің мәні мен маңызын тек тіл мен сөз арқылы ғана тану мүмкін болмақ.

Бүгінде елімізде ана тіліміздің қарым қасиетін танып біліп, оқытудың тың тәсілдерін қолдану арқылы тіл мәдениеті мен сөз мәдениетінің ғылыми-теориялық негізін қалыптастырып, бәсекеге қабілетті, құзыреттілігі жоғары тұлғалар дайындау өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Бұл орайда А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, М. Балақаев, Р. Сыздық, Н. Уәлиев, Ф. Оразбаева, Ж. Дәулетбекова және т.б. зерттеуші-ғалымдардың еңбектері ереке елеулі.

Аталмыш ғалымдардың еңбектерінде халқымызда ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сөз өнері мен сөз мәдениетінің тұтастай табиғаты сол өнерді жасаған ұлы тұлғаларымыздың рухани мұраларын зерделеу арқылы қарастырылды. Сондай ұлттық алып тұлғаның бірі де бірегейі сөз қадірін қастерлеп оны қолданудың озық үлгісін көрсеткен ұлы жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов.

М. Әуезов сынды ұлы тұлғаға уақыт үкімі жүрмейді. Оның өмірі мен шығармашылығы жайында ғұмырнамалық зерттеулер, түрлі деңгейдегі мақалалар әр кезеңде жазылды. Әлі де жазылу үстінде, уақыт ағымына ілесіп жазыла да береді. Сондықтан, біз осы мақалада ұлы жазушының шағармаларындағы сөз мәдениетіне қатысты орымды ойлары пен пікірлерінің оқыту арқылы жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіндірудің маңыздылығына тоқталғанды жөн көрдік.

Әлемдік деңгейдегі классик жазушы М. Әуезовтің шығармаларындағы тіл шеберлігі, сөз қолданыс үлгілері – тың дүние, игерілуге тиіс ұланғайыр байлық секілді. Оның ұлылығы сол, ол қазақтың әдеби тілінің, көркем сөз үлгісінің барлық қадір-қасиетін, байлығын өз шығармаларында жандандырып қолдана білген және сол қазынаға жаңадан сөз үлгілерін қосқан.

Бұл туралы Елбасы Н. Ә. Назарбаев «М. Әуезовтің шығармашылық мұрасы – адамзаттың байлығы» атты мақаласында «Әуезов көркем сөз құдіретін қазақ көгінен шығарып, бүкіл адамзат аспанына шарықтатты, оның

осынау қарымы тәңір берген талантымен ұштасып, оны әлемдік деңгейдегі туындыгер деңгейіне көтерілуінде жатса керек» [1, 4] деп ерекше атап өткен болатын. Алып суреткердің сөз мәдениеті дегенде оның да Абай сияқты үш рухани бұлақтан: қазақтың шешендік өнерінен, шығыс пен батыстың әдебиетінен нәр алғанын атап өткеніміз жөн. Осы үш бұлақтан сусындаған қаламгер өзінің әлемге әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясында шешендік сөз үлгілерін, шығыс пен батыс жазушыларына тән сөз оралымдары мен баламаларды өте шебер қолдана білген. Оның кейіпкерлерінің бәрі дерлік тілге шешен, ділмәр, озық ойлы жандар. Мәселен, Құнанбайдың баласы Абайға айтқан сөзіне назар аударсақ.

«Орайы келгенде айтармын деп жүр едім. Сенің басыңнан үш түрлі мін көремін. Соны тыңда !» – деді.

Абай: Айтыңыз, әке ! – деп Құнанбайдың жүзіне тура қарады да, тосып қалды.

Ең әуелі арзан мен қымбаттың нарқын айырмайсың, білмейсің. Көп күлкіге, болымсыз ермекке асылыңды шашасың. Жайдақсың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды. Екінші, дос пен қасты сараптамайсың. Досқа досша, қасқа қасша қырың жоқ. Ішіндегі жатқан сыр ұшығы жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Басыңа ел үйірілмейді. Үшінші, орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің! – деді [2, 192]. Міне, Құнанбайдың аузына осындай терең ойлы сөздерді салып отырған – М. Әуезов. Мұндай шешендік үлгідегі сөздер кітапта толып жатыр.

Жазушы сөз қолдануға, талғауға өте ұқыпты қараған. Өз оқырманын жалықтырып жібермеуді ойлаған. Сонау 1921 жылы жазған алғашқы әңгімелерінен бастау алып «Абай жолы» роман-эпопеясына дейін ұласқан жазушылық эволюциялық жолының барлық белесінде жазушы көркем сөз күдіретін тереңінен түсініп, нұрлы сөзді, соншама нәрлі теңеулерді өте шебер қолданылып отырған. Сөз сапасын реттейтін нормаларға сай туындыларын тудырған. Сондықтан әрбір шығармасының тіліне, сөздік қорына, теңеулер мен жаңа сөздер енгізіп аса сақтықпен мән бере қараған. Бұл туралы ұлы жазушының замандасы белгілі жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы Ілияс Омаров өз естелігінің бірінде «өз басым ойға жазық, жүрекке нұр құятын сөз естісем де, құлаққа дарымайтын жұтаң сөз естісем де Мұхтар Әуезовті есіме аламын. Өйткені Мұханды ең алғаш сөзінен танығам, ал сөзді ең алғаш Мұхаңнан танығам» [1, 176], – деп тебірене жазған болатын. Көрнекті қоғам қайтаркері, әдебиет сыншысының бұлайша тебірене жазуында да үлкен мән бар еді. Ол 1944 жылы болған республикалық ақындар айтысы өтіп сол айтыстың комиссия мүшелері болып М. Әуезов пен бірге Ілияс Омаров тақазылар алқасынан орын алады. Осы айтыста әрбір ақынның аузынан шыққан сөзге аса зеректікпен қарап отырған М. Әуезов айтыстың өн бойында қойын дәптеріне бір нәрселерді түртіп алумен болады. Бір үзілісте Ілияс Омаров заңғар жазушының не теріп отырғандарын түстеп анықтап көру ниетімен қасына келіп:

– Мұха, ақындар сөзін саралау ойындасыз ғой деймін, қаламыңыз түспейді ғой, – дейді. Сонда М. Әуезов:

– Жаңа сөзді теңеулерді теремін. Бұлардың қайсысын бір-бір жапырақ қағазбен нокталап, тілдерін байлап қойдық қой, еріктеріне жіберсек, сөздің небір шұрайлысын естір едік, – деп өкініш білдіреді.

Алайда бұл сөздердің астырын тереңінен түсіне қоймаған І. Омаров ұлы жазушының осы пікірін тағы бір кездесуінде есіне салғанда кемеңгер жазушы Әуезов былайша жауап берген екен: «Сөз шіркін де адам секілді ғой. Оның да ала-құласы көп. Орнатқан жеріңе қорғасындай құйыла алатын орнықты сөз бар да, қурайдың басында қылп-қылп етіп ұшып кеткелі тұрған торғайдай ұшқалақ сөз бар. Сіздің жақта арбаға екі атты парлап жекпеуші ме еді? Сонда желісті, күшті атты түпке салады да ал басын садақша иіп, сәнді қырындап отыратын сұлу жылқыны қасына жегеді. Сөздің де сондай жүк тартқыш түптегісі мен қиғаштап сұлу жүретін маңайламасы болады. Халық соны біліп, сөз екеш сөзді де *одағай сөз, сүйкімді сөз, сайқал сөз, салқын сөз, жылы сөз* деп түр-түске бөліп жүр ғой. Біз жазушы болғандықтан, осының барлығын білуіміз керек. Солай мәні мен әріне, әуені мен мүсініне қарап, електеп өткізіп, сұрыптап алмасақ, жазған шығармаларымыз әлде бірдемеге ұқсап кетер еді. Халық арасында небір жаңа сөз, жаңа ұғымдар туып жатады, бұл – табиғи процесс. Солардың шала туғандары өліп, мезгілін біліп туған өміршеңдері қанаттанып, қажетке асады. Құдайға шүкір, сөздік қоры жағынан қазақ тілі ешкімнен кем де, кедей де емес, әдебиетіміздің қаулап өсуінің бір себебі осында жатқан сияқты» [1, 178], – деп қазақ тілінің барша табиғатын ашып, сөз құдіретін суреттеп айтып берген екен.

Сөз қадірін барынша қастерлеп, оны қолдануда аса зеректікпен ерекшеленген ұлы жазушы М. Әуезовтің сөз мәдениетін қалыптастыруға сіңірген еңбегі өлшеусіз еді. Бұл алып тұлғаның ұлттық руханиятымызға қосқан бірден-бір үлесін аңғартады.

«Ал бүгінгі тәуелсіз еліміздің жастары сол ұлы тұлғаларымыз қалыптастырған сөз мәдениетін қаншалықты дәрежеде сақтап, қолданып жүр?» деген сұраққа жауап іздер болсақ, әрине, күбілжіктей бастайтынымыз жасырын емес. Себебі ғылым мен техниканың қарыштап дамуы, жаһандану үрдісінің аса жылдамдықпен дамуы ұлттық санамыз бен мәдени иммунитетімізге айтарлықтай соққы берді. Оны жастармен жиі кездесіп, аралас-құраласта жүрген кісілер жоққа шығара қоймас. Біз ЖОО-да сабақ беріп, студент жастармен етене жақын жүргендіктен, бұл мәселені жете түсіне де талдай да алатындығымыз сондықтан. Сөз мәдениеті, сөйлеу әдеби – мұның барлығы, түптеп келгенде, адамдардың қарым-қатынасын реттейтін, ұлттық болмысты бейнелейтін, рухани иммунитеттің дәрежесін көрсететін бірден-бір негізгі фактор болып табылады. Сөзді дұрыс сөйлеу мен қолданудың маңызын ұлы ойшыл ақын, хакім Абай Құнанбайұлы сонау XIX ғасырдың соңында ақ жаңа модерндік сапаға көтеріп:

*Өлең сөздің патшасы – сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.*

*Іші алтын сырты күміс сөз жақсысын,
Қазақтың келістірер қай баласы [3, 65], –*

деп сөздерді дұрыс, орнымен, шебер қолданудың өнер екендігін атап өтті. Бұл туралы сөз мәдениетін жете зерделеп жүрген белгіліғалым Ж.Дәулетбекова «Сөз мәдениеті дегеніміз – әр адамныңәлеуметтік рөліне сай сөйлеу әдебі» деп ой қорыта келіп «Сөз мәдениетін оқыту – сөзді өнер деп бағалаған танымы терең, талғамы биік халқымыздыңізгі дәстүрін жалғастырудың басты кепілі» [4, 5], – дейді. Демек, еліміздің ертеңі бүгінгі жастарға сөз мәдениетінің барлық қырлары мен сырларын, ұлттық тіліміздің боямасыз бейнесін сол қалпында оқытудың маңызы зор болмақ.

Қазіргі таңда еліміздің жоғары оқу орындарының басты мақсатының бірі – заманауи бәсекеге қабілетті мамандар даярлау ісінде жастардың бойына ана тілінің қадір-қасиетін сіңіретін, оны өз нормасына сай қолданудың маңыздылығын үйрететін сөз мәдениетін қалыптастырудан бастағанымыз жөн деп білеміз. Бұл іске қазақ тілінің көсегесін көгертуді көздеп, еңбек сіңіріп жүрген кез келген тілші-ғалым қарсы бола қоймас. Сөз мәдениетін, сөйлеу әдебін жастардың бойына сіңіруді ЖОО-дағы филология факультетінің 5B011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» және 5B021400 – «Әдебиеттану» мамандығы студенттерінен бастап базалық білім алып жүрген барлық мамандықтың студенттеріне оқытсақ та еш артықтық етпес еді. Дегенмен оқу жоспарларындағы әр мамандықтың өзіндік ерекшеліктерге байланысты оны жекелеген пән ретінде жаппай оқытуда қиындықтар туатындығы анық. Сондықтан бүгінде біз филология мамандығында білім алып жүрген жастарға осы мәселені жете түсіндіріп оқытуға күш салудамыз. Сөз мәдениетін әсіресе әдебиет сабақтарында оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, сөз өнері болып табылатын әдебиеттің түрлі салаларына қатысты пәндерді оқытқанда міндетті түрде ұлттық сөз өнеріне қалам сермеген қаламгерлер мен жазушылардың шығармаларына тоқталып, талдаулар жасаймыз. Ал сондай заңғар тұлғалардың бір биігінде ұлы жазушы М. Әуезов тұратындығы белгілі. М. Әуезов шығармашылығы ЖОО-да «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Қазіргі кезең әдебиеті» пәндері мен «Әуезовтану» арнаулы курстарында кеңінен оқытылады. Сонда классик жазушының тырнақалды туындылары алғашқы әңгімелері, мақалалары, аудармалары, зерттеу еңбектері, повестері мен пьесаларын оқытудан бастап «Абай жолы» роман-эпопеясына дейінгі шығармалары тұтастай болмаса да концептуалдық негізде оқытылады. Мұнда заңғар жазушының шығармашылық эволюциялық жолы да ескеріледі. Сонда оны оқыған жастардың барлығының болмаса да біразының бойында жазушылыққа деген көзқарастар қалыптасып, тіпті кейбірі қолына қалам алып жазуға да кірісіп кеткендігін көзімізбен көріп жүрміз. Бұл – біріншіден, қазақ тілінің құдіреті болса, екінші жағынан, сол тілдің бар шырынын, бүкіл бояуын оқырманға жеткізе білген ұлы суреткер жазушының шеберлігі. Жоғарыда М. Әуезовтің әдебиет сыншысы І. Омаровқа айтқан сөз қадірі туралы пікінде кемеңгер жазушы сөз мәдениетіне қатысты тағы бір назар аударарлық үлкен ұғымға

тоқталғандығын аңғарамыз. Онда «солай мәні мен әріне, әуені мен мүсініне қарап електеп өткізіп, сұрыптап алмасақ, жазған шығармаларымыз әлде бірдемеге ұқсап кетер еді», – деп дауыс ырғағы әуенге ерекше мән бергендігін байқаймыз. Яғни, сөз мәдениетін меңгеруде ескеретін тағы бір маңызды фактор дауыс, әуен мәселесі екендігін еске салады. Әлемдік дәрежедегі ұлы ойшыл Конфудзи «Сөздің көркі – әуезділігінде» [5, 149], – деген екен. Ал сөз өнерінің шыңына жеткен шешен Базар жырау болса:

Бізғытып айта дауысымды,

Іңірде шайтан көшкенде [6, 84], –

деп дауыстың маңызын ерекше атап өткен.

Демек, сөйлеушінің сөзінің қаншалықты әсерлі болуы оның әуеніне, дауысына байланысты болады. Сөйлеуші дауысының әртүрлі акустикалық өзгерісіне мән беру арқылы сөйлеу қажеттігіне жете мән берген М. Әуезов өз шығармаларында осы мәселені есте естен шығармаған. Кемеңгер жазушының «көп жоқтаудың өз бетінше шығарылған сарыны, дауысы болады, ескі әдет бойынша, ертеңді кеш сол сарынды жоқтау өленді қосып, дауыс қылады» [7, 124], – дейтін пікірінде салттағы дауыстың жалпы мағынасын тілге тиек етсе, дауыс қарқынының биіктігі мен бәсеңдігі т.б. эмоциялық-экспрессивтік ғұрыптық мәнін көркем шығармаларында сақтап отырған. Мәселен, «Абай жолының» бірінші кітабындағы Бөжей өлімі тұсындағы жоқтаушы қыздар дауысының суық, зарлы ырғағына ауысқан тұстағы қарқынды динамикасы ел ішіндегі ру араздығы мәселесін ашудың амалы ретінде алынған. Бөжей қыздарына жауап ретіндегі Сары апаның «қатты айғайлап, қалт» тоқтайтын әрекеті де салтқа сай. Себебі «бұл тұстағы дауыстың мәні тірілер үшін ғана емес, марқұм үшін маңызды» дейтін түсінік жаңғырады. Мұндай көне замандардағы адам жаны шыға салысымен қатты айғайлап жылау, жанды кері шақырып, оралуға үгіттеу – барлық түркі халықтарында бар дүние [8, 19]. Осы айтылғандардан жазушының дауыс ұғымына жете мән бергендігін аңғарамыз. Ал оның негізін әлемдік ежелгі мифологиялық түсініктерден алып, қазақи көрінісін жоқтау салтын суреттеу арқылы көрсеткен. Жоқтау салтынан басқа да сөйлеу мәдениетінде әуез бен дауысқа ерекше мән беріледі. Ол – әсіресе көпшілік алдында монолог оқығанда, сөз өнерінің шыңына, яғни, шешендікке жеткен барлық адамға қажет дүние. «Ақындық туа біткен қасиет, ал шешендік жүре келе қалыптасатын қабілет», – дейді ойшыл Цицерон. Ал біздің халықта «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» деген ұлағатты ой қалыптасқан. Сондықтан адамдардың сөйлей білуінің шыңы – шешендік. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын өткенде мәнерлеп оқуға ерекше мән берілетіндігі де орынды. Студенттерге мәтінді ерекше дауыспен, қарқынмен, интонациямен оқу мен қатар әуезді сөйлеуді де меңгертудің маңызы зор. Сонда ғана білім алып жүрген студенттер, еліміздің ертеңгі жас мамандары сөз мәдениетін жете жеңгерген ойға көсем, тілге шешен бәсекеге қабілетті тұлғалар болып шығатындығы анық.

Қорыта айтқанда, классик жазушы М. Әуезовтің тілі аса құнарлы, бояуы қанық, мағынасы бай, салмағы ауыр, құрамы күрделі нәрлі де нәзік. Оның лексикалық қоры орасан мол. Сол мол қазынаны көркем шығармада қолдануға келгенде жазушы – теңдесі жоқ шебер, асқан зергер. Оның шығармаларында мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, астарлы сөздер – бәрі де көркемдік шеберлікпен қолданылған. Онда орынсыз лепіру, сезімсіз шарықтау, әдемі, әсем тіл үшін әдейі тырысушылық жоқ. Сондықтан бүгінгі жастарымыздың бойына ұлттық құндылықтарды боямасыз сіндіріп сөз мәдениетін қалыптастыру ісінде ұлы жазушы М. Әуезовтің шығармаларын оқытуға ерекше мән бергеніміз абзал.

Әдебиет:

1. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. Құрастырған: Дияр Қонаев, Санагүл Майлыбаева, Әндібек Қуанышбаев. – Алматы: Білім, 2007. – 288 б.
2. Әуезов М. Абай жолы. - 1 том. - Алматы, 1997. – 289 б.
3. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
4. Дәулетбекова Ж. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі. Монография. – Алматы, 2017. – 240 б.
5. Құнфудзы Кеңес пен толғам (Ғақылия). Аударған М. Мағауин. – Алматы: Қайнар, 2001. – 224 б.
6. Жеті ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 2004. - 2-том. – 528 б.
7. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 289 б.
8. IX Әуезов оқулары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Таңбалы, 2010. – 286 б.

Педагогикалық құзыреттілік және оның түрлері

Юсуп П.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің докторанты

Аңдатпа: Мақалада педагогикалық құзыреттіліктің түрлері мен классификациясы қарастырылады.

Түйін сөздер: құзыреттілік, психология, педагогика, ақпараттық құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік.

Summary: In the article the types and classification of pedagogical competence are considered.

Key words: competence, psychology, pedagogy, information competence, communicative competence.

Адамзат тарихындағы кез келген өркениеттің шарықтап дамып немесе құлдырап өшу жолының өзіндік тарихи, қоғамдық себептері бар.

Ол себептердің ең бастысы өркениетті өсіретін де, өшіретін де факторлар мен құбылыстардың адамзатқа қажеттілігіне байланысты. Сондықтан да, ғылымның, оның көптеген салаларының да пайда болуының негізгі алғышарты өмір қажеттілігі деуімізге болады. Адамдардың топтасып өмір сүруге деген қабілетінің артуы олардың әлеуметтік орта құру, қоғамдық талаптарға мойынсұну қасиеттерін қалыптастырды. Бұл құбылыстың нәтижесінде тәжірибе алмасу, бірін-бірі тәрбиелеу әрекеті туды. Уақыт өте келе озық ойлы қоғам мүшелері осы әрекеттерді жүйелеп, тәртіпке келтірді. Соның негізінде теория пайда болды да, ғылым дамыды. Сол себепті өмір қажеттілігі мен қоғам талаптары, әлеумет сұранысы сияқты құбылыстар адамның ақыл-ойының дамуының ең басты қозғаушы күші деген түйін жасай аламыз. Бұл ретте білім мен ғылымның даму үрдісі де осы заңдылықтар аясында жүзеге асқандығы шындық. Сондықтан, осы мақаламызда қарастырғалы отырған «құзыреттілік» мәселесі де осындай қажеттіліктер нәтижесінде пайда болған ұғым деп санаймыз. Осыған орай зерттеуімізде «құзыреттілік» ұғымының туып, қалыптасу тарихы мен жолын айқындап, оның өзіндік сыр-сипатын мен түрлерін жан-жақты таратып зерттеуді мақсат тұттық.

Қазіргі таңда «құзырет», «құзырлылық», «құзыреттілік» ұғымдары бүгінгі жоғарғы білім беру және оны ұйымдастыру үрдісінің ең басты компоненттерінің біріне айналды. Өйткені оның болашақ маманның өз кәсібіне сай болуы мен өмір талаптарына икемділігін қалыптастырушы күш ретіндегі маңызы жоғары екендігін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Ғылыми-зерттеу еңбектер мен анықтамалықтарға сүйенсек, «құзыреттіліктің» аса бай танымдық, атқарушылық, құрылымдық мәні бар екеніне көзіміз жетеді. Бұл ұғымның ғылымның барлық саласында кең таралып, ғалымдар тарапынан көптеген зерттеулер жасалғанымен, әлі де болса құзыреттіліктің қолданыстағы мәнін ашып, оның негіздерін жасау қажеттілігі бар деп санаймыз. Сол себепті ең алдымен аталған ұғымның ғылыми термин ретінде пайда болуы мен мағыналық, атқарушылық қызметтерінің қалыптасуының кезеңдік тарихына назар аудару жөн.

Ғылыми әдебиеттерде құзыреттілікке берілген анықтамалар сан түрлі. Оның бірнешеуіне тоқтала кетейік. Мысалы: Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында: «Құзырет – нақты органның не лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген өкілеттіктерінің құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы» [1] делінсе, одан ертеректе жарық көрген қазақша-орысша сөздікте Ғ. Мұсабаев: «компетентность – хабардарлық, жете білушілік; компетентный – хабардар, жетік, терең білетін» [2] деп, «құзырет» түсінігінің екі түрлі мағынасы бар екенін көрсетеді, яғни, бірінші мағынасы – хабардарлық болса, екінші мағынасы – «міндет, қызмет бабы» деген заң саласының терминін білдіреді. Ал термин ретінде батыстан келген бұл ұғым шетелдік

әдебиеттерде *competence* (ағылшын) – «қабілет, компетенция», *competent* (франц.) – «құзыретті, құқықты», *competens* (лат.) – «сәйкес, жарамды», *competere* – «сай болу, қабілетті болу» дегенді білдіреді. И.А.Зимняя, В.И.Байденко, Н.А.Гришанова, Д.А.Махотин, О.Е.Лебедев, С.Адам, У.Клемент және тағы басқа көптеген ресейлік және шетелдік ғалымдар зерттеулері мен еңбектерін қарағанда, «құзырет» пен «құзыреттілік» түсініктерін анықтауда салыстырмалы түрде талдаулар жасалғанын байқауға болады.

Ал отандық ғалымдар еңбектеріне назар аударсақ, «құзыреттілік» ұғымы жайлы ғалым Ш.Таубаева: «Құзыреттілік – ол тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» [3, 251], – деп қарастырса, К.Құдайбергенова: «Құзыреттілік ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы «*competens*» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» [4, 106], – деп көрсетеді. Педагог ғалым Б. Тұрғынбаева: «...Құзыреттілік дегеніміз – адамның өз кәсібіне сай игерген әрекет пен өнімді қызмет түріндегі білім жиынтығын маңызды қасиеттермен біріктірілген білік және саналы дағдылар тәсілдері арқылы тәжірибеде қолдана білу қабілетінің сапасы» [5, 72 б], – деген тұжырым жасайды. Осы анықтамаларға сүйене келе, біздің ойымызша, «құзыр (құзырет)» дегеніміз – өкілеттілік (билік, басшылық), ал «құзыреттілік» – жеке тұлғаның қасиет-қабілеті. Сондықтан білім беру нәтижелерінің тұрғысынан алғанда, құзыреттілік жеке тұлғаның белгілі бір іс-әрекетті немесе жұмысты орындауға қабілеттілігін білдіреді. Өйткені белгілі бір іс-әрекетті іске асыру үшін үйренушінің білімі, ептілігі, дағдысы және тәжірибесі болуы керек. Басқаша айтқанда, үйренушінің белгілі бір сұрақтар төңірегінде тәжірибесі, мағлұматы болуы тиіс.

Қазіргі зерттеулерде ғалымдар заман талабына сай құзыреттіліктің бірнеше түрлерін жіктеп көрсетеді. Соның ішінде «құзыреттілік» ұғымын алғаш жан-жақты зерттеп, жүйелеуші ағылшын ғалымы Дж. Равен өзінің 1984 жылы Лондонда шыққан «Қазіргі қоғамдағы құзыреттілік» деген еңбегінде оның 37 түрін келтіреді. Бұл еңбекте көрсетілген құзыреттілік түрлері өндіріс саласына қатысты. Сондықтан құзыреттіліктің педагогикаға экономика саласынан келгендігі дау тудырмайды және оның жеке тұлғаның қабілетін танытатын құбылыс ретіндегі маңызы бүгінгі барлық деңгейдегі білім беру мазмұнынан айқын танылып отыр.

Негізінен білім беру үдерісінде педагогикалық құзыреттілік кәсіби маманның теориялық білімі мен практикалық дайындығынан тұрады. Кейбір әдебиеттерде бұл ұғым «педагогикалық мәдениет» түсінігімен де тығыз

байланысты. Соған сәйкес ғалымдар педагогикалық мәдениетке төмендегідей анықтамалар береді:

- педагогикалық әрекеттегі жалпыадамзаттық идеялар, кәсіби құндылық бағдарлар, танымның әмбебап құралдары, гуманистік технологиялардың ретке келтірілген жиынтығы (В. Л. Сластенин);

- ұстаздың тұрақты педагогикалық қызығушылықтарының бағыты мен қажеттіліктерін, педагогикалық шеберлігі мен ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамуын, өзін-өзі жетілдіруге деген ұстанымдары мен дүниетанымын біріктіре алуы, шығармашылық жағдайға тез арада ене алуы, өзінің интеллектуалдық, эмоционалдық жағдайын және ерік-жігерін өзектілендіре алу үрдісі (С. Б. Елканов).

Бұдан шығатын қорытынды: педагогикалық мәдениетті терең меңгерген кәсіби маман кез келген жағдаятта өзінің педагогикалық шеберлігін көрсетеді, интеллектуалдық әлеуетін тиімді пайдаланып, эмоционалдық күйін реттей алады, білімі мен кәсіби сапасын үздіксіз жетілдіруге қабілетті болады.

Қазақстанның білім беру жүйесінде оқытудың күтілетін нәтижесі ретінде аталатын бірнеше педагогикалық құзыреттілік түрлері бар. Олардың ішінде ең негізгілері ретінде үш құзыреттілік түрі көрсетіледі. Олар: *мәселені шешу құзыреттілігі, ақпараттық құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік.*

Мәселені шешу құзыреттілігінің аспектілерін төмендегідей жіктеуге болады:

1. Басты мәселені анықтау (идентификация)

- мәселені шешу жолдарын қарастыру, түсіндіру;

- нақты және күтілетін нәтижені жалпылама сипаттап, олардың ерекшелігі мен айырмашылығын айқындайды.

2. Мәселенің мақсатын анықтап, іс-әрекет жоспарын құру

- міндеттерді шешу жолдарының логикалық бірізділігін айқындау.

3. Инновациялық технологияларды пайдалану

- мәселені шешуде қолданылатын интербелсенді әдіс-тәсілдердің жүйесін құру.

4. Ресурстарды (техникалық және мультимедиялық құралдар) жоспарлау

- іс-әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды тиімді пайдалану.

5. Іс-әрекетті бағалау

- өзіндік іс-әрекеттің кезеңін формативті бағалау.

6. Іс-әрекеттің толық нәтижесін бағалау

- іс-әрекеттің нәтижесін жиынтық бағалау.

Ақпараттық құзыреттілік аспектілері:

1. Ақпараттық ізденісті жоспарлау

- белгілі және белгісіз ақпараттарды айқындау;

- анықталған ақпараттардың қайсысы қойылған міндеттерді шешуге жарамды не жарамсыз екендігін анықтау;

- мәселені шешуде түрлі анықтамалықтар мен ғылыми-зерттеу еңбектерін пайдалану.

2. Бастапқы ақпаратты табу

- қойылған міндеттемелерге сәйкес жоспар бойынша бақылау (эксперимент) жүргізу;

- білім алушыларға сауалнама жүргізу.

3. Алынған ақпаратты өңдеу

- алынған ақпаратты нақты түсіндіру;

- алынған ақпараттағы кемшілікті анықтау;

- ақпаратты мазмұнына, сипатына қарай бөлу;

- ақпараттағы ұғымдарды негізгі және қосымша деп жіктеу.

Коммуникативтік құзыреттілік аспектілері:

1. Жазбаша коммуникация

- білім алушыларға шығармашылық жазба жұмыстарын ұсыну (реферат, баяндама, эссе, ойтолғау т. б.).

2. Көпшілік алдында сөйлеу

- тілдік қарым-қатынас барысында ауызша сөйлеу мәдениетінің негіздерін қалыптастыру;

- әртүрлі тілдік жағдаяттарда дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру;

- тілдік нормаларды игеру қабілетін шыңдау.

3. Диалог

- диалогтің мақсаты мен форматына сәйкес сұрақтар қояды және жауап береді;

- сұхбатты сөйлеу нормасына сай бастайды және аяқтайды.

4. Нәтижеге бағытталған топтық коммуникация

- білім алушылардың мәселені топта талқылауын ұйымдастыру (пікірталас, полилог, диспут т. б.);

- білім алушылардың өз тұжырымдары мен ұстанымдарын топта талқылап, дәлелдеуге мүмкіндік беру.

Ұстаздың кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыруда тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін жоғарыда сипатталған педагогикалық құзыреттіліктер ауадай қажет. Дегенмен де, осы мәселені зерттеуші әдіскер-ғалымдар бұл көрсетілген басты педагогикалық құзыреттіліктерден бөлек те түрлерін жіктеп көрсетеді. Мәселен, Ресейлік ғалым Н. В. Кузьмина кәсіби іс-әрекеттің нәтижесіне әсер ететін, педагог-маманның шеберлігіне, кәсіби сапасына, қабілетіне қойылатын талаптарғасәйкес мынадай құзыреттілік түрлерін ұсынады. Олар: арнайы құзыреттілік, әдістемелік құзыреттілік, психологиялық-педагогикалық құзыреттілік т.б. Соның ішінде арнайы құзыреттілік белгілі бір мамандық немесе оқытылатын пән бойынша терең білімдерді, біліктілік пен дағдынытерең білуді қарастырса, әдістемелік құзыреттілік оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін меңгеруді, оларды сабақ барысында тиімді қолдана білуді үйретеді.

Ал психологиялық-педагогикалық құзыреттілік педагогикалық диагностиканы меңгеруді, білім алушылармен мақсатқа сай қарым-қатынас

құра білуді, оқу нәтижесінің негізінде жеке жұмыстарды жүзеге асыруды жобалайды. Сондай-ақ білім алушының мамандығы мен оқытылатын пәндерге деген мотивациясын оята білу қабілеті жатады. Сондықтан біздің топшылауымыз бойынша, бұл құзыреттіліктердің барлығы болашақ кәсіби маманның педагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудың басты көрсеткіші бола алады.

Сөзімізді түйіндер болсақ, құзыреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесіне сүйене отырып, белгілі бір міндеттерді іске асыруға дайындығы және қабілеті. Бұл туралы ХХ ғасыр басында ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы «Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында: «Бір нәрсені істегенде сол істі істей білетін адам істесе, шапшаң да, жақсы да істейді. Бұл жалғыз қол ісі емес, ми ісіне де солай. Мал бағатындар мал бағуын жақсы білерге керек. Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халынен хабар аларлық болу керек...Бұл күнгі ғылымды жұрттарда бала оқыту жұмысы бала оқыту ғылымын оқуға шыққан адамдардың қолында. Сол ақылға да дұрыс. Содия содиялық ғылым оқығаннан болғанда, доқтыр доқтырлық ғылым оқығаннан болғанда, мұғалім мұғалімдік ғылымын оқып шыққан адамдардан болуы тиісті» [6, 54], – деп, келер күннің бағдарын айқын болжаған екен. Қорыта келгенде, ұлттық педагогиканы ғылыми негіздеген ғұламаның пікіріне сүйене отырып, педагог маманның құзыреттілігі оның жан-жақты білімділігінде ғана емес, керісінше сол білімді тәжірибеде тиімді пайдалана білу қабілетінде екендігіне көз жеткізуге болады.

Әдебиет:

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. 6-том. -Алматы, 2004.
2. Мұсабаев Ғ. Орысша-қазақша сөздік. - I том (А - О). – Алматы, 1978.
3. Таубаева Ш. Педагогика әдіснамасы. Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2013. - 428 б.
4. Құдайбергенова К. Құзырлылық табиғаты-тұлғаның өздік дамуында: Әдістемелік құрал. – Алматы, 2006, – 264 б.
5. Тұрғынбаева Б. А. Педагогикалық акмеология. – Алматы, 2017. – 165 б.
6. Алаштың тілдік мұрасы. Мақалалар жинағы. – Алматы: Кие, 2009. – 364 б.

Диалог прагматикасының сипаты

Рамазанов Т.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы

Аңдатпа: Мақалада диалогтің түрлері және ақпараттық диалогтің прагматикалық ерекшеліктері сөз болады. Диалог тек тілдік форма ғана емес, адам әрекетінің түрленуі. Ақпараттық диалог қарым-қатынас барысында өрбиді, мазмұны жан-жақтыланады. Күнделікті қолданыста ақпараттық диалогтің аясы кең. Мақалада диалог түрлерінде ақпараттық сұрақ пен жауап аясында диалогқа қатысушылардың прагматикасы іске асып, қалай орындалатыны нақты мысалдар арқылы талданады.

Түйін сөздер: диалог, монолог, ақпараттық диалог, ауызекі сөйлеу тілі, кейіпкер сөздері, көркем диалог.

Summary: This article includes different types of dialogue and the pragmatic diversity of informative dialogue. Dialogue is the main type of communication and it plays a big role in relationship between people. Informative dialogue develop in the process of relationship and the meaning is expanded by it. In everyday speech the terms of use is very broad. In this article analyzed the way of pragmatic process between members of question-and-answer dialogue with specific examples.

Key words: dialogue, monologue, informative dialogue, spoken language, speech of character, artistic dialogue.

Қазақ тіл білімі ғылымында жалпы ауызекі сөйлеу тілі және оның диалогтегі көрінісі, олардың тілдік сипаттары мен түрлері бірқатар зерттеулердің нысаны болғанмен ақпараттық диалог және оның стильдік ерекшеліктері осы күнге дейін бір ғылыми концепция тұрғысынан арнайы зерттелген емес. Диалог теориясының негізін жалпы тіл білімінде Ш. Балли, Л. В. Щерба, Л. П. Якубинский, Е. Д. Поливанов, В. Н. Волошинов, В. В. Виноградов, М. И. Бахтин, Ю. В. Рождественский т.б. сынды лингвистердің қалағаны белгілі. Ал қазақ тіл білімінде диалог мәселесін алғаш рет қазақ тілтанымының негізін салушылар А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов көтерген болатын.

Диалогке тән «сөз» түріндегі белгілер әртүрлі қырынан алып қарастырылады. Диалогті құрастырушы компоненттер ретінде оларды орналасу қызметіне қарай бірнеше түрлерге бөлуге болады. Бұл бірліктер диалогтің құрылымдық-мазмұндық аспектісі тұрғысынан бағаланады.

Диалог сөзі гректің «*dialogos*» сөзінен пайда болған. Оның мағынасы – жалпы сөйлесу. Тілде ол екі не одан көп адамдардың кезектесіп сөйлесу формасын білдіретін термин ретінде қолданылады. Диалог – екі немесе бірнеше қатысушылардың бірігіп, бір тақырып төңірегінде пікірлесуі. Демек, диалог арқылы адамдар бір бірімен тығыз қарым-қатынас құрып, рухани, мәдени байланыс орнатып, күнделікті тіршілігінен хабардар болады, қоғамдағы өз орнын тауып, бағыт – бағдарын анықтайды.

Диалог ауызекі сөйлеу тілінде де, көркем әдебиет шығармаларында да көптеп кездеседі. Алайда бұл диалогтің екі түріндеде елеулі айырмашылық

барын ескерген жөн. Бірінші жағдайда қарым -қатынасқа түсушілер сөздің орын тәртібін, сөйлемнің белгілі бір құрылымдарын, сөз тазалығын сақтамай сөйлесе береді, ал көркем шығарма мәтініндегі диалогте автор мен кейіпкерлердің үлкен толғанысы арқылы көркем ой негізімен ұштасып жатады. Роман жанрын зерттеуші М. Бахтин айтқандай: «Шындықты іздеудің диалогтік әдісі дайын шындыққа ие болғысы келетін нақты монолизмге, сонымен қатар, қандайда бір шындықты білеміз деп ойлаған адамдардың сенімділігіне де қарсы қойылады. Шындық жеке адам басында туындамайды және болмайды, ол шындықты іздеуші адамдар арасында олардың диалогтік сөйлесуі кезінде туындайды» [1, 26].

Диалогті зерттеу бүгінгі таңдағы коммуникативті лингвистиканың негізгі нысанындарының бірі болып тұр. Жалпы диалогке қатысты еңбектерді топтастырақ, зерттеулердің негізінен үш бағытта қарастырылғанын байқауға болады:

- диалог пен монологты салыстыру;
- ауызша диалог пен көркем диалогті салыстыру;
- белгілі бір автор шығармасындағы диалогтің сипаты.

Осы үш түрлі бағытта жүргізілген зерттеулер негізінде диалог жан-жақты ашылып, оның өзіндік прагмалингвистикалық ерекшеліктері айқындалды.

Диалог пен монологті салыстырғанда Г.Винокур, Л.В.Щерба, Л.П.Якубинский, В.В.Виноградов еңбектеріндегі диалог пен монологтің айырмашылығы, олардың өзіндік сипаттамасы туралы айтылған мәселелердің түйінін қысқаша былай тұжырымдауға болады.

✓ Диалог пен монолог – сөйлеудің (речь) формалары. Диалогтегі пікірлер бірінен-бірі туындап жатады.

✓ Диалогтегі сөйлеу басқа біреулердің, екінші бір сөйлеушінің пікірлеріне тәуелді. Монологта мұндай тәуелділік жоқ.

✓ Диалог пен монолог құрылысының әр басқа болуымен де айрықшаланады. Яғни, диалогке күрделі құрмалас сөйлемдер тән емес, керісінше ол монологқа тән.

Кез келген құбылысты қарама-қарсы нысанымен салыстырғанда ғана оның сипаты ашыла түсетіні белгілі. Демек, диалогті монологпен, ауызша диалогпен салыстыру нәтижесінде ғалымдар оны әр қырынан танып, талдау жасауда нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізді.

Ал екінші бағатқа келсек, көркем шығармадағы кейіпкер сөзі ауызекі сөйлеу тіліне жақын. Диалогтің құрылымында қысқа мазмұнның болуымен қатар, ойдың нақтылығы бар. Сондай-ақ эллипсис, жай және толымсыз сөйлемдер, эмоционалды-экспрессивті сөздер, жалпы ауызша сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымы тән. Солай бола тұрса да, бұл тілдік категорияларды тең дәрежеде қарастырмау керек. Диалог ауызша сөйлеу тіліне жақын дегенімізбен, көркем диалогтің өзіндік ерекшеліктері бар. Көркем диалог – жазушы қаламымен өңделген, автор идеясына бағынатын өзіндік бояуы бар тілдік өрнек. Көркем диалогтің түрлі

жағдаятқа қарай сөйлеу барысындағы диалогпен арақатынасы, оның өзіне тән ерекшеліктері бар екенін Р. А. Будагов былайша анықтайды: «Художественный диалог должен иметь определенную протяженность вовсе не обязательную для диалога в жизни; художественный диалог заранее обдумывается его создателем, чего нет в спонтанной речи; художественный диалог развивает действие, все его элементы тесно связаны и взаимосвязаны, что не обязательно для диалога в жизни; диалог в художественном тексте подчинен правилам времени, ритма и темпа, вне которых не существует художественный текст» [2, 212].

Үшінші бағыт – диалогқа жеке шығармашылық тұрғысынан келу – қазірде кең жайылған зерттеу түрі. Бұл бағыттағы зерттеулерде жеке автор шығармаларындағы диалогтің түрі, қызметі, ерекшеліктері сараланып, талдау, салыстыру жүргізіледі. Осы бағытта диалог кейіпкер бейнесін ашып, оның мінездемесін жасаушы қызметіне ие. Бұл ретте қазақ тіл білімі бойынша Е.Жанпейісов, М.Серғалиев, Х.Кәрімов, Б.Шалабаев, әдебиетші Б.Майтанов еңбектерін атауға болады.

М.Серғалиев зерттеулерінде диалогтің аталған қызметі қазақ жазушыларының шығармалары негізінде талданып, ашылады. Қаһарманның дүниетанымы, басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасы, сырт тұлғасы, ортасы, табиғат көріністері сынды көптеген шығарманың көркемдік қуатын арттыратын компоненттерді атай келе, ғалым: «Қандай туындының да негізгі тірегі, басты арқауы адам екені ежелден белгілі. Сондықтан адамның ой-түйсігі, мінез-қылығы, сөзі және солардың арасындағы үйлесімділік, сәйкестілік аталған компоненттердің ішіндегі жетекшісі болса керек» деп, диалогтің қызметін айрықша белгілейді [3, 195].

Х. Кәрімов диалогтің «адам образын жасаудағы» қызметін оның басты қызметі ретінде қарайды. «Себебі диалог адамдар арасында, өмірде кездесетін сан қилы қарым-қатынасты бейнелеп, кейіпкерлер репликалары арқылы бір-біріне әсер етіп, адам мінезінің нақты түрде, нанымды түрде ашылуына көмектеседі, соның тілдік амалына айналады» [4, 33]. Сондай-ақ Х. Кәрімов кейіпкерлердің әңгімеге қатысу барысына қарай диалогтің үш түрін бөліп көрсетеді: *таза диалог, аралас диалог және көп дауысты диалог* [4]. Ғалымның түсіндіруінше, екі адамның сөйлесуі таза диалог, әңгімеге басқа кейіпкерлер араласып кетсе, яғни, кейіпкерлер саны екіден көп болса, аралас диалог, ал егер көп кейіпкердің, бір топ адамның сөзі болып келсе, ол көп дауысты диалог деп аталады.

Орыс тіл білімінде диалог талданып, жете зерттеліп қана қоймай, көркем диалог үлгілерінің типологиясы да жасалған. Мысалы: белгілі тілші-ғалым Е. М. Галкин-Федорук еңбегінде диалогтің екі түрі аталған:

- 1) Диалог – қайшылық (противоречие)
- 2) Диалог – жинақтау (синтез)

Ал белгілі ғалым А. К. Соловьева еңбектерінде диалогтің мынадай бірнеше түрлері берілген:

- 1) диалог – тартыс (спор)
- 2) диалог – дау (ссора)
- 3) диалог – түсінісу, ұғынысу (понимания)
- 4) диалог – үндестік (унисон)

Әдебиетші-ғалым А.В.Чичерин диалогтің басқа типологиясын береді. Ол «диалогтің көркем формасы – авторлық ойдың дамуы, күрделі трагедиялық, қарама – қарсы көзқарастардың тоғыспауы, шындық болмыстың толық терең біліммен қаруланған автор ойының дамуынан шығады» дей келе, диалогтің (Достоевский романы бойынша) төрт түрін атап көрсетеді:

- 1) диалог – тергеу (допрос)
- 2) диалог – сыр (исповедь)
- 3) диалог – түсінісу, ұғынысу (понимание)
- 4) махаббат диалогі (любовный диалог)

Ал неміс философиясында диалогтің екі түрі берілген:

- 1) поэтикалық диалог (образдылық қызметі басым)
- 2) прозалық диалог, ол өз ішінен:
 - а) теориялық – танымдық (ғылыми, сократтық)
 - ә) философиялық (ауызекі сөйлеу және характерологиялық).

Ағылшын көркем әдебиетіндегі диалогтердің мағыналық түрлері ажыратылмағанмен, шығармадағы диалогтік бірлікке баса назар аударылған. Диалогтің тар мағынасында оған тән белгілері көрсетілген: әңгімелесуші кейіпкерлер саны екіден кем болмауы керек; сөйлесушілер өзара кезектесіп отыру керек; диалогтің қандай тілде өтіп жатқанын қатысушылар түсінуі керек.

Кейбір зерттеу еңбектерінде диалогтардың түрлері, олардың типологиясы беріліп отырады. Әлеуметтік - қызметтік бағыттағы диалог:

- диалог – тергеу,
- диалог – ой-талқы,
- отбасылық – әңгіме диалог,
- диалог – мінездеме;

Ал жанрлық тұрғыда комикалық диалог, трагедиялық диалог және т.б. болып бөлінеді. Белгілі ағылшын ғалымы С.Беркнер құрылымдық және семантикалық жоспарда диалогтік бірлікке баса назар аударған.

Қазіргі тіл білімінде қарым-қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара хабар алысатын саналы әрекет түрінде жүзеге асатындығы нақтыланып келеді. Тұлға аралық қатысымның, диалогті қатысымның компоненттері ретінде мыналарды атасақ болады:

- 1) сөйлеуші мен адресат;
- 2) сөйлеушінің коммуникативті ниеті, уәжі, қатысым мақсаты;

3) қатысым өтетін уақыт пен кеңістікке байланысты шынайылық деңгейі;

4) белгілі бір қоғамдық және статустық рөлі бар коммуниканттардың өзара қарым-қатынасы;

5) қатысым жағдаятына сай пресуппозицияларды [5].

Осындай нақты деректерді ескере отырып, диалогке тән ең үлкен функция түрі ретінде – ақпарат алмасу үдерісін атауымыз қажет. Біріншіден, ақпарат алмасу үдерісі – философиялық концептісі тұрғысынан келгенде, адамға тән табиғи белгінің бірі. Екіншіден, ақпараттың қазіргі таңдағы аса зор қызметіне байланысты «концепт» деп танылып, ғылым мен өмірдің барлық саласында белсенді болуының өзі, оның қаншалықты күрделі де маңызды концепт екендігін дәлелдей түседі.

«Ақпарат» концепт болғанымен, «диалогтің» прагмастистикалық аспектісінде хабар жеткізудің стиларалық ерекшеліктерін ғана береді. Сондықтан да, диалогтің тұрмыста қолданылатын сөйлеу түрлерін және әлеуметтік, этникалық, психологиялық көрсеткіштерін басшылыққа ала отырып, қатысым мақсатына қарай Г. Иманғалиева диалогтің 3 түрін атап, оның біріне ақпараттық диалогті қосқан [6]:

а) ақпараттық диалог. Бұған диалог – сұхбат, диалог – тергеу, диалог – хабарлама, диалог – түсінісуді жатқызған.


ә) прагматикалық диалог. Бұл топқа диалог – тартыс, диалог – дау, диалог – ой талқы, диалог – өтініш, диалог – ұсынысты топтастырады.

б) модальдық диалогқа: диалог – үндестік, диалог – жинақтау, диалог – сәлемдесу, диалог – қоштасу т.б.

Диалог не монолог түріндегі қарым-қатынас күнделікті өмір салтында не арнайы кәсіп аясында түрлі құқық пен қызығушылықты, ғылыми, техникалық, саяси және басқа да ақпарат түрлерін қабылдау және жеткізу кезінде пайда болады.

Диалог құрылысының ең қарапайым формасы – сұрақ және жауаптан тұрады. Сұрақ – бұл белгілі бір нақты ақпарат негізінде қосымша ақпарат беру талап етілетін рема формасындағы жауап үлгісінің алдындағы ойлау формасы – дейді, ресей зерттеушісі Ю. А. Петров. Жалпылай алғанда, сұрақ – толықтыруды қажет ететін бөлшек білім. Сұрақ дегеніміз – бұл жауап ақпаратының бір бөлігі.

Дәл осындай негізде ақпараттық диалогтің қарапайым құрылысы төмендегідей кескінделеді:



Диалогтің табиғатының өзі диалогке қатысушылардың бірінің сөзі екіншісінің тиісті жауап реакциясының тууына түрткі болатын репликалардың алмасуында ашылады.

Сұрақ-жауап түрінде берілген мына төмендегі Ж. Аймауытов шығармасынан алынған мысалға назар аударайық. Бұл диалогте уақыт шындығы төңкерісшілдер – кедей, батырақтардың байларға үстемдік жүргізумен байланысты көрініс табады. Шағын ғана әңгімеде бас кейіпкердің жан дүниесіндегі өзгерістер шебер бейнеленген. Мысалы: *Ештеңенің мәнісін әлі жете түсіне алмай отырған Құлтумаға: «Қаладан жолдастар келді. Кедейлерді жинап топ құрып жатыр. Орыстың да, қазақтың да байларын өкіртіп, жерін, малын кедейге әперіп жатыр. Төңкеріс деген осы!» – деп, арнайы келген өкіл тәтпіштеп түсіндіреді. Сенерін де, сенбесін де білмей отырған Құлтума:*

- Әй, қойшы! Болмайтын нәрсе ғой.
- Құдай біледі, рас. Ойнап тұр дейсің бе?
- Е, байлар оңайлықпен малын, жерін беріп отыра ма?
- Оңайлықпен беруші ме?! Күшпен тартып әперіп жатыр.
- Олардың малы баянды бола ма? Ертеңгі күні қайта алып қоймай ма?
- Атасының басы [7, 177].

Кедей-кепшіктердің үстем тап өкілдеріне ашу- ызасы шексіз болғанмен ашынууды көрсету де таңсық жағдай емес. Ал тізесі батқан күштілердің алдындағы тасынууды, кек қайтаруға ұмтылууды бейнелеу – жаңалық.

Ж.Аймауытов қолданысындағы диалогтардың психологиялық-эмоционалдық қызметі адамдар санасындағы осы өзгерістерді суреттеуде айрықша көзге түседі:

- Мынауың шын ба?
 - Сен өзің ақымақ екенсің ғой?
 - Бірдемесіне ілініп кетеміз бе?
 - Ой, жүр, қорқақ сорлы. Жүр, барған соң, көрерсің [7, 117].

Жазушы әңгімелерінде диалогті ұтымды келтіруде кейіпкер санасына түскен сәуленің нәтижесі арқылы адамның жаңа бір әлеуметтік шындықты

тану құбылысын сезім аясымен байланыстырып, оның жалпы рухани дүниетанымдық өзгерістерінің сырын ашып көрсетеді.

Ақпараттық диалогтің «диалог – тергеу», «диалог – сұхбат» сынды түрлері көптеп кездеседі. Бұл аталған диалог түрлерінде ақпараттық сұрақ пен жауап аясында диалогқа қатысушылардың прагматикасы іске асып, орындалатынын аңғаруға болады. Мәселен, қазақ киносының алтын қорындағы «Қыз Жібек» фильмінде «диалог – тергеу» өз мақсатына жетеді:

– Қатынжанды екеніңді көрдік, кел енді білек күшін сынап көрейік!...

– Жарайсың, Төлеш!

– Ә, солай ма?!

– Жігіт екенсің...

– Сіз мана маған қыз алдында қыр көрсете сөйледіңіз-ау дейм?

– Иә, арқаңа батқаны енді білініп келе ме?

– Жоға да, «еркек пен еркек еркекше сөйлесетін шығар» деп ойлаушы ем.

– Мен, немене, қатындарша сөйлестім бе?

– Бет тырнай сөйлеуіңізге қарағанда, «қатындардан алыс!» – дей алмас ем.

Ақпараттық диалог қарым-қатынас барысында өрбиді, мазмұны жан-жақтыланады. Күнделікті қолданыста ақпараттық диалогтің аясы кең. Тілдік тұлғалар арасында ақпараттық диалогтің *диалог-түсінісу* түрі белең алған. «Диалог-түсінісу» барысында коммуникацияға түсушілер ақпарат алмаса отырып, сол диалог арқылы көздеген мақсат орындалады. Ақпараттық диалогтің бұл қолданысын төмендегі диалог аша түседі:

– Жібекжан, арамызда жатқан мынау зербелдікке қарағанда...

– Екеуміз асау Ақжайықтың екі жақ жағасында тұрғандай көрінеміз бе?

– Иә. Екі жақ жағасында тұрғандаймыз. Даусымыз да жетед, үніміз де қосылар, әттең су терең, дүлей толқындар алай-дүлей, өткел жоқ.

– Өткелсіз судан құлаштай сермен жүзіп өт демейтін бе ед?

– Деуіне депті ау, бірақ сол дүлейді сен де біліп қойшы! Әкем мені сенің еліңмен достасуға жіберген жоқ, шауып әкелуге жұмсаған.

– Онда сенің ел шабатын жасағыңқайда? Жасырғаның ба, қалай?

– Мана төбе басында естідің бе, жоқ па, мен бейбақтың арманы жауластыру емес, елдестіру. Жасағымды жолдан қайтарып жібердім («Қыз Жібек» фильмінен үзінді).

Диалог – қос бағыттағы коммуникативті үдеріс, диалогтің әр қатысушысы субъект және сол мезетте диалог әрекетінде объектісі де болып табылады. Диалогтің басты белгісі сөйлеуші мен тыңдаушы кезегі ауысып отырады. Сондықтан қарым-қатынас барысында ақпараттық диалог алдыңғы орынға шығады. Атақты жазушы Антуан Сент Экзюпери айтқандай: «Қарым-қатынас адам баласына тиесілі дәулеттің бірі болып саналады». Ал қарым-қатынас мәселесі диалогқа келіп тірелетіні анық.

Қорыта келгенде, қазақ тіл біліміндегі диалог мәселесі әдебиеттану ғылымындағыдай жете зерттелмеген. Диалогке арналған құнды теориялық зерттеулер тіл білімінде аздық етеді. Ауызекі сөйлеу тілі мен көркем шығармадағы диалог мәселесі ғылыми зерттеу еңбектерге нысана боларлық күрделі әлем. Қазіргі ғаламтордың үздіксіз дамуы мен қолданылу аясының кеңеюі оны бүгінде ғылым әлеміндегі ғылым мен білім ақпаратын жеткізуші тасымалдаушы ең үлкен құрал дәрежесіне көтеріп отыр. Бұл ретте әлеуметтік желілердің түрлі формасында ақпарат алмасудың диалогтік сипаты тіл білімінде зерттеуді қажет ететін мәселе. Мұндай лингвистикалық зерттеу болашақтың ісі.

Әдебиет:

1. Бахтин М. М. Вопросы литературы и эстетики. – М.: Худ. литература, 1975. - 500 с.
2. Будагов Р. А Писателей о языке и язык писателей. М.: Изд. МГУ, 1984. - 280 с.
3. Серғалиев М. Келісті сөз – көркемдік кепілі // Жұлдыз. - №11. - 1975. 195-200 б.
4. Кәрімов Х. Қанатты тіл. - Алматы: Санат, 1995. - 144 б.
5. Қаңлыбаева Ж. С. Коммуникативтік акт шеңберіндегі жауап репликаның қызметі. - Алматы, 2006.
6. Иманғалиева Г. Типология диалога (на материале казахского и русского языков. - Алматы, 1999.
7. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 2-т. - 270 б.

Жеке тұлғаны қалыптастырудағы танымдық қызығушылығын арттыру жолдары

Оразова Р.

Абай атындағы ҚазҰПУ шығыс тілдер және аударма кафедрасының аға оқытушысы

Дігәрбек Е.

Абай атындағы ҚазҰПУ шетел филологиясының 3-курс студенті

Аңдатпа: Мақалада студенттерде танымдық іс-әрекетті қалыптастырудың негіздері қарастырылған. Болашақ мамандардың танымдық іс-әрекеттегі біліктіліктің сапалық деңгейі оның дербестігін анықтайды, бұл ақыл-ой дамуының жоғары деңгейіне және студенттің ой-танымдық дербестік арналарының даму ерекшеліктеріне тікелей байланыстылығын атап көрсетеді.

Түйін сөздер: танымдық іс-әрекет, таным теориясы, оқыту әдістері, ойлау белсенділігі, өзіндік жұмыс, танымдық ынта.

Summary: In this article bases of inculcation to the students of cognitive action were reconsidered. Cognitive actions of future specialists define the level of qualitative quality and independence, it shows and to direct tie of growth of feature of the student.

Key words: cognitive actions, cognitive theory, the technique of training, activity to think, independent work, cognitive skills.

Бүгінде Қазақстан Республикасында білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес жоғары оқу орындарындағы оқыту мен тәрбиелеу маңызы түбегейлі өзгеріп, бірінші кезекке бұрынғыдай студентті пәндік білім, білік және дағдылардың белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, студенттің оқу-танымдық іс-әрекетін дұрыс және тиімді ұйымдастырып, жаңа технологияларды пайдалана отырып, жеке бас тұлғасын қалыптастыру мақсаты алға қойылып отыр. Қазіргі педагогикалық және психологиялық әдебиеттерде студенттердің танымдық іс-әрекетін сабақ уақытында, сабақтан тыс уақытта және отбасы арасында қалыптастыру мәселелері көптеп зерттелуде.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі саясатындағы мақсаттың бірі – жан-жақты, білімді, шығармашылыққа білетті, танымдық іс-әрекеті мен белсенділігі жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру. Білім беру мен оқыту теориясының әдіснамалық негізі – таным теориясы және студент тұлғасын жан-жақты және үйлесімді қалыптастыру туралы ілімі болып табылады. Ендеше, жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып саналады.

Қоғамдағы өзгерістерге сәйкес оқушыларға бүгінгі таңда тиісті білім беру үшін олардың танымдық қабілетін басты мақсат болып отыр. Оқушылардың белсенділігін арттыру жолында олардың әр пәнге қызығуын, өздігінен даму дағдыларын қалыптастыру ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу – әр мектептің міндеті. Сол себепті білім мазмұнын оқыту әдістерін, түрлері мен құралдарын, әдістемелік жүйені жаңа сапалық негізінде қайта құру қажеттілігін естен шығармағанымыз абзал. Білім мазмұны ақпарат көзі ғана болып қоймай, оқушылардың өздігінен білім алу құралына айналуы керек. Бұл мақсатқа жету жолында пәнаралық байланыс, оқушылардың өзіндік танымдық белсенділігін дамытуға арналған дәстүрлі және дәстүрлі емес сабақтың түрін, өзгертіп отырып, нәтиже беретіні сөзсіз.

Педагогикалық ахуалға байланысты оқытудың дара және ұжымдық түрлерін біріктіру, оқу құралдарын дұрыс пайдалана білудің де маңызы зор.

«Қызығу – әр қырынан алып қарауға болатын күрделі ұғым, адамның белгілі бір объектіні ұнатып, білуге ұмтылған іс-әрекетін қуаттандыратын психикалық ерекшелік» деген пікір айтады М.Беляев, Н.Морозова, С.Рубинштейн. Қызығу адамды жаңаны білуге, әрекеттің жаңа әдістерін іздестіруге құмарландырады [1, 304]. Сондықтан адамның қызығуы бір іспен шұғылданғанда, әртүрлі әрекеттерде көрініс табады.

Ойын қызметінің мүмкіндігін сипаттау студенттердің таным қызығуын қалыптастыру ұғымы мазмұнын қарастырады. Таным қызығуының маңызы және әлеуметтік құбылыс ғалымдардың түсінігі бойынша объективті-субъективті ұғымарқылы қабылданады.

Психология-педагогика ғылымдарының мәліметтеріне сүйенетін болсақ, қажеттіліктің ішкі түрткісі субъектінің байланысты іс-әрекетімен өмір сүру себебі болып табылады.

Таным теориясы – айналадағы қоршаған дүниенің адам санасында бейнеленуін, танымның жалпы шарттары мен мүмкіндігін, білімнің шындыққа қатынасын, қоғамдық тәжірибе негізінде іске асатын таным үрдісінің заңдылықтарын, оның негізгі түрлерін, әдістерін, жорамалдар мен теорияларды құру және дамытудың жолдарын зерттейтін психология ғылымының саласы.

Танымдық әрекет қажеттілік арқылы жүзеге асады. Өзінің тіршілік және рухани қажеттігін өтеу үшін студент дүниені танып-білгісі келеді. Алайда ол өзі үшін ешбір мәні жоқ нәрсеге қызықпайды. Студенттің мен құндылық бағдары тығыз байланысты. Студент үшін құнды әрі қажетті нәрсеге, мәселен, оқу пәніне қызығады. Кейіннен бұл нәрсе студент іс-әрекетінің мақсатына, қозғағыш күші – мотивіне айналуы мүмкін. Осыған орай кейбір ғалымдар қызығуды студенттің өзіндік дербес іс-әрекетке жұмыс мотиві ретінде қарастырады. Бұл жайында Б.Теплова «жақындағы мақсатқа жетіп, алыстағы мақсатты көздейді», – деп түйіндейді [2, 204]. Ал Н. Морозова «Іс-әрекет көздеген пайдалы мақсатқа жетуге түрткі болады», – деп түйіндейді [3, 38]. А. Леонтьевтің пікірінше, танымдық қызығу – бір нәрсеге зейін қою арқылы эмоция тудыру [4, 103].

Студенттердің танымдық іс-әрекеті оқу үрдісіне негізделі отырып дамиды. Яғни, бұл іс-әрекеттер қарым-қатынас арқылы қалыптасады. Олардың ішінде ең маңыздысы – оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас. Яғни, студенттердің танымдық іс-әрекетінің дамуы оқытушының оқытуына да байланысты болып келеді екен. Дидактар бұны педагогикалық жағдай, оқу-тәрбие үрдісі жағынан қарастырған.

Психологтер – Л. Божович, Н. Морозова, Л. Славина себептің екі негізгі құрамын көрсетеді: 1) студенттердің оқу іс-әрекетіне түрткі болатын қоршаған ортасы; 2) мазмұндық және үрдістік сипаттан тұратын, оқу іс-і-әрекеттің өзі түрткі болатын таным қызығуы [4, 112]. Студент бойында кездесетін таным қабілеттіліктері – білімді өз сапасында өз бойында кездесетін таным қабілеттіліктері – білімді өз сапасында белсенді және нәтижелі түрде бейнеленуі. Мұндай бейнелеу әрекеті – аса күрделі үрдіс. Ол студенттердің сыртқы дағды мен әдеттерін қалыптастыру нәтижесінде жүзеге асады. Студенттердің танымдық белсенділігін арттыру, таным қабілеттілігінің оянуына түрткі болу – оқытудың негізгі мәселелерінің бірі. Студенттердің танымдық белсенділігі өз кезеңінде қабылдау, есте сақтау, қиялдау үрдістері мен зейінінің тұрақты күйін қажет етеді. Студенттің өзіндік сезімдік танымы (қалауы, ынтасы, құштарлығы, әсерленуі) негізінде

кабылданған білімі мен дағдысы, ептілігі мен шеберлігі әлдеқайда нәтижелі әрі жемісті болады. Ақыл-ой әрекеттерінің кезеңмен қалыптастыру теориясының идеясы мынадай: білім алу оқушылардың белгілі бір әрекеттер жүйесін орындауы нәтижесінде жүзеге асырылады. Ақыл-ой әрекетін табиғаттан даяр күйінде алмайды, ол ойлауды үйренеді, ойлау операцияларын игереді. Оқытушының міндеті – осы үрдісті басқара білу, тек ойлау іс-әрекеттің нәтижелерін ғана емес, оны қалыптастыру барысында бақылап отыру.

Психология мен педагогика саласындағы ғалымдардың, мамандардың назарын аударып отырған мәселелердің бірі – жастардың жеке тұлғасының дамуы. Жеке тұлғаның дамуына студенттердің оқу-танымдық белсенділігін арттыру, қазіргі заман талабына сай оны оқу үрдісінде жетілдіру болып есептеледі. Белсенділік оқушының әрекеті және пәнімен қосылғандағы дәрежесін айқындайды. Студенттер алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана алу керек және олардың танымдық іс-әрекеттер ұстанымдарына негізделіп қалыптасқаны жөн. Танымдық іс-әрекеттер оқыту үрдісінде қалыптасып, тұлғалардың бірлесе жұмыс жасау нәтижесінде одан әрі дамиды.

Студенттердің танымдық іс-әрекеті оқу үрдісіне негізделе отырып дамиды. Яғни, бұл іс-әрекеттер қарым-қатынас арқылы қалыптасады. Олардың ішінде ең маңыздысы – оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас. Яғни, студенттердің танымдық іс-әрекетінің дамуы оқытушының оқытуына да байланысты болып келеді екен. Дидактар бұны педагогикалық жағдай, оқу-тәрбие үрдісі жағынан қарастырған.

Пән бойынша өтілетін материалдарды игеруге қатысты танымдық іс-әрекеттерді нақты жағдайда шет тілі курсы негізге ала отырып қарастырып көрейік. Әртүрлі мамандықтағы студенттерге шет тілін үйретуде қолданылатын басты оқыту формаларын төмендегідей жинақтауға болады.

- дәріске байланысты әдебиеттер мен қажетті оқу құралдарын өз бетінше оқып талдау, ой елегінен өткізу;

- арнайы жаттығулар мен тапсырмаларды орындау;

- оқу-әдістемелік құралдармен жұмыс жасау;

- рефераттарды дайындап талдау;

- өзіндік жұмыстарды дайындау;

- ғылыми бағыттағы жұмыстарға қатысу, ғылыми зерттеулер жүргізу.

Оқытушы осы аталып өтілген факторлардың барлығын ой елегінен өткізіп, әр қайсысының тиімді пайдалану жолдарын білуі шарт. Осы оқыту формалары мен әдістерін дұрыс таңдау арқылы ғана пәнді жақсы игеруге болады, танымдық іс-әрекет пен қызығушылықты, пәнге деген құштарлықты арттыруға, студенттердің сабақтан тыс уақытта өзіндік жұмыстарын емін-еркін орындауына, әдебиеттерді тиімді пайдалануына септігін тигізеді. Жоғарыда аталған факторлардың ішінде студенттердің танымдық-іс-әрекетінің қалыптасуна жазу жаттығуларын орындаудың қалай әсер ететіндігін байқап көрелік.

Жазу үйрету сабағы студенттерге білім берумен қатар, олардың ой-өрісінің, ақыл-парасатының, ес, зейіннің дұрыс қалыптасуын қамтамасыз етеді. Жазба жұмыстар студенттердің ойлау қабілетін арттырып, ойын сауатты да жүйелі беруге тәрбиелейді. Студенттерді жазба жұмыстарына дағдыландыру ісі бірінші курста әліппеден басталса, кейінгі курстар мен жоғарғы курстарда әдебиеттік оқу мен грамматикамен ұштастырылады. Ойын арабша дұрыс жеткізе біліп, сауатты жазуға студенттерді үйрету үшін әрбір оқытушы орфография мен грамматиканы тығыз байланыста оқыту қажет.

Педагогикалық әдебиеттерде «мотив» ұғымы әртүрлі мағынада түрткі, ниет, ынта, ықылас т.б. ұғымдар арқылы берілген. Біз студенттердің психологиялық ерекшеліктерін сараптау барысында студенттің білім алуы үшін ең қажетті процесс «түрткі» ұғымын толығырақ қарастыруды жөн көрдік. Ал түрткі бір әрекетке талаптанған немесе ниеттенген белгілі бір қажеттіліктің қанағаттануымен байланысты. Түрткі орындалу барысында адамда қызығушылық пайда болады. Өйткені түрткі дегеніміз белгілі бір қажеттілікті өтеуге әсер ететін тұлғаның іштей құлшынысындағы белсенділігі. Мұның өзі іс-әрекетте, қарым-қатынаста, мінез-құлықта көрінеді. Ал түрткінің сапасы мұратқа ұмтылу, қызығушылық, сенім, әлеуметтік тәртіп саласындағы құндылықтардан көрінеді. Ізденуге себеп болатын бағдар – таңдаған әрекетті мойындап, оны тауып, қажеттілікті өтеудегі ынта-ықылас. Мұның мән-мағынасы қажеттілікпен байланысты деп білсек, қажеттілікті өтеу – тұлғаны белсенділікке ұмтылдыратын қозғаушы күш деп түсінуге болады. Сонда түрткі адамды ынталандырады, ізденуге, оны табуға ықпал етеді. Былайша айтқанда түрткіні «тұлғаның мінез-құлқы мен әрекетіндегі белсенділігін реттейтін жетекші фактор» деп танымыз.

Түрткі жөнінде және оған анықтама беруге байланысты ұсынылған пікірлер баршылық. Мысалы:

- түрткі психологиялық құбылыс, іс-әрекетке деген ынта-ықыласты қозғаушы күш, қызығушылық;

- түрткі әрекеттенуші тұлғаның таңдауына лайықты болған себепке байланысты қарым-қатынас;

- түрткі өзінің қажеттілігін өтеудегі бағдары және іс-әрекет пен қарым-қатынастағы адамның санасындағы түрткінің көрінісі т.б.

Осындай анықтамаларды қорыта келгенде, түрткі – қажеттіліктің өзі емес, оның құралы және тұлғаның бағдарлайтын жол екендігін мойындап, мынандай тұжырым жасауды орынды деп білеміз. Түрткі дегеніміз – қажеттілікті өтеудегі тұлғаның ізденуі, іс-әрекет, қарым-қатынастағы белсенділігі, ұмтылысы, үміт еткен қызығушылықтың нәтижесіне жетуге іс-әрекет жасауы. Қызығу – заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып, білуге бағытталған адамның біршама тұрақты ерекшелігінің бір көрінісі. Сөйтіп, адамның қызығуы – асыра зейін қоюдан, оған құмартудан, соны үнемі ойланудан туындайды. Түрткілер мамандықты таңдап алуға байланысты шәкірттің пәнге қызығушылығы, келешек мамандыққа

байланысы жоқ (сурет, ән, әдебиет, спорт т. б.). Бұл әрекетте оқытушы мен студенттің белгілі мақсатқа ынталануы қажет. Аталған мәселе негізінде оқуға деген «түрткі» (мотив) туындауы керек.

Студенттердің танымдық белсенділіктерінің деңгейлеріне тоқталатын болсақ, оның **ең жоғары деңгейі** танымдық міндеттерді өз бетінше қоюмен, тапсырмалардың шешімін табуда неғұрлым тиімді жолдарын болжаумен және өз бетінше айқындаумен, өздігінен бағалаумен сипатталады. Ал **орташа деңгей** жоғары деңгейдің кейбір элементтерінің оқытушының көмегімен орындалатынымен сипатталады, мұнда оқытушы танымдық тапсырма беріп, оның шешілуін бақылауы немесе студентке шешу тәсілдерін көрсетуі тиіс. **Төменгі деңгейде** студентке белгілі бір әрекеттің үлгісі болғанда, оларды орындау тәсілдері туралы көмек болғанда ғана танымдық әрекетін ынталандыруға, белгілі тәсілдерге бағдарлануда көрініс табады.

Ақыл-ой әрекеті сезімдік қабылдау негізінде алған жүйелі білімі арқылы қалыптасады. Оқу барысында, әрекеттердің белгілі бір жүйесін орындау кезінде оқытушының басқаруымен сезімдік қабылдау қабілеттілігін жетілдіріп отыру жүзеге асырылады. Студенттердің психикалық даму ерекшеліктері оқу әрекеттерінде жетекші қызмет атқарады. Оқу үрдісінде студенттердің танымдық белсенділігі мен құштарлығының қабілеттілігін арттырудың сан алуан түрлері бар. Оқу-тәрбиелеу үрдісі оқытушы мен оқып-үйренушінің әртүрлі әрекеттерінен тұрып, осы іс-әрекеттердің барлығы оқып-үйренушінің білімінің мазмұнын меңгеру мақсатында орындалады. Дидактикада осы іс-әрекеттердің түрлерінің сипатына, жинақтау тұтастығы мен орналасуына көп көңіл бөлінеді. Білім оқытушыдан студентке беріліп қана қоймайды, оның шығармашылығын дамытуға жұмылдырылады. Өйткені оқыту әдісі – оқытушы қолындағы өзіндік педагогикалық құрал.

Ш.Уәлиханов атындағы университеттің профессоры, педагогика ғылымы кандидаты Қ.Қожабаев «Математиканы оқыту әдістері» еңбегінде пәнге танымдық қызығуды дамытудың үш шартын көрсеткен: біріншісі – мазмұнның жаңартылуы, бұрын жария етілген фактілерді жаңаша сипаттау, хабарланып отырған материалға тарихи бағдар беру, ілімнің практикалық мәнін ашып көрсету және ғылымның соңғы жаңалықтарын, табыстарын жүйелі баяндау, екіншісі – өз бетінше жұмыс істеудің әр қилы түрлеріне негізделген, проблемалық тұрғыдан қолға алған материалды зерттеуге және оқушының шығармашылық, практикалық жұмыстарына бағытталған оқыту тәсілдері, үшіншісі – оқушының қабілетін ұштау, мұғалімнің оқушыға көмек беруге дайын тұруы, олардың күш – мүмкіндіктеріне қолдау көрсету қабілеті, талап қоюшылығы мен адалдығы, балаларды көтермелей білу, сондай – ақ оқушылардың өзара бәсекесіне көмек көрсете білу қасиеті [5, 13].

Білім беру және оқыту теориясының әдіснамалық негізі- таным теориясы, оқушы тұлғасын жан-жақты және үйлесімді қалыптастыру туралы ілім болып табылады. Бұл теория білім беру және оқытуды арнайы ұйымдастырылатын іс-әрекет ретінде қарастырады. Білім беру және оқыту

теориясының оқыту мәселесіндегі талаптарының бірі – танымдық белсенділік пен саналылық. Танымдық әрекеттің негізінде білім алушыда танымдық белсенділік қалыптасады. Танымдық белсенділік – білім алушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Мысалы: оқытушының баяндап тұрған жаңа материалын түсіну үшін, білім алушы оны зейін қойып тыңдауы, алған білімін кеңейту үшін өздігінен кітап оқып, бақылау тәжірибе жасау сияқты жұмыстар жасауы қажет. Өйткені өтілген материалдарды саналы қайталауда, жаңадан білім алуда, оның жолдары мен дағдыларына үйренуде белсенділіксіз мүмкін емес. Яғни, білім алушының белсенділігі оқу үрдісінің барлық кезеңінде орын алуы қажет. Білім алушының танымдық іс-әрекеті оқу үрдісіне негізделе отырып дамиды. Яғни, бұл іс-әрекеттер қарым-қатынас арқылы қалыптасады. Олардың ішінде ең маңыздысы – оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас. Яғни, студенттердің танымдық іс-әрекетінің дамуы оқытушының оқытуына да байланысты болып келеді.

Танымдық қабілет әркімге тән. Тек оны дамыта білу – әр ұстаздың міндеті. Сондықтан, дайын ақпараттық фактілерді, заңдар мен ережелерді беріп қоймай, студенттерді өз бетінше іздендіретін, алған білімдерін тұжырымда алатын оқу материалдарын беру қажет. Сонымен бірге оқытушы мен студенттің арасында ұжымдық қарым-қатынас, бір-біріне деген сыйластық болған жағдайда ғана оқыту өз нәтижесін береді. Педагогикалық ғылымда алғаш рет студенттердің өзіндік жұмысына философиялық және психологиялық-педагогикалық талдау жасаған. Өзіндік жұмыстың студенттердің танымдық іс-әрекетін қалыптастырудағы, дамытудағы орны ерекше. Өзіндік жұмыс арқылы студенттер сыныпта алған білімдерін сынақ-тәжірибеден өткізіп, барлығын жинақтап, қорытындылап, тұжырым жасайды.

Өзіндік жұмыстың студенттердің оқып-тоқуындағы жалпы маңыздылығы мынада:

- өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық ой-пікірлерін және зерттеу жұмыс тарының негізін бекітуін қамтамасыз етеді;
- сыныпта алған білімдерін толығырақ тереңдетумен бірге теория жағынан берілген әдіс-кұралдар мен материалдарды оқып-талдау қабілеттілігін қалыптастырады;
- студенттердің белсенділік, шығармашылық бағытта ой-өрісінің дамуын бақылауға мүмкіндік береді;
- студенттердің қарастыратын (материалға) тақырыпқа байланысты жеке ой-пікірлері мен зерттеулерін айқындап жетілдіреді.

Сонымен, өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты – студенттердің танымдық іс-әрекетін қалыптастыру, оқуға, болашақ мамандықтарына деген құлшынысын арттыру, шығармашылық біліктілігі мен қызығуын дамыту болып табылады екен.

Оқыту – таным процесі. Өйткені онда ілгері қарай қозғалыс болады, яғни, студент білуден білуге қарай жүріп отырады. Студенттің таным процесі өзіне тән ерекшелігі бар күрделі психикалық процесс. Оның нәтижелі

оқуына әсер ететін сыртқы және ішкі күштер себепкер болады. Білім алуда студенттің ілгері қарай дамуына себепкер болатын негізгі күш – қайшылықтар. Студент білмеуден білуге қарай қадам басқанда әртүрлі қайшылықтар мен қиындықтарға кездеседі, оларды шешу, жеңу нәтижесінде оқу міндеттері жүзеге асырылады. Оқыту процесіндегі ең басты қайшылық – педагогикалық міндет – талаптар мен студент мүмкіндіктерінің (білім мен дағдысының және дамуының) арасындағы қайшылықтар. Осындай қайшылықтарды шешу студенттің саналы түрде көп күш-жігер жұмсауын керек етеді және оның дамуына үлкен әсері болады. Көп күш-жігер жұмсауды қажет ететін жұмыстың бір түрі – студенттің өз бетінше жұмысы.

Студенттің ой-пікірі мен бастамасы, ұсынысы мен тапсырманы орындау шеберлігі, сөйлеу мәдениеті мен ой тұжырымы, пайымдаулары, талпыныстары мен ізденістері, қызығушылығы мен байқампаздығы, іскерлігі мен дағдысы, іске батыл, сеніммен кірісуінің жүзеге асуы, оқытушы мен студент арасындағы бірлескен қарым-қатынас маңызының ерекшелігін көрсетеді. Мұнда бағыт-бағдар беру, істің дұрыс-бұрыстығын анықтау педагог тарапынан болуы шарт. Бұл студенттің мінез-құлқында тұрақтылықты, өзін-өзі бағалауды, ерік әрекетінде батылдық пен табандылық, ұстамдылық пен сабырлылықты, өзіне өзі талап қоя білуде т.б. танымдық ынтасын құптау мен сенімділікті танытуға үйретеді.

Танымдық іс-әрекет оқу-тәрбие үрдісінің барлық саласында көрініс табады. Қазіргі тәрбие, оқытудың ең көкейкесті мәселелерінің біріне танымдық қызығуды жатқызамыз. Танымдық әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Танымдық әрекет танымдық қажеттіліктен, мақсат, танымдық уәж және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Танымдық әрекеттің негізінде студенттерде танымдық қызығу, танымдық ізденімпаздық қалыптасады. Танымдық іс-әрекет оқу-үрдісінің дамыта оқыту негізінде жүзеге асады. Дамыта оқыту – дәстүрлік білім беруге қарама-қарсы әдіс. Дәстүрлік оқыту оқытушының жеке түсіндіруі, студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруі, студенттердің үлгі бойынша жаттығу жұмыстарын орындауы, яғни, дайын білім алуға негізделсе, дамыта оқыту студенттерге өз бетінше сұрақ қоя білуге және олардың пікірталастарымен, көзқарастарымен санасатын, жалпы ақылдаса, пікірлесе отырып шешім қабылдауға, жалпы ойлауын, танымын дамытуға негізделген (бағытталған) оқыту түрі.

Араб тілін дамыта оқытуда динамикалық өзгеру ұстанымы бойынша тілді үйренушілерге берілетін жаттығу, тапсырма т.б. түрлері бірсарынды болмай, үнемі дамып, оның мән-мағынасы, маңызы артып, жетіліп отыруы керек. Сол кезде студенттердің білім алуға қызығуы мен ынтасы артып, құлшынысы оянады. Бұл ұстаным бойынша барлық жұмыстар сан жағынан да, сапа жағынан да үнемі өзгеріп, даму үстінде болуы керек. Әр ұлттың тілін, дінін, мәдениетін, әдебиетін білу, тану белгілі танымдық іс-әрекеттер арқылы орындалып, біріккен танымдық іс-әрекет жүйесін құрайды.

Шет тілін оқытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып білім беру арқылы, түрлі мамандықтағы студенттерге араб тілін оқытудың әдісін төмендегідей етіп жіктеуге болады:

1. Оқытушы арабша сөйлеуге үйретуі қажет. Студенттердің сөздік қорын молайта отырып, сөйлем құрай білу, ойын түрікше жеткізе алатындай дәрежеге дейін білім беру керек. Сабақтың теориялық жағына емес, оқытушы практикалық жағына көп көңіл бөлгені жөн.

2. Студенттерді сауатты жазуға дағдыландыру үшін студенттермен түрлі жазбаша жұмыстарды: диктант, шығарма, СӨЖ алып отыруға міндетті. Ондай жазбаша жұмыстарды аларда оқытушы студенттердің білім дәрежесін есінен шығармауы абзал. Жазба жұмыстары шақталып берілуімен қатар, оның тәбиелік, білімдік мөлшері де оқытушының назарынан тыс қалмауға тиіс.

3. Студенттерге араб сөздерін дұрыс айтуға үйретуді тиімді ұйымдастыру үшін түрлі орфоэпиялық жаттығу жұмыстарымен қатар, орыс немесе қазақ топтарында орыс, қазақ және араб дыбыстарының айтылу ерекшеліктерін тәжірибе жүзінде көрсету өте пайдалы.

4. Төменгі курстардан бастап араб тілінен студенттердің сөздік дәптерлері болуы керек. Жаңа сабақта түсініксіз сөздерді сөздік дәптеріне жазып, келесі сабақта ол сөздердің мағыналарын айттырып, сөйлем құратып отыру сөздерді өте жақсы ұғынудың кепілі.

5. Араб тілін қазақ және орыс студенттеріне оқытатын адам үш тілді бірдей білсе өте оңды. Кейбір қиын грамматикалық ережелер мен сөз тіркестерін, жеке сөздерді түсіндіргенде студенттердің ана тіліне сүйену, студенттердің сабақты жақсы түсінуіне көмегін тигізеді. Әрбір сабақ сайын қазақша және орысша сөйлемдерді арабшаға аударту араб тілін үйренуде жақсы нәтижелерге жеткізеді.

6. Сабақта көрнекі құралдар пайдалану – студенттерге сабақты өте жақсы ұғынуға көмектеседі. Оқытушының жалаң әңгімесіне қарағанда көрнекі құрал студент санасына тікелей әсер етіп, ойлау, қабылдау, байымдау қабілеттерін арттырады. Сондықтан араб тілі пәнінің мұғалімі әрбір сабағын көрнекі құралдар: таблицалар, схема, суреттер арқылы өткізу өте бағалы.

7. Араб тілінен тиянақты білім беру үшін ЖОО-нан тыс жұмыстарды (әдебиеттік шығармалар оқу, үйірмелер, шет елдердің студенттерімен хат арқылы қарым- қатынас, түрлі ойындар, кино, тағы басқалары) дұрыс жолға қоюдың маңызы зор. Егер студенттердің тыс жұмыстары белгілі бір жүйемен істелетін болса, онда білім дәрежелері де жоғары болмақ. Оқытушы әдістеменің осы бір мәнді бөлігін есінен шығармауы тиіс.

8. Оқытушы сабақтың практикалық жағына көбірек көңіл бөле отырып, студенттерді грамматикалық ережелермен де таныстыруға міндетті. Егер грамматикалық ереже студент ұғымына қиын, шұбалаңқы болып келсе, оқытушы оны студенттерге қысқаша да түсінікті етіп айтып беруге хақылы. Студенттер ереженің мағынасын түсінсе болды, кітаптан аудармай жаттауға міндетті емес.

9. Сабақ барысында оқытушы студенттерді кітаппен жұмыс істей білуге дағдыландыруы керек. Оқулықтар программаға сәйкес жасалғандықтан, студенттердің араб тілінен жүйелі білім алуына көмектеседі. Ондағы түрлі жаттығулар олардың білім дәрежесін арттырумен бірге, ізгілікке, адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелейді.

Танымдық іс-әрекет төңірегіндегі тұжырымдар мен қорытындылар, сонымен қатар зерттеу нәтижелері болашақ мамандардың танымдық іс-әрекетіне деген қажеттіліктің интеллектуалды еріктілік, сезімділік сияқты бір-бірімен өзара байланысты ұғымдардың бірлігі студенттің танымдық ынтасын, ізденімпаздығын қалыптастырып, іс-әрекет бағытын анықтаушы белгі ретінде қарастыруды сипаттап берді. Танымдық іс-әрекетті тұрақты қажетсіну, ізденімпаздық және оны жоспарлап, ұйымдастыру нәтижесін көру студенттің танымдық қанағаттану сезімін тудырады. Мұндай нәтиже студентті жаңа танымдық әрекетке, белсенділік пен ізденіске, істі меңгеріп білуге, тәжірибе жинақтауға дағдыландырады. Демек, зерттеулер танымдық іс-әрекет жеке адамның кәсіптік маңызды сапа жүйесінің дамуына әсер ететін күрделі үрдіс екендігін дәлелдейді. Осы бағыттағы теориялық талдау танымдық іс-әрекет адамның дамуына ықпал ететін бірден-бір қажеттілік екенін анықтады.

Танымдық іс-әрекет оқу-тәрбие үрдісінің барлық саласында көрініс табады. Қазіргі тәрбие, оқытудың ең көкейкесті мәселелерінің біріне танымдық қызығуды жатқызамыз. Танымдық әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Танымдық әрекет танымдық қажеттіліктен, мақсат, танымдық уәж және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Танымдық әрекеттің негізінде студенттерде танымдық қызығу, танымдық ізденімпаздық қалыптасады.

Танымдық іс-әрекет оқу-үрдісінің дамыта оқыту негізінде жүзеге асады. Дамыта оқыту – дәстүрлік білім беруге қарама-қарсы әдіс. Дәстүрлік оқыту оқытушының жеке түсіндіруі, студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруі, студенттердің үлгі бойынша жаттығу жұмыстарын орындауы, яғни, дайын білім алуға негізделсе, дамыта оқыту студенттерге өз бетінше сұрақ қоя білуге және олардың пікірталастарымен, көзқарастарымен санасатын, жалпы ақылдаса, пікірлесе отырып шешім қабылдауға, жалпы ойлауын, танымын дамытуға бағытталған оқыту түрі.

Қорыта айтқанда, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіруде оқу материалының маңыздылығы дәрежесіне қарай, оның құндылығын анықтай білу, сабақ беру мен оқу үрдісін ұйымдастыра білудің маңызы зор. Оқытудың мазмұнына да фактілерден, әрекет тәсілдерінен басқа оқытудың шын мазмұнымен бірге оқу үрдісінде қатысушылардың арасында ақпарат алмасу қорын құратын және оқушылардың осы мазмұнды игеруіне және оны практикада қолдануына қызмет ететін көруге болады.

Әдебиет:

1. Эльконин Д. Д. Психология игры. Педагогика. – 1976. – 304 б.

2. Пидкасистый П. И., Арыстанов М. Ж., Хайдаров Ж. С. Проблемно-модельное обучение: вопросы теории и технологии. – Алматы: Мектеп. 1980. – 204-б.
3. Ахметов Н. Л. Игра, как процесс обучения. – Алматы: Знание, 1985. – 38-б.
4. Хмерин М. В. Разработки имитационно-моделирующих игр в современной буржуазной педагогике. – М., 1982. – 103-б
5. Қазақстан мектебі. – №7. – 2003. – 13-б.

Қазақ, түрік тілдеріндегі жағымды және жағымсыз коннотациялы эмотивтер

Балабекова Н.

*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
түркітану кафедрасының 2-курс докторанты*

***Аңдатпа:** Мақалада адамның көңіл күйі мен түрлі сезімін сыртқа шығару көрінісі болып табылатын эмотивтерге жалпы түсінік бере отырып, қазақ және түрік тілдеріндегі жағымды және жағымсыз коннотациялы эмотивтерге тоқталамыз.*

***Кілт сөздер:** эмотив, коннотациялық элемент, жағымды эмоция, жағымсыз эмоциялар, пелиоративтер.*

***Summary:** The article presents a theoretical and practical material demonstrating the interaction of the linguistic categories of emotiveness and pejorativeness Functional semantic field of emotives revealed in the article on the material of Kazakh and Turkish languages through literary works.*

***Key words:** emotionally estimated, emotives, meliroatives, pejoratives.*

Тіл – адамдар арасында қарым қатынас орнатудың негізгі және жалғыз құралы құралы. Тілдің құдіретін қоршаған ортаны суреттеуі мен практикалық және теориялық білімімізді бекіту және оны сақтап, болашақта жүзеге асыра білу мүмкіндігінен көреміз. Адам баласы өз сезімін, не ойлағанын, не естіп, не көргенін және сол ақпараттың барлығын тіл арқылы жеткізеді.

Қазақ тіл білімінде эмотивтер туралы ертеректе жарық көрген оқулықтар мен оқу құралдарында қысқаша болса да мәліметтер беріліп отырған. Ал кейінгі кездері ғалымдардың арнайы зерттеу дереккөзіне де айналғанын байқаймыз. Олар: Х.Нұрмұқановтың «Эмоционально-экспрессивная лексика драматургических произведения М.Ауэзова» атты кандидаттық диссертациясы (1969), Ш.Нұрғожинаның «Эмоционально-экспрессивная лексика казахского разговорного языка» атты кандидаттық диссертациясы (1989), З.Ибадильдинаның «Эмотивная лексика казахского и русского языков» (1997) атты кандидаттық диссертациясы, А.Сембаеваның «Көркем шығармалардағы эмоционалдыэкспрессивті лексика (О. Бөкеев шығармалары бойынша) (2002), А.Мұсабекованың «Қазіргі қазақ публицистикасындағы

экспрессия мен эмоцияны білдірудің тілдік құралдары» атты кандидаттық диссертациясы (2004), Б. Жонкешовтың «Эмоционалды бірліктердің тілдік табиғаты (семантика, сөзжасам, фоносемантика)» атты кандидаттық диссертациясы (2006), К.Сарышованың «Қазақ тіліндегі эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер» атты кандидаттық диссертациясы (2006), С.Қоянбекованың «Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері» атты докторлық диссертациясы (2008) және А.Иманалиеваның «Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар» (2011) атты монографиясы жарық көрген.

Эмоция адам жан-дүниесінің айнасы іспеттес. Тіл қатынас құралы болумен қатар адамның әрқилы көңіл күйі мен толқу және тебіренісін білдіруші, бағалаушы, бейнелеуші қызметтерін де атқарады. Адамның жан дүниесіндегі жақсы көру мен жек көру, ашулану мен рахаттану, қуану және қайғыру, таңдану мен өкіну тәрізді сезімдер тіл арқылы сыртқа шығады. Мағынаның эмоционалды компоненті субъектінің бір құбылысқа деген эмоционалды толқуын білдірсе, бағалаушы компонент өз кезегінде сөйлеушінің мақұлдау, немесе жақтырмағанына байланысты эмоционалды бағалауын білдіреді.

Зерттеуші Ш.Нұрғожина сөздердің бағалауыштық қасиеттері А – В деген құрылым арқылы жақсы//жаман деген екі мағынада жұмсалатындығын айтады. Бағалауыштық ұнату//ұнатпау; қуану//ренжу сияқты сөздер арқылы субъектінің эмоциясын білдіреді деген тұжырымға келеді [1].

3. Құрманәлиеваның «Реңк мәнді туынды зат есімдердің мағыналық құрылымы» деген еңбегінде зат есімнің реңк мағынасына объектіні бағалауға қатысты сөздер де, эмоция, сезім, стилистика, ауызекі тілге қатысты туынды сөздер де кіретіндігін айтады. Оларды объектіні бағалауға қатысты реңк мәнді туынды сөздер және сезімдік мәнді туынды сөздер деп үлкен екі топқа бөліп қарастырады [2]. Б. Сағынова «Қазақ тіліндегі адам интеллектісіне қатысты лексика /этнолингвисткалық зерттеу/» атты кандидаттық диссертациясында адамдар арасындағы сыйластық сезімі адамның ішкі сезім дүниесінен туындап, бағалау сипатын білдіретіндігін айтады [3].

Ресей ғалымдардың көпшілігі эмотивтерді тілдік категорияға жатқызады. А.В.Куниннің пікірі бойынша: эмотивность – это эмоциональность в языковом преломлении, выражение языковыми средствами чувств, настроений, переживаний человека» [4, 153]. В.И.Шаховский де А.В.Куниннің пікірін қолдайды. Ол эмотивтерді функционалды-семантикалық категорияға жатқыза отырып, оның белгілері А.В.Бондарконың функционалды грамматика мен функционалды семантикалық өріс теорияларына тән деген ойда. Өзінің пікірін дәлелдеу мақсатында В.И.Шаховский былай дейді: «эмотивтер функционалды семантикалық категория, өйткені эмоцияларды білдіру; лексикалық және грамматикалық элементтердің өзара әрекеті; бөліну: орталық-периферия сынды семантикалық қызметтің барлық ортақ сипаттарына ие» [5, 112]. Бағалаудың коннотациялық элемент ретіндегі басқа компоненттермен

арақатынасын анықтау тұрғысында түрлі пікірлер бар. Сыртқы дүние адам миында түйсік, қабылдау, сезіну, елестету арқылы бейнеленеді. Адам өзі өмір сүріп отырған орта мен қоғамдағы түрлі құбылыстардың жақсысына қуанады, сүйсінеді, шаттанады жаманынан жиренеді, күйінеді, ашуланады, мұңаяды, қайғырады. Бұлардың барлығы адамның қуаныш, сағыныш, күйініш, шаттық, қайғы, реніш, жиреніш, ашу сияқты түрлі эмоциялары болып табылады. Адам баласы әртүрлі іс-әрекетке, өзіне немесе өзгеге деген қарым-қатынасқа т.б. жағдайларға, оқиғаларға разы болған кезде жағымды, ал қанағаттанбаған кезде жағымсыз эмоция туындайды. Ал бағалау сол жағымды немесе жағымсыз эмоцияның негізінде тілдік құралдар арқылы сыртқа шығарылады. Ұнамды баға жағымды эмоциядан, ұнамсыз баға жағымсыз эмоциядан пайда болады.

Ұнату мен жек көру, ризалық пен наразылық, сүйіспеншілік пен өшпенділік – бұлардың барлығы адамның күнделікті қажеттіліктерінің, мұқтаждықтарының өтелу-өтелмеуімен байланысты адамның қылықтары мен іс-әрекетінде ұнамды немесе ұнамсыз қатынастарды білдіруі. Бұлар барлығы тек сыртқы әсерлерге ғана емес, әр адамның даралық, психологиялық ерекшеліктеріне де байланысты. Біреудің дауыс көтеріп, қаттырақ сөйлеуі, ұнамсыз интонациямен күлуі, жақтырмай қарауы, менсінбеуі адамның көңілін түсірсе, жұмысының сәтті болып реттеле бастауы, ауа-райының, жыл маусымының қолайлылығы адамның көңілін көтеріп, қуанышқа бөлейді. Жағымды эмоцияға *қуану, сүйсіну, еркелеу, қызығу* т.б., жағымсыз эмоцияға *қорқу, ашулану, ызалану, кектену, қайғыру, абыржу, налу, үрейлену* т.б. жатады [6, 31]. Ғалымдардың пікіріне қарағанда жағымды эмоцияға қарағанда жағымсыз эмоцияның түрі көп. Бұл жөнінде В.М.Мокиенко былай деп атап көрсетеді: «Народный язык очень живо и оперативно реагирует на отрицательные стороны общественной жизни, на отрицательные действия и поступки» [7, 48]. М.И.Черемисинаның пікірі белгілі бір әрекеттің аяқталуынан кейін туындайтын айқындаушы эмоция түрлері де бар дегенге саяды. Автордың теориясы бойынша эмоцияның белгісі мен күші адамның мақсатқа жету дәрежесіне байланысты анықталады. Егер алға қойылған мақсат орындалса, жағымды эмоция туады, ал орындалмаса жағымсыз эмоция туады [8, 13].

– *Жарайсың, отыр* [9, 67].

– *Gel raşat, gel* [10, 99] (*Кел, пашам, кел*).

Қазақ тіліндегі мысалдарда мақсаттың орындалғанына разы болғандығын байқаймыз. Ал түрік тіліндегі мысалда контекст бойынша өздері бір оқиғаға риза болып, қуанып тұрған кезде, келген қонақты дәрежелеп, «пашам» деп құрметтеп, орталарына шақырып тұр.

Жағымды эмотивтерге қатысты тіл білімінде мелиоратив терминін ХХ ғасырдың басында батыс ғалымдары енгізген. Олар тек жағымды бағалағыш қасиеті бір мелиоративтік бірліктерді қарастырған. Орыс ғалымдарынан аталмыш терминді М. В. Волошина, В. Д. Девкин, Н. В. Коробова, Г. Г.

Кужим, С. В. Лескина, Г. А. Макарова, А. А. Марцелли, О. Б. Паншина, В. И. Шувалов, В. С. Лескина және Д. В. Меховтың еңбектерінен көре аламыз.

П. К. Анохин: «Жағымды эмоция барынша өнімді жұмыс істеуге жағдай жасайды, ол адамға кереметтей күш-қуат береді, мұндайда адам еш шаршап-шалдығу дегенді білмей, күндіз-түні жұмыс істей алады», – деп жазады [11, 25].

– *Ой, еңбеккерлерім, амансыңдар ма? – деп, жарқын қарсы алды* [9, 50].

Жоғары лауазымды, қызмет барысындағы және жасы үлкен кісілерге деген құрметті де мелиоратив деп атай аламыз:

– *Sayın Cumhurbaşkanım, şu anda neredesiniz? Demeyi akıl etti* [10, 129]. (*Құрметті президент мырза, қазір қайдасыз? – деуге ақылы жетті*). Бұл мысалда құрмет мен сыйластықты *Sayın (құрметті)* сын есімі мен *Cumhurbaşkanı (президент)* сөзіне бірінші жақ жекеше түрдегі тәуелдік жалғауының жалғануынан байқаймыз.

Сонымен қатар таңдану, сүйсіну сезімдерін де жағымды эмоциялар қатарына жатқыза аламыз:

– *Япыр-ай, мұндай да шаш бітеді екен-ау! Мынау шаш емес, тікенек қой. Тікенек* [9, 10]

– *Рақат, нағыз рақат!* [9, 63]

Бір кісінің істеген ісіне қуанып, алғыс айту, бата беру де жағымды сезім тудырып, алғыс алған кісінің көңіл күйін көтереді:

– *Жасың ұзақ болсын!* [9, 44]

Істің орындалғанына, оңынан шешілгеніне қуану:

– *Ура!* [9, 62]

– *Міне, жігіт!* [9, 44]

Балалар мен жасы кіші кісілерді еркелету:

– *Әй, балақайлар, мынадан қалай өтуге болады? – деп дауыстады* [9, 49].

– *‘Nasılsın benim küçük kuşum?’ diye sordu* [10, 51].

Бұл мысалдардан айтушының адресатқа деген жылы көзқарасын, ризашылығын, еркелетіп, жақсы көретінін байқай аламыз.

Жағымсыз эмоциялар жайлы айтқанда тіл білімінде «пейоратив» термині аталады. Пейоративтер жайлы Ресей ғалымдары: Н. Б. Савинкина (1987), И. И. Кремих (1987), Е. В. Коваленко (2007), А. В. Ковалевская (2008) диссертация жазса, Н. П. Шибаева (1988, 1990), Л. В. Сафонова (1985), С. В. Лескина (2009) және А. Ф. Мюллер (1958), Н. В. Пазыч (1986), В. И. Карасик (2002) өз еңбектерін арнаған. «Орыс және ағылшын тілдеріндегі түсіндірме сөздіктерін талдасақ, «пейоративтің» түбірі сапаның, қарым-қатынас пен жағдайдың нашарлауы, адам мен оның абыройын түсіру, менсінбеу, кемсіту, қорлау, жазғыру, кінәлау деген мағынаны білдіреді», – дейді С. В. Лескина [12, 4]. Алайда зерттеушінің өзі жағымсыз эмоцияның бәрі бірдей пейоратив деп аталмайтынын айтады: «Мы придерживаемся мнения таких учёных и исследователей, как Е. М. Вольф, В. И. Карасик, Г. Г. Кошель, А. В.

Ковалевская и др. о том, что пейоративные языковые единицы, несомненно, принадлежат к негативно-оценочному пласту лексики языка. В тоже время мы хотим возразить тем лингвистам, которые отождествляют и ставят знак равенства между понятиями «пейоративный»/«негативный», «пейоративная коннотация» /«негативная коннотация», противопоставляя мелиоративному пейоративное» [12, 5]. Ғалымның пікірі бойынша, мелиоративтер тұтасымен жағымды эмоцияны қамтыса, пелиоративтер жағымсыз эмоцияның бір бөлігі ғана [12].

«Ал жағымсыз эмоциялар адамның жан-дүниесіне, сондай-ақ ішкі секреция бездері мен вегетация қызметтеріне әрқилы әсер ете отырып, физиологиялық процестердің бұзылуына әкеп соқтырады. Мұндай әсерлер белгілі бір дәрежеде ішкі ағзалардың да (жүректің, асқазанның, ішектің) қызметін бұза алады» [11, 25].

Жағымсыз коннотациялы эмоцияларға мысалдар бере кетсек.

Қарсы алдындағы кісінің істеген ісіне көңілі толмағанда ұрысып, жеку:

– *Çıldırдың mı sen? Bu saatte içilir mi rakı?* [10, 99]. (*Жынданғанбысың?*

Бұл уақытта арақ іше ме екен?).

Біреудің жаман қылығын көргенде немесе ұнатпайтын адамын, дұшпанын қарғау:

– *Өй, антатқан алаяқ немелер!* [9, 46]

– *Ama edemiyoruz işte. Allahın belası savaş* [10, 137]. (*Хабарласа алмаймыз ғой. құдайдың бәлесі соғыс!*).

Сұхбаттасушының сөзіне разы болмағанда, қарсылық білдіру:

– *Təйт, сандалған неме. Сандалмай бар онда ана ормандағы маймыл әкешешеңе* [9, 28]

– *'Allah korusun. Nereden çıkarıyorsun bu lafları,' dedi Burhan, silah seslerini duymazlığa gelerek* [10, 105]. (*Құдай сақтасын! Мұндай сөздерді қайдан шығарасың? – деді Бурхан қарудың дыбыстарын естімегендей боп*).

Қорқу, үрейлену:

İvan, kocanın öldürülmüğüş olmasından korkuyorum [10, 139]. (*Иван, күйеуімді өлтіріп кетті ме деп қорқамын*).

Мазақ қылу, менсінбеу:

– *Әй, ақымақ Қара Көже* [9, 40].

– *Darılma ama, o kadar akıllaysa Knin'de işi ne? Diye lafa girmişti Sonya* [10, 76].

«Сөйлеуші орман, көл, үй, бес, ол тағы басқа сөздерді айтқанда бұл заттардың атауында ешқандай эмоционалдық мән болмайды. Ал кейбір сөздерде, құбылыстардың атауларында жақсы немесе жаман қатынасты, психологиялық күйді көрсететін реңктер болады. Мысалы: *айналайын, оңбаған* дегендер тек белгілі бір тиянақталған сөйлеушінің ой-күйін білдіреді. Эмоциялық лексика белгілі бір затқа құбылысқа, қауымның бағасын аңғартады», – деп жазады І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаев авторлығымен шыққан «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде авторлар [13, 178]. Алайда кей сөздердің эмоциялық мағынасы айтылған уақыттағы жағдай мен

интонацияға байланысты өзгеруі мүмкін. Құлаққа естілетін үннің айтылу мәнерінің эмоция білдірушілік қызметі зор. Сөздің айтылу интонациясына қарап, ол сөздің қандай эмоциямен айтылып тұрғандығын айыру қиын емес. Бұл – ішкі сезімнің адам үніндегі бейнесі. Интонация тонының (тональность) адамдардың қарым-қатынасында үлкен орын алатыны мәлім [6, 17]. Мына сөйлем осыған айқын мысал бола алады:

– Ту, жарықтық-ай – деп кейідім мен, – өзіңізге тиісті емес нәрседе не шаруаңыз бар [9, 95].

«Жарықтық» сөзінің негізінен жағымды коннотацияда қолданылатыны белгілі. Алайда бұл мысалдан айтушының адресатқа кейігенін, жақтырмағанын байқаймыз. Мұны айтушы интонациясы арқылы білдіріп тұр.

Сонымен, кей сөздердің эмоцияның қай түрін білдіріп тұрғандығын ең алдымен контекстке, одан кейін сөйлеу жағдаяты мен интонацияға қарап ажыратамыз. Түбі бір туыстас қазақ және түрік тілдерінің екеуінде де сөздің ауыспалы мағынада қолданылуы да эмоцияның жағымды, жағымсыз түрлерін білдірудің, бояуын қоюлатудың бір жолы; жағымсыз эмоцияны білдіруде тұрмыстық-қарапайым лексика өте жиі қолданылады; жағымды немесе жағымсыз эмоцияның күші алғыс және қарғыс мағынасындағы тілдік бірліктер арқылы да көрінеді; қарғыс үлкен реніш пен наразылықтан туады, көбінесе адам қатты назланғанда, әбден күйінгенде, ыза мен ашуға булыққанда, қатты көңілі қалғанда айтылады; алғыс – бір кісінің екіншісіне немесе көпшілікке жағымды іс-әрекеті, көмегі, жақсылығы, қолдауы, жанашырлығы, қамқорлығы, ықыласы, ақ ниеті мен сыйластықты қарым-қатынасы, ақыл-кеңесі т.б. үшін ризашылық сезімін, яғни, жағымды эмоциясын білдіруі; жағымсыз эмоция сөйлеу тіліндегі боқтық сөздер, ал жағымды эмоция этикет сөздер арқылы да көрініс табады.

Әдебиет:

1. Нұрғожина Ш. Эмоциональность и экспрессивность высказывания устной речи // Вестник КазГУ. - Серия филологическая. – 2001. - № 48. -30-34-б.

2. Құрманәлиева З. Реңк мәнді туынды зат есімдердің мағыналық құрылымы: филол. ғыл. канд.... дисс. - Алматы, 2003. - 158 б.

3. Сағынова Б. Қазақ тіліндегі адам интеллектісіне қатысты лексика / этнолингвистикалық зерттеу: филол. ғыл. канд.... дисс. - Алматы, 1999. -117 б.

4. Кунин А. В. Курс фразеологии современного английского языка. - М.: Просвещение, 1986. – 384 с.

5. Шаховский В. И. Категоризация эмоций в лексико-семантической системе языка. - 2-е изд., испр. и доп. – М.: Изд-во ЛКИ, 2008. – 208 с.

6. Иманалиева А. Қ. Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар. Монография. – Алматы, 2011. – 255 б.

7. Мокиенко В. М. Славянская фразеология. – М., 1989. – 269 с.

8. Черемисина М. И. Экспрессивный фонд и пути его изучения // Актуальные проблемы лексикологии и словообразования. - Новосибирск, 1979. - Вып. VIII. - С. 13-17.
9. Соқбақбаев Б. Менің атым – Қожа. - Алматы: Атамұра, 2003. - 301 б.
10. Kulin A. Sevdalinka. İstanbul: Remzi Kitabevi, 2001. -307 s.
11. Анохин П. К. Эмоции // Психология эмоций: Тексты. – М., 1984. – С. 173.
12. Лескина С. В. Презентация категории пейоративности в русской и английской фразеологии. - <https://cyberleninka.ru/a> 9 с.
13. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 235 б.

Кіріме терминдерге балама беруге ана тіліміздің ішкі қуаты жетерлік

Әлімақын Д.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл Білімі институты Грамматика бөлімінің ғылыми қызметкері

***Аңдатпа:** Мақалада қазақша баламасы бар бола тұра орысша аталуымен қазіргі күнге дейін қолданылып келе жатқан көптеген терминдерді ретке салып, өз баламасы бойынша қолдану туралы жекелік көзқарастар айтылады. Тілдің тазалығы сақтау үшін, ақпарат құралдарындағы кейбір орнын таппаған терминдердің қазақшасы бойынша қолдану ұсынылады.*

***Түйін сөздер :** тіл, термин, шет тіл, сөз қолданыс, жаңа сөз*

***Summary:** This article gives a unique idea of how to use many of the terms used in the Russian language with the Kazakh equivalent but still being used in their own way. In order to keep the language clean, it is recommended to use some terms in the media that have not found any place in the media.*

***Key words:** language, term, foreign language, word usage, new word*

Әрбір халықтың халық екенін, оның тарих бедерінде үлесі бар-жоғын анықтайтын сол халықтың тілі болмақ. Сосын да халқымыз әр кезеңдерде, әр ғасырларда тілдің тазалығын, тілдің өміршеңдігін ескеріп оны жоғалтып алмауға ойлы көзбен қарап, қаншама тауқыметті заман кешседе ана тілін пәк қалпында кейінгілерге аманнаттап отырған. Сол ұлы күштің, қайсарлыққа ұласқан айқын мақсатының жемісі болар, ана тіліміз қадау-қадау ғасырлардан бері қарай тұнық күйінде бүгінгі дәуір құшағына жетіп үлгірді. Кешегі бабалар ана тілдің қадірін біліп, қарашығындай қорғап бізге аманнаттап кетті. Ендігі мәселе бүгінгі жаңа дәуірімізде ана тіліміздің таза қалпын сақтай алдық па, жоқ па деген сындарлы мәселе.

Тәуелсіздіктің арайлы таңымен таласа кешегі кеңестер одағында тар бұғауға түсуге шақ қалған ана тіліміздің де тынысы кеңейіп өз көкжиегінде қалықтай бастады. Тарих сахнасына өз қалпымен қайта оралған ана тіліміздің ертеңі үшін ғалымдаріміз нешелеген сүбелі еңбектер жазып жаңа дәуірдегі

ана тіліміздің ұлтқа қызмет етуі барысына көңіл бөле бастады. Осы барыста алуан түрлі ақпарат, технология, экономикалық терминдер баспа сөздер мен күнделікті қолданысқа түсуде ішінара шалағайлық таныта бастады. Мұндағы басты назарда алатынымыз қазақша баламасы бар болсада орыс тілінің қолданысқа енгізген қалпында айтылып жүрген атаулар. Бұл атауларды жүйесін таппаған қолданыстағы атаулар десекте артық айтқан болмаспыз. Бұған бір ғана мысал келтірсек, мәселен, күнделікті жаңалықтардан: «Экс-министр», «Экс-президент» т.б. тіркестерді естіп жүрміз. Бұған халықтың құлағы да үйреніп кетті. Шындығында, тіркесіп тұрған екі сөз де шеттен енген. «Министр» мен «президент» сөзін халықаралық термин санатына қоссақ, онда алдындағы «Экс» сөзі тұрпайы қолданылып тұр. Таңғалатынымыз бүкіл ақпарат баспасөздегі журналистер мен тілшілер осы сөздің «бұрынғы» деген қазақша баламасы бар екенін білмей ме? Жоқ әлде тіл тазалығын сақтауға үстірт қарағаны ма? Біздің ақпарат жүйелері жаппай қолданып жүрген «Экс» ағылшынның «ex» сөзі. Өз баламасы бар сөздерді жатырқап ағылшын мен орыс тіліне жалтақтаудың қаншалықты қажеті бары әлі шешімін таппаған түсініксіз жағдай. Қазақы түсінігіміз бойынша «Экс-министр», «Экс-президент» тіркестерін қазақыландырып «бұрынғы министр», «бұрынғы президент» деп қолдансақ қазақы шырайы шығып, дұрыс ұғым беріп тұратыны сөзсіз (Мысалы: «Қырғызстанның экс Президенті Алмазбек Атамбаев» дегеннен гөрі «Қырғызстанның бұрынғы Президенті Алмазбек Атамбаев» деп қолдану әлдеқайда қазақыланып естіліп тұрмай ма?). Тілдің қасиеті – оның тазалығында. Тазалығын жойған тіл бара-бара өшкіндейді, көкжиегі тараяды, тынысы тарылады. Бүгін «бұрынғы» деген қазақ сөзін жатсынсақ, ертең өзге сөздеріміздің халы мүшкіл болуы әбден мүмкін. Тек бір ғана «Экс» сөзі ғана «бұрынғы», «ескі», «алдыңғы» деген секілді үш бірдей қазақ сөзінің түбіне жетіп отыр. Өз баламасы бар болсада ана тіліміздегі қоладаныс аясы тарылып бағы жанбай жүрген сөздердің кейбірін мына кестеден көруге болады:

ағылшынша (түпнұсқасы)	орысша аталуы	қазақша баламасы
agriculture	аграрлық	ауылшаруашылық
analise	анализ	талдау
budget	бюджет	меже есеп
professional	профессионалын ый	кәсіптік, маманданған
montage	монтаж	жасау, құрастыру
form	форма	үлгі, пішін
constitution	конституции	ата заң, жарғы
classification	клссификация	жіктеу
conference	конфернция	ғылыми талқы жиналысы
composition	композиция	құрлымы
business	бизнес	сауда-саттық, жұмыс
problem	проблема	мәселе

cosmos	космос	ғарыш, әуе
subsidy	субсидия	қосымша қаражат
vice	вице	орынбасар
pause	пауза	үзіліс
urbanization	урбанизация	қалалану, қалаласу
round	раунт	айлалым
champion	чемпион	жеңімпаз
secretary	секретарь	хатшы
plan	план	жоспар
leader	лидер	басшы, жетекші
autograph	автограф	қолтаңба
method	метод	әдіс
control	контроль	тежеу, басқару
energy	энергия	қуат, күш
asphalt	асфальт	тас жол
programme	программа	бағдарлама

Жоғарыда кестеде берілген атаулар біздің күнделікті тұрмысымызда қолданылып жүрген атау-терминдер. Бұл атаулар орыс тілінде қалай айтылса солай қолданылып жүргені шындық. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтады, сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс яғни, әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап, сөйлемді тізе білу тиіс» [1, 164].

Біздің қазіргі қоғамда қазақ сөзіне бөтен сөз қосып сөйлеу сәнге айналып барады. Жоғарыдағы А. Байтұрсынұлының айтқан уәжін есте берік ұстасақ ауыздан шыққан әрбір сөзді анықтап, өз мағынасымен қолдансақ айтушыға да, тыңдаушыға да сын келмес еді. Бұл ойымыз туралы осы күнге дейін ұлтымыздың ғалымдары жазып та, айтып та жүр. Академик Рәбиға Сыздықованың «Жаңа сөздердің жасалу кезеңдері» атты мақаласында бұл туралы былай делінген: «Неологизмдердің келесі тобының көзі-қазақ тілі қазынасы. Олардың дені жаңа ұғымдарды (қазақ мәдениеті үшін жаңа, әйтпесе ол ұғымдардың көбі еуропа халықтары мен орыстар үшін қолданыста көрінетін бірліктер ғой) қазақша атауға жатады, бірақ сан жағынан олар аса көп емес. Мысалы: шаруашылығымызды, қоғамдық тәртіптерімізді капиталистік қарым-қатынасқа енді көшіріп жатқан қазақтар үшін жаңа болып табылған ұғымдар мен заттардың атаулары, айталық, приватизация дегенді бұрын біз білген емеспіз, оны қазақшалап жекешелендіру деп алдық. Сол сияқты спонсор дегенді де бұрын білген емеспіз, оған демеуші деген жаңа сөз алдық» [2, 382]. Міне, осылай кейбір кірме сөздерді қазақша мағынасымен қолдану ертеде көтерілген мәселе болса да, әлі де оң көзқарас болмай, орысша қолдануына иек сүйеуден арыла алмай келеміз. Санадағы салғырттық па, жоқ басқа себебі бар ма? – бұған жауап табу өзекті мәселеге айналды.

Жоғарыда атап өткен терминдердің көбі – кеңес үкіметі кезінде тілімізге қабылданып кеткен терминдер тізбегі. Ал қазір осы терминдердің

өз мағынасы бойынша ұлттық тілде қолдануды белең алдыру әрбір баспа сөздер мен жеке тұлғалардың шаруасы. Бір кірме терминнің қалқасында бір қазақ сөзі ұмытылады, ескіреді, қолданыстан шығады. Академик Ә.Қайдар «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты кітабында: «30-жылдары қабылданып, күні бүгінге дейін барлық ұлт тілдерінде қолданыс тауып келе жатқан «әрбір тілдің ішкі мүмкіншіліктерін сарқа пайдалану» мен «орыс тілінен және орыс тілі арқылы шет тілдерден қабылдау» деген ғылыми принциптер негізінде барлық ұлт тілдерінде терминологиялық фонд жасалғандығы бәрімізге белгілі. Терминология мәселелері әрбір тілде біршама зерттелседе, осы бір ортақ дүниенің тілдік табиғаты мен жасау жолдары, құрамы мен мазмұндық сапасы әлі күнге дейін арнайы да, салыстырылып та сөз болған жоқ. Дегенмен осы мәселенің егжей-тегжейін ойластыратын уақыт жеткен сияқты. Өйткені түркі тілдерінде жасалып жатқан ортақ терминологиялық фонд жайында біз көп айтамыз да, осы фондтың құрамы мен мазмұнына, әрбір тілдің табиғатына үйлесімділігі мен сыйымдылығына көп мән бермейміз, бұл процестің сыры мен сипатын жеке тілдердің шеңберінен шығып барып, бүгінгі талап биіктігінен қарамаймыз», – деп толғамды мәселеге өз көзқарасын білдірген еді [3, 184]. Бұл туралы ғалымдарымызда алуан түрлі көзқарастар бар, кейбір ғалымдар «халықаралық терминдерді орыс дыбысталуы бойынша қолданысқа енгізу дұрыс» деп қарайды. Шет тілден енген әрбір атауға балама бергенде қазақ сөзінің құдіретін іске қосып тілдің тазалығын сақтауға мән беру туралы қуатты ой айтып жүрген ғалымдарда баршылық. Академик Ә.Қайдаров: «Тілдердің арасында ортақ интернационализм болмаса немесе аз болса, ғылым дамымайды, ғылыми қарым-қатынас үзіледі деп байбалам салудың бәрі бекер. Жер жүзінде термин ұғымдарының бәрін шет тілі сөздері ақылы емес, өз тілінің негізінде меңгеріп, ғылым мен техниканы дамытып отырған қытай, жапон т.б. халықтарды біз білеміз» [3, 22], – дейді. Қорыта айтқанда, біз қолданып жүрген әрбір шет тілден енген атаулардың өз баламасы бар, шет тілден енген кірме атауларды баламалауға қазақ тілінің ішкі қуаты, өз мүмкіндіктері жетеді, тіпті шет тілінен кірген бір атауға бірнеше балама беруге де әбден болады. Ол үшін біз ең басты шарт ретінде тілдің тазалығын сақтауға айрықша мән беруіміз керек, себебі тіл тазалығы болмайынша әрқандай тілдің өз қасиеті, өз қуаты, өз мүмкіндігі жүзеге аспайды.

Бұл жөнінде ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлына жүгінсек: «Тіл тазалығы дегеніміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну керек болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу. Орыстың жақсы жазушыларын алсақ, олар көбінесе мынадай түрлі сөздерден қашқан:

А. Ескірген сөздерге жоламаған;

Ә. Жаңадан шыққан сөздерден қашқан;

Б. Өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алумен қашқан;

В. Жергілікті сөздерге яғни, бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламаған.

Ал біздің жалғыз-ақ мықтап қашатынымыз жатшылдық (жат сөзшілдік. Біз секілді мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалмауы ықтимал» [1, 165-166]. Тіл – ұлтты сақтайтын басты қасиеттердің бірі дейтін болсақ, онда жоғарыдағы айтылған ұлт ұстазының тілді таза сақтау жөніндегі айтылымдарына назар аударып, өз баламасы бар сөздің тағыдрына балға шаппай, орын-орынымен қолданысқа енгізуіміз қажет екені басты мәселелердің бірі.

Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» идеясы негізінде біз ана тіліміздің тағдырына алаңдаушылық білдіріп, осы үндеу аясында орнын таппай жүрген терминдерімізді қайта қарап шығуға, өз тілімізде баламасы бар сөздерді сол күйінде қалдыруға құлшыныс жасасақ құба-құп еді. Адасып жүрген атаулармен өз баламасын қолданбай жүрген терминдерді оңау тіл туралы мәселелердің алдыңғы жоспарында болғаны – тілдің кейінгі ұрпақтарға таза да саф қалпында жетуіне негіз қалаған болар едік.

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре. 2013. – 1-том. - 384б.
2. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді // Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. - 410 б.
3. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы: Ана тілі, 1998. - 304 б.

Анықтық/танықтық категориясының газет мәтіндеріндегі қолданысы

Жұмашев А.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының магистранты

Аңдатпа: Газет мәтіндеріндегі анықтық/танықтық категориясының қолданылуын зерттеу құрылымдық-семантикалық, функционалды-коммуникативті, прагматикалық тұрғыдан қарастыруды қажет етеді. мақалада анықтық/танықтық категориясының газет мәтіндеріндегі қолданысы зерттеледі.

Түйін сөздер: анықтық/танықтық, газет мәтіні, тілдік бірлік, тема, рема.

Summary: The study of the use of clarity / clarity in the texts of newspapers requires a structured-semantic, functional, communicative, pragmatic approach. The article examines the clarity / relevance of the category in newspaper texts.

Key words: clarity / accuracy, newspaper text, language unit, theme, reminder.

Бүгінгі таңда тіл білімінде мәтінтүзу ерекшеліктері, актуалды мүшелену, сөйленім компоненттерінің ерекше мәнге ие болуы т.с.с. мәселелер арнайы зерттеу нысанына айналып келеді. Бұл мәселелер анықтық/танықтық категориясына тікелей қатысты. Газет мәтіндеріндегі анықтық/танықтық

категориясының қолданылуын зерттеу құрылымдық-семантикалық, функционалды-коммуникативті, прагматикалық тұрғыдан қарастыруды қажет етеді.

Тіл білімінде анықтық/танықтық категориясын зерттеуге арналған еңбектер баршылық. Әсіресе анықтық/танықтықты білдіретін арнайы артикль бар неміс тілі, араб тілі т.с.с. тілдерде бұл мәселе айтарлықтай зерттелген. Сонымен қатар артикль болмаса да, анықтық/танықтық мәнін басқа құралдардың көмегімен жеткізілетін тілдерде де бұл мәселе назардан тыс қалмады. Мәселен, орыс тілінде анықтық/танықтықты білдіретін арнайы артикль болмаса да, И. С. Поспелов, С. А. Крылов, А. Д. Шмелев, Ю. Б. Смирнов, В. Гладров, Н. Д. Арутюнова, Т. В. Булыгина, Е. В. Падучева, М. Г. Селезнев, А. Д. Баранов, И. М. Кобозева т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде анықтық/танықтық мәнінің ашық, жасырын берілу жолдары сипатталған. Қазақ тіл білімінде бұл мәселе А. Байтұрсынұлы [1], Қ. Кеменгерұлы [2], М. Балақаев [3], Ы. Маманов [4], Н. Сәрсембаева [5], А. Тураева [6], О. Жұбаева [7], С. Аташев [8] т.с.с. зерттеушілердің еңбектерінде сөз болған. Н. Сәрсембаева, А. Тураевалардың еңбектері анықтық/танықтық категориясын зерттеуге арналған. Н. Сәрсембаева анықтық/танықтық (белгілілік/белгісіздік) категориясын артикльді және артикльсіз тілдерді өзара салғастыра отырып зерттеуді мақсат етсе, А. Тураева қазақ тіліндегі белгілілік пен белгісіздіктің функционалды-семантикалық категориясын арнайы қарастырған.

Қазақ тілді басылымдардағы (атап айтқанда, «Ана тілі» газетіндегі) мәтіндерде анықтық/танықтық мәнінің берілуін тексеруде анықтық/танықтық функционалды-семантикалық өрісін негізге алдық. Қазақ тіліндегі анықтық/танықтық функционалды-семантикалық өрісі іштей анықтық және танықтық микроөрістеріне жіктеледі. Олардың әрқайсысы өз ішінен айқын не көмескі білдіруіне қарай бөлінеді. Мәселен:

Қазақстанның халық артисі, профессор Қаршыға Ахмедияров Рүстембек Омаров туралы жазған естелігінде: «Рүстем ағаның тартқан күйлерінің ішкі-сыртқы құрылысы, динамикасы күй жанрына лайықты, білімді музыкантқа сай құбылыс болатын. Мысалы: Динаның «Байжұма» күйін тек Р. Омаровтың орындауында ғана ести аламыз. Ал Дина шешемнің орындауында еш архивте жоқ. Сонда шешемнің тартқанын өзінше дамытып, күрделі шығарма ретінде қалыптастырған Р. Омаров десе болады...», – дейді.

деп келетін мәтінде анықтық мәнді білдіру үшін қолданылған тілдік бірлік көп. Атап айтқанда: жалқы есімдер (*Қаршыға Ахмедияров, Рүстембек Омаров, Динаның «Байжұма» күйі, Дина шешем* т.с.с.); есімше тұлғалы етістіктер (*болатын, қалыптастырған*); осы шақ көрсеткіштері (*жоқ*), шектеу, нықтау мәнді шылаулар (*тек, ғана*); тәуелдік жалғауының I жақ тұлғасындағы сөз (*шешемнің*); ілік септігінің ашық келуі (*Р. Омаровтың, Рүстем ағаның, Динаның, Дина шешемнің*). Осындай тілдік бірліктердің көмегімен анықтық мәнін айқын білдіріліп тұр. анықтық/танықтық мәнінің

айқын не көмескі білдірілуін тексеру үшін мәнмәтінді толық алған дұрыс. Әйтпесе *Өзінің таңдаған мамандығына, кәсібіне адал* деген сөйлемді жеке-дара алсақ, мұнда *өзінің* сияқты анықтық мәнін білдіретін бірлік (*өзі* есімдігі, ілік септігінің ашық келуі) қолданылғанмен, алдыңғы сөйлемсіз анықтық мәнің берілуі көмескі, яғни, кімнің мамандығына, кәсібіне адал екені көрінбейді. Ендеше, анықтық/танықтық мәнінің берілуін тексергенде мәтінді тұтасымен, айналадағы басқа сөздермен байланысын да ескеру қажет. Бұл ретте тема, реманың орналасуына, журналистің позициясына ерекше назар аудару қажет.

Әсіресе газеттегі тақырыпаттарда журналист, мақала авторлары танықтық мәнді қолданыстарды мақсатты түрде пайдаланады. Мәселен: «Сарыарқа төріндегі шаһар», «Алтын қайдан табылған?», «Ағаштың пайдасы», «Абай өлеңдерін жатқа айтатын орыс қызы», «Жүлдеден үміттімін», «Жаһандану дәуіріндегі жаңашылдық», «Аударманың ахуалы қандай?» т.с.с. Бұл тақырыпаттар оқырманды қызықтыру үшін, өзіне баурап алу үшін әдейі танық мәнде берілген. «Абай өлеңдерін жатқа айтатын орыс қызы» дегеннің орнына «Татьяна Ситникова – Абай өлеңдерін жатқа айтатын орыс қызы» деп берсе, оқырман тақырыбынан-ақ бәрін түсініп, ол мақаланы әрі қарай оқымай қояр еді. Сол сияқты «Ағаштың пайдасы» дегеннің орнына қай ағаш екені, қандай пайдасы бар екені тақырыпатта нақты көрініп тұрса, ол мақала қызық болмайды. Ал «Ағаштың пайдасы» деген соң оқырман оның қай ағаш екенін, қандай пайдасы барын білгісі келеді: «Мынау – қызық екен!» деп бірден оқи жөнеледі. Тақырыпаттардың сұрақ түрінде қойылуы («Алтын қайдан табылған?», «Аударманың ахуалы қандай?») да мақала авторының осындай позициясынан туындаған. Яғни, сұрақтың жауабын мақаланың ішінде тарқатып жазады. Басқаша, айтқанда, жазушы, мақала авторы танықтықтан анықтыққа қарай ойысады. Оқырманға танық болған дүние мақаланы оқып біткен соң аныққа айналады.

Газет мәтіндерінде танықтық мәні мәтінтүзу қызметін атқарады. Яғни, танықтық мәнді қолдану арқылы мақала авторы, журналист оқырманын жетелей отырып, көзін жеткізуге, жазған дүниеге иландыруға тырысады. Танық мәннен анықтыққа ауысу – тақырыпаттарда ғана емес, мәтіннің ішінде де жиі қолданылатын тәсілдің бірі. Газет мәтіндері көбінесе белгісіз, танық нәрсені сөз етуден басталады. Мәтін бастан-аяқ танықтық мәнді білдіру үшін жұмсалатын тілдік бірліктерден не бірыңғай анықтық мәнді білдіру үшін жұмсалатын тілдік бірліктерден құрылуы мүмкін емес. Жалқы есімдер анықтық мәнді білдіргенмен, ол сөз қатысқан абзац бүкіл мәтіннің ремасы ретінде жұмсалыуы мүмкін. Мәселен:

...Солардың қатарында тағы бір қазақтың қайсар қызы – Айза Имамбек те бар. Ол мәнерлеп сырғанаудан Қазақстанның төрт дүркін чемпионы, Тайландта өткен «Asian junior-2010» Халықаралық кубогының алтын медаль иегері, 2011 жылы Дубайда өткен «Golden Cup Dubai-2011» чемпионатының күміс жүлдегері. Бүгінде Айза алдағы 9-30 ақпан аралығында Оңтүстік Кореяда өтетін XXIII қысқы Олимпиадаға қызу

дайындық үстінде. Жақында саңлақ спортшымен сұхбаттасудың сәті түсті.

Мұнда Айза Имамбек жалқы есімі тема ретінде қолданылса, кейінгі мәтін (Ол мәнерлеп сырғанаудан Қазақстанның төрт дүркін чемпионы, Тайландта өткен «Asian junior-2010» Халықаралық кубогының алтын медаль иегері, 2011 жылы Дубайда өткен «Golden Cup Dubai-2011» чемпионатының күміс жүлдегері) рема ретінде мақсатты жұмсалған.

Анықтық мәнді білдіретін тілдік бірліктердің алма-кезек берілуі автордың позициясына, қайталаудан қашу мақсатында қолданылуы мүмкін. Мысалы:

Сәулетті қаламыздың сәнін келтіріп, ажарын айшықтаған сан түрлі кешендер бой көтерді. Атап айтар болсақ, пирамида үлгісінде салынған «Бейбітшілік және келісім» сарайы, әлемдегі ең биік шатыр үлгісіндегі ғимарат – «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы, теңізден алыс орналасқан океанариум – «Думан» орталығы, «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театры, Орталық Азиядағы ірі мешіт – «Әзірет Сұлтан» мешіті, Әулие Успен Богородица кафедралдық соборы, «Қазақстан» орталық концерт залы, «Қазақ Елі» монументі, Қазіргі заманғы өнер музейі мен Президенттік мәдени орталық ғимараты және т.б. нысандар бас қаламыздың сәні мен салтанаты. Жаңа спорттық нысандар арасында 30 мың көрерменге арналған «Астана-Арена» жабық стадионы, 2011 жылы әлемде үздік деп танылған, 10 мың орынға арналған «Сарыарқа» бірегей велотрегі бар. Тағы бір маңызды спорттық кешен – ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін «Алау» мұз айдыны.

Қазақстанның елордасы елдің барлық өңірлеріндегі талапкерлер үшін тартымды орталыққа айналды. Мұнда отандық білім беру ісінің жетекшілері – Назарбаев Университеті, Л. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Қазақ ұлттық өнер университеті, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы, Астана медициналық университеті орналасқан.

Келтірілген мәнмәтінде Астана қаласының баламасы ретінде сәулетті қала, Қазақстанның елордасы тіркестері берілген.

Сондай-ақ:

Мен 2017 жылдан бастап Санкт-Петербургтегі жаттықтырушы Алексей Мишеннің қарамағында жаттығу жасадым. Бапкерімнің нұсқауымен жаз бойы Мәскеудегі спорттық жиындарға да қатыстым деген мәтінде Санкт-Петербургтегі жаттықтырушы Алексей Мишенді қайталамау мақсатында келесі сөйлемде бапкерімнің түрінде берілген. Бапкерінің кім екені алдыңғы сөйлемнен-ақ түсінікті.

Сол сияқты:

Болашақ білікті маманның ой-толғаныстары кейінгі жастарға өнеге болар деген үмітпен осынау сұхбатты оқырмандар назарына ұсынғанды жөн көрдік.

Бірақ соған қарамастан былтырғы маусымнан керек ұпайларды еншілеп Олимпиадаға баруға жолдама алдым. Төрткүл әлем көз тіккен дүбірлі додада ел сенімін ақтап, үздіктердің қатарынан көріну – ең үлкен жетістік.

деген мәтіндердегі болашақ білікті маман, былтырғы маусым, төрткүл әлем көз тіккен дүбірлі дода, ел сенімін ақтап, үздіктердің қатарынан көріну сияқты қолданыстар сөз қайталау, ой қайталаудан қашу мақсатында жұмсалған.

Сөйлесушілер арасында белгілі болып отырған, мәтінді оқып отырған оқырманға да түсінікті болатын жайттар кейде мақсатты түрде түсіріледі. Ол әсіресе сұхбаттарда жиі кездеседі. Мысалы:

– *Айза Евфратқызы, Оңтүстік Кореяда өтетін XXIII қысқы Олимпиадаға дайындығыңыз қалай?*

– *Дайындығым жақсы.*

– *Осы уақытқа дейін біраз байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болған екенсіз. Сол жетістіктеріңіз жайлы да баяндаудың сәті келген секілді.*

– *Оныңыз рас.*

Сұхбаттасушы Айза Евфратқызының *Дайындығым жақсы* деген сөзқолданысының толық нұсқасы *Оңтүстік Кореяда өтетін XXIII қысқы Олимпиадаға дайындығым жақсы* түрінде болар еді. Алайда сұхбаттасушы сұрақ беріп отырған журналистің сөзін қайталамау үшін қысқа да нұсқа түрде *Дайындығым жақсы* түрінде жауап берген. Оның қандай дайындық екені сұхбатпен танысып отырған оқырманға да түсінікті.

Сол сияқты екінші сұхбатта да сұрақ беріп отырған журналистің сөзін қайталамау үшін сұхбаттасушы *Оныңыз рас* деп қана жауап береді. Яғни, сұхбаттасушы анафораны орынды пайдаланып, жауабын толымсыз сөйлем түрінде берген.

Анафоралық дейксис ретінде көбінесе есімдіктер қолданылады. Мысалы:

Өзімнің жастығыма қарамастан біраз табыстарға қолым жетті. Әрине, оның бәрі де адал еңбек, маңдай термен келді.

Осы сайыста Абай атамыздың рухы қолдап, облыстық жарысқа қатысуға жолдама берілді. Кіл мықтылар сынға түскен жарыста үшінші орынға қол жеткіздім. Дәл сол жылы аудандық және облыстық «Жарқын болашақ» сайысына да қатысып, жүлделі екінші орынды иелендім.

– *Содан кейін де республикалық байқауларда дараланып көзге түсіңіз. Сол жөнінде де айтып өтсеңіз.*

Келтірілген мәтіндердің бәрінде де анафоралық дейксис анықтық мәнді білдіру үшін қолданылғаны байқалады. Яғни, сілтеу есімдіктері сөйлесушілер арасында немесе оқырман мен жазарман арасында сөз болып отырған нәрсенің өзара түсінікті болуына байланысты ой қайталамау, сөз қайталамау мақсатында қолданылған.

Сілтеу есімдіктері өзіндік ерекшелігіне байланысты түрлі мәнде жұмсалады. Мәселен, *Содан кейін де республикалық байқауларда дараланып көзге түсіңіз. Сол жөнінде де айтып өтсеңіз* деген мәнмәтіндегі *сол* есімдігі белгілі бір нысанға (сұхбаттасушының республикалық байқауларда дараланып көзге түскені жайындағы мағлұмат) қатысты.

Сонымен қатар сілтеу есімдігінің уақыт, кеңістік мәнінде де қолданылғанын байқаймыз. Мысалы:

Осы қысқа ғана уақыттың ішінде қаншама жетістіктерге қол жеткіздік.

Жалпы, өз басым 7-сыныпта оқып жүрген кезден бастап, поэзияға қатты құмартым. Содан екі жыл өткенде, яғни, 9-сыныпта Қостанай аудандық Абай оқуларында бірінші орынды иелендім.

Олимпиаданың ашылуына қатыса алмайтын болдым. Керісінше, сол уақытты ұтымды пайдаланып Алматы қаласында тыңғылықты жаттығу жұмысын жасаймын.

Өйткені мен осы маусымда жарақатыма байланысты көп жарыстарға қатыса алмадым.

Келтірілген мәнмәтіндердегі *осы қысқа ғана уақыттың ішінде, содан екі жыл өткенде, сол уақыт, осы маусымда* сияқты қолданыстарда сілтеу есімдіктері уақыт мәнінде жұмсалған. Сілтеу есімдіктерінің уақыт мәнінде қолданылуын ол сөзбен тіркескен мерзімді білдіретін уақыт, жыл, маусым сөздерінің қатысуымен де байланыстыруға болады.

Сонымен қатар сілтеу есімдіктері кеңістік мәнінде де жұмсалады. Мысалы:

Мұнда отандық білім беру ісінің жетекшілері – Назарбаев университеті, Л. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Қазақ ұлттық өнер университеті, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы, Астана медициналық университеті орналасқан.

Бұл жолғы сайыс қазаққа Абай, Шәкәрім және Мұхтар секілді қайталанбас тұлғаларды берген Семей шаһарында ұйымдастырылды. Онда жүлделі екінші орынды місе тұттым.

Келтірілген мәнмәтіндерде *мұнда, онда* есімдіктері басқа сөздермен тіркеспестен, жеке-дара тұрып-ақ кеңістік мәнінде қолданылған.

Филология ғылымдарының докторы О. Жұбаева кеңістікке де, уақытқа да қатысты қолданылатын *ілгері, кейін, алда, артта, бұрын, соңт.с.с.* сөздерге талдау жасай келіп, олардың кеңістік мәні уақыт мәнінен ертерек қалыптасқанын ескертеді: «Адам алдымен кеңістіктегі орнын айқындаған, ал уақытты бағдарлау кейінірек қалыптасқан. Кеңістіктегі оқиғалар «ұзақтық» сипатына негіз болған. Яғни, уақыт мәні кеңістік, қозғалыс, оқиға сияқты мәндердің негізінде түзілген».

Жоғарыда келтіріліп отырған мысалдар да зерттеуші ойының дұрыстығына дәлел бола алады. Яғни, сілтеу есімдіктерінің кеңістік мәні

бұрын қалыптасқандықтан, ол басқа сөздермен тіркеспестен, кеңістік ұғымын білдіріп тұр. Ал сілтеу есімдіктерінің уақыт мәнін білдіру үшін басқа сөздермен тіркесуі, нақтылай түсуді қажет етуі уақыт мәнінің кейінірек қалыптасқанының айғағы бола алады.

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

2. Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. - 2-том. Алматы: «Алаш», 2005. - 336 б.

3. Балакаев М. К истории изучения определенности-неопределенности в тюркских языках //ҚазССР ҒА Хабарлары. - Филология сериясы. - 1976. - №2. – С. 3-12.

4. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Арыс, 2007. - 488 б.

5. Сәрсембаева Н. Артикльді және артикльсіз тілдердегі белгілілік /белгісіздік категориясы. Филол. ғыл. док. дисс. – Алматы, 2007. 244 б.

6. Тураева А. Қазақ тіліндегі белгілілік пен белгісіздіктің функционалды-семантикалық категориясы. Филол. ғыл. док. дисс. – Алматы, 2008. - 134 б.

7. Жұбаева О., Тураева А. Қазақ тіліндегі анықтық/танықтық функционалды-семантикалық категориясы //Жұмсалымды грамматика. Монография-оқулық. - Алматы, 2016. - 347-387-б.

8. Аташев С. М. Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің актуальді мүшеленуі. Филол. ғыл. канд. дисс. - Алматы, 1995. - 132 б.

9. Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. Монография. - Алматы: Қазығұрт, 2014. - 297 б.

Халық әндерінің мәдени коннотациясы

Әбсаттар Ә.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының магистранты

Аңдатпа: Мақалада «Ғашықтық» концепті негізінде халық әндерінің мәдени коннотациясы туралы сөз болады. Ол «уақыт», «кеңістік», «өмір» т.с.с. концептілермен сабақтастықта қарастырылған. Қазақтың халық әндеріндегі «Ғашықтық» концептінің берілуі нақты мысалдармен дәйектеліп, өзіне тән ерекшелігі, көркемдігі, қазіргі кездегі қате қолданыстар туралы сөз болады.

Түйін сөздер: тіл, мәдениет, халық әндері, ұлттық ерекшелік, ғашықтық, концепт, дискурс.

Summary: The article will focus on the cultural conjunction of folk songs on the basis of the concept of "love". It is called "time", "space", "life", and so on. Concepts are consecutive.

The concept of "love" in the Kazakh folk songs is based on concrete examples, which speaks of its own peculiarities, artistry, and current errors.

Key words: *language, culture, folk songs, national identity, affiliation, concept, discourse.*

Бүгінгі таңда ұлттық тілдердің концептуалды жүйесіне ерекше көңіл бөлініп отыр, тілдік ерекшеліктер антропоэлекті бағытта зерттеліп, тіл халықпен, ұлтпен тығыз байланыста қарастырылуда. Тілді зерттеудің антропоэлекті парадигмасы, түпкі өзегінде адам факторын көрсетуді мақсат ететіндіктен, мұндай зерттеулерде міндетті түрде әрбір ұлттың дүниетанымы, ұлттық санасы, ұлттық болмысы көрініс табады.

Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани және мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтай білген таңбалық жүйе.

Қазіргі тіл білімінде этномәдени тіл бірліктерін белгілі бір тақырыптар төңірегінде топтастыра отырып, оларды түрлі бағытта қарастыру кең үрдіс алып келеді. Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, ол өзінің кумулятивтік (сақтап – жеткізушілік) қасиетінің арқасында адам қолымен жасалған материалдық және рухани мәдениетті болашақ ұрпаққа жеткізуші құрал. Тілдің осындай қызметінің арқасында ғана халықтың өмір сүру дағдысының, халықтық тәжірибелік білімнің, дәстүр жалғастығының сабақтастығы сақталып, олар жаңғыртылып, жетілдіріліп отырады. Осымен байланысты қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, материалдық және рухани мәдениеті мен дүниетанымын тіл арқылы зерттеп сипаттау – қазіргі тіл білімінің этнолингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану, когнитивтік лингвистика сияқты бағыттарының негізі болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, халық әндері ата-бабамыздың материалдық және рухани мәдениетін айқын бейнелей алады. Тіл мен мәдениетті сабақтастықта зерттеу ерекшелігі туралы профессор Ж. Манкеева: «Ұлттық рухымыз жаңғырып, салт-дәстүрлеріміз қайта жанданып жатқан қазіргі қазақ қоғамындағы рухани-әлеуметтік құбылысты дұрыс бағалап, негізін түсіну үшін ұлттық тілдің дамуының ішкі формасынан туындайтын жалпы заңдылықтарды жеке адам, ерекше тұлғалардың психикасымен (рухымен) және оның жалпы ұлттық санаға әсерімен байланысты түсіне білудің маңызы зор... Антропоэлектік бағытта жүргізіліп жатқан зерттеулердің барысы тіл мен мәдениеттің байланысы тіл білімінің қазіргі лингвомәдениеттану саласында ерекше мәнге ие екенін көрсетіп отыр. Бұл екі фактордың тоғысуы нәтижесінде пайда болған тілдік деректер ұлт мәдениетін немесе ұлт тарихын, халықтың қоғамдық өмірін бейнелеп қана қоймай, ана тілінің сөздік қоры байлығының көрсеткіші ретінде де танылады», – деп жазады [2, 15].

Лингвомәдениеттаным тіл мен мәдениет сабақтастығымен сипатталатындықтан, тіл мен мәдениет екі түрлі семиотикалық жүйеде танылғанымен, бір-бірін толықтыратын, өзара тығыз байланысты тұтас жүйе саналады. Қоғамдық фактордың мәдени тұғырға көтерілуіне оның қоғамда әлеуметтік мәнге ие болуының ықпалы зор. Бұл орайда тілдің

коммуникативтік қызметі ерекше. Сол себепті де бір қоғамның ішінде ғана емес, мәдениетаралық, елтанымдық қатынаста да бір этностың мәдениеті екінші этносқа оның тілдік таңбалары арқылы баяндалады. Демек, кез келген ұлттық тілдің сырын шынайы тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білу жеткіліксіз, оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың сан ғасырлық жүріп өткен тарихымен, күнделікті өмірде орныққан мәдениетімен, ойтанымымен тікелей байланысты.

Халық әндеріндегі «ғашықтық» концепті арқылы ғашық жардың портреті беріледі:

*Аппақ етің қардай бар,
Қызыл бетің қандай бар.
Сен сәулеме ғашықтығым
Кеудемдегі жандай бар.
Ә-әй, сәулем, дәурен беу-беу,
Беу-беу-беу, қош, аман бол!*

*Қара көзің сүзіліп,
Аузындағы отыз тіс
Ақ маржандай тізіліп,
О, Қаракөз, қалдың кейін!
Мен не дейін,
Еске түссе жан сәулем,
Уайым жеймін.*

Сүйген жардың, ғашығының бейнесі көбінесе динамикада беріледі.

Мысалы:

*Еркем-ай, дәнекерсің айнадағы,
Шашақсың жалаулатқан найзадағы.
Жаратқан ақ боз аттай сылаң қағып,
Бейуақыт сейілге шық жайна-дағы.*

Ғашық жарға деген сезім, ілтипат немесе қыздың жігітке деген ықыласы бейвербалды тәсілдермен беріледі:

*Қарағым, төмен қарап назданасың,
Кім білсін қуаныштың азғанасын.
Қосылса екі ғашық бір жерге егер,
Жүректің бітірмей ме сан жарасын!*

*Қарағым-ай,
Қырға шығып
Жолыңа қарадым-ай.*

*Баянауыл басында балалы құр,
Бір сөз айтам, қалқатай, мойныңды бұр.
Ауылыңның тұсынан аттанғанда,
Ақбоз үйге сүйеніп қара да тұр.*

Сондай-ақ «ғашықтық» концептінде қазақы ғұрып, салт-дәстүр жиі аталады:

*Қыз емес, қыздың ат аты – қызыл бидай,
Қыз үшін түнде жүрдім көңіл қимай.
Қалмады баста бөрік, белде белбеу,
Жеңгесін қызды ауылдың сыйлай-сыйлай.*

*Дәйім менің мінгенім құла қасқа, құла қасқа,
Таудан соқпақ салдырдым құламасқа-ай.
Ауылың алыс кеткенде құрбыластар, құрбыластар,
Бет орамал беріп кет жыламасқа-ай.*

Халық әндерінде ғашық жардың сұлу болуына ғана емес, сонымен қатар мінезінің көркем болуы, сөзі жүйелі, шырындай болуы, инабатты, ақылына көркі сай болуына мән берілген. Оған төмендегі өлең жолдары дәлел:

*Қайғысыз газиз жүрек зарламайды,
Адам дос бірін-бірі алдамайды.
Қара тас ұйқың келсе болар мамық,
Шын ғашық сұлулықты талғамайды.*

*Қыз емес, қыздың аты – қызыл өрік.
Баршасы бірдей келсін мінез, көрік.
Сыртынан жүзін көрмей құрмарланып,
Әркімдер жүрсе-дағы болып жерік.*

*Ей, сүмбіл шаш,
Қаракөзім, тәтті-ау сөзің.
Барғанымды болсайшы
Жалғыз өзің.*

Халық әндеріндегі «ғашықтық» концептінде ақылына көркі сай қыздың, ғашық жардың портреті ғана берілмей, сонымен қатар сол асығына деген сағынышы, аңсауы да анық берілген. Мысалы:

*Көшкенде жылқы айдаймын аламенен,
Аулыңа барушы едім даламенен.
Түскенде сен есіме, беу қарағым,*

Сағынып сарғаямын санаменен.

*Үкілім-ай, көкем-ай,
Сағындым, сәулем, бір сені ойлап-ай.*

*Қаратаудың басынан арша ап жүрмін,
Көтере алмай аршамды шаршап жүрмін.
Кішкентайдан бірге өскен, қарағым-ай,
Көре алмастан жүзіңді аңсап жүрмін.*

«Ғашықтық» концептінде көбінесе сүйген жарына қолы жете алмағаны, арманда қалғаны баян етіледі:

*Баянауыл басынан бұлт кетпес,
Қиядағы тұлкіге құсым жетпес.
Ақбоз үйдің сыртынан шығарып сап:
«Қош, ағатай!» дегенің естен кетпес.*

*Баянауыл басынан бұлт кетпес,
Қиядағы тұлкіге құсым жетпес.
Ақбоз үйдің сыртынан шығарып сап,
Қош, ағатай, дегенің естен кетпес.*

Екі жастың қосылмауының себебі көп: бірде қыздың еріксіз басқа біреуге атастырылуы болса, енді бірде ғашық жарының сертте, уәдеде тұрмауы немесе өзінің (өлең авторының) ғашығын бағалай алмағаны, кеш қалғаны туралы баяндалады:

*Еріксіз Әуілдекті мекен еттім,
Жасым жас, жиырмаға жаңа жеттім!
Айырған екі ашықты еңіретіп,
Ісіне бар ма шара құдіреттің!..*

*Ана бетпен жол еді мына бетке,
Сөйлеспедім өзіңмен шығып шетке, еркем-ай.
Қайсыбірін айтайын, ай-ау, сәулем.
Енді кетіп барасың тұрмай сертте, еркем-ай.*

Ғашығына сәлемін жеткізген, бір көріп ғашық болған, сүйгенін сағынған жігіт т.с.с. бейнедегі лирикалық кейіпкердің сөзі өмірдің өтпелі екені, жастық шақтың тез өте шығатыны, жас кезде ойнап-күліп көңіл көтеру қажеттігі туралы ойға толы келеді. Мысалы:

*Қарағым, сен де ақ маңдай, мен де ақ маңдай,
Арасы екі ауылдың шам жаққандай.*

*Кешегі жиырма бестің өтті шағы,
Не керек, өтіп барады күн батқандай.
Есіктің алды тал-қайың,*

*Басыңда тұрмас жаз дәйім.
Қалқатай еске түскенде,
«Сары бидай» әнін
Сағынып сонда салғаным.*

*Ой, дүние, жас уақытта ойнап, күлсек,
Біраз күн көріп қызық, дәурен сүрек.
Көзіне әркімдердің түсер едің,
Қол жетіп тәуір киіп, жақсы ат мінсек.
Шіркін-ай, шіркін-ай,
Бұл дүниенің қызығы –
Ойнап-күлген дәурен-ай.*

Бұл тұрғыдан келгенде, «ғашықтық» концептісі уақыт ұғымымен тығыз байланысты. Сонымен қатар халық әндерінде кеңістік ұғымы да шет қалмайды. Мысалы:

*Қарағым, айналайын келдің қайдан?
Ала үйрек алма мойын ұшар сайдан.
Ей, қалқа, мекеніңді айтып қойшы,
Адамның жат болмағы осындайдан.*

*Барайын десем жер шалгай,
Бармайым десем болмайды-ай.
Адасамын, айнамау,
Ойларыма ормандай.*

*Дәйім менің мінгенім құла қасқа,
Таудан соқпақ салдырдым құламасқа-ай.
Ауылың алыс кеткенде құрбыластар,
Бет орамал беріп кет жыламасқа-ай.*

Яғни, «ғашықтық» концептісінде «өмір» концептісі жарыса қолданылып, уақыт пен кеңістік ұғымы сабақтаса өрілгенін байқаймыз.

Осындай әндерде уақыттың табы байқалады. Яғни, халық әндерінің қай кезде (ертеректе не кейініректе) пайда болғаны, ненің әсер еткені де көрінеді. Мысалы: ертеректегі халық әндері

*Ә, дегенде дауысым шырқап кетер,
Мұрадына шын ғашық әлі-ақ жетер.*

*Тіршіліке ойнап, күл, бозбалалар,
Әне, міне дегенше дәурен отыр.*

*Оралыңның барында ойна да күл, угай-ай,
Өлгеннен соң адыра қалар тұлға, угай-ай, –*

сияқты мазмұнда өмірдің, жастық шақтың зыр етіп өте шығатыны, сол себепті жас кезде ойнап-күліп қалу керектігі туралы айтылса, кейінгі әндерде уақытты бос селтеңмен өткізбей, намаз оқу (*Оралыңның барында намаз оқы*), оқу-білім алу, өнер-білімнің соңынан жүгіру қажеттігі туралы да сөз болады:

*Осындай ахахаулар бүгін көрсек,
Бос кеткен өмір екен – ойлап білсек.
Дүниеде қайда жүрсек қор болмаспыз,
Соңынан өнер-білім зыр жүгірсек.*

Сол сияқты:

*Көрінсеңші көзіме егіндей боп,
Жаңа шыққан егіннің көгіндей боп.*

*Қолында Қамажайдың алтын жүзік,
Қамажай отыр ма екен көзін сүзіп?
Көрмесе жарты сағат тұра алмаушы ед,
Апырым-ай, кетті ме күдер үзіп?*

*Сағынып хат жазамын, алтын айым,
Бір минут сені ойламай тұра алмаймын.
Бота көз, үлбіреген ақша тамақ,
Киіктің ұқсатамын құралайын.*

сияқты өлең жолдары – кейінгі дәуірлердің жемісі. Оған ән мәтіндеріндегі *егіндей, жарты сағат, бір минут т.с.с.* бірліктер дәйек бола алады.

Халық әндерінде ғашықтық от ретінде сипатталады. Сол себепті *ғашықтық оты, ғашық оты, жанған жүрек т.с.с.* тіркестер қалыптасқан.

Мысалы:

*Жан қалтамда қос өрік,
Сәулем, саған мен серік,
Ала көрме лаулаған
Ғашық отын өшіріп!
Ахау, Семей! Тіл мен көмей,
Басылмас жанған жүрек сәулем келмей.*

Сол сияқты ғашықтық халық әндерінде дерт, ауру ретінде көрінеді:

*Қаракөз, қайда сенің ыстық күнің?
Дүниеде ғашықтықтың дерті қиын.
Кешегі жиырма бестің базарында*

Болушы еді қалқам аулы күнде жиын.

*Хат жаздым қалам алып сізге, ерке,
Жүзің бар он төртінші Айдай көркем.
Есіме сен түскенде, беу, қарағым,
Қозғайсың қатып қалған іштің дертін.*

Сондай-ақ ғашықтық қайғы, азап ретінде де сипатталады:

*Шыныңмен менен, достым, қалғаның ба,
Қайғыға көңілімді салғаның ба?!
Екеуміз айрылмастай болып едік,
Өкінем уәдеңнің жалғанына.*

*Қайғысыз газиз жүрек зарламайды,
Адал дос бірін бірі алдамайды.
Қара тас ұйқың келсе болар мамық,
Шын ғашық сұлулықты талғамайды.*

Сол себепті қайғыға, азапқа тап болып, қиналған лирикалық кейіпкердің әні мұңды, зарлы, даусы ащы:

*Жаз шықты жадыратып майдың айын,
Әніне шарқай кетті Гүлдарайым.
Шығады ащы даусым әнге бассам,
Қарағым, сені есіме алған сайын.*

Ғашықтық көп ретте сиқыр, дуа, пері, перизат т.с.с. тылсым әлеммен байланыстырылады:

*Көзімнің жанарындай сәулем едің,
Көңілімнің қуанышты дәурені едің...
Ойымнан жатсам, тұрсам еш кетпейсің,
Басымды не сиқырмен әуреледің?!*

*Есімнен еш кетпейді Ғайни атын,
Өртеген жүрегімді перизатым.
Бұлақтай көгал қуған таудан құлап,
Бересің кімге арнап бал ләззатын?!*

Лирикалық кейіпкер сүйгенін ешкімге теңгермейді. Ол үшін тоқсан қыз, үш ауылдың қыздары т.с.с. тіркестерді қолданады:

*Үш ауылдың қыздары
Жиналса да,*

*Теңгермеймін өзіңе
Басы бүтін,
Замандас,
Кездескенде есіңе алып амандас.*

*Ертістің жағалауын жағалаймын,
Мұз болса көк бестіні тағалаймын.
Үш топтан таңдап алған Қамажайым,
Өзіңді тоқсан қызға бағалаймын.*

*Біздің ауыл сұрасаң Белтұрғанда,
Биік ағаш солқылдар жел тұрғанда.
Күн мен айын басқаның мен қайтейін,
Тал шыбықтай солқылдап сен тұрғанда.*

«Ғашықтық» концептісінің берілуінде *ғашықтықтың құмары, уағдалы сөз, уәде, серт, көңілі тыну, мауқын басу, көңіл қошы келу, жанған жүрек басылу* т.с.с. лексемалар жиі қолданылады:

*Басында биік таудың мұнары бар,
Мойнында көк бестінің тұмары бар, әпитөк.
Құрбылар, бұл қалай деп сөге көрме,
Ғашықтың тарқамаған құмары бар, әпитөк.*

*Бетегелі белден боз,
Уағдалы еді айтқан сөз,
Айрылысар күн туды,
Қош-есен бол, айдай,
Ақ кербез, ақ кербез.*

*Басынан биік таудың мұнар кетпес,
Кей адам уәде берген сертке жетпес, әпитөк.
Кебістің жалаң аяқ басын киіп,
Ей қалқа, қош дегенің естен кетпес, әпитөк.*

*Шынар-ай, әркім бір сізге құмар-ай,
Қайткенде көңілім тынар-ай.*

*Ахау, Семей! Тіл мен көмей,
Басылмас жанған жүрек сәулем келмей.*

Халық әндерінің тілі эстетикалық құндылыққа толы. Сондықтан ән мәтіні көркем құндылыққа жатады. Қазақтың халық әндері мәдени коннотацияға бай, онда денотативті, бейнелі қолданысты тілдік бірлік көп:

*Кеудесі жақсылардың – алтын сандық,
Сандықты кілт болмаса кім ашады!*

*Барайын десем – жер шалғай,
Бармайын десем – ел қандай.
Қарайлаумен жүрсің бе,
Қан тамырдай жолдарға-ай.*

*Ақ көңіл ағызайын әннің майын,
Жас дәурен шалқып жатқан айдындайын.
Астынан алты қырдың шыққан даусым,
Жетсе екен құлағына қалқатайдың.*

Ән мәтіндерінде метафора (*кеудесі жақсылардың – алтын сандық; тісің науат болғанда, тілің – шекер; шыңында өскен асқардың сен бір шынар; ақ көңіл ағызайын әннің майын*), теңеу (*адасамын, айнам-ау, ойларыма ормандай, қан тамырдай жолдар, жас дәурен шалқып жатқан айдындайын; тал шыбықтай солқылдап сен тұрғанда*), эпитет, синекдоха (*бұраң бел*) қолданылған.

Коммуникация барысында концептуалды метафоралардың қолданылуы тыңдаушылардың, орындаушылардың тілдік санасындағы когнитивтік модельдерді көрсетіп, олардың дүниетанымын, эмоционалды концептіні осы ұлт өкілдерінің қалай қабылдайтынын, таным-түсінігін де көрсетеді. «Туған жер» эмоционалды концептіне зоонимдер, колоронимдер де арнайы мақсатта қолданылады.

*Ай қабақ, алтын кірпік, қызыл ерін,
Кел десең, неге аяйын аттың терін.
Сары ағаш сазға біткен секілденіп,
Қай жерде отыр екен бұраң белім.*

Халық әндерінде көңіл күйді жеткізу үшін одағайлар көптеп қолданылған:

*Маусым-мамыр болғанда, маусым-мамыр, ахау,
Мал құдықтан су ішер абыр-сабыр-ай...*

*Жетіарал, жерім-ай,
Сауық сайран елім-ай...*

Жиі кездесетін одағайлардың қатарында «Әу!», «Беу!», «Ахаву!», «Ау-хау!», «Ай-хай!», «Шіркін!», «еу!», «ей!» т.с.с. атауға болады. Бір буыннан тұратын, түбір одағайлар омофондық қызмет атқарып, қуанышты жеткізу үшін де, іштегі зар-мұңды жеткізу үшін де қолданылған. Сонымен қатар ойпырмай, ойпырмау, апырмау, айпырмай т.с.с. функционалды қызметіне өзгеріске түсу нәтижесінде пайда болған тілдік бірліктер, функционалды деривация көңіл күйді білдіру үшін көп қолданылады. Кейде ән мәтіндегі

қайталамалар да көңіл күйді білдіру үшін, тыңдаушы назарын аударту үшін жұмсалады:

*Аяғыма кигенім, былғары етік, сәулем-ай,
Табанымнан барады, ызғар өтіп, сәулем-ай.
Жақсы болсаң келерсің судан өтіп, сәулем-ай,
Жаман болсаң қаларсың суға кетіп, сәулем-ай.*

*Шөбі шүйгін төменгі көк қабақтың,
Қызы сұлу болады Көксадақтың, угай-ай.
Өлең, даусын сағынып жүргенімде
Дауысы қайдан шығады ақ тамақтың, угай-ай.*

*Басында биік таудың мұнары бар,
Мойнында көк бестінің тұмары бар, әпитөк.
Құрбылар, бұл қалай деп сөге көрме,
Ғашықтың тарқамаған құмары бар, әпитөк...*

*Арамызда Төлеген көп жыл өтті, ахау,
Нелер келіп бұл басқа, нелер кетті, әгугай.
Арада өткен сегіз жыл сергелдеңде, ахау,
Хабар айтып жіберсең нең кетеді-ай, әгугай!*

Мұндай қолданыстар ән дискурсының міндетті бөлшегі іспетті. Ол әнге ырғақ пен әуезділік үстеп, көңіл күйді жеткізеді. Көңіл күйді жеткізу үшін тілдік санада дәстүрлі символ-метафоралық айшықтар мен тұрақты тіркестер қалыптасқан:

*Шыңында өскен асқардың сен бір шынар,
Бір өзіңе, қалқатай, болдым құмар.*

*Бұраң бел, көкем-ай,
Қасы, көзі қиылып
Қай жерде отыр екен-ай.*

*Біздің ауыл сұрасаң Белтұрғанда,
Биік ағаш солқылдар жел тұрғанда.
Күн мен айын басқаның мен қайтейін,
Тал шыбықтай солқылдап сен тұрғанда.*

Бүгінгі таңда халық әндерін орындаушылар арасында бұзып айту, сөздерді ауыстырып жіберу, буындарды, дыбыстарды қате айту сияқты олқылықтар орын алған. Мысал ретінде «Қамажай» әнін алуға болады. Қазіргі кезде әннің мәтіні:

*Басында Қамажайдың бір тал үкі,
Айырылып Қамажайдан болдым күлкі!*

*Айрылып Қамажайдан жүргенімде,
Келеді қай жерімнен ойын-күлкі!*

түрінде айтылып келеді. Ал халық әнінің түпнұсқа мәтінінде ол:

*Басында Қамажайдың бір шоқ үкі,
Айрылып Қамажайдан болдым күлкі!
Айрылып Қамажайдан жүргенімде,
Келеді қай жерімнен ойын-күлкі! –*

деп берілген.

Шын мәнінде, қазақта үкі қадау дәстүрі бар. Үкінің үлпілдек жүні әсемдік үшін тағылған. Дәстүрлі қазақ қоғамында үкі қасиетті құс саналған. Сондықтан халық үкі қауырсындарын жас нәрестенің баскиіміне, бесігіне таққан. Қасиетті құс сәбиді жын-шайтаннан қорғайды, оның тыныш ұйықтауына септігін тигізеді деп сенген. Осыдан келіп, қыздар мен сері жігіттер баскиімдеріне, жас келіндер екі бұрымына сәндікке үкі тағуды дәстүрге айналдырған. Үкі көбіне қыздардың баскиімдеріне (тақия, сәукеле т. б.) тағылған. Ол үшін бір тал үкі емес, бір шоқ үкі тағылған. Ал бір тал үкіні, үкінің қауырсынын елден ерекшелену үшін сал-серілер таққан. Мәселен, Үкілі Ыбырайдың үкінің бір тал қауырсынын тағып жүргені туралы деректер бар. Қамажай деген қыздың бір тал үкі тағуы қазақ дәстүріне сай келмейді, қыз бала үшін ол – ерсі қылық. Бұдан сөздің бұрмаланып (бір шоқ үкі дегеннің орнына бір тал үкі деп) қолданылғанын көреміз.

Сол сияқты халық әнін жеткізушілер мәтіндегі дыбыстарды өзгертіп жіберген тұстары да байқалады. Мәселен, атақты «Япырай» әнін қазіргі кезде орындаушылар *Япурай* деп жеткізеді. Шын мәнінде, ол сөзге талдау жасайтын болсақ, ол *Я, пірім-ай! Я, пірім-ау, Я, пірім* сияқты *Я, пір-ай!* деген тіркестен шыққан. Ондай сөздерді А. Байтұрсынұлы «лепестен, лебізден шыққан сөздер» деп атаған.

А. В. Затаевич бұл әнді Орал өңіріндегі қазақтардан жазып алып, нотаға түсірген. Музыкатанушы әннің екі нұсқасын жазған: бірін Қолсүйіндік ауылының тұрғыны Шомбал Доспамбаевтан, екіншісін Ғалымжан Шынғалиевтен жазып алған. Екі нұсқасында да ән «Я, пірім» («О, мой благословитель») деп аталған.

Ендеше, бүгінде осылай бұрмаланып жүрген халық әндерінің дұрыс нұсқасын қайта жандандыруымыз қажет. Ол үшін осы бағыттағы зерттеулерді жүргізу керек.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу... Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», – деген болатын. Ұлттық рухани кодты ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін қазақтың халық

әндерін тіл білімінде қалыптасқан жаңа бағыттарға сәйкес зерттеудің маңызы зор деп білеміз.

Есімді аналитикалық құрылымдар

Кегенбекова А.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының магистранты

Аңдатпа: Аналитикалық құрылымдардың беретін мағыналары синтетикалық формалар беретін грамматикалық мағыналардан әлдеқайда күрделі. Бұл сөздердің грамматикалық мағыналары сөйленісте, сөйлемде әртүрлі синтаксистік қатынастардан анық көрінеді. Бұл мақалада есімді аналитикалық құрылымдар жан-жақты қарастырылады.

Түйін сөздер: аналитикалық құрылым, көмекші сөздер, атауыш сөздер, сөйлем интонациясы, аналитикалық тәсілдер.

Summary: The meaning of the analytical structures is far more complicated than the grammatical meanings given by synthetic forms. The grammatical meaning of these words is evident in the speech, in the sentence, in different syntactic relationships. This article discusses analytical structures in detail.

Key words: analytical structure, auxiliary words, keywords, sentence intonation, analytical approaches.

Грамматикалық тәсілдер грамматикалық формалар арқылы грамматикалық мағына беретіні белгілі. Осы тәсілдерге байланысты дүниежүзі тілдері аналитикалық тілдер және синтетикалық тілдер деп бөлінеді. Ғалым К. Аханов айтып кеткендей, мұндай морфологиялық топтастыруды шартты түрде деп түсінуіміз керек. Өйткені дүниежүзі тілдерінде таза аналитикалық, таза синтетикалық тілдерді табу мүмкін емес. Шартты түрде топтастыру белгілі бір тілдің жоғарыдағы тәсілдерді қолдану жиілігіне байланысты болып табылады. Аналитикалық тілдерде аналитикалық тәсілдер басым болып табылса, синтетикалық тілдерде синтетикалық тәсілдер басым болып келеді. Аналитикалық тәсілдерге көмекші сөздер, атауыш сөздердің орын тәртібі, сөйлем интонациясы жатқызылса, синтетикалық тәсілдерге аффиксация мен ішкі флексия тән болып келеді.

Құрылымдық ұқсастықтарына қарай топтастыру кезінде қазақ тілі агглютинативті тілдер құрамына жатқызылған. Агглютинативті тілдерде грамматикалық мағына сәйкесінше түбірге қосымша морфеманың жалғануы арқылы беріледі. Қазақ тілінеаналитикалық тәсіл де тән болып келеді. Бұл топтастыру шамамен 2 ғасыр бұрын жүргізілгенін ескерсек, қазіргі таңда тілдердің грамматикалық құрылысы әр алуан өзгеріске түсті десек, морфологиялық топтастыру шартты екеніне көз жеткіземіз. Морфологиялық топтастыруда қай тәсілдің тілде басымырақ екені негізге алынады.

Лингвистикалық түсіндірме сөздікте [1, 14] «анализм (грек. analysis – бөлшектеу) – сөздің негізгі (лексикалық) және қосымша (грамматикалық, сөзжасамдық) мағынасын бөлек айқындайтын синтетизмге қарама-қарсы

қойылатын типологиялық қасиет» деп берілген. Оның құрылымы туралы «аналитикалық конструкция негізгі (толық мағыналы) және қосалқы (көмекші) сөздерден тұрады» делінген.

Ғ. Қалиев сөздігінде де аналитизмге жоғарыдағыдай анықтама беріліп, Сондай-ақ сөздікте етістіктің аналитикалық құрылымдарынан басқа, есімді аналитикалық құрылымдар туралы да айтылған. Автор оларға көмекші есімдер, күшейтпелі шырайды жатқызған [2, 19].

Қазіргі таңда сөз таптарының аналитикалық құрылымдары функционалды грамматика тұрғысынан едәуір зерттелініп келеді. Грамматикалық мағынаның аналитикалық тәсіл негізінде аналитикалық құрылым арқылы беріліп тұрғанын анықтау кезінде аналитикалық құрылым сипатын және оның ерекшеліктерін, аналитикалық құрылым болу қағидаттары негізге алынады.

Аналитикалық құрылым атауыш сөз бен көмекші сөзден тұрса, атауыш сөз түбір морфемаға, көмекші сөз аффикске тән қызмет атқарады. Көмекші сөз аффикс секілді грамматикалық мағынаны береді. Сөздің синтетикалық формасын жасайтын қосымшалар дайын бірліктер болса, аналитикалық құрылым жасайтын аналитикалық форманттар да дайын элементтер болып табылады. Аналитикалық құрылым ретінде қандай тілдік элементтерді танимыз дегенде, К. Аханов [3, 446] аналитикалық құрылым белгілеріне мыналарды жатқызады:

- сөздің аналитикалық формасы тең емес сыңарлардан, атап айтқанда атауыш сөз бен көмекші сөз тіркесінен жасалады;

- аналитикалық құрылым құрастырушы сыңарлардың көмекші сөзден болған сыңары грамматикалық мағынаны білдіру қызметінде жұмсалады;

- сөздің аналитикалық формасы тілде бар, қалыптасқан үлгі бойынша сөйлеу кезінде жасалады;

- аналитикалық құрылым сыңарлары біртұтас лексикалық мағынаны білдіреді;

- аналитикалық құрылым тұтастай сөйлемнің бір ғана мүшесі болады;

- аналитикалық құрылым сөйлемдегі сөздермен тұтасқан күйінде байланысқа түседі.

Ғалым Н. Оралбаева [4, 23] сөздің аналитикалық формасын табу үшін мынадай белгілердің болуы қажет деп табады:

- сөздің аналитикалық формасы белгілі бір грамматикалық категорияның системасына, парадигмасына енуі керек;

- әрбір аналитикалық формалы сөз лексикалық мағынаға қоса грамматикалық мағына береді;

- сөздің аналитикалық формасын категориялардың тұрақты аналитикалық форманттары жасайды;

- сөздің аналитикалық формасы белгілі топтағы сөздің басым көпшілігінен жасала береді;

- сөздің аналитикалық формасының жасалуы, қызметі, қолданылуы сөйлеммен ғана байланысты.

Аналитикалық құрылымның етістіктерге тән болуы және етістіктің аналитикалық форманттары беретін грамматикалық мағынаны басқа да сөз таптарының элементтерімен көрінуі, функционалды-өрістердегі қызметі қазақ тіл білімінде ғана емес, басқа да тілдерде зерттелініп жүр. Осы тұрғыдан есімді аналитикалық құрылымдардың беретін грамматикалық мағыналары, функционалды грамматикалық өрістердегі қызметі туралы да қарастыратын мәселелер жеткілікті.

Етістікті аналитикалық құрылым мен есімді аналитикалық құрылымдардың басты айырмашылықтары негізгі сөздің қай сөз табынан екендігіне байланысты. Аналитикалық құрылым негізгі сөз бен көмекші сөзден тұрса, есімді аналитикалық құрылымдарда негізгі сөз есім сөз табы болып табылады.

Қазақ тіл білімінде сын есімнің *күшейтпелі*, *асырмалы шырай формалары* есімді аналитикалық құрылымға жатқызылып жүр. К. Аханов «Тіл біліміне кіріспе» [3, 441] атты еңбегінде шырай категориясының аналитикалық құрылымдары ретінде *асырмалы шырай* формаларын ғана таниды. Ал күшейткіш буындар арқылы жасалған *күшейтпелі шырайдың* формаларын синтетикалық құрылымға жатқызады. Өйткені бұл формалар шығу тегі жағынан да көмекші сөздермен жанаспайтындығын айтады. Сөйтіп, *қып-қызыл* мен *қап – қара* сын есімдеріндегі *-қып*, *-қап* элементтерін орыс тіліндегі префикс сияқты қызмет атқарады деп есептеп, күшейтпелі шырайдың синтетикалық формасы деп табады. Ғалым аналитикалық құрылым болу шарттарының бірі аналитикалық формаға синоним синтетикалық форма болуы қажет деп есептеп, *қап-қара*, *қып-қызыл*, *біп-биік*, *ап-ащы*, *ып-ыстық* сөздерінің құрамындағы күшейткіш буындарды синтетикалық форма деп танып, оларды шартты түрде мағынасы жағынан *тым қара*, *өте қызыл*, *аса биік*, *өте ащы*, *тіпті ыстық* тәрізді аналитикалық формаларға сәйкес деп есептейді. Аналитикалық формаға синоним синтетикалық форманың болуы тіл білімінде кездесетін құбылыс болса да, бұл бұлжытпай орындалуы керек шарт болып табылмайды. Қазақ тіл білімінде күшейткіш буындарды шырайдың аналитикалық формасын жасайды деп дәлелдеушілер қатарында Ә. Төлеуов, Н. Оралбаева, С. Исаев т.б. ғалымдар бар. Профессор С. Исаев: «Сөздің аналитикалық формасына сын есімнің күшейтпелі тұлғасы да жатады. Біріншіден күшейтпелі тұлғалардың үстелуі не қосымша, не префикс, не артикль сияқты тұлғаларға жатпайды, мұнда жартылай қайталау бар. Сондықтан үстеме буындар көмекші сөздер мәнінде қолданылады. Сонымен бірге күшейтпелі, асырмалы шырай тұлғасын жасайтын күшейткіш үстеу аталып жүрген *өте*, *тым*, *аса*, *тіпті*, *орасан* тәрізді көмекші сөздердің сапалық сындармен тіркесуі де сөздің аналитикалық формасына жатады» деп түсіндіреді [5, 52]. А. Қалыбаева, Н. Оралбаева авторлардың «Қазіргі қазақ тілдің морфемалар жүйесі» [6, 17] атты еңбегінде күшейту буыны жайлы бірқатар құнды пікірлер келтірілген. Еңбекте күшейту буыны дербес сөз болып табылмайтындығы, сондықтан оның дербес лексикалық мағынасының

жоқтығы айтылады. Н. Оралбаева: «дербес сөзге де, қосымшаға да жатпайтын, тілде категория көрсеткіші болып қалыптасқан, шырайдың аналитикалық тәсіл арқылы жасалуына жататын күшейту буыны шырай категориясының көрсеткіші қызметін атқаратындықтан, оны күшейтпелі шырайдың аналитикалық формасын жасайды деп санауға болады» деген қорытындыға келеді. Біздіңше, *қап-*, *қып-*, *ап-*, *сап-*, *жап-*, *нәп-*, *тіп-*, *тап-* т.б. сынды күшейткіш буындар дайын тұрған құрылым емес, қарым қатынас кезінде сөзге грамматикалық мағына беру үшін, сөз тұлғасын түрлендіру үшін жасалады. Аналитикалық құрылым болу шарттарының бірі де осы болып табылады.

Келесі дау тудырып жүрген мәселелердің бірі *асырмалы шырай* формаларының көрсеткіштерінің үстеу деп аталып, күшейтпелі үстеулер қатарында қаралуы. «Қазақ грамматикасында»: «күшейткіш үстеулер негізінен сапалық сын есіммен тіркесіп қолданылып, сын есімнің күшейтпелі шырай түрін жасайды» [7, 548] делінген. Асырмалы шырай формалары үстеу сөз табы ретінде сипатталып жүр. Осыған сәйкес Н. Оралбаева асырмалы шырай формаларын үстеу деп тану оның лексикалық мағынасын тануды талап ететіндігін, бірақ бұл элементтердің объективті өмірде атайтын нақтылы белгісінің болмауын, яғни, лексикалық мағынасы жоқтығын, оларда тек грамматикалық мағына болатындығын негізге ала отырып, *шырайдың аналитикалық формасын жасайтын көрсеткіш ретінде қаралуы керек* деген қорытындыға келеді. Сондай-ақ ғалым асырмалы шырай формаларына *күшейткіш көмекшілер* деген атау береді [4, 170].

Шырайдың бұл түрін даусыз есімді аналитикалық формаларға жатқызамыз. К. Аханов пен Н. Оралбаева ұсынған шарттарға сәйкес *шырай категорияларының есімді аналитикалық формалары*:

- атауыш сөз бен көмекші сөзден тұрады;
- біртұтас мағынаны береді;
- көмекші сыңары грамматикалық мағынаны береді;
- сөйлемде бір сөйлем мүшесі болып табылады;
- сөйлемнің басқа мүшелерімен тұтасқан күйінде байланысқа түседі;
- тілімізде бұрыннан бар, қалыптасқан үлгі бойынша сөйлеу кезінде жасалады.

Сонымен, шырай категориясын беретін есімді аналитикалық құрылым ретінде *күшейтпелі шырай формаларын* аламыз.

Қазақ тіл білімінде *септіктің аналитикалық формалары* ұғымы зерттеу нысанасы ретінде алынып жүр. *Септеулік шылау* – сөзді түрлендірумен қатар, сөз бен сөзді (сөз тіркесінің компоненттерін), сөйлем мен сөйлемді (сабақтас құрмаластың компоненттерін) сабақтастыра байланыстыратын шылаудың түрі.

Септіктің синтетикалық формалары септік жалғаулары арқылы жасалады. Септіктің аналитикалық формалары септеулік шылаулары арқылы жасалады. Мысалы:

ауылға бара жатырмын – ауылға қарай бара жатырмын;

сен үшін дайындадым – саған дайындадым;

Арманмен бірге келдім – Арманмен келдім.

Жоғарыдағы мысалдардан септіктің аналитикалық құрылымдары синтетикалық формаларды ауыстырып қолданыла беретіндігі айқын көрінеді. Аналитикалық септіктер кейде синтетикалық септікті ауыстыра алады, оның беретін грамматикалық мағынасын көрсете алады. Септеуліктер өзі тіркесетін сөздің белгілі бір септікте тұруын қажет етеді. Септеулік шыраулар өзі тіркескен сөзге грамматикалық мағына үстейді. Сөйлемде ол дербес сөзбен бірге бір мағына беріп, бір сөйлем мүшесі болады. Оларда белгілі бір септік формасындағы сөзге тіркескенде тұрақтылық бар. Бұл тұрақтылық олардың кез келген септік тұлғадағы сөзге емес, әрбір септеулік шылаудың байланысатын септік түрлері бар екендігін көрсетеді:

- Атау септігімен тіркесетін септеулік шылаулар: *үшін, сайын, сияқты, секілді, тәрізді, туралы, бойы, бойымен, жайлы жайында*. Грамматикалық мағыналары: *себеп, мақсат, даралау, ұқсату, белгілі бір істіңқайталануы т.б.*

- Барыс септігімен тіркесетін септеулік шылаулар: *шейін, дейін, таман, жуық, тарта, қарай, таяу, салым*. Грамматикалық мағыналары: *мезгіл, мекен*.

- Шығыс септігімен тіркесетін септеулік шылаулар: *гәрі, кейін, соң, бері, әрі, бұрын, бетер*. Грамматикалық мағыналары: *таңдау, талғау, салыстыру, мезгіл, күшейту*.

- Көмектес септікпен тіркесетін септеулік шылаулар: *қатар, бірге, қабат*. Бұл септеуліктер *іс-әрекетті бірнеше субъектінің бірігіп жасағанын* білдіру үшін қолданылады.

Бұл топтастыру септеулік шылаулардың өзінің алдындағы сөздің қай септік формасында тұруын қажет ететіндігін білдіреді. Ал аналитикалық септік формалары қандай синтетикалық септік формаларын алмастыратындығы анықтауды қажет ететін мәселе.

Септеулік шылаулардың сөзге жамайтын грамматикалық мағыналары сан алуан және ол мағыналар, негізінен, сөздің басқа бір сөзбен белгілі бір синтаксистік қатынаста байланысуы үшін қажет. Бұл тұрғыдан септеулік шылаулардың мағыналары септік жалғауларының мағыналарына сәйкес болып келеді: кейбір септеулік шылаулардың мағыналары септік жалғауларының мағыналарына синонимдес болса, кейбірі септік жалғауларының мағыналарымен ұштасып жатады. Ендеше септеулік шылаулар ойды дәл құрауға қажетті грамматикалық мағыналарды білдіріп, сөйлемде сөздерді түрлі қатынастарға түсіріп, септік жалғаулары сияқты қызмет атқарады.

Үшін септеулігі өзі тіркескен сөзге зат қимылдың мақсаты екендігін білдіретін мағына жамайды. Мысалы: *Балалары айран-шалап үшін әлді ағайынға жалшылыққа кетіпті. Үшін* септеулік шылауы барыс септігінің аналитикалық формасы бола алады. Мысалы: *Таулы аймақта жөн тауып жүріп-тұрудың өзі олар үшін әуелгі кезде оңайға түспейді (Б. Соқпақпаев).*

Жарау аттай қағылез, бойшаң жігітке солдат киімі әдейі сол үшін тігілгендей керемет жарасатын (Б. Соқпақпаев). Бұл сөйлемдердегі *олар үшін, сол үшін* тіркестерін *оган, соғандеп* өзгертсек, сөйле мағынасы өзгермейді. *Оган, соған* кімге? деген сұраққа жауап беріп тұр, ендеше *ол, солесімдіктеріне* барыс септік жалғауы жалғанған. Бұдан *біз үшін* септеулік шылауы барыс септіктің аналитикалық формасы екенін көреміз.

Арқылы септеулігі зат есімге, заттанған сөздер мен сөз тіркестеріне зат қимылдың құрал-объектісі екенін білдіретін грамматикалық мағына жамайды. Мысалы: *көпір арқылы өту, телефон арқылы сөйлесу т.б.* Бұл шылаудың түсіндірме сөздіктегі мағынасы [23, 626] – «арқасында, көмегімен». Қазақ тіл білімінде істің бір нәрсе көмегімен атқарылуын көмектес септік формалары береді. Бұдан *арқылы* септеулік шылауының көмектес септіктің аналитикалық формасы болатындығын байқаймыз. Мысалы: *Почта арқылы барған хат мәндірек, жауаптырақ болатын тәрізді* (Б. Соқпақпаев). *Мәңке осы күтпеген қара қатқақжол арқылы аралға бар әскерін төкті* (І. Есенберлин). Сөйлемдердегі *почта арқылы, қатқақ жол арқылы* тіркестерін *почтамен, қатқақ жолмен* деп алмастырса, мағына өзгермейді.

Бойынша септеулік шылауы да көмектес септіктің аналитикалық формасы болады. *Жұмыр жер күндегі дағдысы бойынша тынбастан зырлап, кіндігін және бір айналып шықты* (Б. Соқпақпаев). Бұл сөйлемдегі *күндегі дағдысы бойынша* тіркесін *дағдымызбен* көмектес септік формасындағы сөзбен алмастыруға келеді.

Сайын септеулігі мезгіл атауы болатын зат есімдерге және лексикалық мағынасында мезгіл мағынасы бар сөз тіркестеріне ғана тіркеседі де, өзі тіркескен сөзге аталған мезгіл қимылдың қайталануының тұрақты мерзімі екенін білдіретін мағына жамайды. Сондай-ақ жатыс септігінің аналитикалық формасын бола алады. Мысалы: *Бұрын қолыма түспей, ыза қылғаны үшін енді күн сайын жаңасын киіп шығатын болам* (Б. Соқпақпаев). *Сол күтімнің арқасында сиыры да, биесі де жыл сайын төл береді* (Б. Соқпақпаев). Бұл сөйлемдердегі *күн сайын, жыл сайын* тіркестерін *күнде, жылда* деп жатыс септігімен алмастырып қолдануға келеді.

Туралы (*жайлы, жөнінде, тұрасында, жайында, хақында*) септеулігі зат есімге, заттанған сөздер мен сөз тіркестеріне зат қимылдың тақырып-объектісі екенін білдіретін грамматикалық мағына жамайды. Сондай-ақ кейде табыс септігінің аналитикалық формасы болады. *Қазіргі әдебиетте махаббат туралы қалай жазу керектігі сөз болды* (Ә. Нұршайықов). Бұл сөйлемді *Қазіргі әдебиетте махаббатты қалай жазу керектігі сөз болды* деп құруға болады. Бұдан *біз бұл* септеулік шылаулар жатыс септігінің аналитикалық формасы болатындығын көреміз.

Сияқты (*секілді, тәрізді, сынды*) септеуліктері зат есімге және заттанған сөздер мен сөз тіркестеріне тіркескенде, өзі жалғанған сөзге зат басқа затқа ұқсас, тең екенін білдіретін грамматикалық мағына жамайды. Заттардың қай қыры ұқсас екендігі байланысқан сөздермен кейде бірге қолданылатын,

кейде жасырын келетін, бірақ тіркестен байқалып тұратын сын есімдер (адъективтенген сөздер) арқылы белгілі болады. Мысалы: *Көсеу секілді (имек) таяқ ілінді қолына. Сапсыз пышақ сияқты (қырлы) таспен ұрғылай бастады.*

Сияқты (секілді, тәрізді, сынды) септеуліктері есімше етістіктер мен етістікті сөз тіркестеріне тіркесіп келгенде, сын есімдер мен адъективтенген сөздерге (сөз тіркестеріне) тіркесіп келгенде, сөз бен сөзді байланыстыру қызметінен айырылып, субъективті модаль мағынасына, сөйлеушінің көзқарасына қатысты жорамалдау, бағалау мағыналарына ие болады. *Жағдайы жақсы сияқты, Мұрат іссапардан келген сияқты т.б.*

Бойы септеулік шылауы да мезгіл мәнді сөздермен тіркесіп, жатыс септігінің аналитикалық тұлғасы болады. Мысалы: *Төрт жыл бойы сол өмірге қалыптасып қалғандықтан ба, кім білсін, оқытушы жаңағы студентканы да аудиториядан қуып шығатын болар деп қауіптендім* (Ә.Нұршайықов). Мұнда *төрт жыл бойы* тіркесін *төрт жылда* деп айтса, сөйлем мағынасы өзгермейді.

Дейін, шейін септеуліктері барыс септігінде тұрған сөзбен тіркесіп қолданылады. Бұл септеуліктер барыс септігінің мағынасын толықтырады, барыс септігі бере алмайтын грамматикалық мағыналарды бере алады.

Қалаға бару

Қалаға дейін бару

Бұл тіркестерде – *ге* жалғауы да, *дейін* шылауы да бағыттық мағынаны беріп тұрса да барыс септік жалғауы *дейін* шылауының шектік, нақтылық мағыналарын бере алмайды. Демек, *дейін, шейін* шылаулары барыс септігінің аналитикалық тұлғасы болады.

Дейін (шейін), қарай, таман, жақын (жуық), таяу, тарта, салым) септеуліктері қазір септеулік шылау қатарына өткен сөздер болғанмен, ертеде барыс септігіндегі сөзді меңгерген толық мағыналы есім немесе етістік болғаны даусыз. Қазір бұлар барыс септігіндегі сөзге тіркесіп келгенмен, барыс септігіндегі сөздің үстіне жаңа бір грамматикалық мағына жамамайды, зат есімге барыс септігімен бірігіп, тұтас бір грамматикалық мағына жамайды. Басқаша айтсақ, барыс септігі мен аталған септеуліктер – бір грамматикалық тұлға, оған дәлел – септік жалғауы мен септеулік шылау сөзге әрқайсысы жеке-жеке грамматикалық мағына жамамайды, екеуі қосылып бір ғана грамматикалық мағына жамайды.

Бері септеулік шылауы шығыс септік тұлғасындағы сөзбен тіркесіп қолданылады әрі шығыс септігінің аналитикалық формасы бола алады. Мысалы: *Сембай әулетінің бәз заманнан бері пайдаланған көне заттарын сақтайтын музей тәрізді* (Б.Сокпақпаев). Бұл сөйлемді *заманнан бері* немесе *заманнан* деп құрсақ мағыналарында айырмашылық байқалмайды.

Бірге, қатар, қоса, қабат септеулік шылаулары шығыс септікте тұрған сөзбен тіркесіп қолданылады. Бұл септеуліктер көмектес септігінің аналитикалық форманттары болып табылады. *Үзіліс кезінде бізбен бірге қосылып ойнайды* (Б.Сокпақпаев). Мысалы: *Онсыз да әрең жан сақтап*

тұрған жаман есікті маңдайша, таяныштарымен қоса қопарып алып кетті(Б. Соқпақпаев). Бұл сөйлемдердегі бізбен бірге, таяныштарымен қоса тіркестерін бізбен, таяныштарымен деп шығыс септігімен ғана қолдануға болады.

Сонымен, септіктің аналитикалық формаларын төмендегіше жіктеп көрсетуге болады:

- барыс септіктің аналитикалық формасын жасайтын септеулік шылаулар: үшін, дейін, шейін;

- табыс септігінің аналитикалық формасын жасайтын септеулік шылаулар: жайлы, туралы, жәнінде, жайында;

- жатыс септігінің аналитикалық формасын жасайтын септеулік шылаулар: сайын, бойы;

- шығыс септіктің аналитикалық формалары: бері;

- көмектес септігінің аналитикалық формалары: арқылы, бойынша, бірге, қатар, қоса, қабат.

Септеулік шылауларға тән негізгі белгілер:

- Негізгі сөз есім сөз табы болып, көмекші сөз ретінде септеулік шылаулардың тіркесіп келуі;

- сөйлемде бір сөйлем мүшесі болып синтаксистік қызмет атқаруы;

- тіркес құрамында септеулік шылаулардың грамматикалық мағына беру;

- лексикалық мағынаның негізгі сөзге ғана тән болуы.

Осы белгілерге сүйене отырып оларды септіктің есімді аналитикалық құрылымдары деп танымыз.

Қазақ тіл білімінде есімді аналитикалық құрылымдар қатарында көмекші есімдер де аталып жүр «Қазақ грамматикасында» [7, 448] «көмекші есім дегеніміз – зат есімнің кеңістік ұғымын білдіретін бір тобы» деп анықтама берілген. Көмекші есімдерге мыналар жатады: асты, үсті, жаны, қасы, маңы, тұсы, іші, сырты, арасы, басы, түбі, қарсысы, бойы, төңірегі, айналасы, жан-жағы, беті, шеті, ортасы, соңы. Көмекші есімдердің «көмекші» деп аталуының өзі – бұл топтағы сөздердің лексикалық мағыналарының көмескі болуында, өзі тіркескен сөзге тіркесу арқылы грамматикалық мағына бере алуында. Мәселен, сырт, қаскөмекші есімдерінің мәнін жалпылама ұққанымызбен, оның ненің сырты, қасы екенін ұға алмаймыз. Егер ауыл сырты, үйдің қасы деп зат есімдермен қолдансақ, нақтылы бір мекен туралы сөз болып тұрғанын аңғарамыз. Көмекші есімдердің тәуелдік септікте тұрып ілік септігі формасындағы сөзбен тіркесуі шарт.

Қазақ тіл білімінде көмекші есімдерді септік категориясының грамматикалық көрсеткіші деп танушылық кездеседі. Ғалым Н. Оралбаева аналитикалық септікке қатысты кейбір ойларын алғаш рет 1986 жылы А. Қалыбаевамен авторлық бірлестікте шыққан «Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі» атты еңбегінің «Қазақ тіліндегі көмекшілер» деген тарауында жазды. Н. Оралбаева сөздердің жалпы қарым-қатынасын көрсету

керек болғанда, септіктің синтетикалық түрі қолданылады, ал септіктің мекендік мағынасын нақты көрсету үшін көмекші есім тіркеседі деп, яғни, септіктің аналитикалық формасы қолданылады дейді [6, 164]. Сондай-ақ өзінің «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» атты оқулығының «Аналитикалық септік» атты тарауында аналитикалық септіктің екі түрі бар екенін айтып, оларды *көмекші есімді аналитикалық септік және шылау арқылы жасалған аналитикалық септік* деп бөледі. Кейін М. Оразов 1997 жылы шыққан «Көмекші сөздер» атты еңбегінде: «...Кей көмекші сөздерді морфология аясында қарап, аналитикалық форманттың бір сыңары деп танып, грамматикалық категориялардың көрсеткіші ретінде зерттеуге болады» [8, 5] деп, көмекші есімдердің аналитикалық тұлғаға қатысын көрсетеді. Сонымен қатар, көмекші есімдерді септіктің аналитикалық формасы ретінде танушы Қ. Мұхаммади жоғарыдағы қазақ ғалымдарының пікірін негізге ала отырып септіктің аналитикалық тұлғасы септеуліктер мен көмекші есімдер арқылы жасалады деген тұжырым келтіреді [9, 35]. Ғалым көмекші есім мен септеулік шылаулардың аналитикалық септік болу себептеріне мынадай белгілерін жатқызады:

- көмекші есім мен септеулік шылау да тек септік құрамында ғана қолданылады;

- септіктің мағынасын нақтылайды, күрделендіреді;

- септік жалғауымен қолданылған сөз сияқты бір сұраққа жауап береді;

- бір ғана синтаксистік қызмет атқарады [9, 36].

Біз көмекші есімдерді септіктің аналитикалық формалары деп қарастырмаймыз. Көмекші есімдер өзі тіркескен зат есімге (заттанған басқа сөздерге) тек *мекендік* мағына ғана үстейді. Сондай-ақ зат есім мен оған жетектелген көмекші есімнің құрамындағы морфологиялық тұлғалардың әрқайсысының өз қызметтері бар. Мысалы: *Қалам үстелдің үстінде жатыр* сөйлемінде өзара матаса байланысқан зат есім мен көмекші есімнің тіркесі (баяндауыш қызметіндегі) *жатыр* етістігімен пысықтауыштық қатынаста байланысқан. Бұл жерде пысықтауыштың жасалуына, байланыстың қалыптасуына көмекші есімнің еш қатысы жоқ, мұндағы байланыс жатыс септігі арқылы орнаған және пысықтауыштың жасалуы да тек жатыс септігімен байланысты. Көмекші есім өзі тіркескен зат есіммен тәуелдік жалғауы арқылы байланысып, оған (зат есімге) мекендік мағына жамаған. Атап айтқанда, *үст* сөзі арқылы заттың (үстелдің) бір бөлігі, тұсы (нақтырақ айтқанда, жоғарғы бет жағы) меңзелген. Ал тәуелдік жалғау осы бөліктің (үст) затқа (үстелге) қатысты екенін білдіріп, көмекші есімді зат есіммен байланыстырған. Зат есімнің құрамындағы ілік септігі зат (үстел) көмекші есім (үст) арқылы аталған заттың бөлік-мекенінің иесі екенін білдіріп, зат есімді көмекші есіммен байланыстырған. Жатыс септігі зат есім мен көмекші есімнен тұратын тіркесті зат (дәлірек айтқанда, көмекші есім арқылы белгілі бір бөлігі көрсетілген зат) қимылдың мекені екенін білдіріп, етістікпен пысықтауыштық қатынаста байланыстырған. Сөйтіп өзара матаса байланысқан зат есім мен көмекші есім тіркесінен тұратын морфологиялық

тұлға жымдасып бір бүтінге (бір компонентке) айналады. Олардың басқа сөздермен байланыс орнатуы, синтаксистік қызметтері көмекші есімнің құрамында тәуелдік жалғауынан кейін келетін септік жалғауларының (немесе басқа тұлғалардың) осы тіркеске үстейтін грамматикалық мағыналарына байланысты болып келеді. Мысалы: *үстелдің үстін тазала, үстелдің үсті таза, үстелдің үстіне қой*. Мұндағы бірінші мысалда табыс септігі зат (көмекші есім арқылы белгілі бір бөлігі көрсетілген зат) қимылдың тура объектісі екенін білдіріп, зат есім мен көмекші есімнің тіркесін етістікпен тура толықтауыштық қатынаста байланыстырған, екінші мысалда атау септігінің нөлдік формасы зат (көмекші есім арқылы белгілі бір бөлігі көрсетілген зат) қимылдың иесі екенін білдіріп, зат есім мен көмекші есімнің тіркесін етістікпен бастауыш қызметіне қойып байланыстырған, үшінші мысалда барыс септігі зат (дәлірек айтқанда, көмекші есім арқылы белгілі бір бөлігі көрсетілген зат) қимылдың нақты бағыты (адресат-мекені) екенін білдіріп, зат есім мен көмекші есімнің тіркесін етістікпен пысықтауыштық қатынаста байланыстырған. Сондықтан аналитикалық құрылымдардың бұл түрін септеулік шылаулардан бөлек қарастырамыз.

Көмекші есімдердің есімді аналитикалық құрылым болу сипаттары төмендегідей:

- Зат есімдермен тіркесіп келеді;
- Зат есімдер негізгі сөз болса, көмекші сөздер көмекші есімдер болып табылады;
- Көмекші есімдер тіркескен сөзіне грамматикалық мағына үстейді;
- Сөйлемде тіркесіп келген негізгі сөзбен бірдей синтаксистік қызмет атқарады.

Сонымен, есімді аналитикалық құрылымдар ретінде *күшейтпелі, асырмалы шырай формаларын, септеулік шылауларды және көмекші есімдерді* жатқыздық. Бұл құрылымдардың түбір морфемасы бола тұра мүлдем лексикалық мағынасы жоқ, сөйлемде объективті өмірдегі ешбір затты, құбылысты, ешбір ұғымды атамайды, кейде жеке өздері, кейде басқа морфемалармен бірлесіп, қандай да бір грамматикалық мағынаны білдіреді, яғни, сөз түрлендіруші тұлға қызметін атқарады. Көмекшілердің осы қасиеттері оларды есімді аналитикалық құрылым ретінде тануға негіз болады. Аналитикалық құрылымдардың беретін мағыналары синтетикалық *формалар беретін грамматикалық мағыналардан әлдеқайда күрделі. Бұл сөздердің грамматикалық мағыналары сөйленісте, сөйлемде әртүрлі синтаксистік қатынастардан анық көрінеді.

Әдебиет:

1. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік: – Алматы: Сөздік-словарь, 1998. – 304 б.
2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: 2002. – 664 б.

4. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975. – 136 б.
5. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 304 б.
6. Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1986. – 192 б.
7. Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 784 б.
8. Оразов, М. Көмекші сөздер: 1 – кітап. - Ташкент: Наурыз, 1997. – 174 б.
9. Мұхамеди Қ. Көмекші есім – септік категориясының грамматикалық көрсеткіші // ҚР ҰҒА Хабарлары. - Тіл, әдебиет сериясы. – 2009. - №1. - 34 -37-б.

Мерзімді баспасөз беттеріндегі фразеологизмдердің қолданысы

Садық А.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Жалпы тіл білімі кафедрасының 2-курс магистранты

Аңдатпа: Мерзімді баспасөз беттеріндегі фразеологизмдердің қолданыс ерекшеліктері сөз етіледі.

Түйін сөздер: фразеологиязмдер, баспасөз, БАҚ, фразеологиялық тіркес, тіл.

Summary: Features of phraseology in modern press are discussed.

Key words: phraseology, press, media, phraseology, language.

Тәуелсіздігіміздің арқасында еліміздегі демократияның бір түрі ретінде қызмет атқарып отырған бұқаралық ақпарат құралдарының халқымыздың әлеуметтік-саяси және рухани-мәдени өмірінде алар орны, атқарар қызмет өте салмақты. Бүгінгі таңда қоғамдық санаға ықпал ететін, бұқараны ортақ мақсатқа жұмылдыратын бірден-бір күш бұқаралық ақпарат құралдарының басты тетіктерінің бірі – баспасөз болып табылады. Қоғамда болып жатқан жаңалықтарды тіл арқылы таңбалап қолданысқа енгізуде, ұлттық тілімізді дамытуда баспасөздің қызметі ерекше. Біз жұмысымызға қатысты тілдік материалдарды республикалық «Жас Алаш» газеті мен облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінен алдық. Қарастырылып отырған баспасөз беттеріне тән қасиеттердің бірі – айтар ой, көтерілген мәселеге байланысты не нәрсені болса да ұлттық ұғым, ұлттық мінезбен беруге деген үрдістің басымдық танытуы дер едік. Бұған біріншіден, нарықтық қатынастар талабына сай баспасөздің ақпарат жеткізумен қатар оқырманға әсер ету қызметінің арта түсуі, екіншіден, баспасөздің ақпаратты қабылдаушы оқырманның ұлттық ерекшелігін ескеруі себеп болса керек. Соған байланысты ойды, ұғымды ұлттық бояумен жеткізуге «дайын материал»

ретінде дәстүрлі фразеологизмдердің қолданылу аясы арта түскені анықталды. Сондай-ақ кейде әртүрлі стильдік мақсатқа байланысты өзгерістермен берілетіні, оларды өзгерістермен беруде әртүрлі тәсілдер қолданылатыны анықталды.

«Баспасөз – өмір айнасы». Яғни, баспасөз арқылы халықтың тұрмыс-тіршілігі көрініп, ол билік пен халықты жалғастырушы дәнекер, яғни, «алтын көпір» болып саналады. Бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде оппозициялық бағытты ұстанған – «Жас Алаш» газеті болса, Оңтүстік Қазақстан облысының «Оңтүстік Қазақстан» газетіндегі жарияланған әртүрлі тақырыптағы мақалалар да ұлттық менталитетімен ерекшеленіп отырады. Біз аталған екі басылымды қарастыру барысында, мұндағы материалдардағы фразеологизмдердің мынадай қолдану ерекшеліктерін анықтадық:

«Оңтүстік Қазақстан» басылымында жұмыссыздық мәселесін шешу туралы Елбасымыздыңұсынысын қолдау байқалады. Аймақтық басылымның тілшілері бұл мәселеде «жұмыссыз» жүрген азаматтарды *«екі қолға бір күрек таппау»* тіркесімен, ал кәсіпкерлікпен айналысатын азаматтардың алдағы күндегі жоспарларын *«өрге сүйреу»* тіркестерімен көрсеткені оқырман қауымға анағұрлым әсерлі болары сөзсіз. «Екі қолға бір күрек» (табу, таппау) фразеологизмінің мағынасы қандай жұмыс түрі болса да істеу, еңбек ету болып табылады. Осы тіркес газет беттерінде жиі қолданылатынын байқадық. Себебі бұл фразеологизм тікелей еңбек ету, жұмыс істеуге қатысты.

Ал қалған *«өрге сүйреу»*, *«мал табу»* тіркестері сол жұмыссыздықтың әсерін, себебі мен сипатын көрсетеді.

• Ал екінші дағдарыс пен қымбатшылық тақырыбына келер болсақ, бұл тұрғыда «Оңтүстік Қазақстан» газетінде *«дағдарыс»* пен *«тығырық»* сөздерінің бейнелілік жақтары ұқсас болғандықтан, көбінесе, *«тығырықтан шыға алмау»*, *«тығырыққа тірелу»*, *«тығырықтан өту»* тіркестері қолданылған. Біздіңше, бұл сәтті, ұтымды пайдаланылған фразеологизм. Ал республикалық «Жас Алаш» басылымында бұл тақырыпты ашуда дағдарыс пен қымбатшылыққа байланысты қиналды, қиыншылық келді дегенді қарапайым жай сөзге қарағанда *«жан алқымға алды»* фразеологиялық тіркесін, ал тап берді, жармасты сөздерінің орнына *«ауыз салды»* фразеологизмін қолданады.

• Біздіңше, екі газетте де әсерлі берілген. Бірақ «Оңтүстік Қазақстан» газетінде берілген фразеологизмдер дағдарыс тақырыбын «Жас Алаш» газетіне қарағанда байсалды етіп берген. Мұнда аса эмоционалдық жоқ. Ал «Жас Алаш» газетінде эмоция басым, бейнелілік пен суреткерлік бояуы қалың.

• Ал сайлау тақырыбына келгенде, «Оңтүстік Қазақстан» газетінде сайлауға қатысты сенім білдіріп, депутаттардың ісінен зор үміт күтетіні туралы жазылса, «Жас Алаш» газетінде, керісінше, Мәжіліс сайлауына сенімсіздік басым екені көрінеді. Ол сенімсіздік журналисттердің қолданған фразеологизмдерінен көрінеді, яғни, *«сергелдеңге түсу»*, *«күмәні сейілмеді»*,

«астын үстіне келтіру», «абыройын төкті», «беті жоқ» тіркестері сабылу, күмәндану, күмәнмен қарау, қадір-қасиетінен айыру, ардан кету мағыналарын білдіреді.

• Халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігі, сыбайлас жемқорлық тақырыбы аясында жазылған мақалаларда «Оңтүстік Қазақстан» басылымының тілшілері «бүрсең қағу», «ит байласа тұрмайтын», «қолбайлау болу», «тамырына балта шабу» тіркестерін жиі қолданса, жасалаштық тілшілер бұл мәселеге келгенде «тауқыметін тарту», «көз жұма қарау», «атүсті қарау» сияқты фразеологизмдер көбірек қолданылған.

• «Оңтүстік Қазақстан» газетінің беттерінде тіл мәселесі туралы материалдар тек қана 22 қыргүйек – Тіл мерекесі қарсаңында ғана жарияланса, «Жас Алаш» газетінің беттерінде қазіргі мемлекеттік тілдің жағдайы оған қарағанда едәуір көбірек жазылған. Себебі түсінікті, біріншіден, республикалық газет болса, екіншіден, тіл мәселесі үнемі назардан тыс қалмайды. Ал Оңтүстік Қазақстанда еліміздің басқа аймақтарына қарағанда жергілікті ұлт өкілдері көбірек қоныстанғандықтан, тіл мәселесі соншалықты дау-дамайлы емес.

• Салыстырмалы түрде спорт тақырыптарының ішінде «Жас Алашқа» қарағанда көкпарға қатысты материалдардың «Оңтүстік Қазақстан» газетінің беттерінде жиі берілетінін, және аймақтық басылым тілшілері қазақ халқының ертеден келе жатқан ұлттық ойындарының бірі – көкпарды барша халыққа дәріптеуде «жеңді» сөзінің орнына «*топ жарды*», «*місе тұтты*», «*делебесін қоздырды*», «*есе жіберді*» фразеологиялық тіркестерін де қолданған.

Ал «Жас Алаш» газетінің беттерінде ұлттық ойындарымыздың бірі еркін күреске арналған материалдар да жетерлік. Жасалаштық тілшілер «жеңіске жету, жеңді» сөзінің орнына «*топ жарды*», «*олжа салды*», «*қарымтасын қайтарды*», «*бағы жанды*», «*үмітіне селкеу түсірмеді*», «*абыройы асқақтады*», фразеологиялық тіркестерін, ал керісінше, «жеңіліске ұшыраған» сәттерді суреттеуде «қолы жетпеу» мағынасын білдіретін «*уысынан шығарып алу*» тіркесін бір мысалда сол қалпында қолданса, келесі материалда «уыс» сөзінің орнына «қол» сөзін қолданып, «*қолынан шығарып алу*» фразеологизмімен, «қол жетуге аз қалу» сөзінің орнына «*сынық сүйем қалу*» фразеологиялық тіркесін қолданған. Және тағы байқағанымыз, «Жас Алаш» басымында ең жиі «*бағы жану*» мен «*топ жару*» фразеологизмдері екені анықталды.

Қалыпты нормадағы фразеологизмдердің компоненттерінің өзгеруінен жасалған окказионалдардан байқағанымыздай, «Оңтүстік Қазақстан» мен «Жас Алаш» басылымының тілшілері фразеологизмдерді өз ыңғайына қарай өзгертуге бейім келеді екен, бірақ «Жас Алаш» басылымындағы окказионалдар қалыпты фразеологизмдердің бірнеше компоненттерін, тіпті кей жағдайда барлық компонентін басқа сөздермен ауыстыру арқылы жасалса, «Оңтүстік Қазақстан» басылымында қолданылған окказионал тіркестер қалыпты нормадағы тіркестердің бір немесе екі компонентінің

өзгеруі арқылы жасалатыны, сондай-ақ Бұқаралық ақпарат құралдарында окказионалды сөздердің қалыптасуы тек жалпы халықтық тілдегі фразеологизмдердің мәнін, құрылымын өзгерту арқылы жасалып қоймайды, авторлық сөзжасамда сонымен бірге жаңа окказионалдардың қызметі арқылы да көрінетіні анықталды.

Қарастырылып отырған кезеңдегі республикалық және аймақтық баспасөз құралдарын салыстыруда осындай ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтадық. Қазақ баспасөзінің бұрынғы «қатып қалған қағидалардан» арылып, ой еркіндігіне мүмкіндік бергені байқалады. Ой еркіндігін пайдалана отырып, қазіргі қазақ баспасөзінің ұлттық тіліміздің қолданыс аясын кеңейтіп, лексика-грамматикалық жүйесін дамытып, тілдік байлығымызды жаңа қолданыстармен толықтырып отыруда қызметі ерекше. Тіл – өмірмен өзектес қоғамдық құбылыс болғандықтан, оның дамуын баспасөз тілі арқылы зерттеп отыру маңызды.

Әдебиет:

1. Болғанбайұлы Ә., Қалиев Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. - Алматы, 1991.
2. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 бет.
3. Смағұлова Г. Қазіргі қазақ тіліндегі фразеологизмдерді топтастыру мәселелері // «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. - Алматы: Арыс, 2001. – 321 б.
4. «Оңтүстік Қазақстан» газеті. - 2015-2016 жылдар
5. «Жас Алаш» газеті. - 2015-2016 жылдар

Оғаш сөздерді оңайтын мезгіл жетті

Ахмет Ә.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Грамматика бөлімінің кіші ғылыми қызметкері

***Аңдатпа:** Тіл тазалығын сақтау үшін жүрілетін күрес мәңгілік күрес болады. Әсіресе, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие тілдің тазалығы және оның басқа тілдер алдында ырықтылығы ең маңызды мәселе саналады. Еліміздің мемлекеттік тілі – Қазақ тілінің де өзге тілдер алдындағы беделін қорғау, жоғарылату осы тілді пайдаланып отырған әрбір сөйлеушінің басындағы міндеттер болмақ. Бүгінгі таңда сөйлеу тіліндегі, ақпарат тіліндегі оғаш сөздер аяқ алып жүргісіз. Мақалада тұрмыста ағат қолданылып жүрген бірнеше сөз бен сөз тіркестерін, сөйлемдерді мысалға ала отырып, белгілі деңгейде түзетулер жасалады.*

***Кілт сөз:** Қазақ тілі, ауызекі тіл, жазба тіл, әдеби тіл, сөйлем.*

***Summary:** The struggle to preserve the purity of the mind is an eternal struggle. The most important issue is the purity of the language and its reliability in other languages, especially the*

status of state language. The state language of the country – the protection of the Kazakh language in the face of other languages, will be the task of every speaker using this language. Today, you have to endanger your speech and speech in informal language. In the article, we have to make some adjustments in the life of a few words and phrases.

Key words: *Kazakh language, spoken language, writing literary language, clause.*

Келеміз деп *жатырған* қонақтар бүгін түсте *жетеді ме?* Сырқаттанған осы бір салғырт сөйлемде екі ауыр қателік тұр. Оны көзқарақты зиялылар бір қарап-ақ танитыны мұнда тұр. Сөйлемнің дұрысы – «Келеміз деп жатқан қонақтар бүгін жете ме?». Демек, сөйлемді бүлдіріп тұрған екі сөз: *жатырған* және *Жетеді ме*. Ендеше, осы «жатырғаннан» неге жатырқауымыз керек екеніне аз тоқталып өтейік. Қазақта жатырған деген сөз жоқ. Жатқан деген сөз бар. Түбір – «жат» -қа «қан» көсемше жұрнағының жалғануынан жасалып тұр. Ал бүгінгі таңда әкімдердің, лауазымды басшылардың баяндамаларында көбірек кездесіп қалатын осы «жатырған» сөзін көп адамдар «отырғанмен» салыстырып, өздерін құтқара сөйлеуі мүмкін. «Отырғанның» түбірі- «отыр». Оған «ған» есімшесі жалғанып «отырған» болады. Әсте, «отқан» емес. Ауызекі тілде иәки кейбір жергілікті тілде «келіп отқан, кетейін деп отқан» деп анша-мұнша қолданыста болғанымен, ол жалпы қазақ сөзіне өкіл бола алмайды. Қысқасы, бұл жерден әрқандай сөзді түрлендіргенде, түбір негіз болады. Ал сөзтүбір мен қосымшаны ажыратпай тұрып, түрлендіруден бұзылады. Оған дәлел екінші сұрау етістігі: *жетеді ме?* Дұрысы: *жете ме?*

Қазақ тілінде еш уақытта үшінші жақ жіктік жалғауы жалғанғанан кейін сұраулық шылау жалғау дәстүрі жоқ. Сұраулық шылау жалғанардан бұрын үшінші жақ жіктік жалғауы түсіп қалады. Мысалы: *бара ма, келе ме, отыра ма, ұрсып па (ұрсыпты ма емес), сөйлей ме (сөйлейді ме емес)*.

Танымалы әнші Қайрат Нұртас орындап жүрген «Жас дәурен» деген әнде:

Бұл өмірде берілместен талас қайғыға,

Сен екеуіміз бірге жүрсек жараспайды ма? – деген тармақтар бар.

Әсілі, «жараспай ма, жарасады ғой» демекші еді. Бұл жерден ән сөзін жазған автор да, әнші Қайрат та, қазақ сөйлемінде ауыр ағаттық жіберген. Бәрінен де маңыздысы – осы ән тыңдармандар санасында салтанат құрған неше жылдан бері ешкім мұның оғаш екенін білген жоқ. Білгенімен де айтқысы келмеді. Адамдар көңіліне жаққан әннің әуеніне елітіп отырып, қате тіркесті жатырқамай-ақ қабылдауда.

Аталған мысалдар – біз әңгіме еткелі отырған тақырыптың титтей бір көрінісі ғана. Төменде біз ауызекі тілде көбірек кездесіп жүрген оғаш айтылымдардың бұдан басқа бірқаншасын талдайтын боламыз. «Айтылымдағы қолданыстың қазақтың ұлы тіл-жазуына ылғаусар әсері болмайды ғой» деп, мұндай ұсақ проблемаларды елемей жүре беруге болмайды. Себебі бір халықтың ұлттық болмысы әр күні сөйлеген ауызекі тілінен бастап көрініс береді. Ата-ана мен бала арасындағы, кездескен екі адам арасындағы сөз бен сөйлемдер іс жүзінде бір халықтың қасиетті тіл

мәдениетін өркендететін иә бүлдіретін фактор саналады. Сондықтан айтқан әрбір сөзімізге жауапкершілікпен қарап, саф тілдің таза қасиетін сақтауға міндетті екенімізді сәт сайын көкейімізге сақтай білгеніміз дұрыс. Әрқандай бір ұлт үшін ана тілі – көздің қарашығындай теңдессіз бағалы байлық. Оның ар жағында қазақ тілі жер бетіндегі қайсыбір тілде болмаған аса мол сөздік қорға ие бай тіл екені белгілі. Ол жөнінде ғасырлар бойы қазақ тілін зерттеген ғалымдардың еңбектері жетіп асады.

Қазақ тілінде ауызекі тіл мен жазба әдеби тілдің шегарасы тым алшақ емес. Себебі жазба әдебиеттен гөрі ауыз әдебиетіміз айрықша дамыған ұлт болғандығымыз үшін адамдар әдетте тұрмыстық сөздерде де шешен сөйлейтін еді. Жазба әдебиет өркен жайған XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басынан бері қарай ғана жазба әдеби тіл ауызекі тілден ақырын ажырай бастады. Бұл көзқарасты академик, тіл ғалымы Рәбиға Сыздықова да ортаға қойған болатын. «Қазақ әдеби тілінің программасы» атты кітабінің «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ тілі» атты тарауында: «Осы дәуірдегі қазақ тілін танытатын үлгілер: а) халықтың сөйлеу тілі негізіндегі; б) жазба әдеби тілі дәстүріндегі нұсқалар болып бөлінеді. Бұл қазақтың халықтық тілінің жасалып, қалыптасқан кезі» дегейді даңқты тіл ғалымы.

Дәстүрлі шаруашылық, бабадан балаға жалғасқан өркениет ортасында өмір сүріп жатқан ауылдастарымызда бүгін де ауызекі тіл мен жазба әдеби тіл арасының айырмашылығы аз екеніне мысалдар толып жатыр. Өз басымнан айтар болсам, әжем жарық Қазине Бқанбайқызының (102 жасқа дейін ғұмыр кешкен) әркүні бізге айтатын ақыл-нақылдары, үйге келген үлкендермен бірге айтып отыратын әңгімелері тұнып тұрған көркем әдебиет еді: *Әй, балам, бай-байға, сай-сайға дейді бұрынғылар. Бізді қашанға қанжығаларыңа бөктеріп жүремін дейсіңдер. Мәңгілік ештеңе жоқ. Ертең біз де өлеміз. Қыстың қамын жаз жаса. Бүгінгі сендердікі баяғы оны көрсе онысақ, мұны көрсе мұнысақ, түлкі менен қарсақ...* – деп отыратын. Шешеміздің де (Нұрипа Жұмақанқызы) сөздері тұтасымен әдеби тіл іспетті еді: *Тәңертеңгі шайымды жүріп жүріп іштім. Тілім аузыма симай кетті. Аттың жалы, түйенің қомында бір жағынан балам, сен де жолға шығамын дей қалдың. Ақ қар, көк мұзда қайда барасың? Жау жазадан алғанда, бөрі етектен алған деген осы екен ғой, пәленшенің баласы қарызын сұрап келіпті. Қыстауға қонып, ел орныққанда, қолға қарға тышса әкең өзі – Ақ апарып береді ғой айтқызбай.*

Мұның бәрі – ойдан құрастырылған сөйлемдер емес. Тіл туралы толғаныста жүргенде сол бір қаймағы бұзылмаған қараша ауыл мен қарапайым ананың айтқан әрбір сөзі еміс-еміс есіме келген соң, ситат ретінде ұсынып отырмын.

Енді, бүгін де қырда қой жайып жүрген қойшы мен оған кезіккен жоқшы арасындағы диалогқа назар салайық.

– *Ассалаумағалайкүм!*

– *Уағалайкүмәссәләм!*

– *Суыт жүріп кетіңсіз ғой?*

– *Ия, жоқ іздеп. қолда тұрған екі жылқыдан айырылып қалып, соны іздеп шыққаным. Қасына бурыл тай ерткен бір баран ат көре алмадың ба?*

– *Апыр ай ә. Қолдағы мал болса қайда кете қалды екен? Таңертеңнен бері көзімен ондай мал шалынған жоқ.*

– *Е, сол баран дегенім – әлгі біздің Шығанжидедегі құдадан келген қоңыр жорға ғой. Қасындағы тай өзіміздің жабағы болатын. Қыста қар қалың болса, айғыр үйірге ере алмай қала ма деп, шөпке алғам. Құдадан жорға келген соң, екеуін бірге шөпке байлап отырғамыз. Жемге де үйреніп алған, кете қалмас дедім де кеше босата қойып едім, түнімен қораға келмеді.*

– *Ай, онда жорғаңыз жер сағынып кетті ғой, Шығанжиде де мына тұрған жер емес. Туған жеріне бір-ақ тартты ғой жабағыны ертіп.*

Қазақы иісі аңқыған диалог. Қаламгерлердің бүгінге дейін оқырмандарға ұсынған қазақ тұрмысын бейнелейтін шығармаларының тілі көбінесе ауыл арасындағы адамдардың жай кеңесінен алынады. Демек, әдеби тіл ме, ауызекі тіл ме – бәрі де халқымыз тілінің баламасы жоқ байлығы. Сөйлеу тілі бүлінген жерде көркем әдебиеттің де ғұмыры ұзаққа бармайды. Себебі бүгінгі қалам ұстағандар жазып жүрген шығармалар, телеарна тілі, журналистердің тілі, кинофилмдер, жарнамалар тіліндегі оқырман мен көреремен аңсаған бояудың кемшіндігі, аяқ алып жүргісіз логикасыз сөйлемдер, айтылым заңына мүлде бағынбайтын шала-жансар тіркестер, міне осылардың бәрінің арғы жағында сөйлеу тіліндегі оғаштықтар мен тіл тазалығының бүлінуі жатыр. Бүлінген тілмен сөйлеуден бүлдірілген әдебиет шығады.

Енді, бүгінгі таңда сөз қолданыста оғаш айтылып жүрген сөздерден тағы бірнешеуін көлденең тартайық:

Автобусқа міндім. Атқа отырды.

Дұрысы: *автобусқа отырдым. Атқа мінді.* Адам автобусқа қалай мінеді? Жайлақ міну үшін әуелі адамның екі аяғы ашылып жылқының екі жанынан екі аяғы салақтаңқырап, еркінірек күйде болады. Қатты жүргісі келсе атты тебінеді. Ат шапса екі аяқпен аттың денесін қыса өзін мықтап отырады. Ерттелген атқа мінсе екі аяқ екі үзеңгіге ілінеді. Ал енді осы тәсілмен автобусқа мініп көріңіз, мінгізе ме екен? Қазақ баласы болып тұрып, *атқа отырды* деп жүргеннен ұят дүние жоқ.

Бола ма (болады ма): Сізде мың теңгеге майда бола ма(болады ма)?

Дұрысы: *«Сізде мың теңгеге майда (парша) бар ма?»* немесе *«Сізден мың теңгеге майда шыға ма?»* болуы керек. Ал *«Менде болған»* деп жауап береді бұл сұраққа. *«Менде майда бар»* Немесе *«меннен шығып қалар»* деуі керек қой. Орыстың *«Былымен»* біраз сөздерімізді былықтырғанымызды жіпке тізіп отырмадық.

Сен бару керексің. Саған үйрену керек.

Бұл екеуі – де ауыр дәрежеде бүлінген сөйлем. Айтпақшысы: *сенің баруың керек. Сенің үйренуің керек.* Мұнда да орыс тілінен тікелей аударудан келген қотыр сөйлемдер бүгінгі қолданыста салтанат құруда.

Құлайсың.

Қазақ тарихтан бері жүгіріп бара жатқан балаға *құлайсың!* – деп зекімейді. *Жығыласың!* – дейді. *Аттан жығылды* дейді, *аттан құлады* демейді. Құлау үшін тұрған дүние болуы керек. *Үй құлады. Терек құлады.* Сол сияқты сүйеп қойған заттар да құлайды.

Уайымдама.

Уайымның мағынасы өте ауыр. Азғантай алаңдайтын болмашы дүниеге бола да бүгін біз «Уайымдама!» дейміз. Уайым қайғымен егіз дүние. Ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен, қиын күндерде уайым-қайғы туындайды.

Осы секілді орнын таппай жүрген сөз-сөйлемдерқазіргі қолданыста өте көп. Әрқайсысың өзі бір-бір мақалаға жүк болардай. Бабаларымыз «Туған ел – тірегің, туған тіл – жүрегің», «Өнер алды – қызыл тіл», «Атағыңды өшірер де, өсірер де тіл», «Басқа пәле – Тілден», «Малға кедей – жарлы, тілге кедей – сорлы», «Қызыл тіл қылыштан да өткір» деген секілді даналық тұжырымдармен ғасырлар бойы тілдің, сөздің киесін жоғары бағалап, осынау ұшан теңіз баға жетпес байлықты бүгінгі ұрпақтарға табыс еткен. Сондай-ақ оның тазалығы мен тектілігін дәріптеп отырған. Ғасыр бұрын қазақ тілін қызғыштай қорғап, жарғақ құлағы жастыққа тимей жар салған А.Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Қошке Кемеңгерұлы т.б. ғалымдардың әрбір жазбаларынан қазақтың қарашығы сияқты ана тілдің құны мен оны ардақтау жөніндегі көзқарастары көрініс табады. Сол тұстағы басылымдарда жарық көрген «Қотыр сөздер», «Жынды сөздер», «Орыстанған қазақ тілі» сияқты жүздеген жарияланымдар айтқан пікірімізге дәйек болады.

«Сөз түзелді тыңдаушым, сен де түзел!» – деп ғұлама Абай атамыз айтқандай, Елбасының егей бастамасымен латын әліппііне көшу науқаны жүріліп жатқан бүгінгі таңда көп ағаттығымыздың орнын толтырып алуымызға кереметтей мүмкіндіктер туындауда. Тәуелсіздік алғанына ширек ғасыр болған, ғажап тілімен ғаламға ақыл айтқан қазақ халқының бүгінгі ұрпақтары ел аман, жұрт тынышта салданған сөз-сөйлемдермен өзінің тілін бүлдіріп жүруі ашынышты жағдай. Әсіресе, қатардағы халықтардың ғана емес, «мемлекеттік тіл» мәртебесін алған қазақ тілінің тағдыры мен даңқы тек қазақ халқының қолында. Тіл – көпке ортақ қазына. Оны көп бірге пайдаланады. Бірге қорғайды, қорландырып дамытады.

Әдебиет:

1. XX ғасырдың басындағы қазақ тілі жөнінде зерттеулер. – Алматы: Қазығұрт, 2013.
2. Қазақ әдеби тілінің программасы. - Алматы, 1976.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН МӘДЕНИЕТІ

Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы жалпы адамзаттық құндылықтар

Худайбергенов Н.

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 3-курс докторанты

Аңдатпа: Мақалада Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романындағы әмбебап құндылықтардың ерекшеліктері талданады.

Түйін сөздер: әдебиет, проза, идея, жанр, стиль, тақырып, поэтикалық реңк.

Summary: In this article, the author analyzes the features of the universal human values in A. Nurpeisov's novel «SongyParyz».

Key words: literature, prose, idea, genre, style, theme, poetic hue.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасының айтулы жетістігі ретінде бағаланатын Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы жалпыадамзаттық құндылықтардың өзіндік ерекшеліктерін танытуымен де құнды саналады. Шығарма мәңгілік тақырыптар мен адамзатқа ортақ үлкен проблематиканы көтеруімен ғана емес, көркемдік-эстетикалық тұрғыдан да айтулы жетістікке жеткендігімен ерекшеленеді. Қайталанбас қаһармандардың құндылықтар жүйесін ашып беру жолында автор әртүрлі жаңашылдықтарға бара білген. Бұл тұрғыдан қарағанда, аталмыш романда дәстүр мен жаңашылдықтың жарқын үлгілерін көруге болады. Шығарма туралы пікір айтқанда ең әуелі оның сыртқы композициялық құрылымдары қаперге ілінеді. Оның аталуынан бастап эпилогіне дейінгі детальдар шығарма формасы туралы сауатты пікір айтуға жол ашады. Тақырыптың көркем туындының беташар-басы ғана емес, оған поэтикалық реңк үстеп тұратын қасиетінің де бар екені жасырын емес. Біз оның номиналды сипатына қатысты айтып отырмыз. Әдебиеттанушы Т.Есембеков бұл жөнінде былай деп пікір білдіреді: «...шығарманың аталуына автордың идеясы мен ұстанымынан біршама хабар беретін, туындының жанрын, стилін анықтауға себі бар, автор мен оқырман арасындағы диалогқа жол бастайтын алғашқы мағлұмат деп қарау керек» [1, 108]. «Жазушының соңғы романын «Соңғы парыз» деп атауында символдық-идеялық мән бар» деп есептейміз. Біздіңше, өткенін сарапқа салып, тарихтан сабақ алу, өзі өмір сүріп отырған айнала-болмысты қастерлеп, кейінгі ұрпаққа игі мұра қалдыру жазушының ғана емес, күллі адамзат атаулының борышы, соңғы парызы болуға тиіс деген идеялық жүк арқалап тұр. Романның екі тарауының «Сондай да бір күн болған» және «Сондай да бір түн болған» деп аталуының да сыры жоқ емес. Уақыт пен кеңістіктің ерекше комбинациясын жасай білген Ә.Нұрпейісовтің тарау атына да белгілі бір құндылықтық мән артуға тырысқаны аңғарылады. Әдеби шығармада кезі

келгенде уақыттың өзі символдық мазмұнды арқалайтынын ескерсек, күн – жақсылықтың, түн – құлазу мен қайырымсыздықтың белгісін танытады. Көркем шығарманың әрбір компонент-бөлшегі белгілі бір мағына білдіріп, я көркемдік, я танымдық-тәрбиелік қызмет атқаруы мүмкін. Әсіресе, бұл – көрнекті қаламгерлердің шығармашылығында айрықша көрінетін жайт.

Егер біз көркем шығарманың фабулалық-сюжеттік жүйесі туралы сөз ететін болсақ, онымыз көпке созылмауы мүмкін. Өйткені шығарманың басты фабулалық бірліктері тым қысқа, дәстүрлі әдебиеттегі әңгіме жанрының сюжеттік салмағындай ғана. Алайда аталмыш романның поэтикалық қуатын арттырып, қазіргі прозаның үздік туындысына айналдырып отырған оның оқиғалық жүйесі емес, ой-сана ағысының аясында айқын көрінетін идеясы мен проблематикасы дер едік. Он үш жыл отасқан отбасының баянсыз тірлігі, татымсыз тұрмысы романның өзегін құрайды. Оқу бітірген кезде Жәдігер мен Бәкизат ауылға келген де, бұлармен тең құрбы, Бәкизатпен көңіл жарастырып жүрген Әзім қалада қалған. Өзінің ғылыми негізсіз тың бастамаларымен елді дүрліктіріп жүрген Әзімнің аты аспандап, қызметі өскен. Ал Жәдігер – балықшыларға бас боп жүрген қарапайым колхозшы. Тіпті ол балық жоспарын орындаймын деп жүріп өз отбасын ұмытуға шақ қалған. Осы әдеті үшін отбасында қадірі жоқ. Астанаға әйелін демалысқа жалғыз жіберіп, қалада Әзіммен қайта көңіл жарастырғаны үшін ызаға булығып, Бәкизатты сабаған. Енді қаладан әдеттегіден тыс, тыныш қана келген Әзіммен Бәкизат бірге кетпекші. Өз отбасын құрбан етті. Жалпы, романның фабулалық жүйесі осындай. Оқиғалар жиырмаға жуық кейіпкер айналасында өрбиді дегенімізбен, негізгі үш кейіпкер – Жәдігер, Бәкизат, Әзімдердің төңірегінде баяндалады. Осы үштағанның, үш кейіпкердің санасындағы қым-қуыт тартыстар, өткен мен бүгіннің арасындағы толассыз шытырмандар, болашаққа деген күдік пен күмәндар – бәрі де қаһармандардың ішкі әлемін ашуға, жан-дүниесін танытуға, сол арқылы құндылықтар жүйесінің қалпы мен жағдайын көрсетуге қызмет етіп тұр деуге болады. Құндылықтардың табиғаты көркем шығармада кейіпкерлердің тұлғасы, образдар жүйесі арқылы көрінеді десек, көркем бейненің жасалу жолында оның ішкі және сыртқы сипат-болмысы, бүтін бітімі жазушы тарапынан әртүрлі ашылады. Соның ішінде, ішкі әлемі айрықша рөл ойнайды деп санаймыз. Сыртқы портрет, диалог, полилог, әрекеттері сынды сипаттарының өзі негізінде кейіпкердің ішкі жан дүниесін танытуға, оның ішкі әлеуеті мен мінез-құлқын ашып беруге қызмет ететіні жасырын емес. Осы тұрғыдан алғанда, біз алдымен оның ішкі қыртыс-қабаттарына, образдардың ішкі әлеміне үңіліп көруге тырыстық. Әбіш Кекілбаев роман туралы жазған мақаласында: «Кесек эпиканың орнына аз адамдардың, тіпті бір ғана кісінің жан дүниесіндегі алай-дүлей ахуалды ежіктейтін жаңа роман келді», – деп жазды [2, 466]. Ол сондай-ақ «шытырман оқиғалардың орнына шырғалаң сезімдер билік алғанын» тілге тиек етеді. Бұл – жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің бір ерекшелігі. Ә.Нұрпейісовтің біз тілге тиек етіп отырған романы – осының айғағы.

Адамның шынайы құндылықтар жүйесі көркем шығармада қақтығыс үстінде ашылады. «Соңғы парыз» романында біз мұның бір емес, талай рет куәсі бола аламыз. Шығармада қақтығыс фабулалық-сюжеттік сипатта емес, көбінесе ой-сана алаңында орын алып жатады. Сайып келгенде, «Соңғы парыз» романы көркемдік қуаты мол шығарма болса, біздіңше, ең алдымен, құндылықтардың қақтығысы арқылы осы биігіне жеткен деуге болады. Әрине, көркемдік деңгейі жоғары. Алайда осы көркемдіктің биігіне жету үшін шығармадағы құндылықтар қақтығысы, құндылықтар жүйесінің өзара байланысы сөзсіз әсер еткен. Мақтаулы кейіпкер жоқ. Әзімнің әрекеті мен сөзіне қарасаңыз, жалпы адамзаттық құндылықтар туралы айтады. Ісі де жалпы адамзатқа ортақ құндылықтарға сай келіп жататын сияқты. Бірақ ол өзінің қамы үшін кейбір өзгертуге болмайтын, тұрақты болуға тиіс құндылықтарды құрбандыққа шалды. Сол секілді, Жәдігердің де бойынан осындай оң және теріс сипаттарды тауып алу қиын емес. Жалпы, кез келген құндылықты біржолата оң немесе теріс деп айтуға келмейтінін осыдан аңғарамыз. Себебі, бір құндылық өз ретімен қолданбаған жағдайда немесе шегінен асып кеткен кезде басқа бір құндылықтың жойылуына немесе басқа адамзаттық құндылықтардың өз деңгейінде көріне алмауына кесір болады. Шығармадан біз еңбектің немесе ұжымдық құндылықтардың отбасы құндылықтарына тигізер зиянына куә боламыз. Сол секілді, туыстық байланыстың да бірлік, ынтымақ құндылығына кейде зардап беретінін байқадық. Оған Сары Шаяның шолақ белсенділігі дәлел. Қақтығыс арқылы құндылықтардың сипаты, ерекшеліктері, түрлері көрінеді. Мысалы, Жәдігер мен Әзімнің жан дүниесі екі бөлек. Яки Жәдігер мен әйелінің жан дүниесінде бітіспес қайшылықтар бар. Ал қайшылықтар көркем туындыдағы бинарлық оппозицияны туғызады. Біз романнан бинарлық оппозициялардың мынадай үш түрлі бағытта жүзеге асқанына көз жеткіздік. Бірінші, қалыптасқан концептуалдық негіздегі жалпы адамзаттық құндылықтардың өзара қайшы келуі. Қанағат – тойымсыздық, әділет – қиянат, жақсылық – жамандық, мейірім – қатыгездік т.б. Екінші, кейіпкерлер арасындағы бинарлық оппозициядан. Жәдігер – Бәкизат, Жәдігер – анасы, Жәдігер – Әзім, Жәдігер – балықшылар, Жәдігер – Сары Шая, Көткеншек Көшен, шофер бала, Жәдігер – заман сиқы контекстінде ашылады. Жәдігер, Бәкизат, Әзім ұштағанынан, түптеп келгенде, мына әлемнің жұтандануы ең алдымен отбасылық құндылықтардың дағдарысқа ұшырауынан туындайды деген идеяны аңғару қиынға соқпайды. Кейіпкерлердің табиғатқа деген қатынасы Адам – Табиғат контекстінде танылады. Үшіншіден, жалпы адамзаттық құндылықтардың өзара қайшы келуі. Мысалы, еңбек құндылығы көбінесе отбасы құндылықтарына қарсы қойылады. Жәдігердің колхоздың жоспары деп жүріп жан аямай еңбек етуі оның отбасылық құндылықтарының әлсіреуіне түрткі болды. Оның аяғы трагедиялық шешіммен тынғаны белгілі. Сондай-ақ еңбек құндылығы табиғатты қорғау, аялау дейтін жалпы адамдық құндылыққа қарсы қойылады. Балықшылар еңбек ете жүріп туған жердің табиғатына өлшеусіз зардап әкеліп жатқанын білмейді, яки білсе де советтік

идеологиядан әрі аса алмайды. Намыс құндылығының Жәдігердің ерге тән батылдығын танытатын деталь ретінде алынған тұсы бар [3, 59]. Бірақ шығармада намыс құндылығы көбіне бірлікке, ынтымаққа сына қағу үшін пайдаланылатын секілді. Намыс құндылығын жиі тілге тиек ететін – Сары Шая. Руаралық бақталастықтың отына май құйып жүретін Жәдігердің немере ағасы. «Ер намысын сен аяққа бассаң бас, бірақ ру намысына жан пида деп айқайлап шықпайсың ба? Халқың әне!.. Сыртта жиналып әзір тұр!» [3, 237]. Бұл – оның Жәдігерді Әзімдердің руына қарсы айдап салатын тұсы.

Сонымен, шығарманың басынан аяғына дейін Отан құндылығы тұтастай камтылып отырады. Өйткені көркем туындының басты идеясы да сол – туған жердің, Отанның тағдыры. Дегенмен туған жерге деген құрмет, оған деген сағыныш пен қимастық, әсіресе, көш үстінде қатты білінеді. Аталмыш шығарманы советтік идеология қалыптастырып берген ұстанымдар мен символдар, үміттер мен мақсаттар – бәр-бәрінің жалған екенін, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың үзіліп, әрі өзіне ұқсап, әрі өзіне ұқсамай қалған ұлттың тағдыры туралы жазылған роман деуге негіз бар. Ұқсамайтын себебі, рухани экологиясы бұзылған. Жалпы, соңғы жылдары «рухани экология», «сана экологиясы» деген терминдер тұрақтап қалды. Бұл экология терминінің тек жаратылыстану ғылымдарының еншілі ұғым шеңберінен шығып, қоғамдық ғылымдардың бәріне де ортақ категорияға айналғанының белгісі болса керек.

Әдебиет:

1. Есембеков Т. Көркем мәтін теориясы. Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 186 б.
2. Кекілбайұлы Ә. Сең соққандай сергелдең // Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. Роман. – Алматы: Жазушы, 1999. – 472 бет.
3. Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. Роман. – Алматы: Жазушы, 1999. – 472 бет.

Мәмлүк қыпшақтарының гүлденуі және күйреуі

Әкімбайұлы Т.

*Франкфорт университеті Эксперименттік тілдер институты
Түркология факультетінің ұсыныс етілген ғылыми қызметкері, PhD
докторант, Германия*

Аңдатпа: Мақалада ортағасырлық арабтар мен ислам әлемінің аса ықпалды тобы және олардың бүлінуінің ұзақ тарихи барысы, әулеттердің әлеуметтік құрылымы, саяси ерекшеліктері, сондай-ақ Мәмлүк қыпшақтарының шығу тегіне толық талдау жасалды. Саяси мінездеме дискурсымен Мәмлүктердің өзгеше тарихы көрсетілді.

Түйін сөздер: мәмлүктер, түрік, Таяу Шығыс, қыпшақ.

Summary: In this thesis a detailed analysis of the origins of the Mamuluk-Kipchak, a very influential group of medieval Arabs and the Islamic world, and a long history of destruction, the

social structure of the dynasty, the political and political characteristics of the discourse, and shows the magnificent history of the Mamluks.

Key words: *Mamluks, Turkic, Middle East, Qupchak.*

Орта ғасырдағы шығыс және ислам тарихына үңілгенде аттап өтуге келмейтін ерекше бір қауым бар. Олар: ежелгі Мәмлүк қыпшақтары. Сегіз ғасырға таяу уақыт бойы орта шығыс пен терістік Африкада өте маңызды саяси және әскери құрылым ретінде араб әлемі мен ислам дүниесінде өшпес қалдырған даңқты жауынгер ұлыс – Мәмлүк қыпшақтарының ерлікке әрі қасыретке толы тарихы туралы айтудан бұрын осы атауға қысқаша тоқтала кеткен жөн болар. «Мәмлүк қыпшақтары» дегенде қыпшақтар туралы білеріміз аз болмаса да, ондағы «Мәмлүк» атауы бейтаныстау болары хақ. «Мәмлүк» араб тілінде «құлдар» деген мағына береді. Ислам дінінің негізін салушы Мұхамметтің құрметті шадиярларының бірі – Аббас Ибн Абдул Аұталифтың тіке ұрпақтары құрған II Араб империясы Аббас халифаты (Аббасилар) IX ғасырдан бастап құзыры күшейіп, қолы жетіп тұрған қазіргі сыртқы Кавказбен Еділ бойынан, Кіші Азиядан көп санды Түрік құлдарды сатып алып, ордаға апарып қатаң жаттықтырып, халифаға тіке бағынатын жалдамалы әскери қосын құрады. Ал олар сол кезде «Мәмлүк» немесе «ترك الجیش الممالیک غرام» (Түрік мәмлүк әскерлері) деп аталатын болған. Кейін біртіндеп осы дәстүрді басқа Араб билеушілері де ұстана бастады. Олардың құрығы Кавказбен Еділден өтіп, Қыпшақ даласына Жайық боймен Хазар⁸ және Кердері⁹ теңізі маңына, төменгі сырға дейін келіп өспірім құлдарды жаппай сатып алатын болды. Ал осы құлдар бұрынғыдай халифаға тіке бағынатын жауынгер қосынға айналып, орданың және патша әулетінің амандығын қорғайтын маңызды қорғаныс әскері рөлін атқарды. Осы Мәмлүк қосындары ішінде XIII ғасырдың басында Египеттегі Айұб патшалығының билеушісі – Салих халифа ұйымдастырған бір тобы жаужүрек батырлығы мен қоса батыс пен шығыстан келген шапқыншыларды талқандаған жарқын жеңістерімен де ерекшеленіп, атағы жайылады. Міне, осылардың денін Еділ бойымен Хазар теңізі маңын қамтыған Дешті Қыпшақтан апарылған Қыпшақ мәмлүктері құрайтын еді. Кейіннен мәмлүктердің билікті қолға алып, патшалық құрғандары да, жауынгерлік дәстүрдің арқауын үзбей ұзақ сақтағандары да осы Қыпшақ мәмлүктері болды.

Мәмлүк мемлекетінің құрылуы. 1249 жылы қарашада, Айұб патшалығының билеушісі – Салих Нажим-Әл-Дин (Salih Najim al Din) науқастан дүние салады да таққа патшалыққа қарасты Месопатамияның билеушісі болып тұрған салихтың бұрынғы әйелінен туған үлкен ұлы Әл-Муаззам Тұраншах (Al-Muazzam Turanshah) келеді. бірақ ол да жас әрі мәмлүк әскербасылармен тіл табыса алмайтын еді. Бұған наразы Салих Халифаның жесірі, түркі текті Шажар Әл-Дұрр қатұн (Shajar al-Durr, екінші әйелі) орданы қорғайтын мәмлүктердің бастығы – Бақыр (кей деректерде

⁸Орта ғасырда қазіргі Каспий теңізді осылай аталатын.

⁹Орта ғасырда қазіргі Арал теңізді айналасын Түріктердің кердері тайпасы мекендеитін де, Арал теңізі солардың атымен Кердері теңізі аталатын.

«Бахтр» делінеді) сардармен астасып, билікті тартып алудың қамында болады. 1250 жылы ақпанда Бақыр сардар қыпшақ Бейбарыс және Түрікмен Айбек бастаған мәмлүк армиясы Жерорта теңізіндегі Дәмейттә портынан құрлыққа шыққан француз билеушісі Луис IX-дың кресшілер армиясын жеңіп, оны қолға түсіреді және зор мөлшерде соғыс олжасына ие болады. Көп өтпей қосындағы Қыпшақ мәмлүктер Бақырға бағынбай, қарсы шығып оны өлтіріп тастайды да әскери билік Айбектің қолына өтеді. Сол жылы сәуірде Айбек жас Халифа Әл-Муаззам Тұраншахты өлтіріп, Салихтың жесірі Шажар Әл-Дұрр қатұнмен бас құрап, патшалықтың билігін қолына алады әрі Шажар Әл-Дұрр қатұнды «Қатұн Халифа» (қазірге дейін ислам әлеміндегі жалғыз әйел халифа) деп жариялағанымен басқа Ислам елдерінің мойындауына ие бола алмайды. Айбек өзін «Айбек сұлтан» деп (түркілік дәстүр бойынша) жариялап, нақтылы ұқықты меңгереді. ол өзінің билікке келуіне көмектескен Бейбарыс пен Құтызға барлық мәмлүк армиясын басқару ұқығын береді. Бірақ олардан «билікке таласады» деп сескеніп, ордадан алыс, Сирияға жібереді. Бұл өзгеріске Салих Халифаның немере інісі, патшалыққа қарасты Сирияны билеп тұрған Әннасыр Иүсүп (An-Nasir Yusuf) қарсы шығып, билікті мәмлүктерден тартып алып, Айұб әулетінің үстемдігін қалпына келтірмекші болып Каирге жорыққа аттанады. Бірақ ондағы мәмлүк армиясынан қирай жеңіліп, қайта Синай түбегіне шегінеді.

1253 жылы сәуірде Сирия билеушісі Әннасыр Иүсүп пен мәмлүктердің билеушісі Айбе сұлтан арасында бейбіт келісім жасалады. Бүкіл Мысыр мен Палестинаның Набурис аймағына дейінгі жерлер Мәмлүк патшалығына қарасты болады да Әннасыр Иүсүп Месопатамиядағы Хабур өзенінің бойымен Синай түбегін қамтыған Сирияның билеушісі болып бекітіледі. Бұл келісімде бұрын Мәмлүктер басып алған Палестинаның бір бөлім өңірі Әннасыр Иүсүпке қайтарылып берілгенімен, кейін келе Иерусәлим қыпшақ Құтыз (кей деректер оны *Беріш*, кейде *Шеркеш* еді дейді) сардарға, терістік Палестинадағы Набурис және Жанин аймақтары қыпшақ Бейбасқа беріледі. Біртіндеп Әннасыр Иүсүптің иелігі кішірейіп, нақтылы биліктен айырылады. Осылайша, Аббасилардың кіші бұтағы болып табылатын Айұб патшалығы күйреп, оның орнын бір кезде құл болып сатылып келген мәмлүктер билігі басады да мемлекет «Мәмлүк патшалығы» деп аталады. Мәмлүк патшалығы Египет, Йемен, Сирия, Палестикан, Иерусалимнің теңіз қырғағын және Хижаз (Араб түбегі) өлкелерінің батысын түгел бағындырған үлкен патшалыққа айналады. Бірақ Мәмлүк билеушілерін алда әлі ауыр сындар мен сұрапыл соғыстар күтіп тұрған еді.

Айн-жалут шайқасы. Мәмлүк мемлекетінің құрылуы шығыстағы тағы бір тегеурінді күш түркі-моңғұл әскерлерінің Кіші Азияға басып кіруімен тұспа-тұс келді. Бүгінде Шыңғыс хан және Моңғұл империясы туралы тақырыптарды қаузайтын тарихшылар «Жеңілмейтін қосын» деп атаған Түркі-моңғұл армиясының Еуразия даласына жасаған жойқын жорықтары жауларын дерлік күйрете жеңумен аяқтап отырады. Бірақ олар ең алғаш ауыр жеңілістің дәмін мәмлүктермен болған соғыста татқан болатын. Бұл –

атақты Айн-жалут шайқасы еді. Тарихшылар «Ислам әлемін құтқарған соғыс», «Айн-жалут шайқас болмаса, бүгінгі дүние тарих басқаша жазылар еді», – деп жоғары баға беретін бұл шайқастың жалпы барысы былай өрбиді: 1258 жылы ақпанда Шыңғыс ханның немересі, Төленің ұлы – Хулағудың түстік батысқа жорық армиясы Аббас халифатының астанасы – Бағдатқа басып кіріп, қолға түсіп бағынған соңғы халифа Мұстахимды кілемге орап, ат тұяғымен таптап өлтіреді. Қаланы он жеті күн бойын тонап, соңынан өртеп жібереді. Алты ғасырға таяу салтанат құрған атақты Аббасилар мемлекеті осылай күйрейді. Хулағу қосындарын Ирақ жерінде біраз дамылдатып алған соң, одан ары Сирияға жорыққа аттанады. 1259 жылы қаңтарда Халепті басып алады. Бұдан қатты үрейленген Айұб патша әулетінің биліктегі соңғы өкілі Аннаср Йүсүп қарсылық көрсете алмай Египетке, Мәмлүк патшалығына қашады. Бұның алдында Египетте 1257 жылы Айбек сұлтан мен Шажар Әл-Дұр қатұн артынан қастандыққа ұшырап, билікке Айбектің 15 жастағы ұлы – Мәнсүр Әли отырған-ды. Өз бетімен билік жүргізуге дәрменсіз Мәнсүр Әли Сұлтанды көп өтпей Құтыз сардар өлтіріп, билікті қолына алған болатын. 1260 жылы ақпанда Хулағу қосындары батыс Азиядағы ең соңғы маңызды қала – Дамашықты қоршауға алады. Ендігі кезек олар түстікте Синай арқылы Александриямен Каирге қарай бет алатынын мөлшерлеген Мәмлүк билеушісі – Құтыз сұлтан 120 мың сайлаут қосын құрап, сол жылы тамызда Сирияға қарай Хулағумен шешуші шайқасқа аттанады. Бірақ осының алдында ғана Хулағуға Қытай жерінде Мүңке қағанның қайтыс болғанымен қоса туыстары Арықбұқа мен Құбылайдың қағандық таққа таласып, қырқысып жатқан хабары жетеді. Ол барлық соғыс қимылдарын дереу тоқтатып, Дамашықта 25 мың адамдық қорғаныс қосынын қалдырып, бағынған Армиан патшалығынан келген бес мың адамдық сауытты атты әскерді де қоса қалдырып, оны басқаруды ақылшысы әрі Ұзан найман Кетбұқа ноянға тапсырып, өзі Қаракұрымға қайтып кеткен болатын. Тамыздың соңында Мәмлүк әскерлері кресшілер басып алған Газа районы арқылы Дамашыққа таяды. Бірақ үлкен қолбасының жоқ болуы себепті Кетбұқа ноян әскерлерді қалада берік бекініс алып, ашық соғысқа шықпай, қатаң қорғануға бұйырады. Мәмлүк қолбасылары қалаға шабуылдаса да, бекіністі бұза алмасын біліп, қаладағы әскерлерді ептеп қорғаннан сыртқа шығарудың амалын қарастырады. 1 қыргүйек күні түнде шағын шолғыншы қосынды бастап қала қақпасынан шығып, қорғаныс жұмыстарын тексеріп жүрген Кетбұқаның 19 жастағы немересін қолға түсірген. Құтыз сұлтан оның басын кесіп алып, тұлыпқа салып, Кетбұқаға жібереді. Аяулы немересінен айырылғанына қатты қапаланған Кетбұқа бүкіл әскерді дереу соғысқа дайын болуға бұйырады. Қала қорғанысына тек 5 мың әскер қалдырып, 20 мың түрік-моңғұл әскерімен бес мың Армиан сауытты әскерлеріне Сириядан бағынған 15 мың адамдық жергілікті қосынды қосып, қаладан шығып соғысуға дайындалады. Мәмлүктердің күткені де – осы еді. 3 қыргүйек күні сәскеде Дамашықтың терістігінде Йордан өзені маңындағы Айн-жалут шатқалында Кетбұқаның

түрік-моңғұл қосынымен Құтыз сұлтан мен Бейбарыстың Мәмлүк армиясы Орта Шығыс пен Араб әлемінің тағдырын шешкен айтулы соғыста бетпе-бет келеді. Айн-жалуттың екі жағы – тау, ортасының кендігі алты шақырым болған ұзын аңғар болатын. Алдымен барған Құтыз 70 мың әскерді екіге бөліп, аңғардың екі жағындағы тауға бекіндіреді де 40 мың әскерді өзі бастап, аңғардың басына орналасады. Сәйгүліктерге мінген қалған 10 мың әскерді Бейбарыс бастап, аңғардың аузында түрік-мұңғұл қосынын тосады. Азырақ айқастан соң шегіне соғысқан Бейбарыс кең аңғарға енеді, олардың соңынан қуған Кетбұқа қосыны да кең аңғарға сұғынып кіреді. Олар көп жүрмей, алдарында алты қатарға тізіліп сап түзеген сәйгүлік мініп, садақ асынған қалың қосынның тосып тұрғанын көреді. Осы кезде аңғардың екі жағында да қалың әскер бары байқалып, үш жағынан қоршауға түскендерін білген Кетбұқа қосыны абдырап қалады. Тіпті Сирия жерінен құралған әскерлер артқа қарай қаша бастайды. Бірақ Амурдан өтіп, Персия мен Ирақты бағындырып, 4000 шақырымдық жорықта әбден шыңдалып келген, ешбір ұрыста беті қайтпаған жауынгер қосынмен темір сауытпен құрсаңған Армиан қосындары майдан даласынан шегінбейді. Олар Қыпшақ даласынан кеткен құлдардан құралған мәмлүктерді көзге де ілмейтін-ді. Түрік-моңғұл қосындары алдымен Құтыз қосынына шабуылға шығады. Армиандардың сауытты қосыны екіге бөліп аңғардың екі жағынан қоршаған қосындарға шабуылдайды. Желдей ескен жүйрік сәйгүліктерге мінген мәмлүк әскерлері оларды жақындатпай, алыстан жебе жаудырады. Жақындап барып қайқы қылышпен қидалап, найзамен түйреуге үйренген Кетбұқа қосыны өлермендене алға ұмтылса да, мәмлүктердің негізгі шебіне тыя алмайды. Қайта-қайта шабуылдаған қосын түгелге жуық жебеден жер жастанады. Кеңесшілерінің шегіну туралы айтқандарына құлақ аспаған Кетбұқа қалған барлық қосынымен түс ауа толық қоршауға түседі. Бұл кезде алдыңғы беттен Құтыз өзі әскерлерін бастап атойлап шығады да оған қарсы Кетбұқа да соңғы қайратын жиып қарсы шабады. Жебеден жараланған қолбасы Кетбұқа Құтыз сұлтанның қолына түседі. Қолбасшысынан айырылған түрік-моңғұл әскерлерімен Армиан сауытты қосыны ойсырай жеңіледі. Аман қалғандары артқа шегініп, аңғардан шығады. Сайын далада арабы сәйгүліктерге мінген мәмлүктерден аласа атты түрік-мұңғұл әскерлері қашып құтыла алмасын біліп, аңғардың ауызынан 12 шақырым келетін жазық даладағы «Бисан» деген жерге жиналып, аттарынан түгел түсіп, айналасына қалқандарын ұстап, қорғанысқа тұрады. Арттарынан қуып келген мәмлүк армиясының қатты соққысынан қалқан қорғаныстары бұзылып, өздері де түгел өлтіріледі. Ілезде Құтыз бен Бейбарыстың түрік-мұңғұл қосындарын жеңген хабары Дамашыққа жетеді. Бұнда қорғанысқа қалған түрік-мұңғұл қосынының шағын тобы алдымен Халепке, одан әрі Бағдадқа қашады. Айн-жалутта зор жеңіске жетіп, беделі өсіп, көңілі тасыған Құтыз сұлтан қосындарын бастап, Дамашыққа кіріп, бірнеше күн дамылдайды да одан ары Каирге қарай жолға шығады. Қайтар жолда Бейбарыс сардар: «Құтыз сұлтанға соғыста қолға түскен маңызды олжаны сыйлаймын», – деп алдап, қасына жақындайды,

атынан түскен Құтыз сұлтанның алдына барып бір тізелеп жүгініп қолын сүймекші болғанда, алдын ала келісу бойынша, Бейбарысқа еріп барған мәмлүктер сұлтанды қоршап алады. Дәл осы кезде беліндегі өткір зұлпықарын суырып алған Бейбарыс Құтыз сұлтанның басын шауып түсіреді. Бейбарыс сонда бір күн дамылдап, қосынды реттеп алған соң ары қарай аттанады. Қарашаның басында Каирге жетіп, өзін «Сұлтан» деп жариялайды. Сосын армиядағы маңызды орындарға өз жақындарын қойып, әскері-саяси билікті түгел меңгереді.

Мәмлүк мемлекетін билеген Қыпшақ сұлтандары. Мәмлүк мемлекеті Орта Шығыстағы басқа Ислам мемлекеттері сияқты феодал патшалық болды. Ол сонымен қоса мемлекетті сұлтан мен армияның бас қолбасшысы бірлесіп басқаратын жартылай әскери монархия да еді. Көбінде ықпалды билеушілер сұлтандық билікпен қоса армия билігін де қолында ұстауға тырысты. Бірақ кейде мұрагерлік орынға шыққан сұлтандардың өте жас болуы не әскері дарынының төмен болуы себепті армияны басқа сардарлар басқаратын. Бұндай кезде әскери билікті меңгерген сардар сұлтандарды қалағанынша орнынан алып-түсіре беретін. Кейде тіпті мұрагер сұлтанды өлтіріп не жер аудартып жіберіп, әкімшілік билікті тартып алып та отыратын еді. 1260 жылы Бейбарыс билікке келген соң Мәмлүк мемлекеті тарихындағы ең тегеурінді сұлтан болды. Ол шығыстағы Иранның билеушісі болып, кейін «Илхан» атанған Хулағуге қарсы тұру үшін терістіктегі Алтын Орда мемлекетімен күшті дипломатиялық байланыс орнатты. Өзі Алтын Орда ханы Беркенің қызын ханымдыққа алып «Горген» атанды. Ол сонымен қоса «Көрші елдерге қатаң, алыс елдермен дос болу саясатын» ұстанып, Мәмлүк мемлекетінің иелігін ұлғайта түсті. Египетте Исламның Сүнни мазһабының барынша күшеюіне жол ашып, үлкен мешіттер мен медреселер салғызды. Қыпшақ тілін ордада ғана емес, әскери, саяси саланың бәріне де кеңінен қолдануға мүмкіндіктер жасады. Осы кезде бірнеше қыпшақ тілдерін оқыту құралдары, тіл зерттеу еңбектері мен оқулықтары, қыпшақ-араб тілдерінің, түрік-араб-моңғұл тілдерінің салыстырмалы сөздіктері, аударма құралдары жасалды. діни әдебиеттерден бөлек медицина, философия, заң, астрономия және басқада жаратылыстану ғылымдарына қатысты араб тіліндегі еңбектер қыпшақ тіліне аударылды. Бейбарыс сұлтан салдырған Каирдегі қырық мың адамдық үлкен мешіт пен медресе, оған қоса орта ғасырдағы түрікі тілдерінің аса бағалы ескерткіштері, жазба жәдігерліктер біздің заманымызға жетіп отыр. Бейбарыс сұлтан болған кезінде патшалық іргесін кеңейтумен бірге айналасын да бекемдеді. Көбінде сыртқы жауларға қарсы соғысты. 1263 жылы кресшілер жорығына қарсы Сириядағы Характа үлкен әскері база құрып, олардың шабуылын ілгерінді-кейінді жеті рет талқандап, орта шығыстан қуып шықты. 1268-1265 жылдары Иордан өзенінің терістігіндегі Яффа, Эндөк, Әрзұм аймақтарын бағындырды. Хулағу илхандығының ханы Абахадан (кейде «Әиюке» деп те аталады) Күрдстанды, Терістік Ирақ пен Армения мен Грузияны тартып алды. 1276 жылы Анатолияның Кәпәтөшя деген жерінде Селжүк сұлтаны мен Абаханың бірлескен қосынын күйрете

жеңіп, қазіргі Түркияның Кәйсері аймағын басып алды. Сонымен бірге Терістік Африкадағы теңіз бойымен батысқа жорық жасап, Терістік Либиядағы Триполиға дейінгі жерлерді бағындырды. Бейбарыс сұлтан 1277 жылы 7 қыргүйекте Сирия жерінде жақын уәзірлерінің бірі берген удан қайтыс болды. Сосын орнына үлкен ұлы Берке таққа отырып, сұлтан болды. Бірақ ол жас әрі жігерсіз болғандықтан, әскери билік Бейбарыстың тағы бір туысы – Қалауын сардардың қолында еді. 1279 жылы Берке сұлтан белгісіз жағдайда көз жұмды да оның орнына Қалауын сардар Бейбарыстың екінші ұлы жеті жасар Саламышты сұлтандыққа көтерді. 1281 жылы Қалауын сардар Саламышты шешесімен бірге Константинопольге қуып жіберді де сұлтандық билікті өз қолына алды. Саламыш 1291 жылы Константинопольде жұқпалы дерттен қайтыс болды.

Бейбарыстан кейін тарихта қайтпас қайсарлығымен ержүректігімен қалған Қалауын сұлтан билікке келген соң бұрынғы Бейбарыс иелеген жерлерді бекемдей түсті. 1281 жылы қазанда Сираядағы Хомысты басып алды. Кейін Хулағу илхандығының билеушілерімен түстік шығыс Анатолия үшін соғысты. 1290 жылы Акі қаласына жорық жолында қайтыс болып, орнына отырған ұлы Ашыраб сұлтан жорықты жалғастырды. Ашыраб сұлтан билікте көп отыра алмай қайтыс болда да оның орнына Қалауынның тағы бір ұлы – Мәлік сұлтан болды. Мәлік сұлтан әкесіндей батыр болмаса да, Мәмлүк мемлекетінің бұрынғы иелігін сақтап тұрды. Десе де Ашыраб пен Мәлік сұлтандардың атқарған елеулі еңбектері туралы Араб және Шығыс тарихшылары ештеңе жазбайды. Қалауын және Ашыраб замандарында Мәмлүк мемлекеті Алтын Орданың ханы Мөңке және Туда Темірмен жақсы байланыста болып, дипломатиялық қатынастарын дамыта түскені, кейін Алтын Орданы билеген Тоқта және Өзбек хандармен дипломатиялық байланыстарын үзбей өткені туралы там-тұм деректер бар. Мәліктен кейінгі таққа отырған Қайтбай сұлтан Алтын Орданың Хулағу илхандығынан Азарбайжанды тартып алу соғысына көмектесті. Абу Сахиттан Түстік Ирак жерін, Басра мен Кербаланы тартып алып, Хулағу илхандының күйреуін жеделдеткені туралы ғана деректер бар. Қайтбайдан кейін Мәмлүк мемлекетін 1361-1348 жылдары Хасан сұлтан биледі. Хасан сұлтан ірге кеңейтуге емес, мемлекеттік экономикалық әлеуетін көтеріп, саяси тұрақтылығын жақсартуды көздеді. Каирден Константинопольге, Сарай мен Сарайшыққа (Алтын Орданың астаналары) керуендер аттандырып отырды. Алтын Орда ханы – Жәнібек, Бердібек және Тінбектердің кезінде мәмлүктермен одақтастық қатынас үзіліп қалды. Хасан сұлтан Египет және Сирия жерінде сәулет өнерінің үлкен ескерткіштерін салдырып, теңгелер соқтырды. Бүгін де Каирде «Хасан сұлтан мешіті» атты әйгілі сәулет ескерткіші сақталған. Хасаннан кейін билікке келген оның мұрагерлері туралы деректер көп емес. Бұл кезде таққа отырған Барұқ сұлтан Алтын Орда ханы – Тоқтамыспен дипломатиялық байланыс орнатып тұрғаны жазылады. XIV ғасырдың соңында Қыпшақ мәмлүктерінің қолынан билікті бір мезгіл Шеркеш мәмлүктері тартып алды. Бұл кезде Мәмлүк патшалығының

бұрынғы айбыны қайтып қалған болатын. 1402-1401 жылдары Ақсақ Темір Мәмлүк билеушісі Палаш сұлтанмен соғыста мәмлүктерді талқандап жеңіп, бүкіл Терістік Сирияны тартып алады әрі ондағы сәулет ескерткіштері мен жәдігерліктерді түгел қиратып тастады. Палаш және оның ұлынан кейін Хасанның немересі – Барысбай сұлтан таққа отырды. Барысбай кезінде Тоқтамыстық ағасы – Мұхаммед ханмен байланыс тұрды. Бірақ 1438 жылдан кейін дипломатиялық қатынастар туралы өзге дерек кездеспейді. Содан бастап Мәмлүк мемлекеті мен Алтын Орда арасындағы байланыс үзілген. XV ғасырда Мәмлүк патшалығын билеген Қыпшақ және Шеркеш сұлтандардың көбі жігерсіз әрі қорқақ болды да аты тәуелсіз болғанымен, көбінде Осман империясының айтқанына көніп, салық төлеп тұрды. Бұндай сұлтандардың билігі мәмлүк әскерлеріне өте бермейтін-ді. 1516 жылы тамызда мәмлүктер армиясы Осман империясымен Сириядағы Халепке таласқан соғыста ойсырай жеңілді. Бүкіл Сирия мен Палестина жері Османдардың қолына өтті. Келесі жылы, яғни, 1517жылы қаңтарда Осман билеушісі –Селім сұлтан қалың қолын бастап, Синай арқылы Египетке басып кіріп, Астана Каирге қауіп төндіреді. Бұл кезде мәмлүктердің соңғы сұлтаны қыпшақ Тұманбай әскер бастап, Каир маңында Селіммен кескілескен соғыс салса да, соңында күйрей жеңіліп, өзі тірідей қолға түсті, соңынан Стамболға айдалды. Сонымен, 267 жыл Орта Шығыс пен Терістік Африканы билеген Мәмлүк патшалығы күйреді. Бұл үш ғасырға таяу уақытта Мәмлүк мемлекетін жалпы 47 сұлтан биледі. Оның ішінде 25 сұлтан тіке қыпшақ мәмлүктерінен шықса, қалған сұлтандар шеркеш, түрікмен, қайұ, печенег, беріштерден шыққан болатын.

1520 жылы Осман империясы Египетке Сүлеймен I пашаны әкімшілік билеуші етіп тағайындады. Пашаның құзырына зор мөлшердегі қорғаушы қосын берілді. Ал мәмлүктер билікке жалдамалы әскери құрылым ретінде сақталып тұра берді. Мәмлүк қосындарын өз сардарлары басқаратын да Осман пашаларының бұйрығы оларға өтпейтін. Мәмлүк атты армиясы Осман империясы әскері қатарында Балқан түбегін бағындыру соғысында, Тунис пен Алжирға жорықта ерекше еңбек сіңіріп, мол сыйақыларын алып, марапатталып отырды.

Соңғы зауал. Мәмлүктер XIX ғасырға дейін өздерінің бөлек әскери құрылымдық жүйесін сақтап келді. Бұл кезде батыстағы өнеркәсіп төңкерісінің жемісі бұрынғы атты әскерлерді біртіндеп тарих сахнасынан ығыстырып келе жатқан болатын. Бұл зауал Египеттегі Мәмлүк жауынгерлерін де айналып өтпеді. Ауыр зеңбірекпен, автоматты мылтықпен қаруланған артиллериялық қосынға сәйгүліктер мініп, садақ асынып, қолдарына білтелі мылтық, жеңіл қылыш ұстаған мәмлүктердің тең келе алмасы ақиқат еді.

1798 жылы 10 шілдеде Наполеон суыт бір ай жортып, соңында қалың әскерін бастап, Египеттің Жерорта теңізі бойындағы «Мәрабут» деген жерінен құрлыққа шықты. Онда қорғаныста тұрған Осман армиясын талқандап, алғашқы жеңіске қол жеткізді. 12 шілде күні түнде Наполеон

калың қолымен Ніл өзенінің сол жақ жағалауын бойлап, Каирге беттеді. Кіші қолбасы Филей ауыр зеңбіректер тиеген бір шоғыр кеме отрядын басқарып Ніл өзенімен алға жылжыды. Таң ата Наполеон армиясы қыпшақ сардар Мұратбай бастаған мәмлүктердің он мың шамалы алғашқы қосынына кездесті. Француз әскерлері бес дивизиядан бірлесіп, төрт шаршы формасында тізіліп, шеп құрып, шептің төрт бұрышынада ауыр зеңбіректер қойып, айналаға шойын қалқандардан қорғаныс шебін жасап, әскерлер қолына өткір қылыштарын, қысқа мылтықтарын ұстап, соғысқа дайындалды. Ең шеткі дивизия Ніл өзенінің бойында болып, өзенмен келе жатқан кеме қосынымен байланысты қамтамасыз ететін болып орналасты. Бұл кезде мәмлүктерде шиті мылтықтарын оқтап, қылышын үйіріп, ұран салып, француздардың шебіне лап қойды. Бірақ ышқына атылған ауыр зеңбіректердің снаряды әп-сәтте-ақ жауынгер мәмлүк әскерлерішебінің ойран-топырын шығарды. Олар бірнеше рет қайта шабуылға шыққанымен, барлығы зеңбірек снарядынан жер құшты. Бұл кезде Ніл өзені ағысымен келіп, соғыс майданына таяған мәмлүк әскери кемелерін қолбасы Филейдің кемелері тосып, соққының астына алады. Оқ дәрі тиелген мәмлүк кемесіне француз зеңбірегін оғы дәл тиіп, ол кемедегі мәмлүктер түгел судың бетінде жанып кетті. Наполеон әскерінен 30 адам ғана жарақат алды. Ал мәмлүктердің шығыны өте ауыр болды. Амалсыз қалған Мұратбай сардар қалған мәмлүктерін ертіп, Каирге шегінді. Олардың соңынан француз армиясы қуып отырды. 20 күні Наполеон Каирге 15 шақырым ғана жердегі Ніл өзенінің айрығына жетті. Олардың алдында құм ішіндегі сағымға оранып, сап түзеген пирамидалар шоғыры көрініп тұрған-ды. Ертесі осы арада Наполеон мен мәмлүктер ең шешуші соғыс арабтар «Әллекхрәм (пирамида) айқасы» деп атаған атақты соғысқа шықты. Мәмлүк армиясы Ніл өзенінің терістік шығысқа қарай ағатын саласының екі жағын алып шеп құрды. Нілдің сол жағасындағы әскерге Мұратбай сардар оң жағасындағы әскерге тағы бір қыпшақ сардар Ибраһим қолбасшылық ететін болып, орталарына жаужүрек батырлардан құралған таңдарлы 3000 адамдық қосынды орналастырды. Мәмлүк армиясы 12 мың адам еді. Олар тағы өздері шеп құрған орындарына үлкен топырақ дуалдар соғып, оның артына 40 көне форматты осман зеңбірегін орналастырды. Наполеонның 25 мың адамдық жаяу әскері алдыңғы соғыстағы сияқты бес дивизиядан бірлесіп шеп құрды. Түскі сағат 11 шамасында француздар шабуылды бастады. Зеңбірек снарядтары мәмлүктер шебіне келіп түсе бастағанда алдымен Мұратбайдың қосыны қылыштарын білеп, француз шебіне ұмтылды. Себебі олардың қолындағы білтелі мылтықтары шепке жақын барып атпаса, оғы ұзаққа жетпейтін-ді. Мәмлүктер 500 метр жерге таяп қалғанда шеп құрып, ретті тізіліп келе жатқан француз армиясы тоқтай қалды да бірінші қатардағы жауынгерлер түгел жерге жата қалды. Олардың соңындағы жауынгерлер қолындағы орта тұрпатты жеңіл мылтықтарынан алдарындағы мәмлүктерге қарата дамылсыз оқ боратты. Кейбір шептерден жақын аралыққа атылатын жеңіл тұрпатты зеңбіректер де атылып жатты. Мәмлүк әскерінің қаптап

келген алғы легі түгел қирап түсті. Майдан даласын басқан қалың шаңның арасы шыңғырған адам мен кісінеген атқа толып кетті. Мәмлүк жауынгерлерінің кейбірі қатты шауып келіп, француз шебіне тиіп, ондағы жаяу әскерлерді қылыштағанымен, қаптаған қалың жаяу әскер жан-жағынан жабылып аттан аударып алып өлтіріп тастайтын-ды. Оқпен оттан жан сауғалай қашқан есепсіз мәмлүктер кілкіп ағып жатқан терең Нілге атпатымен түсіп кетіп, ғарық болып жатты. Сұрапыл шайқас екі сағатқа жалғасып, мәмлүк жауынгерлерінен бір-екі мың адам зеңбірек пен мылтықтың оғынан ажал құшса, тағы бірталай жауынгер суға кетті. Нілдің беті қаптаған адам мен жылқының өлігіне, киім-кешек пен ат әбзелдеріне толып ақты. Мәмлүк қосыны еріксіз майдан даласын тастай шегінді. Мұратбай сардар үш мың адамдық қалдық қосынды бастап, Каирды басып, Нілдің жоғары ағысына қарай қашса, Ибраһим сардар неше мың адаммен шығысқа қарай, Синай арқылы Сирияға шегінді. Бұл жолы француздардың зеңбіректі қосынынан ойсырай жеңілген мәмлүктердің үрейі ұшып қалған еді. Олар Наполеонды «Зеңбіректі әзірейіл», «Тәңірдің қамшысы» деп атап кетті. Осыдан бастап Наполеонның даңқы түгел шығысқа жайылып, Кіші Азиямен Терістік Африка үрейдің ішінде қалды. Көп өтпей Наполеон өзі мол соғыс олжасын алып, Жерорта теңізімен шегініп кетті де бұрынғы артқы шеп армиясының бастығы болған, тегі албаниялық мұсылман Мұхаммет Әлиді Египеттің әскери-әкімшілік бас бақылаушы етіп қалдырды.

Египеттің жаңа билеушісі Мұхаммет Әли үстемдігі кезінде бұрынғы мәмлүктерден қатты сескенетін еді. Ол мәмлүк сардарларына көп алтын-күміс, жер беріп, біртіндеп түгел Каирге қоныстандырды. 1811 жылы Мұхаммет Әли «сардарларға салтанатты қонағасы беремін», – деп, мәмлүк жасақтарының неше жүз жоғары дәрежелі басшыларын Каирдегі Нілдің ортасында аралға орналасқан ордаға шақырып алып, түгел қырып салды. Сосын қолындағы әскерлерін аттанысқа келтіріп, бүкіл ел көлеміндегі мәмлүктерді, әсіресе ноктаға басы көнбейтін қыпшақ мәмлүктерді іздеп жүріп, түгел тауып, бірін қалдырмай өлтірді. Бір кезде Қыпшақ даласынан барып, құлдықтан сұлтандыққа дейін көтерілген, тарих бетіне ерлік шежірелері өрнектелген, шұғылалы өркениет жаратып, араб әлемінің алдаспаны болған жауынгер ұлыс осылай түгелге жуық жер бетінен жойылып кетті.

Әдебиет:

1. Stanley Lane-Poole: *A History of Egypt: Volume 6, In the Middle Ages*; Cambridge University Press; 2013-10

2. Frederic P Miller, Agnes F Vandome, John McBrewster: *Mamluk Sultanate*; Alphascript Publishing, Cairo; 2010. 10

3.

阿力肯·阿吾哈力: 《克普恰克及其文献〈库曼语汇编〉》, 突厥语言与文化研究 第二辑, 中央民族大学出版社, 1997年

4. 王海利: 埃及通史; 上海社会科学出版社, 第一版, 2014-3

Кетбұға күйлері хақында

Маулет А.

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторанты

Аңдатпа: Кетбұға күйлері қазақтың күйшілік аймақтарының бәрінде сақталған. Сондай-ақ көрші қырғыз елінде, қытайдағы қандастарда да Кетбұға күйлерінің бұрын-соңды жарыққа шықпаған нұсқалары табылды. Бұл болашақ Кетбұға мұраларын зерттеуге септігін тигізеді.

Түйін сөздер: әуен, домбыра, сыбызғы, күй өнері, ұлы күйші.

Summary: In all regions of Kazakhstan with the traditions of kui, the Ketbuga's kui have been preserved. In addition, previously unreleased versions of the Ketubugi kyu were recorded from Kyrgyz and Chinese compatriots. In the future it will help to refine the heritage of Ketbuga.

Key words: melody, Dombra, sybyzgy, martial art, great kui artist.

Кетбұға туралы тарихи деректер әлемдік тарихшылармен зерттеушілердің еңбектерінде тайға таңба басқандай жазылғанымен, ұлы тұлғаның күй мұрасын жүйелі зерттеу енді ғана қолға алынып отырғаны шындық. Бұдан бұрынғы Кетбұға күйлері туралы деректерде тек «Ақсақ құлан» күйінің үйреншікті ғана нұсқалары жазылып келді. Негізінде күйшінің мұрасы туралы XIII-XV ғасырлардағы тарихи деректерде айтылса да, оған сеніммен емес, күмәнмен қарап келдік. Қазақтың күйшілік өнеріндегі қалыптасқан күй ошақтарының барлығында Кетбұға күйлері аңыз-әңгімесімен тартылып келді. Әр аймақта әртүрлі нұсқада шертілгенімен, барлығының да айтары – хан баласының өлімін Кетбұғаның күймен естіртуі. Күйшінің кемеңгер тұлғасы, айбынды ерлігі бүгінге жетіп, қазақ күй өнерінің өрісін ұзартты.

«Кетбұға күйлерін зерттеу енді ғана қолға алынып отыр» деген жоғарыдағы сөзіміздің дәлеліне жақында ғана жарық көрген күйші-зерттеуші Жанғали Жүзбайдың «Ақсақ құлан» атты еңбегін айрықша атар едік. Аталмыш еңбекте Кетбұға күйлері туралы нақтылы тарихи дәлелдер келтірілген. Яғни, Кетбұғаның күйлері мен жырларының көне түркі дәуіріндегі нұсқасы, Шағатай нұсқасы, Ұлытау жеріндегі нұсқасы, Созақтағы ескі нұсқасы, Түбек күйшілік мектебіндегі (Маңғыстау жеріндегі) нұсқасы, Шығыс Қазақстанның Семей өңіріндегі нұсқасы сияқты қазақ даласындағы күйшіліктің ескі ошақтарында сақталған Кетбұға мұраларын тарихи еңбектердегі ғылыми дәлелдермен жүйелеп (күйдің нотасымен) көрсеткен [1]. Осы жинақтағы күйлердің орындалу ерекшелігіне талдау жасап қарасақ, бірінші ерекшелік: күйші Мұрат Өскенбаевтың орындауындағы Маңғыстау нұсқасы, Сыр бойында сақталған Нәби Жәлімбетов жеткізген нұсқасы, Академик Ахмет Жұбановтың тартқаны, Рүстембек Омаров, Нұрғиса Тілендиев, Мағауия Хамзиндердің тартқан нұсқаларында төкпе күй тартқандағы оң қолдың тегеурінді қағыс ерекшелігі арқылы құланның шоқырақтап шапқаны күй фактурасында бастан-аяқ сақталады. Яғни, күй

құланның шабысымен басталып, домбыраның үстіңгі ішегінде (*балаң өлді Жошы хан*) күніренген қазалы хабарды жеткізеді. Әсіресе күйші Нәби Жәлімбетовтың орындауында Сыр өңірінде сақталған нұсқасында адамның ауыр күрсінуін орындаушы әрбір сөйлемде аздап кідіріс арқылы беріп, қайғыны жеткізіп отырғаны анық байқалады. Тарихи деректерде Кетбұғаның ұлы жырау болғанын ескерсек [2], жоғарыдағы күйлерінің жыр сарындас болуының қисыны бар, әрине. Қай нұсқасын алсаңыз да, тақпақтап сөйлеп отырғандай.

Екінші ерекшелік: Шығыс Қазақстандық күйші Бағаналы Саятөлеков жеткізген нұсқасы, күйші Таласбек Әсемқұлов тартқан нұсқасы, Жетісу жеріндегі нұсқасы, Моңғолия қазақтарынан жеткен нұсқалары шығыс өңірде тартылатын ескі жоқтау күйлерімен сарындас. Шертпе күйдегі сырбаз шертіс басым. Күй шерлі, толғаулы басталып, хан баласының қазалы хабарын естірткен зарлы әуен домбыраның астыңғы ішегінде өріліп, үстіңгі бос ішектегі дыбыс астыңғы ішекке дем беріп отырады. Қазірге дейін белгілі болған Кетбұға күйлерінің дені теріс бұрауда тартылған. Белгілі музыкатанушы ғалым Ә. Мұхамбетова, Г. Омарованың күй туралы зерттеулерінде «Бурдондық күйлер» туралы айтылады. Яғни, бурдондық күйлердің ерекшелігі – негізгі әуен домбыраның астыңғы ішегінде жүріп, үстіңгі ішегі астыңғы ішекке қосымша саз беріп қана отыратынын айтады. Ескі халық күйлері осы «бурдондық» күйлерге жатады. Шығыс өңірдегі сақталған Кетбұға күйлері осы «бурдондық» күйлерге жатады.

Бұл еңбектегі Кетбұға күйлеріне қатысты ерекше бір айта кететін жаңалық – Кетбұға күйлерінің Қырғыз еліндегі сақталған нұсқалары [1]. Міне, осы жерде: «Кетбұға күйлері қырғыздарда қайдан жүр?» – деген сұрақ туады. Кетбұға күйлері дүниеге тарыдай шашылған қазақпен бірге таралды. Халық қайда болса, өнердің сонда болатыны даусыз. Заманында Шыңғыс ханға дейін ешқандай жау қарсы келмеген, айдарынан жел ескен Найман мемлекетінің соңғы ханы Күшліктің Ыстықкөл маңында жау қолынан қаза тауып, өзімен ере барған көп қазақтың қырғыз жерінен мекен тапқаны туралы кейбір тарихи деректерде айтылады. Қазірге дейін қырғыз руларының ішінде найман аталығының болуы да тегін болмаса керек. Осындай сәйкестіктерге қарағанда, Кетбұға күйлерінің қырғыз елінде сақталып қалуы – заңдылық. Қырғыз жеріндегі Кетбұға күйінің орындаушысы, Қырғыз Республикасына еңбегі сіңген өнер қайраткері, Қырғызстан консерваториясының ұстазы, күйші-қобызшы Руслан Жұмабаев күйді орындамас бұрын өзіне дейінгі заңғар қомызшылардың орындауында жеткен бұл күйдің «Кетбұқа» деп тартылатынын айрықша атайды [4]. Қырғыздың қомызында тартылатын бұл күйде қырғыз бен қазаққа ортақ ескі жырлардың сарыны бар. Яғни, күй басталғанда құлаққа жұмсақ, бірсарынды әуенімен өлеңдетіп отырғандай. Ал күйдің орындалу тәсілі біздің шертпе күйлерді орындаудағы әдістермен бірдей. Қазақы қара шертіс арқылы ішекті теріп тартып, бір қағыспен үш дыбысты (Лига арқылы) дөңгелетіп алады. Шертпе күйдегі бұндай әдістер көбінде салиқалы, салмақты ой айтылатын күйлерде

көп кездеседі. Мысалы: «Насихат», «Қосбасар» және басқа халық күйлерінде осы әдістер бар.

Хан баласының өлімін естіртіп тұрған жоқшы әуен, өткен замандардан қалған азалы елес, үш ішекті кезек теріп шертіп келе жатып, анда-санда ашулы, ызалы мінез танытып, үш ішекті бірдей басып қағып-қағып қалғанда күңіренген зар төгіледі. Бұл күйдегі және бір ерекшелік – күйдің орта шенінен бастап музыкалық тілмен «фложелет» әдісі, қазақша айтсақ, («дыбысты тұтып алу») әдісі өте үйлесім тауып тұр. Бұл әдіс қазақтың шертпе күй дәстүрінде ескі халық күйлерде және Абылай хан тұсындағы Байжігіттің күйлерінде өте көп пайдаланылған. Жалпы қазақтың музыкатану ғылымында да бұл әдіс көбінесе ескі күйлерде көп қолданылатыны айтылады. Бір қызығы – Руслан Жұмабаевтың орындауындағы бейнежазбаға қарасаңыз, экранның бетінде «Бұқа қомызшы сосын XII-XIII ғасыр» деген қырғызша жазылған жазу анық көрінеді [5]. Ал ғалым Ақселеу Сейдімбек күй туралы зерттеулерінде Кетбұғаның XII-XIII ғасырда Шыңғыс хан дәуірінде жасаған ұлы күйші екенін атап кеткен [2]. Қырғыздарда сақталған Кетбұғаның бұл күйі қалайда қазақ күй өнеріне қосылған баға жетпес байлық екені даусыз.

Кетбұға күйлерінің тағы бір сақталған жері – Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесі. Тарихтан белгілі, қазаққа атақоныс бұл өлкеде күйшілік өнердің ескі ордасы қалыптасқан. Домбыра күйлерімен қоса әсіресе, қазіргі қазақ даласында жоғалуға шақ қалған көне музыкалық аспабымыздың бірі – сыбызғыда күй тарту дәстүрінің аса үлкен шоғыры осы Шыңжаңда сақталған. «Өралтайдан Еренқабырғаға дейінгі шұрайлы алқапты жайлаған қандастардың әрбір үйінің керегесінің басында бірден қурай (сыбызғы аспабының тегі қурайдан жасалған), домбыра ілулі тұр», – десек, өтірік емес. Дәл қазіргі кезде қазақ даласында, нақтырақ айтсақ, Қазақстан жерінде іздесең, емге табылмайтын сыбызғышылар ол жақта (Шыңжаңдағы қандастарда) ағайынның арасынан жүздеп табылады. Баталы ақсақалдан бастауыш мектепте оқитын немересіне дейін шеттерінен сыбызғышы. Бәрінің тартатын күйлерінің бісмилләсі – бұл күнде санамыздан ұмыт болған, қазақтың ерлік тақырыбындағы Кетбұға, Асанқайғылардан қалған соны күйлер.

Кетбұғаның «Ақсақ құлан» күйінің бірнеше нұсқасы Шыңжаң жерінде домбырада «Ақсақ құлан», сыбызғыда «Ақсақ құлан - Жошы хан» деп тартылған. Күйдің аңызы бір: хан баласының өлімін естіртуі. Өралтайдың күйшілері тартқан нұсқасы Еренқабырғаның домбырашылары мен сыбызғышылары тартқан «Ақсақ құланның» нұсқасынан әуендік жағынан өзгешелеу. Еренқабырғадағы «Ақсақ құлан» сыбызғымен домбырада ортақ нұсқа, бір күй. Екі аспаппен қосылып та тартыла береді. Өралтай нұсқасында көбінесе екі ішекті термелеп немесе жалғыз ішекте тартылса, Еренқабырға жағында сыбызғыдағы үзілмейтін әуен тәрізді домбыраның қос ішегі тең қағылып орындалады. Еренқабырға жағындағы Ақсақ құланның әу бастағы нұсқасы сыбызғыда тартылып, кейін домбыраға көшкенін сол өңірдің

көнекөз күйшілері баяндап берді. Күйдің әуені ескі халық әндерімен жырларының сарынында байсалды, сыңсып жоқтап отырады.

Шыңжаңдағы сыбызғышылық дәстүрдің басында заманында Алтай мен Тарбағатайға даңқы шыққан Қайрақбай Шәлекенұлы (1828-1877) тұр [7]. Қайрақбайдан кейін аты қазірге дейін аңыз болып айтылатын әйгілі сыбызғышы – Ақымжан Болдырғанұлы (1864-1943) [7] болған. Кетбұғаның күйлерінің ғажайып нұсқаларын бізге жалғаған – Шыңжаңдағы қазіргі қалыптасқан сыбызғышылық дәстүр осы Қайрақбай мен Ақымжан мектебінің сарқыты. Осы дәстүрдің көзі тірі өкілдерінің бірі, арғы аталары Таңатар, Шеттікбай, Бөленқан, Керімқандардан сыбызғышылық дарыған, Кетбұғаның «Ақсақ құлан - Жошы хан» күйін бүгінгі ұрпаққа жеткізіп отырған – дәулескер сыбызғышы Бейілқан Қалиәкпарұлы.

Кетбұға күйлерінің бұл нұсқалары мен күйге қатысты тың деректер болашақ жас ұрпақтың үлкен зерттеу тақырыбына айналатыны сөзсіз. Осы уақытқа дейін дүниенің төрт бұрышынан табылған ұлы жыраудың күй мұрасы (тың күйлері) еліміздегі жоғарғы және орта музыкалық оқу орындарының міндетті бағдарламасына еніп, болашақ ұрпақтың кәдесіне жарайтынына сеніміміз кәміл.

Әдебиет:

1. Жүзбай Ж. Ақсақ құлан. Кетбұға бидің күй мұрасы. Монография. Астана: Өрнек, 2015. - 10-15-б.
2. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. – Астана: Күлтегін, 2002. - 267б.
3. <https://youtu.be/Dq5JzGhP7C8>,
4. <https://youtu.be/Dq5JzGhP7C8>,
5. Әлімбекұлы Б., Халықұлы Д. Күй қайнары. – Күйтүн: Іле халық баспасы, 1985. - 2-9-б.

МАЗМҰНЫ

<i>Е.Қажыбек</i> Алғы сөз	3
---------------------------------	---

АЛАШ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

<i>Жұртбай Т.</i> «Әдебиет танытқыштан» – әдеби тәжірибеге	4
<i>Әбдиманұлы Ө.</i> Ұлттың рухани көсемі	11
<i>Ісімақова А.</i> Алаш ғылымы және тәуелсіздік	25
<i>Оразбаева Ф.</i> Алаш арыстарының аманаты – тіл	37
<i>Бисенғали З.</i> Әдебиетіміздегі Алаш рухы	41
<i>Манкеева Ж.</i> Қазақ әлемінің алаш арыстарының шығармаларындағы тілдік бейнесі	48
<i>Дәулетбекова Ж.</i> Ахмет Байтұрсынұлы қағидаларына негізделген қазақ тілін оқыту жүйесі қандай болуы керек?	53
<i>Смағұлова Г., Өтеген Б.</i> Алаш мұрасы: құндылық және тектілік	60
<i>Смағұлова С.</i> Кеңестік билік тұсындағы ұлттық баспасөзді дамытудағы алаш зиялыларының рөлі	68
<i>Қойшыбаев Б.</i> Алашорда тарихы рухани жаңғыру даңғылына бастайды	74
<i>Biray Nergis Ahmet Baytursinuli</i> – kazak dilbilimi ve terim dünyasındaki yeri ...	78
<i>Аккулы (Жусуп) С.</i> Республика «Алаш» как фундамент независимости Республики Казахстан	81
<i>Сейед Джавад Джалали Киясари</i> Қазақстан егемендігі үшін басталған Алаш ұлт-азаттық қозғалысындағы зиялы қауымның рөлі	92
<i>Қабдыл А.</i> А.Байтұрсынұлы рай категориясының грамматикалық тұлғалары туралы	95
<i>Рахметова Р.</i> Алаш зиялыларының педагогикалық мұрасы	103
<i>Жұбаева О., Ахантаева Г.</i> Ұлттық тіл білімінің қалыптасуындағы Елдес Омарұлының орны	110
<i>Мектеп-тегі А.</i> «Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық». Ахмет Байтұрсынұлы әдістемесі	117
<i>Ойсылбай А.</i> Алаш ғылымы және Ахмет Байтұрсынұлы	127
<i>Иманқұлова С.</i> Әлімхан Ермековтің еңбектеріндегі тілдік ерекшеліктер.....	134
<i>Әшімқан Қ.</i> Мағжан шығармаларындағы айшықты сөз өрнектері	139
<i>Юсуп А.</i> Алаш әдебиетіндегі киелі жерлердің сипаты (Ж.Аймауытов шығармалары бойынша)	143
<i>Сайбекова Н.</i> А.Байтұрсынұлының төте жазуындағы фонеманың функционалды-грамматикалық ерекшелігі	149
<i>Бәмішұлы Б.</i> Біз бір атаның баласымыз, Алаш идеясының өміршеңдігі	153
<i>Иманқұлова М.</i> XX ғасыр басындағы латын әліпбиінің қолданылу ерекшеліктері	158
<i>Абуова Б.</i> XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы әдеби теориялық талдаулар табиғаты	163

<i>Тумабаева М.</i> Ұлттың рухани көсемі	168
<i>Теміртас Г.</i> «Шолпан» журналы және қазақ әдебиеті	173

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ, ТІЛ САЯСАТЫ, ЖАЗУ МӘСЕЛЕСІ

<i>Әбжанов Х.</i> Рухани жаңғыру және сакралды Қазақстан	177
<i>Салқынбай А.</i> Қазақ жазуы: әліпбиге кемелдік керек	183
<i>Каримов Б.</i> Проблема межтюркского межнационального общения: история и современность	188
<i>Рысберген Қ.</i> Ономастикалық атауларды латын графикасында транслитерациялауға қатысты кейбір ұсыныстар	194
<i>Шаяхмет А.</i> Мемлекеттік тіл – мемлекеттің символы	201
<i>Әбілқазыұлы Ә.</i> Қазақ тіліндегі и, у әріптерінің қолданысы	207
<i>Оңғарбай Н.</i> Мемлекет, астана атауларының қазақ тілінің латын әліпбиінде транслитерациялау ерекшеліктері	216
<i>Шормақова А., Шормақова А.</i> Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Алаш дәуірінен бүгінге дейін	225
<i>Kabadaui Osman</i> Қазақстанның жаңа латын әліпбиі туралы ойлар	230
<i>Карабаев А.</i> Тілші Қажым Басымов еңбектеріндегі жазу мәселелері.....	239
<i>Серікбаева А.</i> Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде прецедентті есімдерді және бренд атауларын қалай таңбалаймыз?	244

ЗАМАНАУИ КОНТЕКСТЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Жүнісбек Ә.</i> Бағы жанбаған бір дыбыс	254
<i>Жаң Диңжиң</i> Қазақ тіліндегі зат есімдер сипатының қос қабатты белгілері.....	259
<i>Авакова Р.</i> «Қырық» санының символдық табиғаты	274
<i>Өтелбай Г.</i> «Шет тілі» тіркесінің мәні және «шетел тілі» тіркесінің қисынсыздығы	280
<i>Жүнісова М.</i> Көркем мәтінді тілдік талдау түрлері	286
<i>Аширова А.</i> Тілдегі эмоционалдық құбылысы	292
<i>Жунусова М., Кельдибаева А.</i> Фразеологизмдердің жалпы сипаты мен лексика-семантикалық және грамматикалық ерекшеліктері	297
<i>Аязбаева Б.</i> Художественный текст как учебный материал для обучения языку	304
<i>Берікқызы А.</i> Ауызекі сөйлеу туралы	310
<i>Еркеғалиева Г.</i> Синтаксистік синтагманы оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың маңызы	315
<i>Даутқұлова А.</i> Түр-түске байланысты гидронимдердің танымдық сипаты	322

<i>Абдимомынов Е. М.</i> Әуезов шығармалары негізінде студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру	327
<i>Юсуп П.</i> Педагогикалық күзiреттiлiк және оның түрлерi	333
<i>Рамазанов Т.</i> Диалог прагматикасының сипаты	339
<i>Оразова Р., Дiгәрбек Е.</i> Жеке тұлғаны қалыптастырудағы танымдық қызығушылықты арттыру жолдары	346
<i>Балабекова Н.</i> Қазақ, түрiк тiлдерiндегi жағымды және жағымсыз коннотациялы эмотивтер	356
<i>Әлiмақын Д.</i> Кiрме терминдерге балама беруге ана тiлiмiздiң iшкi қуаты жетерлiк	362
<i>Жұмашев А.</i> Анықтық/танықтық категориясының газет мәтiндерiндегi қолданысы	366
<i>Әбсаттар Ә.</i> Халық әндерiнiң мәдени коннотациясы	372
<i>Кегенбекова А.</i> Есiмдi аналитикалық құрылымдар	384
<i>Садық А.</i> Қазiргi баспасөз беттерiндегi фразеологизмдердiң қолданыс ерекшелiктерi	394
<i>Ахмет Ә.</i> Оғаш сөздердi оңайтын мезгiл жеттi	397

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН МӘДЕНИЕТІ

<i>Худайбергенов Н. Ә.</i> Нұрпейiсовтiң «Соңғы парыз» романындағы жалпы адамзаттық құндылықтар	402
<i>Әкiмбайұлы Т.</i> Мәмлүк қыпшақтарының гүлденуi мен күйреуi	405
<i>Мәулет А.</i> Кетбұға күйлерi хақында	415